

Бекжігіт СЕРДӘЛІ



СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН



Алматы-2023

УДК 821.512.122
ББК 84 (5Қаз)
С 88

*2022 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік
оқытушысы» грантының қаражатына шығарылды*

Сердәлі Б.
СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН. 2 томдық –
Алматы: «Нұрлы Әлем» баспасы. 2023. 2-том.
– 352 бет.

ISBN 978-601-205-

*Автордың қос томдығында қоғамдық өмірдің түрлі
тақырыптарына қалам тербеген тәрбиелік һәм
танымдық мәні бар әлеуметтік желілерде жарияланған
қысқа жазбалары мен сұхбаттары топтастырылған.
Сондай-ақ, замандастары мен достарының жылы
пікірлері де осында жинақталып отыр.*

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-205-

© Сердәлі Б., 2023
© «Нұрлы Әлем» баспасы 2023

Бекжігіт Сердәлі

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

Алматы
«Нұрлы әлем»

Бірінші бөлім

ОЙ САРАЙЫ

ҚАЛА ӘКІМІ ШЫНЫЛЫ КАБИНЕТТЕ ОТЫРАДЫ

«Түркістан қаласының әкімі Рашид Аюпов жеке жұмыс кабинетін қабырғасы шыны, ашық бөлмеге ауыстырды» деп хабарлайды Түркістан қалалық әкімдігінің баспасөз қызметі. Бұл «Ашық әкімдік» форматындағы басқарудың тағы бір жаңа форматы болмақ.

Айта кетейік, қала әкімі Рашид Абатұлы өзінің Фейсбуктегі жеке парақшасында жиі-жиі тікелей эфирге шығып, не болмаса жазба түрінде қала тұрғындарын соңғы ақпараттармен хабардар етіп отырады.

Бұған дейін әкімдік қарауындағы бірнеше бөлім шыны кабинетке ауысқан. «Мұндай ашықтық әкімдікке келуші азаматтармен қарым-қатынастың өзара бүкпесіз екендігін айғақтап, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға себі тиетін болады» деп есептейді осындағы мемлекеттік қызметтің тұтқасын ұстап отырған қызметкерлер.

Шаһар басшысы алдағы уақытта орынбасарлары мен дербес бөлім басшыларының да дәл осы бастамамен ашық шынылы кабинетке ауысатынын айтты.

Мұндай шынылы кабинеттерді қаламызда алғаш облыс әкімдігі ғимаратындағы департамент офистері енгізген болатын.

Айта кетейік, Түркістан қаласында бүгінгі таңда 103 нысанның құрылысы жүруде. Көпқабатты тұрғын үйлермен қатар, кәсіпкерлік нысандардың да саны артқан. Наурыз айында жолаушы тасымалына 30 жаңа автобус бөлінсе, алдағы уақытта тағы 20 автобус әкелу жоспарлануда. Жолақы төлемі «Аlem Pay» жүйесі арқылы 18 түрлі әдіспен онлайн түрінде атқарылууда. Жолаушылардың тапсырыс беру мүмкіндігін жеңілдету мақсатында «Yassy taxi» паркінің мобильді қосымшасы да іске қосылды.

Алда ашық аспан астындағы теннис корттарының басын біріктіретін Теннис орталығы, Ескек есу каналы, Ана мен

бала орталығы, Реабилитация орталығы, Стоматология клиникасы және Назарбаев зияткерлік мектебі іске қосылатын болады.

P.S.: Басшының «ашық кабинетте» отыру жүйесін осыдан 10 жыл бұрын Чехияға ғылыми тағлымдамамен барғанда көрген болатынмын. Онда мектеп директорлары мен орынбасарларының «кабинеті» колидордағы ашық фойеде орналасқанын көріп, таң қалған едім. Мұғалім де, оқушы да хатшының алдында кезекте күтіп отырмай, шаруасын үзіліс кезінде оп-оңай бітіріп кете береді екен. Сол жаңашыл жүйенің біздің қаламызға да келгеніне қуанып отырмын.

P.S.S.: Енді кабинеттерінің алдында кезек күттіріп қоятын, содан «рахаттана» ләззәт алатын басшыларды да осындай «ашық кабинеттерге отырғызуды қолға алсақ, құба құп болар еді...

БІЗГЕ «ДЕТСКИЙ БӨЛМЕ» КЕРЕК ПЕ?

Қайсыбір ата-ана да бала тәрбиесіне көбірек алаңдайды. Жеке мессенджеріне келіп жатқан негативті жазбаларды көп оқыған соң, интернеттен тарап жатқан түрлі үрейлі бейнежазбаларға көзі түскен соң сақтанып, алаңдайтыны рас. Мүмкіндігінше баланың үйден бейсауыт шығып кетпеуін қадағалайды.

Біздің уақытымызда сәл басқаша еді. Таңғы бір кесе ыстықсүтіміздіішіпалатынбызда, анамыз қолымызға ұстатқан жарты таба нан мен бір түйір көк қантты қойнымызға салып, күні бойы дала ойындарын қызықтауға кететінбіз. Ата-анамыз да ойын құмарымен кеткен баласын алаңдап көп іздемейтін. «Әйтеуір аман болсыншы!» деп, сырттай бақылап отыратын да, кешкі жылытпаға эзер шақырып алатын.

Бүгінгі бала – жарты патша дерсің. Жеке бөлме, жеке тұтынатын заттары... Бізде «детский бөлме» деген ұғым болмады. Жеке кереует, жеке ойыншық, жеке үстел деген түсінікті де білмедік. Бәрі ортақ, бәрі біздікі – бауырлардікі. Үйелмелі-сүйелмелі 7-8 бала асықты ортаға шашып тастап, қауымдаса ойнайтынбыз. «Хан алшы», «Шекемтас», «Он екі таяқ», «Штандыр», «Іш круг, сырт круг» сияқты ортақтаса ойнайтын, бізді ынтымақ пен бірлікке ұйыстыратын қызықты ойындарымыз болатын. Ойыншыққа таласу, бірінің киімін екіншісі ауыстырып кимеу, «мынау менің қасығым, анау

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

сенің кесең» деген эгоистік қасиеттен ада болып өстік.

Қазір өз балаңның бөлмесіне өзің есік қағып кіретін жағдайға жеттік. Күні бойы компьютер сиқырынан бас көтере алмай, қауашағы қазандай болып ісіп жатқан балаңды тамақ ішуге он шақырып бөлмесінен әзер шығарасың.

Бала күні бойы отбасы думаны қайнап жататын ортақ бөлмеде, ата-анасының, бауырларының жанында, жанұя берекесі мен ынтымағы деген ұғымды сезініп өссе жақсы болмай ма? Бір-біріне қолғабыс жасайтын, інісінің бесігін тербете салып, ата-анасына үй шаруасында көмектесе кететін бала қылығы қызық қой! Мұндай тәрбиемен өскен бала қазіргідей «детский бөлме» дейтін ініне кіріп алып, не істеп, не қойып жатқаны белгісіз, жұмбақ кейіпкерге айналмас еді.

«Баланың жеке кеңістігі» деген ұғым ұрпағымызды роботтандырып бара ма деп қорқасың. Мұны бала сезбейді емес, сезеді. Сезген соң эгоистік тәрбиеге қалыптасып, ата-анасына айтқанын істетеді. Балаларымыз отбасын құрметтеу дағдысынан, бауырмалдық сезімінен бірте-бірте алыстап бара жатқандай. Бір бөлмеден шықпайтын балалардың сөздік қоры да қызық: «ия» немесе «жоқ» дейтін жалғыз жауап.

Осы біз баланы жеке бөлмесіне қамап қойып, өзімізден алшақтатып бара жатқан жоқпыз ба? «Балалы үй – базар» демеуші ме еді?!

Айтпақшы, балалар бөлмесінде не болып жатыр екен, бір қарай салыңызшы...

БАСШЫ МЕН ҚОСШЫ

Осы бізде бастық пен оның қарамағындағы қызметкерлердің арасында қалыптасқан бір барьер бар. Басекеңнің алдында артық сөйлемеуің керек, ұсыныс айтпауың керек, сын-ескертпең тіпті орынсыз (ойбай, тіптен атай көрме!), алдына барғанда сәл алаңғасарлау болып, көзіңді жыпылықтатып, төменшіктеп, иіліңкіреп тұрсаң тіпті жақсы. Не айтса да – мақұл. Күлсе бірге күлуің керек, тұрса бірге тұруың керек. Яғни, бастық пен жұмыскердің әлеуметтік жігі ашық түрде ажыратылып қойылған. Жұмыс уақыты біткеннен кейін де, тіпті, той-жиында да креслосынан түсе алмайтын бастықтар болады.

Ал, бұл өз кезегінде жұмыстың дұрыс, жаңашыл бағытта жүруіне кедергі келтіреді. Шын басшы, керісінше,

қарамағындағы қызметкерлерінен креативті ұсыныстар, жаңашыл идеялар, қажет болса, сын-ескертпелер естуі керек. Сонда ғана жұмыс мекемесінде алға жылжу, даму болады.

Астында жұмсақ креслосы бар біздегі кез келген бастық кабинетіне біреудің (тіпті қарамағындағы қызметкері болса да) кіргенін оншалықты қалай қоймайтыны рас. Қаламайтын болған соң, кіре берісте жорғалаған тышқанды да өткізбес хатшы не әлдебір шаруамен бара қалсаң тергеп-тексеріп барып рұқсат беретін көмекші ұстайды. Хатшының да, көмекшінің де міндеті – мүмкіндігі болса қос қабатты емен есікке ешкімді жолатпау.

Кейбір басшылар, керісінше, жұрттың кіргенін қалайды. Бірақ, сол кіретін пенденің хатшы жанында ұзағырақ күтіңкіреп отырып қалғанын ұнатады. Оның ойынша, неғұрлым көп күттірсем, соғұрлым «іскерлігім» байқалады деп ойлайды. Кірмес бұрын қалта телефоныңды көмекшіге өткізуіңді талап ететін басшылар да бар. Селфилетуді жақтырмайтын болса керек. Әлде, екеуара әңгімені жазып алады деп қорқа ма? Әйтеуір, бірдеңеден сескенетіні анық.

Жарайды, мемлекеттік деңгейдегі басшыларға, күштік құрылым кеңселеріне қауіпсіздік шаралары үшін мұндай тәртіп қажет те шығар. Ал, ұсақ-түйек бөлімдер мен департамент басшыларына, мәселен, мектеп директорларына бұлайша «қымтанып отыру» неге керек? Ондағы қайнаған тіршілік, сабақ кезінде туындайтын күттірмес мәселелер хатшы жанында сағаттап күтіп отыруды қаламайды емес пе?

Мәселен, Европада мектеп басшысының мұғалімдерді қабылдап отыратын арнайы кабинеті жоқ. Хатшының не екенін тіпті білмейді де. Дәліздегі фойелердің бірінде ашық түрде жұмыс үстелі тұрады. Кез келген мұғалім не ата-ана, болмаса оқушы өтіп бара жатып бірер минутта шаруасын шешіп кете барады.

Қазір облыс және қала әкімдіктерінің «ашық әкімат» жүйесімен айналы кабинеттерде жұмыс істей бастағаны ұнайды. Өкінішке орай, жоғарыда айтқанымыздай, қымтанып алған басшылар әлі аз емес. Әсіресе, халық жиі қызметін пайдаланатын бөлімдер «ашық есік» жүйесінде жұмыс істесе екен дейсің.

Басшыны да, қосшыны да тең көретін қоғамда өмір сүрсек қой, шіркін...

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

«МАСКҮНЕМ» ӘНДЕР

Қызығымызды қымызбен тойлайтын ел едік,
шаттығымызды шампанмен атап өтуді әдетке айналды-
рып бара жатырмыз. Бүгінгі танымал әншілеріміздің арақ-
шарапты насихаттайтын әндерді шабыттана шырқап жүргені
ойландырады.

Шығыс шайыры Омар Хайям:

Шөліккеп шарап ішсең, данамен іш,

Немесе гүл майысқан баламен іш.

Аздап іш, анда-санда, тығылып іш

Мас болмай, мылжың болмай, шамамен іш, – деп, терең
астармен жырласа, бүгінгі ән әуеніне сөз жазып жүрген
«шайырлар» арақ-шарапты тура мағынасында насихаттап
жүр. Ал, оны танымал әншілеріміз нақышына келтіре орын-
дап, эстрада әлемінде жұлдызға айналуға.

Бірнеше мысал келтірейік:

Көтерейік, қане, достар,

Махаббат үшін.

Үзілген, сөнген бір өмір

Қайта жалғансын.

Көтерейік, қане, достар,

Мол бақыт үшін.

Осы күнге жете алмаған

Жан достар үшін. (Ержан Серікбаев, «Достар үшін»)

Құй шарап, құй шарап.

Ішейік-ішейік-ішейік-ішейік-ішейік, иә. (Darkhan Juzz,
«Шекер»)

Шымкенттің салқын сырасы!

Көрдің бе ішіп, құрдасым?

Мөлдіреп тұнып тұрғасын,

Қалайша шыдап тұрасың?! (Ержан Серікбаев,
«Шымкенттің салқын сырасы»)

Сен маған массың, сен маған массың,

Қап-қара көздер, айтылды сөздер. (Рахымжан
Жақайым, «Сен маған массың»)

Сенің үнсіздігің құлақты жарады,
 Жараны емдейді тек ақ шарап.
 Күн батып барады, таң атып барады,
 Күтіп үніңді жаурап. (Нурик Смит, «Ақ шарап»)

Жаратқандай сені басқа әлем,
 Өзіңе шынайы да, рас күлем.
 Махаббатың улайтын арақ болса,
 Болайын сен үшін маскүнем. (Қайрат Нұртас,
 «Маскүнем»)

Бауырым, Бека, Бека, Бека, досым, күрсінбе бекер,
 Жалғанда жанартаудай жабырқамай, көңіліңді көтер.
 Алайық 100 грамнан достар үшін, денсаулық үшін,
 Қайтадан қайтып келмес бұл дәурен, өтер. (Ержан
 Серікбаев, «Бауырым Бека»)

Саған, сыра, ішкен сайын, ішкен сайын тоймадым,
 Ай, арақ-ай, қалтаңдатып, қалтаңдатып қоймадың.
 Тойып алып өнерімді, өнерімді көрсеттім,
 Көрінгеннің есігінде, есігінде ойнадым.
 Ей, қу арақ, ой, қу арақ,
 Ей, қу арақ, ой, қу арақ. (Dieta.kz, «Қу арақ»)

Бір қызығы, мұндай «маскүнем» әндердің тыңдалымы
 да, көшіріп алынуы да тым жоғары.

Бір жылдары Польшада осы тақылеттес, ішкілікті
 насихаттаған көше әндері жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай
 қаптағаны бар. Кейін олар ұзақ жылдар бойы ұлттық ән
 өнерін осы бір індеттен тазалаймын деп-ақ шаршады. Сол
 жұқпалы індет енді бізге мысықтабандап кіріп келе жатқан
 сияқты. Дер кезінде тоқтау салмасақ, ертең стақан ұстамасақ,
 ән айта алмайтындай халге жетіп жүрмейік...

КҮМӘНДІ КӨЖЕ

Түркістан кәсіпкерлері бидай көжені маркеттерге сауда
 сөрелеріне қою үшін шөлмектеп шығара бастаған сыңайлы.
 Бірақ, атын да, затын да сауаттылау бір адамдарға көрсетіп
 алмағаны қынжылтып отыр. Біріншіден, Жуковский орыс

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

ақыны. Егер Түркістанда белгілі ықшамаудан құрметіне шығарып жатқан болса, ол аймақтың қазіргі атауы Қазыбек би. Рас, сол маңда ілгерірек бидай көжені ел іздеп барып ішетін сауда қатары болатын. Бәлкім, «біз бармыз» деп соны еске салғысы келген болар...

Екіншіден, шөлмектің артқы жағындағы сауда мәліметтері түгел емес. Құйылған күні бар да, қай уақытқа дейін жарамды екендігі көрсетілмеген. Тауарды құйып шығарушының мекенжайы жоқ. Шөліккеп ішкіміз келді, бірақ күмән жібермеді...

АУЫЛ ӘКІМДЕРІ, ҚАЙДАСЫҢДАР?

25 шілде күні республика бойынша 730 елді мекеннің ауыл әкімі сайланды. Екі айға жуықтап қалды, халықпен кездесу барысында уәдені үйіп-төккен сол әкімдер бүгінде үнсіз. Жаңа форматпен жұмыс істеп жатыр ма, әлде, экс-әкімдер сияқты қалың ұйқыға кетті ме, білгіміз келіп отыр. Әйтеуір, әл-әзірге нәтиже көріп тұрғанымыз шамалы. Ал, ауыл тұрғындары елді мекенді басқару жүйесінің түбегейлі өзгергенін қалайды.

Несін жасырамыз, қазір көптеген ауылдардың тозығы жеткен. Бүгінгі ауыл «көркі» мынадай: қабырғаларының бұрышы опырылып, кесегі мүжілген қора-қопсылар, шатыры шұрқ тесік иесіз кепе-лашықтар, құраған тал-дарақтар, қоқысқа көміліп жатқан арықтар, ұрланған латоктар, жел құалаған қанбақтар, көлеңке таппай ұйыққан малдар, жекеге өтіп жоңышқалыққа айналған бау-бақшалар, жайылым жер таппай асфальт жағалаған малшылар, суғармалы суға таласқан ауылдастар, шырмауық басқан шаңдақ жолдар, үй іргесіндегі әлсіз көлеңкеде сотқа шұқып отырған балалар, машина капотында карта ойнаған таксист-ауылдастар...

Осының барлығы ауыл шаруа қожалықтарының ынтымағын, бірлігін ұйыстыра алмай, төбедегі «көкесі» бір қоңырау шалып, зорлықпен отырғызып қойған соң, жұмсақ креслоға ие болып, салқын кеңседе күнін өткізіп, ел алдындағы беделін жоғалтып алған ауыл әкімдерінің бейшара халінің көрінісі.

Ал, ауылына шын жаны ашып жұмыс істеймін десе әкімге шаруа көп.

Естеріңізде болса, 50-жылдары еліміздегі колхоз

құрылысын алғаш ұйымдастырушылардың бірі Нұрмолда Алдабергенов өзі басқарған Мұқыры ауылын одаққа таны-мал етіп, гүлдендіріп-ақ еді. Тұрғын үй, мәдениет үйі, тұрмыс қажетін өтейтін орталық, сауда орталығы, балалар бақшасы, орта мектеп, аурухана салып, ауылды қалай басқарудың озат тәжірибе мектебін қалыптастырған болатын.

Мына Жүйнек, Иқан ауылдарына барсаңыз, ұқыптылық пен іскерліктің үлгісін көргендей боласыз. Олардың өз тойханасы, дүкен-маркеті, автомобиль жөндеу шеберханасы, шаштаразы, тігін цехы, дәріханасы, ет дүкені, поштасы бар. Керісінше, тек қаңқиған әкім кеңсесінен басқа дымы да жоқ ауылдар да жетерлік. Ауылына шын жаны ашитын іскер әкімдерді іздесек табамыз. Оған Қызылорда облысы Сырдария ауданына қарасты Нағи ауылының әкімін мысал етіп алсақ та болар. Бір жылдары Елбасы «Барлық ауыл Нағи ауылындай болсын!» деп, жоғары баға берген алтын аймақ бүгінде көркейіп, гүлдене түсуде. Ауыл тумасы, шаруа қожалығының басшысы, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиевтің инвесторлығымен кіп-кішкентай ауыл барған сайын биікке көтеріліп келеді. Осындағы «Абзал және К» толық серіктестігі еліміздегі күріш өндіруші компаниялардың көшін бастап тұр деуге болады.

Гүлзар баққа оранған көшелер, ауыл ішіндегі тақтайдай тегіс асфальт жолдар, үзіліссіз жұмыс істеп тұрған агрегаттар, үйілген дөңге толы қырман-дар, қырман басындағы жатақхана мен тәулік бойы жұмыс істейтін асхана, қызыл кірпішті үйлер... бүгінгі Нағи ауылының көрінісі. Мұнда жай қарап отырған адам жоқ, бәрі де жұмыспен қамтылған. Жұмыстың көптігі соншалық, шаруалар екі ауысыммен еңбек етуде. 380 адам тұрақты жұмыспен қамтылса, көктемгі егіс, күзгі орақ кезінде науқандық жұмыстар есебінен адам саны 460-қа дейін көбейеді. Ауылдағы қытайлық, оңтүстік корейлық және германдық күріш тазалайтын, элиталы тұқым дайындайтын зауыттар толықтай автоматтандырылған. Адам қолымен атқарылатын жұмыс аз. Барлығы оператордың басқаруында. Ауыл тұрғындары шашылған дәнді жинауға ғана жұмылдырылады. Алып жүк көліктері егіс пен қырманның, қырман мен қойманың арасындағы жүйткіп жүр.

Жыл сайын Тәуелсіздік күні қарсаңында ауыл еңбеккерлеріне қосымша сыйақы төленеді. Үздік нәтиже

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

көрсеткен жұмысшылар 1,5 - 2 млн теңгеге дейін қаржылай сыйақымен бірге автокөлік иеленіп жатады.

Әу баста жұмыстың басы ауылдың әр тұсында үйіліп жатқан қоқысты тазартумен басталған. Келесі жылы сауда орталығы, әкімдік үйі, мектеп, мәдениет үйі, мейрамхана, монша, басқа да құрылыс нысандары бой көтерді. Жабылып қалған балабақша іске қосылды. Көшелер асфальтанып, жарықтандыру қолға алынды. Үлкен заманауи спорт кешені, мешіт, мұражай, әсем гүлзарлар мен Биг-Бен үлгісіндегі сағат, субұрқақ салынды. Осының барлығы ауылдың өз қаржысымен атқарылды. Бүгінгі таңда ауылда көркейту-көгалдандару және тазалық жұмыстарымен айналысатын үш бригада жұмыс істейді. Олар ауыл көшелеріне гүл егумен, көшет отырғызумен, абаттандырумен айналысады. Қазір бұл ауылдағы саялы бақты көзбен көріп, көлеңкесіне тыныстауға, хош иісті гүлдердің арасында суретке түсуге, субұрқақтың айналасында демалуға болады.

Ауыл тұрғындарын ұйыстырып жұмылдыра алса, бүгінгі сайланбалы әкімдерге де өздері қалап барған ауылдарын көркейтуге мүмкіндіктері көп. Мемлекетке не аудан-облыс бюджетіне алақан жаймай-ақ, өз маңдай терлерімен тапқан табыстың арқасында өркендеп, гүлденіп отырған Нағи, Жүйнек, Иқан сияқты ауылдардан үлгі алса, бірер жылда-ақ ауылын көркейетіні даусыз.

Уәдені үйіп-төгіп сайланып алған әкімдер! Бұған не дейсіздер? Бір «әу!» деп қойсаңыздаршы...

ШИ ЖҮГІРТЕТІНДЕР БАР

Елге түкке де қажеті жоқ маңызсыз бір хабарды әлеуметтік желіге жариялай салып, соңына: «Бұған не дейсіздер?» деп ши жүгіртіп қойып, жабықтың сыртынан сығалап отыратындар көбейді...

Сосын елдің бір-бірімен қырық пышақ болып, улап-шулап жатқаны...

ШЫМКЕНТ ТӘШКЕНДІ ЖАРНАМАЛАП ОТЫР

Біз мұнда, Түркістанда, «тәшкендік бауырларымыздың өздері білмейтін «Ташкентский чай» деген қайдан шықты?»

деп, жарғақ құлағымыз жастыққа тимей, кафе-ресторандарды жағалап, әрқайсымен жаға жыртысқандай боп, ас мәзіріне «Түркістан шайы» деп түзету енгізіп жүрсек, ИП «ANK-GRUP» дейтін шымқалалық «бауырлар» қалың қазақтың ортасында отырып алып, тура Шымкенттің қақ төрінде мынадай тәшкен шайын бұрқыратып шығары-ы-ып жатыр. Заваркі үндінікі, лимон Қазығұрттікі, жалбыз Түркістандікі, су Арыстікі. Тәшкен қайдан жүр? Әй, кәсіпкер бауырларым-ай! Отандық өнім дейтін бренд-құндылықтарыңды жеке пайдаңның құлқыны үшін осылай ақшаға сатып жіберетінің жаман да?.. Бұған Шымкент ресторандарынан анда-санда шай ішіп, шөлін басып жүрген қала әкімі Мұрат Әйтемов не дер екен? Әлде, ол да тәшкен шайына құмар ма?

СУРЕТТІ МУЛЬТФИЛЬМДЕРІМІЗ ҚАЙДА КЕТКЕН?

«Балапан» арнасы әртүрлі жастағы балаларға арнап мультфильмдерінің топтамасын эфирге дайындағанда нені басшылыққа алады екен? Соны ұқпай жүрмін.

Отандық мультхикаяларға қарсы емеспін, әрине. Бірақ, балалар арнасындағылар бір-бірінен айнымайтын 3D мультфильмдерімен жас көрермендерін тым жалықтырып алдық деп ойламай ма екен?

«Союзмультфильм», «Қазақфильм», «Дисней» киностудияларының тәрбиелік мән-маңызы жылдар өтсе де жоғалмайтын суретті мультфильмдері эфирде неге жоқ? Мұндай туындыларда адам - адам кейпінде, аң - аң кейпінде ғой! Әлде, оларды эфирге бермеңдер деп тыйым салып отырған бір цензор бар ма? Өз басым демалыс күндері балашағамызбен шәй үстінде отырып, «Союзмультфильм», «Қазақфильм», «Дисней» киностудияларының алтын қордағы мультфильмдерін тамашалаймыз. Өкінішке орай, флешкамен! Себебі, «Балапан» телеарнасының эфирінен ондай мультфильмдерді таңнан-кешке дейін сағаттап күтсең де көре алмайтының анық.

«Балапан» арнасын қосып едік, қолына лазер қылыш ұстаған «Айдар» атойлап тағы шықты. Әншейінде телевизор алдынан тұрғыза алмайтын бала теріс айналды. Бәріміз флешка іздеп кеттік...

«МЕН ОЛ, ОЛ МЕН ЕМЕС»

ИЛЛЮЗИЯСЫ

Қазір жастар арасында өзі туралы, өзінің әрекеті туралы үшінші жақтан баяндау стилі жаппай етек алып барады. Мәселен, олар бір-бірімен сөйлесіп отырып: «сонда ол маған не айтпақ деп түсінбей қалғансың ғой», «таңертең ұйқыдан кеш ояңғансың ғой» деген сияқты мағынамен сөйлем құрайды. Мұны грамматика тілінде «иллеизм», «инфантилизм» дейді. Сол иллеизм ана тіліміздің құнарын бірте-бірте құрдымға құрта ма деп қорқамын.

Психологтар жастардың бұлайша өзі туралы екінші не үшінші жақта сөйлеуін ойының тұрақсыздығынан деп бағалап отыр.

Рас, кейде тілі шықпаған кішкентай бөбегіміздің қылығына мәз болып, «біз бүгін тым бұзық болып отырмыз» деп қалатынымыз бар. Бұл жақын тұтудан туындайтын емірену. Ал, мына иллеизм жеке жауапкершіліктен жалтарудың нақты бір көрінісі іспетті.

Міне, осыны түсінбей жүргенсің ғо)...

ӨЛЕҢМЕН ЖЕР ҚОЙНЫНА

КІРСЕ ДЕНЕҢ...

Кісі өлгенде ауызғы бөлмеде әйел қауымының қатар отыра қалып жылап-сықтайтыны бұл күнде ешкімге де таңсық емес. Кейде әлдебіреуі көңіл айта келген қаралы қауымның арасынан ет жақынын көре қалып, тізгінді босатып, бар дауысымен аңырата бастағанда, үлкен кісілердің бірі немесе ауыл имамы дереу тыйып тастап: «Сабыр, келін, сабыр!» деп Құран аяттарының бірін оқып, басу айтатыны бар. Бұл мән-мағынасыз құр жылап, осы үйге тағы да жамандық шақырмасын деген ниеттен туған ағайындық жанашырлық болатын.

Осындайда санамыздан сағымдай алыстап бара жатқан, бала кезде әжелеріміз әндете айтатын жоқтау еске түседі. Мұндай жоқтауларға үлкендер тарапынан тыйым болмайтын, себебі жанашыр жақын абысын-ажынның марқұмның жақсы қасиеттерін «ол солай еді, ол былай еді» деп қарасөзбен айтпай, өлең өрнегімен өріп жоқтауын көнекөз қарттар іштей құптайтын. Көп жағдайда жоқтаушы әйел өлеңіне өзек болар

жыр шумақтарын өзі құрап, марқұмның ағайын арасындағы бедел-салмағын, жанашыр пейілін, жүрек сұлулығын аза жырымен өрнектейтін. Мәселен, қызының анасына деген қимастық ішкі шөмен-шері былай төгілетін:

Бісімілла деп-ау бастайын,
Асылық сөзді қоспайын.
Жеті күн болды анам жоқ,
Жоқтаусыз қалай тастайын.
Ақ жүзің, мама, түс бүгін,
Басымнан дәурен ұшты күн.
Өзіңді жоқтап қалды ғой,
Әжем мен әкем, үш қызың.
Ерекше еді күлгенің,
Қасыңда ұзақ жүрмедім.
Сырласа алмай тіріңде,
Қадіріңді, ана, білмедім...

Қазір көз жасын көл қылып аңырап жылаған қыз-келіншектермен иықтаса отырып алып, жоқтау айта алмайтын кексе әйелдер көбейіп барады. Бар ниеті – дауысымды шығарып жыласам, жанашыр пейілімді білдіргендеймін деп ойлайтындай. Ал, негізі, жасы жетпіске тақаса да, әлі де өзін жасын деп есептеп жүрген бүгінгі әжелердің қаралы топта «жақсы адамның жаратқаннан жоқтаусыз кетпегені жөн-ау» деген тілекте отырғаны дұрыс қой деп есептейміз.

Мына індет іргемізге ұя салғалы бері қаралы жиын көп. Елдің өлім-жітімге денесі үйреніп кетті ме, әлде, салт-дәстүрден алыстай бастадық па, әйтеуір, жоқтау айтып отырған әйелді көрмейсің.

Ләйім, жоқтау айтылмасын!

Тек жақсы адамның тәні жер қойнына жылап-сықтаумен емес, ұлы Абай айтқандай, өлеңмен кірсе екен деген ниет қой біздікі...

ЖУРНАЛИСТ КІМ? БЛОГЕР КІМ?

Сізге ота жасату керек десе, кімге сенім артасыз? Хирургке ме, әлде терапевтке ме? Әрине, хирургке! Өйткені, ол өз ісінің маманы. Бірақ, екеуін де дәрігер дейді.

Журналист пен блогер де солай.

Журналист - ақпараттың салмағын білетін маман. Сондықтан ол әр дәйекті байыппен анық-қанығына жетіп ба-

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

рып, сілтемемен сауатты таратады.

Блогер - көп жағдайда асығыс сенсация қуалап кетеді (бәрі емес, әрине; ішінде ізденісте жүрген сауаттылары бар). Позитивті емес, негативті көбірек іздейді. Анық ақпарат па, жалған ба, оны зерттеп-зерделеуге теориялық пайымы жете бермейді.

Бірақ, сенсацияға, өсек-аяңға құмар халықтың кейбір бөлігі соларға көбірек сенетіні өкінішті!

Ақпарат алдап, адастырып жатқан мына заманда әркімнің өз кәсібімен айналысқаны жөн-ау...

ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕ - МӘШИНЕ

Қола алған спортшыларымызға (Әнұранымыз шырқалмаса да) «елімізді әлемге таныттың-ау, мықтым» деп атқамінерлер әмиянын долларға толтырып, таласа мәшине мінгізіп жатқан шығар. Оны қызғанбаймыз.

Ал, дәл солар сияқты туған өлкемізді дүниеге танытып жатқан, мәселен, өнертапқыштарға, ғалымдарға, әнші-музыканттарға, ақын-жазушыларға, агрономдарға, биотехнологтарға, химиктерге, педагогтарға, киноәртістеріне осындай құрмет көрсетпейтіні несі екен? Қызық, ә...

ҰРЫ ТОЙ

Бұрын екі-ақ той болушы еді: үйлену тойы мен сүндет той. Кейін тойдың санына жете алмай қалдық: үйлену тойы, сүндет той, бесік той, шілдехана тойы, қоныс той, қыз ұзату тойы, тұсаукесер тойы, 40 жас, 50 жас, 60 жас, 70 жас, 80 жас тойлары, алтын той, гаухар той, 1 жас, 2 жас, 3 жас, 4 жас, 5 жас тойлары, тілашар той, мектеп қоңырауын соғу тойы, қызмет өсу тойы, кімнің ойына не келді, сол той...

Қазір жалғыз той қалды: тойхананың артынан кіретін ұрлық той...

ВИРУС ТАМАҚ ІШКЕНДЕРГЕ ЖОЛАМАЙ МА ЕКЕН?

Қазір еліміздің барлық өңірлері вирус жұқтырғандар саны бойынша қызыл аймақта. Бұқаралық ақпарат құралдары күн сайын сақтану шаралары туралы толассыз хабарлама таратып жатқанымен, Түркістан қаласындағы тамақтандыру

орындарының бірде-бірі «Ashyq» жүйесі бойынша жұмыс істеп жатқан жоқ. Сыралғы құдаларын күткендей ашық-шашық. Емін-еркін кір де тамақтана бер.

Дене қызуыңды өлшейтін құрал қарастырылмаған, кіре беріске QR-код сканерлегіші ілінбеген. Тек кіршең пластиктегі антисептик қана елде пандемия жүріп жатқанын білдіреді.

Сен вирус таратып жүрсің бе, жөткерініп-түшкірініп отырсың ба, ешкімнің шаруасы жоқ. Түсте де, кешке де иін тірескен адам. Қызмет көрсетушілер ғана сыртқа көз қылып бетперде тағып алған. Қалған жұрт тойда отырғандай мәз-мейрам.

Айналайындар-ау, айналаңда тәжтажал сайрандап жүр емес пе? Тым болмаса келушілер адал асын алаңдамай жейтіндей жағдай жасауға болады ғой.

Қаланың санитарлық бас дәрігері бұл саланы қадағалауды қойған ба деп қаласың. Әлде олар вирусы құрғыр тамақтанып отырғандарды айналып өтеді деп ойлай ма екен?

ОТТЕГІ - АДАМ ТІРШІЛІГІНІҢ ӨЗЕГІ

Себебі, таза ауа жаныңды жадыратады, дем жетпей, өкпең сығылып қиналған сәтте жұмсақ тыныс беріп, өміріңді ұзартады.

Таза ауаның қадірін біз тек тау бөктеріне шыққанда, кең жайлауға барғанда, табиғат аясында қыдырыстағанда ғана байқайтынымыз өкінішті. Басқа уақытта ауаны ластап, түрлі химиялық элементтермен айналамызды улап жатамыз.

Таза ауаның сатулы мөлшерін адамзат тынысы тарылып, жаны қысылған сәтте оттегі түрінде ауруханаларда пайдаланатыны рас. Ал, сол оттегінің қалай пайда болатынына, қайдан келіп жататынына, онымен кімдердің қамтамасыз ететініне бас ауыртып жатпайды.

Дәл қазір, атың өшкір індет алқымнан алып, вирус өкпені сығып, науқас адамның тыныс алуы қиындаған сәтте оттегінің жетіспеушілігі анық байқалып отыр. Осындайда науқас адамға бір жұтым таза ауа сыйласаң, сенен бақытты, сенен иманды адам болмас.

Тап осылай оттегімен қамтамасыз етіп елдің бақытына бөленіп жүрген жандардың бірі Ермек Әуезов.

Ермектің оттегі цехы Кентау индустриалды-

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

экономикалық аймағында. Мұнда Шәуілдір де, Түркістан да, Кентау да, Созақ та баллондарына оттегі құйып алмаққа асығып жатыр. Цех қожайыны жылы қабақ танытып, ілтипат білдіріп жатқан соң ағылады да.

- Халықтың денінің саулығы - мен үшін ең маңыздысы, - дейді Ермек. - Кейде ауруханаларды оттегімен толассыз қамтамасыз ету үшін бірнеше күн ұйқы көрмей 24 сағат кезекшілік етуге тура келеді. Жаны қысылған жандарға оттегіміз дер кезінде жетіп жатса, еңбегіміздің ақталғаны да.

Ермектің цехының орын тепкен жері қаладан Хантағыға құлай беретін тұстағы Қаратаудың салқын самалы соққан дәліз аңғары. Самалды сорып, оттегі өндіріп, үлкен цистерналарға ауаны шаң-тозаңнан тазартып құю кезінде энергияның күш-қуатын босқа жұмсамау үшін бұл ыңғайлы мекен. Оттегі үрлейтін қондырғының кішкентай баллонға 6 куб ауаны соншалықты қысыммен «тығындай» қоятын «қабілетіне» таң қалмай тұра алмайсың.

Кеселіне шипа іздегендердің қазір Ермекке деген алғысы шексіз. Біз де саф ауаның Атымтай Жомарты - Ермек Әуезовке «елге еткен еңбегіңіздің рахатын көріңіз!» деп тілек айтқымыз келеді.

ТҮРКІСТАН - КЕНТАУ ТАС ЖОЛЫ: ЖОЛ АПАТЫ ЖИЛЕП БАРАДЫ

Себеп? Себеп біреу: жол тар, қос бағытқа екі көлік әзер сиятын жалғыз жолақ.

Екі қаланың ортасындағы жол елді-мекеннің орнала-су ыңғайына қарай иретіліп жатыр. Сондықтан мұнда үзік сызық шыққанша бір көліктің екінші көліктен озып кетуі аса қиын. Кейде жүк тиіп алған «хобалар» мен «камаз-дар» сағатына 20 шақырым жылдамдықпен баяу қозғалады. Кейбір жүйкесі жұқа жүргізушілердің мұндайда «нерві» шыдамай, еріксіз «обгонға» шығып кететіні рас. Себебі, 60 сағат жылдамдықпен жарты сағатта жететін жерге бір жарым сағат жүріп әуре болғысы келмейді. Бұл, сөз жоқ, жол апатына әкеліп соғады. Ораңғай елді мекені тұрғындарының айтуынша, соңғы екі аптада осы маңда осылай шыдамсыздық танытып қарсы бетке шығып кеткен жүргізушілердің кінәсінен бірнеше жол-көлік оқиғасы орын алған.

Қазір Түркістан-Кентау бағытына қатынайтын көлік көп. Осы екі қаланы байланыстыратын жалғыз жол болғандықтан, таңғы-кешкі мезгілде кептеліс жиі орын алады.

Бұрын ескі жол болатын. Онда мұндай проблема кездеспейтін. Енді жаңа асфальт төселген соң жолдың ені тарылып, көліктер иық тіресіп жүруге мәжбүр. Оның үстіне жолдың екі жиегіне тротуар төсеп, онсыз да тар көшені онан сайын қысып жатыр.

«Мүйіз сұраймыз деп құлағынан айырылған» жүргізушілер енді бір «Камаздың» соңында тізбек құрап, алтын уақыттарын текке жоғалтып митыңдап барады...

Әуелгіде осы жолды велосипед пен мопедке арнап салып, «Камаз» жүйткітіп шатасып жүрген жоқ па екенбіз осы біз? Білетін пенде болса, айтындаршы...

ТІКЕ АЙТУ, ТІКЕ СӨЙЛЕУ – МАҚТАНҒА АЙНАЛЫП БАРАДЫ

Қазір «Біреулер сияқты пікірімді іште бүтіп отыра алмаймын, тіліме келді ме, кейінге қалдырмай, сол заматта-ақ бетке айтып тастаймын!» деп, үлкенсің бе, кішісің бе, бет-жүзіңе қарамай, тіке сөйлейтін бейпілауыз әйелдер көбейді. Және онысын ерекше бір мақтанышпен, мінезіндегі бір жақсы қасиеті сияқты айтады. Осы арқылы өзін әділдік, ақиқат жаршысы санайтын да сияқты. Олардың бұл «әділетсүйгіштігі» қасындағы адамның көңіліне келіп, жүрегіне қаяу салып жатады.

Бірге «гәп ойнап» қолпаштап жүрген қысқа шаш құрбылары «Біздің Гүлекең осылай, тіке айтады!» деп одан сайын даңдайсытып, қолтығына су бүркіп отырады.

Бұрынғылар хан-сұлтандарға қарсы кекті жырлар оқып, ұлт рухының айбарына айналушы еді, қазіргі мына қатындар өзі ас-суын ішіп отырған дастарханының айбары.

Ер азаматтың алдын кесе-көлдеңен кесе өтіп, ауыздыға сөз бермей шешенсіген мұндай әйелдердің кейінгі жас сңділеріне өнеге бола алмайтыны анық.

Бірақ, неге екені белгісіз, сол тіке айтқыштар, қоғамдағы шын әділетсіздіктерді ашып айтуға келгенде біртүрлі дәрменсіз...

САЙҚЫМАЗАҚ ПОЛИЦЕЛЕР

Біздің елде сайқымазақ сериал түсіргіш режиссерлер актерлерге полиция формасын кигізіп қойып, оларды қарны салбыраған ақымақ, аңқау етіп, ең бір жағымсыз күлкілі образ түрінде көрсеткісі келетіні несі екен? Бір қызығы, бұған біздің қорғаншыларымыздың реніш білдіріп жатқанын көрмеппіз. (Әлде оларға осы кейіптері ұнай ма екен?..)

Мәселен, американ, батыс, шығыс киноларында полицияның жағымды образы қалыптасқан.

Бізге де полицияны жеккөрінішті етпей, жағымды кейіпте түсіретін фильмдер керек-ақ. Бір жағынан бұл тәртіп сақшыларының өздеріне де сырт келбеттерін формада ұстап, негізгі міндеттерін ұғып жүруіне тәрбие мектебі болар еді.

ТҮРКІСТАНҒА КЕЛІП-ҚАЙТУҒА ТҰРАТЫН 11 СЕБЕП

Түркістан несімен ерекшеленеді? Түркі жұртының туристері ағылып жатқан Түркістанға келіп-қайтуға тұратын себеп бар ма? Қазақстанның өзге өлкесінде жоқ бренд боларлық не ұсына аламыз?

1. Алдымен сізді темір жол вокзалынан уылжып піскен қойдың басы қарсы алады. Тойымды деликатестің дәмі көпке дейін ауызыңыздан кетпей жүретіні анық.

2. Түркістанға келіп тұрып Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етпеу, Парижге барып тұрып Эйфел мұнарасын көрмей кетумен бірдей.

3. «Арыстанбаба түне, Қожа Ахметтен тіле» дейтін тәмсіл бар. Отырардың майлы тікенегінен қуат алған түйе сүті – қымыраннан дәм татып, Шәмші елінде түнеу – естен кетпес естеліктер сыйлайтыны даусыз.

4. Қырық құлаш ирек құдықтан зәм-зәм су ұсынар Ұкаша ата құдығы да туристердің жиі асығатын мекені. Біреуге шелек түбіне су шығып, екіншісіне тамшы бермей, иман келтіретін құдық басы қашан да Самарқан мен Бұхарадан ағылып жататын зияратшылардан арылған емес.

5. Көк күмбезі күнмен шағылысқан университет қалашығы да жақсы әсер қалдыратын сәулет мекені. Жаңа типтегі түркі кітапханасы, күмбезді кампустар, заманауи клиника, мың түрлі декоративті ағаштарымен саф ауа сыйлаған

ботаникалық бақ – жастардың сүйікті мекені. Студенттер асханасында жайпақ темір табақпен түскі ас ішудің өзі де бір ганибет!

6. «Керуен сарай» муниципальды кешені – Түркістан ғажайыптарының басы. Осындағы ұсақ-түйек кәдесый дүкендері, биші субұрқақтармен бірге «ойнаған» түнгі қайықтар шеруі, «Сиқырлы керуен» балалар ойын-сауық отауы, «Ғажайыптар театры». «Арғымақтар шоу-алаңы» – барлығы ертегілер әлеміндегідей естен кетпес естеліктер ұсынатыны даусыз. Сан түрлі саябақ, мұражайларды айтпай-ақ қояйын енді...

7. Жаңа туған нәресте қызығына кәде-күде ұсынар «Бесік базары», үй қажетіне керек мың түрлі заттармен қуантар «1001 ұсақ-түйек базары», темір тұлпарыңыздың бөлшектерін түгендер «Жауғашты» базары, арзан кәуап пен ыстық әсібінің буы мұрын қытықтаған «Әсіп базары», сөресі құртымен, күбі майымен, жал-жаясымен сірескен «Шұбат-қымыран базары»... бәрі-бәрі он күн араласаң да тауыса алмас ғажайып «дала галереясы».

8. Анемия ауруына ұшырағандар үшін уатылып сатылатын ақкемер кесегі, емдік адыраспан және «айырыспас достың көңілін қалдырған бір атым насыбай» да – Түркістан ерекшелігі.

9. Іш құрылысы аурулары үшін емдік қасиеті мол, өт шайып, асқазан-ішек тазалар, суының шипасы жағынан әлемдегі теңдесі жоқ үш артезианның бірі - «Шипа су» шипажайы да нағыз тынығатын орын.

10. Табиғатқұмарлар үшін құзар шыңдары көз тартар, таудың таза бұлағы асфальт жолды қуалай аққан Ащысай шатқалы мен Хантағы қорығы да – Түркістанның іргесінде. Ар жағында Жылаған ата мен Тесік тас, Ақмешіт пен Келіншектау да алыс емес.

11. Ең бастысы, түркістандықтардың қонақжай пейілі мен меймандос құшағы Түркістанға бір келіп-қайтуға тұратын басты себеп!

ДЖАЗ ТҮРКІСТАНҒА ДА ЖЕТТІ

Естеріңізде болса, осыдан сәл бұрын ресми ақпарат көздері АҚШ Конгресінің кітапханасынан композитор Джек Стерннің ақын Бобби Джонстың сөзіне жазылған

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

«Түркістан» әнінің американдық «American quartet» тобы орындаған ескі күйтабағының табылғанын хабарлаған болатын. Бұл әннің 1919 жылы Нью-Йорктегі Бродвей арбатында жиі тыңдалатын хит туынды болғандығы айтылады. Әннің сипаты романтикалық джаз әуеніне келеді де, мәтіні құлай ғашық болып қалған осман жігітінің сонау мұхиттың арғы жағындағы түркістандық шығыс қызына сапар шегуін баяндайды.

Осынау музыкалық шығарма бір ғасырдан астам уақыт бойы сақталып келген Конгресс кітапханасының АҚШ-тың үш жоғары федералды мемлекеттік органының біріне ресми қызмет көрсететін 450-ден аса тілде зерттеу материалдары жинақталған ғылыми-зерттеу орны екенін ескерсек, күйтабақтың қаншалықты құнды жәдігер болғанын пайымдаймыз.

Бүгін көне шаһардағы қазақ драма театрында Түркістан облысының құрылғанына 3 жыл толуына орай халықаралық джаз фестивалі өтті. Эстрада мерекесінің шымылдығы, міне, мұхиттың арғы жағынан жеткен осы «Түркістан» әнімен ашылды.

Қазақ джаз өнерінде біз «Бумеранг», «Арай», «А-студио», «Мюзиколa», «Роксонаки» сынды топтармен жақсы таныспыз. Тахир Ибрагимов, Жанна Саттарова, Александр Цфасман, Байғали Серкебаев, Батырхан Шукенов, Яков Хан, Мұхтар Суннатов, Гаухар Саттарова, Жанна Орынбасарова сияқты жерлестеріміз осынау бекзат өнерді Қазақстанда жаңа қырынан танытып жүрген джазмендер.

Джаз туындыларын орындаушылар екі сағат бойы жанды музыка арқылы Түркістан жұртшылығына концерт берді. «Қызылқұмда ауылым», «Қыздар-ай», «Жанарым», «Мұңайма» сияқты қазақ әндерінің де джазға икемделе қалғанын осы концертте анық байқадық. Джаз әуендерінің отаны АҚШ болғандықтан ба, негізінен ағылшын тіліндегі американ әндері орындалды. Тек жас өнерпаз Беназирдің қазақ тіліндегі джаз туындылары көрерменге ерекше серпін берді.

Джаз әуендері кешін жүргізушілер Олжас Садықбек пен Жанна Орынбасарова осынау фестивальдің енді жыл сайын Түркістанда тұрақты өтетінін, ал бүгінгі концерт билетінен түскен қаражаттың түгелдей қайырымдылық

мақсатқа – науқас балалардың ем-домына жұмсалатынын хабардар етті.

Бұйыртса, келер жылы музыка мерекесі ашық далада – Түркістанның кешкі салқын самалында өтсе ғой деген ақжолтай тілекпен тарқастық.

ӨРТҮРЛІ ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚ ҮЛКЕН КЕДЕРГІ

Өмірімізде адамның тіршілігін қызықсыз етіп, жұмыс істеу қабілетін төмендетіп тастайтын абсурд, тиімсіз тәсілдер көп екен. Соның бірі Қағазбастылық – Бюрократия. Екеуі апалы-сіңлілі ме дерсің, бәлкім, ағалы-інілі де болар. Әйтеуір, егіз ұғым. Бұған қатысты әр тілде түрлі концепциялар мен критерийлер айтылған. Бюрократия (bureaucratie) «bureau» кеңсе және үстел, «cratie» билік және күш мағынасында. Яғни, мұны «кеңсе тарапынан қолданылатын күш» десек, қалың көпшілікке ұғынықты болып қалар.

Қағазбастылық билік жүргізумен қабаттаса жүретін әбден тозығы жеткен тиімсіз басқару формасы. Адамның жұмыс істеу қабілетін бағаламайтын, таңнан кешке дейін креслоға байлап қоятын жүйке тоздырғыш коррупциялық тәсіл. Кейде жарты бет қызметтік хаттағы қалып кеткен бір үтір үшін бастығыңа қол қойдыра алмай сағаттап жүріп қалатының бар. Бұл жұмысты едәуір тежейді. Бір мәліметті өңін айналдырып түрлі формада сұрай беретін кеңселер де қағазбастылықтың нағыз өнертапқыштары. Түске дейін «тегі бірінші тұрсын» деп бір тізімді сұраса, түстен кейін «аты бірінші тұрсыншы» деп дәл сол тізімді қайта сұрайды. Осылайша том-том қағаз тойқұмар қатындардың сөмкеден-сөмкеге көшіп жүретін мата-китіндей кеңседен кеңсеге көшіп жүре береді. Ақырында көз майыңды тауыса, жүйкеңді тоздыра жолдаған қағазың «обратка» болып өзіңе айналып қайта келеді.

Заман цифрланған сайын қағазбастылықтың өріс алып бара жатқанына таң қаласың. Зерттеулерге сүйенсек, бір қызметтік хаттың толыққанды сауатты дайындалып, жұмыс процесіне жөнелтілуіне 4-5 сағат жұмсалатын болса, сол хаттың шешімі табылғанша 11 сағат уақыт кетеді екен. Осындай әуре-сарсаңды шет елдегі әріптестеріміз Documentolog,

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

ePochta Mailer, Advanced Direct Remailer (ADR), Send-Safe Enterprise сияқты хаттарды эп-сәтте жөнелту электронды қызметі арқылы оп-оңай шешіп жүр. Grant Thornton фирмасының 44 елде жүргізген сауалнама нәтижесі Грекияны, Үндістанды, Италияны ең бюрократ мемлекеттер қатарына қосып отыр. Ал, қағазбастылыққа былғанбаған ең бюрократсыз ел Финляндия көрінеді. Мұнда қызметтен уақытша сұранған жеке өтінішің бірер минуттан соң электронды қол қойылып алдыңа қайта оралады.

Қағаздың «көкесі» білім саласында. Білім және ғылым министрі Асхат Аймағанбетов министріктің жалпы отырысында: «Бізге керегі: ғылыммен айналысатын әріптестерімізге тек өз жұмысымен айналысуға жағдай жасау. Әртүрлі қағазбастылық, әртүрлі есеп беру үлкен кедергі» деп ескерткеніне қарамастан, ғылыми әлеуеті жоғары профессорларымызды таңнан қара кешке дейін кафедрада отырғызып қойып, күнделікті қағазға жегіп, ғылыммен айналысуына мүмкіндік бере алмай отырмыз. Олардың аудиториялық жүктеме сағат мөлшері ғылыми атақ-дәрежесі жоқ жай оқытушымен бірдей. Яғни, шығармашылық жұмыспен айналысатын профессорымыз барлық уақытын таңнан қара кешке дейін онлайн-мониторының алдында өткізеді деген сөз.

Әлемдік рейтингтік базалардағы Хирша (h) индексі жоғары профессорлардың аудиториялық жүктемесін біршама азайтып, кафедра қағазбастылығынан құтқарып, ғылыммен түбегейлі айналысуына мүмкіндік берген жөн сияқты.

Ойбұй, пост жазамын деп отырып қалыппын ғой, деканаттан келген бес-алты қағазымды бітіре салайын...

ТҮРКІСТАННЫҢ ЫСТЫҒЫ ДА ЕМ!

Ия, Түркістан гүлденіп келеді! Қазірдің өзінде жаңарған шаһарды өз көздерімен көру үшін еліміздің түкпір-түкпірінен туристер ағылуда.

Әлеуметтік желілерде Түркістанның ыстығына қатысты әзіл-шыны аралас әртүрлі алып-қашпа сөздер желдей есіп жатқанымен, маңдайыңды күнге тосып, рахаттана бір түшкірініп алып, бойыңдағы қыстан қалған жел-құзды, суықты ыстықпен аластап, күн энергиясын қабылдаудың өзі – туристік кластердің бір ерекшелігін аңғартса керек. Шетел аристократтарының бәйбішелері күн тимеген ақ денелерін

пәленбай ақшаларын далаға шашып, курорт жағалауларында күн астында сағаттап жатып, «шоколад» түсіне «бояй» алмай жүргенде, біздің Түркістанның самал желімен желпіген жағымды ыстығы бірер сағатта-ақ сізді «қрасавчик» етіп шығаратыны даусыз.

Түркістан алдағы 4 жылда әлі де гүлденіп, түрлене түспек.

Жуырда ғана өткен Үкімет отырысында Ұлттық экономика министрлігі Түркістан облысының 2025 жылға дейінгі кешенді даму жоспарымен таныстырып, тағы да 3,6 триллион теңге бөлінетінін жеткізді. Кешенді жоспар негізінен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және тұрақты жұмыс орындарын құруға бағытталмақ. Көлік және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды, әлеуметтік саланы, туризмді, қоғамдық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету қарастырылып отыр. Туристік-рекреациялық орталық, 3 қонақ үй, рухани-мәдени орталық бой көтермек. Сонымен қатар, 4,9 млн шаршы метр тұрғын үй салу жоспарлануда. Түркістан қаласының шығыс айналма жолы, Түркістан-Шымкент-Ташкент жүрдек теміржол магистралі салынады. Назарбаев зияткерлік мектебі мен «Дарын» мектеп-интернатының құрылысы жоспарланған. Теннис орталығы, мұз сарайы, ат спорты кешені және басқа да объектілер салынады. Күлтөбе қалашығының кесенелерін, тарихи нысандарын қалпына келтіру, Түркістан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының аумағын абаттандыру және тағы басқа жұмыстар да осы жоба негізінде атқарылатын болады.

Осының барлығы 2025 жылға қарай облыста туристер санын 2,5 млн адамға жеткізеді деген болжам бар.

Бүгінге дейін Түркістан қаласын дамытудың 1-ші кезеңі аяқталып, негізгі әлеуметтік инфрақұрылымы қаланды. Енді қаланы дамытудың II-ші кезеңі аясында 109 жоба іске асырылатын болады. Әкімшілік-іскерлік орталығында 57 жоба іске асырылып, жаңа теннис орталығы, мұз сарайы, ескек есу каналы, демалыс орындары салынып, қажетті инфрақұрылым тартылады. Б.Саттарханов даңғылы аумағында спорттық кешен, Яссы желілік саябағы, ірі сауда орталықтары, ботаникалық бақ, «Парк Лайн» коттедж кешені жобалары іске асырылады.

Мали мен Египеттің ми қайнатқан ыстығының қасында

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Түркістан ыстығы не, тәйірі! Көше бойлап жылғалаған өзен-арықтар, қалаға сән бере бастаған субұрқақтар, салқын шұбат пен саумал бидай көжелер сіздің шөліңізді әп-сәтте-ақ басып, санаңыздан мәңгілік өшпес 1001 түннің ертегілеріндей естеліктерін сыйлайтыны даусыз!

Біле-білсек, Түркістанның ыстығы да ем емес пе?!

ҚАЙРАН АВАНС...

Үлкен кісілердің естерінде шығар, бұрын жалақы екіге бөліп есептелетін: айдың ортасында аванс (50%), айдың соңында жалақы (50%). Қазіргі жалақы еңбеккердің қолына өзегі үзілер шақта, айдың соңында не келер айдың басында бір-ақ тиеді. Әбден қарызға батып, бөлшектеп таратып бере салады.

ҚР Еңбек Кодексінің 113-бабы 1-тармағында аванс беру-бермеуді ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жұмыс берушінің өзі шешетіндігі жазылған. Дұрыс қой. Бірақ, мына баға құбылған заманда онсыз да аз жалақыны бір ай күту қиын сияқты...

Арамызда аванс алып айдан-айға ілініп жүргендер бар ма екен? Қалай ойлайсыздар?

КЕНТАУДАН ҮЙРЕНЕРІМІЗ БАР ЕКЕН...

Кентау қаласында орталық алаңда әр сенбі сайын күнделікті тұтынатын ауылшаруашылық тауарларын базар нарқынан 10-15 пайыз төмендетіп сататын азық-түлік жәрмеңкесі көп жылдардан бері өткізіліп келеді. Халық бұған әбден үйренген. Аяғыңнан тозып дүкен сөрелерін араламай, қажетті заттарыңды бір жерден ала қоясың. Ұсақ-түйек, тұрмысқа қажетті заттар да осы жерден табылады. Жайма жаюшылар жәрмеңкеден соң айналасын сыпырып-сиырып, қоқыстарын жиып әкетуді әдетке айналдырған.

Мұндай жәрмеңкелер Түркістанда да өтсе, азық-түлік бағасын тұрақтандыру бойынша әлеуметтік сөрелердің санын арттыруға септігі тиер еді.

Түркістан - сауданың жері. Жәрмеңкенің үлкені осында болуы тиіс еді. Өкінішке орай, ашық сауда өтетін бос алаңдар бай-манаптар қоршап алған ақылы автотұрақтардан босамай тұр.

ЖҰМЫСЫ ЖЕҢІЛ, ЕҢБЕКАҚЫСЫ ҚЫМБАТ

Бала кезімізде ауылда иығында кетпені, қоржынында балта-балғасы бар, үй жағалап жұмыс іздеген жалдамалы жұмысшыларды жиі көретінбіз. Олар метрлеп, килолап, адымдап, қарыстап баға қоймайтын, жұмыс ауқымына қарап үй иесімен келісіп, орталап нарқын шығаратын.

Мысалы, үй қалау үшін кесек құятын жұмыскер күрек батпайтын қатты жерді тоқпақтап кетпенмен ойып, шелектеп су тасып, лайды өкшелерімен иі қанғанша езіп, қайта-қайта аударыстырып, ақ тер, көк тер болып еңбектенетін. Белдері бүгіле сүйретпе қалыппен лай тасып, кесек құятын. Әйтеуір, күн ұясына батқанша құмырсқа тірлікпен тыным таппайтын. Үй сыласа да тірлігі осы. Құм тасиды, елейді, борша-борша болып цемент қариды, шелектеп су тасиды. Жұмысы ауыр, алатыны арзан.

Бүгінде аспандағы бағаны сұрайтын жалдамалы жұмысшыны ауыр тірлікке жұмсай алмайсың. Офис қызметкері сияқты кірпияз. Ақ жаға, көк көйлек. Құм, әк, тас тасып, цемент қарып әуре болмайды. Сені қаптаулы, құтыға, ыдысқа салынған дайын материалға жұмсайды. Андабасын да, құрал-сайманын да, қолғабын да өзің сатып әкеліп бересің. Саусақ ұшымен істеген тірлігіне ақысын адамдап, метрлеп, сантиметрлеп, өлшеп-пішіп алады. Белі ауырған жоқ, бірақ бағасы удай.

Онсыз да қымбатшылықтан титықтаған халықты «мен евроұстамын» деп аспандатып баға қоятын жалдамалы жұмысшыларға тапқан табысына қарай салық төлеуді талап ету керек сияқты. Бәлкім, сонда ғана олар ақылға қонымды еңбекақыға саудаласуға дағдыланып қалар...

СҮЙІНШІ: АМЕРИКАДАҒЫ ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ГАЗЕТІ!

Бүгін әлеуметтік желіні ақтарып отырып, ойда-жоқта «KAZUNITE» дейтін халықаралық онлайн газетіне тап болдым. «Америкада қазақтың да газеті болса ғой» деген арманымызға алғаш қадам жасадық...» деп басталыпты аңдатпасы.

Сүйіншілейтін жаңалық болған соң, қуана қолыма

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

қалам алып отырмын. АҚШ, Еуропа, Түркия және Қазақстанда тұратын әріптес-шәкірттерім онлайн арқылы бір шаңырақ астына бірігіп, азуын айға білеген алпауыт ел – Америка төрінде тұңғыш қазақ газетін дүниеге алып келіпті!

Жер бетінде тарыдай шашылған қалың қазақты бір ақпарат құралы төңірегінде біріктіруді мақсат тұтқан басылым шет елдердегі қандастарымыздың тыныс-тіршілігін насихаттап, абыройымызды шет жұртта танытып жүрген ғылым, өнер, инновация, бизнес салаласындағы озық ойлы азаматтарымыздың жеткен жетістіктерін оқырманға кеңінен таныстырып отырмақ.

«Біз кейіпкерлеріміздің сөзін бұрмаламай жариялаймыз. Біз цензураға бағынбаймыз. Цензурамыз – өз Арымыз бен Ұятымыз!» деп үн тастайды газет.

Мультимедиялық басылымның редакциясы АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында орналасқан.

Әзірге жазбаларын «Ақпарат», «Инновация», «Сұхбат», «Көзқарас», «Мотивация», «Өмір салты» айдарларына топтаған электронды газет тек қазақ тілінде, қазаққа қажет деген мақалалар мен ақпараттармен бөлісіп отыр. Алда Қазақстанды шетелдіктерге танытуға септігі тиетін жаңалықтарды, табысты тұғалар жайлы қызықты материалдарды ағылшын тілінде де беріп отырмақ. Кей мақалаларды Ахаңның төте жазуымен де оқуға болады.

Бір қызығы – қызықты мақалаларды аудио нұсқасын қосып қойып, жолда кетіп бара жатып та, ас бөлмесінде ас қамымен жүріп те тыңдауға болады.

Қазір газеттің АҚШ, Англия, Польша, Италия, Түркия және Қазақстанда өз тілшілері бар: Назира Байырбек (АҚШ, Нью-Йорк), Роза Мизанбай (Еуропа, Польша), Айжан Көшкенова (Италия, Нидерланд), Гүлмира Аймағанбет (Қазақстан, Астана), Лира Қоныс (АҚШ, Калифорния), Гүлжаз Қарыбек (Түркия, Анкара). Техникалық редакторы белгілі журналист Нұрдаулет Кәкіштегі.

Осылардың ішінде төртеуінің – біздің Ахмет Ясауи Университетінің түлектері екендігі қуантып отыр!

«Алғашында электронды газетімізді kazmeta сияқты қазіргі «модный» сөзбен атағымыз келген, – дейді «Kazunite» жобасының авторы һәм құрылтайшысы Назира Байырбек. – Ішкі комплексімізді көрсетіп «kaz», «qaz», яғни

«қазақ» тіркесінен де қашқақтағымыз келген. Бірақ қазақтың әлі де толық біріге алмай, шет елдердегі қазақ диаспоралары мен Қазақстан арасында тығыз байланысы орнай алмай жатқан тұста, қаз тіркесі орнықты ұғым ғой деп ойладық. Былайша айтқанда, сайтымыздың аты «қазақтың бірігуі» деген мағынаны беріп тұр».

Осынау газеттің тіліне, руына, бастан кешкен тарихына, тұрған жеріне қарамай әлемнің әр түкпіріндегі қазақты біріктіретін ақпарат құралы болатына сенімдіміз!

СІЗ «КІСІ» ЕМЕССІЗ БЕ?

Қазақтың бір көреалмаушылық мінезі бар. Әлдебір танысы көшенің арғы бетінен аңғармай өтіп бара жатса, «әнәукүні жан-жағыңа қарамайсың ғой тіпті, кісі болып қалдың ба?» дейді. Дастархан басында тұрған ұсынса, «айып етпеңіз, ішпеуші едім» десе, былай шыға бере: «ана пәленшекең кісілігі ұстап, молда боп қапты ғой» деп өсектейді. Әлдебір жиында төрде отырса, «кеше ғана жүрген боқмұрын бала еді, өзінше кісі болып қапты ғой» деп тағы жамандайды. «Мынауың жөн болмас» деп, сәл қате кеткен тұсын айта бастаса, «кісілігің өзіңе!» деп жекіп тастайды. Әйтеуір, ешнәрсе жақпайды.

Оу, ағайын! «Кісі» ұғымы жақсы адамды бейнелеуге де қолданылады емес пе? Мәселен, шығыстық мәдениетте «кісі» ұғымы инабатты адам мағынасына жақын қолданылатын адамдық келбет болып табылады. Әл-Фарабидің “Қайырымды қала” ілімінде кісілікке қатысты бірқатар сипаттар берілген: “кісі жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін және істің жай-жағдайын ұғып алатын, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуы; ойына түйгеннің бәрін айдан-анық айттып бере алатын ділмар болуы; оқып-үйренуден шаршап-шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, бұған оңай жететін болуы шарт...».

Шәкәрім: «Өзінің қадір-қасиетін жақсы білетін адам өзгелерді де қорламайды. Ол ісінде де, сөзінде де ешқашан пасықтыққа бармайды» деп еді.

Кісіні - кісі деп, кішіні - кіші деп құрметтесек, одан кішірейе қоймаспыз, ағайын...

ОЛАР БАЗАРҒА БАРА БЕРСІН, БҰЛАР ПАКЕТКЕ САЛА БЕРСІН...

Кісі дүниеден қайтқан соң қара жамылған үй 7-сіне, бейсенбілігіне, 40-ына дастархан жайып, алыс-жақын жамағайындарына ас береді. Ондағы ой: келген жамағат марқұмды еске алып Құран бағыштаса деген ниет.

Өкінішке орай, біздің жақта Құран оқылып біте сала, палауға тойып алған қатын-қалаш қалталарынан бір-бір пакеттерін суырып алып, қойға шапқан қасқырдай таласатармаса дастархандағыны түгел сыпырып-сиырып, жым-жылас етіп тарқасады. Қос-қос пакет арқалаған қатындарды көрген жұрт қаралы жиыннан емес, супер-маркеттен қайтып келе жатқан жандар екен деп қабылдап қалуы әбден мүмкін. «Бұларың не? Дым көрмегендей тасығандарың қалай? Қара жамылған әулеттің әлі де талай жиыны бар емес пе?» десең, «Тие берсін деп алып жатырмыз, несіне тарыласың? Садақа ғой» деп ренжіген кейіп танытады.

Өліге Құран тиеді, жеген тиеді дегенді естуші едік, дастарханды аяқ-табағына дейін қалдырмай тонап әкетудің «тиетінін» білмейді екенбіз. Шарифатта: «жыртыс, тәбәрік, киім тарату садақа ниетімен жасалғанда ғана сауабы тиеді» делінген. Тәтті-құтты мен тамақты пакеттеп тасып әкету тиеді деген.

Ендігі жерде әлгі ашкөз қатындар «байлардың байлығы тие берсін» деген ниетпен дүкендері де тонай бастаса таң қала қоймаспыз.

ҰЙҚЫМЫЗ ТЫНЫШ БОЛСЫН!

Құдайдан үміті жоқ сойқанды содырлардың бейбіт елімізде ойран салып, мемлекет қарауындағы бірқатар жылжымайтын мүліктерге өрт қойып, жиһаздарын бүлдіріп, қымбат техникалық қондырғыларын ашкөздікпен тонап, қалғанын қиратып, орасан зор шығын келтіріп отырғаны, басқа-басқа, Тәуелсіздіктің тәтті дәмін білетін біздерді - Желтоқсан қаһармандарының қабырғасын қатты қайыстырып отыр. Зайырлы мемлекетте кез келген мәселені көшеге топталып шықпай-ақ, конструктивті жолмен заң аясында шешуге болатынын түсінетін уақыт жетті емес пе?

Түн жорытып жүрген өрімдей жастардың ата-аналары өз баласына алаңдап, «сен қайда жүрсің?» деп сұрамайтынына таң қаламын! Осының салдарынан еліміздің бірнеше қалаларында ата-ана қарауынсыз қалған жастар араңдатушы топтың жетегіне ілесіп, вандализмге жол берді, ғимараттарды өртеп, бейбіт тұрғындар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін ұрып-соғушылар қатарынан көрінді, жедел-жәрдем қызметіне кедергі келтіріп, коммерциялық мекемелерді тонады, бүлікшілер тарапынан ұйымдастырылған ішімдік, қару-жарақ тарату тобына ілесті.

Ойланбай жасалған осындай бұзақылықтың салдары еліміздің өсіп-өркендеуіне біраз уақытқа дейін кедергісін келтіретіні даусыз.

Өзге өңірлер сияқты, Түркістан облысында да 2022 жылдың 05 қаңтарынан бастап төтенше жағдай енгізілді. Енді түнгі сағат 23.00-ден таңғы сағат 07.00-ге дейін көшелерде халықтың, әсіресе, жастардың бей-берекет жүруіне тыйым салынып отыр. Бұл үйде отырып әрбір әрекетімізге есеп беретін, елдегі жағдайды ой елегінен өткізіп сабырға шақыратын тыншу уақыты.

Қалыптасқан жағдайға байланысты сіздерден еліміздің Президенті қабылдап жатқан қатаң әрі оң шешімдерге түсіністікпен қарап, көршілеріңізді, тума-туыстарыңызды, құрбы-достарыңызды сабырға шақырып, өзіңіздің де, балаңыздың да сыртқа себепсіз шығудан сақтанғанын қалаған болар едік! Әлеуметтік желілерге, ватсапқа, инстаграмға тұтастығымызға сызат түсіретін жазбаларды салудан да сақтанған жөн! «Диван жазғыштар» әрбір деструктивті пікірдің тыныштығымызға қаншалықты зардап әкелетінін ойланғаны абзал.

Түркістан қаласы енді ғана гүлденіп-түрленіп келеді. Қаншама зәулім үйлер бой көтеріп, көшеміз абаттана бастады. Жаңа мәдениет ошақтары пайда болды. Енді сол атқарып жатқан игі істерімізді, жеткен жетістіктерімізді қолдан бүлдіріп алмайық, ағайын!

Тәуелсіздігімізге қол сұғамын, ел іргесін бүлдіремін дегендерге айтарымыз - біз бірлігі жарасқан көпұлтты азат елміз! Тұтастығымызға ешкім де сына қаға алмайды!

Себебі, біз:

Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз...

Әрбір тұрғынның амандығы мен саулығы мемлекет үшін маңызды!

ДУМАНЫМЫЗ - FEST, САУЫҒЫМЫЗ - PARTY БОЛЫП ТҮР...

Осы біз неге өзіміздің құнарлы тілімізде бағзы заманнан сіңісті болып қалған шұрайлы қолданысымыздан жерініп, әр сөзге өзге елдің тіркесін жамап, жаңа термин шығарып әуре болып жүрміз?

Сенбесеңіз, айналаңызға қараңызшы? Дүкен де, қонақ үй де, мейрамхана да қосарлы тілде. Не ағылшынша емес, не қазақша емес. Латыннегізді қазақ әліпбиінде жазылған шығар дейін десең, оған да ұқсамайды.

Қазақ тілді телебағдарлама атауларының «айыртілді» болып алғаны қай заман? «ҚызықTimes», «МазақTimes», «InstaЛайық», «ТойbestStar», «ТәлімTrend», «QosLike», «Қалауым-Live», «ТаңғыStudio», «Мәдениет&Біз», «ТОРжарған», «ЖастарCity»... Бейнебір Ұлыбританияның отар елі сияқтымыз.

Бұқаралық-көпшілік іс-шаралардың атаулары да қос тілде. «Жарымжан» тіркестермен атамасақ сценарийімізді бекітпей ме біреу сонда? «Turan Fest», «Almaty Urban Fest», «Kitap Fest», «Қауын fest», «Арбуз-фест», «Тәтті Фест», «Әзіл Фест», «Көрпе fest», «Көкмайса фест», «Бәйтерек фест», «Бауырсақ фест», «Атамекен фест», «Қымыз фест», «Юрта фест», «Көше фест», «Latyn Fest», «Наурыз Фест», «Халал фест», «Мейірім фест», «Бурабике фест», «Алтыбақан фест», «Ақтау Оупен Фест», «Қазақстан баян-фест», «Қарғалы фест», «Burabay Summer Fest», «Казан фест», «Yessenov Fest», «Үш нүкте Фест», «Әуен Fest», «Нұр-Сұлтан Этно Фест», «Парақ Times», «Домбыра Party», «Бауырсақ party», «Палау party», «Ою-өрнек Party», «Асық Party», «Шұбат Party», «Student's party», «Библио-Кеш-Party», «Atyrau Party», «The Qazaq Times», «Astana Times»...

«Домбыра Party»-ді «Домбыра думан» десек, «Наурыз Фест»-ті «Наурыз думан» десек, жағымыз қисайып қала ма, әлде? Әй, тым еліктегішпіз-ау, еліктегішпіз.

Ертең аты-жөнімізді де ГүлФест, PartyБек деп өзгертіп жатсақ, таң қала қоймаспыз...

АЯЗ АТАНЫ ҚҰДАСЫНДАЙ КҮТЕТІНДЕР БАР

Түркістандағы «Rixos» қонақ үйіне іргелес «Магнум» супермаркетіне кірсеңіз, есік алдынан сізді Тәуелсіздік мейрамы рәміздерінің бірі - көк байрағымыз емес, жалт-жұлт еткен алпыншақ-салпыншақты биік шырша қарсы алады.

Маркет әкімшілігі не бірер күннен соң еліміздің Тәуелсіздік мейрамын атап өткелі жатқанын білмейді, не Аяз Атаны құдалыққа шақырып қойып, соны күтіп алу қамында жүр...

Дүкен әкімшілігіне жаңа жылдық тауарларын өткізу үшін маркеттік жарнама керек те шығар, дегенмен, еліміздің бас мейрамы - Тәуелсіздік күніне деген титтей де болса құрметі болу керек емес пе?

Үш күн шыдаса, қалың қазақтың айбарлы мерекесі - Тәуелсіздік мейрамы Григорианның жыл басын тойлауға да кезек берер еді ғой...

БОҚТЫҚ БОЙЫМЫЗҒА СІҢІП БАРАДЫ

Қазір бейәдеп сөйлеуден, тіпті бейәдеп жазудан да арланбайтын болып алдық. Әлеуметтік желі боқтық сөзге өріп жүр. Шшс..., н...х, п...ц, к...т деп көп нүкте қойып жасырып-жамағанымызбен, оны ел біліп отыр. Әсіресе, осындай бейпіл сөздерді нәзік жандылардың көбірек жазатыны ойландырады.

Бұрын мұндай боқауыз сөздерді жазбақ түгілі, байқаусызда айтып қалғанның өзінде жаныңдағы адам «ұятсыз» деп сенен қашқақтайтын. Қазір күліп тұра беретін болды. Ал, бейәдеп сөйлеуге дағды алып қалған бейпілауыздылар бұған ұялудың орнына, «связка слов қой, онсыз сөйлем құрай алмаймын» деп ақталғысы келеді. Ең сорақысы, «ата-баба дәстүрімізде бар» деп әке жолы үлкен ағаның көптің алдында інісін қымсынбай боқтауы. Бұған іні намыстанудың орнына, «правосы бар» деп күліп тұра береді.

Жазушы Герольд Белгер: «Қазіргі қазақтар негізінен орысша боғауызды қолданады», — десе, қазақтың бейпіл

сөздерін жиыстырып, кітап етіп бастырған Ақселеу Сейдімбек: «Кез келген қазақ жастары бір-бірімен сөйлескенде өздерінің сөз аралық байланысын орыстың боқтық сөзін қосу арқылы жеткізеді. Орыстың өте жағымсыз, бейпіл сөздерін жиі қолданады», — депті.

Орыс дейтін халық түрме жаргондарымен, боқауыз сөздерімен әлемге танылған жұрт. Соған еліктейміз деп қанша тыраштанғанымызбен, бәрібір бізде менталитет басқа.

Ал, сіз ше? Бейпіл сөйлеуші ме едіңіз? Осыдан тура боқтап жіберейін бе?..

БІЗДЕ «БЛАТНОЙ» НӨМІРІ БАР КӨЛІКТЕР ҚҰДАМЫЗ СИЯҚТЫ СЫЙЛЫ

Еуропада жеңіл көлік иелері көптің көзіне, әсіресе, жол инспекторларының назарына себепсіз түспегенді жөн көреді. Сондықтан онда «555», «777», «888» сияқты «блатной» нөмірлер оншалықты сұранысқа ие емес. Мұндай нөмірлер ұрыны алыстан шақырып, жол инспекторларының «mmm, мықты екенсің ғой, ал енді көлікте болуы тиіс трос, аптечка сияқты құралдарың түгел ме, соны көрсете ғой?» деп кекетіп-мұқатып, артық-ауыс әуре-сарсаңға салуына түрткі болады деп есептейді.

Мәселен, өткен жолы Чехияда Здэнек Новак деген көлік иесіне жаңа нөмір керек болып, автокөлік тіркейтін мекемеге барғанында, жалғыз ғана 8B8 8888 нөмірі қалып, менеджерлер соны алуды ұсынғанында (тегін!), «жоқ, маған мұндай күлкі келтіретін нөмір керек емес, қарапайым нөмір тауып бере аласыз ба?» деп өтініш жасағанын бір газеттен оқып қалып едім.

Ал, бізде мұндай «күлкі келтіретін» нөмірлер, өкінішке орай, жарты миллионға сатылып жатыр. Сұраныс бар болған соң сатылады да!

Бір қызығы, жол тәртібін қадағалауы тиіс МАИ қызметкерлері «крутой» нөмір тағып алған көліктерді көбіне «байқамауға» тырысады. Пәледен аулақ дейтін болса керек.

Дегенмен, әлемде «блатной» нөмірлердің бас айналдырар бағаға сатылып жататын мысалдары аз емес. Мәселен,

Абу-Даби кәсіпкері Саид Абдул Гаффар Хури «1» көлік нөмірін 14,3 млн долларға сатып алған. Шымкентте 777 GGG 17 нөмірі 700 мың теңгеге сатылған.

Ал, сізде қалай? Нөміріңіз «блатной» емес пе еді? Сыртқа шығып бір қарай салыңыз. Ұры-қары айналшықтап жүрмесін..

ТАКСИ ЖОЛ ПҰЛЫНА ЖОЛ АҚЫСЫН DA ҚОСА ТӨЛЕЙСІЗ

Қараша айының 15-інен бастап Түркістан-Шымкент бағытындағы тас жолмен жорғалаған әр көліктен ақы алына бастады. Ресми ақпаратта жеңіл көлікке әр шақырымына 1 теңгеден ұстайды делінген. Бірақ, бұған күмәніміз бар. Себебі сол жолмен 40 шақырым ғана жүріп едік, каспий голдымызға «360 теңге төле» деген ескерту келді.

Ең қызығы, Түркістан-Шымкент бағытындағы таксилер ақылы жол кіресін өздері төлемей, оны такси жолақысына қосып, жолаушылардың қалтасына артып отыр.

Айналып келгенде, зардап шегіп отырған - тағы да қарапайым халық.

«Асфальт төсеген жолы құрысын. Бұдан шаңдақ жолымыз дұрыс еді ғой» деп отыр күнде қалаға қатынап жұмыс істейтін жергілікті халық.

Қайран, қасқа жолым-ай, тағы қандай сыйыңды тосып тұр екенсің?..

ЖАНҒАН ШЫРАҚТЫ ӨШІРУ – ҚАЗАҚ ҮШІН ЕҢ ЖАМАН ЫРЫМ

Білтемайды (свеча) христиандар шіркеуде иконның алдында шоқынып тұрып көбірек тұтатады. Адамның Құдайға деген жылуы деп түсіндіреді мұнысын олар. Қашан өзі жалп етіп сөніп қалғанша жанып тұра береді. Үрлеп жатқан ешкім жоқ.

Ал, қазекем шырағын үрлеп өшіру үшін жағып жүргенін білер ме екен?

Дүние есігін жаңа ашқан 1 жасар балаға торттың үстіне жалғыз білтені тұтатып алып келіп, ата-анасы оны сәбидің көзінше өзі үрлеп өшіреді (бір жасар бала үрлеуді білуші ме

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

еді?).

Үйлену тойында да ортаға үлкен тортпен жанған шырақ алдыртып, енді ғана отау құрып, бақытты сәттерінің қадамына аяқ басқалы тұрған жас жұбайларға зорлағандай етіп сол отты ауыздарымен үрлеп сөндіртеді.

Жаңа Жылда да айрандай ұйып отырған шаңырақтарына білтемаймен шырақ жағып келіп, оны өздері жабыла үрлеп өшіріп жатқан отбасыларды көресің...

Қазақ үшін оттың, жарықтың орны бөлек десек, мына дарақы індетті тоқтату керек!

Көнекөз әжелеріміз иесіз үйге кіргенде от тұтатып, не болмаса сәбиді бөлемес бұрын бесікті отпен аластап, «жын-шайтан жарықтан, оттан қорқады, жарық түссе, шайтанның көзі байланады» деп ырым еткен. «Шырағың сөнбесін!», «Отауларыңның оты маздап тұрсын!», «Оша-ғыңды оттан үзбе!», «Ошағыңның отын күзетіп отыр!» деген лебіз-лепестер, міне, осы ниеттерден туса керек.

Ал, біз келеміз де сол жанған шырақты үрлеп өшіреміз...

«Үйіңнен береке кетсе, от жақ!» деген бабалардан қалған сөз бар. Қалай десек те, жанған шырақты өшіру - жақсы ырым емес.

Отымыз да, шырағымыз да сөнбесін!

ҰҚСАСТЫҚ

«Дауыс», «Ширығу», «Көк тудың желбірегені», «Жұмекеннен жүз өлең» әдеби кітаптарының авторы, ҚХР өлкелік сыйлығының иегері, күллі қазақтың рухын көтеретін «Көк тудың желбірегені» әнінің сөзін жазған ақын Алмас Ахметбекұлымен екеуіміздің арамызда көп ұқсастықтарымыз бар екен: 1) екеуіміздің де 3 қыз, 1 ұлымыз бар; 2) екеуіміз де 60 жасқа толыптыз; 3) екеуіміздің де келіншектеріміздің есімі «Ж» әрпінен басталады екен

ТҮРКІСТАНДА ГАЗ

ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖЕДЕЛ

ҚЫЗМЕТІ БАР МА ӨЗІ?

Тұрғын үйлерді газбен қамту саласы жедел қызмет түріне жата ма, олар апатты жағдайда телефон шалғаннан кейін қанша уақытта жету керек, осы жағын біле алмай

жүрміз?

Газды қауіпсіз пайдалану нұсқаулығында: «Пәтерде газ иісі пайда болған жағдайда, газ құрылғыларын пайдалануды дереу тоқтатыңыз, аспаптар мен құрылғыларға кіретін шүмектерді жабыңыз, бөлмені желдету үшін терезелерді немесе желдеткіш саңылауларды ашыңыз, газбен ластанған бөлмеден тыс жерде тұрып 104 телефоны бойынша жедел жәрдем шақырыңыз» делінген. Енді сіз осы 104 дегенге телефон шалып көріп пе едіңіз? Ешуақытта көтермейді. Басқа жедел қызметтер көтереді, 104 жоқ!

Одан қайран болмаған соң өзің келісім-шартқа тұрып, газ орнатып берген жеке фирмаға жүгінесің. Ондағылар газ орнатуға қатысты құжаттарыңның өз базаларында тіркеулі тұрғанын біле тұра, үйдегі құжаттарды суретке түсіріп жіберуіңді міндеттейді. Жібересің. Үн жоқ. Қайта телефон шаласың. «Жазып қойдық. Мастердің қолы босаса барады» дейді. Күтесің. Бір күн, екі күн, үш күн... Мастер жоқ. Газ шүмегі жабық, үй суық. Бала-шаға тонып барады. Қайта телефон шаласың. «Не, әлі бармады ма? Қолы тимей жатқан ғой. Барады» дейді. Тағы күтесің. Бір күн, екі күн, үш күн... Терезеге мұз қата бастады. 104 үнсіз! Төлемақы жүріп жатыр.

Енді не істемек керек? Таныс дәнекершілерге шығасың. Олар аттың құнын сұрайды. Амал жоқ, бересің. Бала тонып барады. Келеді. Маман емес қой. Шұқығансиды. Ақауын таппайды. 104 үнсіз...

Бүйтіп орнатқан газы құрысын. Көмірмен-ақ отыра беру керек еді дейсің іштей...

Жуық маңда әр үйге көмірқышқыл газ иісін анықтайтын датчик орнатылады екен деген ақпаратты да естіп жатырмыз. Ол орнатылса жедел қызметке телефон соғушылар санының артатыны анық. Мұндайда қайтпек? Алматыда танысымның үйінде отыр едік, ас бөлмесіндегі газ датчигі «утечка газа» деп сигнал соқты. 104-ке телефон шалып едік, 5 минутқа толмай мобильді топ жетіп келді.

Қала әкімі Нұрбол Тұрашбеков «Жаңа қала» аумағындағы 7 қабатты тұрғын үйлерді табиғи газға қосу жұмыстарын жеделдетуді тапсыра тұрып: «Елдің талабы дұрыс. Тірлікті тиянақтаңыздар. Қажет болса, екі ауысымда жұмыс істеңіздер!» деп қатаң ескертіп еді.

104 жедел қызметін де «ұйқыларынан» оятып, теле-

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

фон көтеретін операторларының санын ұлғайтып, жедел қимылдайтын етіп қойса дұрыс болар еді. Алда қылышын сүйретіп қыс келе жатыр ғой, все-таки...

СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВТЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫ

Түркістан қаласындағы Саттар Ерубаев мемориалдық музейі 1989 жылы ашылған. 1995 жылы әдеби-мәдени мұражай мәртебесіне ие болды. Ғимарат мемлекет қарауына көшкен XX ғасыр басындағы сәулеттік ескерткіштердің бірі. Мұнда Саттардың өзінен бастап жергілікті қаламгерлердің әдеби мұралары жинақталған.

Осы ғимараттың көше бетіндегі терезе жақтауының төменгі жағында оқушы қолымен қашап жазылған «Х. Су...н» деген жазу тұр. Бұл 1910 жылы осындағы 4 сыныптық орыс тузем бастауыш мектебінде оқыған Сұлтанбек Қожановтың қолтаңбасы екені анық.

Адамның қолтаңбасын зерттейтін криптография дейтін ғылым бар. Мұның анық-қанығын рәсімдеп беруді сол мамандардың еншісіне қалдырайық та, кішкентай болса да, осы бір жәдігерімізді Сұлтанбектің көзіндей көріп, келер ұрпаққа аманат етіп айтып жүрсек деген ой еді менікі.

ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ҚОНАҚКӘДЕМІЗ

Тәуелсіздік мерекесінің 30 жылдығына арналды

Түркістан қаласында ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты Халықаралық туризм және меймандостық университетінің ашылғанына көп уақыт бола қойған жоқ. Оқу ордасының Елбасы бастамасы негізінде Мемлекет басшысының тапсырмасымен ашылғанын біз жақсы білеміз. Сондықтан осы университет жастарымен кездесуге асыққанымыз рас. Оған бір есептен қай кезде де өнер адамдарына бүйрегі бұрып тұратын осындағы «Жалпы білім беру пәндері» кафедрасының меңгерушісі Эльмира Әлжанованың «Университетімізге келіп концерт беріп кетсеңіздер қайтеді?» деген ұсынысы қамшы болды.

Бұл оқу орнын бітірген түлектер халықаралық үлгідегі екі диплом алады екен. Яғни, болашақ мамандардың әлемнің кез-келген жерінде өз мамандығы бойынша кедергісіз жұмыс істеуіне мүмкіндігі бар. Қазірдің өзінде оқу орнында отандық және шетелдік профессорлар, ғылым докторлары мен туризм және сервис саласындағы алдыңғы қатарлы ірі компаниялардың ТОП-менеджерлері дәріс оқуда. Университет базасында біліктілікті арттыру орталығымен қоса IELTS, TOEFL сияқты халықаралық емтихандарды тапсыру, шет тілдерін тереңдетіп оқыту орталықтарының жұмыс істейтіні оқу орнының бағасын асырып тұр. Ахмет Ясауи Университетімен тығыз қарым-қатынасының бар екенін де аңғардық.

Қош! Сонымен біз келгенде акт залы ән тыңдауға ықылас танытқан студенттерге, оқытушыларға лық толып қалған екен. Концертті бірден бастап кеттік. Залда университет ректоры Майнюра Мурзамадиеваның өзі отырғандықтан репертуарды ұлттық нақыштағы әндерге көбірек икемдедік. Оның үстіне жастар да осы бағыттағы әндерді тыңдауға бейілді екендіктерін білдірді. Қысқасы, шығармашылық басқосудымыз ән тарихымен астасқан лекция-концертке ұласып сала берді. Негізінен аудиторияға жаңа әндерімізді ұсындық. «Ризамын», «Күзгі нөсер», «Қос қайың», «Ауылға сағыныш», «Текемет»... залдың қосыла шырқаған әндері де осылар болды. Ал, Мәскеуден арнайы ат арыта келген дәстүрлі әнші Абылайхан Оспановтың репертуарындағы Құралай Сәтмұханбетованың шоқтығы биік туындысы «Елге сапар» әні мен өз орындауымыздағы әнсүйер қауымға танылып қалған бірқатар әндерім шырқалғанда, ел қанаттанып, қосыла шырқап, тербетіліп отырды.

Концертке Желтоқсан көтерілісінің ардагерлері Жеңісбек Жапеков пен Забираш Әділбекованың, Тұңғыш Президент сыйлығының иегері, жас ғалым Жазира Исаеваның қатысуы мағыналы кештің мазмұнын жарқырата ашқандай болды. Ал, ректор Майнюра Советқызының концертті соңына дейін тапжылмай отырып тыңдауы өнер адамдарына деген құрметі, жастарға деген өнегесі деп ұқтық.

Туризм және меймандостық университетіндегі тұңғыш концертіміз, міне, осылай әсерлі нотамен өрілгендей көрінді...

ТҰТЫНУШЫҒА ҚҰРМЕТ

Бала-шағаға талғажу болар азын-аулақ азық-түлік ала кету үшін кешқұрым апақ-сапақта дүкенге соғатынымыз бар. Кей дүкеннің иелері заттарын тап қазір тегін көтеріп әкететіндей қабақтары үйін-түйін болып, сіркелері су көтермей тұрады. Керісінше, кіргеннен құдаларын көргендей жылы қабақтарымен қарсы алып, жайма-шуақ көңіл-күй сыйлайтын дүкендер де бар. «Нұрай» сондай!

Зыр жүтірген қыз-жігіттер ықыласпен сәлем беріп, доңғалақты себетпен алдыңа түсіп алып, сөре-сөрені аралап, іздегенінді лезде тауып, сөмкеңді көтерісіп, көлігіңе дейін шығарып салады. Кей-кейде көбірек сомаға сауда жасасаң, үйіңе дейін көлікпен жеткізіп салатын қызметі де бар. Осының барлығын жасап отырған Ахмет Ясауи Университетінің түлегі, мықты маркетинг-менеджер Ербосын Абилкасымов ініміз.

Ербосынмен сөйлессең, жан сарайың кеңіп, білімі мен білігінің ешбір шетелдік маркетингмен бір мысқал да кем түспейтінін байқайсың. Тауарға деген сұраныс пен ұсынысты зерттеп, мұнымен қатар бизнестің табыстылығын арттыру мақсатында қандай шаралар ұйымдастыру керек екенін алдын ала болжап, сатып жатқан тауардың қаншалықты өтімді, бәсекелестерінің қаншалықты мықты екенін, тұтыну тауарын халықтың қалтасына қарай қаншаға бағалауға болатынын зерттеп-зерделеп отырады. Сондықтан мұндағы күнделікті тұтынатын тауарлардың бағасы аса қымбат емес.

Бізге, туристер қаласына, дәл осы Ербосындай дүкен иелеріне тұтынушыны жылы қабылдап, жылы шығарып салуды үйрететін маркетинг-менеджерлер керек-ақ.

ТЕАТРДЫҢ ТҰРАҚТЫ КӨРЕРМЕНІ КІМДЕР БОЛМАҚ?

Түркістандағы су жаңа музыкалық-драма театры жақында белгілі драматург Роза Мұқанованың «Фариза» драмасының премьерасын ұсынды. Сөз жоқ, жаңа қойылым көп көңілінен шықты.

Осы қойылымның афишасы шыққан күннен-ақ қайтсем де спектакльді арнайы барып тамашалайын, ең бастысы көптен көрмеген өнердегі өрістес досым һәм курстасым, осы драманың авторы Роза Мұқановамен амандасып қалайын де-

ген ойда болдым. Бірақ... ол арманым жүзеге аспады. Себебі, мұндағы тышқан жорғалатпас «темірдей тәртіп» ойымды еркін жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Біріншіден, «мен де осы қойылымды тамашалауға келген құрметті қонақтардың бірі едім» деп еркінсуге қолымда шақыру билетім болмады, екіншіден, касса арқылы бұйырған билетіммен артта отырып алып алдыңғы қатардағы курстасыма сықсиып не деп барамын? «Ау, Беке, артта неғып отырсың? Жаныма келсеңші!» деп қалса, жергілікті әкім-қараларға ғана шақыру билеттерін үлестіріп үйреніп қалған ана маңайындағы театр әкімгерлері бірдеңе деп, ұятта қалармын деп ойлады. Оның үстіне Роза да: «Біз Беке, Беке деп басымызға хан көтеріп жүрсек, өз туған жерінде қадірі де жоқ екен ғой» деп ойлап қалуы мүмкін ғой. Одан да үндемей кеткенім дұрыс деп шештім...

Осы театрдың алғашқы премьерасын да есік сыртынан «тамашалағанымыз» есте. Онда да Алматыдағы, Астанадағы өнер оқу орындарының студенттеріне, көрші аудандардың шен-шекпенділеріне арнайы тарқатылған шақыру билеттері бізге, түркістандық зиялы қауымға, жергілікті БАҚ өкілдеріне «жетпей» қалып, кассадан билет таба алмай, сүтке тиген мысықтай ұрланып, есік алдында жабықтан сығалағандай боп қарағанымыз бар.

Түркістан облыс орталығы болып алғаш мәртебе алған жылдары Шымкенттен әртис тасыған шенеуніктер де дәл осылай бөлектеп, зиялы көрерменді сол жақтан алдыртып, бізді, Түркістанда тұратын өнер азаматтарын шетқақпай қалдырып еді. Мына театрдың қазіргі күйі де соны қайталап тұр...

Жо-жоқ, бізді дұрыс түсініңіз. Билет сатып алып та театрға бара беретін қазақпыз. Шақыру қағазын беріп, құрмет көрсетіндер деуден де аулақпыз. (Осы кезге дейін есік жағалап құрмет сұрап алған жеріміз жоқ). Тек сол баяғы қалыптасқан инстинктпен барлық шақыру билеттерінің тек жұмсақ креслода отырған «керек адамдарға» ғана таратылып жататыны жанға батады. Олардың дәл осындағы өнер адамдары сияқты театрдың барометрі болып, оң имиджін жасай алмайтыны анық.

Кей-кейде театрға арнайы шақыру билетімен келген өнерлес-өрістес достарымыздың залдан алдымен бізді іздейтіні рас. «Қайдасыздар, театрда көрінбеңіздер ғой?»

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

деп телефон шаалғанда, өз құдығымызға өзіміз түкіреміз бе, қарға адым жерде отырып, «әй, бір шаруамен қаладан кетіп қалып едік» деп ақталуға мәжбүр болып жатамыз.

Әзірге жергілікті театрқұмар зиялылар жаңа театрдың премьераларын, кеш естісек те, жіберіп алмауға тырысып-ақ жүрміз.

Көрерменнің сүйікті актерлері әр кезде әр жақтан келісім-шартпен келіп уақытша ойнап кететін әртістерге айналып кетпесе екен деген тілегіміз де бар.

КІТАП ПАРАҚTIMES...

Түркістанда ПарақTimes кітап жәрмеңкесі өтіп жатыр. Шара екі күнге жоспарланған.

Ел кітапқа сусап-ақ қалған екен! Кітапқұмарлар Фараб кітапханасының маңындағы ашық аспан астына кітап дүкендері жайған жәрмеңкеден былайғы күні қолға тие бермес қат кітаптарды қаптап алып жатыр. Классика, энциклопедия, балалар әдебиеті, оқу-танымдық құралдар, мотивациялық басылымдар... Құдай-ау, не жоқ дерсіз, бәрі-бәрі бар!

Бір шетте кітап авторларымен кезектесе блиц-сұхбаттар жүріп жатса, екінші қапталда жас суретшілер өздері оқыған кітаптарының кейіпкерлерін майлы бояумен кескіндеуде. Сүйікті кітабын қолдарына ұстап фотоға түсіп жатқандар да аз емес. Қала әкімі Нұрбол Тұрашбеков те сонда жүр екен, Төлебиден келген Арайлым Саттарованың гитарамен сызылтқан әнін бірге тыңдап, бас шұлығысып қалдық. Қысқасы, бейне бір ертегілер әлеміне еніп кеткендей ғажап күй кештік...

Әсіресе, балалар мәз. Кимешек киіп ертегі оқыған әжелерінің әңгімесіне қанбай, «Әже, дәл осы ертегі қай кітапта?» деп, сөредегі түрлі-түсті ертегі кітапшаларға таласа-тармаса қол созып жатыр...

Өз басым көптен сағынысып жүрген кітапқұмар достарыммен осы жерде қауышып, қауқылдасып, марқайып қалдым. Оқылымы озық ойлы кітаптарды «осыны оқы, осыны оқы!» деп бір-бірімізге ұсынып, жылға азық болар қаптап кітап жинап алдық.

Шараға ұйытқы болған Бейсенкүл Нарымбетова бастаған замандастарыма алғыстан басқа айтарым жоқ!

«Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» деп

Абай дана айтпақшы, бұйыртса, ертең де сол жерге қайта барамақпын.

Сіздерді де сонда көремін деген ойдамын, ойлы оқырман!

«ЖАН КЕНТАУ»,»ЖАН ҚОСТАНАЙ»...

Дәл осындай локация барлық қаланың орталықтарында тұр десек, қателеспеспіз. Тіпті, мұны ауылдардан да байқап жүрміз. Нені меңзеп тұр? Ешкім түсінбейді. Сол маңнан өтіп бара жатқан бес-алты жастан «мынаның мағынасы не?» деп сұрадық. Кейбірі ұқпаймын дегендей иықтарын қиқан еткізді, кейбірі «Жан жүрегім Кентау ғой» деді. (Қаланың да жаны мен жүрегі болады екен-ау?..). Грамматикалық мағынасында «Жан жүрек Кентау» деп оқылып тұр. Себебі, бұл жерден зат есім тудыратын «-ім» жұрнағын көріп тұрған жоқпыз.

Қызылорда қаласының осы тектес локациясы ұнады. «Жан»,» жүрек» деп басын ауыртпай, «Сүйікті қалам» деп көпке ұғынықты тілмен бейнелей қойған.

Тіл тазалығы осындай болмашы нәрседен басталады ғой, достар!

ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНІҢ ТҮНГІ КӨРІНІСІ ҒАЖАП ТҮСКЕ ЕНДІ

Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі енді түнде де әдемі көрініске енетін болды.

Кесене қасбеттерін оптикалық жарықтандыру үшін 1200 метр электр сымы, 229 дана жарық себелегіш шам қолданылды. Жарықтандыру кезінде мамандар Мекке Мәдинадағы Қағбаның, Ыстамбұлдағы Айя Софияның, Самарқандағы Регистанның жарықтандыру тәжірибесіне сүйенді. Тарихи ескерткіштің әрбір бөлшегінің сәулеттік ди-зайнмен әдемі көрініс табуы үшін сәулетшілер айналадағы ландшафтың түнгі көрінісімен де үйлесім табуын есепке алған.

Енді Түркістанның түнгі туризмінің де қарқын алатын сәті алыс емес.

9 «ПЛЮС»! 1 «МИНУС»...

Мұғалім тақтаға 10 сөз жазып, соның ішінде 1 сөзді ғана әдейі қате жазыпты. Сонда оқушылар: «Ағай, ана сөзіңізде әріп қате бар!» деп шу ете қалыпты.

Міне, біздің әлеуметтік желідегі кейбір «жазғыштарымыз» дәл осы оқушылар сияқты. 9 дұрысты көрмейді, бір бұрысты көреді.

Қала жаңадан өркен жайып, қанаттана бастаған уақытта жергілікті биліктің 9 дұрыс ісін көре біліп, 1 бұрыс ісіне мән бермесек, ел арасында әкімнің оң имиджі қалыптасып, оның және командасының қарқынмен жұмыс істеуіне кең мүмкіндіктер ашар едік.

Қала патриоттарын Түркістанның тыныс-тіршілігінен позитивті жазбаларды да жазуға шақырамын!

АВТОБУС СИГНАЛЫ ШОШЫТТЫ

Түркістан қаласындағы автобустардың сигналы көрде жатқан адамды шошытып оятатындай ащы екен. Әсіресе, аялдамаға келіп тура түбіңнен сигнал бергенде тұрған орныңнан шоршып түсесің.

Түркістан қаласы әкімдігінің «Жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» кеңсесінің алдына барып бір сигнал бере салыңдаршы, ұйқыларынан оянсын.

АЛ, ТОЙ СҮЙІНШЛЕГЕН ХАЛАЙЫҚ!

ҚАЛТАЛАРЫҢЫЗДЫ ҚАҒУҒА

ДАЙЫНДАЛА БЕРІҢІЗДЕР!

27 қыркүйектен бастап елімізде салтанатты, еске алу және отбасылық шараларды (банкет, үйлену тойы, мерейтой) өткізуге рұқсат беріліп отыр деп бір-біріңізден сүйінші сұрап Фейсбукті шулатып жатырсыздар.

Тойға рұқсат берілгенін естіп жұлдыздар да қуанып қалды. Белгілі актриса Жұлдызай Дүйсенбиева: «Тойға рұқсат беріпті, енді әрқайсымыз бір-бір айфон аламыз» деп әзілдесе, тележүргізуші Ләйлә Сұлтанқызы: «Ал, әдемі көйлектеріңізді дайындай беріңіздер.

Енді тойхананың артынан кірмей алдынан кіретін болдық», - деп жазды. Эстрада әншісі Бота Бейсенова: «Тойға тығылмай баратын болдық та. Асханадан емес, адам

сияқты парадный есіктен кіріп дегендей. Тойда жолығайық, ағайеееен!» деп сүйіншілетіпті...

Дұрыс қой. Құдай тойдан жазбасын! Дегенмен, карантин кезінде жиын-тойға уақытша тоқтау салғанымызбен, асаба-әртістер мен тойхана иелерінің тойымсыз ынсабына тыйым сала алмадық-ау деп қорқамын.

Естеріңізде болса, індет келгенге дейін қаламақысы құпия, бірақ елдің айтуынша 15 мың доллардан кем сұрамайтын Тұрсынбек бастаған асабаларға, тойда айтатын екі-үш әні үшін қаламақысы 8-10 мың доллардан кем түспейтін Қайрат Нұртас, Төреғали Төреәлі бастаған әншілерге талай «жем болдық».

Тіпті, Қайрекең мен Төрештер той қаламақысын қанағат тұтпай, шопыры мен продюсерін, анасы мен әкесін жандарына ерте жүріп, той иесінен оларға да бес жұлдызды қонақ үйден орын алып қоюын талап етіп, ішіп-жемін той иесінің мойнына артқан кездер әлі есте.

Не жүргізушілік, не әншілік қабілеттері жоқ дарынсыз асабалар «ақшаның бәрі тойда екен ғой» деп, екі-үш сөздің басын құрап жиын басқарып, той қадірін кетірген кездері де естен шыға қойған жоқ.

Бір түстес қымбат мәшинелерге күйеу мен қалыңдықты, туған-туыс, құрбы-достарды мінгізіп алып, жыландай ирелеңдеген кортеджбен қала даңғылдарында авариялық жағдай туғыза зырғыған желікпе-продюсерлік қызмет те аз ақша алмаушы еді.

Бәрінен де салтанат сарайларының әр шегесіне дейін төлемесең тапсырыс алмай кергітін тойхана иелерінің «қомағайлығын» айтсаңшы!

Той дастарханы бөлек: желдеткіш қосқанына, фото басқанына, кран мойнын ұзартып бейне түсіргеніне, оны лед-экраннан көрсеткеніне, ансамбльдің дыбыс шығарғанына, үстел үстіне сән кіргізер гүл-құмырасын қойғанына, кіре берістегі бильбордына, жастар отыратын дастарханын безендіргеніне, жылтылдатып жаққан жарығына, қамыр салып алар отынына, ас ұсынар ағаш астауына, сынған екі пиаласына бөлек-бөлек ақы алып әбден шалқушы еді...

Ал, ағайын! Екі жыл карантинде отырып жиған-тергендеріңіз бар шығар? Енді қалтаны қағатын кез келді!

«БАУЫЗДАУ ҚҰДА» БАУЫЗДАП ТАСТАДЫ

Демалыс күні жақын-жамағайынның бірі жақында ғана түскен жас келінінің туыстарын шақырды. Жиын-тойды сағынып қалған асаба құдалықты қыздырмаққа бекініп лыпып тұр. Сөз арасында құдаларды бастап келген келіннің әкесіне: «Бауыздау құда, төрге шығыңыз!» деп қалды. Көпті көрген ел ағасы жайғасып отырған соң, «Шырағым, саған бір ескертпе айтайын» деді.

– Екі жастың бас қосып, отбасын құруы құдаласудан басталатыны рас. Ал, әр құданың өз сый-құрметі, ат-атауы болады. Сен айтып отырған «бауыздау құда» деген қазақта жоқ нәрсе. Мені, қыздың әкесі болсам да, «бел құда» деп те айта алмайсың. «Бел құда» өзара таныс-біліс, дос-жаран адамдардың бірінен ұл, бірінен қыз құрсақта пайда болған кезде бір-бірімен уәде байласып, құда болайық деп серттесуі. Мұндай құдалық көбіне бірін-бірі жақсы білетін, өте сыйлы дос кісілер арасында болады. «Бас құда» да бола алмаймын. Бас құда анау осы құдалардың көшін бастап келіп отырған әулетіміздің үлкені – 90-дағы қария. Жай ғана «құда» дегенің дұрыс шығар, – деп салт-санаға қатысты ойын білдірді.

Шынында да, осы «бауыздау құда» деген қайдан шықты? Ойларыңызды бөлісе отырсаңыздар...

ДАЯШЫ САУАТЫ, КЛИЕНТ МӘДЕНИЕТИ

Даяшылық Еуропада ең табысты әрі құрметті кәсіп. Сондықтан оған жасы 30-дан асқан ер адамдар, ақыл тоқтатқан егде кісілер көбірек икемделеді. Олар ас мәзіріндегі әрбір тағамның неден жасалатынын, оның құрамында нендей ингредиенттер болатынын түгел жаттап алған. Түртіп қалсаң, сайрап қоя береді. Жалақысы да жаман емес - 300 еуродан жоғары. Бұлардың бармен, бариста, метрдотель, сомелье сияқты салалас қызметтері де бар. Барлығының мақсаты біреу - ресторандарда, кафелерде, түнгі клубтарда клиенттерге қалтқысыз қызмет көрсету.

Ал, бізде даяшы туралы түсінік мүлдем бөлек. Клиент талғамын ұқпайтын, былайша айтқанда, «мұрнының суы кебе қоймаған» жоғары сынып оқушылары мен сту-

денттер даяшылық қызмет атқарады. Ас мәзірінде не бар екенің, оның қандай тағам ингредиенттерінен тұратынын қақпайды. «Мына салат неден әзірленген?» деп сұрай қалсаң, «қазір біліп келейін» деп алтын уақытыңды ұрлап кухняға қарай жүгіре жөнеледі. Тағам таңдай алмай отырған екіойлы клиентке «мен мына тағамды ұсынар едім» деп сағыздай жабысудың орнына, ас мәзірін жаңа көргендей көзі бақырайып асып-сасып тұрады.

Әсіресе, тойхана даяшыларын аяймын. Олар тек күй ырғағымен астаудағы етті алып кіруге ғана машықтанатын сияқты. Қалған уақытта қуыс-қуысқа жасырынып, бар-жоғы білінбей тұрады. Себебі, олар «ананы сал, мынаны құй» деп алдына келген астаудан тарелкесіне ет салып алуға ерінетін мазасыз қонақтардан әбден шаршаған. Осы тобанаяқ қызметіне алатыны да мардымсыз.

Негізі даяшының тойдағы бір дастархан басында иық тіресіп отырған 16 адамға емес, романтикалық кешті өткізбекке ресторанға демалуға келген екі адамға ғана қызмет көрсеткені жөн сияқты.

Кей-кейде тойда немереңдей өрім қызға малжаңдап кемірген сүйегінді ал деуге, алкогольді сусынды стұқаныма құй деуге ұяласың...

Бізде даяшы сауаты, даяшыны жалдаушы қожайынның ұяты, клиент мәдениеті қашан қалыптасар екен?

КӨРКЕМ МІНЕЗ - ІЗГІЛЕРДІҢ МІНЕЗІ

Адамда «етпен бітіп, сүйек-пен кетер» туа-бітті, өзгермей-тін сіреу мінез болмайды. Мінез жүре қалыптасады және өзін-өзі тәрбиелеу арқылы айналасына зияны тимейтіндей дұрыс арнаға ойысады.

Дегенмен, кейінгі жылдары парасат-тылық, сабырлық, ұстамдылық сияқты келісті мінезден гөрі, бетбақтық, шайпаулық, көкбеттік сияқты жағымсыз қылықтар біз нәзік жанды деп есептеп жүрген әйел қауымының арасында жиірек белең алып жүр. «Бетбақ», «шайпау», «көкбет» деген теңеулердің ер азаматтарға қарағанда әйел кісілерге көбірек қаратыла айтылатыны содан болса керек.

Пайғамбарымыз хадистерінің бірінде: «Алла Тағала мені көркем мінез-құлықты толықтыру үшін жіберді» дейді. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан да: «Ұлтқа қызмет ету

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

білімнен емес, мінезден» деген тұжырым жасайды.

Ендеше, мына қоғамда кейбір нәзік жандыларға «бетбақ екен», «шайпау қатын сияқты», «көкбет әйел ма деп қалдым?» деген теңеуден гөрі, «көркем мінезді келіншек екен» деген кейіптеу көбірек жарасатын сияқты.

Хакім Абай: «Мен егер закон қуаты бар кісі болсам адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деп еді, үлкен-кіші демей тіке айтқанды жөн көретін құрбылары, қане, түзеліп көрейікші...

ҚЫШҚЫРУ ҚЫЖЫЛЫ

Көпшілік жиылаған жерлерде: мәселен, концерттерде, би кештерінде, той-томалақтарда немесе жай ғана әлденеге риза болғанда әйелдер жағының, әсіресе қыз балалардың өзін-өзі ұстай алмай, эмоцияларын сыртқа төгіп, құлағыңның түбінен бір үйір жылқы айдағандай қышқыратыны бар. Іштегі жындарын осылай сыртқа шығара ма, әлде басқадай бір себептері бар ма, әйтеуір, мұның қазақ қызына ерсі қылық екені рас.

МұндайқышқырубізгеАмерикаменБатыстыңфанаттар көп жиналатын хардкор, панк, рэив және рок концерттерінен енген жағымсыз әдет. «Сёркл пит» ықпалындағы синхронды қимыл кезінде (фанаттардың сахна алдында тұрып алып естерінен тана қолдарын оңға-солға ербеңдетуі) қыздардың қышқыруынан құлақ тұнатыны анық. Мұны музыка тілінде «слэм» дейді. Қыздардың қышқыруына мас болып, елітіп алған әншілер кейде «стейдж дайвинг» тәсілімен тобырдың үстіне құлай кетеді. Қыздардың тамақ жырта шыңғыратын кезі нағыз осы сәт. Кейде фанат қыздардың «хедбэнгиг» ықпалымен бас шайқауларынан бірнеше күн бойы мойындарын ала алмай жыңды көбелек сияқты әрі-сәрі күй кешіп қалатын сәттері жиі болып жатады. Ондайда үлбіреген аруымыз үй тірлігіне де, сабаққа да зауқы болмай, тіпті сөз көтере алмай, жын музыканың ықпалына байланып сағаттап жатын бөлмесінен шықпай «сотка» шұқылап жатып алады.

Өзіңіз қалай едіңіз? Анда-санда жын ұрғандай қышқырып жіберетініңіз жоқ па еді? Негізі «әп, бәрекедлі!» деп қол шапалақтап қойсаңыз да ішкі эмоцияны байқатуға болады емес пе? Қалай ойлайсыз?

ШАШ БОЯП, ШАЛБАР КИІП...

Әлеуметтік желілерде тарап жатқан ақпараттарға сенсек, Түркіменстан әйелдерге еуропалық үлгідегі киім киюге, жасанды тырнақ жабыстыруға, кірпігін ұзартуға, жақын туысы саналмайтын ер адаммен бір көлікте, әсіресе көліктің алдыңғы орындығында отыруға, омырауын және ернін үлкейтуге тыйым салып жатқан көрінеді. Қоғамдық орындар мен кеңселерге рейд жасаған полицейлер жасанды кірпік немесе тырнақ жабыстырған әйелдерге айыппұл салуда. Барлығына ұлттық киім кию міндеттелген. Мұны әлемдік қауымдастық адам құқықтарын кемсіту деп айыптап отыр.

Тылтиған көйлек пен жыртық шалбар киіп, бетіне бес елі опа-далап жағып, шаштарын еркектерше шорт қиып, күлгін мен сарыға күйдіретін, ерімен қабаттаса бір-бір көлік мініп алып, жол сақшысымен айтысып тұрып алатын, «мен тіке сөйлеуші едім» деп, үлкен кісіге бағжаң ете қалып, әлеуметтік желіде «жаға жыртысып», оп-оңай боқтап кете қоятын, баталы қариялармен қабаттасып тілек айтып, бата беріп көсемсіп тұрып алатын біздің әйелдер қауымы түркіменстандық құрбыларына қарағанда «бақыттырақ» екен-ау, ә...

БІР ДОСЫҢ КЕРЕК ЕКЕН...

Бүгін көп адамның көзіне іліге бермейтін, көп адам атын естігені болмаса, өзін жыға тани қоймайтын, бірақ республикада ең алғашқы ұйымдастырылған «Жігіт сұлтаны» байқауының бас жүлде иегері ретінде тарихта аты қалған Құрманәлі Жылқыбайдың туған күні. Жұрт оны жай ғана Құрмаш дейді. Ал, мен үшін ол жай Құрмаш емес, дос Құрмаш. Қызметі де дардай - Ордабасы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бастығы.

Бір басына жетерлік сал-серілігі бар: шайыр, композитор, айтыскер ақын. Өзбекстандағы мемлекетаралық айтыста, Қызылордадағы ұстаз-ақындар айтысында бас бәйгені жеңіп алған. Атырауда, Ақмолада, Көкшетауда, Қарағандыда өткен республикалық айтыстарда жүлдегер болған. Есенқұл Жақыпбеков, Серік Қалиев, Ақмарал Леубаева, Карима Оралова, Бекарыс Шойбеков, Мұхамеджан Тазабеков сияқты шашасына шаң жұқтырмайтын белгілі ақындармен айтысқан.

Құрмаш қызметтік тәжірибеде әбден ысылған ма-

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

ман: мектеп мұғалімі, Оқушылар үйінің және облыс жастар орталығының директоры, «Талантты жастарды қолдау» қоғамдық қорының президенті қызметтерінде болған. Қоғам белсендісі.

Оның барша адамға деген махаббатын тілмен айтып жеткізе алмаймын. Барлығын жақсы көреді, барлығымен таңды таңға ұрып әңгімелескісі келеді. Сондықтан оның үйінде біз сықылды сал-серілер жиі қонақтап қаламыз. Ондайда Құрмаш шежіре, ақ жүрегі ақтарыла ашылып, жайылып сала береді. Зәреде Шымқалаға жол жүріп бара жатып Темірланға, Құрмашқа соқпай кетсең, басың пәлеге қалды дей бер. Өкпесі қара қазандай болып, қашан шәйін ішкенше (онда да оны өзі әпереді ғой) бұртиып жүреді. Бір кесе шайдан соң жүзіне нұр ұялап, дым болмағандай жазылып сала береді.

Әр қалада, әр ауылда далаға тастамайтын, жалғызсыратпайтын көп досың болады. Сол көптің ішінде Құрмаштың жүрегінің түбінде жүруі - бір бақыт шығар!

ТҰҒЫРЫ БИІК «ТУТӨБЕ»!

Қарнақтан Кентауға құлай беріс жолдың бойында жастар «Көктөбе» атап кеткен қыратқа жаңа отау құрған жас жұбайлар арнайы барып аялдап, суретке түсіп, махаббаттарын мәңгілікке бекітіп жүретін. Кейін белсенді топ жергілікті билікке ұсыныс айта жүріп, биік тұғырға көк туымызды орнатқан соң, ол жерге әкімдік тарапынан арнайы көңіл бөлініп, маңайы абаттандырылып, жарықтандырылып, қазір бұл жер қалаға сән берер сәулеттік ерекше бір кешенге айналып келеді.

Кентау қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі таратқан мәліметке қарағанда, осы қыратқа «қандай атау береміз?» деп жастар арасында талқы болған. Дауыс берушілердің басым бөлігі «Көктөбе» атауына тоқталған сыңайлы.

Дегенмен, осы қалада бірнеше жыл қызмет еткендіктен, қала жанашыры болғандықтан, бұл тұрғыда, жастардың таңдауына құрметпен қарай отырып, біз де өз ойымызды білдіре кетсек, артықтық етпес деп ойладық.

«Көктөбе» дегенде алдымен Алматыдағы Көктөбе ойға оралады. Ертең туристер ғаламтордан Көктөбені іздегенде Кентаудағы Көктөбе емес, Алматыдағы Көктөбе

көрінетіні анық. Себебі, Көктөбе - атам заманнан Алматының бренді. Қысы-жазы жап-жасыл болып тұрады. Ал, Кентау «төбесі» жазда шөбі қурап, сап-сары түске боялып шыға келетіні анық. Оны біз қанша жамап-жасқасақ та, ол жер көк төбе болмайды және оны «Көктөбе» деп кеңді қаланың бренді жасай алмаймыз.

Жұрт талқыға ұсынған «Көктөбе», «Рәміздер алаңы», «Жасыл белдеу» деген атаулар да біртүрлі, қабылдануы қиын.

Меніңше, ең дұрысы және атына заты лайық болып тұрғаны - «Тутөбе» ғой деймін. Біріншіден, мұнда биік сырықта Көк туымыз алыстан менмұндалай желбіреп, айналасында рәміздеріміз топтаса тізбек құрып, сәулеттік сән беріп тұр. Екіншіден, «Тутөбе» деу арқылы біз кейінгі ұрпақ - жастарымызға Көк туымызды көзінің қарашығындай сақтап, қадірлеуді санасына ұлықтап сіңіретін едік.

Тарихта «Көктөбе», «Күлтөбе», «Қарауыл төбе», «Көбекті төбе», «Кетпен төбе», «Келін төбе», «Састөбе» сияқты атаулар кездеседі. Ал, «Тутөбе» атауы жалғыз.

Енді оны тек Кентауда ғана бар десек, жараспай ма?!

«ЖЕТЕЙІН ДЕСЕМ ЖЕТЕ АЛМАЙ...»

«Қыз Жібек» фильмінде Жібектің: «Жайықтың арғы жағынан қол созуға да жарап қалдық» дейтіні бар еді, сол айтқандай, өткен жылы Түркістан қаласындағы 18-ші бағыттағы автобус Қазыбек би даңғылынан Тельман арқылы Б.Саттарханов даңғылына тіке қатынай бастағанда, қазыбекбиліктер Жібекжанды қайталағандай: «Коммунизмге қол созуға да жарап қалдық» деп қуанғаны бар-тын. Бірақ, бұл қуаныштары ұзаққа созылмады.

Қай кезде де автобустарын базарға бір «иіскетіп» алмаса бастары ауыратын қалалық көлік департаментіндегілер халықпен ақылдаспай-ақ биыл 18-ші бағыттағы автобустың жол бағытын «Қуаныш» базарына қарай бұрды да жіберді. Енді Қазыбек би даңғылы бойындағы қалың ел Саттарханов даңғылына бару үшін алтын уақыттарын текке жоғалтып базар арқылы айналып жүруге мәжбүр.

Әлде көлік департаментіндегілерге жолаушыға жағдай жасауды үйрету үшін жеңіл көліктерімен жұмыстарына асығып бара жатқанда базар арқылы айналып жүруді

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

міндеттесек пе екен?

Жалпы, қаланың осы екі бөлігін тіке жалғайтын тұрақты көлік бағыты қашан ашылады? Елдің тілегі осы...

КЕЛЕДІ КЕЙБІРЕУГЕ БІЛІНБЕСТЕН...

Жетісайлық Мұхтар Құраловты ел жыға танымауы мүмкін. Ал, әндерін бәрі білетіні анық.

Бір өлеңінде Мұхтар ақынның:

Көп адам ақын жанын білмейді екен,

Бостан-бос кейбіреуді тілдейді екен.

Жоқ болса қызметің бұл көпшілік,

Көзіне ақындарды ілмейді екен, - деуі сол ешкім елемейтін біртоға өміріне налығанынан туған жыр шумақтары болса керек.

Біз танымал деп отырған екі әнінің өзі Мұхтардың бүткіл шығармашылығының төлқұжаты десек те болар. Домбыра мен сырнайдың қосар үнімен төгілетін бұл екі әнді әсіресе ауыл өнерпаздары құдалықтар мен кішігірім той-жиындарда шабыттана шырқап жүр.

Ел Тәуелсіздігіне қуанған жігіт ағасының жүрек тебіренісінен туған танымал әндерінің бірі - «Бұлқынды жүрек». Мұнда халық әндерінің алтын бастауынан құнар алған дәстүрлі әнге тән қазақы үн ән-әуенге деген құмарыңды ашады.

Бұлқынды жүрек, бұлқынды,

Тұлпарлар төрге ұмтылды.

Аңсадым, қалқам, аңсадым, ай-ей ...

Арманға толы бұл күнді...

Мұхтардың халыққа кеңінен тараған «Бойжеткен», «Лалагүл» әндерімен қатар сөзін де, әнін де өзі жазған «Ақ тілек» әнін де айтар едік.

Ақ ниетпен ақ тілегім,

Барған жерде бақ тіледім.

Сезіміңмен шарпып өткен,

Сарқылмасын тәтті-ау лебің, - деп келетін қайырмасына қосыла шырқамау мүмкін емес.

Мұхтар сазгер «Айтамын десең өзің біл» ән жинағы мен «Айдай әсем Мақтаралым», «Ақ алтынды ауылым», «Алпысқа келді бір ақын», «Сағыныш саздары» атты жыр жинақтарының авторы.

Аты аңызға айнала бастаған осынау талант иесімен жолығу көптен арман болып жүретін. Жуырда «Сауран сазы» ән байқауында мұның сәті түсті. Екеуіміз бір-бірімізді сырттай танытын болып шықтық. Шүйіркелестік, ұзақ сөйлестік. Сөйтіп отырғанымызда сыртымыздан әлдебіреу «шырт» еткізіпті...

6 ЖАСАР БАЛА АУЫЗЫН БЕКІТІП ЖҮР

Имамдар оразаның қағидасы бойынша мектеп оқушыларына балиғат жасына толғаннан кейін ғана ораза ұстауға рұқсат берілген дейді: қыз балалар 9 жастан, ер балалар 12 жастан.

Қазір, әсіресе ауылды жерде, алты-жеті жастан бастап балалар ауыздарын бекітіп алып, 90-дағы шалмен жағаласа ауызашар дастарханында төрге озып отырып алатын болған. Ешнәрсенің парқын ұқпайды, сабаққа зауқы жоқ, ойын баласы, тек алдына келгенін жалмаңдап жеп жатыр...

«ӨНЕРFEST» - АСАБАЛАРДЫҢ АҚЫЛДАСУ АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ

Кентаулық жас асабалар мен өнерпаз қыз-жігіттер жыл сайын 1 сәуірде «ӨнерFEST» фестивалін дәстүрлі түрде өткізіп отыруға сөз байласты.

Биылғы өнер мерекесі қала өнерпаздарының кіші футбол турнирімен басталды. Спорттық шараның ашылуына қала әкімі Рашид Аюпов қатысты.

Түсте дүниеден озған асабалар мен өнер азаматтарына арнап дастархан жайылып, Құран бағышталды. Құрмаш, Асан, Бақытжан, Фахриддин, Діамұрат, Ғалымжан, Нұрсұлтан сияқты аламан топтың асабалары туралы сағыныш фильмі көрсетіліп, жарқын бейнелері еске алынды.

Кентауға алғаш кәсіпқой асабалық кәсіпті Оранғай ауылының тұрғыны, ауыл бии, Сауран ауданының «Құрметті азаматы» Жұмағали Бекмұрзаев алып келген болатын. Кейін той жүргізу тізгінін Төлбасы, Жұмахан, Алик сияқты асабалар алды. Қазір қалада Мұхамеджан, Толик, Жеңіс, Рахымжан, Нұртаза, Әнуар, Сапар, Дәулет, Сержан, Ерлан сияқты елдің ықыласына бөленіп жүрген азулы асабалар бар.

Кешкі мерекелік дастарханға көңілді кештің көрігін

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

қыздырған асабалармен қатар «Шымкент шоу» театрының директоры Мырзахмет Егембердиев, мәдениет қайраткері Абылайхан Оспанов бастаған өнер қайраткерлері, әнші-термешілер, актерлер, музыка әрлеушілері, композиторлар қатысты. Олар өрісті өнерімен танылып жүрген өнерпаздарға түрлі номинациялар бойынша жүлделер табыстады. «Қап-қарашка» деген лақап аты бар Рахымжан «Жылдың үздік асабасы» деп танылды.

Басқосу кезінде бірқатар ұсыныстар мен ескертпелер де айтылмай қалған жоқ: асабалардың сөз мәдениеті, беташар өсиетінің маңыздылығы, тойдағы ән репертуары, құдалық күтімінің жаңа форматы т.б.

Жастар ресурстық орталығынан қолдау тапқан алғашқы «ӨнерFEST», міне, осылайша жастар тарапынан қолдау тауып, алдағы уақытта көлемі ұлғайып, келер жылы бұдан да кең форматта ашық аспан астында, табиғат аясында өткізу жоспарланды.

ВИОЛОНЧЕЛЬ ҮНІ ТҮРКІСТАНҒА ДА ЖАТ ЕМЕС

Бүгін көптен көрмеген сазгер досым Өктем Алтаевтың шақыртуымен ойда жоқта жас виолончелист Бағжан Октябрьдің концертіне тап болдым. «Көңіл терапиясы». Концерт осылай аталады.

Зал қараңғы. Сахна ортасына пудра түтінін тілгілеп жалғыз жарық құйылып тұр. Орындыққа сүйеулі тұрған виолончельден осыншалықты сиқырлы үн шығады екен деп ойламаппын. Классикалық әуендер бірінен соң бірі құйылып жатыр. Абай, Мағжан, Шәмші, Құрманғазы, Секен... Көрермен негізінен жастар. Кейде біз жастар тек алқын-жұлақын музыканы ғана тыңдайды деп қатты қателесетінімізді осы жолы анық аңғарғандаймын. Сілтідей ұйыған тыныштық. Тек музыка, музыка, музыка...

Жас музыкант екі қолын екі қанатына жая, көзін жұма аз-кем пауза жасап алады да, өз ойымен өзі әуре болғандай үнсіз виолончель әуеніне құлақ түріп, ысқысын ішекті бойлай нәзік ысқылайды. Сол сол-ақ екен, сиқырлы музыка қоңыр үнмен құйылып сала береді.

Бағжан өте сезімтал, соған қарамастан залды өзіне

игеріп алардай сүйкімі тағы бар. Ол осы кезге дейін әлемнің 26 елінде гастрольдік сапарлармен болыпты. Италия, Франция, АҚШ... Әсіресе, Түркияға деген махаббаты ерек. Содан да болар, репертуарында түрік сериалдарының саунд-тректері молынан кезігеді.

Жас өнерпаз 6 жасынан әкесі Өктемге тартып музыкаға әуес болды. Жұбанов мектебі оның виолончельге деген қызығушылығын оятты десек те болар. Бүгінге дейін, 19 жыл бойы виолончель қолтығынан түскен емес. Өнер академиясында білім алып, осы тақырыпта диссертациясын қорғап та алды.

Instagramда алғашқы каверлерін жариялай бастағаннан ақ Бағжанның әуен сүйгіш кумирлері көбейе бастады. Қазір әлеуметтік желідегі жазылушыларының саны 132 мыңнан асып кетті. Түсірілім локациялары негізінен табиғат аясы.

Түркістандағы концерт - жас музыканттың шабытын оятқаны анық. Алда - үлкен шығармашылық кештер. «Алматыдағы Республика сарайында аншлаппен концерт берсем, ең үлкен арманым сол!» дейді Бағжан. Несі бар, виолончель үні қазақ әуеніне де жат болмай тұр, ол күн де алыс болмас...

ЕРТЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕРІ ҚАСЫМЫЗДА

Бала күнімізде Дию, Жезтырнақ, Кашей, Мыстан сияқты ертегі кейіпкерлерінен қатты қорқушы едік. Қазір кішкентай ботақандарымыз ешкімнен де, ештеңеден де қорықпайды. Себебі біз зұлым санап жүрген кейіпкерлер күнделікті қастарында жүр...

ТЕАТР ҚАЙРАТКЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Алматыда белгілі театр сыншысы Әшірбек Сығайға 1980-1999 жылдар аралығында 20 жылға жуық өзі тұрған Жібек Жолы даңғылы бойындағы үйдің қабырғасына мемориалдық тақта орнатылды. Әшірбек ағаның өсіп-өңген өмірі Кентау-Түркістан өңірімен тығыз байланысты болғандықтан, осынау ақжолтай қуанышымызды көппен бөлісуді жөн санадық.

Тақта орнатуға арналған салтанатты рәсімге танымал өнер және әдебиет қайраткерлері Асанәлі Әшімов, Дулат

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Исабеков, Ұлықбек Есдәулет, Темірхан Медетбек, Нұрлан Оразалин, Есмұхан Обаев, Елубай Смағұл, Қали Сәрсенбай, Хафиз Есімов, Бақыт Бөкебай, Еркін Жуасбек, Қасымхан Бегманов, Талғат Есеналиев, т.б. белгілі тұлғалар, Әшағаңның асыл жары Күләш Сығай қатысты.

Әшірбек Сығай - қазақ театртану ғылымының негізін салушылардың бірі. «Іңкәр шақ», «Сыр сандық», «Сахнаға сапар», «Жарнама алдындағы ой», «Сахна саңлақтары», «Театр тағылымы», «Ән - тағдыр», «Таңғажайып театр» сияқты туындылардың авторы.

Енді туған өлкесінде де театр қайраткерінің атындағы мектептер ашылып, көшелерге, өнер ошақтарына есімі беріліп жатса, нұр үстіне нұр болар еді.

Әттең... Туған жері әлі үнсіз...

НАУРЫЗ ҚЫЗҒАЛДАҒЫ

Түркістанда жеміс ағаштарының 95 түрі, оның ішінде абрикостың 25, шабдалының 15, алманың 20, жүзімнің 30 сорты өседі. Бұлар осы аймақты жерсінген жемістер.

Ахмет Ясауи университетінің ботаникалық бағында 28 тұқымдасқа жататын 127 декоративті және жеміс ағаштарының түрлері мен сорттары өседі. Агрономдардың айтуынша, мұнда жыл сайын осы өлкенің климатына шыдас беретін 250-300 мың декоративті ағаштардың көшеттерін дайындауға болады екен.

Бытырдан бастап ботаникалық бақ қызғалдақтың да сирек кездесетін сорттарын өсіре бастады. Қазір дала гүлінің 11 бірегей сорттарын өсіру және көбейтудің инновациялық технологиясы бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілуде.

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі қарсаңында биылғы қызғалдақтың алғашқы гүл шоқтары оқу орнының ардагер ұстаздарының құшағын толтырды. Мұны ерекше сый-құрмет белгісі ретінде университет басшылығы құттықтау тілекпен қоса ұсынған болатын.

Білім саласының дамуына үлкен үлес қосып келе жатқан ардагер ұстаздар мереке қарсаңында ерекше қуаныш сыйлаған ботаниктер мен бағбандарға алғыстарын жаудырды.

КӨРЕРМЕН КӨЗАЙЫМЫНА АЙНАЛҒАН ГҮЛЖАН!

Ахмет Ясауи Университетінде білімімен де, өнерімен де озық көрініп жүрген жастар аз емес. Солардың бірі болашақта журналист болуды арман еткен 3-курс студенті Гүлжан Ықылас. Гүлжан жақында ғана Алматыдан үлкен олжамен оралды. 60 ақын қатысқан айтыста «Көрермен көзайымы» жүлдесіне ие болып, Наурыз мейрамы қарсаңында өтетін республикалық аламан айтысқа жолдама алды.

Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінде жоғары оқу орындары мен колледж студенттері арасында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай өткен «Менің пірім - Сүйінбай» атты айтыста 60 жас ақын бағын сынаса, соның 8-і ғана нәзік жандылар екен. Қыздар арасында жігіттермен өлең таластырып, сөз қағысында шашасына шаң жұқтырмаған біздің Гүлжан осыған дейін Сара Тоқтамысова мен Айнұр Тұрсынбаева ғана қол жеткізген арнайы жүлдеге ие болып, үлкен биікті бағындырып отыр.

Гүлжан студенттік ортада Алтай, Іле әндерін нақышына келтіре орындайтын өнерпаз. Оның жібек мінезі мен сүйкімін, жәй күндері де шолпысы мен үзбелі сырғаларын, зер білезігін тастамай тағып жүретін ізеттілігін құрбы-достары жақсы біледі. Бұл оның қазақ қызына тән ата-анадан алған тәрбиесінің жемісі болса керек.

Гүлжан осынау айтыстарға барарда жол қаржысын көтеріп, демеушілік жасап отыратын университет басшыларына, әсіресе ректорымыз Zhanar Temirbekovaға дән риза!

Жарайсың, Гүлжан! Сені тек биіктерден көре берейік!

ОЙЫ ҚАНАТТЫ, СӨЗІ САУАТТЫ ҚАРИЯ ЕДІ...

Осыдан бір-екі күн бұрын кешқұрым ватсабым тыңқ ете қалды. Айналасындағы адамдардың бәрін дәл өзіндей жақсы көретін Тельман Бейсеновтен келген хат екен. Онда былай деп жазылыпты: «Ағатай, мен пана тұтып жүрген екі тау бар еді: бірі – қазаққа қалқан болған қарт Қаратау, екіншісі – асқар тауым Әкешім. Қарт Қаратау қалды пана болып, асқар тауға теңеп жүрген әкем Әбдібек мәңгілікке тастап кетті ғой...». Хаттың ар жағында кеудесін өксік қысқан

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

қанаттас інімнің аһ ұрған жұдырықтай жүрегін байқадым. Дерев, кеш болса да, ауылына барып, Тельманның жарым көңілің жұбатуға тырыстық...

Теріскей жақтан қарт Қаратауды жиектеп Күнгейге құлай бере кішкентай бір ауыл бар. Қазіргі атауы – Абай. Тельманның әкесі, республикалық батагөйлер сайысында екі мәрте топ жарған абыз қария Әбдібек Бейсенов дәл осы ауылда тұратын. Жуырда ғана Ұлпатша анамыз екеуі ауруханада жатып ем алып шыққан. Енді ұл-қыздары мен немерешөберелерінің ортасына келіп, қолындағы ұлы Әлжанның шаңырағында қызық-думанға бөленемін бе деп отырғанда, амалын тапқан ажал алмай тынбады. Осыдан біраз бұрын «Хабар» агенттігінің облыстағы меншікті тілшісі Жандос Жұмабек екеуіміз Әбдібек атаның үйінде қонақшылағанбыз. Осы кеште Әбдібек ата мен Естай ақынның махаббаттарынан бір ұқсастық тапқандай болғам. Бірі – 73 жасқа келгенде қатты сырқаттанып, «о дүниелік болып кетсем Қорлан берген жүзiктi де өзiммен бiрге жерлеңдер» деп аманаттаған Естай да, бірі – Құдай қосқан жарының алдында бақытты ғұмыр кешіп, үзілер шақта Ұлпатша анамыздың қолын қысып тұрып: «Мен саған бұ дүниеде де, о дүниеде де разымын!» деп соңғы сөзін айтып үлгерген Әбдібек ақсақал. Әбекең де, Естай да елдің жоғын жоқтап, туған өлкесінің мұңын жырлап өткен аяулы жандар еді. Сол жолы Әбекеңнің дастархан басында ұзақ отыра алмайтынына қарамастан, желігіп алған біздерден қалыспай, адал жары Ұлпатшасына үздіге қарап махаббат ғазалдарын шырқағаны әлі есте.

Естай әнінің:

«Бір қыз бар Маралдыда Қорлығайын,

Құдайым берген екен күн мен айын.

Мұратқа іздеген жан, бәрі жетпес,

Дарига, жете алмадым не қылайын», – деген тұсын Әбдібек қария дауысы діріл қаға, адал қосағы Ұлпатшаға мейіріммен қарай отырып, жасаураған жанарын білдірмей сүртіп жүрегімен айтып еді-ау...

Осы тұста махаббат дейтін құдыреттің мәңгілік екенін, оның адам жасына қарамайтынын ұққандай болып едік. Ұлы сезімін 51 жыл бойы кішкене жүзікке сыйдырған Естайда да, ұлы махаббатын 51 жыл бойы Ұлпатшасына арнаған Әбдібек қарияда да арман жоқ шығар, сірә!

«АЛТЫН ДОМБЫРА» - КИЕЛІ ШАҒАРДЫҢ ТАҒЫ БІР БРЕНДІ

Түркістандағы «Ұлы дала елі» рухани орталығында дизайндық шешімі қазақ халқының тыныс-тіршілігінен сыр шертетін ғажап ләд-көріністермен жымдасқан экспонаттардың арасынан Бекарыс Шойбековтің Астанадағы республикалық айтыстан ұтып алған «Алтын домбырасы» көзіме оттай басылды. Қай шебер жасаса да ғажап дүние екен!

Өмірінде ерекше із боп қалар осынау қымбат бұйымды үйінде сақтамай, елдің қызықтауы үшін мұражайға арнайы әкеліп өз қолымен табыстаған Бекарыстың дүниеге қызықпайтын ашыққол дархандығына разы болдым!

Кей адамдардың киелі кесене маңынан кертіп алған құнды жәдігерлерді әлі күнге дейін қайтармай, үйінің бір бұрышында сақтап жүргенін естіп қаламыз.

Мынау соларға үлгі болатын дұрыс қадам екен деп ойладым.

Бекарыстың үйіне жиі бас сұғамын. Гүлжамал екеуінің бақыт пен шаттыққа толы көңілді жарасымы маған қатты ұнайды. Соншалық танымалдылық төкпе шайырды титтей де өзгерткен емес, керісінше, қарапайым қалпынан айнытпай келеді. Тектілік деп осыны айтса керек!

ҚАЙРАН АВАНС...

Үлкен кісілердің естерінде шығар, бұрын жалақы екіге бөліп есептелетін: айдың ортасында аванс (50%), айдың соңында жалақы (50%). Қазіргі жалақы еңбеккердің қолына өзегі үзілер шақта, айдың соңында не келер айдың басында бір-ақ тиеді. Әбден қарызға батып, бөлшектеп таратып бере салады.

ҚР Еңбек Кодексінің 113-бабы 1-тармағында аванс беру-бермеуді ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жұмыс берушінің өзі шешетіндігі жазылған. Дұрыс қой. Бірақ, мына баға құбылған заманда онсыз да аз жалақыны бір ай күту қиын сияқты...

Арамызда аванс алып айдан-айға ілініп жүргендер бар ма екен? Қалай ойлайсыздар?

КЕНТАУДАН ҮЙРЕНЕРІМІЗ БАР ЕКЕН...

Кентау қаласында орталық алаңда әр сенбі сайын күнделікті тұтынатын ауылшаруашылық тауарларын базар нарқынан 10-15 пайыз төмендетіп сататын азық-түлік жәрмеңкесі көп жылдардан бері өткізіліп келеді. Халық бұған әбден үйренген. Аяғыңнан тозып дүкен сөрелерін араламай, қажетті заттарыңды бір жерден ала қоясың. Ұсақ-түйек, тұрмысқа қажетті заттар да осы жерден табылады. Жайма жаюшылар жәрмеңкеден соң айналасын сыпырып-сиырып, қоқыстарын жиып әкетуді әдетке айналдырған.

Мұндай жәрмеңкелер Түркістанда да өтсе, азық-түлік бағасын тұрақтандыру бойынша әлеуметтік сөрелердің санын арттыруға септігі тиер еді.

Түркістан - сауданың жері. Жәрмеңкенің үлкені осында болуы тиіс еді. Өкінішке орай, ашық сауда өтетін бос алаңдар бай-манаптар қоршап алған ақылы автотұрақтардан босамай тұр.

ЖҰМЫСЫ ЖЕҢІЛ, ЕҢБЕКАҚЫСЫ ҚЫМБАТ

Бала кезімізде ауылда иығында кетпені, қоржынында балта-балғасы бар, үй жағалап жұмыс іздеген жалдамалы жұмысшыларды жиі көретінбіз. Олар метрлеп, килолап, адымдап, қарыстап баға қоймайтын, жұмыс ауқымына қарап үй иесімен келісіп, орталап нарқын шығаратын.

Мысалы, үй қалау үшін кесек құятын жұмыскер күрек батпайтын қатты жерді тоқпақтап кетпенмен ойып, шелектеп су тасып, лайды өкшелерімен иі қанғанша езіп, қайта-қайта аударыстырып, ақ тер, көк тер болып еңбектенетін. Белдері бүгіле сүйретпе қалыппен лай тасып, кесек құятын. Әйтеуір, күн ұясына батқанша құмырсқа тірлікпен тыным таппайтын. Үй сыласа да тірлігі осы. Құм тасиды, елейді, борша-борша болып цемент қариды, шелектеп су тасиды. Жұмысы ауыр, алатыны арзан.

Бүгінде аспандағы бағаны сұрайтын жалдамалы жұмысшыны ауыр тірлікке жұмсай алмайсың. Офис қызметкері сияқты кірпияз. Ақ жаға, көк көйлек. Құм, әк, тас тасып, цемент қарып әуре болмайды. Сені қаптаулы, құтыға, ыдысқа салынған дайын материалға жұмсайды. Андабасын

да, құрал-сайманын да, қолғабын да өзің сатып әкеліп бересің. Саусақ ұшымен істеген тірлігіне ақысын адамдап, метрлеп, сантиметрлеп, өлшеп-пішіп алады. Белі ауырған жоқ, бірақ бағасы удай.

Онсыз да қымбатшылықтан титықтаған халықты «мен евроұстамын» деп аспандатып баға қоятын жалдамалы жұмысшыларға тапқан табысына қарай салық төлеуді талап ету керек сияқты. Бәлкім, сонда ғана олар ақылаға қонымды еңбекақыға саудаласуға дағдыланып қалар...

КІМДЕР ДЕПУТАТ БОЛУҒА ЛАЙЫҚ?

Жергілікті мәслихат депутаттығына үміткерлерді «іріктеу науқаны» күнібұрын басталып кеткен сыңайлы. Себебі, айналамызда «биыл сайлау комиссиясына құжатымды тапсырып бағымды сынап көрмекпін», «сайлаушыларым тағы бір сенім артса екінші мерзімге депутат болғым бар» деп, жүгіріп жүрген үміткерлер көп. Ал, біздің білетініміз, «әкесі» мен «жәкесі» барлар жергілікті билікті жағалап жүр. Ол жақтан «добро» алмағандар өзін-өзі ұсынбақ. Дұрыс қой, біреуге жұмсақ кресло керек шығар, енді біреуге «депутат» төсбелгісін кеудесіне тағып жүру мәртебе болуы мүмкін. Бірақ, ел көкейінде жүрген сұрақ та, аманат та бөлек:

«Бұл жолы да әдеттегідей кәсіпкерлер, кәсіпкердің ұл-қыздары, бизнес құрылымдарының қожайындары, бұрынғы депутаттар, директорлар, әкімдік қызметкерлері ұсынылар ма екен? Әлде, өз сайлаушыларына қызмет етуді мұрат тұтып, халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелерді шешу үшін заңдар мен ережелерді қабылдауға үлесімді қосайын деп үміт артқан қарапайым еңбек адамдары мен зиялылар да (мәселен, ғалым, мұғалім, жазушы, заңгер, әртіс, журналист, жұмысшы, құрылысшы, белсенді жас т.б.) бағын сынап көре ме? Жоқ болмаса, жергілікті билік жылдағыдай, ел айтып жүргендей, астыртын «алтын тізім» жасап, сүйікті құлдарын тіркей салар ма екен?». Олай болса, қалған шабармандардікі бос әуре.

Ғалымдарға айтсаң, «жеке бизнесім жоқ, маған депутаттықтың қажеті не?» дейді. Жазушы мен заңгер де осы пікірде. Сонда депутаттық қызмет тек «кәсіпті жылжыту үшін ғана қажет» деген ұғымның қалыптасып қалғаны ма? Әлде, солай қалыптастырып алдық па? Енді «депутат – халық қалаулысы, халық қызметшісі!» деген пікірге сай-

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

лаушыларды қалай иландырмақпыз? Уәде беріп, бірақ бірде-бірін орындамаған бұрынғы депутаттардың әрекетсіздігінен кейін, халық ендігі үміткерлердің уәж сөзіне сене ме? Бірін-бірі қайталайтын жаттанды сайлауалды бағдарламаларынан өздеріне қажет толғақты жайттарды таба ала ма? Тығырыққа тірейтін тұс осы.

Қалай болғанда да, халық сенімін қайтару үшін бізге ендігі жерде сөзі де, ісі де бұлақсыз, білігі де, білімі де толысқан лайықты үміткерлер керек. Ел кімді лайық деп табады, кімнің халық алдында беделі бар, сол депутат болсын!

«Кезекті саяси дода – конституциялық реформаның жалғасы». Бұл ел Президенті Қ.Тоқаевтың сөзі. Егер шын реформаны қажет етсек, құрғақ уәдемен депутат мандатына ие болып алып, кейін қарасын көрсетпей кететін «уақытша бедел» иелерінен гөрі, халыққа біртабан жақын, сайлаушыларының сүйіктісі болуға лайық мүлдем жаңа тұлғаларды мәслихаттарға алып келейік. Ақыры халықтың билікке араласуын қалап отырмыз ғой? Ендеше халықтың өз таңдауын жасауына, белсенді тұлғалардың мандатқа ие болуына мүмкіндік берейік!

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ...

Үлгілі – «ұлттық рухты материалдық дүниелер баспауы тиіс» деп, ұлтқа қызмет етуді бәрінен де биік қойған ақын Қасымхан Бегмановтың, елордадағы «Бәйтерек» монументальды кешені мен Ақ Орданың ішкі интерьеріне көрік қосқан дизайнер-сәулетші Қамбарбек Көшеневтің, ғалым-педагог Камалбек Беркімбаевтың, ғалым-филолог Жазира Исаеваның, ғалым-биолог Ғани Исаевтың, прокуратура ардагері Рахым Тойжановтың, әрісі Теріскей, берісі Күнгей түгел атойлап тақымын қысатын Қалжан шабандоздың және менің туған ауылым. Осы кіп-кішкентай ауылдан Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, екі профессор, үш доцент, төрт «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» шықты. Қазақстанның 10 дүркін чемпионы, боксшы Әбдісалан Нұрмаханов пен ұлт тұлғасы, театр сыншысы Әшірбек Сығайдың нағашылары да осы Үлгіліде тұрады...

Бүгін туған ауылды топан су басты дегенде, сыртта жүрсек те, дегбіріміз қалмай, бір-бірімізбен хал сұрасып, ауыл атқамінерлеріне хабарласып, топан судың әлегімен

әбігер болған ауылдастарымызға жұбаныш айттық. Таудан аққан қар суы Қанай кескен сайы арқылы қуалай ағып, Абай көшелерін тілгілеп, Қызыл сеңгірмен Бабайқорғанға құлап, Ақсай арқылы Үлгіліге жеткен екен. Әп-сәтте ел әбіржіп қалған. Мұнда ауылдан биік тұрған су қоймасы бар. Сол қауіпті еді. Әйтеуір, аман екен.

«Осы елдің шері мен мұңы жаныма тыным бермейді. Ел мен жер, халық аман болсын. Еліміздің басындағы бүкіл ауыртпалық, қиыншылық осы топан сумен кетсін» деп жазды Қасымхан ақын суыт хабарды ести салысымен жариялаған постында.

Негізі, айтсаң өзімізге тиеді, жаз бойы бау-бақшасына арық қазып жылғалатып суарғандар табиғи су жолдарын бекітіп тастаған. Су иіріліп жиналатын ойпаң жерлерге үй салған. Ирригациялық құбырларды қоқыспен бітеген.

Кеше түн ауа басталған жаңбыр таңға жуық еріген қармен қабаттасып топан суға айналған. Әйтеуір адам, мал шығыны жоқ. Үй, қора-қопсысы ызалап құлаған ауылдастарға басу айттық. Біздің ауылдың адамдары ұйымшыл, ертең күн жылына асарлатып, баспанасыз қалған ағайынға үй соғып беретініне кәміл сендік.

КАНАЛ АҚТАРЫП ШАРШАЙСЫҢ

Телевизорда көз тоқтатып қарайтын нәрсе жоқ. Кіл түрік сериалдары, жүйке тоздырар жарнама, екеу-үшеу отырып алып не түрегеп тұрып, әлдебір шешімі жоқ нәрсені талқылағыш демагогтар. Жұмыстан шаршап келіп, қолыңдағы пультпен 56 каналды ақтарғандағы көретінің осы. Бибігүл Төлегенова, Жамал Омарова, Роза Бағланова, Нұрғали Нүсіпжанов, Бақыт Әшімова, Сара Тыныштығұлова, Люция Төлешова, Зейнеп Қойшыбаева, Ришат және Мүсілім Абдуллиндер, Жұмат Маханбетов, Жәнібек Кәрменов концерттері әдірем қалған. Кіл «жұлдыз» әншілер, өз әзілдеріне өздері мәз болған квнщиктер, тілі жартыкеш қазақ авантюралық комедиялары, «лайктар» мен «лайфтар»...

Оу, қазақ телеменеджерлері, архивтеріңді ақтарып, бір мезгіл үлкен кісілердің де талғамына лайық алтын қордағы «шедеврлеріңді» эфирге шығарып қойсаңдаршы. Кешқұрым бәйбішеміздің сүт қатқан шәйін ішіп отырығып рахаттана тамашалайық!

ӨМІРІ ДЕ, ӨНЕРІ ДЕ ӨНЕГЕ

Дөңгеленген дүниенің бір орнында тұрмайтыны рас. Диірменнің тасы секілді тоқтаусыз айнала береді. Осынау дүр-дүниеде әркімнің несібесі әртүрлі. Мырзашөлдің киелі топырағында дүниеге келіп, ел арасындағы қазыналы бұлақтан сусынын қандыра өскен Бастар Есқараев көптің ықыласына бөленген айтулы азамат. Қазір Басекең ҚР СЖИМ техникалық реттеу және метрология комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментін басқарады.

Бір қарағанда қағылез, жүрісі ширақ көрінетін ел ағасы мың сан шаруадан қолы босамай жатса да, қолы қалт еткенде қолына гитарасын алып, ән шығаратын өнері бар екен. Бізді жақындастырған да осы бекзат өнері. Жуырда үйінде болып, отбасымен таныстық. Қарапайым, келген мейманға құшағын ала ұмтылатын қонақжай қалпынан айнамапты. Халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы «адам есейгенде үш түрлі болады» деуші еді. Соның ішінде біздің Басекеңе жігіттің бір қасиеті – аузында ақылман сөзі бар, еліне мәуелі, сыйлы ел ағасы атану бақыты бұйырыпты. Өмірлік серігі екеуі өсірген өнегелі ұрпақтарының қызығын көріп, бүгінде өңіріміздің дамуы жолында жемісті еңбек етіп жүр.

Бастар Әуелханұлы отырған жерінде өзінің өнегелі өмірінен салиқалы сыр шертіп, елді қыран-топан күлкіге қарық қылып, жақсы өнеге көрсетіп отырады. Бүгінде Басекең мәуелі бәйтерек секілді жайқалып өсіп-өнген үлкен әулетке айналыпты. Белгілі әнші, ҚР мәдениет қайраткері Абылайхан Оспановтың репертуарындағы «Ескі үйім» әні осы Бастар Есқараевтың туған өлкесіне, елдегі қара шаңыраққа деген ілтипаты мен махаббатын білдірер төл туындысы. Онда балалықтың балғын шақтары, жігіттіктің желбір кезеңдері, қара шаңырақ – туып-өскен мекеннің сағынышты сәттері әуен болып әдемі төгілген. Әсіресе, Бастардың жастық шақта гитара шанағынан төгілген көңілді әндері сізді махаббат сиқырына шақырып, ерекше бір сезімге бөлейді, билей жөнелгенінді де байқамай қаласың. Қазір Басекеңнің төл туындылары республика көлемінде радио-теледидарлардан жиі орындалып жүр. Елге танымал әншілер Н.Өнербаевтың орындауындағы «Ұшқыр жылдар», Аман-Төре мен Гүлжазира Нұрпейісованың орындауындағы «Жастық

шақ», Мақсат Айтжановтың орындауындағы «Өзгереді», Сүндет Миралиевтің орындауындағы «Мырзашөл – мырза мекенім» және тағы басқа әндері тыңдарман тарапынан жылы қабылданған.

Бір емес, бірнеше өнерді бойына сіңіріп, қазақы келбетімен ел сүйкіміне бөленіп жүрген Бастардың өзіндік адами биік ұстанымдары, шынайы шығармашылық жолы көпке үлгі ғой деп ойлаймыз.

Кеше ғана Бастар Есқараев «Мақтаарал ауданының Құрметті азаматы» атағына ие болыпты деген қуанышты хабарды естігенде, шыны керек, алдымен қуанған біз болдық. Себебі, ол қандай марапатқа да лайық ғажап жан болатын!

ӘРІ ТӘТТІ ЖЕЙСІЗ!

ӘРІ КІТАП ОҚИСЫЗ!

Түркістанда «Нұрай» сауда орталығының жанында «Құрбым» дейтін кіп-кішкентай, жып-жылы дүкенше бар. Негізінен мұнда сән қуған қыздар қызығатын түрлі опа-далап сатылады. Иесі қай кезде де жақсы істің басы-қасында жүретін қарындас-әріптесіміз Қарашаш Есенбай. Кеше көріп қалдық. «ТЕГІН КІТАП БЕРЕМ!» акциясын бастап кеп жіберіпті.

«Менде үйде қазақ, орыс, ағылшын тілінде өзім оқып тастаған қызықты кітаптарым көп екен, – дейді Қарашаш. – Соны үйде жатқанша деп кеше дүкенге апарып қойдым. Бәлкім, әлдебіреу таппай жүрген кітабын сол жерден тауып, қажетіне жаратып жатса, мархабат!».

Шарты былай екен: Сіз үйіңізде текке жатқан немесе оқып тастаған кітабыңызды «Құрбым» дүкеніне алып келесіз. Оны өзгелердің оқуы үшін сол жерге тастайсыз да, орнына қалаған кітабыңызды алмастырып алып кетесіз. Тегін! Осылай тізбек жалғасып кете береді. Бұл интернетке байланған адамдарға кітап оқытудың бір пайдалы әдісі екен.

Ия, бір-біріне рухани азық сыйлап, пайдалы болудан асқан қандай бақыт керек?!

«А» ӘРШІНІҢ ӘЛЕГІ

«А» әліпбидің бірінші әрпі. Бірақ сол әріп тілбұзар болып шығады деп кім ойлаған? Әсіресе, көше атауында. Кісі

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

тегінің соңына жабысып алып, ер адамды әйел етіп жіберетін «тентектігі» бар екен.

Кейінгі ұрпақ қайдан білсін, мына көшедегі тақтайшаға қарап, Шәмшіні әйел адам екен деп қабылдауы әбден мүмкін ғой.

Әй, «А» әрпі-ай! Жабыспайтын жерің жоқ-ау...

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ АДАМДАРЫНА ҚҰРМЕТ

Кеңес дәуірінде Алматыда ақын-жазушылар мен өнер адамдарының сұлу көшелердің бойындағы сәулеті жарасқан көпқабатты үйлерде тұрып жатқанын көріп, «бұл елде шығармашылық адамдарына деген құрмет ерекше екен-ау!» деген түсінік қалыптастыратынбыз.

Қазір осы сияқты сәулетті даңғылдардың бойындағы ғажап үйлерде ұлт руханиятына үлес қосып жүрген зияткерлік меншік иелері емес, қалтасы қалың бай-манаптар мен депутаттар тұрады.

Осыдан-ақ бұл елдегі руханият пен шығармашылыққа деген көзқарастың қалай екенін өзіңіз-ақ бағамдай беріңіз.

БІЗДЕН ДЕ БІРЕР СӨЗ...

Аппарат мәжілісінде Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды облыстық мәдениет басқармасының басшысы мен аудан, қала әкімдеріне тапсырма бере тұрып: «мәдениет саласында Түркістан облысының өз бренді, өз ерекшелігі болуы керек!» деген жақсы бір ой айтып қалды. Ондағы меңзегені – туристік өңірге келген қонақтар мен саяхатшылар сахнадан «сөзі бір жақта, әуені екінші жақта» даңғаза шу кавер ән-сымақтарды тыңдап, көңілі құлазымай, дәстүрлі ән өнерінің, халық әуендерінің ғажап құпиясына тереңірек үңіліп, көне күйдің күмбірімен құлақ құрышын қандырса, сахна сөзі арқылы қазақ көркем тілінің мәйегіне қанығып, көрермен мәдениетіне сүйсініп қайтса, деген тілек-ниеті шығар деп ұқтық.

Расында да, музыкаға құмар шетел туристері этникалық шығармаларды, фольклорлық ән-әуендерді, халық әндері мен Қазақстан композиторларының академиялық туындыларын, халықтың поэтикалық өлең-жырларын, тұрмыстық билерін

тек Түркістан сахнасынан ғана тыңдауға әдейілеп келіп жатса, бір ғажап емес пе!

Ол үшін жұмысты неден бастаған жөн? Облыс әкімінің «осы бағытта жүйелі жоспар әзірлеп, нақты ұсыныстар беріңіздер» деген тілегін негізге ала отырып, бірді-екілі ұсынысымызды айтайық.

Мәдениет басқармасы жанында «Қазақконцерт» сипатындағы «Turkistanконцерт» сықылды арнайы бір бірлестік жұмыс істеуі керек сияқты. Онда шығармашылық саласында тәжірибесі мол кәсіпқой мамандардан құралған «Көркемдік кеңес» тұрақты түрде жұмыс істеп, сахна репертуарына жанашырлықпен мән беріп, концерттерге ұсынылып жатқан шығармаларды күнібұрын кәсіби сараптаудан өткізіп, жілік-жілігімен шағып қарап отыруы тиіс. Сахнаға тек «Көркемдік кеңестің» сараптауынан өтіп, бекітілген репертуар ғана ұсынылғаны жөн. Репертуарда қазіргі танымал эстрадалық шығармалармен қатар, этнографиялық ұлттық аспаптарымыздың сүйемелденуіндегі ұмыт бола бастаған халық әндері мен күйлерінің, қимыл-әрекетке толы ұлттық билеріміздің бірінші кезекте және міндетті түрде болуына мән берілуі тиіс.

«Басқарма тарапынан жас таланттарды табу жолында түрлі байқаулар ұйымдастырылсын!» – бұл да облыс әкімінің сол жиында айтқан тапсырмасы. Таланттарды іріктеуде фонограммамен дайын плюсовкаларды «шырқап», жүлде жағалап жүретін әуесқой әншілерге емес, домбыра, қобыз, сазсырнай, үскірік, шаңқобыз, дауылпаз, жетіген ойнай алатын өнерпаздарға басымдық берілуі тиіс. Бұл келешекте аз құрамды этнографиялық ұлт аспаптары ансамбльдерін құруға негіз болар еді. Таланттар – ауылда! Олар қалаға келе қоймайды. Сол үшін де, аз да болса, баспана мен жұмыспен қамту мәселесі шешімін табуы тиіс.

Ілгеріректе көптеген ел таланттарының ауызынан «мені пәленше дейтін халық әртісі, түгенше дейтін мәдениет қайраткері ауылдағы сахнадан көріп қалып, Алматыға оқуға жетелеп алып кетіп еді, енді міне, мынадай дәрежеге жеттім» деген сияқты естелік-сөздерін жиі естіп қалушы едік, осылайша кейін Түркістанды мақтан етіп айтып жүрер ел ішінен нағыз таланттарды іздеп тапсақ, мәдениет пен өнерге қосқан азғана үлесіміз болар еді. Бұл істе «пәлен жерде мен білетін

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

керемет қобызшы бар, түлен ауылдағы дауысы ана қырдан естілетін әншіні білемін» деп, бағыт-бағдар сілтейтін, әлеужеліде көбірек отыратын құлағы түрік, халық өнеріне жанашыр достарымыздың өздері-ақ көмек берер еді.

Қазір әлемде туристерді көбірек тарту үшін түрлі музыкалық фестивальдер, опен-эйрлер, этноконцерттер ұйымдастырып жататын өңірлер бар. Гастро, медицина, зиярат, спорт турларынан бөлек, арнайы музыкалық турларды да ұйымдастыратын компаниялар жетерлік. Бұл бағытта бізде Димаш қатысатын концерттерді, Түркістанда өтетін «Voice of Turan» ән фестивалін мысал етсек болады. Міне, осы сияқты, таяу келешекте Түркістанға туристерді толассыз тартатын этномузыка фестивальдері таза ауа аясында өз шымылдығын түріп жатса, ғажап емес пе!

Қалай десек те, біз, облыс әкімі айтқандай, «мәдениет саласындағы өз брендімізді» қалыптастырамыз десек, көне қаланы ешкімді қайталамайтындай этномузыка мекеніне айналдыра алсақ, тек осы ерекшелігімізбен ғана әлемге таныламыз ғой деп ойлаймыз.

Естеріңізде болса, бір жылдары «Ұлытау» этно-рок тобы АҚШ-қа барып, 86 елдің музыканттары қатысқан «DJOOKY Music Awards» байқауында Махамбеттің «Жұмыр қылышын» орындап, бірінші орынды қанжығалап қайтты. Сонда қазақтың қара домбырасы скрипка мен гитараға үйлесім тауып, дала рухын танытып, әлем музыканттарын таң қалдырып еді. Сол жолы ансамбль аспаптарының құрамында домбыра болмай, басқа бір аккордеон сияқты аспап болғанда, жүлде алар ма еді, алмас па еді...

Ендеше, этноәуен концерттері арқылы Тұран даласы әлемге танылар деген кәміл сенімде болайық! Бір жылдары Түркістан әлемге танылып, өзге ұлт пен ұлыс өкілдері көне қалаға келіп, домбыра мен қобыз үнін тыңдап қана қоймай, тастауық, шыңдауыл, жетіген, сыбызғы, адырна, желбуаз, сақпан сияқты ұлттық музыкалық аспаптарымызда ойнауды үйрену үшін арнайы курстарға таласа-тармаса жазылып жатса, қанеки!

ТҮРКИЯДАН СӨЙЛЕЙ БАСТАДЫҚ!

Алған мамандығына сай өз кәсібінің шебері атанып, елге танылып жатса, шәкірттерімізге сырттай риза болаты-

нымыз рас. Сол себепті дәрісханада берген білімнен бөлек, жайшылық уақытта студенттермен арадағы алшақтыққа жол бермеуге тырысамыз. Бірге шәй ішеміз, креативті кештерге бірге қатысамыз, бірге ән шырқаймыз. Осылайша жастардың немен тыныстайтынын көбірек білгіміз келеді. Арадағы барьер жойылған сайын олар да іштегі мүмкіндіктерін кеңірек ашып, болашақ кәсібінің қыр-сырына комплекссіз қаныға түседі.

Ал, дәрісханадағы талап бөлек. «2»-лікті немесе «3»-тікті не үшін алғанын олар жақсы түсінеді және сол бағаны жою үшін шығармашылық қабілетін барынша ашуға талпынады.

Студенттердің таным-қызығушылығына және сұранысына қарай, жұмыс берушілермен ақылдаса отырып, оқу жоспарына енгізіп алған «Интернет-журналистика және мобилография», «Бизнес-журналистика, SMM және PR», «Копирайтинг және мәтін стилистикасы», «Инфографика: деректерді визуализациялау», «Продюсерлік шеберлік және онлайн-видео» сияқты пәндерге олар қызыға қатысады және студиялық дәрістерде бойларындағы барлық қабілет-қарымдарын бүкпесіз ашып көрсетіп жатады. Ал, мұның тәжірибе ұштауға, құзырет қалыптастыруға тигізер септігі зор.

Лира Қоныс (АҚШ), Назира Байырбек (АҚШ), Батырхан Сәрсенхан («Егемен Қазақстан»), Азамат Жомартұлы («Қазақ радиосы»), Сандуғаш Баймаханқызы («Balapan» телеарнасы), Ғани Өтепбайұлы («Aqtobe» телеарнасы), Айгүл Сейілова («Егемен Қазақстан»), Жолдыбай Базар («Егемен Қазақстан»), Гүлжаз Қарыбек (Түркия), Шынар Досан (Ұлттық арна), Мөлдір Мырзақасым («Хабар»), Гүлмира Садықова («Қазақ үні»), Қанат Жүнісбеков («Ontustik» телеарнасы), Ерболат Айнабек («Оңтүстік Қазақстан»), Еркебұлан Қарашев (Түркия), Олжас Әбдіхалық (КТК)... санай берсек, еліміздің түкпір-түкпірінде ақпарат саласында қызмет етіп жүрген білікті шәкірттеріміз көп. Түлектердің бір шоғыры жергілікті «Turkistan» арнасында да тәжірибе ұштауда.

Міне, осында кәсіби дағды алып, тікелей эфир құпиясын меңгерген тағы бір шәкіртіміз Нұрдәулет Сыздық жақында ғана «Turkistan» арнасының Түркиядағы меншікті тілшісі

қызметіне кірісті. Қазір Нұрдәулет күнде кешкісін Стамбул қаласынан тікелей эфир арқылы толассыз ақпарат жеткізуде.

БІЗГЕ ДЕ КӨҢІЛ БӨЛІНЕР МЕ ЕКЕН?

Қазір Қазақстанда авторлардың құқын қорғаймын, шығармаларына өріс ашамын деп келісім-шартқа тұрып алған 10-нан астам Авторлар қоғамы бар. Бірақ олардан шығармашылық иелерінің қаржылай қолдау тауып отырғаны жоқ.

Өнебойы «заказда едім» деп тойдан қолдары босамайтын әншілер ғана рахатын көреді. Күнде кешке той қуалап біздің әндеріміз арқылы табыс тауып отырған әншілерге ғана жұмыс істейтін мұндай қоғамдардың бізге қажеті бар ма? Мысалы, композиторды алайық. Ән туғызады, әнге мәтінді ақынға ақша төлеп жаздыртады, ән өңдеушіге ақы төлейді, әншіге қаламақы ұстатады, өз әнін шырқату үшін әншіге, жол қаржысы, жатар орны, қаламақысы бар, тағы төлейді. Конкурсқа ән жолдаса, әнші тағы ақы сұрайды. Шығармашылық кеш өткізу үшін зал шығыны, телеарна насихаты, бәрі ән тудырушының қалтасында. Осы себепті, шығынға белшесінен батып отырған туынды авторларына мемлекет тарапынан қолдау көрсету жағын ойластыруымыз керек сияқты. Мәселен, жыл сайын Президент тарапынан шығармашылық иелеріне берілетін мемлекеттік стипендиялар мен гранттарды тек Астана мен Алматы маңындағы жасы ұлғайған танымал шығармашылық адамдарына ғана бөле бермей, белгілі бір мөлшерін өңірдегі таныла алмай жүрген орта буын өнер адамдарына да беру жағын қарастыру керек деп ойлаймын. Бұл олардың қаражаттан қысылмай, шығармашылықтарын ұштауына көмек болған болар еді

ТҮРЛІ-ТҮСТІ КЕШТЕР

ДӘСТҮРІМІЗГЕ ЕНІП БАРА МА?

Жастар тапжымай отырып қарайтын Tik-Tok-та, YouTube-та «Цветная вечеринка» дейтін бейнероликтер тізбегі пайда болды. Біз үшін тосын көрінген ойын-сауықтың мәнісі мынада: қызыл көйлек киген әлдебір топ (отбасы не сыныптастар) сол түстегі жемістерді қызыл табаққа салып ортаға алып шығады, жасыл көйлек киген топ жасыл түсті

көкөністерді сол түстес табаққа көркемдеп әсемдейді, сары түс, күлгін түс, қара түс... осылай түс артынан түс құбылып кете береді. Желігіп алған өзге топ смартфонға түсіріп, уылған-шуылған боп, осы «түрлі-түсті» керуенді шыңғырып қарсы алады.

Сосын бұл қайдан шыққан дәстүр екен деп ғаламторға үңілдік. Сөйтсек мұны ойлап тапқан біз өнебойы кінә артып отыратын Еуропа емес екен? Америка да емес, тіпті, Ресей де емес. Өзіміздің той-жиын ойлап тапқыш қазакем болып шықты. Санадық, күн сайын қаракөздер Tik-Tok-та осындай қызыл-жасылды 10-15 ролик жариялайтын көрінеді. Тіпті, әлдебір ролик 4,5 млн көрілім жинап та үлгерген. Барлығында шулап жүрген қазақтың қатын-қалаш, бала-шағасы. «Черный касса», «гэп» дегенді қойып, еріккен тойшылар осыған көшкен сыңайлы.

Бір өкініштісі, бұл үрдістің қаладағы кейбір мектептердің бастауыш сыныптарына, балабақшаларына көңілді кештің бір атрибуты ретінде ене бастауы болып тұр. Көкөніс пен жемісті, тәтті-құтты мен сусынды жеткізетін ата-ана. Баладан аясын ба, салық салған соң жеткізетін шығар. Тіпті, базардағы кейбір тігіншілер біріңғай түстегі сән гарнитураларына тапсырыс қабылдай бастаған көрінеді.

Ұлттық тағамдарымызды, жеңсік астарымызды табақтап алып шықса мейлі ғой, жоқ жерден клоунада жасау кімге керек болды екен, ә?

«Қызойнақ», «Квартирник» сияқты қаңсық дәстүрлермен күресіп жүргенімізде, сорлы басымыз енді мынаған тап болдық.

Қызыл-жасыл түске боянып, осы біз қайда барар екенбіз?

«МЫЛҚАУ» АВТОБУСТАР,

«СОҚЫР» АЯЛДАМАЛАР

Үлкен қалаларда қалаішілік жолаушы көлігіне мінсең, арнайы навигатор жүйесі арқылы қосылатын іштегі колонка тоқтаған аялдаманы да, келесі аялдаманы да хабарлап жатады. Адасып кетемін не түсетін аялдамамнан өтіп кетеді екенмін деп уайымдамайсың.

Ал, туристер жиі жолаушылайтын Түркістан автобу-

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

стары ауыздарын буып алған өгіздей үнсіз. Керек аялдамаңды шопырды түртіп қана сұрап білесің. Онда да сіркесі су көтермей отырса жауап беруі қиын.

Көп жерде аялдама аттары жазылмаған. Автобустан түскен жүргінші қаланың қай тұсына тап болғанын біле алмай, өтіп бара жатқан әлдебіреуден жөн сұрауға мәжбүр.

Осыдан бірер жыл бұрын автобус жүргізушілері бірыңғай форма киіп, жолаушыларға жылы қабақ таныта бастағанда, «мыналарға бірдеңенің салқыны тиген шығар» деп таң қалыса бастап едік, қазір солар баяғы қалыптарына түсіп, жыртық күпәйкелерін қайта киіп алған...

Санитарлық-техникалық ахуалы сын көтермейтін, креслолары жыртық-жамау күркілдек Газельдер маршрутта әлі жүр.

Автобустардың сигналы көрде жатқан адамды шошытып оятатындай ащы екенін бұрын бір жазғанбыз. Әсіресе, аялдамаға келіп тура түбіңнен сигнал бергенде, жаһаннамға жүріп кете жаздайсың.

Осы автобустар Түркістан қаласы әкімдігінің «Жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» кеңсесінің алдына барып, жақсылап тұрып бір сигнал берсе, бәлкім, ондағылар ұйқыларынан оянып, жоғарыда біз айтқан мәселелерді шешуге ынта білдіріп қалар...

ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫН ЖАТҚА ОҚИТЫН МЕКТЕП

Түркістан қаласындағы Төле би атындағы N19 мектептің оқушылары таң қалдырудан жалыққан емес. Басқа мектепті қайдам, дәл осы мектептің оқушыларының жаттау қабілеті мықты ма деп қалдым!

Бірер жыл бұрын «Оңтүстік Қазақстан» газеті ұйымдастырған «Жақсылар, дастан айтайын» облыстық жыршылар байқауында 10 сынып оқушысы Гүлжайна Елмұратова бас жүлде алып, ұстазы Майра Назарбековаға «темір тұлпар» сыйлап еді, көп ұзамай тағы бір 10 сынып оқушысы Назерке Нарзулла дастанды жатқа оқудан 1-орынға ие болып, абырой биігінен көрінді.

Ал, қазір 10 сынып оқушылары Райымбек Құрбан мен Нұрасыл Исман қара сөз бен өлең жаттаудан алдырына жан

салатын емес.

Райымбек – Абай атасының 45 қара сөзін түгелдей миына тоқып алса, Нұрасыл – Мағжан ақынның 100 өлеңін жатқа біледі! Бұл сынып жетекшісі Бота Қаниеваның табанды педагогтық жұмысының арқасы.

– Өзім әдебиетке өте құмармын, – дейді Бота. – Сондықтан, бүгінгі ұрпақтың да ел әдебиетін сүйіп оқығанын қалаймын. Өлең мен қара сөзді жатқа айтса, әйтеуір, санасында бір сәуле қалар деген ойдан туған әрекетім еді бұл. Сыныпта біраз бала, дәл мына екі баладай жатқа айтпаса да, осылай өлең мен жырға құмар.

Алдында сенбеген едім. Екі оқушыны алдыма шақырып алып, Абай қара сөздерінің кез келген жерін оқып, Райымбекке «жалғастыр!» деуім сол екен, жаңылмай зырғыта жөнелді.

Ал, Нұрасылға Мағжан ақынның жыр жинағынан көзіңе түскен кез келген өлең тақырыбын есіне салсаң, мәнермен саңқылдап жатқа оқып береді.

Шіркін, әдебиетке құмар осындай ұрпақтың өсіп келе жатқанына қуанасың! Мұндай көзі ашық, көңілі ояу оқушылар басқа мектептерден де кездесетін шығар. Тек оларға Ботадай жігері мықты, ерінбейтін бір-бір ұстаз керек-ау...

КӨШЕ МУЗЫКАНТТАРЫ: ТАНЫЛМАҒАН ТАЛАНТТАР

Әлдебір елдің әлдебір түкпірінде ауыл-қаланы аралап, ағаш қуыршақтарын ойнатып, халықтың көңілін аулайтын бір құйтақандай қыз болыпты деседі. Қойылым біткен кезде қалпағын созып көрермендерден асқазанына талғажу болар ақша жинайды екен. Бірақ тиын тастайтындар кем. Қыз мұңайып, басын төмен салып, ілбіп алаңнан шығып кететін. Өнеріне қол соққандар бұған аянышпен қарайтын.

Бір күні әлгі қыз қуыршақ ойнатып жүргенде, аштықтан басы айналып, көзі қарауытып құлап түседі. Басын тасқа соғып, сол жерде жан тапсырады. Мұны қойылымның бір бөлігі екен деп ойлап қалған жұрт риза болып қол соғады...

Ешкімі жоқ қыздың жерлеу рәсіміне бір де бір адам келмейді...

Егер сіз жол бойында гитара не сырнай тартып, өнер көрсетіп тұрған көше әртістерін көрсеңіз, ақша тастай кетіңіз.

Әрине, өнерді ақшаға сатып алуға болмас, бірақ өнерді аш қарынға жасауға болмайтынын біле жүргеніңіз абзал...

ЕСІМІМІЗ БІР, ТІЛЕГІМІЗ ДЕ БІР БОЛҒАЙ...

«Адам аспаннан түскенде Алланың аузымен өз есімін ала түседі» деген сөз бар. Ал исламда балаға мүбәрак есім беру басты шарттардың бірі.

Ілгеріде балаға ат қоюды қазақ ырымға балаған. Қазіргі ұрпақ ырымнан гөрі, дүниеге келген перзентіне жарасымды әрі әдемі есім беруді ойлайды.

Менің есімімді әкемнің қай мағынамен қойғаны есімде жоқ, ал өз өмірімде осы есімімді үш отбасы ырымдап, «сіздей болсын!» деп қалап қойғанын жақсы білемін.

Бірінші болып есіміме «құда түскен» — Кентаудағы сыйлас ағам, отбасылық қайырымдылық үйін ашып, тастанды балаларды бауырына басқан марқұм Ысқақ Жұмашев қария болатын. Ортаншы ұлы Нұржан мен Айсұлу келіннің көз қуанышы — немересі дүниеге келгенде атын Бекжігіт қойды. Өткенде сол бала үйленіп, тойын ерекшелеп дүркіреттік.

Екіншісі — ауылдасым марқұм Икрам аға. Ұлы Нұрлан перзентті болып, сүйікті жары Манзура қуаныштан жүрегі жарыла сүйінші сұрай перзентхана іргесіндегі досым Мырзанның кафесіне жүгіре кіріп келгенде, келіншегі Ажар үшеуіміз оңаша сырласып отырғанбыз. «Ойпыр-ай, Алланың шеберін қарашы, алдымнан кім болса да, жақсы бір адам шықсыншы, соның есімін немереме қояйын деп ырымдап едім, сенің мұнда отырғаның қандай жақсы болды! Рұқсатыңды бер, есіміңді қояйын!» деп, алақанын жайған. Кейін сол баланың тұсауын да өзім кесіп, бір жырғап қалғанбыз. Қазір ол баланың жасы 10-нан асты. Оқу озаты.

Үшіншісі — 5 жасар бала. Сыныптасым Мырзалының жиен немересі.

Осыдан 5 жыл бұрын ғой деймін, сол сыныптасымның үлкен қызы Гүлбану мен кіші қызым Айбала перзентханада бір палатаға қатар түседі. Гүлбану: «Құрбым, әкелеріміз сыныптас дос, ұл туса сенің папаңның есімін қояйын деп ырымдап жүруші едім. Құдай қаласа, ұлды болсам сол арманымды орындайын!» деп, жаңа туған нәрестенің атын Бекжігіт

қояды.

Қазір кішкентай Бекең жылқыға құмар. Ат жалынан түспей, көкпарға барып, аталарын қуантып жүр (бейнекөріністе қызыл-сары курткалы, ақ бөрікте жүрген сол).

Ал, мына суретке екеуміз жуырда болған сүндет тойында түстік.

Қалай десек те, кісі есімінің оның өміріне, тағдырына өз әсерін тигізетінін анық.

Сіздерде қалай? Есімдеріңізді қалап перзенттеріне қойғандар болды ма?

БАЛА ТІЛІНДЕГІ ӘН!

Шымкентте рухани сырлас, замандас Әміреқұл Әбуов тұрады. Жұбайы Клара екеуі қосыла ән шырқағанда дала әуені құлағыңа құйылып, тұла бойыңды шымырлататын әлдебір сезімнің жетегіне еріп кете барасың. Үнемі саулығыңды тілеп, сен байқамай қалсаң да, ана жақтан құшағын ала ұмтылатын аңғал достарым!

Әміреқұл Геннадий Головкиннің атышулы жекпе-жектерінде өнебойы Әнұранымызды жанды дауыспен шырқап тұратын Орынбасар Әбудің туған ағасы. Қазір Орекең Америкада, Нью-Йоркте тұрады. Еліміздегі түрлі ән байқауларының жеңімпазы, қазақ мәдениетін өзге елдерде насихаттап жүрген ұлтшыл азамат. Джаз бен афроамерикан фольклорын синкретті алып жүрген талантты жігіт.

Естеріңізде болса, әнші жігіт бізге «Қазақстан дауысы» мега-жобасы арқылы танылды. Өнер академиясын тамамдап, Астанада біраз сахна мәдениетін жинақтап алған соң, Америкаға оқу іздеп кетті. Қазір Нью-Йорктегі «The Magic of Nomads» тобының солісі. Оны мұхиттың арғы жағына жетелеп апарған джазға деген сүйіспеншілігі.

Қазір қандасымызды нью-йорктіктер ерекше жақсы көреді. Әр кеш сайын қонаққа шақырып, блюз, свинг сипатындағы эстрадалық композицияларын тыңдаудан жалықпайды.

Гена осы бір қазақ жігітін жанына жәй ертіп жүрген жоқ. Жаны да, қаны да қазақ Головкин қазақтың қайсар рухын рингке шыққан сайын құрметпен киіп шығар шапанымен емес, Әнұранымыз арқылы да әлемге танытпақ!

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Әмірекұл жұбайы екеуі немере сүйіп отыр. Құйтақандай Сейманұр 3 жаста. Тілі шыға қоймаса да әжесіне тартқан құймақұлақ. Менің «Неге, неге» деген әнімді кәдуілгідей заулатып отыр. «Ән өлмейді» деген осы шығар!

КҮЙДІ ҚҰЛАҚПЕН ЕМЕС, ШАПАЛАҚПЕН ТЫҢДАЙТЫНЫМЫЗ ӨКІНІШТІ...

Күйші Секен Тұрысбеков бір сұхбатында: «Қазір күйді құлақпен емес көзбен тыңдайтын деңгейге жеттік. Неғұрлым жылдам ойнаса, қуалап ойнаса, соғұрлым мықты екен деп ойлайтын болдық. Күйдің қасиеті оның тездігінде, жылдамдығында емес. Бұлай кете берсе күй өзінің болмысынан, табиғатынан, характерінен айырылып қалады» деп жан күйзелісін білдіріп еді.

Кеше бір концертте болып, жастардың күй ырғағына үнсіз бой балқытудың орнына, эстрадалық ән тыңдағандай шыңғыра қол шапалақтауын көріп, расында солай екен-ау деп ойланып қалдым.

Батыстан соққан «жел» жастарды күйді сабырмен тыңдаудан қалдырып, әйтеуір музыка атаулыға айғай басып, ысқыра ышқынып, жеңілтек қимылмен бас шұғауға апара жатқан сыңайлы.

Ән мен күй адам жанына жылылық әкелетінін, рухани шабыт сыйлайтынын, өмірге құштарлығын оятатынын сабырмен, салмақпен біртіндеп ұғындыруымыз керек сияқты.

Күй ырғағынан тыншу іздеген ортада жастарымыздың орынсыз делебе айғайы оларды дәстүрлі өнерімізден алыстаып бара жатқандай көрінді...

ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ!

Бір-бірін көптен көрмей сағынысқан түлектер 20, 30, 40 жылдық кездесулерінде алтын ұя — мектептеріне барып, 10 жыл білім берген аяулы ұстаздарына шама-шарқынша құрмет көрсетіп жатады. Мұндай ілтипат көбіне мұғалімді дастархан басына шақырып, шапан жабумен, ал әйел мұғалімдерге алтын алқа, күміс жүзік тағумен шектелетінін көріп те жүрміз. Кейбір ауыл жастары елді-мекенге кіре берісте арқа қойып, есте қаларлық бір ескерткіш қалдырып жатады.

Мына қасымда отырған кісі 40 жыл бойы Шорнақ мектебінде математикадан дәріс берген зейнеткер ұстаз Өтеген Әшенов. Білім беру ісінің үздігі осындай кездесудің бірінде шәкірттері сыйға тартқан жолдама арқылы Меккеге қажылыққа барып қайтты.

— Бұл мен үшін тосын бір сый болды, — деп еске алады жасы 90-ды алқымдаған қария. — Шәкірттерім «Ағай, Меккеге барып қайтыңыз!» деп қолыма жолдаманы ұстатқанда, шынымды айтайын, қатты толқыдым. Оның үстіне мұндай жауапты сапарға дайын да емес едім. Сөйтсе де, Аллаға шүкірлік етіп Қағбаны жеті айналып, зиярат етіп қайттым. Шәкірттеріме ризамын!

Кездесу кештерін тойып тамақ жеу мен арзан ойын-күлкіге ұластырар кей түлектерге бұл да бір ой салар мәселе екен...

Ал, сіз ше? Мектебіңізден, ондағы аяулы ұстаздарыңыздан хабар алдыңыз ба?

АВТОР ҚҰҚЫ ӘДІЛДІК БОЛҒАНДА ҒАНА САҚТАЛАДЫ

Шығармашылық адамдарының құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыру, заңға құрмет сезімін ояту – зияткерлік меншікті қадағалаушы барлық органдардың стратегиялық бағыттарының бірі.

Түркістан облысы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқықтары бөлімінің қызметкерлері Түркістан қаласындағы бір топ композиторлармен кездесті. Кездесу барысында зияткерлік меншік объектілерін қорғау, оның ішінде авторлық құқық және сабақтас құқықтарды ұжымдық басқару жайында ашық пікіралысу болып, шығармашыл зиялыларға заңнамалық түсіндірме берілді.

Атап айтқанда, авторлық құқық және сабақтас құқықтар мәселелеріне қатысты нормативті құжаттар таныстырылып, өзара сындарлы диалог жүргізілді, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және сақтау саласындағы өзара іс-қимыл мен тығыз ынтымақтастық туралы ортақ шешім қабылданды.

Композиторлар да көкейлерінде жүрген бірқатар мәселелерін ортаға салды.

1) Әндері радио мен телеарналарда айтылып, өнебойы

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

тойдан қолдары босамайтын әншілер композиторлардың әндері арқылы табыс тауып жүргенімен, қаламақыны ән туырушылардан артық алады.

2) Әнге сөз жазатын ақын да, әнін орындағысы келетін әнші де, ән өңдеуші музыка маманы да, әнбаян түсіретін режиссер де, телеарнадағы музыка операторы да, концерт ұйымдастырушы продюсер де, барлығы-барлығы, туындының жарыққа шығуына жұмсалатын шығынның қаражатын композитордан сұрайды. Ал, авторлар қоғамы ұстататын қаламақыға келгенде, бәріне үлес теңдей.

3) Жергілікті сахналарда шырқалып жататын авторлық әндерге қаламақы қарастырылмайды.

Міне, осы сияқты жайттарды бірлесе шешу – кездесудің негізгі түйіні болды.

«ТҰРАН ДАУЫСЫНЫҢ» ҮНІ АЛЫСҚА ЕСТІЛЕ БАСТАДЫ

«Алтын Орфей», «Юрмала», «Сопот», «Новая волна», «Азия дауысы», «Славян базары», «I am a Singer»... Енді осы тізімге Түркістандағы халықаралық «Voice of Turan» қазақ әндері байқауын да қосыңыз!

Ән байқауының бүгінгі ашылуы осының дәлелі. Танымал әншілер, әнқұмар орта, зиялы қауым... тебіренбей қайтқан адам болған жоқ!

Тебіренбей қайтсін? Қазақ әндерін Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Татарстан, Әзірбайжан, Польша, Черногория, Беларусь, Молдова, Грузия, Сербия, Қарашай-Шеркес, Бурятия, Македония, Болгария әншілері біздің ана тілімізде шырқап жатса...

Бұларға Нұржамал Үсенбаева, Медеу Арынбаев, Айгүл Қосанова, Маржан Арапбаева, Жанар Дұғалова, «Меломен» тобы, Рухия Байдуkenова сынды белгілі әншілеріміз жүп құрап, аншлаппен отырған көрерменге ғажап кеш сыйлады.

Халықаралық байқаудың өзге ән фестивальдерінен өзгешелігі — әншілердің тек қазақ музыкасы мен қазақстандық композиторлардың үздік шығармаларын орындауы. Қазақ әндерін әлемге насихаттау үшін бұдан асқан қандай жоба болмақ?!

Осы тұста әншілермен жеке-жеке сөйлесіп, оларды

конкурсқа іріктеп, репертуарын таңдап, әр әншінің харизмасын ойластырып, сахналық қойылымының режиссурасын жасаған, бар қажыр-қайратын қазақтың ұлттық ән өнерінің насихатына арнап жүрген Meirzhan Aliakbarovтың жанқиярлық еңбегіне бас иемей тұра алмайсың. Өзі тасада қалып, елдің алдына шығып көрінгісі келмегенімен, осы сияқты бірнеше жобалар ұсынып, өнерсүйер қауымның ықыласына бөленіп жүр.

Халықаралық байқау бүгін де жалғасады. Қатысушылар тағы да халық әндерін, қазақ әндерін шырқайды.

Қазақ әнін әлемнің айтулы ән бәйгелерінде оза шауып жүрген танымал әншілер нақышына келтіре шырқап жатса, одан асқан қандай бақыт болмақ!

Браво, Мейіржан!

Браво, Түркістан облысының мәдениет басқармасы!

ТҮРКІСТАНДА - ӘН МЕЙРАМЫ!

19-20 қазан күндері, екі күн бойы, кешкі сағат 19.00-де Конгресс-холлда Түркістан облыстық мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен, Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен Халықаралық «Voice of Turan» («Түран дауысы») қазақ әндері байқауы өтеді.

Ән мейрамында Қазақстан композиторларының ең таңдаулы шығармалары орындалады. Конкурсанттар түрлі халықаралық ән байқауларында эстрадалық ән өнерінде жетістікке жетіп жүрген Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Татарстан, Әзірбайжан, Польша, Черногория, Беларусь, Молдова, Грузия, Сербия, Қарашай-Шеркес, Бурятия, Македония, Бұлғария әншілері.

Конкурсқа қатысушылар екі шығарма орындайды: бірі қазақ композиторларының әндері, екіншісі елімізге танымал эстрада әншілерімен бірге орындайтын қазақ әндері.

Халықаралық байқауға шығармашылық интеллигенция өкілдері, танымал орындаушылар, композиторлар, продюсерлер төрелік етеді. Жеңімпаздар Гран-при, I, II, III дәрежелі лауреаттық Дипломдармен, түрлі номинация бойынша арнайы дипломдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталады.

Кеш қонақтары: Төлеген Мұхамеджанов, Нұржамал Үсенбаева, Медеу Арынбаев, Маржан Арапбаева, Айгүл

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Қосанова, Жанар Дугалова, Рухия Байдүкенова, «Меломен» тобы.

Айта кетейік, бұған дейін атаалмыш байқау 2 рет онлайн түрде өткен болатын. 2020 жылы Молдава әншісі Галина Шкода бас жүлдені жеңіп алса, 2021 жылы Бурят әншісі Цыден Еши Бимбаев Гран-при иегері атанған.

Бүгінде әнсүйер қауымның ықыласына бөленіп, қазақ әндерін шетелде насихаттап жүрген, 4 елдің үздік әншілерінен құрылған «Turan Boys» квартеті осы халықаралық ән байқауының төл перзенті.

«Көрген де арманда, көрмеген де арманда» деуші ме еді мұндайда? Ең бастысы, рухани азық алып қайтасыз! Келіңіз, көріңіз!

ҚАНАР ҚАПТАР ҚАЛА КӨРКІН БҰЗЫП ТҮР

Айналаң тап-таза болса, жерге ши тастауға қолың, түкіруге аузың бармай, лажсыздан қоқыс жәшігін іздеп кетесің. Ал, лас аймақта «әлі сыпырылмаған екен ғой» деп, пісте қабығын ойланбастан түкіре салғаныңды өзің де байқамай қаласың.

Кеше Қазығұрт селосында болып, көшелерінің мұнтаздай тазалығына таң қалып оралдық. Мұндай таза аймақта қоқыс тастамақ түгілі, умаждап қағаз лақтырғың да келмейді.

Өкінішке орай, бізде қала тұрғындарының басым бөлігі көшеде кетіп бара жатып, судан босаған пластмас шөлмегін шөптің арасына лақтыра салады. Не болмаса, көліктерінің айнасын сығалата ашып, темекі тұқылын сыртқа шертіп жібереді. Форточкадан пакет лақтыратындар да аз емес.

Көше бойлап келе жатсаң, үй іргесінде буылған қоқыс қаптарының күнге қақталып қалаулы тұрғанын байқайсың. Күндегі көрініс осы: қатар-қатар тізілген қанар қаптар...

Бір қарағанда, қоқыс жиыламайтын сияқты көрінеді. Шын мәнінде олай емес. Қоқыс тұрақты жиылып жатады. Тек тұрғындардың өз қақпаларының алдындағы тазалықтарына мән бермейтіні таң қалдырады.

Мәселен, қоқыс жиып алатын арнаулы көлік дүйсенбі аралап кетті делік. Көше тұрғындары қоқыс көлігінің енді ке-

лер дүйсенбіде бір-ақ келетінін біле тұра, сейсенбіден бастап буылған қаптарын жол бойына шығара бастайды. Осыдан барып апта бойы қалаулы тұрған қаптар мүлдем қоқыс жиылмайтындай иллюзия туғызады.

Егер көше тұрғындары қала тазалығына бейқам қарамай, қоқыс бумаларын сейсенбі емес, көлік келер күні, яғни дүйсенбі күні таңертең шығаратын болса, мұндай көрініс байқалмас еді.

Әлгі жоғарыда біз айтқан Қазығұртта осы жағы қатаң ескерілген сияқты. Көшенің таза болып көрінетіні содан.

Көршім, қақпаңның алдына қалап қойған қанар қаптарың қала көркін бұзып тұр деп ойламайсың ба?

ТҮРКІСТАНДАҒЫ ТАҒАМ ФЕСТИВАЛІ

Дәл қазір киелі шағардағы «Жібек жолы» саябағында қаладағы мейрамханалардың «Gastro fest» фестивалі өтіп жатыр.

Шеф-аспаздар көпшілікке ең таңдаулы ас мәзірлерін ұсынып, былайша айтқанда, өздерінің дәмді ас әзірлей алатын бәсекелес ас орны екенін дәлелдеуге тырысып, қасықтап дәм татқызып, дастархандарын жарнамауда.

Фестивальді ұйымдастырушылар тамашаны көруге келушілерді жалықтырмауды мақсат етіп, ду-думан ойын-сауықтармен, ән-жырмен, лотореямен қызықтырып, ғажап бір көңіл-күй сыйлауда.

Өкініштісі, фестиваль қазақ тілінде өтіп жатқанымен, сол баяғыша, баннерлер де, жарнамалық бағыттауыштар да, ас мәзірлері де түгел орыс тілінде.

ЖҰЛДЫЗ АУРУЫ «ЖҰДЫРЫҚ АУРУЫНА» ҰЛАСПАСА ЕКЕН

Әнші Төреғали Төреәлі бостандыққа шықты, деп хабарлайды Stan.kz ақпарат агенттігі.

Еске салайық, осыдан сәл бұрын «Көлсай көлдері» ұлттық саябағының аумағында Төлеш гидті соққыға жығып, бұл құқық бұзушылық Қылмыстық кодекстің 293-бабы «Бұзақылық» бойынша тіркеліп, өзін «Ұлы дала баласымын» деп жарнамалап жүрген әнші изоляторға уақытша қамауға алынған болатын.

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Осынау инцидент бойынша Алматы облысы Кеген аудандық сотының баспасөз қызметі «Алматы облысы Кеген аудандық сотының қаулысымен қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдіктінің Төреғали Әлихановқа қатысты «Бұзақылық» 293-бабының 1-бөлігі бойынша он миллион теңге сомасына кепіл түріндегі бұлтартпау шарасы тағайындалды», – деп хабарлады.

Елдің еркесі – Төлештің кепілпұл тігіп бостандыққа шыққаны жөн-ау. Бірақ, мына кепіл ақша оның 2-3 тойда ғана (бәлкім, екі тойда) «ойнап жүріп» табатын табысы ғой, қалтасын оншалықты ұра қоймас. Ақ болса кепілге тіккен ақшасын қайтарып алар. Дегенмен, жұдырық пен ауыз менікі екен деп тым еркінсі бергені жөн емес-ау деген түйткілді ой тұрады.

ҰЛТ ТҮЛҒАЛАРЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Үкімет қаулысымен Түркістан облысының білім беру ұйымдарына осы өңірдің тумалары - бір топ белгілі тұлғалардың есімдері берілді.

Шағада орын тепкен ✓13 мектеп театр сыншысы Әшірбек Сығай, Отырар ауданындағы мектеп пен Сауран ауданындағы мектеп Рахманқұл Бердібай, Кентау қаласындағы ✓3 мектеп пен Сауран ауданындағы мектеп Өзбекәлі Жәнібеков атындағы білім беру ұйымдары аталатын болды.

Бұлармен қатар Әл-Фарабидің, Абайдың, Төле бидің, Қазыбек бидің, Әйтеке бидің, Ахмет Байтұрсынұлының, Әлихан Бөкейханның, Жұмабек Тәшеновтің, Ыбырай Алтынсариннің, Майлықожа ақынның, Сабыр Рахимовтың, Садуақас Темірбековтің, Мәншүк Маметованың, Әлия Молдағұлованың, Мырзақадыр Нұрбаевтың, Қалаубек Тұрсынқұловтың, Егемқұл Тасанбаевтың, Төлепбек Назарбековтің есімдері де ұлықталды.

ҚҰДАША ҚЫЗЫМЫЗ МИСС КӘУСАР ЛОНДОНДА ТҰРАДЫ

Таңдайы тақылдап ағылшын тілінде жаңылмай сөйлейтін Кәусар дейтін кішкентай қыздың «Балапан» арнасында жүргізетін «Miss Kaussar» атты тіл үйрету

бағдарламасын көрмейтін жан жоқ шығар, сірә!

Жуырда осы пысықай қыздың Қызылорда қаласында тұратын нағашы атасы мен әжесі Ғалымжанмен және Кларамен құда болдық.

Кәусар «Болашақ» бағдарламасы бойынша Ұлыбританияда білім алып жүрген журналистер отбасы - «Хабар 24» пен «Қазақстан» ұлттық арнасының Лондоннан хабар жеткізетін тілшілері, ерлі-зайыпты Ғалымжан Бәйімбет пен Марина Бекенованың қызы. Қазір жасы 10-да. Екі ағасы мен бір інісі бар.

Кәусардың Лондонда тұрып жатқанына биыл 7-ші жыл. Осында балабақшаға барды, қазір мектепте. Екі жылда ағылшын тілін еркін сөйлейтін деңгейге жеткен. Өскен соң ағылшын тілінің мұғалімі болғысы келеді. Киім үлгілерін әзірлейтін фэшн-дизайн - айнымас хоббиі. Төл бағдарламасында киетін сұр пальтосы мен ақ телпегі өзі ойлап тапқан образы.

Жобаның авторы да, продюсері де, операторы да әкесі Ғалымжан Қараманұлы.

Жас өрендерге берері көп осындай бағдарламаны әзірлеп, эфирге шығарып жатқан «Балапан» арнасына алғыс айтамыз! Ал, құдаша қыз Кәусарға сәттілік тілейміз.

САЗ ДА ОРТАҚ, ӘН ДЕ ОРТАҚ...

Түркістанда Бекзат Саттарханов даңғылының бойындағы «Elif» («Көпшіл») кафесі қонақжай орын. Тамағы арзан болған соң ба, түс әлетінде түстенушілер көп. Кіре берістен түрік бауырлардың «Қош келдіңіз!», «Төрлетіңіз!» деген жылы сөздерін естисің.

Осында бауырмал қос елдің мәңгілік достығындай ұлттық музыка аспаптарымыз - Домбыра мен Саз сүйеуі тұр. Абай, Құрманғазы, Тәттімбет, Шәмші, Arif Sağ, Erdal Erzincan, Musa Eroglu, Neşat Ertaş сияқты екі елге ортақ тұлғалардың атадан мирас болған әуендерін төгілтіп тұрғандай.

Біз де қолымызға түрік Сазын алып, саусақ ұшымен шертіп байқадық. Ішектерінің құлақкүйін келтіруде аздаған айырмашылығы болмаса, құлаққа жұмсақ естілер қоңыр үні ортақ екен.

Қазақ-түрік бауырмалдығы ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса берсін!

МУБАРАКТАН ШАРШАҒАН ЖОҚСЫЗДАР МА?

Кейбір адамдар таңнан жуынбай ма, кофе ішпей ме, балабақшаға бала сүйремей ме, әйтеуір, Құдайдың құтты күні көздерін тырнап аша сап «Таңғы тілек» дейтін әр жерден көшіріп алған видеоларын ватцабыңа жолдаудан жалықпайды. Жұма сайын тыңқ ете қалатын «мүбәрәгі» тағы бар. Саған қажет пе, қажет емес пе, нәсият-өсиеттің де бірнешеуі келеді. 365 күн солай. Қалай жалықпайды? Телефоныңның жады толып, текке уақытыңды жоғалтып, әуре боп сағаттап өшіріп отырғаның.

КИНОНЫ «БОҚТАП ОТЫРЫП» КӨРЕТІН БОЛДЫҚ...

Сөз жоқ, қазақ киносы, мысықтабандап болса да, әлемдік экранға ұмтылып келеді. Кейінгі жылдары кассалық жиын жинаған бірқатар фильмдеріміз киносыншылар тарапынан жақсы баға алып жүр.

Өкінішке орай, түрлі продакшндердің жастарға арнап түсіріп жатқан комедиялық фильмдері осы жетістігімізге күйе жаға ма деп қорқамыз. Себебі, «күлдіреміз деп бүлдіретін» бірқатар сериалдар бейпіл сөз бен боқауыздан арылмай тұр. Бұған «Азартник», «Жездуха», «Қайрат», «Сержан братан», «Қайрат болма! Адам бол!», «Қайрат болма! Вандам бол!» сияқты сериалдар куә. Бұл көзімізге түскені ғана. Осы сияқты анайы фильмдер YouTube-ты ақтарсаң көз сүрінеді. Барлығында ыржаң күлкі, дүмбілез әуен, айыр тіл. Бір қызығы, сол фильмдерде мектеп жасындағы балалар да рөл сомдап жүр. (Бұған ата-аналары қалай көз жұма қараған?).

Диалогтарынан мысал келтіру мүмкін емес. Ұяты бар адам квн-мен танылған «актерлердің» тұрпайы сөздеріне беті шыдап тұра алмайды. Фильмнің режиссерлерінде титрдың басына +18 деген шектеу белгісін қойса болғаны, ойыңа келгенді түсіре беруге болады деген түсінік қалыптасқан сияқты.

– Бір жылдары арзан күлкі іздеген жастардың арасында мұндай сериалдардың өтімді болғаны рас, – дейді киноқұмар жастар, «сендер осындай фильмдерді көріп жүрсіңдер ме?» деген сауалымызға. – Қазір бұл тақырыптағы фильмдер көп

көрілім жинап жүрген жоқ.

Дегенмен, мұндай фильмдердің YouTube- тегі көрілімі 1,5 - 10 млн арасында.

Танымал режиссер Серік Таласов бір сұхбатында: «Кино – тәрбие құралы!» деп астын сызып тұрып айтып еді. Бұған алып-қосарымыз жоқ. Жас жеткіншектердің басым бөлігі жоғарыда аталған ұятсыз сериалдар жаулап алған YouTube желісінде күні-түні отыратынын ескерсек, ұрпақ тәрбиесі үшін мұны қаперден шығармай, мықтап ойлануымыз керек сияқты...

МЕДАЛЬДАН МЕЗІ БОЛҒАН ЖОҚПЫЗ БА?

Қазақ құдасын Құдайындай сылайды. Оған сөз жоқ. Құдалық өткізіп, «ас та төк» ас береді, китін кигізеді, жиған-тергенін шашып, барынша құрмет көрсетеді. Бірақ, құрмет еткеннің жөні осы екен деп, кейде шектен шығып кететініміз бар...

Алдымен жаңа босаға аттаған құдаларымыздың кеудесіне үлпілдек үкі тақтық, түрлі-түсті медальондар жапсырдық. Кейін алпыншақ-салпыншақ ленталы медальдарға көштік.

Қонақшыл әуейілігімізді білсе керек, әлдебір фирма енді арнайы төсбелгі шығара бастапты. Бағасы да арзан емес. «Бас құда», «Бас құдағи», «Құдалар» деген түрлері бар. Медаль шығарып бизнес жасау науқаны қызып тұрған шақта қоныштан басып, бір байып қалуды көксеген болса керек.

Жарайды, бұл медальді үш сағаттық құдалықта қызық үшін құдаларымыз кеудесіне жапсырар. Кейін қайтпек? Көшеде де тағып жүре ме?

Алда «Құда» ордені шығып, сыралғы ескі құдамызға куәлігімен қоса тапсырып жатсақ, таң қала қоймаспыз...

Құдалар үшін ыстық ілтипат, ақ жүректен ақтарылған сый-құрметтен асқан қандай марапат болмақ!

ДИДАРМЕН ДИДАРҒАЙЫП...

Жанымда отырған мына жігіт Астананың түбіндегі Қосшы қаласында тұрады. Есімі Дидар. Өскеменнің тумасы. Көп нәрсеге әуес.

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Экзотикаға құмар шетелден келген туристерді Сарыарқаның төсінде делебесін қоздыра желмен жарыстыратын сәйгүліктер бағады. Бүгін Астана маңындағы орманның таза ауасымен тыныстап, арғымақ мініп айналаны бақылап қыдырыстамаққа Норвегиядан бір топ туристер келіп жатыр екен. Қазақ жылқысының адам жатырқамас «қонақжай мінезіне» таң қалысып жатыр.

— Мектепте негізгі жұмысым бар. Қол боста осылай шағын кәсіпкерлікпен айналысамын. Атқа қонған адам кейде желігіп, сауырға қамшы басып тыңдамай шаба жөнелетіні болады. Сондықтан майып болып қалмасын деп өнебойы жанында нұсқаушы болып қабаттаса желіп жүруге тура келеді. Мұнда көбіне атқа бірінші рет мініп жатқан туристер келеді. Мырзалық танытып шетел валютасын тастап кететіндері де аз емес.

Дидар бұл әуесқойлығынан бөлек Ермахан Шайхы ағасы сияқты әліпбидің әр әрпін қуалап әңгіме жазуға құмар екен. Тек «Т» әрпінен құраған әңгімесінің өзі 670 сөзге жетіпті! Әлі де жалғастыра жазсам ба деп отыр. Менің Түркістаннан екенімді біліп, «О, «Т»-ға тұздық болар жаңа тақырып табылды ғой!» деп күлді.

— Дәл осы кәсібімді Түркістанда дамытсам ғой, — деп, Дидар ішкі есебін де айтып қалды. — Сіздерге туристер жиі келеді. Әрі тамашалайтын жер де көп. Тек осы экотуризм саласын ұқсататын қызығушы адамдарыңыз жоқ сияқты.

Дидар сияқты қазақтың атқұмар азаматтары аман тұрғанда, дала төсін кеудені ашып тастап әлі талай құйғыта шабармыз...

ӨЗГЕРІС КЕРЕК! ӨЗГЕРГЕН ҚАЛАУЛЫЛАР КЕРЕК!

Біраз азаматтардың әлеуметтік желіге суреттерін жүктеп жатқанына қарағанда, депутаттыққа үміткерлер үшін сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары басталып кеткен сыңайлы.

Бүгінгі сайлаушы бұрынғы сайлаушы емес, «маған бәрібір, әйтеуір біреуі өтер» деп пештің түбінде тонын бүркеніп, теріс қарап жатқан жоқ. Көңілдері алаң. Газет ақтарады, ауладағы көрші-қолаңның әңгімесіне құлақ түреді.

Кімдердің саяси науқанға түсіп жатқанын білгісі келеді. Үгіт жұмысында да, дауыс беру жүйесінде де өзгерістің болғанын қалайды және солай болады деп сенеді. Себебі, олар ел Президентімен бірге Жаңа Қазақстанды құруға бейіл!

Дәл осылай ел ұйқыдан сергек оянып жатқанда, базбір үміткерлеріміз осыдан бес жыл бұрынғы сандық түбінде жатқан шаблон-бағдарламаларын қайта алып, шаңын қағып жіберіп, өңдеп ұсынып, сайлаушы сенімін жоғалтып алмаса екен дейсің.

Әсіресе, сайлау күні сайлау учаскелерінде «таза сайлауды» қамтамасыз етуі тиіс, жергілікті билік сенім артқан тегім мүшелері адал қызмет етуі тиіс.

Егер сайлау таза өтсе, ел үгіт кезінде ғана көрініп, кейін мүлдем жоғалып кетер, жұрт қамынан гөрі қарақан басының қамын көбірек күйттер «незаменимый» мансап құмарлармен мүлдем қош айтыспақ. Сындарлы әрі креативті ойы бар, өңірдің дамуына үлес қосар жаңа, білікті де білімді тұлғаларды сайлап алғысы келеді. «Оның байлығына, беделіне, ана-а-аужақта «көкесінің» бар екеніне қарамаймыз, ең бастысы адал, халыққа жақын, артына сөз ермеген, тек елі үшін қызмет ететін мемлекетшіл, отаншыл жан болса екен» деп үміт артады.

Ауыл жаққа барсаң, көнекөз қариялар: «Биылғы үміткерлер қалай өзі? Сол баяғыдай бірінен соң бірі келіп, «маған дауыс беріңдер» деп ауыл атқамінерлерінің қолына «дауыспұлдарын» ұстатып, ұн, қант, күріш тарқатып кете ме? Әлде ұйыған елдің ішіне іріткі салып, ру-руға, жік-жікке бөліп жоғала ма? Мына тозығы жеткен ауылды көркейтуге бірлесе, білек сыбана кіріспей ме, түге!» деп отыр. Күптігей көңілдеріне сабыр беріп, үміттерін үзгілері келмейді ғой абыз жандардың.

Осындайда топ-тобымен жүрген үміткерлер қаланы айналып шиырлай бермей, сол ауыл-ауылға барып, елдің мұң-мұқтажын, ауыл ақсақалдарының нәсият сөздерін көбірек тыңдаса екен дейсің.

Тағы бір айтарымыз: үміткерлер бір-бірінің көңілдеріне тимей, ниеттес, тілектес пейілмен үгіт жүргізсе! Ертең науқан біткен соң қимас ағайындай қайта жүз көрісіп, ортақ тірлікке бірге ұмтылатынын ұмытпағандары ләзім.

Айта берсек, идеология саласында да, рухани-

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

ят бағытында да, әлеуметтік жүйеде де тікелей депутат араласып шешуі тиіс қордаланып қалған мәселелер көп. Сайлаушыларының алдына «күш саламын, ықпал етемін, үлесімді қосамын, жоғарыға жеткіземін» деген екіұшты сөздермен емес, мәселенің шешімін нақты ұсына алатындай мақсат қойып диалогқа келсе деген ниет бар.

Дана Абай 22-ші қара сөзінде «Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ» деп еді. Таза сайлау жасайықшы, ағайын!

БОЛМЫСЫ БӨЛЕК БОЗІНГЕН КҮЙШІ

Әлімбек Қонысбеков Күнгей мен Теріскей өңірінің күйшілік мектебі мен дәстүрлі ән өнерін қабат алып жүрген шоқтығы биік бірегей тумаларының бірі. Қарт Қаратау баурайының ән өнері, күй өнері дегенде алдымен ауызға түсетіні осы салалардың бұлақ-бастауында тұрған Әлекең сияқты сирек таланттар. Қолына қара домбыраны ұстағанда оны бірде дүлей дауыл жерден көтеріп әкетіп, күй біткенше аспандата шарықтатып отырғандай, енді бірде Сарыарқаның салқын самалы баяу тербетіп, сабаңа түсіріп, мұңсыз бір қиялға жетелейтіндей көрінеді. Жанына байланып, айрықша сезімге бөленіп, жадау тартып отыра бересің. Ол күйді айрықша бір шабытпен нұрланып тартады. Оның домбыра шертісі біз білетін бұрынғы-соңғы күйшілердің бірде-бірінікіне ұқсамайды. Өнердің ең үлкен ерекшелігі де сол ұқсамауда. Ешкімге ұқсамағандығынан да ел-жұрт Әлекең дереу көңіл бөледі. Көп күйшінің ішінен ол жарқ етіп жаңаша, оқшау көрінді. Содан да болар, өнерінің де, өзінің де бағы жанды.

«Эстраданың экспанциясына елітіп алған жастардың ендігі жерде халықтық музыканың колоритін, оның белгілі тұлғаларын біле қоюы немесе түсіне салуы екіталай шығар» деген пікірмен намыс қажай сұхбаттасқанымызда, Әлекең қазақтың халықтық ән дәстүрі, оның ішінде Оңтүстік Қазақстан, турасын айтсақ, Сүгірдің күйшілік мектебі бағытында ұзақ-сонар әңгіме бастайтын. Бастайтын да, қазақтың дәстүрлі күйлерін, Қаратау шертпелерін орындаушылардың қатары жылдан-жылаға сиреп бара жатқанына «аһ» ұра мұңаятын. Өздерінің соңынан енді қандай жастар шығып, орнын басады деген дұдамал пікір

еңсесін басатын.

Жалпы, Әлекеңнің бұл өнерге келуі үлкен бір жетістік болды. Тіпті, сол кезде ұлттық консерваторияның өзінде қазақтың дәстүрлі күйлерін орындайтын мамандар әзірлейтін мамандық жоқ болатын. Міне, осы тұста Әлекең сияқты ел ішінен қайнап шыққан тума таланттар сол олқы тұстың орнын басты. Әлекеңнің негізгі үлкен еңбегі Сүгір шығармашылығын жаңаша бағытта қайта тірілтуінде еді. Терісей өңірін айтпағанда, сол тұстағы Қаратауды мекендеген өнерпаздардың дені Сүгірдің күйлеріне еліктеп өсті. Егер Ергентай, Самар сияқты күйші ағаларына ілесе жүріп, Әлімбек Кентау қаласына келіп, Сүгір шығармаларын халық аспаптар оркестріне түсіріп, бүкіл Қаратау өңіріне жаймағанда, мүмкін Сүгір де сол Созақ өңірінің төңірегінен аспай, жай ғана халық жадындағы көп күйшілердің бірі болып қалған болар ма еді, кім білсін? Сүгірдің машығындай бипаз да майда қоңыр күйлері бар салмақты өнерпазды табиғаттың өзі бізге сыйға тартуы тегіннен тегін болмаса керек. Былайша айтқанда, Әлекеңді Сүгір шығармашылығының жаңа ғасырдағы жаңа жалғасы деп айтсақ та болады. Дәстүрлі күй өнерін халқына сіңіріп, мектебін қалыптастырып кеткен осы өңірдің тумалары Генерал Асқаровты, Төлеген Момбековты, Ергентай Борсабаевты, Самар Сүйіндіковты айтпағанда, кешегі Құманғазы мен Тәттімбет бастаған күйшілер шоғыры біздің ұлттық өнеріміздің мақтанышы.

Әлімбек шертпе күйді орындаушылардың хас шебері ғана емес, өзі де әдемі күйлерімен елді тамсантаып жүрген күйші-композитор да. Оның ересек орындаушыларға арналған «Ана құдіреті», «Өттің дәурен», «Жігер», «Бірлік басы – Ордабасы», «Наурыз», «Аңсар», «Сейдолла сарыны», «Шаттық» күйлері, балаларға арналған «Ақ тайлақ», «Алақай», «Көксерек», «Ақша қар», «Ортеке», «Қошақан» сияқты 40-қа жуық күйлері мен күй-толғау, күй-поэмалары бүгінде саз мектептері мен лицейлерінің репертуарынан берік орын алған. Кейінгі жылдары Әлекең халық қайнарынан бастау алған әдемі лирикалық әндер де жазып жүр. «Сен бар жерде» (с. Ж.Егінбаевтікі), «Алыста жүрген бауырлар» (с. Ұ.Қонысбекованікі), «Аяулы ана» (с. Б.Оспановтікі), «Өзің едің» (с. Р.Балабиевтікі), «Майдангер жыры» (с. Е.Байтудікі) сияқты 20-ға тарта әндері осының

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

айғағы. Зайыбы Ұлтуар да көмейіне бұлбұл қонған тамаша әнші. Әлекеңнің көптеген әндеріне қазір осы Ұлтуар сөздер жазып жүр. Ұлдары Сұлтанбек, Өмірбек, Мейрамбектер де әке жолын қуып, оңтүстік өңіріне белгілі өнерлі өрендерге айналған.

Ә.Қонысбеков 1947 жылы дүниеге келген Өзбекстан Республикасы Әндіжан облысының тумасы. Әкесі Қонысбек Тұрсынбекұлы Созақтың мұсылман медресесінде білім алған зиялы азамат. Голощекиннің солақай саясаты малын, дүниесін кәмпескелетіп, Сібірге айдатып жіберген Әлекеңнің тума-туыстары да теперіш көріп, қиналған жұртпен бірге ауа көшіп, 30 жылдай Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстанда бас паналауға мәжбүр болды. Ұлы Отан соғысы басталғанда әкесі әскерге аттанып, екі рет ауыр жараланып, көрсеткен ерлігі үшін ІІІ-дәрежелі «Даңқ» орденімен, бірнеше ерлік медальдарымен марапатталған.

Оңтүстік өңіріне «Қонысбековтер отбасылық ансамблінің» көркемдік жетекшісі ретінде танымал Әлекең Асанәлі Әшімов, Райымбек Сейтметов білім алған Алтынсарин мектебінің түлегі. П.И.Чайковский атындағы саз училищесін, Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваторияны бітірген. Ұзақ жылдар Кентау қаласындағы №1 балалар саз мектебінің халық аспаптар бөліміне жетекшілік етті. Облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында бөлім меңгерді. ҚР білім беру ісінің үздігі, жоғары дәрежелі мұғалім, кезінде «халық оркестрі» атанған Кеншілер мәдениет сарайы халық аспаптары оркестрін ұйымдастырушылардың бірі. ІІ-ші және ІІІ-ші халықтар шығармашылығы фестивальдерінің лауреаты.

Ә.Қонысбековтың күйшілік мектебі – халықтық өнеріміздің мақта-нышы. Оның күй шерту, ән шығару үлгілері шеберлігі жағынан да, тақырып-тық-мағыналық маңыздылығы жағынан да үйренуге, насихаттауға лайық.

Қолыңыздағы кітапқа әуесқой күйші-композитор Әлімбек Қонысбековтың аспаптық музыкалық шығармалары, танымал күйлері мен әндері, Әлекеңді құрмет тұтар замандастарының естелік-сырлары топтастырылып отыр. Жинақ мектептің ән-күй мамандарына, күйге әуес жоо-ның студент жастарына, жалпы көпшілік өнер сүйер қауымға арналған.

“ШЫН ӘНШІ БОЛСАҢ ХАЛЫҚ ӨЗІ-АҚ ШАПАЛАҚ ҰРАДЫ”

Өзіміз де өнерге біртабан жақын болған соң ба, қазақ дәстүрлі ән өнерінің қазіргі халі көптен алаңдатып жүретін. Эстраданың экспанциясына елітіп алған жастардың ендігі жерде халықтық музыканың колоритін түсіне қояы екіталай шығар деген пікірге бой ұра бастағанбыз. Осы бір күдікті ойды Арқа мен батыс әндерін егіз айтып, Алматыдан Түркістанға табан тіреген әйгілі әнші Қажыбек Бекбосын бұзды. Осындағы қазақ-түрік университетінде дәстүрлі ән өнері кафедрасын ашып, арнайы класста шәкірт баулып жүрген әнші аға бүгінде қоңыр домбырасын үкілеп сахнаға шыға келгенде жастар жағы дүркірете қол соғып, қайта-қайта ән сұрап қолқалап жібермейтін болып алды. Қазір Түркістанда Қажыбек әншісіз концерт өтпейді.

Анықтама:

Қажыбек Бекбосын 60-жылдардағы Алматыдағы эстрада-цирк колледжінің түлегі. Сол кездегі Мәдениет министрі Ілияс Омаровтың бұйрығымен 2004 жылға дейін 29 жыл бойы «Қазақконцертте» орындаушы әртіс бодып қызмет етеді. 8 жыл Құрманғазы оркестрінде әнші болады. Әйгілі Қыздар педагогикалық институтында 6 жыл мұғалімдік қызмет атқарады. 2 жыл консерваторияда ұстаздық етеді. 2004 жылдан бастап Түркістан қаласындағы қазақ-түрік университетіне сол оқу орнының ректоры Серік Пірәлиевтің, қазақ дәстүрлі ән өнерінің жанашыры Рақманқұл Бердібайдың, театр саңлағы Райымбек Сейтметовтің шақыруымен дәстүрлі ән өнері кафедрасына меңгерушілік етуде.

— Қазір ән де көп, әнші де көп, — дейді Қажыбек аға. — Бірақ басым көпшілігі біздің ұлттық ән емес. Бірғағында да, иірімінде де шығыс пен латынамерикандық бір даңғаза екпін басым. Бұл ұлтты жаулаудың «мәдени» түрі. Тілінен, әдет-ғұрпынан, әнінен жаңылған елді билеу оңай. Басқалардың бізге жүргізіп отырған жымысқы саясаты осы. Мұны ұғар әуесқой әншіні де, кәсіпқой музыкантты да әзірге байқай алмай отырмын. Музыкант гитара арқалап сахнаға шыққанына мәз, әнші клип қуалап әуре. Бұған қарсы мемлекетіміздің тарапынан жасалып жатқан нақты іс-шаралар да байқалмайды.

Маған дәстүрлі ән өнерін насихаттаушы ретінде күнделікті күн тәртібінен түспейтін дәстүрлі өнерді

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

дәріптейтін бір орта қажет болды. Менің Түркістанға келуімнің себебі де осы. Мұнда қаймағы бұзылмаған дәстүр бар, тілі таза жастар бар, ең бастысы, өнерді қадірлер орта бар.

Дәстүрлі өнерді бүгін насихаттамасақ, руханиятты бүгін көтермесек, ертең кеш қалатынымыз ақиқат. Мұны бүгін қоя тұрайық, ертең үйретіп аламыз деу үлкен қателік. Кенеуі кеткен экономикамызды қаржының күшімен орнына келтірерміз-ау, бірақ дәстүрлі өнердің арқауы бір үзілгеннен кейін оны қайта қалпына келтіремін деу бекершілік. Қазір бізде сауатты тыңдаушы жоқ. Эстрадалық әнге елітіп алған ел домбыра үні естілісімен залдан шығып кете барады. Бұған бір жағынан олар кінәлі емес те. Концерттік бағдарламаны бір жақты әзірлейтін ұйымдастырушылар оларды осыған үйретіп алған. Тыңдаушыларымызда өре жоқ дейтінім содан.

Біз бала күнімізден Жүсіпбек Елебековтерді тыңдап өстік. Сарыарқаның саңлақ өнерін сарымайдай сақтап ұрпаққа жеткізіп отырған Жүсекеңдерді сол кездегі ауылдағы қарапайым, бірақ зердесі зерек шалдар сынап отыратын. «Қап әттеген-ай, мына жері былай еді ғой, ана жерін бұзып айтты ғой» деп күйіп-пісетін. Бұл дегеніміз сол кездегі тыңдаушының өнерге деген өресінің биіктігін білдіреді.

Қазіргі тыңдаушылар Қайрат пен Қаламқасты былай қойғанда, Ғарифолла мен Жәнібектің кім болғанын жете біле бермейді. Есесіне шетел әншілерінің өмірін, олардың жеке махаббат хикаяларын жаттап алған. Қазақ ән өнерінің тарихын білмейтін адамнан қандай тыңдаушы шығады? Біздің бағамызды ашатын да, абырой мен атақты беретін де өрелі тыңдаушы емес пе? Тек әніміз арқылы ғана халқымызға ардақтымыз. Басқа түгіміз жоқ. Жоғарыда айттық қой, қазір тобырлық санаға қызмет ететін рухсыз, мазмұнсыз даңғазәуендер етек алды. Күнде де, түнде де солардың билігі жүріп тұр. Гитлер соғыс ашардан бұрын он шақты жыл бойы басқыншылық рухтағы марштармен күллі неміс халқын үзбей сусындатып отырған. Музыка арқылы адам санасын жаулаудың үлгісін әйгілі британдық “Битлз” тобы да дәлелдеп кетті. Біздің де бойымыздағы қанымызды қоздырып, рухымызды тік турғызатын осы дәстүрлі өнеріміз.

Мен туып-өскен жер Талдықорғандағы Қапал ауданы. Ал рухани ұстазым Ғарекеннің туып-өскен жері сонау Батыс

Қазақстан облысы. Екі ортамыз тура үш мың шақырым. Ән айту мектептеріміз де бөлек. Бірақ екеумізді табыстырған кәдімгі радио. Ол кезде әр ауылдың ортасында бағана басында репродуктор саңқылдап тұратын. Оның үні ауылдың ана басынан мына басына анық естілетін. Радиодан Ғарекең ән салса бітті, менде ес қалмайтын. Ішімнен оның әуенін, үнін қайталауға тырысатынмын. Өте ұялшақ болдым. Дауысым бар екенін білсем де, ел алдына шығып ән салудан қашатынмын. Тауға шөп шабуға барғанда, айдала, апшақ қарда, ешкім жоқ жерде ән саламын. Іштей рахаттанамын. Мұнымды сезіп жүрген шөпшілер: «Әй, Қажыбек, шөпті қайтесің. Одан да сен бізге өн салып бер. Біз саған шөпті өзіміз-ақ тиеп береміз», — деп қолқалайды. “Шөпті өздері салып берсе несіне қиналайын” деп іркілмей өзім жаттап алған татар әні «Ғалиябануды» әуелете жөнелемін. Менің даусым ауылдағы ағайындарға да естіліп тұрады екен...

Кейде көрерменді аяймын. Қанша ақшасын билетке қиып залға барады. Ал әртіс ернін жыбырлатып жүреді. Мүше-мүшесін көрсетіп билейді. Ақымақ болған халық циркте отырғандай қарап отырады. Одан да жүз жиырма теңгеге сол әншінің кассетасын базардан сатып алып, үйінде жат-ып тыңдай бермей ме? «Аңқау елге арамза молда» деген осы. Елдің көзін байлап, ақымақ еткенімен тұрмай, сол әншілердің қайта-қайта білегін ұрғылап залдан алақан шапалақтауды сұрайтынын қайтерсің. Шын әнші болсаң халық өзі-ақ шапалақ ұрады. Сұрап алған шапалақ сұлу қыздың бетіңді дуылдатқанымен бірдей...

Міне, Қажыбек әнші тағы да сахнаға шықты. Көпшіліктің сахнадан жібермей қолқалауымен екі-үш ән айтты. Шапалақ тоқтайтын емес. Бұл қазақ дәстүрлі ән өнеріне сусаған елдің сағына соққан шапалағы екені даусыз...

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ҚАЛАЙ ТОЙЛАП ЖҮРМІЗ?

Григорян күнтізбесімен келетін қаңтардың 1-і де Жаңа жыл, күн мен түн теңелер наурыздың 22-сі де Жаңа жыл. Сонда біз Жаңа жылды жылына екі мәрте тойлайтын болып отырмыз. Жарайды, тойдың көп болғаны жақсы, бірақ екі жаңа жылды мерекелеуді ұйымдастыруда екі түрлі көзқарас

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

қалыптасып қалған жоқ па екен деген күдік ұялайды кейде көкейде.

Мәселен, Санта Клаустың жаңа жылында алдын ала екі апта бұрын (үлкен қалаларда тіпті бір ай бұрын) алаңға жасыл шырша орнатыып, қала біткен шыны ойыншықтармен, қызыл мұрынды әкейдің сұлба-суреттерімен безендіріліп, базар біткен тарсылдақтар мен торсылдақтарға толып, барлық мекемелер алпыншақ-салпыншақтары мен қағаздан қиған ақ ұлпаларын есік-терезелеріне жапсырып әуреге түсіп жатқаны. Көше біткен жап-жарық, әйтеуір, бір жақсы мейрамның келе жатқанын іштей сезінесің. “Ойбай, киіз үй тігеміз, ақша жинаңдар, үйден кебеже-сандық, түлкі тұмақ, кесеқап ала келіңдер, жейтін бауырсақтарыңды да ұмытпаңдар” деп жатқан ешкім жоқ.

Жалпы, мереке деген халықтың қызықтай жүріп демалуына жасалған қажетті шаралар жиынтығы ғой. Мерекеде бақылаушы болмайды, бәрі де қызықтаушылар. Бізде – Наурыз тойы қалай өтеді? 22-сіне екі-ақ күн қалғанда жоғарыдан апай-топай тапсырма келеді: қайдан тапса оннан тапсын, әр мекеме бір-бір киіз үй тіксің, ішін ескі жабдықтармен толтырсын, қазан көтерсің, арнаулы комиссияны күтіп алсын, жүлде бар! Ал, содан алашапқын басталады! Дайын тұрған киіз үй кімде бар дейсің?! Оны пәлен теңгеге жалға алады (киіз үйі бар кейбір пысықайлар оны бір сиырдың құнына жалға береді екен деген әңгіме бар). Үйме-үй тентіреп, біреуден келі, біреуден келсап жинап, ішін толтырады. Салық салып күрішін, ақша жинап пүлішін алып, дастархан жаяды. Әнші-әуенші де, ыдыс-табақ та, қазан-ошақ та, аспаз да, бәрі-бәрі жалданып келеді. Осының барлығы белгілі бір топтың тамашалауына, солардың игілігіне ғана әзірленеді. Үй аралап олар келіп-кетпейінше не есік, не қазан ашылмайды. Тек сығалай қарауға, сырттай бақылап өтуге ғана мұрсатың бар. Комиссия да лек-легімен жүреді: бірі қонақжай, бірі қатал сыншы. Осыған қарап қазіргі Наурыз оны ұйымдастырушылар мен комиссияның ғана игілігіне айналып отыр ма деген күдік ұялайды. Наурыздың басталуы да, бітуі де тез. Күн көтеріле дабыл қаққан той түске дейін шолтаң ете қалады. Түстен кейін алаңнан бірде-бір киіз үйді таппайсың. Тек шашылған қоқыс қана қалады. Екі күн бойы үй күзетіп әбден шаршаған шаруа жігіттер отауды тезірек жығып, үйлеріне қайтқанша асығады

(олардың да мерекелеуге қақысы бар шығар?!). Қысқасы, бұл күні демалушы да, демалысты ұйымдастырушы да сілікпесі шығып әбден шаршайды. “Бұйткен Наурызы құрысын, үйде шырша құрып, отбасыңмен түнгі 12-ні күткен рахат екен-ау!” деп елдің қажитыны содан.

Сонда төл мерекеміз Наурызды жарқылдата тойлауға не кедергі, неден кемістік жібердік? Рас, әу баста елді алаңға шерулетіп шығару дәстүрі болды. Ол көпті қызықтырғанымен, оған арнайы сахна шеберлері қатыспай, мекемелер тартылғандықтан, әрі ол көп шығын мен кәсіпқой ұйымдастыру күшін қажет ететіндіктен аяғы құрдымға кетті. Кейін әрбір мекемені міндеттеп жүріп киіз үй тігуді шығардық та, жұрт санаулы өнерпаздардың өнерін қызықтаумен тарқайтын болды. Ал мобильдік киіз үй (тез тігіліп-жиналатын) ат төбеліндей адамдардың сайраны мен ішіп-жеу ордасына айналды. Сырттай бақылайтын қарапайым жұрттың әлгі есігін аспаз келіншек күзеткен “наурызотауларға” деген алакөздігі пайда болды. Отауды тігіп-жығу мен күйелеш-күйелеш болып көшеде көже пісірудің ешкімге рахат сыйламайтынына көптің көзі жетті. Бұған өзге этностар түгілі қазақтардың өздері жатсына, мысқылдай қарайтын халге жетті. Бұл айтылғандар өзімізді кеміту үшін емес, кемсітілген, қисық кеткен тұсымызды анықтау үшін, ұлық мейрамымызды ұлықтау, бай мазмұн мен мәннен жұрдай бола бастаған ұлы мейрамды арашалау, ұлттық намыс пен рухани болмысымызды жаңғырту, оларға жаңа тыныс беру мақсатында ғана талданып отыр.

Қызыққан жанға ізденсе мерекені тойлаудың түрлі нұсқалары бар, оны жергілікті авторлар жазса да болады. Қалалық мәдениет бөлімі бұл бағытта көп ізденіс танытып жүр. Сахналанған жап-жақсы қойылымдары бар. Біздің айтпағымыз Наурыздың театрландырылған бөлігі емес (ол онсыз да қалада тәп-тәуір ұйымдастырылып жүр), жалпы алаңнан қағаберіс жердегі көпшілікке ұсынылатын мейрам жайы ғана. Қысқасы, әрі тарихи, әрі уақытас шаралар жиынтығы арқылы мерекелік дәстүр мен атрибуттарды байытқанда ғана Наурыз мейрамы тек кезекші шаралар тұрғысында қалмай, мазмұндық жағынан да байыр еді. Әрі тамаша көруге келген ел шын мәнінде демалып, көңіл көтеріп қайтқан болар еді.

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Сіз не дейсіз бұған, тойшыл ағайын?! Әлде, алаңға барып, наурыз көжеге сырттай тамсанып, көк түтінге ысталған кәуап жеп қайтқан ұнай ма сізге?

МӨРТ

Түркістанда Рахым дейтін бір қазақ бар. Атына сай рахымды адам. Аты-жөнін түгендеп айтып жатпасаң да, халық оны жақсы таниды. Себебі, Рахым Тәңірбергенов – Түркістанның Атымтай жомарты. Олай дейтініміз, ірі-ұсақты қайырымдылық шараларына демеушілік жасап жатқан да – Рахым. Үміт шоғы сөніп бара жатқан кембаған адамдарға қол ұшын созып жатқан да – Рахым. Талантын танып, дарынын демеп, өнердегі өрісін кеңге ашып жүрген де – Рахым. Саңлақ шыққан спортшының арқасынан қағып, батасын беріп жүрген де – Рахым. Қысқасы, барды да, жоқты да бар етіп, алпамса денесімен дархандық танытып, ағайынға аңқылдаған кеудесін ашып жүрер мұндай жанды кұллі түркістандықтар қадір тұтады.

Қадір тұтпай немене, қайырымдылығына қайырым тілеген халқы Раханды бес мәрте облыстық мәслихатқа депутат етіп сайлады. Осы соңғысында, Рахым: «мен енді төрт мәрте облысқа депутат болып сайланыппын, артымнан ерген басқа жігіттер де елге қызмет етсін, биыл қоя қойсам деймін» дегеніне қарамастан, сайлаушылары өтініп, нәтижесінде 90 пайыздан астам дауыс жинап, бесінші мәрте облыстық мәслихатқа депутат болып сайланды. Маңдай термен төгілген адал еңбегінің арқасында кеудесіне «Құрмет» орденін тақты. Одан бұрын да омырауында ел тәуелсіздігінің 10 және 20 жылдықтарына, ел мәслихатының 10 жылдығына арналған мерекелік төсбелгілері жарқыраушы еді, бұл марапат Ұлт Көшбасшысының қарапайым еңбек адамына деген құрметінің айғағы болғаны анық. Рахаң Қазақстан Республикасының «Құрметті автокөлікшісі», Түркістан қаласының «Құрметті азаматы». Халықаралық Психология ғылымдары академиясының Құрметті академигі. Түркістан футбол және бокс федерацияларының президенті.

Кейінгі жылдары Елбасының кәсіптік білім беруді жандандыру стратегиясын жүзеге асыру мақсатында Түркістанда жастардың авто-механикалық кәсіпті терең меңгеруі үшін арнаулы индустриальды-педагогикалық кол-

ледж ашып, ауыл балаларының техникалық білім алуына қамқорлық жасауда. Осының барлығы, өз сөзімен айтсақ, шүкіршілік деуге келетін тірлік. Шын-дығында, әңгіме Рахымның кәсіпкерлігінде емес, бас тіреп кел-гендердің тауын қайтар-майтын қайырым-дылығында жатса керек. Қазір әр тірліктің басын бір шалып, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» өйтіп-бүйтіп байып алып, шіреніп жүр-гендер аз емес. Ал Рахым Көлбайұлының ұстанымынан бай-манаптық ұғымнан гөрі, ұлағат пен қайырымдылықтың қатар өрілетінін байқайсың.

Рахаң Өзбекстанда шаруа отбасында дүниеге келді. Еңбек жолын Шәуілдір автобазасында қарапайым жүргізушіліктен бастады. Мұның өзі оның кіндігінің ауыл топырағына байланып, ауыл тыныс-тіршілігімен таныстап өскендігін аңғартады. Яғни, Рахаңа қазақ ауылының бітім-болмысы жат емес. Ал, ауыл – имандылық пен қайырымдылықтың ортасы.

Әскер қатарынан келген соң, еңбек жолын Түркістанда АТЭП және жолаушылар тасымалы автокөлік мекемелерінде жүргізушілікпен жалғады. Шымкент автомеханика техникумын бітіріп келген соң, түрлі жылдары гараж бастығы, автовокзал бастығы қызметтерін атқарды. Алматыда ауыл шаруашылығы институтында жоғары білім алған соң, бас инженер, «Жолаушы» ЖШС-і директоры қызметтерін атқарды.

Ағайын десе алдындағы асымен ортақтасуға дайын ақжүрек азаматтың қайырымдылығына қалың жұрт тәнті. Ол жетім-жесірлер-ге, қарттар мен мүгедектерге, аз қамтылғандардың мұң-мұқ-тажына қарайласуды өзінің азаматтық парызы санайды. Қарапайым қала тұрғыны үшін ең шетін мәселе – күнделікті жол қаржысының арзан болуы ғой. Міне, талай жыл болды, Түркістан халқы қала ішінде де, қала маңына да ең арзан көлікпен қатынап жатады. Автобустың жол кіресі – 30 теңге, маршрут таксиінің жол кіресі – 40 теңге ғана. Бір кездері республикалық баспасөз «Түркістанда жол кіресі – 10 теңге!» деп шулағанда, еліміздің басқа аймақтағындағылар бұған сенбей, «түркістандықтар да айта береді екен-ау» деп күлгендері бар. Кейін өздері киелі қалаға зиярат ете келе, шын мәнінде біздегі көліктердің басқа жақпен салыстырғанда өте арзан екеніне еріксіз көздері жетті.

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Рахаң айтады: «Осы қалада жолаушы тасымалында бізге бәсекелес жоқ, неге дейсіз ғой? Ешкім де арзан бағамен жолаушы тасығысы келмейді. Ал біз, 20 жылға жуықтап қалды, бір бағаны тұрақты ұстап отырмыз. Дағдарыс келіп жатыр, әлемдік баға күрт көтеріліп жатыр, оның ешбірі де біздің қаламызда дәл осы көлік тасымалында халыққа әсер еткен емес, ел игілігі үшін одан асқан қандай қамқорлық керек! Әрине, бізге қиын, жанармай бағасы күрт өсіп жатыр, автобөлшектер де арзан емес, бірақ, мен ойлаймын, ең биік баға – халыққа ыңғайлы, қалтасына салмақ салмайтын бағада болса керек».

Өкінішке орай, қалада орта есеппен 3 мыңдай жеке «таксилер» бар. Бұлардың басым бөлігі лицензиясыз, өтіп бара жатып, жолай жолаушыны «қағып» кететін пысықайлар. Мұндайда жолаушы көлігіне күнделікті норманы орындау да қиын. Міне, осындай қиындықтарға қарамастан, Рахаң бастаған ұжым халыққа игілікті қызмет етіп отыр.

Қарақан басының қамын ғана емес, қатарындағылардың бар-лығының бақуатты болуына тілектес жүрегі таза, жаны жомарт жан бүгінде елге етене, сыйлы. Оны білетіндер Рахым Көлбайұлын тек іскер кәсіпкер ғана емес, нағыз азамат ретінде де құрмет тұтады. Мен көмек бердім, демеушілік жасадым деп жатқан ол жоқ. Қо-лындағымен бөлісуді көкі-регіне құйып өскендіктен де болар, осылай болуы заңды деп қабылдайды. «Арық атқа қамшы, жыртық үйге тамшы ауыр» дейтін қазіргі нарықтық қыспақ заманында, алды кең, жүрегі жомарт жандар көңілге нұр құятыны бар. «Кәсіп түбі – нәсіп» деген сөз бар қазақта. Ұлттың нәсібі ғой. Өзіңе ғана емес, өзгеге де болсын деген тілек пен ниет қабысса, ұлттың ұшпаққа шығары анық. Рахым кредосы да – осы! Ұлтқа қызмет ету.

Жыл сайын Рахаңның кәсіпорны 250-300 әл-ауқаты төмен адамдарға, мүгедектерге, көп балалы аналарға, студенттерге қала көлігінде жеңілдетілген бағамен жол жүруіне рұқсат беретін карточкалар таратып жатады. Мұның өзі де қарлығаштың қанатымен су сепкендей игілікті шара екенін даусыз.

Жоғарыда айттық, Рахаң «Жолаушы» колледжін ашу арқылы елдің келешегі – жастарға үлкен демеу көрсетіп отыр. Мемлекеттік бағдарламадан басқа, әлеуметтік тұрғыдан аз

қамтылған отбасылардың балаларын ақылы негізде оқытуға қолдау көрсетіп жүр. Осында білім алып жүрген жастардың алдынан даңғыл жол ашылғанын көріп, сүйсінбеске лажың жоқ.

«Қазір екінің бірі жоғары білім алғысы келеді, колледжге ұмтылып жатқан жастар аз, соған қарамастан, өндірісімізге ауадай қажет, бірақ ұмытыла бастаған автотеханик, диспетчер, автослесарь, денекерші сияқты мамандықтарды игеру үшін біз жастарға жағдай жасауды мақсат тұттық, - дейді бұл турасында Рахым Көлбайұлы. – Колледжі ашудағы мақсат сол. Міне, 10 жыл болды, алғашқы түлектеріміз қазірдің өзінде ел игілігі үшін қызмет жасап, директор қызметіне дейін көтеріліп жатқандары да жоқ емес. Колледжіміздің оқу ақысын да қарапайым халыққа ыңғайлы етуді мақсат еттік. Қаладағы ең арзан оқу ақысы бізде деп толық мақтана аламыз. Бұдан бөлек мемлекет тарапынан алатын грантымыз да жоқ емес».

Бұдан өзге, өзі құрылтайшысы болып отырған «Рахим и Компания-1» ЖШС-і де халыққа автосақтандыру, автокөлікті техникалық байқаудан өткізу бағытында жақсы қызмет көрсетуде. Мұның өзі де оншақты адамды жұмыспен қамтып, Елбасының «Жол картасы» бағдарламасына үлес қосып отыр.

Қалай десек те, Рахым Тәңірбергенев - халықтың дүбірлі додада ен тағып еншілеп, аттай таңдап алған қалаулысы. Ол сайлаудың алдында сұлу сөз айтып, шұбыртып уәде беріп, тағына қонған соң тайқып, сайда жолы, құмда ізі қалмайтындардың қатарында емес. Елдің жайын ойлайтын халықшыл азамат. Бұған жоғарыдағы қадау-қадау істер куә.

Көңілге түйгеніміз, Рахаң үшін үлкен-кіші деген мәтселер болмайтыны. Оған тән адамгершілік қасиеттердің небір тылсым сырлары нақты іс арқылы өріліп жататыны. Жаны да, ары да таза, жұмысқа берілген, өз кәсібіне білікті мамандарды таңдауға мейлінше талапшылдығы.

Темірдей тәртіпті бірінші орынға қоятын ол өтірік айтуға, жалған сөйлеуге жаны қас. Тікесін айтып, туғанына жақпайтындардың қатарында. Қайырымдылық дейтін құндылықтар кері ысырылған бүгінгідей заманда Рахаң секілді біртуар азаматтар қажет-ақ, оның нар тұлғасын,

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

мәрт мінезін, өзгеге ұқсамайтын болмыс-бітімін жастарға үлгі етуге асығасың.

«Өмірде бәрі өтеді-кетеді. Қалатыны – өмірлік ісің, өшпес ізің, ұлағат етер үлгің» дейді Рахаң. Рас-ақ, өнегелі ісімізді өмірдің баянды бір болмысы десек те, елдің есінде қалатыны екiнiң бiрi жасай алмайтын әлгiндей iстер екенi ақиқат. Оны дәл Рахым Тәңiрбергенoвтей намысшыл, ақжүрек, азаматтығы биік, арлы жан ғана жасай алады.

ҚАЙЫРЫМЫ ҚАБЫЛ АЗАМАТ

Есімі елге танылған, айтулы азаматтардың көбінің шыққан түбі шалғайдағы ауылды мекен. Киелі алтын бесік Созақ, тұғырлы туған жер Қозмолдақтан түлеп ұшқан Рахым Балабиевтей таланттардың Қаратау өңірінен табылауы қалыпты құбылыс деп қарастырған дұрыс та шығар. Себебі, Қаратау қасиетті мекен, айтулы азаматтарын әлдилеген киелі шаңырақ. Ауылдағы аңқылдаған ағайын «біздің ауылдан пәлен деген ақын, түген деген ғалым шыққан» деп саусағын санамалап, бөркі дағарадай болатыны рас. Біз де Кентауда Рахым ақынды ауызға алып мақтанамыз. Ол алдымен мықты ақын, сосын мәрттігімен елге танылған жомарт кәсіпкер. Оның осындағы талай жандарға, әсіресе тұрмысы төмен азаматтарға жасаған қамқорлығына ел куә. Талантымен тәй-тәй баса бастаған өнер адамдарына да қол ұшын созған сәттері аз емес.

Қалай болғанда да, ұлт зиялыларының ауылдан қол үзбегені жанға медет. Мәселен, біреулер «әдеби орта – менің кітапханам. Бұрынғы өткен классиктермен сырласам» дейді. Кейбіреулер басқосулардың өзін менсінбейді. «Әдеби орта өзім» дейтіндері де бар. Қалай болғанда да, Рахаң олай емес, оның жергілікті ақын-жазушылардың басын қосар «Қаратау тәжі» әдеби бірлестігі бар. Онда қала жазушылары, ақындары жиі-жиі басқосулар өткізіп тұрады. Шығарма талқылайды, пікірлеседі. Бұл басқосулар – ой қозғайды, қалам қозғайды.

- Өзім шығармашылық адамдарын жақсы көремін, - дейді Рахаң. - Әр мектепке барғанда, соның бір талантын көріп, қамқор қолын созып кетуге тырысамын. Қала патриотымын. «Шағын қалалар жойылады, болашағы жоқ» дейтіндерге мүлдем қарсымын. Нағыз таланттар осында туып жатыр. Шалғайда жүріп талантыңды толық таныту

қиын, әрине. Өнеріңнің өрлеуіне, поэзия әлемінде өзіндік қолтаңбаңды қалыптастыруыңа үлкен қалалардың тигізер әсері мол. Менің міндетім - өнерге қызмет ету, меценаттық жәрдем көрсету. Өнерді ана ауылдікі, мына ауылдікі деп бөліп қарауға болмайды. Менің еңбегім – бүкіл қазақ балаларына, таланттарына деген үлкен махаббаттан туған дүние. Тұрмысы төменге қарайлап, өнер мен әдебиетті дәріптеу басты мақсатым. Көпшілік отырған жерге өте жиі шығып тұрамын. Жағдайы төмен кісілермен пікірлесіп, мұң-мұқтажын тыңдаймын. Барлық көшеге көпір, жол салып беретіндей бүгінгі заманның олигархы емеспін. Дегенмен, қолымнан келген көмегімді аяған емеспін.

Ия, Кентауда жүріп рухани ортаның керегесін кеңейтуге ұйытқы болып жүрген Рахаңдай ағалардың ба-рына шүкір. Аға буын мен кейінгі толқын арасындағы рухани сабақтастық үзіліп барады. Рахым ағаға осы батады. «Алдыңғы арбаның соңынан сонарлы соқпақ салып астанаға бет түзеу емес, дұрысы өз өлкесіне өзегін жұлып берердей жаны ашитын, дарынды жастарды тәрбиелеу» дейді ол.

Қалай десек те, Рахым Балабиев - халықтың дүбірлі до-дада ен тағып еншілеп, аттай таңдап алған қалаулысы. Ол сұлу сөз айтып, шұбыртып уәде беріп, былай шыға бере тайқып, сайда жолы, құмда ізі қалмайтындардың қатарында емес. Елдің жайын ойлайтын халықшыл азамат. Бұған жоғарыдағы қадау-қадау істері куә.

Көңілге түйгеніміз, Рахаң үшін үлкен-кіші де-ген мәтселер болмайтыны. Оған тән адамгершілік қасиеттердің небір тылсым сырлары нақты іс арқылы өріліп жа-татыны. Жаны да, ары да таза жандарға қол ұшын созуға әзір тұратындығы.

Ол өтірік айтуға, жа-л-ған сөйлеуге жаны қас. Тікесін айтып, туғанына жақпайтындардың қатарында. Қайырымдылық дейтін құндылықтар кері ысы-рылған бүгінгідей заманда Рахаң секілді біртуар азаматтар қажет-ақ, оның нар тұлғасын, мәрт мінезін, өзгеге ұқса-май-тын болмыс-бітімін жастарға үлгі етуге асығасың.

«Өмірде бәрі өтеді-кетеді. Қалатыны – қайырымды ісің, өшпес ізің, ұлағат етер үлгің» дейді Рахаң. Рас-ақ, өнегелі ісімізді өмірдің баянды бір болмысы десек те, елдің есінде қалатыны екінің бірі жасай алмайтын әлгіндей істер екені

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

ақиқат. Оны дәл Рахым Балабиевтей намысшыл, ақжүрек, азаматтығы биік, арлы жан ғана жасай алады.

КЕҢ ТЫНЫСТЫ, БОЯУЫ ҚАНЫҚ ӘНШІ ЕДІ...

Ғарифолла Құрманғалиев қазақ дәстүрлі ән өнерінің шоқтығы биік бірегей тумаларының бірі. Қазақтың ән өнері, театр өнері дегенде алдымен ауызға түсетіні осы салалардың бұлақ-бастауын да тұрған Ғарекең сияқты сирек таланттар. Биылғы жылы 100 жылдығы тойланғалы отырғын жезтаңдай әншіміздің өмірі, еңбегі туралы соңғы жылдарда аз айтылып, аө жазылып жүр десек, қателесе қоймаспыз. Дауысы жақсы адамның бәрі бірдей әнші бола бермесі хақ. Қазақстанның халық әртісі Ғарифолла Құрманғалиев жай отырғанда көптің бірі сияқты көрінгенімен, ал ән салғандағы Ғарифолла мүлдем басқа. Оны бір дүлей дауыл жерден көтеріп әкетіп, ән біткенше аспандата шарықтатып отыратындай еді. Ол әнді айрықша нұрланып айтатын. Оның дауысы біз білетін бұрынғы-соңғы әншілердің бірде-бірінікіне ұқсамайтын. Өнердің ең үлкен ерекшелігі де сол ұқсамауда. Ешкімге ұқсамағандығынан да ел-жұрт Ғарифоллаға дереу көңіл бөлді. Көп әншінің ішінен ол жарқ етіп жаңаша, оқшау көрінді. Содан өнерінің де, өзінің де бағы жанды.

Ғарекеңді есте ұстау, оның мұрасын кеңінен насихаттау бағытында атқарылып жатқан шаруаларға оншалықты көңілі тола қоймайтын шәкірттерінің бірі, Арқа мен батыс әндерін егіз айтып, бүгінде Түркістанға табан тіреген талантты әнші Қажыбек БЕКБОСЫН-МЕН арада болған жүрекжарды әңгіме көп жайттың бетін ашқан-тын. Эстраданың экспанциясына елітіп алған жастардың ендігі жерде халықтық музыканың колоритін, оның белгілі тұлғаларын біле қоюы немесе түсіне салуы екіталай шығар деген пікірмен намыс қажай сұхбаттасқан екеуара әңгімені сол қалпында жеткізгенді жөн деп таптық.

Қ.Б.: Қазақтың халықтық ән дәстүрін, оның ішінде Батыс Қазақстан, турасын айтсақ, Мұхит Мералыұлының

әншілік мектебін меңгеруде Ғарифулла Құрманғалиевтің орны бір бөлек. Қазақтың дәстүрлі әндерін орындаушылардың, яғни, бұрынғы өнер саңлақтарының қатары сиреп, өздерінің соңынан енді қандай жастар шығып, орнын басады деген екіұдай пікір туындап тұрған тұста Ғарекеңнің бұл өнерге келуі үлкен бір жетістік болды. Тіпті, сол кезде Ұлттық консерваторияның өзінде қазақтың дәстүрлі әндерін орындайтын мамандар әзірлейтін мамандық жоқ болатын. Міне, осы тұста бүкіл қазақ халқына танымал қоғам қайраткері, Мәдениет министрі Ілияс Омаров астанада Жүсіпбек Елебеков атындағы эстрада және цирк өнер студиясын ашты. Ол кезде мұндай студиялар тек қана Мәскеу мен Киевте ғана болатын. Осы студияда Ғарекеңмен қатар қазақтың майталман азаматтары сабақ беріп, шәкірттер дайындады. Айта кетсек, Қазақстанның халық әртісі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қаныбек Байсейітов, КСРО халық әртісі Ыдырыс Ноғайбаев, өнер қайраткері Сергей Рубенцов-Басаян, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген әртісі, майталман сахна шебері Гүлжаһан Ғалиева, қазақ вокалды ән өнерінің бірінші кәсіпқой маманы, вокал өнерінің профессоры Бекен Жылысбаев, қарасөз шебері Рабиға Қаныбаевалар осы студияда сабақ берді. Осындай қазақтың майталман өнерпаздарынан дәріс алған көптеген шәкірттер арасында Қазақстанның халық әртістері: сиқыршы-иллюзиянистер Сұлтанғали Шүкіров пен Сара Қабигөжина, биші Гүлжан Талпақова, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі: күйші Рахым Тәжібаевтар болды. Ғарекеңнің тікелей өзінен дәріс алып, әншілік өнердің ұшар биігіне шыққан шәкірттері арасынан Қазақстанның халық әртісі атағын алған тұңғыш мен едім. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артистері Қапаш Құлышева, Әскербек Еңкебаев, Мекес Төрешов, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткерлері Күріш Тасполатов, Әлмырза Ноғайбаев, Қатимолла Бердіғалиев, Қайдар Өтеғалиев, Досым Шерментаевтар да Ғарекеңнен дәріс алды. Бұлардан басқа Ғарекеңнің өз өнерлерімен халыққа танымал болған шәкірттері де аз болмады: Жақсылық Сәрсенғалиев, Қаламқас Орашева, Қалампыр Рахимова, Ақжігіт Дәрібаева, Қалибек Ақтаев, Сәуле Жанпейісова, Нұрипа Еңкебаева, Сағадат Рахметжанов, Сәуле Тапақова, Серік Абдрахманов, т.б.

Ғарифолланың еңбегі Мұхит шығармашылығын қайта тірілтуінде еді. Батыс өңірін айтпағанда, сол тұстағы өнерпаздардың дені Мұхиттың өнеріне еліктеп өсті. Егер Ғарифолла Құрманғалиев Алматыға келіп, Мұхиттың шығармаларын радиоға жазып, бүкіл қазақ жеріне жаймағанда, мүмкін Мұхит сол Орал өңірінің төңірегінен аспай қалған болар ма еді, кім білсін? Мұхиттың диапазонындай кең тынысты, сол Мұхит әндерін орындау үшін керекті әншіні табиғаттың өзі сыйға тартуы тегіннен тегін болмаса керек. Былайша айтқанда, Ғарекенді Мұхит шығармашылығының XX ғасырдағы жалғасы деп айтсақ та болады. Дәстүрлі ән өнерін халқына сіңіріп, мектебін қалыптастырып кеткен Әміре Қашаубаевты айтпағанда, кешегі Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Дәнеш Рақышев, Мәдина Есекеевалар біздің ұлттық өнеріміздің мақтанышы.

Б.С.: Бүгінгі таңда ұлттық өнерімізді сақтап қалу, кемшілігін толтырып, ұлтымыздың мүддесіне жарату қазақ халқының алдында тұрған күрделі мәселе екені даусыз. Ана тілімізбен қатар өз үлесін қосатын ұлттық өнер: ән, күй, жыр, терме екенін мойындап, болашақ жас ұрпаққа мағынасын түсіндіру алдымызда тұрған үлкен міндет деп білсек, Ғарифолла Құрманғалиев сияқты ән өнеріндегі ерекше тұлғаларды насихаттау бүгінгі ұрпақ алдындағы парыз іспетті. Енді әңгімемізді Ғарекеннің туып-өскен ортасы туралы дерекпен сабақтасақ.

Қ.Б.: Ғарекен 1909 жылы Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданында өте ауқатты, көп балалы отбасында дүниеге келді. 7 жасқа толғанда әкесі Құрманғали оны ауылдағы молдаға мұсылманша хат тануға береді. Ғарекен сол уақыттаи бастап өзінің ерекшелігін, дауысының диапазонының кеңдігін, дауыс тембрінің сұлулығын таныта бастайды. Оқудың екінші жылынан бастап ауыл молдасы таңғы азан шақыру, кешкі бесін оқу сияқты дін жолындағы құран сүрелерін Ғарифоллаға қыраттап айтқызыған. Ғарифолланың кең тынысына түскен азан әуенімен сол маңайдағы дауыс жететін жердегі адамдар намаз уақытының болғанын білетін. Мұны диапазоны кең (екі октава), тембрі (дауыс бояуы) сұлу, диафрагмасы мықты шәкірттерінің ғана орындай алатынын молда жақсы білетін. Ғарекен балалық шағын еске алғанда, әншілік жолының бастамасының қалай

болғандығын, әншілік өнерге деген икемін танытып берген осы ауыл молдасы еді деп, өне бойы еске алып отыратын.

4 жылдық ауылдағы діни мектепті жақсы бітіріп шығады да, 11 жастан бастап ел аралап, той, шілдеханаларда ән салатын серілердің, әнші-күйшілердің өнерін көріп, балалық сезіммен еліктей бастайды. Оның ең алғаш қасында отырып тыңдаған өнерпазы Батыс Қазақстан әншілік мектебінде дара көрінген әнші-композитор Мұхит Мералыұлының баласы Шайқы сал болды. Баласының діннен гөрі өнерге құмарлығын сезген әкесі Ғарифолланы Шайқы салға ертіп жібереді. Маған айтқан бір естелігінде ол: бұл өзі жаздың жадыраған, жер беті көгеріп, гүлденген, ел жайлауға шығып орныққан мамыр айының іші еді дейді. Шайқының қасына ілесіп, сегіз-тоғыз ән үйреніп, жайлауда болып жатқан қыз ұзату, келін түсіру, шілдехана тойларына қатыса жүріп 3 ай уақыттың қалай өткенін де білмей қалдым. Сонда Шайқы таң бозарып атқанша әңгіме айтып, ән салып, арасында даусын демалтып алу үшін күй тартып, бір өзі концерт беретін. Маған да арасында 3 әннен айттырып, өзінің демалуына мүмкіншілік алып тұратын. Сол жолы «әнші бала» атанып, елге танылып қайттым. Өнердің қызығына түсіп, көп уақыттың өткенін байқамаппын. Бұл менің топ алдында өнерімді сарапқа салған әншілік жолдағы бірінші қадамым еді, деп еске алатын Ғарекең. «Мұхит Мералыұлын Жымпиты базарында ат үстінде отырғанын бір-ақ рет көрдім дейтін бір сөзінде. Бұл Ғарифолланың Мұхиттан тікелей өнер алмағанын дәлелдеп тұр. Демек, Ғарифолланың осылай кең дауыспен айтуы, біріншіден, табиғаттың өзі берген сыйы болса, екіншіден, оны ары қарай қалыптастыруға ұстазы Шайқы Мұхитұлының әсері болды деп толық айта аламыз. Шайқының қазақ өнеріне ізін қалдыруға мүмкіншілігі болмады. Ол кісі небәрі 32 жасында дүниеден озды. Оның атын шығарып, тарихта қалуына себеп болған, өнерін жалғастырып, халыққа жария еткен Ғарифолла Құрманғалиев деп айта аламыз.

Б.С.: Бұдан кейінгі өнер жолынан дерек бере кетсеңіз.

Қ.Б.: 1934 жылы Қазақстайда қазақ өнерінің слеті болып, барлық өнерпаздарды Алматыға жинап, жаңа құрыла бастаған мемлекеттің заманына сай кәсіпқой өнер ордасы - музыкалық драма театры (қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы драма театры) ашылды. Қазақ ұлттық саз аспаптар оркестрін

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

құру мақсатында Ахмет Жұбанов әнші, күйші, қобызшы өнерпаздарды таңдап ала бастады. Олардың ішінен қазақ музыка тарихында аты әйгілі Қазақстанның халық әртістері Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Құрманбек Жандарбеков, Қаныбек Байсейітов, Шара Жандарбекова, Күләш Байсейітова, Әміре Қашаубаевтар болды. Күйшілерден Жапбас Қаламбаев, Қали Жантілеуов, Дәулет Мықтыбаев, Уақап Қабиғожин, Иса Байзақов, Қамбар Медетов, Лұқпан Мұхитов, Дина Нұрпейісоваларды таңдап алып, қазақтың тұңғыш ұлт аспаптар оркестрі құрылды. 1936 жылы екінші өнер слеті байқауы өтіп, Ғарифолла Құрманғалиев келді. Ондағы мақсат қазақтың музыкалы театрын ашу (қазіргі Абай атындағы опера және балет театры). Сондағы сыншылардың сынынан сүрінбей өткен кең тынысты, бояуы сұлу, ұшқыр үнді, шағын бойлы, бұйра шашты, шегір көзді, қызыл шырайлы, шабытты адам, тыңдаушыларын, сынаушыларын таң қалдырған екі адам болды. Бірі - Әміре Қашаубаев, екіншісі - Ғарифолла Құрманғалиев. Ол Алматыда қалып, опера театрында жұмыс жасады. Опера театрының ең алғашқы кәсіби дәрежеде қойылған спектакльдерінде ойнады. Қазақстанның халық әртісі, әнші, тұңғыш опера режиссеры Құрманбек Жандарбековтың жетекшілігімен шағын-шағын операдан үзінділер көрсетіле бастады.

Б.С.: Ғарифолла Құрманғалиев батыс өңіріне танымал әншілік, жыршылық, термешілік өнерді бір өзі меңгерген өнер адамының ішінде сирек кездесетін құбылыс. Болашақта оны түбегейлі даралап зерттесек, диссертациялық еңбекке сұранып тұрған тақырып екенін мойындауымыз керек. Ғарекеңнің асқан актерлық қимылымен, бет әлпетінің қозғалысымен көрсетіліп, таза тембрлі, ұшқыр дауысымен шырқалған Шегенің ариясы көрерменнің көз алдында. Осындай талант иесінен өзіңіз не білдіңіз, не үйрендіңіз?

Қ.Б.: Ол кісіге шәкірт болып, ән айтудың қыр-сырын үйренгеніме өте қуаныштымын. Ғарекең бұл өмірден өткенше ұстаз-шәкірт болып сыйласқаныма өзімді өнер адамының ішіндегі бақытты адамның бірімін деп санаймын. Ғарекеңнің бір әңгімесінде: «Берген рөлдердің образын жасау үшін үйдегі айнаның алдында дайындалып, берілген рөлді образын шығарғанша дене қимылын, бет қимылын қозғап, дайындық үстінде жүріп, таңның қалай атқанын білмей, келіншегім

Рабиға «таңғы шайыңды ішпеймісің» деп шақырғанша таң атқанын білмеуші едім» - деп айтып отыратын. Бұл өнерпаздың өнерге берілгендігінің, өз өнерін сүйгендігінің белгісі. Өнерді оп-оңай еңбек деп түсінетіндер де бар. Ол өте қате ұғым. Өнер инемен құдық қазғандай. Еңбекпен келетін табандылықты, еңбекқорлықты, ізденушілікті керек ететін, көзге көрінбейтін, тыңдаушысының құлағына кіріп, бойын билейтін құдіретті де сиқырлы мамандық. Ол мұхиттың тереңдігіндей түпсіз, көк аспандай шексіз, шыңына ешбір адам жетіп көрмеген мамандық деп танымын. Кәсіби көзқараспен қарап, әннің талабын ашып, мақсатына жету жолында істелетін шаралар жолында кететін уақытты күнмен өлшейтін болсақ, бір әнді танып білу үшін 3 ай уақыт кетеді деп есептесек, қып-қыска адамның өмірін салыстыруға болмайтын өлшем екеніне көзіміз жетеді. Ғ.Құрманғалиев 100 әнді радионың алтын қорына, 100 шақты жыр-термені үлкен 4 күйтабаққа жаздырған. Ұзын саны 80-ге тарта өз әні тағы бар.

Б.С.: Ғарифолланың әншілік орындаушылық мектебіне үңілсек, Батыс Қазақстан стилі төңірегінде қалыптасқан ән, жыр, терме өнері репертуарында қосарланып жүреді. Бұл өнердің әрқайсысы, әр саласы өз алдына үлкен талап қойған терең талғампаздықты талап етеді. Әншіліктің, вертуоздық шеберліктің ең жоғарғы деңгейдегі талабымен келетінін ойласақ, Ғарифолла Құрманғалиев табиғаттың өзі сыйлаған мол шабыт иесі екендігін көреміз. Оған дәлел дауыс кеңдігі екі октава болатын Мұхит шығармаларының репертуарында жүруі. „Айнамкөз», „Үлкен айдай», „Зәуреш», „Кіші айдай», „Паңкөйлек», „Дүние-ау» әндерін орындағанда оң қолдың саусақтары домбыра шанағын бебеулетіп жібермей ме? Тыңдап отырып, шапқан аттың жүрісін көз алдыңызға елестетесіз. Ал ән шалқып жатқан кең тынысты жан даусы шыққан жоғарғы нота өкпені қабындыратын деммен, ұзақ ферматаларды ұстауы әннің лирикалық, трагедиялық тереңдігін көрсететінін сезсек, жаңағы домбыра ойнау оң қолының ерекшелігінің көрінісі тек қана Ғарифоллага тән стиль деп ұғамыз. Ғарекеннің тағы қандай қырларын айта аласыз?

Қ.Б.: Ғарекеннің тағы бір қыры – жинақтаушылық, біздің ұлттық өнер дәстүрі бойынша атадан балаға жалғасатын ауыз әдебиетін насихаттауы. Ұстаздан шәкірт жалғастыратын

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

әншілік, жыршылық, термешілік өнерлеріміз тек қана естіген құлақпен жатталып, ауызекі айту арқылы тарағанын ескерсек, батыс өңірінің жоғарыда айтылған күллі өнер түрлерін алып келіп, академияға, радионың алтын қорына, күйтабақтарға жазылуы Ғарекеңнің бойындағы зеректігі арқылы жиналып, өшпестей етіп жазылып, болашақ өнер қуған ұрпақтың үйреніп білетін, тәлім алатын өнер жиынтығы болып отыр. Мұның мәңгілік сақталып, талай ұрпақтың пайдасына тиетін үлкен қазына екенін ойласақ, Ғарекеңнің үлкен еңбегін көріп оның үлкен фольклорист екеніне көзіміз жетеді.

Б.С.: Осы Ғарекеңнен бастау алған қазіргі ән өнеріне көңіліңіз тола ма?

Қ.Б.: Қазір ән де көп, әнші де көп. Бірақ басым көпшілігі біздің ұлттық ән емес. Ырғағында да, иірімінде де шығыс пен латынамерикандық бір даңғаза екпін басым. Бұл ұлтты жаулаудың «мәдени» түрі. Тілінен, әдет-гүрпынан, әнінен жаңылған елді билеу оңай. Басқалардың бізге жүргізіп отырған жымысқы саясаты осы. Мұны ұғар әуесқой әншіні де, кәсіпқой музыкантты да әзірге байқай алмай отырмын. Музыкант гитара арқалап сахнаға шыққанына мәз, әнші клип қуалап әуре. Бұған қарсы мемлекетіміздің тарапынан жасалып жатқан нақты іс-шаралар да байқалмайды. Маған дәстүрлі ән өнерін насихаттаушы ретінде күнделікті күн тәртібінен түспейтін дәстүрлі өнерді дәріптейтін бір орта қажет болды. Менің Түркістанға келуімнің себебі де осы. Мұнда қаймағы бұзылмаған дәстүр бар, тілі таза жастар бар, ең бастысы, өнерді қадірлер орта бар.

Б.С.: Дәстүрлі өнерді бүгін насихаттамасақ, руханиятты бүгін көтермесек, ертең кеш қалатынымыз ақиқат. Мұны бүгін қоя тұрайық, ертең үйретіп аламыз деу үлкен қателік. Кенеуі кеткен экономикамызды қаржының күшімен орнына келтірерміз-ау, бірақ дәстүрлі өнердің арқауы бір үзілгеннен кейін оны қайта қалпына келтіремін деу бекершілік. Қазір бізде сауатты тыңдаушы жоқ. Эстрадалық әнге елітіп алған ел домбыра үні естілісімен залдан шығып кете барады. Бұған бір жағынан олар кінәлі емес те. Концерттік бағдарламаны бір жақты әзірлейтін ұйымдастырушылар оларды осыған үйретіп алған. Тыңдаушыларымызда өре жоқ дейтінім содан. Бұған қалай қарайсыз?

Қ.Б.: Біз бала күнімізден Жүсіпбек Елебековтерді

тыңдап өстік. Сарыарқаның саңлақ өнерін сарымайдай сақтап ұрпаққа жеткізіп отырған Жүсекеңдерді сол кездегі ауылдағы қарапайым, бірақ зердесі зерек шалдар сынап отыратын. «Қап әттеген-ай, мына жері былай еді ғой, ана жерін бұзып айтты ғой» деп күйіп-пісетін. Бұл дегеніміз сол кездегі тыңдаушының өнерге деген өресінің биіктігін білдіреді. Қазіргі тыңдаушылар Қайрат пен Қаламқасты былай қойғанда, Ғарифолла мен Жәнібектің кім болғанын жете біле бермейді. Есесіне шетел әншілерінің өмірін, олардың жеке махаббат хикаяларын жаттап алған. Қазақ ән өнерінің тарихын білмейтін адамнан қандай тыңдаушы шығады? Біздің бағамызды ашатын да, абырой мен атақты беретін де өрелі тыңдаушы емес пе? Тек әніміз арқылы ғана халқымызға ардақтымыз. Басқа түгіміз жоқ. Жоғарыда айттық қой, қазір тобырлық санаға қызмет ететін рухсыз, мазмұнсыз даңғазәуендер етек алды. Күнде де, түнде де солардың билігі жүріп тұр. Гитлер соғыс ашардан бұрын он шақты жыл бойы басқыншылық рухтағы марштармен күллі неміс халқын үзбей сусындатып отырған. Музыка арқылы адам санасын жаулаудың үлгісін әйгілі британдық “Битлз” тобы да дәлелдеп кетті. Біздің де бойымыздағы қанымызды қоздырып, рухымызды тік турғызатын осы дәстүрлі өнеріміз. Мен туып-өскен жер Талдықорғандағы Қапал ауданы. Ал рухани ұстазым Ғарекеңнің туып-өскен жері сонау Батыс Қазақстан облысы. Екі ортамыз тура үш мың шақырым. Ән айту мектептеріміз де бөлек. Бірақ екеуімізді табыстырған кәдімгі радио. Ол кезде әр ауылдың ортасында бағана басында репродуктор саңқылдап тұратын. Оның үні ауылдың ана басынан мына басына анық естілетін. Радиодан Ғарекең ән салса бітті, менде ес қалмайтын. Ішімнен оның әуенін, үнін қайталауға тырысатынмын. Өте ұялшақ болдым. Дауысым бар екенін білсем де, ел алдына шығып ән салудан қашатынмын. Тауға шөп шабуға барғанда, айдала, аппақ қарда, ешкім жоқ жерде ән саламын. Іштей рахаттанамын. Мұнымды сезіп жүрген шөпшілер: «Әй, Қажыбек, шөпті қайтесің. Одан да сен бізге өн салып бер. Біз саған шөпті өзіміз-ақ тиіп береміз», — деп қолқалайды. “Шөпті өздері салып берсе несіне қиналайын” деп іркілмей өзім жаттап алған татар әні «Ғалиябануды» әуелете жөнелемін. Менің даусым ауылдағы ағайындарға да естіліп тұрады екен...

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Ғарифолла ағаның әншілік мектебі – халықтық өнеріміздің мақта-нышы. Оның ән айту, ән шығару үлгілері үйренуге, насихаттауға шеберлігі жағынан да, тақырып-тық-мағыналық маңыздылығы жағынан да лайық. Қазақстанның халық әртісі марқұм ағамыз Ғарифолла Құрманғалиевтің өнері өлмейтін, өшпейтін, халқымен бірге жасайтын жақсы арнаға сенімді түрде қосылды деп бүгінгі оның туғанына 100 жыл толып отырған тойында сеніммен айта аламыз.

«ЖАСТАР ШӘМШІ ӘНДЕРІНЕ РУХТАНЫП ӨССЕ ДЕЙМІН...»

Адамдар өмірі алдыңғы толқын ағалардың артқы толқын – інілеріне көрсетер келісті үлгі-өнегелерінің әсерімен жаңа арнада жалғаса берері даусыз. Шәкірттеріне өнер мен спортқа таза көзқараспен қарауды өнебойы ескертіп жүретін және өзі де соны сөзбен емес, іспен дәлелдеуді жөн көретін Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің президенті, техника ғылымдарының докторы, профессор Лесбек Тәшімов журнал оқырмандарымен өнердегі адалдық, азаматтық, жастар тәрбиесі жөнінде ой бөліседі.

- Біз жастай Шәмші әндерін тыңдап, Шәмші рухына бас иіп өстік. Мектепте жүргенде ән сабағы Шәмші әндерімен басталып, Шәмші әндерімен аяқталатын. Ұлы сазгердің өзін бірнеше рет көргенім болмаса, ауызба-ауыз сөйлескен адам емеспін. Бірақ қазақ даласын әнмен тербеткен осы бір биік тұлғаға деген ықыласым күні бүгінге дейін ерекше. Бір адамның бойына осыншалықты дарынды қайдан беріп қойған деп таң қалумен келемін. Шәмші әндері жай дастархан басында да, көпшілік ортада да, кәсіпқой сахнада да айтуға ыңғайлы. Қазір жүрекке жеңіл, халықтық колоритке бай мұндай әндерді жазатын сазгерлер сирек. Жеңіл музыкаға әуеспіз. Бір айтылады да қояды. Екінші қайтара еске түсіру қиын. Ән деген жаттауға оңай, кез-келген ортада шалқыта айттып кетуге ыңғайлы келсе ғой... Балалық шағымыз мына Сайрам ауданында Шаян ауданымен шекаралас Арыс өзенінің жағасында өтті. Өзбек балаларымен араласа оқыдық. Сонда бір байқағаным, өзбек балаларының өзі Шәмші әндерін әдемі айтатын. Ауыл төрінде бағана басына ілінген жалғыз радио

бар. Күндіз-түні өзбекше сөйлейді. Аракідік Шәмші әндерін береді. Балалар содан естіп үйренген болуы керек. Оның үстіне ағылып жас мамандар келе бастады. Айтатындары Шәмші әндері. Әсіресе, «Бақыт құшағында», «Ана туралы жырды» ауызымыздан тастамайтынбыз. Дауысымыз келсін-келмесін, жан-тәнімізбен барқырап айтып жатқанымыз. Қысқасы, біздің жан дүниемізге Шәмші әндері үлкен қуат берді деп айта аламын. Кішкене кезімізде көршілердің он екі тілді әдемі бір гармоны болды. Қызығып, әкеме соны алдырдым. Әп-сәтте үйреніп алып, отырыстарда ойнайтын халге жеттім. Шәмші әндерін шалқыта салуға гармон ыңғайлы. Кейін мандолин тартуды үйрендім. Ол тіпті керемет! 6-класста оқып жүргенде мектеп сахнасында скетч қойдық. Шешем марқұм сахна декорациясын жасады, әкем режиссер. Онда да спектаклімізді Шәмші әндерімен әрлегеніміз бар.

- Өнерді қатты қадірлеуіңізге бала кездегі ақжолтай арман көп әсер еткен сияқты. Бірақ, Сізді сыртқы тұлғаңызға қарап спортшы немесе қара күш иесі деп ойлап қалу әбден мүмкін ғой...

- Бокстан еліміздің жастар құрамасы сапында болғаным рас. 60, 60,5 келі салмақта өнер көрсеттім. Өте үлкен жетістікке жеттім деп айта алмаймын, бірақ, тәп-тәуір спортшы болдым. Қазір де спорттан қол үзгенім жоқ, жанкүйер ретінде талантты спортшыларға қолдау көрсетіп жүрмін. Университетіміздің спортшылары әлемдік деңгейдегі жарыстарда жеңімпаз атанып жүр. Бірнеше жыл қатарынан спартакиадаларда, республикалық жарыстарда бірінші орынды бермей келе жатырмыз. Бекзат Саттарханов, Мұхтархан Ділдәбеков сынды көптеген спортшыларымыздың аты аңызға айналды. Әрине, қазір көрсеткіш біршама төмен. Оған бірнеше себептер бар. Жаттықтырушыларға жағдай жасалмайды, мысалы, бокста Н.Сафиуллин деген мықты бапкер болды, қазір Қытайда. Бекзаттың жаттықтырушысы А.Визирякин мен О.Кругов Ресейде. Бұл жайт спортты басқарып отырған азаматтарға ой салуы керек. Спортшыларымыз да кейде жарысқа баратын қаражат таппайды, ондай кездері шамамыз келгенше қаражатын өзіміз көтеріп жатамыз.

- Өнердегі жағдай да осылай емес пе?

- Өз басым мүмкіндігінше бойында өнері бар жастарға

көмектесуге тырысамын. Кейде олардың «жындылығын» да көтеруге тура келеді. Өйтпесең оларды ұстап отыра алмайсың. Қаншама шәкірттер тәрбиеледім, түрлі ән байқауларына қатыстырып, биікке көтердім. Арасында үмітімізді ақтағандары да, көңілге кірбің салғандары да болды. Шымкентте жүргенде Шәмші ән фестиваліне, «Азия дауысына», «Жас қанатқа», «Арай» ән байқауына арнайы студенттер дайындадық. Ең алғаш бізді биікке көтерген Нұрғали Тұрлыбеков болды. Бірнеше конкурстардың лауреаты атанды, «Шабыттан» да, Шәмші әндері фестивалінде де бірінші орынға ие болды. Шымкентте өнер жанашыры Сайлау Жақсыбеков бар, Асхат деген музыкант бар, барлығымыз қаншама әншілердің тұсауын кестік. Гүлжазира, Ақбота Тойлыбаева, Ардақ Түймебаева, Әлден Жақсыбеков, Алтынай Жиенбаева, Алтынай Жорабаева... Бұларды мен Шәмші рухы жебеген таланттар деп есептеймін. Осылардың ішінде Алтынайдың дауыс диапазоны кең еді. Мүмкіндікті көрсету үшін мен Роза Рымбаева мен композитор Бейбіт Оралұлын Алматыдан арнайы шақырттым. Роза концерт берді, Бейбітке Алтынайға ән жаз деп қолқа салдым. Көп ұзамай «Мұны неге білмейсің?» деген жақсы ән дүниеге келді. Алтынай да әнді тәп-тәуір айтып шықты. Киім тіктірдік. Кейін осы ән халықаралық байқауларда Алтынайдың бағын ашты.

- *Жалпы, Сіз студенттерге көбірек көңіл бөліп, көбірек сенетін сияқтысыз...*

- Жасыратыны жоқ, қазіргі студенттердің басым көпшілігі «кез-келген мәселені ақша немесе таныс арқылы шешуге болады» дегенді саналарына сіңіріп алған. Бұл «дерт» жастардың ой-өрісіне кері әсер етуде. Бұған жастарды кіналағанымыз дұрыс болмас, өйткені адам тәрбиесіне қашанда айналадағы орта әсер етеді емес пе? Біз күні бүгінге дейін студенттер арасында жасырын сауалнама жүргізіп келеміз. Сол сауалнаманың қорытындысы бойынша студенттерге «ұнамаған» оқытушылардың емтихан алуына рұқсат етпейміз немесе мүлдем қош айтысамыз. Дегенмен, оқытушылардың кейбіріне біздің бұл талабымыз ұнамауы мүмкін, бірақ басты мақсат – сапалы маман даярлау. Жұмысқа немесе қызметке тұруда тамыр-таныстық, сыбайластық дегеніңіз біртіндеп қалатын болады. Өз басым бірінші кезекте студенттерге жағдай жасалу керек деп ойлаймын. Қазір

бізде 200-ге жуық интернет нүктесі бар. Кез-келген студент қалаған уақытында интернетті тегін пайдалана алады. Бұл бағыттағы жұмыстарымыздың нәтижесі де жоқ емес, дарынды студенттеріміз ұлттық инновациялық қордың бәйгелерін ұтып алып жүр. Басқа да байқауларда жеңімпаз атанып жүрген студенттеріміз көп. Осы студенттерге білім беретін оқытушылардың әлеуметтік жағдайы жақсара түссе деймін. Оқытушылардан ештеңе аяудың қажеті жоқ, өйткені біз болашағымызды, ертеңгі ізбасарымызды солардың қолына сеніп тапсырып отырмыз.

- Қалай ойлайсыз, бүгінгі жастардың бойында сүйсінерлік қасиеттер көп пе, әлде күйінерлік мінездер басым ба?

- Бұрынғыдай емес, қазіргі жастар жат әдеттен бойла-рын аулақ сала бастады. Тіршіліктің өзі бізді салауатты өмір салтына әкеле жатыр. Жауапты қызметтерге де негізінен жастар тағайындалуда. Академик Өмірбек Жолдасбековтің «Қазақстанда ешқандай дефицит деген болмайды, таза адамдардың дефициті ғана болады» деп айтқаны бар еді, бізге жемқорлықпен, жағымпаздықпен бығанбаған таза адамдар қажет. Біреу-біреуден пара алмайтындай, біреу-біреуге тәуелді болмайтындай қоғам құруға мүмкіншілігіміз бар. Жастардың жалқаулықтан арыла бастағаны қуантады. Тек әрнәрсеге еліктеп, қазаққа тән ұлттық қасиеттерімізді жоғалтып аламыз ба деп қорқамын. Сонау шет елдерде бар бізге жат нәрселер сыналап кіріп, санамызды улап жатыр. Тағы бір қынжылатыным, барлық нәрсе ақшамен өлшенетін болды, тіпті, ол адамдықтан да биік тұр ма деп ойлаймын. Адамды еңбегіне, адамгершілігіне, өнегелі өміріне, өз ортасындағы абыройына қарап құрметтейтіндер аз. Адамды байлығына қарап құрметтейтін заман туды. Көреалмаушылық та бізге жабысқан дерт. Көптеген қиянат көреалмаушылықтан туындайды. Міне, мұның бәрі күйбең тірліктің илеуінде кетіп, рухани азықтан алыс қалғаннан болатын нәрселер. Адамды рахатқа бөлейтін де, тәубеге сап, таразылайтын да – ұлы өнер. Соның ішінде - ән өнері. Менің Шәмші әндеріне қайта-қайта жүгініп, айта беретінім содан. Ұлттық тұма бастаудан сусындаған ән ғана өміршең. Сол ән ғана халыққа рухани байлық сыйлай алады. Әрнеге еліктегіш жастардың осыны ұққанын қалаймын.

- Мінезіңіз қандай? Өзіңізге-өзіңіз мінездеме бере аласыз

ба?

- Дұрыс деп тапқан мақсатымнан ауытқу менің мінезімде жоқ, біреудің ыңғайына жүре қоймайтыным тағы бар. Жұмысты талап етемін деп сөзге келіп қалатын жағдайлар жиі кездеседі. Тек қиындықты ғана емес, қуанышты да доспен бөліскім келеді. Кемшілігіңді де, жақсы қасиетіңді де досыңнан естіген дұрыс қой. Менің мінезіме сырт көздің берген бағасын жөн санаймын.

«АЛҒАШҚЫ ӨЛЕҢІМДІ ТЕҢІЗДЕ ЖҮРІП ЖАЗҒАМ»

Сыр тартып, қауымдасып, қалам турасында сөз қозғар замандастарымыз азайып барады. Бір кездері, «Кентау шұғыласында» қызмет етіп жүрген жылдары жазу-сызуға құмар талай ағаларым мен апаларым, замандастарым күн құрғатпай газетке мақала, аракідік өлең, әңгіме әкеліп тұратын. Жорахан Төреханов, Махамбет Нұрлыбаев, Қасымбек Дәрібаев, Есен Байту, Нұрділдә Шынықұлов, Құлтай Әміреев, Есқара Тоқтасынов, Асан Байсымақ, Ысқақ Әлиев, Ләззәт Әбдіреева, Қуандық Мырзақасымов, көпшілігі есте қалмапты, өздері бір шоғыр еді. Солардың арасында жүк тасымалдау автокөлігі кәсіпорнының директоры Рахым Балабиевтің орны бөлек-тін. Маржандай тізілген әдемі қолжазбамен жазылған, ұйқасы құйылып-төгіліп тұратын өлеңдерін сарғыш параққа кестелеп, апта сайын тізіп әкелетін. Әсіресе лирикасын қалам түртпей, сол күйі бетке жөнелтуге асығатынбыз. Өйткені газет оқырмандары редакцияға жазған хаттарында сондай өлеңдерді көптеп басуымызды сұрайтын. Рахаңның қаламынан туған өлеңдерінің басым бөлігі осы «Кентау шұғыласы» арқылы оқырманына жетті десек, артық айтқандық болмас.

Рахаң туралы әркім әрқалай айтады. Біреулер өлеңі тұщымды, тәп-тәуір лирик ақын десе, енді біреулер кейінгі жылдары ұйқас қуалап, арнау өлеңдерге көбірек бой алдырып алды ма дегендей сын айтады. Кімнің аузына қақпақ боларсың. Қалай десек те, Рахым Балабиевтің поэзия әлемінде өзіндік қолтаңбасын жасап алғаны

ақиқат. Оған ірілі-ұсақты 17 кітаптың авторы болуының өзі-ақ дәлел. Алла қаласа, 80 жылдық мерейтойына қарсы 5 томдық шығармалар жинағын шығарсам деген ақжолтай арманы бар.

Бүгін біз Рахаңның поэзиясын сөз етпейміз, оны өлеңдерінің өзі-ақ айтып қойған. Бүгінгі әңгіме Рахым ақынның өміріндегі біз біле бермейтін кейбір қырлары турасында өрбімек.

- Менің балалық шағым Созақ ауданы Сызған елді-мекеніндегі Қозмолдақ ауылында өтті. Бұл Мыңжықы баурайындағы өте бір шұрайлы, шалғыны мол жер. Төрт түлік мал сол Мыңжықы баурайына қарай бет алатын да, біз етпеттей жатып кітап оқитынбыз. Қарасай, Үлкенсай, Ортасайдың түйісер тұсында жуа, бүлдірген, қарақат мол болатын. Соны теріп, дала қызығына беріліп, күннің қалай тез батқанын білмей қалатынбыз. Алмалыбұлақ маңындағы өзен бойында мектеп болатын. Төскейсаздан сол мектепке 12 шақырым жерден қатынап, бастауыш білім алдым. Ұстазым әлі есте. Ботагөз деген апай болатын. Бір күні үйге берілген тапсырманы орындаймын деп бір дәптерге тұтастай дөңгелек сызып барыппын. Сөйтсем ұстазым «Балабиев әріптің орнына өңкей әңгелек сызып әкеліпті» деп бір күлдіргені бар. Мектеп қабырғасында жүргенде әрнеге қызыққыш, өте әуесқой болатынмын. Өлең болсын, ән болсын, құмарта тыңдап, өзен-судың дыбысына құмарлана құлақ түретінмін. Табиғаттан бір сый күтетінмін. Тұмса табиғат тамашасына беріліп, өзен бойын жағалап, ауылдан тым ұзап кетіп қалатынбыз. Қыстың күндері кекілік қуып, қарға омбылап, масайрап саяттайтынбыз. Әсіресе қар қалың жауғанда кекіліктер ұша алмайтын. Қарға көміліп, бізге оп-оңай «жем» болатын. Шеңгелдібетте қоян көп еді. Тұзақ құрып, із аңдып, әйтеуір ауыл өмірі қызықты өтетін.

- *Өмірге қалай қадам бастыңыз?*

- Әкем Балаби ескіше хат таныған, сауатты адам болды. Бүкіл Күнгей-Теріскей, Ташкент, Піскент білетін үлкен молда еді. Әкем 6-7 жасымда маған Құран оқуды үйретті. Үйге мейман келсе мені тізерлетіп отырғызып қойып, Құран оқытатын. Баламыз ғой, ойын қызығына беріліп алысқа ұзап кетсем, шақыртып, тіл алмай, келмей қалсам шапалағымен тартып жіберген кездері де болған. Мені енді әліппеге түсірем деп

жүргенде ол кісі дүние салды. 9 жасымда жетім қалдым. Анам Тотыкүл аурушаңдау болды. Көп жөтелетін. Ол кезде дәрігер жоқ, өзінше ем жасап, көкемарал қайнатып ішіп жүретіні есімде. Ағам Сірәждин әскерге кетіп қалып, мен аурушаң анамды күтіп жалғыз қалдым. Төскейсазда ел бидай егетін. Сол бидай масағын теріп, нәпақа тауып, күн көрдік. Созаққа бидай артып, еңбеккүн таптық. 4-5 сыныпты Сызғанда интернатта жатып оқыдым. Мандолин, домбыраға қатты әуес болдым. Қазір де осы екі аспапта тәп-тәуір ойнаймын. Ескі бір домбыраны жамап-жасқап, өзімше талаптанып күй тартатын дәрежеге жеттім. Музыкаға әуестігім сонша, мандолинді Ленинградтан арнайы поштамен тапсырыспен алдырдым.

Кейін ағам әскерден келіп, осы Мырғалымсайға шахтаға жұмысқа кірді. Сөйтіп 1955 жылы осында Байылдырға бізді, анам екеумізді көшіріп әкелді. Байылдыр өзенінің сол жағы тас арықтың маңына орналастық, қазір ол жерде ел жоқ қой. Қазіргі №4 мектеп, Алтынсаринде оқыдым. Мектепті бітіріп, 1956 жылы біраз жастар Алматыға оқуға кеттік. Бар ойым КазГУ-дің журналистика факультеті. Бірақ онда конкурс өте жоғары болып, жолым болмады. Таң қалғаным, билет жауабын менен көшіріп алған бала 4 алады да, мен 3 алам. Тамыртаныс сол кезде бар екен ғой сөйтсем. Түсе алмай қайтып келдім де, Түркістанда шопырдың оқуын оқыдым. Жерлесім Әлменов Қалдарбек екеуміз қатар оқыдық. Адам көп, 60-70 бала жүрміз, қабылдайтыны 30-ақ адам. Не керек, қабылдау емтиханын тапсыратын кезге де жеттік. Билетте 9 сұрақ бар екен. Барлығына дұрыс жауап бердім. Тағы бір сұрақ берді. Мүлдем мамандығыма қатысы жоқ сұрақ. «Бұған жауап бере алмаймын» дедім. «Онда 2» деп шығарып жіберді. Ішім удай ашысын. Не институтқа, не шопырдың оқуына түсе алмадым деп қатты қапалымын. Бір уақытта мұғалім сыртқа шығып, «кімнің жазуы жақсы» деп айқайлады. «Менікі» дедім. Шынында менің жазуым жақсы-тын. Ішке кірсем, оқуға түскендердің тізімін жаздырмақ екен. Қарасам, бірінші болып мен тұрмын. Қатты қуанғаным бар.

- Әрі қарай еңбек жолыңыз қалай жалғасты?

- Шопырлық курсты бітіріп, Кентауға жүк тасымалдау мекемесіне шопыр болып жұмысқа кірдім. 5-6 істегеннен кейін әскерге кеттім. Балтық флотына 4 жылға түстім. Бұл кезде анам дүниеден кетіп қалған. Әскерде жүргенде мен-

де алғаш өлең жазуға деген құлшыныс пайда болды. Сөйтіп «Матрос» деген алғашқы өлеңімді жаздым да, Ащысайда шығатын «Қаратау кеншілері» деген өзіміздің газетке салып жібердім. Газет өлеңімді басыпты. Кейін «Арпалыс» деген әңгіме жазып, «Оңтүстік Қазақстанға» жібердім. Оным да жарық көрді. Бұл менің жазуға деген ынтамды оятты.

Әскерден келдім. Матрос киімін үстімнен тастамаймын. Үйлену керек болды. Ол кезде жастар «аяқ ойын» ойнайтын. Қазіргі дискотека ғой. Мен мандол тартамын, жастар билейді. Содан шетте тұрған бір қыз көзге түсті. Салмақты, биязы. Биге шақырдым. Бір биден-ақ ұнатып қалдым. Шығарып салып жүріп, үйін көріп алғам. Біздің бір жеңгеміздің үйінің маңында екен. Жеңгемді ортаға алып, сөз салдық. Қыз әдептілік танытып, «бір көрген жігітке еріп жүре берер мені кім деп ойлаған» деген жауап жіберіпті. Бірақ екі-үш рет кездесуге қарсылық білдірмепті. Қыз әкпішпен тас арыққа келеді, мына жақтан мен барамын, әңгімелесіп жүрдік. Сол кезде бір өлең шумақтары ойыма келді. Дереву қағазға түсіріп, қызға апарып бердім.

Қыз өлеңімді оқып, жауап жазыпты. Мазмұны «мен сіздей өлең жаза алмаспын, бірақ өмір тарихымнан дерек берейін» деп, ата-анасының перзентінің тұрмағанын, Құдайдан тілеп осы қызды тапқанын, сондықтан ата-ана алдын кеспейін, алдынан өтіңіздер деген тілегін жеткізген екен. Содан ата-анасының алдынан өтіп, әкесі Қалдыбек те, шешесі Жамал да бір жақсы адамдар екен, 1961 жылы 16 қарашада сол қызға үйлендік қой. Ол – қазіргі мына жеңгең Салиха.

- Әскердегі кездеріңіз есте шығар?

- Әскерде жүргенде Әбдеш деген жігіт екеуміз қатты дос болдық. Мен мандол тартамын, ол ән айтады. Екі әнмен дивизиялық көркемөнерпаздар байқауына қатыстық: бірі – «Су тасушы қыз», екіншісі – үнді әні. Ұлттық реңк басым болғандықтан ба, көрермен мұнымызды жылы қабылдады. Кейін арада бір жарым ай өткеннен кейін дивизия командирі келетін болды. Біз сапқа тұрдық. Командир Әбдеш екеумізді ерекшелеп ортаға шақырсын. Зәреміз қалмады. Сөйтсек жақсы өнеріміз үшін Грамота тапсыруға келген екен. 1 айға үйге барып қайтуға қысқа мерзімді демалыс та берді. Міне, өнердің құдіреті!

Кейін ол досымнан бой жазып қалдым. Қазығұрттың

жігіті еді. Күйбең тірлікпен ол да, мен де іздемегем. Шопыр екен, мен автобаз директорымын. Досым әбден қиналған екен. Бәрін кейін біліп жатырмыз ғой. Бір күні «Әбдешке» деген өлең жазып облыстық газетке де бастым. Ондағы ойым оқып қалар, сосын мені іздер дегенім ғой. Хабар жоқ.

Бертін келе қажылыққа бардым. Сөйтсем жанымда Қазығұрттың үш кісісі бар екен. Соларға сәлемдеме айтуға тура келді. Осындай бір досым бар еді, табуға көмек беріңдер деп. Олар елге барған соң іздеп тауып, бізді тілдестірді ғой. Біз бардық, олар келді. Мәре-сәре болдық та қалдық. Баяғы ескі әндерді еске алдық. Әлі күнге дейін араласып тұрамыз.

- *Өлеңді көбіне қай кезде, қалай жазасыз?*

- Көбіне оңаша сәттерді пайдаланамын. Негізі өлеңді түнде жазғанды жөн көремін. Бірақ өлеңнің негізгі нобайы күндіз ойда жүреді. Өлең әрқалай жазылады. Кейде қиналамын, кейде оңай жазылады. Түнде ұйықтарда әдемі шумақтар келеді. Сапар шеккенде де әсермен көп өлеңдер туады. «Пекин сапарлары» топтамасы осылай туған.

- *Өлеңге өкпеңіз жоқ па?*

- Бір кездері өкпелегенім рас. Қаншама өлеңдерімді редакцияға апарамын, баспайды. Барлығы өз қызметкерлерінің туындыларын басады. Захардин Қыстаубаев сияқты қаламдас әріптестерім «Реке, тәп-тәуір өлең жазатын едіңіз, жазбай кеттіңіз ғой» дейді. «Е, қол тимей жатыр» деп қоя саламын. Түлкібасқа барған жылым. Сондағы аудандық «Шамшырақ» газетіне өлеңдерімді жібердім. Бірден басады. Тағы жазамын, ертесіне жарық көреді. Содан қайта өлең жазып кеттім. Негізі ақынға шабыттану үшін демеу керек екен. Содан біраз өлеңдерім жинақталып қалды. Енді кітап шығармақ болдым. Қолжазбамды арқалап Шымкентке Жазушылар одағының филиалына келдім. Төрағасы Нәсіреддин Сералиев екен. Ол кісі өлеңдерімді көріп, тәп-тәуір екен деп анайда отырған Исраил Сапарбайға берді. Исраил жақсы пікір жазды да, «Жалын» баспасына ұсынды. Баспаға тапсырдым. 2 жыл өтті, еш хабар жоқ. Бір күні ақын Ибрагим Исаев басуға болады деп пікір жазып, беріп жіберіпті. Сосын баспаға бардым. Директоры Қалдарбек Найманбаев екен. «Сен Шымкенттің жігіті екенсің, мен де шымкенттікпін. Бас алмаймын. Бассам, өз жерлестерінің кітабын ғана шығарады деп арыз көбеейін деп тұр» деді. Амал жоқ, Рахманқұл Бердібайға бардым.

Сол кісінің араласуымен өлеңдерім үзіп-жұлынып, «Бесік жыры», «Дархан дала» сияқты бірнеше жинақ кітаптарға бөліп-бөліп басылды. Оған да шүкір. Кейін авторлық кітаптарымды шығара бастадым ғой.

Бірде қалаға ақын келді. Бізге күтіп, кездесу өткізуді тапсырды. Мағираш Сарикова деген ақын екен. Мені көріп, «сіз «Жолдар, жолдар» деген өлеңнің авторы Рахым Балабиев емессіз бе?» деді. «Ия, менмін» дедім. «Ойпырай, сізбен кездессем деп жүр едім, өлеңдеріңізге ғашықпын. Керек десеңіз, бір-екеуін жаттап алдым» деді. Сөйтсем, оған баппадан екі қолжазба беріпті. Бірі танымал ақынның жинағы, екіншісі менікі. Танымал ақындікін дұрыстап қарасыз депті де, менікін әйтеуір көрерсіз деп тапсырыпты. «Ананы қарасам, - дейді Мағираш, - өлеңдері еш тартпады. Сосын сіздің қолжазбаңызды алдым. Бір тамаша, тартып барады. Сосын ішінен екі-үш өлеңіңізді жаттап алдым» деп кездесуде оқып берді.

- Алдағы жоспарыңыз?

- Елге себі тиер жақсы істердің бастаушысы болсам деймін. Ойда жүрген бірнеше шығармаларым бар, соны жазып бітірсем деймін. Ең бастысы, ақын арманын биік мұраттарға жалғасам деймін.

ЖҮРЕГІН ӘН ТЕРБЕГЕН ЖАН

Әнге өлең жазатын ақындар көп емес. Саусақпен санарлық. Тұманбай, Мұзафар, Сабырхан, Шөмішбай, Ибрагим, Несіпбек, Исрайыл... Бұлардың қатарына мен Рахым Балабиевті де қосар едім. Олай дейтінім, жаңа туған әннің бунағын немесе буынын ыңылдап берсең болғаны, Рахаң сол сәтте-ақ алысқа ұзатпай сөзін сүйкей салады. Жүрегі ән тербеген жандар ғана осылай толғатып, сазгер емеуірін айтқызбай ұқса керек. Ал мөлдіреген поэзия қашанда жақсы әнді көкке көтереді. Өңір композиторларының Рахым өлеңдеріне «ғашықтығының» себебін түсінуге болады. Басқа ақындарға қолқа салса, не әуенге, не әнге келмес бірдеңені жазып әкеледі. Сосын оны не әнші, не әнқұмар айта алмай әбден әбігерге түсіп жатқаны. Рахым өлеңдері бірден әнге икемделе кетеді. Оның өлеңдеріне Алтынбек Қоразбаев, Сүгірәлі Сапаралиев, Қайыркелді Төкебаев сияқты белгілі композиторлардың ән жазуы да содан.

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Рахым қазіргі «сөз құрағыш» кейбір ақындар сияқты емес, сөз маржанын әнге икемдеп әдемі өре қояды. Сазға салсаң құйыла кетеді. Осы жолдардың авторы әнін туғызып, Рахаң сөзін жазған «Неге, неге» әні – ғасырдан ғасырға қалар құнды туынды. Оны жас та, кәрі де құмарта орындайды. «Ән мен сөздің үйлесімі – сирек құбылыс. Сондықтан мұндай әндердің ғұмыры ұзаққа кетеді» дегені бар бірде Кеңес Дүйсекеев ағаның.

Халықтың жүрегіндегі сөзді жет-кізген ақынның поэзиясы облысымыздың талантты композиторларына әлі де мәңгілік азық бола бермек. Ешкім оның алдына келіп, «сіздің сөзіңізге ән жазып едік» деген емес, ән туады, сосын ауызба-ауыз тарап айтыла бастағанда ғана Рахаң өз сөзін танып таң қалып жатады. Бұл Рахаңның қарапайымдығы. Ескертпеді екен деп өкпелеп жатқан жоқ. «Айтылса, айтыла бергені жақсы» дейді жай ғана шоқша сақалын тарамдап. Мысалы, кентаулықтар бас қосқан жерде көбіне Рахымның сөздеріне жазылған әндерді айтады. Рахаң ешкімге де «менің өлеңдеріме туған әндерді айтыңдар» деп жатқан жоқ. Айтса, ел өзі айтып жатыр. Шын мәнінде халыққа ұнайтын дүние бәрібір ұмытылмайды екен.

– Бүгінгі әншілер сазгерлер мен ақындар даярлап берген «дайын асқа» құмар, – дейді ақын. – Рас, тегін дүние жоқ, адамның органына дейін сатылған заманда саз да, сөз де саудаланатыны белгілі. «Ана ән мың долларға сатылыпты», «мына топ өздері орындап жүрген әнді 2 мың долларға сатып алыпты, «ана ақын ән сөзін тегін жазбайды екен» деген әңгімелерді жиі естіп те, оқып та жүрміз. Бүгінгі сахнаның хитына айналып жүрген әндер бір сәттік дүние сияқты көрінеді маған. Есте қалып жатқан бірі жоқ. Не буын, не бунақ сақталсайшы? Аһілеген, уһілеген бірдеңе өңкей. Сөзін тыңдауға ұяласың. Әндердің мәтінін жазған ақындар сол әндерді өздері тыңдар ма екен деп ойлайсың кейде. Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен», Шәмші Қалдаяқовтың «Ақмаңдайлым» секілді әндері қандай ғұмырлы.

Рахым ешқашан өлеңдерін сатқан емес. Сазгерлер көбіне жинаққа шығып қойған өлеңдеріне ән жазады. «Өлеңімді пайдаланыпсың, ақысын төле» деп ешкімге айтқанын көрмеппін. Арнайы тапсырыспен де мәтін жазғанын байқамаппын. Тек жақын таныстары, шығармашылық

байланыстағы әріптесері қолқа салса ғана жазып береді.

Жалпы, шығармашылық адамдарының арасында саудасаттық жүргені жақсы емес. Өнерді, қабілетті сатып баю жақсылыққа апармайды. Бұл – Рахым кредосы.

Бір мысал келтірейін. Мен әнді күнде жазатын адам емеспін. Жылына бір ән туатын сәттер болады. Ән жазбаған жылдарым да бар. Кентаудан Түркістанға қатынап жұмыс істейтін кезім. Автобуста келе жатсам, құлағыма бір әуен келді. Үйге келе сала кассетаға ыңылдап жазып қойдым. Содан тіршіліктің күйбеңімен жүріп ұмытып кеткенмін ғой. Бір күні, арада бес-алты ай өткенде, жолда келе жатсам, тағы да құлағыма бір әуен келді. Бұрыннан таныс ән сияқты. «Сөзі кімдікі еді» деп қоям. Содан бір күні үйде магнитофонды қосып, кассетаға жазып қойғандарымды тыңдап отырсам, әлгі ән жүр. Сөйтсем, өзімнің әнім екен. Сол арада Рахым Балабиевке телефон шалып: «Мынадай бір ән бар, соған жігіттің бір ғашығына «неге мені түсінбейсің, неге сезімді бағаламайсың» деген назы сияқты етіп, сөз жазып беріңізші!» – деп өтіндім. Ол кісі де шабыттанып отырса керек, жарты сағатта-ақ өлеңін дайындап, маған телефон соқты.

Ақ көңілдім, ақ арманым,
Не болып жүр саған, жаным?

Қаншама рет ойлансам да,
Құпияңды таба алмадым, –
деп басталатын “Неге, неге” атты ән осылай туды.

Қазір Рахым Балабиевті бұл өңір тегіс біледі. Оның ән әлдилеген әлемі сазгерлерге де жақсы таныс. Ән Рахымды, Рахым әнді тербете берсін деген тілек қосамыз.

«БӘЙТЕРЕК» ФИЛЬМІНІҢ БАС КЕЙІПКЕРІ – БІЗДІҢ ЖЕРЛЕСІМІЗ

Балалардың түп-тұнық әлемін, бал-балалық дәуренді киноға арқау ету режиссерден үлкен сезімталдықты, шеберлікті талап етері анық. Бүлдіршіндердің жанын түсіне білген кешегі талантты режиссер А.Қарсақбаевтың «Менің атым Қожа» атты фильмін көріп өскен буынның балалары бүгінде «Гарри Поттер», «Человек-паук» секілді фильмдер мен мультфильмдерді көруге мәжбүр. Осындай шетелдік

экспансиядан арылуды, балаларымызды қазақы рухпен тәрбиелеуді мақсат еткен режиссер Данияр Саламаттың жақында ғана балаларға арналған «Бәйтерек» атты фильмі жарық көрді. Мұнда баскейіпкер – ауылға жаңадан келген мұғалім Дана апайдың образын жерлесіміз Мөлдір Мырзақасымова сомдаған. Мөлдір Қуандыққызы Мырзақасымова – «Ащысайтүсті металл» комбинатында талай жылдар инженерлік қызмет атқарған үлкен жүректі ақын Қуандық Мырзақасымовтың кенже қызы. Қазір Алматы қаласында «Хабар» арнасы жанындағы «АФ Caspionet» арнасының бағдарламалар өндірісі бөлімінің редакторы болып қызмет етеді. 2005 жылы Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетін «журналистика» мамандығын бітірген Біз сәті түсіп, шәкіртіміз Мөлдірмен телефон арқылы тілдесуге мүмкіндік алған едік.

- «Бәйтерек» фильмі туралы айтсаң? Картинаны қалың көрермен көріп үлгерді ме?

- Әкенің мейірімі мен ананың аялы алақанын сезінбеген сәби жүрек нені аңсауы мүмкін? Тағдыр тәлкегімен екіге айырылысқан әке-шешесін қалай, не істеп табыстыра алады? Асқақ арманды ақиқатқа ұластырар құдіретті күшті жұмыр жердің қай тарабынан табуға болады? Бар ма екен дәл сондай күш, бар ма екен, сондай жәннәт мекен? Міне, осы сұрақтардың бәрі – фильмнің басты лейтмотиві. Туындының режиссері әрі сценарий авторы Данияр Саламат. Фильмнің «Бәйтерек» деген атауы саяси мән беріп тұрғанымен, бұл - таза балалар тақырыбына арналған еңбек. Соңғы уақытта аз қамтылып жүрген балалар жанрын жандандырып, осы олқылықтардың орнын толтыруды мақсат еткен. Сондай-ақ еліміздің еңселі нысандарына, соның ішінде Астана қаласындағы алып бәйтерекке өскелең ұрпақтың назарын аудару. Көкіректеріне асқақ арман мен биік мұраттарды ұялату. Балалық бал дәуреннің романтикалық, лирикалық сәттерін бейнелеу. Ұрыс-керіс, атыс-шабысқа толы америкалық модельдерге бейімделіп бара жатқан балалар психологиясын өз ортамызға, өз өмірімізге, өз киномызға оралту.

- Фильм оқигасы орыс жазушысы А.Гриннің «Алқызыл желкендер» романының желісіне ұқсайды екен?

- Рас, «Алқызыл желкендер» фильмінде де арманға

құштар бойжеткен күндердің күнінде өзін қиялындағы ханзадасы алқызыл желкенді қайықпен алып кетеді деп күтеді. Ал біздің «Бәйтеректе» мектеп оқушысы ажырасып кеткен әке-шешесін қайта табыстырып, бір шаңырақ астында өмір сүруді қалайды. Сөйтіп жүргенде сыныптас құрбысы «Елордадағы алып бәйтерекке барып, қолыңды қойсаң, дегеніңе жетесің» дейді. Содан бастап қатарластары арасында «профессор» атанған ұл бәйтерекке баруға асығады. Шәкіртінің бұл қиялынан хабардар болған мектепке келген жас мұғалім бала арманын жүзеге асыруға әрекет жасайды. Ақыры ойындағысы орындалып, бала бәйтеректен оралып келе жатқан сәтте ауыл шетінен қызыл көлікке мінген ата-анасы күтіп алады.

- *Басты рөлдерді тағы кімдер сомдады?*

- «Бәйтерек» фильмінде менімен бірге басты рөлді сомдаған Орынбек Сатанбаев — Алматы қаласындағы «Ұлан» шағынауданының тұрғыны. Бүгінде 5-сыныпта оқитын Орынбекті режиссер көп баланың ішінен өте зеректігі, қағілездігі үшін таңдап алған. Сондай-ақ фильмде белгілі актерлер Құман Тастанбеков, Меруерт Өтекешова, Сағызбай Қарабалин, Мөлдір Мырзақасымова, Ернар Жұмабаев т.б. ойнады. Фильм белгілі әнші-сазгер Лұқпан Жолдасовтың музыкасымен және А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған мектептің балалар қорының орындауындағы әндермен әрленген. Аталған фильмнің сценарийін Данияр Саламат пен Жәми Бейсенов жазды.

- *Фильм қайда түсірілді?*

- Түсіру жұмыстары Талдықорған қаласының маңындағы Жетісу ауылында жүзеге асқан. Әрине, жаңа туындының балалар жүрегінен қаншалықты жол табатынын алдағы уақыт көрсете жатар. Қуанарлығы-фильмнің таралуына арнайы қаражат бөлінген. Фильмде жер жаннаты Жетісудың сұлу табиғаты, Астана қаласының әсем көріністері тамаша көрсетілген. Талдықорған қаласының маңындағы шағын ғана қазақ ауылының тіршілігі, ауыл мектебінің өмірі дәл қазіргі ауылдарымыздың хал-ахуалын көз алдыңа келтіреді. Жас ұрпақ кең-байтақ жеріміздің сұлулығын көріп, Отанына деген сүйіспеншілікпен өсуі тиіс.

- *Фильм ел кинотеатрларының прокатында бар ма?*

- Еліміздің кинотеатрларынан көрсетіле бастады. Ту-

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

ында да керемет иірімдер мен философиялық астар жоқ. Балалардың дүниетанымына лайықталған.

- Балалар фильмі екен деп көрермен аз барып жатқан шығар?

- Әрине, балалар фильмге бірден қызыға қоймауы мүмкін. Өйткені қазір жеткіншектер америкалық мультфильмдерді тамашалап, сондағы кейіпкерлерді өздеріне үлгі тұтып өсіп келе жатыр. Өзіміздің менталитетімізге сай, ұлттық бояуы басым дүниелерге тосырқай қарайтыны - шындық. Соған қарамастан балалардың талғамына сай, ұлттық тәрбиеге қызмет ететін фильм жасауға тырыстық. Түсіру барысында да айтарлықтай қиындықтар болған жоқ. Қазіргі біздің қоғамда балаларға арналған фильмдерді тек балалар ғана көруі керек деген түсінік бар. Алайда балаларға арналған картина ересектердің балалық шағын еске түсіріп, жүрегін тербей білуі керек.

- Фильмнің оқиға желісімен таныстырсаң?

- Әке мен ананың аялы алақанын, мейірімін сезінбей, ауылдағы ата-әженің тәрбиесіне берілген бала тәтті қиялмен өмір сүреді. «Бәйтеректің» кішкентай кейіпкері Санжар тағдыр тәлкегімен жолдары екі айырылған ата-анасын табыстыруды аңсайды. Сезімтал бала «Астана төріндегі «Бәйтерекке» көтеріліп, ондағы кітапқа алақанымды қойып арман ойласам, арманым орындалады» деп шынымен сенеді. Санжардың балалық арманын, ішкі жан дүниесін түсініп, оған ылғи қамқорлық жасап, қиялына қиял қосатын жан, ауылға жаңадан келген мұғалім – Дана апайы. Ұстазының өзіне деген мейірімін сезінген Санжардың Дана апайына деген алғашқы балалық сезімі оянады. Санжардың мұғалімін оған келіп жүрген Марат есімді жігіттен қызғануы – оның бала махаббатының айғағы. Баланың нәзік жанын, сезімтал жүрегін жаралап алмай, оның арман-тілегінің орындалуына барынша күш салған мұғалімі Санжардың арманын орындауға тырысып, өзінің сабақ беретін сыныбын Астана қаласына саяхатқа алып барады. Тіпті Санжардың ата-анасының қол ұстасып бірге келуіне де ықпал етеді. Фильмде балаларды ізгілікке, жанашырлыққа тәрбиелейтін бейне – Қыдыр ата. Аппақ болып киінген ақсақал Санжарды өңінде де, түсінде де желеп-жебеп жүреді.

- Фильмдегі дублерыңыз болған балалармен бірге ойнап

шығу өте қиын болған шығар?

- Өте күрделі, бірақ өз басым балаларға арналған дүниелерден ерекше ләззат аламын. Тап-таза кіршіксіз көңілдерімен, жып-жылы сезімдерімен айтқаныңды бұлжытпай орындауға тырысатын балалардың ынтасын көргенде шығармашылық шабытқа бөленесің. Фильмнің «Бәйтерек» деп аталуының себебі қазіргі таңда еліміздің, елордамыздың символына айналған «Бәйтеректі» өскелең ұрпақтың арманымен ұштастырудан туған.

Қазіргі кезде баланың психикасына кері әсер ететін атыс-шабыс фильмдерге тек осындай өмірдің жарқын жағын басым етіп көрсететін фильмдер төтеп береді. «Бәйтеректе» Санжардан басқа да, Мадияр сынды қиялы жүйрік, пысық, тақылдаған балалар өздері құралыптас балалардың фильмге деген қызығушылығын арттырары сөзсіз.

- Кентау қаласы туралы фильмге сценарий жазылып жатса, түсуге қалайсың?

- Керемет болар еді! Оған тіпті де қарсы емеспін.

«ҚАЙСЫБІР ЕҢБЕК БОЛМАСЫН МАРАПАТТАЛЫП ОТЫРҒАНЫ ЖӨН»

Зүрият ЖАҚСЫБЕКОВА, №4 мектеп-лицейінің

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:

Жұлдызнамасы: Мерген

Сүйікті асы: Асылған жылқы еті

Сүйікті түсі: қызыл түс

Сүйікті кітабы: «Абай жолы»

Сүйікті ісі: қолмен кір жуу

Сүйікті иіссуы: «Fерзан»

Сүйікті қаласы: Кентау

Идеял тұтар адамы: адвокат Сәрсенкүл (фамилиясын білмеді)

1-сұрақ: Өзіңіз туралы айта кетсеңіз

- 1994 жылы осы қалаға Созақтан көшіп келдік. Содан бері осы мектепте тапжылмай еңбек етіп жатқан жайымыз бар. Негізінен жоғары сыныптарға дәріс беремін. Бір ерекшелігім бе, жоқ әлде, әдіскерлік тәжірибем деймін бе, әйтеуір, сынып жетекшілігін 5-сыныптан алып, бала мектепті бітірім шыққанша тапжылмай қамқорлығымда

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

ұстаймын. Ондағы ойым, мектеп те бір тәрбие ошағы, бала өз сынып жетекшісіне 7 жыл бойы бауыр басып, ата-анасындай құрмет тұтса, мұғалім де балалардың әрқайсысының мінезіне үйреніп, тәрбие жұмысымен алаңсыз айналысуына мүмкіндік туады. Жыл сайын жетекші алмастыра бергенмен, тәрбие тыңғылықты жүргізілмейді. Өзім Шымкент педагогика институтының түлегімін. Әдепкіде Шымкент қаласында Сыпатаев атындағы мектепте бір жылдай жұмыс істедім. Қаһар Атаханов, Айдар Таштанов сияқты қазірде облысқа белгілі азаматтармен қызметтес болдым. Кейін отбасы жағдайымен Шолаққорғанға көшіп барып, өзім оқыған Калинин атындағы (қазір Асқар Сүлейменов атында) мектепке жұмысқа орналастым. Директоры Құлтай Әміреев ағам екен. Жас маман ретінде сол кісінің тәрбиесін көп көріп өстік. Өте тамаша педагог. Көп нәрсе үйрендім. Әдепкіде көп қиналдым. Өзіңе сабақ берген мұғалімдермен жұмыс істесу өте қиын екен. Қобалжып жүргенімді көріп, Құлтай аға ақыл кеңесін айтып, менің жақсы педагог болып қалыптасуыма игі әсер етті. Екінші бір рухани ұстазым өзімнің әкемнің қарындасы Рабиға апай болды. Күні бүгінге дейін сырласым да, мұңдасым да сол кісі.

2-сұрақ: Мұғалім қандай болу керек? Мұғалімнің беделі бар деп ойлайсыз ба?

- Мұғалім, біріншіден, өз мамандығын, өз пәнін жанындай сүйетін, сол мамандығы жолында талмай ізденіп, бар өмірін тәрк ететін жан болуы керек. Мен солай ойлаймын. Кейбір оқуды жаңа бітірген жас мамандар ата-ананың ықпалымен мұғалім болдым деп мақтан ететін шығар, бірақ, бұл мамандықты әркім өзі қалап алғаны жөн. Олай етпейінше ол барлық жан жылуын ешуақытта балаға арнай алмайды. Бұл кәсіпті тек материалдық мұқтаждығымды өтеуші деп қана түсінеді. Ең қорқыныштысы осы. Мыфна технология ғасыры баланың әдебиетке, тілге деген сүйіспеншілігін азайтып барады. Бірде-бір әдеби кітап оқымаса да, күнұзақ компьютерде отыруға құмар. Тест юаланың білімін тексеруге дұрыс шығар, бірақ ұрпағымыздың сөйлеу тілі жоғалып барады.

- Мұғалім зиялы қауымға жата ма?

- Мұғалім – зиялы адам, мен солай есептеймін.

- Зиялылық деген не сонда?

- Балаға тәлім-тәбие біріп, ғылымға, білімге деген

сүйіспеншілігін оятып отырған адамды зиялы демей не дейміз. Зиялылық – бұл үлкен адамгершілік, елге сыйлылық, ел атынан сөйлей алатын ақсақалдық. Өкінішке орай, қазір мұғалімнің беделі жоқ. Өзіңіз ойланып қараңыз, қазіргі мұғалім мектептің ұсақ-түйегіне ақша жинаймын деп ата-ана алдында беделінен айрылды. Оқушыларды көше сыпыруға немесе басқа да акцияларға «күштеп» апарумен шәкірт алдында абыройсыз болды.

3-сұрақ: Қазіргі оқушы қандай?

- Бұрынғы мұғалімді ата-анасынан артық тұтып, қарсы ұшырасса, бас киімін шешіп, тік тұра қалатын оқушыдан қазіргі оқушы мүлдем бөлек. Ол компьютердің алдынан шықпайды, қатігездеу, үлкенді үлкен, кішіні кіші деп сыйлай қоюы қиын. Әрине, бәріне бірдей топырақ шашуға болмас, ішінде тәуір балалар өте көп.

- Өзіңіз айтып отырсыз, бұрынғы балалардың иманы көп еді деп, ол кезде сіз де сабақ бергенсіз, қазір де беріп жатырсыз. Сіз өзгерген жоқсыз ғой, бала неге өзгереді?

- ...бәлкім, жаһанданудың әсері шығар.

4-сұрақ: Сіз өзіңізді жақсы мұғаліммін деп есептейсіз бе?

- Өзімді жақсы мұғаліммін деп есептеймін.

- Тым өзімшіл емессіз бе?

- Бәлкім, менен де жақсы мұғалімдер көп шығар, бірақ, айналадағы өзгелермен салыстырғанда біршама тәуір педагог сияқтымын. Біріншіден, бойымда мұғалімге тән ізденгіштік, баланы тыңдата алу, шешендікпен баурап алу сияқты қасиеттер бар, екіншіден, шәкірттер мені жақсы көреді.

5-сұрақ: Қазір жас маманға жұмысқа орналасу оңай ма?

- Өте қиын. Жас маманның барлығы бірдей қызметке лайықты емес қой. Бала тәрбиесі еріккеннің ермегі емес. Оған ішкі жан дүниесі таза, тумысынан пелагог адам ғана араласа алады. Қолда дипломының болуы бір басқа, қауашақтағы дипломды айтыңыз. Күнұзақ иығына бөкебай жамылып сыныпта орнынан тұрмай отырып алатын жас мұғалімді көргенде қарның ашады. Әрине, ішінде лайықтылары да бар. Бірақ, оларға мамандығына лайық жұмысқа орналаса салу қазір қиын. Жақсы жас маманның орнын жақсы «көкесі» барлар орап кетуі әбден мүмкін. Шындығы керек, «Ауылға дипломмен» деген акция жүріп жатқанымен, ауылға асығып

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

жатқан жас мамандарды көрмедім. Олар өздеріне сенбейді, ертеңгі күні «крышават» етіп отыратын көкелеріне сенеді. Сондықтан айналшықтап қаладан шықпайды.

-*Өзіңіз ауылға барар ма едіңіз?*

- Дәл қазір сол жастарға жасалғандай жағдай жасалса қазір-ақ кетер едім.

6-сұрақ: Қазіргі алып отырған жалақыңыз күнкөрісіңізге жете ме?

- Жақсы өмір сүруге, әрине, жетіңкіремейді. Бірақ мен жалғыз емеспін ғой, ел қатарлы бірде аш, бірде тоқ жүруіңнің өзі бір бақыт.

7-сұрақ: Үйде де тәрбиешісіз бе?

- Жетінші сыныпта оқитын Марал деген қызым бар. Оны қазақы болмыспен тәрбиелесем бе деймін. Сондықтан үйде де еріксіз тәрбиешіге айналамын. Мектепте өзгенің балаларына қандай тәрбие берсем, үйде де солай. Мектепте басқа, үйде басқа тәрбие берген күнім жоқ.

P.S. Осы тұста біздің жанымызға қызы Марал кіріп келді. Ол да осы мектепте оқитын болып шықты. Сондықтан ендігі сауалымызды соған бағыттауға тура келді.

8-сұрақ: Мұғалім ретінде анаңды көбірек құрмет тұтасың ба, жоқ әлде мектептегі өзге бір ұстазыңды ма?

- Ең алдымен анамды құрмет тұтамын. Өйткені ол да ұстаз.

- Ұстаз болмағанда ше?

- Ойланып көрер едім... Негізі Марал апай мен Нұргүл апай жаныма жақын.

- Анаңа ашуланған кезде сол сүйікті апайларыңа барып шағым жасамайсың ба?

- Жоқ, ешуақытта. Өйткені бұл – менің мамам.

- Үйдегі мама мен мектептегі мама-ұстаздың айырмашылығы бар ма?

- Ия, мамам мектептегіден гөрі үйде біршама мейірімді, ашуланбайды, боянбайды...

9-сұрақ: Еңбегіңізді марапаттап отырғанды жөн көресіз бе?

- Кезінде еңбегімізді бағаламай қойды деп ренжіген кездеріміз болған. Жалпы, марапаттың еңбекпен келгені жөн ғой. Алдыңғы жылы ҰБТ көрсеткіші бойынша Білім министрінің Құрмет Грамотасын алдық. Басқа да марапат-

тарымыз аз емес. Қайсыбір еңбек болмасын марапатталып отырғаны жөн.

- Ең жақсы көретін сыйлығыңыз не?
- Гүл. Хризонтема деген гүлді жақсы көремін.
- Осы гүлді өміріңізде біреу сыйлады ма сізге?
- Жоқ, сыйлаған емес.
- Күнде бірге қызмет ететін әріптестеріңіз ше?
- Жоқ, олар да сыйламапты...
- Ал, өзіңіз ше? Біреуге гүл сыйладыңыз ба?
- Ия, дәл осы гүлді сыйлаған кездерім болған.
- Қалай қабылдады?
- Басқа гүл әкелмедің бе деді (күлді).

10-сұрақ: Қалайсыз жағдайдан қалай шығасыз: мысалы, бала оқымайды, қатты ұрыстыңыз, ата-анасына айтып барды, ата-ана мектепке келіп шу шығарды...

- Біріншіден, мен кінәмды бірден мойындаймын. Кешірім сұрап, қайтып қайталанбайтынын айтамын. Өте кешірімдімін.

11-сұрақ: Мектеп формасына қалай қарайсыз?

- Мектепте бірыңғай форманың болғаны жөн.
- Бұл өткенді қайталау емес пе?
- Жоқ, керісінше балаға бір-бірінен ешкімнің артық емес екенін түйсіндіреді. Әйтпесе, бай баласы жылтырақ көйлек киіп, әлеуметтік жағдайы төмен бала тапқанын киіп отырса, мүлдем қайшылық емес пе?

12-сұрақ: Он екі жылдық білімге қалай қарайсыз?

- Қазір мектепте сапалы білімге көңіл бөліп жатыр. Бейімді оқыту балаға аса қажет. Мектептен мамандық алып шығады. Сондықтан 12 жылдық білімді жөн көремін.

13-сұрақ: Үйде баспасөз алдырып оқисыз ба?

- Міндетті түрде. «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ әдебиеті», «Жас Алаш», «Қазақстан әйелдері», «Оңтүстік Қазақстан», жергілікті газеттерді жаздырып оқимын.

- Бәріне қаржыңыз жете ме?

- Жетпесе де мен үшін бастысы күнделікті өмірден хабардар болу. 10 мыңға таяу теңгеге газет-журналға жазылдым. Байқап отырсыз, қымбат киім кимеймін, бірақ рухани байлыққа ақшамды аямаймын.

14-сұрақ: Мектепте өз дәрісіңізге өзіңіз қожайынсыз. Үйде кім қожайын?

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

- Үйде, шынын айтқанда қожайыңдық қылатын ешкімім жоқ. Бар билік Рахима әпкемнің қолында. Мен жұмыстан барғанша тамақты сол кісі әзірлеп қояды. Кейде екеуіміз бірлесіп әзірлейміз. Дегенмен кейбір ер адамның бойынан табыла бермейтін алғырлық, батылдық, тез шешім қабылдаушылық қасиеттер бар менде.

15-сұрақ: Хоббиіңіз бар ма?

- Күндіз-түні ыңылдап ән салып жүремін десем болады. Ас әзірлеп жүрсем де, іс тігіп отырсам да ән салғанды жақсы көремін. Әсіресе халық әндерін. Домбыра тартқан адамдарды қатты сыйлаймын.

ӘКІМ ҚАРЕКЕТІ – ҚАЛА ДАМУЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

Әр уақыттың өз өзгешелігі болады. Қаланың барлық саладағы қазіргі жақсы жаңалықтары елдің мерейлі мерекесі жылындағы бөлек бір ерекшелік болып отыр. Көпшілік көңілін өсіріп, жанын жағдыратып жалғасқан өркенді өзгерістер бұл күнде қарт Қаратау іргесіндегі Кентау қаласы өмірінен де көрініс тауып, шуақ еседі. Оған тікелей куә қала тұрғыны ретінде жергілікті жұртшылықтың ризашылық шексіздігін сезінбей қала да алмайсыз.

Бір кездері Одақты таңдай қақтырған шаһардың бүгінгі өсіп-өркендеуі жайлы осында келіп-кетіп жатқан жұртшылықтың әрдайым жақсы пікір білдіріп, ықыласпен айтатынын біз жақсы білеміз. Бұл тегін емес. Жылдың қай маусымында болсын қайнаған тірлік пен көз қызықтырар сән-салтанатымен ерекшеленетін оның орталық көшелері аса көрікті. Атаулары да көңілге қонымды: Ынтымақ, Қазақстан, Желтоқсан, Абылайхан, Ясауи, Төле би, Абай, Қонаев, Момышұлы, Рысқұлбеков, Қалауова, Сейфуллин тағы басқа ұлттық шырайдағы есімдерді көргенде көңіл ризашылыққа бөленеді. Гүлзар көмкерген саябақ-саяжолдар салтанаты мен тазалығы көрген жанның мейірін қандырады. Әрине, ол үшін қыруар жұмыс жасалып, тынымсыз тірліктің толассыз жалғасып жатқаны ақиқат. Мұнда қаланың еңбекқор халқымен қатар шаһар тізгінін қолына алғанына аз уақыт өткен, Шым қаладағы бірер ауданда

басшы қызметте болған Нұржігіт Нұрпейісұлының да қолтаңбасының бары анық.

Толғақты мәселесі шаш етекпен, суды кестемен үнемдеп ішуге үйреніп қалған қала жұртшылығы үшін әрі кетсе екі-үш жыл басқарып, ши басын сындырмастан шабадан арқалап кете баратын әкімдер таңсық емес-ті. Сондықтан бұл басшыға күдікпен әрі үмітпен сын арта қарағаны анық. Жаңа қызметтегі міндетін шаһармен және тұрғындардың тыныс-тіршілігімен танысу-дан бас-таған қалабасы алдымен нені қолға алу қажеттігін сарала-ды. Артына «өз командасын» ерте келмей, жергілікті мамандардың іскерлігі мен ұйымдасты-рушы-лық қабі-летіне иек артты. Кей басшылар сияқты «тырнақ астынан кір іздеп», алқымдап алыс-жұлыс, ауқымдап ауыс-түйіс жасамады. Қолда бар кадрға орнынан қозғамай, жауапкершілік жүктеді. Бұл қала білікті кадр-лар шоғырланған мекен екеніне көз жеткізген соң, өз жұртымен бірге Елба-сының Жолдауындағы тап-сырмаларды, облыс әкімінің алға қойған міндеттерін орындауға кірісіп кетті. Жаңа әкім үшін шаһардың сәулетімен қатар ал-дағы жоспар-лар мен тиянағын тез арада келтіретін мәселелер аз емес еді. Әсіресе, су-жылу мәселесі көлдеңен тұрып, ә дегеннен аяқты тұсап тастаған-ақ болатын. Мәселені неден бастау керек? То-сын ортаның тығырыққа тірер тұсы осы шығар? Жергілікті мамандармен алқалы кеңес жасады, ақсақалдармен ақылдасты, тарихқа үңілді.

Бақса, осыдан 56 жыл бұрын Қаратау тұмарына айналған Кентау қаласы қай жа-ғы-нан болсын түрлене түскен, замана талабына сай түлеген орта екен. Мұның бәрі ел тәуелсіздігінің арқасында мүмкін болған игіліктер екені даусыз. Өткен жылдар ішінде экономикасы мен әлеу-меттік жағдайы жедел дамып, жұртшылықтың мәдени-тұрмыстық жағ-дайы да әлдеқайда артқан. Барлық жағы-нан басқа шаһарларға ұқсамай-тын ерекшелігімен қала өз қонақтарын тамсандырып, қуанышқа кенелтіп-ақ келеді екен. Жылдар бойы субұрқақтар мен жасыл желекке ор-танған Кентаудың кескін-келбеті, ты-ныс-тір-шілігі ажар-лана түсіп, өс-іп-өркендегені байқалып-ақ тұр. Осы көрік, осы келбеттен айрылмау керек. Әкімнің алға қойған алғашқы міндеті – қаланы көріктендіру, көркейту болды. Орталық көшелердің жиектерін жаңартты, гүлзар қуалап гүл ектірді, саябақтар

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

мен саяжолдарды қоқыстан тазартты, су құбырларын тартты. Қазір бұрынғыдай емес, қаланың келбеті біршама түрлене түскен.

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында экономиканы көтеру үшін отандық кәсіпкерлердің кәсіптік мүмкіндігін ұлғайту тапсырылған. Демек, қаланы жедел дамытудың негізгі алғы шарты – орта бизнестегі қарқынды даму тиімділігіне қол жеткізу екенін әкім тез ұқты.

Алдымен ауыл шаруашылығы сапалы мен шағын және орта бизнесті дамытуға мемлекеттік қолдаудың шаһардағы тірлікке оң әсерін тигізетінін бағамдап алды. Қаламен іргелес поселкелердегі төрт түлік мал басын көбейтумен қатар ауылшаруашылық өнімдерін өндіру ісінде де айтарлықтай табысқа қол жеткізу қажет екенін сезді. Сезді де жаңа жылыжайлар салуға, агроөнеркәсіп кешендерін ұлғайтуға көңіл бөлді. Бір есептен бұл шаруаны қарқынды дамытуға облыс әкімінің алқалы жиында «қалы кілемге аунатып», қамшы басуы да себепші болды. Көп ұзамай шаруа қожалықтары елді мекендердегі ауыл шаруашылығының өнім көлемін едәуір арттырып, интенсивті технологияны қолдануға басымдық алды. Енді осы саланы дамыту үшін заманауи технологиялар мен құрал-жабдықтарды жаңарту бас-ты міндет бо-тылып отыр. Негізгі азық-түлік түрлерінің ба-ға-сын тұрақтандыру мақ-са-тында қолға ал-тын-ған шаралар да нәтиже берді. Қалада шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға көп көңіл бөлу қажеттігін қадап айтқан облыс басшысының сын-ескертпесі де жон арқаға қамшы болып тиді. Әкім де ет пен сүйектен жаратылған пенде емес пе, қапелімде нендей жауап айтарын білмей, абыржи сөйлеп, абдырап қалғаны рас. Бірақ көпке топырақ шашуды мұрат етпегені анық.

– Мен де ұзақ жылдар кәсіппен айналысқан адаммын, – дейді әкім бір кездесуімізде ағынан жарыла. – Кәсіпкер еңбегін жақсы түсінемін әрі оларды әріптес ретінде құрмет тұтамын.

Тағы бірде көптен бері қоян өсіруді кәсіп еткісі келген Ысқақ Жұмаш ақсақалдың тірлікті неден бастау керек екенін зерделей алмай, әкімге қолқа салған қарекетінің үстінен түскенім бар. Әкім оған бірден Түлкібастағы Керейіт ауылындағы қоян өсірумен айналысатын «Оңтүстік»

асыл тұқымды шаруашылығына барып, тәжірибе алмасып қайтуына кеңес берді. Нұрдәулет Әлібаев атты жап-жас кәсіпкер жігіттің акселерат әдісі арқылы қоянды қалайша шапшаң көбейтіп жатқандығын тілге тиек етті. Журналистік қызығушылығым оянып, сол шаруашылық тірлігімен танысып қайтуға мен де ниет білдірдім. Әкім қарсы болған жоқ.

Қоян шаруашылығы Түлкібас ауданының тау бөктерінде жатқан ауылдардың бірінде үдемелі-индустриялы инновациялық дамудың аймақтық бағдарламасы аясында «Оңтүстік» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы мен жергілікті фермердің бірігуімен іске қосылған екен. Жаңа технологиялардың арқасында қоян шаруашылығы бір жылдың ішінде қомақты табыстарға қол жеткізген. «Акселерат қояны селекционерлердің көп жылғы еңбегінің жемісі, – дейді кәсіпкерлік құпиясын оншалықты ашқысы келе қоймаған Ирина Цимер есімді қоян өсіруші қыз. – Бытыр қараша айының орта тұсында Ресейден 120 қоян сатып алдық. Қазір торда олардың көжектері өсіп жетіліп, қоян басы 800-ге жетті. Өсіру технологиясын фермерлер екі ай бойы зерттеді. Жәй қояндардан бұлардың негізгі ерекшелігі – тез жетіледі. Бұл аз шығынмен сапалы ет алуға мүмкіндік береді. Бірақ ол үшін бидай, арпа, жүгері, жоңышқадан тұратын ерекше құрама жем қажет». Жай қояндар бір жылда 5-6 кг салмаққа жететін болса, акселераттық қояндар 4 айда 5-6 кг тірі салмақ алып, 2,5 және 2,7 кг таза ет өнімін береді екен. Ал мякра технологиясы бойынша қояндар емдік қасиеті бар диеталық ет береді. Қояндардың терісі, түбігі өте мықты, әдемі. Әдемілігі жағынан норка, писец, шиншилаға өте ұқсас. Ал бүйрегі таптырмас – деликатес кәуап.

Аумақтай жерді алып жатқан қатарлай қонған қоян үйшіктері – модельді жартылай автоматты минифермалар екен. Әр үйшікте шөп, жем салатын, су құятын арнайы астаушалар бар. Бір салынған азық бір аптаға жетеді. Яғни, адам минифермаға аптасына бір-ақ рет жақындайды. Минифермадағы электрогрелка едендерін жылытып, қояндардың қыста да тууына жағдай жасайды.

Осының барлығына куә болған 75-тегі Ысқақ ақсақал бала-шағасымен біріге Құшатада қоянның осы тұқымын өсіруге ниет білдіріп отыр. «Бұл жаңа кәсібім қалаға дәрулік ет сатуға мүмкіндік береді», – дейді қария.

Экономикалық күш-қуат артқан сайын қаланың әлеуметтік жағдайы жақсарып, күрделі мәселелердің күрмеуі шешілетіні заңды. Бюджеттің басым бөлігі ағалымыш салаға бағытталғанын қалалықтар оң өзгерістер арқылы күнделікті өмірлерінен көріп отыр. Қазір шаһарда экономиканың локомотивтері – трансформатор және экскаватор зауыттары сияқты ірі кәсіп-орындар жұмыс істеп тұр. Орта және шағын кәсіпкерлік те үдемелі дамып келеді. Бүгінгі таңда бұл өндіріс ошақтары өнімнің жаңа, ерекше сұранысқа ие түрлерін өндіруге лайықталған индустриялық-инновациялық бағытпен жұмыс істеуде.

Елбасының алға қойған басты мақсаттарының бірі – тұрғын үй мәселесі екені белгілі. Осы үрдіс жылдармен жарысып биыл жарасым тапқалы отыр. Ел тәуелсіздігі мейрамының қарсаңында тұрмысы төмен 20 отбасыға пәтер кілттері тапсырылмақ. Бұл жақсы үрдіс. Осы бастаманы қолдап, кәсіпкерлер мен жеке меценаттар да тұрғын үй құрылысын жандандыруға, шаһардың қанатын кең жаюына ықпал етсе дейміз. Мұнымен қатар, тұрғындарға қажетті әлеуметтік тұрмыстық жағдай жасау мақсатымен бірқатар бөлімдер мен құрылымдарды әкімшілік маңына – бос тұрған қонақ үй ғимаратына топтастыру да жоспарлануда. Жыл сайын мәдени көпшілік, сәулетті құрылыс нысандары салынып жатса, әрине, қала бейнесі айшықтала түспек.

Бұл қала – оңтүстіктің алтын құрсағы, дәстүр-салтымыздың қайнар көзі, дарынды азаматтарымыздың асыл бесігі. Сондықтан қала баласы қанша жерден алысқа ұзап кеткенімен, Кентау дегенде ет жүрегін үзіп беруге шақ тұратыны табиғи заңдылық. Біз де қарт Қаратаудың жауһар алқасындай әсем Кентау қаласын ұлт рухымен үнемі жаңғыртып тұруды мақсат санаймыз. Сондықтан биыл ел Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейіне орай рухани, мәдени және әлеуметтік бағытта көптеп іс-шаралар атқарылса дейміз. Өз тонымызды өзіміз қымтай бермей, сыртта жүрген ел азаматтарын шақырып, мақтап-мадақтап, құрмет көрсетіп жатсақ, қанеки! Өз басым «мынауың Түркістанда тұрмай ма?» деп кейбіреулердің сұқ саусақ шошайтқандарынан басқа алқалы ортада алақан жылуын сезіне алмай жүрмін.

Биыл әкім жаңа бастама бастады. Осы қалада туып-өскен барлық елтұтқа азаматтардың туған күндерін

тізбелеп, арнайы құттықтау жолдап отырады екен. Бұл бір жапырақ қағаз кішкене ғана ілтипат болып көрінгенімен, сол азаматтардың туған жеріне деген отаншылдық сезімін оята-ры анық. Ал, отаншылдық – пенделіктен биік түрлі ерліктерге жетелеуі әбден мүмкін.

Ия, уақыт бір орнында тұрмайды. Қоғамның өр-кендеуімен қатар барлық саланың жедел қар-қынмен дамитыны ақиқат. Жаңа бизнес көздері, жұмыс істеп тұрған кәсіпорын-дар-ды жетілдіру, кеңейту жөнінде ондаған жобалар кезек күтіп тұр. Мұны былай қой-ғанда, жаз-да – су, қыста – жылу проблемасы тағы бар. Кентаулықтар өз қалаларындағы проблемалардың шешіміне араласудан ешқашан шет қалған емес. Маман кадрларды тұрақтандыру, көшелерді көр-некі безендіру, гүлзарлар жасау, саябақтарды лайықты демалыс орнына айналдыру т.б. мақ-са-ттарда ізденіспен еңбек етуде.

«Әкім бол – халқыңа жақын бол» дейді бағзыдан келе жатқан пәлсафа. Ендеше, әкім қала тұрғындарына сенім арт-са, қала халқы да аянып қалар түрі жоқ.

КӨРКЕМДІК КЕҢЕС ҚҰРЫЛДЫ

Жуырда Мәдениет сарайы шығармашылық ұжымының бастамасымен қалалық мәдениет бөлімі жанынан көркемдік кеңес құрылды. Өнер мен мәдениетке қатысты қалада қордаланып қалған мәселелерді ақылдаса, кеңесе шешуді мақсат тұтқан бұл кеңестің құрамына белгілі өнер және мәдениет қайраткерлері енді. «Шындықты батыл айта ала-тын, әділетті, абыройлы азаматтардың басын қосып отырмыз, – дейді кеңес төрайымы Мәдениет сарайы директорының міндетін атқарушы Айткүл Сейтметова. – Енді әрбір сахналық қойылым, оның сценарийі осы кеңес елегінен өтіп қана сахнаға жол табатын болады. Тіпті концерттік бағдарлама сахналанып қойғаннан кейін де қатаң сараптан өтпек».

Кеңестің алғашқы отырысы Конституция күніне арналған іс-шара бағдарламасын талқылаумен басталды. Нәтижесінде бұрынғы жаттанды қасаң іс-шара көпшілік көңілінен шығар әсерлі кешке айналды.

«Бұлцензуранемесебірнешеқатал адамның жиынтығы емес, – дейді кеңес мүшесі ҚР мәдениет қайраткері, сазгер Бекжігіт Сердәлі. – Әділетті, объективті түрде қазақ өнерінің

дамуына шын жаны ашитын адамдардың пейілін білдіретін арнайы топ. Мұнда бір-бірінің көңіліне қарап, бірі мен бірі ауыз жаласып алатын азаматтар жоқ. Сахналық бағдарламаға енетін құлаққа түрпі, тақырыптан ауытқыған «жеңілтек» әндер сахнаға шықпайды. Кездейсоқ бой көрсететін дарынсыз әншілерге де енді жол жабық. Әрине, өнерді басқарудың қажеті жоқ, бірақ дұрыс жолға бағыттауымыз керек».

Алқалы кеңес мұнымен қабат өнердің төңірегіндегі мәселелерді, өнер адамдарының проблемаларын шешіп отыруды да мақсат тұтпақ. Асанәлі Әшімов, Райымбек Сейтматов, Әшірбек Сығай, Досым Сүлеев сияқты кентаулық өнер қайраткерлерінің портреттік галереясын жасауды да жоспарлап отыр. Алайда төбеден қойып қалып, күйбең тірлігін қамдаған адамдарға мұнда есік жабық. Тек ел өнерінің мүддесін күйттеген жандар ғана көркемдік кеңестен кеңес сұрап келе алады.

«ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ – ҚОҒАМ БОЛЫП ЖҰМЫЛАТЫН ТІРЛІК»

Қоршаған айнала қызығына тамсана қарап, оның тылсым сырын ұғуға тырысқанымызбен, көп жағдайда сол табиғат тамашасын өзіміз қолдан бүлдіріп жататынымыз жасырын емес. Сондықтан түрлі деңгейдегі құзырлы мекемелер айналамыздың бүлінбеуіне қатысты тынбай зерттеулер жүргізіп, өңірдің экологиялық зардап әкелмеуін барынша қадағалап, ғылыми сараптама-талдаулар жасап отырады. 2001 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанынан ашылған Экология ғылыми-зерттеу институты да, міне, осы салада біршама жетістіктерге қол жеткізіп отыр. Институт директоры, х.ғ.д., академик Аманкүл Жақашқызы АҚБАСОВАҒА жолығып, зерттеу орталығының Түркістан аймағындағы қоршаған ортаның ластау көздерін анықтау және зерттеудің жаңа әдістерін қолдана отырып, олардың қоршаған ортаға әсерін бағалауды қамтитын кешенді экологиялық зерттеулер жүргізу бағытындағы жұмыстарын білуді мақсат еткен едік.

– Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мемлекеттік лицензиясына ие болған институтымыздың қоршаған орта жағдайын жақсартуға бағытталған жоспарлы ғылыми бағдарламаларды орындау және олардың нәтижелерін іске асыру мақсатында мемлекеттік аттестациядан өткен ғылыми-зерттеу зертханасы бар. Оның қызметі табиғи және ауыз судың, ақаба сулар мен топырақ, ауа, азық-түлік құрамының сандық және сапалық зерттеулеріне қажетті нақты мәліметтерді алуға бағытталған. Мұнда аспиранттар, ізденушілер, магистранттар, студенттер ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ғылыми-зерттеу институтының атқаратын жұмыстары негізінен төрт саланы қамтиды: университет ботаникалық бағынан декоративті және жеміс-жидек өсімдіктерін интродукциялық зерттеу, оның ассортименттерін жинау; төменгі жиілікті электромагнитті толқындармен сәулелендіру арқылы ауылшарушылық дақылдарының өнімділігін арттыру технологиясын жасау; Түркістан аймағындағы су, топырақ, ауа құрамына мониторинг жүргізу; кәсіпорындардың қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалау.

– *Бүгінгі күнге нақты атқарылған іс-шаралар бар ма?*

– Түркістан өңірінде жеміс ағаштарының көптеген түрлері кездеседі, оларды өсіру, сақтау тәжірибесі атадан балаға мирас болып жалғасып отырған. Бүгінде халық селекционерлерінің қолында жемістердің ондаған сорттары жинақталған. Бұл сорттардың морфологиялық, экологиялық ерекшеліктерін зерттеу қолға алынды. Олардың өнімділігі мен сапасы әрі қарай анықталуда. Ботаникалық бақта жеміс ағаштарының және жүзімнің 29 сорты интродукцияланған, оның ішінде алманың он шақты сорты бар. Жүргізілген зерттеулер жеміс өсімдіктерінің өнімі оның сортына және күту технологиясына байланысты екенін дәлелдеп отыр.

Мұнымен қатар жеміс өсімдіктерінің тамыр жүйесін зерттеу қолға алынды. Магистрлік дәрежеде ғылыми жұмыстар жүргізілуде. Бойы қысқа алма ағаштары сорттарының тамыры тереңге кетпейді, жан-жағына тарап өседі. Бұл зерттеу барысында үлкен ғылыми және практикалық маңызы бар нәтижелер береді. Осыған байланысты негізгі агротехникалық технологияларды жетілдіру бағытындағы жұмыстар жалғастырылуда. Әсіресе суғару

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

жүйесі мен тыңайтқыштарды қолдану тәсілдерін сортты өсімдіктердің ерекшеліктерін ескере отырып жүргізген тиімді. Топырақ қабаты бір метрден аспайтын шағыр тасты аймаққа орналасқан өңірлерде бойы қысқа жеміс ағаштарының сорттарын отырғызудың тиімді екені ұсынылды. Түркістан және Кентау қаларына қарасты елді мекендердің шаруашылықтары негізінен осындай топырақты аймаққа орналасқанын айта кеткен жөн.

– *Тұқымдарды электромагнит өрістерімен сәулелендіру технологиясының маңыздылығы туралы кеңірек айта кетсеңіз?*

– Біз жүргізіп жатқан екінші бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының бірі – ауыл шаруашылығында пайдаланатын әр түрлі дақылдардың өнімділігін арттыру. Тұқымдарды егуден бұрын алдын-ала төменгі жиілікті электромагнитті толқындармен сәулелендіру технологиясын ұсынып отырмыз. Бұл әдістің, яғни егін егуден бұрын алдын ала тұқымдарды электромагнит өрістерімен сәулелендіру технологиясының маңыздылығы – дәнді дақылдарының өнімділігін арттыру болып табылады. Осынау технологияны пайдаланған жерлерде өнімділікті 50-100 пайызға дейін арттыруға болады.

Бұл технологияға тұрақты сұраныстың бар екенін және оны кез келген өнім түрінде шектеусіз кәдеге асыруға болатынын маркетинг көрсетіп отыр. Ауа райында көптеген айырмашылықтары бар Ресей, Украина, Қазақстан, Өзбекстан аймақтарына тәжірибелер жүргізіліп, тек оң нәтижелер алып отырмыз.

Ғылыми-теориялық және тәжірибелік зерттеулер нәтижесінде «Дақыл және егетін материалды өңдеу әдістері» бойынша патент және ауылшаруашылығы дақылдарын биорезонанстық активтендірудің заңдылықтарын енгізуге қатысы ғылыми жаңалықтарымызға халықаралық ғылыми жаңалықтар авторларының ассоциациясы мен жаратылыстану ғылымдарының Ресей академиясы арнаулы дипломмен марапаттады. Бұдан басқа бірнеше авторлық куәліктер мен патенттер, алдын-ала патенттер алынды.

– *Аймақ өндірістерінің қоршаған ортаға тигізетін әсері зерттеле ме?*

– Экология ғылыми-зерттеу институтының

«Экологиялық бақылау және химиялық сараптау» зертханасында Түркістан өңірінің экологиялық жағдайларын зерттеу бойынша мониторинг жүргізіліп жатқанын мана айттым. Табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, биологиялық көптүрліліктерді қамтамасыз ету, топырақтың құнарлылығын сақтауды қамтитын қоршаған ортаны қорғау және қалпына келтіру, өндіріс қалдықтарын қайта өндеу, су және ауаны зиянды қалдықтардан тазалау үшін экологиялық технологияларды жасау жұмыстары бір сәт те тоқтаған емес. Бұл жұмыстар талдаулар жүргізу барысында мәліметтердегі мүмкін болған ауытқуларға қосымша өзгерістер жасау мақсатында жүргізіледі. Келісім-шарт негізінде өндірістерге экологиялық нормативтік құжаттарды – шектік рауалы шығарынды, шектік рауалы төгінді жобаларын жасау және олардың қоршаған ортаға тигізетін әсерлерін бағалау жұмыстары да тоқтаған жоқ.

– *Алда атқарылар жобалар қандай?*

Қазақстанның әртүрлі аймақтарына, оның ішінде Түркістан қаласы да бар, өндірістердің қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалаудың нормативтік құжаттарының жобалары жасалынууда. Алдағы кезде Түркістан, Кентау қалаларының экологиялық төлқұжаттарын жасау жоспарлануда. Шымкент, Түркістан қалаларының экологиялық карталарының жобасы дайындалған. Түркістан қаласына қажетті, сонымен қатар университеттің ауыз суына, ақаба суларына қатысты химиялық және бактериялық анализдер жасалынууда. Сондай-ақ, «КазПетроКазахстан» АҚ-мен көгалдандыру жобасы; Кентау қаласындағы №7 кәсіптік лицеймен «Шектік рауалы шығарынды» жобасы; «Түркістан Су» мемлекеттік коммуналды мекемесімен «Қоршаған ортаға тигізілетін әсерді бағалау» жобасы; «Түркістан жылу» мекемесімен экологиялық нормативтік құжаттарды дайындау жобасы әзірленуде.

ПРЕЗИДЕНТ АШҚАН МЕКТЕП

2001 жылы қыркүйек айында шеттен елге аңсап жеткен қандастарымыздың балалары үшін жаңа мектептің іргесі қаланды. Дәл сол тұста ел Президенті Н.Назарбаев рухани қалаға келген сапарында 240 балаға арналған шағын мектептің тұсауын кесті. Бұл оқиға күні бүгінге дейін ел жа-

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

дынан шыққан емес. Өйткені Елбасы мектеп тұсауын кесіп қана қоймай, оралман балалардың сабағына кіріп, іш тарта тілдесті. Елбасы қатысқан дәрісті жоғары категориялы ұстаз – тарих пәнінің мұғалімі, республикалық «Ұлағатты ұстаз» байқауының 2-орын иегері, Білім министрлігінің Құрмет Грамотасымен наградталған Жадыра Нақып өткізді. «Балалар, сендер «Қазақстан тарихы» пәнін сүйіп оқисыңдар ма?» деген-ді сол тұста ел Президенті балаларға сынай қарап. «Ия! Біз өз еліміздің тарихын өте жақсы көреміз, ата!» деген-ді сонда білімге құштар кішкентай өрендер шу етіп. Міне, содан бері 13 жыл да зырғып өте шығыпты. Сол дәріске қатысқан балалар бүгінде жоғары оқу орнын бітіріп, кейбірі осы мектепке ұстаз болып оралып та жатыр...

Ия, бүгінде бұл оқу орны оқу-тәрбие үрдісі қалыптасқан, тәжірибесі мен жетістіктері бар ірі білім ордасына айналды. Мектептің білім, тәрбие ісі көш бастап тұр! №14 орта мектептің директор орынбасары Өміртай Батырбеков оқу орнының бүгінгі тыныс-тіршілігі жайлы былай деп аңгімелейді:

– Қазақстандағы әр мектеп зияткер, рухани дамыған азаматты қалыптастырып, олардың бәсекеге қабілетті, әлеуетті дамытатын тұлға болуын мақсат етеді. Оларды жүзеге асыру үшін әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағдарланған жаңа білім беру жүйесі бойынша қызмет етіп келеді. Біздің мектептің тарихы терең болмаса да, аз уақыт аралығында қаладағы үздік мектептер қатарына ендік. Дегенмен, мұндай жетістікке жету оңай болған жоқ. Алғаш іргесі қаланған тұста жаңа мектеп әкімшілігінің алдында ұжымды жинау, оқушыларды қабылдау, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету міндеттері тұрды. Бүгінгі күні аталғандардың барлығы жүзеге асып, оқу орнының өзіндік имиджі мен моделі қалыптасты. Осы орайда, мектебіміздің негізін қалаған директор Болатхан Зейдуллаұлының еңбегіне ерекше тоқталған жөн. Сол тұстағы Ж.Нақып, А.Нұржанова, К.Мұсаева, Ж.Батыршаева, Р.Сыздықова, Г.Жәнібекова, Ш.Құрбаналиева, Р.Нұрпейісова, Г.Көшербаева сияқты ұстаздардың тұпқазықты берік орнатуының жұмысты жүйелі жүргізуінің нәтижесінде көптеген жетістіктерге жеттік. Әр жылдары мектепті Г.Шерімқұлова, Р.Қошқарбаева, С.Есмұратов сияқты басшылар басқарды.

Бүгінде мектеп ұжымы сапалы білім, саналы тәрбие беруде инновациялық технологияларды меңгере отырып, оқушылардың танымдық қызығушылығын, ақпараттық құзіреттілігін дамыту мақсатында ізденіспен еңбек етуде. Оған дәлел – инновациялық бағыттағы жұмыстар. Олар бүгінде оң нәтижелерімен қуанытып келеді. Мәселен, бірнеше жыл қатарынан білім беру сапасы және оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру рейтингісінде алдыңғы орында келеді. Кабинеттер байқауында, ғылыми жобалар, мектеп алаңы, білім көшбасшысы, мектеп асханасы, өнер, спорт сайыстарында да үздіктер сапында. Әсіресе, «Бірлігіміз жарасқан» қалалық өнер фестивалінде мектеп бас жүлдеге ие болса, облыстық гала концертке 7 оқушы жолдама алып, 5 оқушы облыстық білім басқармасы бастығының және қала әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды. Облыстық «Үркер» дарынды балалар фестивалінде А.Абдулалиев пен М.Сапарбай лауреаттық дипломмен марапатталды. «Еркенұр» бишілер тобы қалалық «Сырлы би толқыны» байқауына қатысып, III орынды иеленсе, қалалық «Дені сау ұрпақ – ел болашағы» байқауында II орынды иеленді. «Менің сүйікті қалам» суретшілер байқауында да Тәжібек Бақдәулет II орынды иеленіп, «Шәкәрім оқулары» байқауында Фатауаддин Сабыр «Ең үздік жаттаушы» номинациясымен марапатталды. Айта берсе, оқушылар бағындырған мұндай жетістіктер көп. Қалалық «Көктем аруы» байқауында Молдабаева Гүлбану I орынды, «Президенттік сынақта» Ойлыев Жангелді III орынды, қыздар командасы баскетболдан III орынды, Тойлыбай Еркебұлан таэквондодан II орын иеленді. Инаят Жандос пен Қазиева Ұлбала «Ең үздік жүргізуші» атанса, «Түркістан жастары салауатты өмір сатын қолдайды» байқауында мектебіміз I орынды иеленді.

Қазіргі таңда мектепте 25 сынып комплектісі бар. Оқушылар екі ауысымда оқиды. 55 мұғалім қызмет атқарады. Оның: жоғары білімдісі – 53, арнаулы орта білімдісі – 2. Жоғары санатты – 9, I санатты – 13, II санатты – 27.

Мектеп базасында спорт залы, кітапхана, медициналық кабинет, жоғары деңгейде жабдықталған физика, биология кабинеттерімен қатар мультимедия кабинеті де жұмыс істейді.

– Оқушыларымыздың, ұстаздарымыздың, жалпы

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

мектептің жетістіктері жетерлік. Бірақ, оған тоқмейілсуге болмайды. Алдағы уақытта та биік шыңдарды бағындыру мақсатында қажырлы қайратымыздан талмақ емеспіз, – дейді мектеп директорының тәрбие ісінің орынбасары Ақжарқын Нұржанова.

№14 мектеп қаланың өзге мектептерімен салыстырғанда шәкірт саны аздау білім ордасы қатарынан саналады. Өйткені, бұл оқу орны – шеттен келген қандастарымызға білім беретін мемлекеттік тілдегі жалғыз мектеп.

Айталық, алғашқы жылы мұнда 240 оқушы болса, биылғы оқу жылында олардың саны 600-ден асып отыр. Жыл санап, мемлекеттік тілде білім алуды қалайтындардың саны артып келе жатқаны қуантады, әрине. Мұны мектеп әкімшілігі қаланың көркейіп, дамуымен тікелей байланыстырады. Жаңадан бой көтеріп жатқан үйлердегі тұрғындардың басым бөлігі – жастар. Сондықтан, білім алушылар қатарының көбеюі заңдылық та болар.

– Білім мекемесінің негізгі көрсеткіші – оқушы білімі, – дейді мектеп директорының бейіндік ісі жөніндегі орынбасары Н.Сманова. – №14 мектептің үнемі алдыңғы қатарда болуының басты себебі де сол. Өйткені, шәкірттердің жетістіктері толағай. Білімді бағалаудың басты көрсеткішіне айналған ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындылары – соған айғақ.

Оқушылар тек міндетті бақылау жұмыстарында ғана емес, пән олимпиадалары мен ғылыми жобалар сайыстарына белсене қатысып жүр. Мәселен, мектеп әр жылдарда ұйымдастырылған қалалық байқауларда 30, ал облыстық сындарда 10 жүлделі орынды қанжығаға байлаған. Облыс орталығында өткен өнер додаларында да жүлделі оралған оқушылар бар. Махамбет, Оралхан Бөкей оқуларында үздік шыққандар қатарынан да №14 мектеп оқушыларын табасыз. Тізбектей бірсек, айтылар табыс таусылмайды.

Мемлекеттік тілде білім беретін мекемеде, әсіресе, оралмандар білім алуға құштар. Бүгінде жұрты басқа болса да, тілі бір балалар қазақ мектебінде оқып жүр. Барлығы бір ауыздан «Біз – қазақстандықпыз!» дейді.

– Мен Ауғанстаннан өз ата жұртыма көшіп елдім, қазақпын. Мектепте де, үйде де қазақ тілінде сөйлесеміз. Сабағым жақсы, достарым көп. Маған мектебіміз ұнайды.

Ұстаздарымыз – өте жақсы адамдар. Біздің мектепте Елбасымыз Нұрсұлтан ата болған. Сондықтан біз мектебімізді «Президент мектебі» деп атаймыз, – дейді Мәдениет Сұңқар есімді қыз бала.

– Бізге барлық пәндер ұнайды. Әсіресе, ағылшын тілін қызығушылықпен оқимыз, – дейді балалар.

Бұл білім ордасында ағылшын тілімен қатар өзге де қызықты оқытылады. Осылайша, оқушы шет тілін ғана емес, өзге пәндерді де еркін меңгерген азамат болып шығады. Шет тілінде сұрақ қойсаңыз, мүдірмей жауап береді. Бұл – оларға жасалып жатқан оңтайлы жағдайдың бірі.

Заманға сай білім беріп, талай бүлдіршіннің зейінін ашып келе жатқан мектептің тыныс-тіршілігі, міне, осындай.

ӨЗГЕ ТІЛДІҢ БӘРІН БІЛ...

Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 30-ға жуық түрлі ұлт өкілдері оқиды. Олардың арасында құмық та, алтай да, қарашай да, шубаш та, хакас та, барлығы бар. Бұлар бір шаңырақ астында, бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүреді. Мақсаттары да ортақ, ойлары да ортақ.

Алыстан келіп, білім қуған осынау жастарды бір ғана нәрсе біріктіріп тұр. Ол – бір-бірімен ортақ тілде – қазақ тілінде түсінісуі. Юра мен Динара да мемлекеттік тілді терең меңгерген сондай жастардың бірі. Юра орыс ұлтының өкілі, Динара – татар.

Юра Шымкент қаласындағы Пушкин атындағы №1 орыс мектебін бітіріп, қазір университетте қазақ тобында қытай тілі мамандығы бойынша 2-курста білім алып жатса, Динара осы қаладағы М.Жұмабаев атындағы №15 мектеп түлегі. Аудармашы болғысы келеді. Ол да қазақ тобында оқиды.

Біз мемлекеттік тілімізді құрмет тұтқан екі жаспен жолығып, тілдескен едік.

- Қазақ тілінде еркін сөйлейді екенсіңдер? Қайдан үйреніп жүрсіңдер?

Юрий Синицын: Орыс мектебінде білім алғаным болмаса, айналам – достарым да, таныстарым да кілең қазақтар болды. Оның үстіне қазақ тілін еркін меңгеруіме мектептегі қазақ тілінен дәріс берген апайым Салтанат Байжанованың

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

көп әсері болған сияқты. Аулада тек қазақша сөйлейтінбіз. 1-2 сыныпты Грецияда Салоники қаласында оқыдым. Со-сын Шымкентке көшіп келдік. Әдепкіде әкем мені қазақ тілді мектепке бергісі келген, кейін орысша оқуға тура келді. Анам жеке кәсіппен айналысады. Оның да қазақ құрбылары көп. Үйде жиі қонақта болады. Сонда тек қазақша сөйлесетінбіз. Саз мектебін фортепиано класы бойынша бітіріп шыққанмын, қазақ классиктерінің шығармаларын орындап, сахнаға шықсам ба деген арманым бар. Футболға да әуестігім жоқ емес.

- Ал мен мектепте жүріп, қазақ тіліндегі конкурстарға жиі қатысатынымын, - деп әңгімеге араласты Динара Ка-строва. – Қазақ тілінен дәріс беретін мұғалімім Ақмарал Нәбиханқызы мақтап отыратын. Әдепкіде Шымкент қаласына ағылшын тілі мамандығы бойынша грант негізінде оқуға түстім, кейін аудармашылықты қалап, халықаралық университетке ауыстым. Қазақ тобында оқимын. Қыздармен топта қазақ тілінде сөйлесеміз. Сонымен қабат орыс, түрік, ағылшын, қытай тілдерін де тереңдетіп оқимыз. Филология факультетінің деканы, профессор Р.Тәукебаева жастардың тіл үйренуіне барлық жағдайлар жасаған. Сабақтан тыс уақытта Тіл үйрену орталығында қазақ, ағылшын, түрік тілдерінен қосымша білім аламыз.

- Өзге тілді үйрену қиын емес пе екен?

- Қайда-а-ан! – деді екеуі қосарлана. – Оп-оңай! Тек ынта болса болғаны. Оның үстіне қазақ тілі біз үшін өзге тіл емес қой... (күлді).

Қазақ тілінде таза сөйлеп отырған екі жасқа қарап отырып, өз ана тілінде сөйлеуді ар санап жүрген кейбір қандастарымызға іштей ренжідік...

ЕУРОПАНЫҢ КІНДІГІНЕ САЯХАТ

Жоғары оқу орындары оқытушыларының үздіктеріне берілетін мемлекеттік грант иегері ретінде дамыған шет елдердің бірінде білім жетілдіруге мүмкіндік алған бола-тынбыз. Таңдауымыз әлемдегі ең озық оқу орындарының бірі, Еуропаның кіндігінде орналасқан Чехияның Прага қаласындағы Карлов университетіне түсті. Орта және Шығыс Еуропадағы ең байырғы университеттердің бірі болып есептелетін Чехияның басты оқу орны Оксфорд, Сорбон,

Болон, Женева университеттерімен бірқатар Еуропаның ең танымал жоғары оқу орындарының қауымдастығына мүше. Мұнда әлемнің ең таңдаулы профессорлары дәріс оқиды. Сабақ чех және ағылшын тілдерінде жүреді.

Карлов университетінің негізі 1348 жылы 7 сәуірде чех және рим императоры Карл IV-нің жарлығымен қаланған. Петербор үшін Петр I-шінің абыройы қандай болса, Прага үшін Карл IV де сондай құрметке ие. XIX ғасырға дейін Прага қаласы Австрия-Венгрия құрамында болғандықтан дәрістер тек неміс тілінде жүрді. 1839 жылы университет екі салаға – чех және неміс тілдерінде оқыту бағыттарына көшті. Неміс басқыншылары Чехословакияны басып алған соң 1939 жылы Чех университеті толығымен жабылып, студенттер мен профессорлар концлагерлерге қамалды. 1945 жылы оқу орны Карлов университеті болып қайта ашылды. Орта ғасырдың өзінде-ақ білімгерлердің екі бағытта: магистратура және бакалавриат дәрежесінде дайындалғандығын айта кетуіміз керек (ерекшелену үшін магистрлер – қызыл, ал бакалаврлар – ақ плащ пен қалпақ, қолғап киіп жүрді).

Бүгінгі таңда 650 жылдан астам тарихы бар университетте әлемнің әр түкпірінен 47 мың студент білім алуа. Олардың ішінде қазақ жастары да бар. Жоғары оқу орнында 3 теология (католик, евангелист, гусит), 6 медицина, физика-математика, заң, философия және өнер, педагогика, әлеуметтік ғылымдар, табиғаттану, дене тәрбиесі және спорт, гуманитарлық ғылымдар факультеттері, 5 институт бар. Славистика ғылымының негізін қалаушы Йосеф Добровский, танымал физик Никола Тесла, Чехословакияның тұңғыш және одан кейінгі президенттері Томаш Гарриг Масарик пен Эдвард Бенеш, жазушы Франс Кафка, Нобель сыйлығының лауреаттары химик Ярослав Гейровский, биохимиктер Карл және Гerti Кори осы университет түлектері.

Хoш, сонымен оқытушылардың білімін Еуропада жетілдіру шаруасымен айналысатын EASP қауымдастығы арқылы барыс-келіс құжаттарымызды түгендеп алған соң, ХҚТУ Шымкент клиникасы базасы оқу бөлімінің бастығы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Үсен Байзақ екеуіміз буынып-түйініп жолға шықтық.

Прагаға Қазақстаннан екі бағытта әуе кемесі ұшады екен: бірі Киев не Петербор арқылы қонақтап ұшатын Астана

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

– Прага бағыты да, екіншісі еш жерге тоқтамай тіке 6 сағат 15 минут бойы аспанда қалықтайтын Алматы – Прага бағыты. Біздің еншімізге тигені осы әуе кемесі болды.

Ұшағымыз таңғы сағат 10-ға тақау әуеге көтерілетіндіктен бір күн бұрын барып, Алматы әуежайының «Ақ сұңқар» қонақүйіне жайғастық. Оңтүстік астанадағы әуежай сервисі тәп-тәуір-ақ тиянақталып қалған екен. Ұшақтардың қозғалысына байланысты барлық ақпарат, тіпті қонақ үйдің өзінде электронды тақтада тұр. Бөлмеде жатып қай сағатта, қай минутта тіркелуге баратыныңды жоспарлап алуыңа болады.

Таң ертеңнен чех әуе жолы компаниясы қызмет көрсететін ұзындығы 35 метрлік «Airbus A-319» деп аталатын біздің ұшақ Алматыдан Прагаға тікелей бағыт алатын болды. 135 жолаушы еркін сыйып кететін әуе кемесі 11800 шақырым биіктікте сағатына 850 км жылдамдықпен қалқиды екен. Шет елге алғаш шығуымыз, оның үстіне ұшаққа тұңғыш табан тіреген біз әдепкіде сәл қобалжығанымызбен, ұшақ жерден көтеріле бере өзімізді тура үйде жүргендей сезіндік. Борт салонында арлы-берлі қозғалып, кей жолаушылармен чех тілашары арқылы еркін тілдесе бастадық. Өзін Вацлав деп таныстырған егде кісі Қазақстанға екінші рет келіп-қайтып бара жатқанын, өте қонақжай халық екенімізді айтып, барғанша таңдай қағып, тамсанумен болды. «Сіздер ше, өздеріңіз де қонақжай шығарсыздар?» дейміз біз де жат елге алғаш бара жатқан соң. «Оны енді өздеріңіз көрерсіздер ғой» деп жылы жымиды да қойды. Таза еуропалық қарапайымдылық, сыр шашқысы келмейді. Ұшақ іші жып-жылы, алдымыздағы монитор борт сыртында 80 градус аяз екенін көрсетіп тұр. Үш тілде бірдей еркін сөйлеп тұрған чех стюардессасы қайта-қайта ас-су әкелумен болды. Өте дәмді. Сұғынып сұрай беру ұят, әйтпесе қағылез ару қызмет көрсетуге бейілді екенін танытып, қас-қабағыңды аңдып-ақ жүр. Ұшақ Прага әуежайына келіп қонғанда сағат тілі түскі 12-ні көрсетіп тұрды. Былай қарағанда 2-ақ сағатта жеткен сияқтымыз, бірақ еуропа уақыты бізден 4 сағат кейін жүретінін ескерсек, 6 сағат ұшып қойыппыз. Сондықтан біз ояна бастағанда олар әлі түн жарымында қалың ұйқыда жатады екен.

Эскалатордан жүктерімізді түгендеп алғанша бізді

қауымдастық өкілдері Анастасия мен Викторияның күтіп тұрғанын байқадық. Таныс-білістен соң бірден кезінде кеңес құрылысшылары салған үш жұлдызды «Олшанка» қонақ үйіне апарып жайғастырды. Қонақжай жып-жинақы, барлық сервис түрлері қарастырылған: бассейн, емхана, тренажер залы, мәжіліс залы, интернет байланысы келушілер игілігінде.

Жалпы, Чехия – тарихы мен мәдениеті бай Орталық Еуропадағы дамыған шағын мемлекет. Австриямен, Германиямен, Польшамен, Словакиямен шектеседі. Ел ордасы Прагаға келген адам алдымен туристер үшін міндетті болып есептелетін корольдық бағытпен бір қыдырыстап шықпай (Прага грады – Карлов көпірі – Староместка алаңы), қаланың толық келбетін тани алмайды. Аспанмен астасқан Кремльдер, қоңыраулы шіркеулер, монастырьлар, алтынмен апталған сарайлар, орта ғасырлық түрлі мүсіндер, таспен қаланған қорғандар, тау тасымен бедерленген тар көшелер, түні бойы сөнбейтін ою-өрнекті шамдалдар, біріңғай қызыл шатырмен жабылған үйлер, ерсілі-қарсылы жүйткіген трамвайлар, көше бойындағы сыраханалар, Злата уличкадағы хрусталь самсыған дүңгіршектер, қаланы екіге бөліп жатқан Влтава өзенімен күні-түні туристерді ерсілі-қарсылы қыдыртқан ресторан-кемелер – бұл Прага. 800 жылдық тарихы бар Страгов монастырындағы кітапхана да, әлемге әйгілі Карловы Вары курорты да осында. Жалпы, Чехияда 2500 ескі көне қорғандар мен қалашықтар бар. Қалада жаяу жүрген ыңғайлы, көрер қызық көп. Жалпы, Чех астанасына қыдыра келген турист алдымен сәулеттік қайталанбас үлгілерімен ерекшеленетін Прага Кремлін (Градчан) аралап көруге асығады. Тар көшелерімен, думанды шатханаларымен көз тартар Ескі Қала да (Старэ Место) көпшілікті жіпсіз байлап қоятын ертегі мекендер. Тау басындағы Штернберг, Карлштейн қорғандары да алыстан менмұңдалап шақырып тұрады. Әсіресе, Староместка алаңындағы 600 жылдық тарихы бар үлкен сағат көпшілікті есепсіз жинайтын мекендердің бірі. Куранттары әр сағат сайын қоңырау соғып, мүсіндері қозғалысқа түсіп, онымен қабаттаса ұшар биіктен керней ойнап, әсерлі бір сәт туғанда елмен бірге шаттанып, сен де азан-қазан шуға көміліп сала бересің. Туристер осы тамашадан қалып қоймау үшін бар тірлігін тастап, алаңды айналшықтап, сағат тіліне телміре қарап ұзақ күтуге

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

бейіл. Мұнда кім жоқ дерсің, испан да, анголалық та, қытай да, канадалық та, қазақ та, бәрі бар. 20-30 адамнан тұратын топты серуендеткен гидтер өте көп. Қолдарына ұстаған ұзын сырықтары мен оның ұшына байлаған орамалдарынан гид екендерін айнытпай танысың. Орамал – туристерді адастырып алмау үшін алыстан бағыт берер белгі. Зады, Праганы – ашық аспан астындағы мұражай деуге болады. Қайда барсаң да, алдымен «жапонбысың?» деп сұрайды. Елімізді біле қоярма екен деген дұдамал көңілмен «Қазақстаннанмын» дейсің. «О, білеміз, білеміз. Астана, Назарбаев!» деп шаттанып сала береді. Рухың көтеріледі! Жат жерде жүргеніңді ұмытасың. Марқайып, масаттанып кетесің! Шетке танымал болуымыз Елбасымыздың сыртқы саясатының арқасы екенін ұғасың. Штернберг қорғанында саяхаттай жүріп Иржи деген чех саятшысымен кезіктік. Қорған іргесінде бүркіт, ителгі, үкі сияқты құстарды томағалап ұстап отыр. Келген туристер құстармен бірге суретке түсіп жатыр. Біздің Қазақстаннан екенімізді естіп, «Қазақ бүркітіне қолым жетпейді ғой, мынау жай осы жақтың қыраны, нағыз бүркіт сіздердің далаларыңызда ұшып жүр ғой» деп ақжолтай арманын жеткізді. «Қазақстан үлкен мемлекет, - деп қосып қойды тағы да, - картадан көргенмін, біздің ел шағын ғана, халқы да аса көп емес».

Шынында да, Чехия халқы 10 миллионнан сәл-ақ асады. Этникалық құрамы – чехтар 95%-ға жуық, словактар 3%, қалған ұлт өкілдері 2%-ды құрайды. Мемлекеттік тілі – чех тілі. Чех грамматикасының 30%-ы орыс тілдік қолданыстарымен түбірлес. Осыдан 15 жыл бұрын орта мектептерде орыс тілі міндеттеп оқытылатын болса, қазір оның орнын ағылшын тілі басқан. Мұнымен қабат бастауыш мектептерде (Чехияда бастауыш және орта білім екі бөлек, екі мектепте) оқушының қалауына қарай неміс, поляк, испан тілдері де оқытылады. Мектептердегі оқушылар саны 400-ден аспайды. Бастауыш мектептер жанында міндетті түрде балабақшаның болуы қарастырылған. Білім беру саласын негізінен Еуроодақ қаржыландырады. Сондықтан мұндағы жиһаздар мен құрал-жабдықтар қазіргі талапқа сай. 1-2 сыныпта сабақ 8.00-де басталса, 3-4 сыныпта 8-ден 15 минут өткен соң ғана басталады. Себебі, ағасы інісін немесе апасы сіңлісін сыныпқа жетектеп енгізіп, өз сабағына кешігіп қалмауы қарастырылған.

Чехия білімді тест көрсеткішімен бағалаудың қай

түрінен де бас тартқан мемлекет. Емтихан дәстүрлі ауызша-жазбаша түрде алынады. Бағалау жүйесі кредиттік әріптік бағалауға негізделген. Ең жақсы баға «1», нашар баға «5».

Біз барған тұста Карлов университетінде қарағандылық бір топ әріптестеріміз жүр екен. Олар осымен үшінші жыл оқу орнымен өзара келісім-шарт жасасып, жас ғалымдарының білімін еуропалық үлгіде жетілдіруді дәстүрге айналдырған. Мақсатымыз – білім жетілдіру болғандықтан, білім берудегі менеджмент саласын таңдап алғанбыз. Осы бағдарлама бойынша білім берудегі еуропалық стандарт, жаһанданудың білім жүйесіне әсері, білімді басқару стилі, менеджмент теориясын тәжірибемен ұштастыру, педагогикалық үдеріске басшылық, білім нәтижелерінің халықаралық өлшемі тақырыптарында Вацлав Троян, Ирена Лхоткова, Ярослав Клаус сияқты Еуропаға белгілі ғалымдардың дәрістерін тыңдадық. Қысқасы, қазіргі еуропалық өлшеммен жоғары білімді қалай басқару керектігін теория жүзінде ұғынып, тәжірибеде қалай пайдалануға болатынын санаға сіңірдік.

Ел тұрғындарының жартысына жуығы католиктер мен протестанттар. Қалған жартысы дінге сенбейтіндер. Дегенмен, қала көшелерінде сақалдары желбіреген қара киімді тақуаларды жиі байқайсың. Ақшалай бірлігі – ұлттық крона, біздің ақшаға шаққанда шамамен 1 крона – 9 теңгені құрайды. Геллер деп аталатын бақыр тиындар ақша құнсызданғандықтан оншалықты қолданыста емес. Кезкелген сауда нүктесінде кронамен қабат евро да қатар жүре береді. Сауда жасағанда қатты шатасасың. Бір қарағанда крона есебімен зат арзан көрінгенімен, теңгеге шаққанда қыруар ақша тұратынын біліп, тартыншақтап қаласың. Мәселен, бір шыныаяқ шай 35-ақ крона тұрады. Теңгеге шақсаң құдайдың қайнаған қара суы 350 теңге болып шыға келеді.

Чехтардың ең сүйікті мейрамы – 24-26 желтоқсанға тура келетін Рождество, оны олар үш күн бойы сәнсалтанатымен тойлайды. Жаңа жылды да қарсы алады, бірақ дәл біздегідей ерекше мән бере қоймайды. Бір қызығы, Чехияда, жалпы Еуропада да солай, мейрам кезінде және сенбі, жексенбі күндері азық-түлік дүкендерінен басқа ешқандай сауда орталықтары, тіпті базар да жұмыс істемейді. Базар деп олар ескі-құсқы заттарды сататын орындарды атайды. Жұмыс күндері дүкендер таңғы 6-дан ашық тұрады. Кей мүйістерде

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

қытайлықтар жайған көкөніс жаймалары болмаса, көк базар да, орталық базар да атымен жоқ.

Чех климаты жұмсақ, ауа райы біз үшін қақаған қаңтарда шамамен +5, шілдеде +20 градустан аспайды. Қыста қар бола бермейді, ал жазда жауын-шашын көп. Тек тау аңғарында ғана аздап қар қылаулауы мүмкін. Сондықтан да чехтар қыста тауға шығып демалғанды тәуір көреді.

Туристер көп болғандықтан Прагада қонақ үйлер де көп. Көшенің әр бұрышында қонақ үй бар десек қателеспеспіз. Пәтер жалдасаңыз да мүмкіндік көп. Қаласаңыз, пәтерін жалға берушілер сізді таңғы және кешкі аспен қамтамасыз етуге бейіл. Чехтардың өздері қонақтарға үйренген, сен барсың ба, жоқсың ба, мән бермейді, өз шаруасымен жүре береді. Сондықтан туристер мұнда өздерін еркін сезінеді. Тіпті, туристер президент резиденциясының айналасын демалатын мекенге айналдырып алған. Жергілікті тұрғындар президенттерінің ел қатарлы көшеге еркін шығып, балашағасымен бірге қыдырыстап, трамваймен қала аралап қайтатынын таңданыссыз айтып отыр.

15 минуттік, жарты сағаттық, 1 сағаттық, апталық, жарты айлық немесе айлық бір ғана жол билетімен кез-келген көлікте тиісті уақытыңыз біткенше қалағаныңызша жүре бересіз. Мәселен, жарты сағатқа арналған бір билетпен жарты сағат бойы трамвайға да, метроға да, автобусқа да міне бересіз. Зәреде «қояншылап» жүріп ұстала қалсаңыз, 400 крона (4000 тг) айыппұл төлейсіз. Жол қозғалысында кедергі жоқ, әркім өз жолын, өз жөнін біледі, бағдаршам түбінде не жаяу жүргінші өтер өткелде сары шам жанса шыдамсызданып, сигнал беріп, ашуланып тұрған жүргізушіні кездестіре қою қиын. Мұнда мүгедек жандарға барлық жағдайлар жасалған: ғаріпарбада отырғанда тұтқасы қолжетімді таксофон, зағиптар үшін сақтандыратын түрлі дыбыстық белгілер, әр мекеме алдындағы жайылмалы-жиналмалы баспалдақтар, т.б. Қайыршылар кісі бетіне тіке қарап қайыр тілемейді, адам көп жүретін жерде бүк түсіп, етпеттей жатып, костюмін басына бүркеніп, бас киімін аяқ астыңа жаяды.

Көшеде бұзақылық жоқтың қасы. Кісі құжынаған үлкен сыраханалардың өзінде әр адамға екі саптаяқтан артық сыра ішуге рұқсат берілмейді. Дүкенде арақтың нарқы у мен заһар, чех арақтары 300 кронадан (3000 теңгеден) әрі қарай бол-

са, орыс арақтары тіпті қымбат. Сол себепті мұнда теңселіп жүрген адамды кездестіре қою қиын.

Чех халқы театрға құмар. Әсіресе музыкалық мәдениеттері өте жоғары. Сахна іздеп, күй талғамайды. Тіпті, алаңдар мен көшелерде ән фестивальдері өте береді. Біз барған тұста Старэ Место алаңында дәстүрлі хор фестивалі өтіп жатты. Қатаң жүзді қазылар жоқ. Бағаны халық өзі беріп жатыр. Классикалық үлгідегі опера, драма театрларымен қатар мұнда пантомима, көлеңке сұлбалары театры бар. Әсіресе Латерна Магика көлеңке театры көрермен сұранысына ие.

Чех аспаздық өнері ет тағамдарымен танымал. «Свичкова на сметане» («Қаймақталған сиыр еті»), шошқа етінен әзірленетін әйгілі «Вэпржо-кнэдо-зэло», «Пражска шунка» тағамдары тіл үйірер дәмді астар. Туристер негізінен шұжық пен көкөніс салатынан жасалған бутербродтарды жегенді дұрыс көреді. Әрі арзан, әрі дәмді. Гарнирлер пісірілген қамыр түрінде келеді.

Бірінші асқа көбіне пияз сорпасы (бізше тұздық) ұсынылады. Әйгілі чех сыралары ашық және қара қошқыл түрде кездеседі. 12 градустық «Плзень Праздрасын» тіпті асқазан ауруларына ем ретінде қолданады. Шөл қандырап сусыннан негізінен Карлов минералды суларын ішеді. «Сливовице», «Боровичка» арағы, «Бехеровка» карлов ликері ерекше сұранысқа ие ішімдік түрлері. Жалпы, Чехияда сыра зауыттары өте көп. Жылына жан басына 136 литр сыра қайнатылады екен. Бір ғана Праганың өзінде 2000-нан астам сыра кафелері жұмыс істейді. Прага дүкендерінің ішіндегі әйгілісі Вацлав алаңындағы бес қабатты «Батя» аяқ киім маркеті.

Сапалы болғандықтан ба, бағалары бізбен салыстырғанда анағұрлым удай. Ер адам үшін жазғы туфли 5000 кронадан (50 мың тг) әрі қарай. Әйелдердің киімі тіпті қымбат. Осы Вацлав алаңында жағалай чех хрустальдарының дүкендері де орналасқан. Чехтар өнерпаз халық қой, хрустальдан, лағыл тастардан не заттар жасамаған дерсіз. Түрлі-түсті кәмпит түріндегі хрусталь сувенирінен бастап, 2-3 тонналық люстраларға дейін бар. Фотосуретіңізді бере қойсаңыз жарты сағаттан кейін сіздің бейнеңіз хрустальдың бедерінде тұрады.

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Чехияда ішкі әуе қатынасы жоқ. Жолдары тегіс болғандықтан, жұрт жеке көліктерімен қыдырғанды жөн көреді. Шеттен келген азаматқа күндігі 100-200 доллардан жалға жеңіл көлік алуға болады. Қалада да, елде де адасу мүмкін емес.

Өйткені турагенттіктерден аузыңа шайнап салғандай жол сызбалары айқын көрсетілген шағын карталарды тегін ала аласыз. Автобус, трамвай қатынасы жақсы дамыған. Жергілікті вагон жасау кәсіпорындары трамвай өндірісін дұрыс жолға қойған. Қалада жүйткіп жүрген вагондарды трамвай дегеннен гөрі шағын поезд деген дұрысырақ сияқты. Қалааралық үлкен трассалардың өзінде қос қапталды жолдан бөлек арнайы велосипед жүретін жолдар қарастырылған. Ал елді мекен тұстарында ауыр көліктердің ерсілі-қарсылы шулары елді мазаламау үшін бірнеше шақырымға дейін дыбыс өткізбейтін қорғаныс қорғандары орнатылған.

Бізді екі-үш күннен кейін «Қазақфильмнің» сондағы өкілі Қанат Сығай тауып алды. Үйіне шақырып қонақ етті. Жазушы Мұхтар Мағауин де сонда екен, бірге болдық. Күнұзақ рухани әңгіме өрбіді. Бізбен бірге «Азаттық» радиосының директоры Едіге Мұхтарұлы да дастархандас болған еді, ертесіне радио редакциясына шақырды. ҚазҰУ-дің бір топ студенттері тәжірибеден өтіп жатыр екен, солармен бірге тренингке қатыстық. Осында Едіге Олшанка зиратында қазақ батырының жатқанын айтып қалды. Ерте тұрып сонда бардық. Қызыл әскерлер жерленген зиратта шынында Кеңес Одағының Батыры, старшина Мәжит Жүнісовтың де сүйегі жатыр екен. Қабірлерді аралай жүріп одан басқа да Байжан Нұржановтай қазақ батырының мәңгі ұйқыда жатқанын байқадық. Екеуі де 1945 жылы 9 мамырда ерлікпен қаза тапқан. Суретке түсіріп алдық. Елге барған соң бұл батырлардың тегіне сұрау салып, іздестіруге уәде еттік.

...Он күнді артқа тастаған ұшағымыз қайта әуеге қалықтады. Бұл жолы елге қарай асығып келеміз. Алған әсер көп, бір таңға айтар әңгіме тағы бар. Қонақжай елді қимайсың. Бірақ, ұшақ табаны туған топыраққа тиген сәтте иллюминаторға қарап, әлемдегі ең сұлу, ең бақытты ел Қазақстан екен ғой деп рахат күйге бөленесің. Қанша ел араласаң да туған топырақтың қасиетіне жетпейді екен-ау!

ЖИРОВТЫ ЖАЛПАСЫНАН ТҮСІРГЕН ШАҒАТАЕВ

Дерекнама:

Қанатбек Шағатаев 1967 жылы Кентау қаласында дүниеге келген. Бокспен 12 жасынан бастап шұғылданған. КСРО кубогының бірнеше дүркін жүлдегері. КСРО-ның халықтар арасындағы Х жазғы спартакиадасының жеңімпазы. Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, Азия және Азия ойындарының жеңімпазы. Таиландта өткен Әлем кубогының күміс жүлдегері. ҚР еңбек сіңірген спорт шебері.

90-шы жылдары жерлесіміз Қанатбек Шағатаевтың ел намысын қорғап, бокстан Азия чемпионы, Азия ойындарының жеңімпазы, Әлем кубогының күміс жүлдегері атанып, Кентаудың мәртебесін арттырып, атой салғанын жанкүйерлер қауымы әлі естен шығара қоймаған болар. Бүгінгі әңгіме кейінгі кездері байрақты бәсекелерден көрінбей жүрген осы кейіпкеріміз жайлы болмақ.

- Боксқа қалай келдіңіз?

- 1979 жылы алғашқы бапкерім Кеңес Надырқұловтың жаттықтыруымен бокстың қыр-сырын үйрене бастадым. Сол жылы бапкерім Қырғызстанға қоныс аударатын болып, мені Қазыбек Мырзақұловтың қарамағына тапсырды. 1985 жылға дейін жаттығып, спорт шебері атандым. 1986-1988 жылдары әскер қатарына шақырылдым. Бірақ әскерде «сары ауруға» шалдығып, бір жыл көлемінде денсаулығымды түзеуге мәжбүр болдым. Бұл кезде мені Ақжол Асқаров пен Арыстан Сәрсенбаев өз бапкерліктеріне алған еді. Осы бапкерлердің қарамағында жүріп, 1990 жылы спартакиадада жеңімпаз болдым. 1991 жылы екінші рет Қазақстан спартакиадасында жеңіске жеттім.

- 1992 жылы ТМД елдері арасында өткен чемпионатқа қатыстыңыз ғой?

- Осы чемпионатта салқын тигізіп, турнирге қатыса алмадым. Менің орныма 67 келіден енді ғана 71 келіге өткен Аркадий Топалев кетті. Оның бағы жанып, финалға дейін жетті. Ақтық сында ресейлік Сергей Самойловтан жеңіліс тапты. Артынша Аркадий мамыр айында өткен КСРО кубогының финалында сол Самойловты жеңіп, Барселона Олимпиа-

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

дасына жолдама алды. Бірақ Олимпиадада жолы болмады, кейін онымен рингте үш-төрт мәрте кезіктім. Арамыздағы ұпай саны - 2:3.

- *Басты өкінішіңіз не?*

- 1993 жылы Бішкекте өткен КСРО-ның соңғы чемпионатында Топаевпен жартылай финалда жұдырықтасып, қазылар әділетсіздігінің кесірінен жеңіліс таптым. Сол кездегі мықты бапкерлердің бірі Крюгов келіп: «Канат, тебәя они похоронили», - дегені әлі есімде. Бұл жарыс Әлем кубогына тікелей жолдама беретін еді. Қазақстан құрамасының бас бапкері Серік Әбдінәлиевпен жеке жолығып, «Аға, маған Әлем кубогы керек», - дедім. Сонда ол: «Қанат сені түсіндім, Аркадий екеулеріңді спаррингке түсіреміз, жеңгенің дүбірлі додада ел намысын қорғайтын боласыңдар», - деді. Мені 71 және 75 келіде өнер көрсететін боксшылармен спаррингке қойды. Сонда мен Василий Жировты екінші раундта басынан қатты соққы беріп, нокдаунға жібердім. Ал Аркадий болса, 71 мен 67 келіде өнер көрсететін боксшылармен жұдырықтасты. Қысқасы, Топаевты менімен кездестірмей, Әлем кубогына алып кетті. Содан мен чемоданымды алдым да, мұхит асып, АҚШ-қа ұшып кеттім.

- *«Битке өкпелеп...» дегендей, елді тастап, АҚШ-қа оп-оңай ұшып кеткеніңіз бе?*

- АҚШ-та небәрі екі жарым ай болдым. Онда абыройым жаман болған жоқ. 4-5 рет кәсіпқой боксшылармен жұдырықтасып, барлығын жеңдім. Олар маған қызығушылық танытып, қомақты қаржымен келісім-шартқа отыруды ұсынды. Ойланып жүргем. Бір күні түнгі сағат екілер шамасында Қазақстаннан Нұрғали Сафиуллин мен Олимпиадалық комитеттің өкілі қоңырау шалды. «Елге қайтып кел, Топаев 75 келіге өтті. Сен Иранда өтетін Азия чемпионатында 71 келіде ел намысын қорғайтын боласың. Ал егер елге оралмасаң, тізімге енгізбей қоямыз», - деген сияқты әңгімелер айтты. Ойым, Азия чемпионы атанып, рейтингімді көтеру болды. Сонда кәсіпқой боксқа өтсем, тезірек Әлем чемпионы атануға мүмкіндік бар еді. Обалы не керек, елге оралған соң, Азия және Азия ойындарының жеңімпазы, Әлем кубогының күміс жүлдегері атандым. ҚР еңбек сіңірген спорт шебері деген атақты да алдым, бірақ, денсаулығым сыр берді... Денеме қайта-қайта сыздауық шығып, әбден

әбіржідім. Сол кездегі дәрігерімнің ауруыма диагноз қоя алмағаны менің жаныма батты. 1995 жылы Әлем чемпионатында 71 келіде Қазақстаннан ешкім өнер көрсете алмады. Барлығы кеш болған соң, амалдың жоқтығынан қолғапты шешуге тура келді.

- Жақында ғана «Кентау қаласының құрметті азаматы» атаныпсыз?

- «Қазақ тілі» қоғамына, қала әкімдігіне рахмет! Кеште болса, бағалап отыр. 2001 жылы Кентау қаласынан тұңғыш рет бокс мектебі ашылды. Мен сол кезде Шымкентте бапкер едім. Кентау қаласының жергілікті басшылары үйіме келіп, маған уәденің барлығын үйіп-төкті. Онда айтқан сөзі «Василий Жировты, Ермахан Ибраимовты, Аркадий Топаевтарды ұттың, сен Кентау қаласының «брендi» болуың керек. Сенің атыңнан бокс мектебі ашылайын деп жатыр. Сол мектепке директор бол», - деп Кентауға шақырды. Қалаға қоныс аударғаннан кейін, үйіп-төгіп берген уәделерін ұмытты. Бокс мектебі ашылғанымен, менің атым берілген жоқ. Директор креслосына басқа адам отырды. Торығып жүргенімде Мәскеуден Бекболат Бекенов деген бизнесмен 2,5 мың АҚШ доллары көлемінде айлық төлеймін деп Ресейге бапкерлік қызметке шақырды. Қуана келісіп, Ресейде екі жылдай бапкер болып жұмыс жасадым.

- Ермахан Ибраимовпен де қолғап түйістірдіңіз ғой...

- Ермаханмен бірнеше рет құраманың жаттығуында қолғап түйістірдік. Ермаханнан гөрі Топаевтың жұдырықтасуы маған ұнайтын. Василий Жировты екеуміз-ақ соққыға жыға алатын едік. Егер де мен дертке шалдықпағанда Олимпиаданың алтын медалін сөзсіз Аркадий жеңіп алар еді. Топаевтың рингке шыға алмауы Ермаханның жолын ашты.

- Мемлекеттен көмек болды ма өзі?

- Минскіде өткен КСРО-ның халықтар арасындағы Х жазғы спартакиадасында чемпион болғаннан кейін Шымкенттен 2 бөлмелі пәтер, Азия ойындарындағы жеңісімнен соң тағы да Шымқаладан 3 бөлмелі пәтер кілтін және «Тико» автокөлігін берген.

- Қазір немен шұғылданасыз?

- Кентау қалалық бокс мектебінің директорымын. Мектебіміздің іргетасы 2001 жылы қаланған. Қазір 300-ден астам жас боксшылар шеберлігін арттырып жатыр. Болашақ

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Қазақстан чемпиондары мен жүлдегерлері тәлім-тәрбие алу-да. Өкінішке қарай, қаражат тапшылығынан көп жағдайда ірі турнирлерге шәкірттерімізді жібере алмай жатырмыз. Сондықтан да көрсеткішіміз аса бай емес. Ең бастысы жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, спортқа әуестігін оятудамыз.

- *Оқушы Шағатаев қандай болды екен?*

- Таң қаларсыз, тыныш едім. Әкем Қанапия өте қатал адам-тын. Алдымен №12 мектепте, кейін №1 мектепте оқыдым. Бірақ аттестатты №12 мектептен алдым. Есте қалғаны Зина Мырзабаева, Света Өмірзақова, Ғалия Қадырова сияқты ұстаздарым болды.

- *Чемпион Шағатаевқа қыздар маза бермеуші ме еді?*

- (күлді) Қыздар жиі звондайтын. Бірақ мен боқтап беретінмін. Анам Назипа қыздардың бостекі телефон шала бергенін жақтырмайтын.

- *Сүйікті асыңыз не?*

- Қазы-қарта. Өлердей жақсы көремін. Асылған ет пен қымыз жанымның рахаты. Қуырылған тамақ жеген емеспін.

- *Қандай музыка тыңдайсыз?*

- Жасыратыны жоқ, бұрын поп-музыканы ұнататынмын. Қазір тек қазақ әндерін тыңдайтын болдым.

- *Әуесқойлығыңыз бар ма?*

- Таң атқанша бильярд ойнаудан жалықпаймын. Теннис пен баскетбол да жанымға жақын.

- *Отбасыңыз туралы?*

- Гүлбахор есімді әдемі келіншегім бар. Ахметқали, Әділ, Темірлан сынды үш ұлым өсіп-жетіліп келеді.

Екінші бөлім

ЖАН САРАЙЫ

ҒАЛАМТОРДЫ ҚАНША ЖЕРДЕН МАҚТАСАҚ ТА, ОЛ ГАЗЕТ ПЕН ЖУРНАЛДАЙ БОЛА АЛМАЙДЫ

*BAQ.KZ, 12 мамыр 2022 жыл
Жан Пердебек*

Қазақстанда отандық бұқаралық ақпарат құралдары соңғы жылдары қарқынды дамып келеді.

Жаңа Қазақстан үшін БАҚ бостандығы мен оны жасаушы журналистердің ролі мен маңызы басты орында тұруы шарт. Халық саны көп Түркістан өңірінде басылым да, телеарналар да көп. Сонымен қатар, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде болашақ БАҚ өкілдерін дайындайтын арнайы кафедра да бар. Біз осы аталған оқу орнының профессоры әрі елге танымал бірнеше әндердің авторы, композитор Бекжігіт Сердәлімен рухани қаладағы отандық БАҚ пен осы университеттен шыққан журналистер туралы сұхбат құрдық.

– Әңгімемізді журналистикадан бастасақ. Түркістанға ең алғаш жоғары оқу орны Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ашылғалы еңбек етіп келесіз. Содан бергі оқу орнында қанша журналистер тәрбиеленіп шықты? Түркістан журналистикасы отандық бұқаралық ақпарат құралына кадр дайындау арқылы қаншалықты үлес қосты?

– Қазір Қазақстанда медиа саласының мамандарын даярлайтын 20-дан астам оқу орны бар. Солардың ішінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің журналистика білім беру бағдарламасы рейтинг көрсеткіштері бойынша түлектер сұранысы жағынан алғашқы «бестіктің» ішінде. Бүгінде еліміздің көптеген бұқаралық ақпарат құралдарында біздің түлектеріміздің

жемісті еңбек етіп жатқанын мақтанышпен айта аламыз. Алғашқы түлектеріміз 98-ші жылы түлеп ұшса, бүгінде бітірген барлық түлектердің 80 пайызы өз мамандықтары бойынша түрлі салада еңбек етіп жүр, яғни жергілікті облыстық БАҚ құралдарын айтпағанның өзінде «Егемен Қазақстанда» – 3, «Хабар» агенттігінде – 5, «Қазақстан» ұлттық арнасында – 6, Қазақ радиосында – 4, «Оңтүстік Қазақстанда» – 7 шәкірт қызмет етуде. 6 шәкіртіміз – кандидаттық, 12 шәкіртіміз – магистрлік диссертацияларын қорғаған. Университетімізде журналистика мамандарын дайындау 1994 жылдан жүзеге аса бастағанымен, жеке дара кафедра болып ашылғаны кеше. Қазір оңтүстік өңірінде ғана емес, түркі елдерінде де журналист мамандарын даярлаудың бірегей орталығына айналдық. Осында журналистика бөлімін бітірген Тыва, Саха, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия, Ауғанстан азаматтары өз елдерінде медиа саласында тынбай қызмет етуде. Олардың кейбірі бірнеше кітап шығарып үлгерген белгілі жазушылар. Талантты шәкірттеріміз Лира Қоныс пен Назира Байырбек АҚШ-та ғылым соңында жүр.

Республикамызда маман дайындау бойынша сараптама жасайтын «Атамекен» рейтингісінде де алдыңғы орындамыз. Бұл рейтингті жасауда тәуелсіз агенттіктердің сарапшылары әртүрлі критерийлерге мән береді. Соның ішінде кафедра түлектерінің табысты жұмысқа орналасуына, олардың жетістіктеріне, материалдық-техникалық базамызға, профессор-оқытушылар құрамына, олардың сапасына қарайды. Одан бөлек академиялық ұтқырлық бойынша шетелде білім алып жатқан шәкірттеріміздің жетістіктері, сондай-ақ шетелден бізге келіп оқып жүрген білім алушылардың саны мен сапасы ескеріле отырып рейтинг жасалады. Қазір Қырғызстанның Манас университетінен бізге келіп академиялық ұтқырлықпен білім алып жатқан студенттер бар.

– *Журналистика саласы бойынша кафедрада қандай бағытта оқытып жатырсыздар, яғни газет, телеарна немесе сайт, радио тілшісі ме? Болашақ БАҚ өкілдері жалпы ең бастысы нені меңгеріп шығуы тиіс?*

– Алда цифрлық журналистика, телерадио журналистика мамандықтары бойынша магистратура ашпақ ойдамыз. Кей-кейде «журналистика мамандарын арнайы оқытудың

қажеті жоқ» деген жаңсақ пікірлерді естіп қаламыз. Біз онымен мүлде келіспейміз. Бүгінде осы өңірде бұқаралық ақпарат құралдарын басқарып отырған, жетекші журналист болып қызмет етіп жүргендердің дені бізде білім алған кәсіби мамандар. Журналистерді университеттерде арнайы даярлаудың қажеттігі дамыған елдердің өзінде баяғыда дәлелденген. Қазір әлемнің қай еліне барсаңыз да, жоғары оқу орындарында медиа, коммуникация бөлімдерінің бар екеніне көз жеткізесіз. Алпауыт ел саналатын Американың өзінде журналистерді арнайы институттарда даярлайды. Батыс Еуропадағы дамыған елдерде де журналист кадрлары толыққанды оқытылатынын көріп жүрміз. Ал «қысқа курстар арқылы журналист дайындап аламыз» деу орынсыз. Курстар арқылы БАҚ техникасын үйретуге болар, бірақ білім көкжиегін кеңейту мүмкін емес. Журналист болу үшін теорияның болуы аса маңызды. Көп жағдайда осы теориялық білім жетіспегендіктен, журналистер жазу-сызуда қателіктерге ұшырап жатады. Жауапкершілікті сезіне алатындай өзіндік көзқарас, БАҚ әдебі, өзіндік позиция – осының барлығы теориямен келеді. Кезінде көршіміз Өзбекстанда осындай жаңсақ пікірлердің салдарынан журналистика факультеттері жабылып, БАҚ мамандарын қысқа курстар арқылы даярлау жүзеге асқан болатын. Артынан оның қателік болғаны мойындалып, қазір онда бірқатар қалаларда қайтадан журналистика факультеттері ашылып жатыр.

– *Бұрындары мектеп түлектері Алматыға, қала берді Нұр-Сұлтан қаласына барып, сол жақтағы жоғары оқу орындарының журналистика факультетіне оқуға түскісі келетін. Қазір Түркістан журналистикасы солармен теңесіп қалды деп айта аласыз ба? Түлектер не үшін Ясауи атындағы ХҚТУ журналистикасын таңдауы керек, аргумент айтсаңыз.*

– Романтика іздеген жастардың үлкен қалаларға барып оқығысы келетіні рас. Олар тыңғылықты білім алғаннан гөрі, қызық-думан қуып, мегаполистерде студенттік жарқын күндерін қызықпен өткізгісі бар. Ал, нағыз білім алғысы келген жастар серуен қуатын қала таңдамайды, оқу орнын таңдайды. Сол жақтағы білім мұнда да бар. Мемлекеттің бекіткен білім стандарты барлығына ортақ. Тек бізде Түркияның таңдаулы оқу орындарымен серіктесе жасалған арнаулы пәндер бар. Бұлар цифрлық журналистикаға, тележурналистикаға,

веб-дизайнға, конвергентті журналистикаға, салалық журналистикаға бағытталған пәндер. Осы пәндердің ба-
сым бөлігін Түркиядан келген айтулы мамандар жүргізеді.
Студенттерге арналған оқу жоспары бірнеше траекторияға
бөлінген. Мәселен, студент тележурналист болғысы кел-
се, таңдау құқы өзінде, тележурналистика траекториясын
таңдайды, IT-журналист боғысы келсе, интернет-журнали-
стика траекториясын таңдайды. Тағы бір айта кететін жайт,
Түркістандағы оқу орнының ерекшелігі – халықаралық
стандартқа сай білім беруінде. Академиялық ұтқырлық та
соған лайықталған: Түркияда, Европада, басқа да шетел
мемлекеттерінде бір семестр оқып келуіне мүмкіндіктер бар.
Өзге оқу орнында жоқ тағы бір ерекшелігіміз бар: ол – Түркия
гранты. Төрт курста ақылы негізде оқитын бірен-саран сту-
дент болмаса, жалпы алғанда, барлығы грант есебінен тегін
білім алады.

– Қазір болашақ жаңалық жаршыларын кеңес кезіндегі
оқулықтардан лекция жасап оқыту, құрғақ та жалаң лекци-
ямен бәсекеге қабілетті ете алмайсың. Студенттеріңізді
көбіне неге қызықтырып отырасыздар? Оларды өндірістік
тәжірибеге жіберерде қандай талап қоясыздар?

– Кафедрада теориялық білімді тәжірибемен
ұштастыруға үлкен мүмкіндіктер қарастырылған. Осы
бағытта халықаралық «Түркістан» телеарнасымен,
жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары шоғырланған
Қазақстан Журналистер одағы Түркістан облыстық фили-
алымен, «Қазақ радиосымен» практикалық сабақтарды
дәрісханаларда емес, тікелей базада өткізу бағытында өзара
қол қойылған меморандумдарымыз бар. Осы мақсатта қазір
студенттер практикалық, студиялық дәрістерін дуальды
білім арқылы тікелей практикалық базада – «Түркістан»,
«Тұран-Түркістан» телеарналарында, «Түркістан»,
«Тұран өркениеті» газеттерінде өтіп жүр. «Телеоператор
шеберлігі», «Мерзімді баспасөз дизайны», «Тележүргізуші
имиджі», «Телевизиядағы жаңалық», «Ақпарат жинау және
жазу шеберлігі» сияқты пәндеріміз, міне, осылайша тікелей
базада – дуальды білім беру тәжірибесінде өтіп жүр. Оған сол
саланың практик мамандары дәріс жүргізеді.

– Журналистика кафедрасының газеті немесе сайты бар
ма? Оның шығармашылық құрамында кімдер жұмыс істейді?

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Жастардың жазуы, талпынысы, креативтілігі қандай?

– Біз өзіміздің техникалық базамызды күшейтуге де аса мән берудеміз. Бүгінде оқу-тәжірибелік 1 телестудия, 1 радиостудия, 1 газетіміз бар. Бұлар білім алушыларымыздың игілігіне жұмыс істеп тұр. Сонымен бірге, кафедрамызда «Қазақ радиосының» арнайы жабдықталған аудиториясы ашылған. Алда «Түркістан» телеарнасымен бірлесіп мамандандырылған аудитория ашсақ па деген ой бар. Ол аудиторияларда студиялық сабақтар өткізіп, жетекші журналистердің студенттерге арнап шеберлік сыныптарын тұрақты ұйымдастыруын ойластырмақпыз. Студенттер білім ордамыздың айнасы – «Ясауи университеті» газетін шығаруға, басылымның арнайы студенттік бетін даярлауға атсалысу арқылы тәжірибе жинақтауда.

– *ХҚТУ журналистика кафедрасында ешкімге ұқсамайтын қандай дәстүрлеріңіз, іс-шараларыңыз бар? Ол болашақ журналистерге не береді?*

– Біз студенттеріміздің өзара әдеби мен мәдениетіне ерекше мән береміз. Себебі, болашақ журналистер бір отбасының балаларындай бір-бірімен дос, бауыр болуы керек деген қағиданы ұстанамыз. Сондықтан шәкірттеріміз бір-бірімен кеуделеріне алақандарын қойып тұрып «Армысыз!» деп амандасады. Ал дәріс беретін оқытушыларын «Ұстаз!» деп атайды. Төрт курстағы 100-ден астам барлық студенттер бірін-бірін таниды. «Әпке», «аға» деген туыстық қаратпа сөз олардың ынтымағын арттыра түседі.

– *Сіз еңбек жолын 1996 жылы бастағалы 30 жылға жуықтап қалады екен. Осы жылдары Түркістан журналистикасының негізін қалау қандай жолдардан жүріп өтті?*

– Кафедрада профессор С.Садықов, доценттер М.Ергебеков, Ә.Бельдибекова, Б.Баешова сияқты білікті мамандар қызмет етеді. Бұлар қазіргі заман табына сай үнемі біліктіліктерін жоғарылатып, ізденіс үстінде жүретін ұстаздар. Ең негізгі нәтижеміз – түлектеріміздің мамандықтары бойынша жұмысқа орналасуы. Несін жасырамыз, бұқаралық ақпарат құралдарының редакциялары тәжірибелі мамандарды жұмысқа алғысы келеді. Ал оқуды жаңа бітірген жас маманды тәжірибе жоқ деп есептейді де, оларды қызметке алуға құлшыныс танытпайды. Сондықтан түлектеріміздің жұмысқа

орналасуына мүдделі болғандықтан, сабақтан тыс уақытта олардың ақпарат құралдарында жұмыс істеуін қолдаймыз. Қазір 2, 3, 4-курс студенттері жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет етіп жүр. Бұл олардың сабақтарына кері әсер етпейді. Керісінше, теорияда алған білімдерін практикамен ұштастыруға мол мүмкіндіктер ашады. Осының нәтижесінде бұл студенттер оқу бітірген соң сол ақпарат құралында жұмыста қалады.

– *Қазіргі журналистерге кәсіби және сауат тұрғысынан кімдерді оқы, кімдерден үлгі ал деп айтар едіңіз? Жастардың шығармашылығы қалай? Студент күнінен танылып жүрген болашақ мамандар бар ма?*

– Біз негізінен өз түлектерімізбен мақтанамыз және кейінгі жастарға соларды үлгі етеміз. Сондықтан бізде жастар телеарнадан көрген «жұлдыз» тележүргізушілерден гөрі өз шәкірттеріміз Лира Қонысқа, Батырхан Сәрсенханға, Жадыра Нармахановаға, Назира Байырбековаға, Жолдыбай Базаровқа, Ғани Жапишевке, Сандуғаш Баймахановаға, Мөлдір Нәлібайға еліктейтін жастар көп. Өкінішке қарай, осы мамандықты қалап оқуға түсуге тілек білдірген талапкерлердің басым бөлігі тележурналист болғысы келеді. Бұл ойландыратын мәселе. Бітіріп жатқанда да радиоға, газет-журналға барып қызмет етемін деушілер сирек. Бұл қазіргі цифрлық технологияның жастарға тигізіп жатқан ықпалы. Дегенмен, осылай екен деп қарап отырғанымыз жоқ. Барынша шәкірттеріміздің медианың өзге саласына деген қызығушылығын оятуға тырысамыз. Соның нәтижесінде бұрынғыдай емес, мәселен, биыл радио мен газетке өндірістік тәжірибеге барушылар қатары көбейді. Ертең олардың практикада жүріп журналистиканың сол саласына деген қызығушылығының арта түсетіні сөзсіз.

– *Отандық бұқаралық ақпарат құралдары уақытқа сай дамып, өзгеріп отырады. Күні кеше Түркістанда телеарналар мен басылымдар, сайттар, т.б. бәсекелестігі көп емес болатын. Қазір облыс орталығына айналғалы халықаралық арналар да ашылды. Оқырман әрі көрермен ретінде өзіңізге ұнайтын арна бағдарламаларын айтып өтсеңіз, неліктен?*

– Рас. Түркістанда жаңа медианың буыны қатайып келеді. Жаңадан ашылған «Түркістан» теларнасының өзі рейтинг бойынша күн сайын алға жылжып, танымалдығы арта

түсуде. Сол сияқты жаңадан ашылған «Тұран өркениеті», «Аймақ» газеттерінің де өз оқырманы бар. Бәскелестік жоқ десек те, бұларда көзге көрінбес өзара ақпарат айдынында танымал болу талпынысы бар. Бұл өз кезегінде ақпарат құралының сапасын арттырады. Мәселен, өзіме халықаралық «Түркістан» телеарнасының бағыты ұнайды. Жаңа форматты бағдарламалар лезде өз көрерменін жинап алып, халық арасында танымалдылығы артуда. Бұл жас арна үшін үлкен жетістік. Мұны мен күні-түні тынбай еңбек етіп жатқан сондағы Бағдат Қожахметов бастаған Жанна, Тельман, Гүлжазира сияқты әріптестеріміздің жанқиярлық еңбегі деп бағалаймын.

– *Түркістан рухани қала емес, облыс орталығының жүрегіне айналды. Жаңарған Түркістанның бүгінгі беталысына тоқталсақ. Жергілікті билік өкілдеріне, бас кеңесші, идеологтарға қала тіршілігіне байланысты айтар ұсыныстарыңыз болды ма? Болса жүзеге асқандары бар ма?*

– Көп жағдайда жергілікті билік өкілдері біз сияқты қарапайым адамдармен емес, қолында «көзірі» бар, қалтасында ақшасы бар кәсіпкерлермен жиірек ұшырасып, көбірек ақыл-кеңестерін алғысы келеді. Бұл идеологияның екінші сатыда жүргендігінің көрінісі. Сондықтан ұсыныстілектеріміз өз жүрегімізде. Қажет жағдайда әлеуметтік желілерге саламыз. Арнайы шақырып алып «не ақыл қосасың?» деген билік адамын көрген емеспін. Бір жағынан, оларды да кіналауға болмайды. Шаруа көп. Барған адам өзінің жеке тірлігін айтып «миын ашытады» дегендей... Солардың зардабы біз сияқтыларға тиіп жатқан болу керек. Оның үстіне билік өкілінің алдында әуелден келе жатқан «дежурный» тізім жатады. Сол тізімдегілер ғана жақындай алады. Алғыс та соларда, марапат та соларда...

– *Қазір газет-журналдарды қалдырған және оқыған дұрыс па әлде сайтқа айналғаны жөн бе?*

– Газет оқу – зиялылықтың белгісі деп ойлаймын. Сондықтан, газет өлген күні зиялылық та өшеді. Ғаламторды қанша жерден мақтасақ та, ол газет пен журналдай бола алмайды. Заман талабын ескерген дұрыс шығар, бірақ тасқа басылған дүниелердің салмағы қашанда жоғары деп ойлаймын. Қажет ақпаратты экраннан оқығаннан гөрі газетті қолмен ұстап, сезініп оқыған көңілге қонымды. Газет –

қаншама адамның үздіксіз ізденісі, табанды еңбегі. Соны сыйлауымыз керек. Өзім өне бойы шәкірттеріме айтып келемін: «Еңбек жолын газеттен бастаған журналист нағыз тілі шұрайлы, ойы ашық, білікті маман бола алады» деп. Сондықтан сіз боп, біз боп газетті өлтірмеуіміз керек.

– Қазақ басылымы, бұқаралық ақпарат құралдарына бұрынғы жанрлардан қайсысын алып қалғаны дұрыс? Оқырман мен көрермен жалпы не оқып, не көргісі келеді деп ойлайсыз?

– Қазір ақпарат заманы. Адам салақұлаш мақаланы оқудан қалғаны қашан. Сол себепті, қысқа хабарларға деген сұраныс басым. Газет неғұрлым қысқа хабарларды көбірек басса, соғұрлым оқылымды. Бірақ соны қай форматта береді? Әңгіме сонда. Лонгрид, фактчек, инфографика... Жанрлар осы бағытқа кетіп барады. Ең бастысы, оқырман талғамына қызмет ету керек. Сонда ғана газет таралымы да артады, оқылымы да көбейеді.

«ӘН БҰЛАҚ» ӘЛІ-АҚ РЕСПУБЛИКАНЫ МОЙЫНДАТАДЫ»

"Кентау шұғыласы", 27 мамыр 2002 жыл
Қайрат Зайнышев

Биыл «Икар» телеарнасы тікелей эфир арқылы көрерменге «Ән бұлақ» атты жаңа мега-жобасын ұсынып жүр. Қаладағы жас өнерпаздардың тұсауын кескен осынау ән байқауы туралы жоба авторы композитор, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Бекжігіт СЕРДӘЛІМЕН пікір бөліскен едік.

- Мұндай жобаның дүниеге келуіне не әсер етті?

- Кейінгі жылдары батыстың эстрада экспансиясына елітіп алған жастар халықтық әуенді тыңдауды мүлдем қойды десек, қателескеніміз болмас. Тіпті, бүгінгі балаң жасөспірімнің өзі қалта телефонының саз қалташасына базардан сатып алған дискідегі эстрада әуендерін жазып алып, құлағын тығындап қосыла әндетіп жүр. 70-80-ші жылдардың әуендері тасада қалып барады. Сол тұстағы эстрада жұлдыздары «Дос Мұқасанның», Рамазан Елебековтің, Нағима Есқалиеваның, Жұмат Маханбетовтің, Суат

Әбусейітовтің, т.б. CD-дискілерін қазір шаммен іздесеңіз де таппайсыз. Бұл, сөз жоқ, жастардың ұлт өнеріне құрметпен қарауына кері әсер етеді. Бойында жылт еткен таланты бар балғын өнерпаз да, өкінішке орай, өз репертуарына бірінші кезекте тыңдап жүрген әуендерін енгізеді. Ал, олардың не тыңдайтыны белгілі... Пір тұтатын жұлдыздары тек қазіргі эстрада өкілдері. Ұлт тәрбиесі бесіктен басталады десек, біз алдымен өнерпаз болуға ұмтылған баламызды халық әуендерімен, халық композиторларының шығармаларымен сусындатуымыз керек. Сосын ғана қазіргі эстрадаға ден қоюға болады. «Ән бұлақтың» телеэкран арқылы бірнеше іріктеу байқаулары өтті. «Сен кімге еліктер едің?» деген сауалға үміткерлердің басым көпшілігі қазіргі эстрада жұлдыздарын атады. Міне, осы сияқты ойландыратын жайлар тележобаға мұрындық болды. Идеямызға түсіністікпен қарап, барлық мүмкіндіктерді туғызған «Икар» телеарнасының ұжымына, оның директоры Умида ханым мен жоба продюсері Ардақ қарындасымызға шексіз алғысымызды білдіреміз. Негізі, бұл жоба сәл бұрынырақ дүниеге келген. Бірнеше республикалық ән байқауларының лауреаты, талантты әнші Динара Бәйтерекова, Ж.Шанин атындағы обыыстық драма театрының әртісі Ақмарал Жолдасова, Ш.Қалдаяқов атындағы халықаралық ән фестивалінің лауреаты Күнімай Исмаилова, тағы сол сияқты көптеген талантты жастар осы «Ән бұлақтың» алғашқы түлектері. Кейін Балалар шығармашылығы үйі мұның сахналық жобасын ұсынды. Бір өкініштісі, бірді-екілі жерде «Ән бұлақтың» атын жамылып, концерт өткізіп, елден ақша жинап алып жатқандар бар деп естідік. Біз оларға бұл жобаның тек идея авторына және «Икар» телеарнасына ғана тиесілі екенін ескерткен болар едік.

- Жобаның іріктеу сайыстары біткен сияқты. Енді өнерпаздарды ақтақ бәсеке күтіп тұр. Сол жайында тарқатып айтсаңыз.

- Іріктеу сайыстарының нәтижесінде ең көп SMS дауысын алған 13 үміткер ақтық бәсекеге жолдама алды. Үміткерлердің барлығы бірдей ақтық бәсекеде өнер көрсетуге лайық деп айта алмаспыз. Дегенмен, арасында келешегінен үлкен үміт күттірер өнерпаздарымыз да жоқ емес. Өкінгеніміз, хантағылықтар тікелей эфирді тамашалай

алмайды екен. Олар тек ертесіне жазылып алынған

- *Құпия болмаса, кімдер?..*

- Оны сол ақтық ән мерекесінде білгеніміз жөн шығар. «Ән бұлақтың» ақтық байқауын Балалар күніне орай үлкен мереке түрінде өткізбекпіз. Онда әр үміткер 70-80-ші жылдардың ұмыт бола бастаған бір әнін және өз қалауымен тағы бір ән орындайды. Қазірдің өзінде бізге демеушілік танытамын деп отырған ағаларымыз да шыға бастады. Балалардың балғын өнеріне ықылас білдіріп, келешегіне жол ашу мақсатында қамқор қолын созып жатқан меценаттарға қай кезде де құшағымыз айқара ашық. «Біз неге қатыса алмадық» деп қайта-қайта хабарласып жатқан түркістандық көрермендеріміз де аз емес. Бәлкім, келер жолы мұны аймақтық тележобаға айналдырармыз.

Фестивалімізге республикаға және облысқа танылып қалған өнер жұлдыздары қатысады деп отырмыз. Қазылар алқасының құрамы да өзгереді. Көрерменді қызықтырар түрлі «сюрприздеріміз» де жоқ емес. Қысқасы, сол күні өнерпаз балалар үшін де, олардың ата-аналары үшін де үлкен мереке сыйламақпыз. Жыл өткен сайын бұл жобаның сапасының да, таланттар легінің де артатыны даусыз.

- *Әңгімеңізге рахмет!*

«ТҮРКІСТАНДА ТУУ БІР БАҚЫТ БОЛСА, ОНДА ӨМІР СҮРУ – МЫҢ БАҚЫТ!»

*"Oñtústik Qazaqstan", 17 наурыз 2023 жыл
Өмірзақ Ақжігіт*

Көркемдік кеңес – әзірге халықтың өзі ғана

- *Беке, мен жаңылыспасам, кеңес дәуірінде «аранжировщик» деген мамандық жайлы есітпеген сияқты едім. Қазір композиторлар оларсыз аттап баса алмайтындай. Ол кім өзі – композитор ма, оның атқосшысы ма, өңдеуші ме, әрлеуші ме? Сөздікте ол сөз «көркемдеуші» деп берілген. Оның міндетіне не кіреді өзі?*

- *Дұрыс айтасыз, мен кеңес заманынан, 1983 жылдан бері ән шығарып келемін. Әр композитор әнді әртүрлі аспап-*

пен шығарады, мен – домбырамен, біреу сырнаймен, біреу басқамен дегендей. Әркімнің өзінің үйреншікті музыкалық аспабы бар. Және ең алдымен өзінің әнін өзі орындайды. Үйінде, дастарқанның үстінде немесе өзіңіз сияқты жақсы көретін достарының алдында. Ыңылдап болсын. Сосын тыңдап отырған адамдардың реакциясына қарайды – қалай қабылдады? Ән көңілінен шықпаса, олар екінші шумақта-ақ қыбырлап, жыбырлап, бір-бірімен әңгіме айта бастайды. Көңілінен шықса, ұйып, құлақ қойып, ары қарай да зейін салып тыңдауға тырысады. Ол кезде сен де «дұрыс дүние шыққандай болды ғой» деп марқайыңқырап қаласың. Біраздан соң отырғандардың біреуі «жаңағы айтқаныңды тағы бір қайталашы» деуі мүмкін. Қайталайсың. Әне, сол кезде ол сенің ғана емес, біраз тыңдаушының көкейінде қалып қояды!

Ал, енді, аранжировщикке, мен оларды «өңдеушілер» деймін, кім барады? Шығарған әні өзіне де, өзгелерге де ұнамаған адам барады. «Нашар дүниемді өңдеп, жақсы дүниеге айналдырып берсінші» деп барады.

– *Жаратылысы нашар дүниені қалай өңдеудің күшімен жақсы дүниеге айналдыруға болады?*

– Аранжировщик дайын дыбыстарды теріп отырады да, жаңа дүние жасап шыққандай түр көрсетеді. Оның аранжировкасын, яғни оның қосқан әндерін алып тастап, әншінің даусын ғана қалдырсаңыз, әні ән емес! Кез келген хит болып жүрген әннің бәрі сондай. Мен әдетте былай етемін: құлағымды қолыммен басамын. Сіз де осы тәжірибені пайдаланыңыз – құлағыңызды қолмен басқан кезде, музыканың даусы жәй келеді-дағы, әншінің даусы қаттырақ естіледі. Сол кезде байқайсыз, әні ән емес – әңгіме! Неге? Бақылау жоқ. Бір сөзбен айтқанда, аранжировка деген – нағыз бизнес. Басқа ешнәрсе де емес.

– *«Түркістаным – Тұраным» әнін жазғанда аранжировщикті пайдаландым дегеніңіз бар еді. Ол қандай қажеттіліктен туды?*

– Ол өзі қиналғаннан, уәде беріп алып, бірақ ән шыға қоймай, «шын жыласа соқыр көзден жас шығады» дегендей, жанымның қысылғанынан, табан астында туған ән болатын. Әрі өзі марш. Соның кедір-бұдырын түзету керек болды ғой. Мен және әнді домбырамен шығарамын дедім. Марш

домбыраға келе бермейді.

– Марш демекші, Шәмші атамыздың еліміздің әнұраны болып қабылданған «Менің Қазақстаным» әні де марш түрінде жазылғаны белгілі. Ал, әнұранға, гимнге қойылар тиісті талаптар тұрғысынан қарасақ Ескендір Хасанғалиев ағамыздың «Атамекенінен» артық дүние жоқ. Сіз қалай қарайсыз?

– Толықтай қосыламын. Тек мәтінін қайта жазу керек. Қадыр ағамызға сондай тапсырыс болғанда, әні мен сөзі қабыса кететін керемет дүние туар ма еді...

– Ескендір ағамызды еске алып қалдық. Бұрынғы қазақтың бәрі композитор болмаса да, бәрі ақын еді. Құдай дауысты да қоса берген жағдайда Ақан сері, Біржан сал секілді алыптар туып жатты. Кеңес дәуірінде біз де батыстық, батыстық болған соң әлемдік үрдіске көшітік – өлеңді біреу жазады, әнді біреу шығарады, оны мүлдем басқа біреу айтады. Осы үшеуі бір адамның қолынан шығатын өзімізге тән ұлттық үрдіске көшіуге бола ма?

– Қазір ондайлар көбейді ғой.

– Жоқ, ойбай, тәуелсіздік заманындағы, көркемдік кеңес жойылғаннан кейінгі «әмбебаптарды» айтпаңыз! Оған дейінгі дәуірді алайық.

– Ондайлар шынында сиреді ғой. Бұл негізі талаптың күшейгенінен болса керек. Сол Ескендір ағамыздың өзі әнді кейіннен барып айта бастады ғой. Неге? Есаған әншілерден күйгеннен соң өзі ән салып кетті! Әншілер оның болмыс-бітімі бөлек әндерінің характерін аша алмады.

– Әдемі айттыңыз!.. Жалпы, қай өнер адамының болсын, шығармашылық төлқұжаты секілді шоқтығы биік бір туындысы болады. Мұхтар Әуезов десек есімізге «Абай жолы» түсетіні секілді, Бекжігіт Сердалы дегенде алдымен «Жас жұбайларды», сосын «Неге, негені?» аузымызға аламыз. Ол екеуінен сал төмендеу, менің ойымша, әрине, он шақты әніңіз бар. Олардан бөлек, онша көп айтылмайтын елу шақты әніңіз бар екен. Оларды не істейсіз енді?

– Көпшілік қабылдамаған әнді халыққа тықпалап қажеті жоқ. Менің әнімнің көбісін бірінші болып Абылайхан Оспанов тыңдайды. Басқа да әншілер тыңдайды. Әне, менің әнім солардың көңілдеріне қонбай тұрса, бірден «мына ән нашар екен» демейді. Сүйейсалды қылып қоя салады. Ұнамағанын

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

содан байқаймын. Әдетте менен «қанша әніңіз бар?» деп сұрағандарға, мен «алты әнім бар» деп жауап беремін.

– Әп-бәрекелді!

– Олар «қанша, қанша?!» десіп қалады. «Алпысқа келіп, алты-ақ ән шығардыңыз ба?» деп жатады. Басқа-басқа, әннің пірі деуге болатын кешегі Мұхит, Ақан сері мен Біржан салдың әрқайсысынан бізге жеткені ары барса он шақты ғана ән ғой. Мәлс Өзбеков деген керемет композитор болды. Жазған әндері көп. Бүгін айтылып жүргендері бірнешеу ғана. Ендеше, мен болашағы жоқ әнімді неге тықпалауым керек? Эфирді бекер былғағанша, олардың менімен бірге көрге кеткені артық.

– Бірнеше этнографиялық әннің авторысыз. Ол тақырыпқа бет бұруға не себеп болды?

– Біздің бала кезімізде той атаулы екеу-ақ еді ғой – сүндет той мен үйлену тойы. Қазір тойдан көп нәрсе жоқ. Бұрын бес-алты әйелмен бітетін «бесік тойға» қазір ағайын-туыс, құда-жекжаттан алпыс-жетпіс адамды шақырады. Бүгінгі жастардың тойдан миы ашып қалды. Біздің салт-дәстүріміздің бәрінің аясы тарылып, түгел бір тойханаға сыйып кетті. Тойшыл қазақтың әр тойының өзінің ерекше ойы, философиясы, орны болатынын көрсету үшін жаздым мен ол әндерді. «Бесік жырының» өлеңін Бекарыс Шойбековке өзім тапсырыс беріп жаздырдым. Жалпы, алдымен ән туады менде. Ешбір өлеңге ән жазып көрмеппін. Кентауда Базарбай Оспанов деген әнге көп өлең жазған керемет бір азамат болды. Негізі, ондай мықты мәтін жазатын ақындар аз ғой, Шөмішбай Сариев, Мұхтар Шаханов, Қадыр Мырзалиев, Сабырхан Асанов, Нұрсұлтан Әлімқұлов, Нұтфолла Шәкенов, Мұзафар Әлімбаев, Исрайыл Сапарбай. Болды-ау деймін.

– Орыста тек әнге мәтін жазумен айналысатын ақындар бар. Оларға соған қарай арнайы «поэт-песенник» деген атау да берген. Ондай бүкіл шығармашылық ғұмырын тек әнге мәтін жазуға арнаған ешкім жоқ. Әнге мәтінді ең көп жазған Шөмішбай Сариевтің өзі оқырмандарға ең алдымен лирик ақын ретінде белгілі.

– Ән туған соң мен Базекеңе қоңырау соғамын: «Өлең керек!» Ол: «Туу, сенің осындайың қалмайды екен, қалай жазамын!» деп кейігенсіп қалады. Әнді ыңылдап айтып

беремін. Сосын «оның ішінде мынадай сөздер болуы керек» деп егжей-тегжейлей бастаймын. Мысалы, «ризамын» деген сөз болуы керек. «Жеңгеме ризамын, ағама ризамын» деген сөз болуы керек деп бәрін-бәрін айтып беремін.

– *Өлең қаңқасын құрып қойдыңыз ғой тіпті!..*

– Ақынның бәріне сөйтіп айтамын. «Неге, негеде» Рахым Балабиев ағама да: «Сіз «сүйдім, күйдім» деген сөзді жазбаңызшы. «Неге?» деген жұмбақ сұрақты қойыңызшы. Әр шумақты «неге? неге?» деп аяқтаңызшы» дедім. Менің сондай талап-тілектерімді естіген, Шымкентте тұратын Көбей деген досым айтады: «Мен әннің елу пайызы ән екен-дағы, елупайызы ақындардың сөзі екенін, бірақ, сол ақындарға өлеңнің бағыты қандай болуы керектігін композитордың түсіндіріп беретінін енді түсіндім дейді. «Бесік» те солай жазылды.

Талдықорғандық Талап Қалмырзаев деген ақынның өлеңіне «Текемет» деген ән жаздым. Сөзін «сәл өңдеңіз» деп айтайын десем марқұм боп кеткен екен. Сосын өзгерісті өзім енгіздім. Асық ойынына да байланысты ән жаздым.

Қысқасы, халықтың ішінде қай нәрсе жоғалып барады, мен соған арнап ән жазамын да, сосын оған сөз іздеймін. Бірақ, сөздің көбісі маған ұнамай қалатыны бар. Сол себептен де менің әнімнің тууы мен елге таралуының арасы ұзаққа созылып кетіп жатады. Ай сайын жаңа ән жазатындар да бар. «Менің жаңа әнімді тыңдаңыздар» дейді де жатады. Посттың асты тола лайк: «Сен – кереметсің! Сен – сұмдықсың!...» Ондай жалған мақтау сөздерді мен тіпті оқуға ыңғайсызданамын. Лайкты жеке адам емес, көпшілік басса, әне, сонда дұрыс болар еді...

Сондай әндерді, мысалы, құдалар, құдағилар, құдашалар, құдалық жайлы көбірек жазсам деймін.

– *Өте дұрыс! Талабыңызға нұр жаусын! «Қазақ осы құда бол деп қинайтын, құдаларын Құдайындай сыйлайтын» деп Қадыр ағамыз жазғандай, қазақтың құдалығындай теңдессіз керемет дәстүр басқа ешбір халықта жоқ қой! Енді соған лайық етіп, қазақтың гажайып қырын айдай әлемге жарқырата көрсетіп «Құдалар жырын» жазсаңыз, қанеки!*

– Міне, мәселе – осында! Әйтпесе, ондай әндер жоқ емес, бар, бірақ халықтың, оның дәстүрінің қыр-сырын бере алмағаннан кейін таралмай жатыр. Олар екі иығыңды жұлып

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

жейтін биге арналған әндер. Бұл – дұрыс емес! Құданың да, құдағидың да, құдашаның да, жалпы құдалықтың характерін, бейнесін ашатын әдемі бір лирикалық ән жазамын! Сіздің тапсырмаңызды орындаймын.

– Сізге сырт жұрт «Бекжігіт Сердалы – сегіз қырлы, бір сырлы» деп баға беріп жатады. Ал, кеттік санаймыз..

– Ой, ол өсіріп айтылған сөз ғой. Сегіз қырым жоқ.

– Қаниша қырыңыз бар нақты?

– Сазгерлігім бар шығар, журналистігім бар шығар, ғалымдығым бар шығар. Болды.

Ел ішінен тума таланттарды іздестіруді жинап қойдық...

– Мен Кеңес Дүйсекеев ағамыздан бақиға аттанарының алдында сұхбат алып үлгердім. Сол кісі айтып еді. «Бір күні анам: «Балам, жұрттың баласы бес жыл оқып келіп бастық болып жатыр, сенің мектеп бітіргеніңе де он жылға жақындады, қашан наныңды жейміз?» деп еді. Мен анама: «Уайымдамаңыз, мен әлі олардан озып кетемін» дедім. Оздым да».

Айтайын дегенім, «Мен ғой Құдай берген самородок сары алтынның арқасында композитор болып, атым шығып жүр. Енді сол талантқа терең білімді қосайын, сөйтіп, осы салаға біржолата бет бұрып, еліме берерімді көбейтейін» деген ой келген емес пе?

– М-м-м, жоқ. Себебі, мен ешқашан композитор боламын, әндерім елдің аузында жүретін болады деп ойлаған емеспін. Енді – кеш. Бірақ, Шымкенттегі Аймақтық-әлеуметтік институтқа түсіп, «музыкант» деген мамандықты оқып алдым. Нотаны білу үшін.

– Мұны неге сұрап отырмын? Мен Кеңес ағайдан басқа да Айман Мұсақожаева, Жанғали Жүзбай, Айтқали Жайымов тәрізді таланттардан сұхбат алдым. Солардың бәріне қоятын бір сұрағым болды: «Қашан сіз де Бетховеннің «Айлы соната», Вивальдидің «Жыл мезгілдері», ең болмаса поляк Огинскийдің «Полонезі» секілді гажайыптарды жазатын боласыз?». Әзірге нөлміз. Кеңес ағай «менің Ноктюрнім сол деңгейде» деді, бірақ, ол әлі жарнамаланып, әлемге таныла, мойындала қойған жоқ...

Біздің күй өнеріміз әлемде теңдесі жоқ өнер. Бірақ, оның ешқайсысы «Адамзаттың мұрасы» санатына кіргізілген жоқ, ал, Евгений Доганың кинофильмдегі вальсі кіргізілді.

Қатарымыздан кем болғанымызға ішің күйе ме, күймей ме?..

– «Журналист болып жұрттың алдына түсіп кеткен жоқсыз, ғалым болып жаңалық ашып жатқан жоқсыз, ендеше, неге талантты біліммен ұштастырмайсыз, мүмкін, сонда ерекше нәтижеге жетер ме едіңіз?» демекшісіз ғой?

– *Солай деуге болады...*

– Мен бұл сұрағыңызға былай жауап берейін. Серке Қожамқұлов секілді аға буын өкілдерінің сұхбаттарын оқып отырсаңыз, бәрі дерлік «астанада келген бір лауазымды адам немесе аты шыққан өнерпаз адам мені көп ішінен танып, өзімен алып кетті» дегенді айтады.

– *Нұртас Оңдасыновтың 14 жасар Хакімжан Наурызбаевты тани алғаны секілді ғой?*

– Иә, иә. Міне, сол ізгі дәстүрдің тамыры үзіліп қалды. Соңғы 50-60 жылда Ауыл шаруашылығы институтының студенті Асанәлі Әшімовке «таста бұл оқуыңды!» деген Асқар Тоқпановтан басқа біреуді мысал ете аласыз ба? Ал, елдің іші таланттарға бұрын қандай бай болса, бүгін де сондай бай! Олардың арасында талай әлемді таңдай қақтырар туынды жазатын жастар көміліп, көрінбей жатқан шығар, іздесе, байқау өткізіп тұрса, олар табылар еді. Мен астанадағылардың іздеуді қоюының сыры олардың «ешкім өзімнен асып кетпесін» деп, көреалмаушылыққа салынуында деп ойлаймын.

Марқұм Өмірзақ Айтбай ағамыздан «Өнер қуғанда Доминго Плачидомен, Хулио Иглесиаспен иық тіресіп тұратын дара әнші болар едіңіз. Неге көп академиктің бірі болуға құмарттыңыз? Әншілік талантыңызды өз қолыңызбен көміп тастап, обал жасаған жоқсыз ба?» деп сұрағанымда, «сіз қойған сұрақты менің өзіме де қойған кезім болды... Рас, менің мүмкіндігім бар еді, бірақ, біздегі әртістерді менсінбейтін жалған намыс жібермеді-ау» деп еді...

Осы жерде менің «Текеметімді» бір тыңдап алсақ бола ма?

– *Болғанда қандай!.. Дәл осы ән мәселесіне келгенде өзіңіз секілді әуесқой композиторлар консерваторияны бітірген кәсіби композиторлардан асып түсіп жатқан жоқ па?*

– Олай деп айта алмаймын. Олардың да, мысалы, Төлеген Мұхамеджановтың «Іңкәрімі» секілді, жаңа өзіңіз айтқан Кеңес Дүйсекеев ағамыздың керемет әндері бар.

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Тек ел аузында көбірек айтылып жүрген, музыкасы жеңіл, әсіресе, билегенге қолайлы әндер жағынан әуесқойлар алда тұруы мүмкін. Мысалы, Шәмшінің көп әнінің өзі де, сөзі де өте қарапайым, жаттауға өте оңай.

– Беке, ғылыма да, журналистикаға да атсалысып жүрген азаматсыз. Міне, осы тұрғыдан келгенде, зерттегіңіз келгенді зерттеп болмасаңыз да маңайладыңыз ба? Айтқыңыз келген ойыңыздағының бәрін айтып, жазып жүрсіз бе? Асқар Тоқмағанбетов атамыз айтпақшы: «Айта алмай кетпе, айттып кет! Айта алмайсың қайтып кеп!» дейтін күн туады ғой ертең. Жалпы, осы екі саладағы ісіңізге өзіңіздің көңіліңіз тола ма?

– Жоқ, толмайды. Неге? Мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы университетке 1996 жылы келдім. Келіп, қазақша оқулықтар жетіспейтінін көрдім. Қожакеев, Амандосов, Омашевтің санаулы кітаптары бар екен. Оқулық жазу оңай емес. Студенттер қай саланы жақсы көреді? Қыздар (90%) көп, ұлдар аз, себебі журналистердің жалақысы аз. Әділдік жоқ. Әкімнің көмекшісі – кісі! Содан жазба журналистің тауы шағылады. Қайсыны қалайсың дегенде тележурналистиканы қалайды. Осылайша өте тез танымал бола қалғысы келеді!

– Сан-салалы болып кеткен журналистиканың көп саласының бәрін қамти алатын болу үшін «журналистерді қысқа курстар арқылы даярлау керек» деген сөз айтылып жүр. Осыдан 17 жыл бұрын жолым түсіп сіздерге барғанда, сіз журналистерді бір аудиторияға жинап, сұрақ-жауап түрінде сабақ өткізіңіз дедіңіз. Ал, мен сол күні студенттерге өзіме сұрақ бергізе алмадым. Қазір қандай?

– Әлі сондай. Тіпті, одан да жаман. Өйткені, бұлар кітап оқымайды. Бұл аурудың атын мен өзім «Сотка синдромы» деп атаймын.

– Сіздер оларды әдебиетті оқуға міндеттеп жатқан жоқсыздар ма? Әдебиет олардың ертең жейтін наны емес пе?!

– Иә, рас, міндеттейміз. «Екі» де қоямыз. «Оқып, дайындалып келіңдер, мына кітапты немесе мына мақаланы талдаймыз» дейміз. Кем дегенде жартысы дайындалмай келеді. Неге? Өресі жетпейді. Миының бәрін телефон жеп қойған...

Ал, қысқа курстарға келсек... Жоғарыда айттық қой, қазір газет журналисі болғысы келетін бала жүзден біреу. Радио журналисі болатынды емге таппайсыз. Оның үстіне

бағдарламалар қайталанады, ал, студенттер оларды оқудан жалығады. Қысқасы, «журналистерді 4 жыл оқытып керегі жоқ-ау, қысқа курспен-ақ даярлап алуға болады-ау» деген ойға бірте-бірте менің өзім де келіп қалдым...

– Қазір оқу мерзімі 5 жыл ма, 4 жыл ма?

– 4 жыл. Біздің кезімізде еді ғой бес жыл деген мерзім. Және сол бес жылда біз біліп шығуға тиіс көлемді игеріп үлгере алмайтынбыз! Бейнелеп айтсақ, жазба журналистер ол кезде көкте, тележурналистер жерде жүр еді ғой...

– «Ән – өлең – эниі» атты ұштағанда эннің де, оны жазған адамның да, ең ақыры өзінің де атын шығарып, бағын ашатын тұлға әдетте эниі. Эниілерді таңдайтын композитордың өзі. Айтайын дегенім, ағылшынша «кавер-шоу» деген бір хабарды көріп қалдым. Сол жерде Калифорния есімді, сірә, лақап аты болса керек, микрофонды аузына жақын ұстап, төмен қарап бүгіліп жүріп, «жоқ, жаным, саған сенгім келмейді» деп мыңқ-мыңқ етіп мұрнынан ән салғансымақ болып жүрген жігіт 1-орынды алды! Елдің сүйікті эниісі Мейрамбек Беспәев бастаған қазылар алқасы оған ырза.

– ...Өмеке, осы әнге жастар өледі! Шыңғырады, жылайды...

– Сұрайын дегенім, осы бізде қазір өнерде «көркемдік кеңес» деген, кеңес кезінде атынан ат үркетін құдіретті ұйым бар ма өзі?

– Бар-жоғын білмеймін. Мені ешкім оған шақырған емес. Бізді емес, ірі бастыларды шақыратын шығар. Бірақ, бар болса «пәленшені шақырыпты» дегенді еститін едік қой. Радиода бар екенін білемін. Өйткені, мен өзім бірнеше ән апарғанымда, ішінен бірнешеуін іріктеп алды.

Студенттерге сабақ беретін болған соң, мені олар өздерінің түрлі жиынына шақырып тұрады. Қазір жастардың арасында караоке сәнге айналды. Жастар жаппай сонда отыр. Экранға өлеңнің сөзі шығып тұрады, сіз мына жақта қолыңызға микрофон ұстап отырып, экраннан сөзін оқып отырып ән айтасыз. Менің айтқым келіп кетті. Шәмшінің, Әсеттің әндерін іздеймін ғой. Жооқ! «Мма», «Ай-хой» деген әндерді көрдім.. Ой жоқ, ұйқас жоқ, ырғақ деген жоқ, буын-бунақ деген жоқ. Мәтіні қандай екенін мен сізге айта алмаймын.

– Айтпасаңыз да түсінікті. Баяғы «91-дің» кері келді

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

десеңізші... Мен бірде солардың мәтіндерін ерінбей қағазға шығарып алып оқымаймын ба? Ойбай-й-й...

– Ойбайдың көкесі – караокеде. Сол жерде жастар көздерін жұмып алып, ән емес, әңгіме айтып отырады ғой! Мен «мынадай ән емес әнді, сөз емес сөзді қалай жаттап аласыңдар?» деймін ғой. «Ағай-ау, түнімен телефон құшақтап, құлаққап киіп алып сол әндерді жаттамай не істейді деп ойлайсыз бізді?» дейді.

– *Кім кінәліні іздемейік. Не істеу керек деген мәңгілік сұрақ туады ғой...*

– Жаңағы сіз айтқан бір ғана жол қалады: көркемдік кеңестерді жаппай тірілту керек. Талғамды тәрбиелеу керек! Мұхтар Шаханов айтқандай, өркениеттің кәрізінің сасық суына елітіп мас бола бермей, қазақтың табиғи бастауындағы тұнық, мөлдір, тап-таза суды ішкізіп, жақсы дегеннің қандай болатынын, жаман дегеннің қандай болатынын өздері көзімен көріп, қолымен ұстап, аузымен татып көретін ету керек. Сөйтіп, олардың өздері «біздің тыңдап жүргеніміз ән емес екен ғой, нағыз ән дегеніміз мынадай болады екен ғой» деген байламға, тоқтамға өздері келетін болуы керек.

«Желтоқсанға» қатысуым – тағдырдың сыйы

– Беке, алған атақтарыңызды тізсе, компьютер парағының бір парағына сыймайды екен... Солардың ішінен өзіңіз үшін ең қымбаттысы қайсысы?

– 1998 жылы алған Қазақстан Жастар Одағының сыйлығы жүрегіме ерекше жылы тиеді. Одан басқа айтарлықтай бір атағым бар деп ойламаймын.

– *Түркістан қаласының құрметті азаматы деген атағыңыз ше?*

– Ә, оны алуымның өзі қызық болды. Мұхит Әлиев деген азамат бізге, Түркістан ауданына әкім болып келеді. Келген соң қаладағы көп қабатты үйлердің бәрі балконнан шығарып қойған мұржасынан түтінін будақтатып, «буржуй-камен» отырғанын көреді. Осыларды көріп естен танып қала жаздайды. «Не масқара мынау, ТЭЦ қайда?». «Жоқ...». Содан ол көп қабатты үйдің әрқайсысының жанынан, олардың жалпы саны 35 болса керек, автономдық қазандық қою керек деп шешеді. Оның бәрін қайдан алады? Әрине, салып ұрып Қытайға, Үрімшіге барады.

– 1754-1755 жылдары жоңғарды жаппай қуу басталғанда қазақта мынадай мәтел пайда болған екен: «Мал керек пе? Қалмақ бар! Қатын керек пе? Қалмақ бар! Жер керек пе? Қалмақ бар!» Біздің билікке де жақсы болды: «Қашан өзіміз бір нәрсе жасап шығаратын боламыз?» десең, «зачем? Қытайдан ала салу керек. Бәрібір олардан арзан етіп шығара алмайсың!» дейтін уәжі дайын...

– Қытайдың қазақтары біздің әкім мен оның нөкерлерін «Қазақстаннан, Түркістандай қасиетті қаладан келді» деп, құдаларынан артық күтіп алады. Кешке қонақасы береді. Сол дастарқан басында отырған күтушілердің ішінде Ербосын Нұрмұхамет есімді, «Қазақ әуендері» деген жеке кәсіпорны бар, «МузАрт», «Жігіттер» секілді мықты өнерпаз ұйымдарды Қытайға шақырып, концерттерін өткізіп жүрген, атына заты сай бір азамат та отыр екен. Дастарқан болған соң ән де айтылады ғой. Және ол жақта қазақтың өнері мен тілінің, салт-дәстүрінің қаймағы бұзылмаған ғой, біздің небір әндерімізді нәшіне келтіре орындаумен болады. Менің «Жас жұбайлар» әнім де орындалады. Бір уақытта әлгі Ербосын сөз сұрап алады. «Мұха! – дейді ол біздің әкімге қарап. – Сізге бір аманат айтуға бола ма?» «Әрине, болады, айтыңыз, – дейді Мұхит Әлиев. – Біздің елде қазір мына «Жас жұбайлар» айтылмай бір де бір үйлену тойы ашылмайды. Бірақ, мен осы әнді шығарған адамның кім екенін білейін деп Қазақстаннан келген әншілерден қанша сұрап жүрмін, ешкім білмейді. «Оны өзіміз де айтып жүрміз, бірақ, авторын білмейді екенбіз» дейді. Тек автордың Қазақстанда тұратыны ақиқат. Менің сізге айтайын деген аманатым – сіз сол адамның кім екенін маған тауып берсеңіз. Мен оны өзімізге шақырып, үш қалада концертін аншлаг етіп өткізіп, билеттің ақшасының бәрін қалтасына салып, риза етіп жіберсем деймін».

Мұхит Әлиев қалтасынан блокнотын алып, «Сендерге әрдайым орын бар, Ақ отау төріне қоныңдар... Аманат» деп Ерсайынның телефонын жанына қосып жазып қояды.

– Ойтырм-ай, нөкерлерінің ешқайсысы да білмегені ғой, а?

– Нөкерлерін қоя беріңізші, мені Қазақстаннан барған әншілердің өзі білмей жүр емес пе?!

Мұхаң марқұм Түркістанға келеді. Шетсіз-шексіз, бітпейтін-қоймайтын күйбең тірлікпен жүргенде арада

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

бірнеше ай өтіп кетеді. Бір күні кешке жұмыста блокнотын қарап отырып, баяғы «Аманат» деген жазуға көзі түсіп кетеді ғой. «Оп-па, ұят бопты-ау!» деп дереу идеология жөніндегі орынбасары Жанболат Ибрагимовты шақырып алады. «Осындай да осындай, осы жігітті Қазақ-станның қай қаласында тұратын болса да тез тауып, маған қос!». Жанболат таң қалады:

– Мұха, сіз әзілдеп тұрған жоқсыз ба?

– Не үшін әзілдеймін мен? Тұр ғой мына блокнотта «Аманат» деген жазуым!

– Мұха, оны алыстан іздеп әуре болудың қажеті жоқ. Ол өзіміздің университетте жұмыс істейтін Бекжігіт Сердәлі атты бауырымыз.

– Не дейді?! Қап, мен өз қаламдағы өнерпазды білмей Ербосындардың алдында қас масқара болыппын-ау, ә!..

Мұның бәрін маған кейін марқұм Мұхит Әлиевтің өзі күліп, жыр ғып айтып бергені бар.

Сонымен, ол Жанболатқа Бекжігітті ертең таңертең менің алдыма алып кел деп тапсырма береді. Ертесіне жұмысқа келсем «әкім шақырып жатыр» деді. Өмірімде мені әкім шақырып көрмеген, «не болып қалды екен, не бүлдіріп қойдым екен» деп бардым ғой.

Кіріп едім, екі адам отыр екен, оларды тез шығарып жіберді. Көрмеген адамым еді, ұзын бойлы, келбетті, ақсары жігіт екен. Анадайдан құшағын жайып, «мен масқара болдым, мен масқара болдым» деп сөйлеп келе жатыр. «Шынымен авторы сенсің бе?» деп қояды. Өлеңін кім жазғанын сұрады, Өтеген Оралбай, Атыраудың азаматы дедім. «Қазір сені Ербосынға қосамын» деді. Ол екеуіміз телефонмен жарты сағат сөйлестік. Басқа қандай әндерім бар екенін сұрады. «Неге, неге» дедім. «Ау, бұл әнді біздің жақта да бәрі айтады ғой» деді. «Сен онда бес-алты әншіні ертіп ала кел» деді маған Ербосын. «Келер қаражатты тапсаңдар болды, қалғанының бәрі менің мойнымда. Ертеңнен бастап үш қалаға афишаны іле бастаймыз. Қаражат таба аласың ба?» Мен Мұхитқа қарап едім, ол саусағымен көкірегін көрсетті...

Сонымен, әкім екеуіміз танысып, ұшатын күнді белгілеп, мен қайтуға есікке қарай бет алдым. Сол кезде: «Бекжігіт, тоқта! – деп саңқ ете қалды Мұхаң марқұм. – Ол жаққа барғанда сені кім деп таныстырады, қандай атағың

бар?». «Ешқандай атағым жоқ менің». «Не дейді тағы?». «Жанболат, – деді орынбасарына. – Шұғыл түрде Бекжігітке «Түркістан қаласының құрметті азаматы» атағын алуға құжаттаңдар. Депутаттар қарсы болмас». Бұл атақты мен солай алғанмын...

– 2010 жылы «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атаныпсыз.

– Иә. Бұл грантты ұту оңай емес, шарттары, критерийлері өте көп. Айтпақшы, мен бұл грантты биыл, 2022 жылы екінші рет ұтып алдым. 2010 жылы 4 млн. теңге берген болатын. Биыл оны 6 млн. теңге етіп көтеріпті.

– Сәбит Мұқанов жазғандай, Балуан Шолақтың Битабар деген жас палуанға өмірлік бата бергенде «Өнеріңді ақша табар кәсіпке айналдырма» деп өсиет айтатыны бар. Ал, бірақ, бүгінгі заманда Батыстан келген үрдіске сай әр өнерпаз өзінің өнерін күнкөріс үшін де барынша тиімді пайдаланып қалуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда өзің секілді әуесқой композиторлардың шығармашылық еңбегі қаншалықты қорғалады?

– Ешқандай да қорғалмайды. Мысалы, мен Алматыдағы Қазақ авторлар қоғамына мүшесмін. Бастығымыз төлебилік Байғали Есенәлиев есімді әйгілі әнші. Құдайға шүкір, менің әндерім айтылып жатыр. Әнімді айтқан әншіге ақша құйылып барып жатыр, ал, сол әнді жазған маған, әрине, жалғыз маған емес қой, басқа да толып жатқан менің әріптестеріме неге ақша бөлінбейді десем, олар маған «сіз тойларға барыңыз, әніңіз айтылып жатқан болса сол жерде бейнетаспаға түсіріп, бізге жіберіңіз. Дәлелдеңіз!» дейді!.. Сонда мен жұмысымның бәрін жиып қойып, бір Түркістан емес, күллі Қазақстандағы тойханалардың бәрін аралап, тойлардан бейнебаян түсіріп, оларды Алматыға жіберумен айналысуым керек пе? Атырауға қалай барам, Өскеменге қалай барам? Берем деген мекемелер әр облыстағы жергілікті мәдениет басқармаларымен хабарласып, солар арқылы кімнің қай әні қаншалықты айтылатынын жобалап болсын анықтауына болады деп ойлаймын. Солар арқылы композиторларға стипендия түрінде орташа есеппен мынанша теңге тағайындап, ай сайын жіберіп тұрсын.

Президенттік стипендия кімдерге беріліп жатыр? Рас, еңбегі барынша сіңген, бірақ, бүгінде асарын асап, жасарын жасағандарға беріліп жатыр, оларға емес, әлі нағыз қызу

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

еңбектің үстінде жүрген жандарға берсе деймін ғой мен ол стипендияны.

– «Хан қызындай» Хан-апамыз – ақын Ханбиби Есенқарақызы ертеректе бір айтқан сөзінде: «Егер мен осы талантты, осы еңбегіммен Алматыда тұрғанымда ақындық мәртебем де басқаша болар ма еді» деген болатын. Сіз де Алматыда емес, Түркістанда еңбек ету бұйырған тағдырыңызға өкпеңіз жоқ па?

– Қалай өкпем болады, сол тағдырымда «Желтоқсанда» Алматыда болуым жазылып қойған болса... Желтоқсан секілді ерекше құбылысқа қатысушы болу, бұл – Алланың үлкен сыйы. Біз – бітіруші курс болатынбыз. Билік «бойында «Желтоқсанның» рухы барларды астанада қалдыру – қауіпті» деп тауыпты. «Аудандық газеттердің сапасын көтересіңдер!» деген желеумен бәрімізді Алматыдан айдап шықты. «Қазақ» радиосына орналасып қойған жерімнен Кентауға топ ете қалдым... 1996 жылдан бері Түркістанда тұрып, еңбек етіп келемін. «Түркістанға таяққа мініп келгенді, тайға мінгізіп қайтарамын депті әулие бабамыз» деген сөз бар. Түркістанда туу бір бақыт болса, онда өмір сүру, еңбек ету – мың бақыт қой!

– *Халқыңызды болашақта әсем әндеріңізбен қуанта беруіңізге тілектеспіз!*

БЕЛГІЛІ ӘНДЕРДІҢ БЕЛГІСІЗ АВТОРЫ

“Парасат” журналы, N1, 1997 жыл.

Әлімбет БОСТАНОВ

Кейінгі жылдары жастар жиі айтатын ән көбейді. Олардың бірқатары тойлар мен туған күндерде шырқалып жатады. Алайда, қызықшылыққа жиналғандар әдетте ол әндерді кімдердің шығарғанымен жұмысы болмайды. Ал әдемі ән қалықтай береді. Мәселен, соңғы кездері үйлену тойларында жиі айтылатын әндердің бірі — “Жас жұбайлар”. Ол жүрекке жылы, көңілге жақын, сырлы да назды.

“Ақ қайыңның төгіліп нұр шашағы,

Алаңқайды ақ қанат гүл басады.

Алақанға қондырған ақ сезімін,

Жас жұбайлар жарасып сырласады...” –

деп басталатын ән шумақтары қандай әдемі. Ал бұл сөздерге шығарылған ән ырғағы қандай. Өлең шумақтарына қайырмасы үндесіп:

“Сендерге әрдайым орын бар,
Ақ отау төріне қоныңдар.
Ақ тілек – батамыз, мінеки:
Бақытты болыңдар, болыңдар”, –
деп көңіл тербетеді.

– Бұл әннің авторы кентаулық, – деді жуырда сондағы баспахана жұмысшысы Нұрділда Шынықұлов, – өзіңіздің әріптесіңіз...

Біз таңырқап сұрақ қойдық.

– Кім деген жігіт?

– Бекжігіт Сердалиев.

– Оның мұндай қасиетін бұрын білемпіз-ау...

– Иә, ән де шығарады, ептеп өлең де жазады, – деп Нүрекең мақтаныш сезіміне бөленгендей жымиды. Кентауды өнерлі жандардан құралақан дей көрмеңіз. Алматыда жүрген кентаулық Сейдолла Бәйтереков, Досым Сүлеевтен бастап, қалада қазір бірнеше әуесқой сазгерлер бар. Атап айтқанда, №6 мектеп директоры Өміртай Жүсіпов, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұстазы, ғылым докторы Әбдуәлі Баешов, ақын әрі сазгер Қасымбек Дәрібаев, Құрсан Өмірбаев, тағы басқалардың әндері мен күйлері жерлестеріне жақсы таныс. Олардың жаңа әндері тойлар мен жастардың басқосуларында шырқалып жүр.

Бекжігіт Сердалиев... қалалық “Кентау”, “Кентау шұғыласы” газеттері редакторының орынбасары. Ол әдетте тұйықтау, біртоға жігіт. Қазір тек Кентауда ғана емес, Түркістанда, қала берді республикалық радиодан жиі шырқалатын жоғарыдағы ән авторының ел арасында үнсіз, елеусіз жүргеніне таңырқадым...

“Бұл ән 1986 жылы шығып еді”, – деді белгілі әннің авторы Бекжігіт бізбен әңгімесінде. Көктем айы еді. Жезқазғандық курстасымыз Құлтөлеу деген жігіт үйленіп, елінде той жасады. Он-он бес жолдасы жолға шықтық. Студентпіз ғой, сыйлыққа алып бара жатқан ештеңеміз жоқ болатын. Бір мезгіл тойға келе жатқан жолдастарымыздың бірі: “Беке, ептеп ән шығарып жүрсің ғой, мына тойға арнап бір ән шығарсайшы, біз өлеңін жазайық. Тойда соны шашу

етейік”, – деді. Ойланып қалдым. Шынында да, тойға арнап ән шығарғым-ақ келді. Кенет жолға шығарда киоскіден алған “Лениншіл жас” газетінің үшінші бетінде басылған қыз бен жігіт суретінің астында жарияланған жоғарыдағы “Ақ қайыңның төгіліп нұр шашағы” деп басталатын екі шумақ өлең назарымды бірден аударды. Р.Ханалиев деген кісі түсірген ол фотоэтиюд тамаша еді. Қалың қайың арасы. Оның бер жағында өзара сырласқан қыз бен жігіт... Тап біздің Құтөлеу мен Райхан сияқты еді екеуі. Өлең шумақтарын қайта-қайта оқи отырып, ыңылдап отырып, ол ойда жатталып та қалды. Кенет көкейде әдемі бір әуен өрілгендей болды. Соны жігіттерге ыңылдай айтып беріп едім, олар қуанып қалды. Дереву оған қайырма құрастырылып, тойға келе жатқан жастар біраздан кейін алғашқы рет бірлесе орындадық. Ал, ертеңіне тойда әнді қосыла шырқағанымызда Құтөлеудің қандай қуанғанын айтпаңыз. Күні кешегідей көз алдымда...

Бекжігіт үнсіз қалды. Өткен жылдардың ұмытылмас бір күні ойына түсіп отырғаны айқын еді.

– Тағы қандай әндерің бар?

– Ән көп қой, аға. Қазір жер-жердегі тойларда жиі айтылатын “Сүндет той”, “Қош аман бол” дейтін әндер, сол сияқты Абайдың, Мұқағалидің, кентаулық ақындар Базарбай Оспанов пен Рақым Балабиевтің, тағы басқалардың сөздеріне шығарылған барлығы отызға жуық әнім бар. Бірақ музыкалық білімім болмағандықтан, жария болған бірі жоқ, бәрі де ел арасында айтылады. Бұл орайда бір жаңалығым, жуырда сыйлас ағам Рахым Балабиев пен өнердегі досым, композитор Қалдыбек Құрманалиев ұйытқы болып, республикалық телерадио корпорациясының “Алатау” бағдарламасы алтын қорға бес әнімді жазып алды. Таяуда теледидардан көрсетілетін шығар, – деп Бекжігіт стол суыrmасынан бір әннің нотасын алып ұсынды. – Жуырда ұлы Абайдың 150 жылдық тойына арнайы ән шығарып, бір кісіге нотасын жаздырып қойып едім. Абайдың “Қыз сөзі” деп аталатын өлеңіне жазылған. Әуені, міне, мынадай...

Оның қоңыржай даусына ән ырғағы үйлесіп тұрды. Жаңа туындының да сәтті шыққанына сүйсіндік. Жалпы, әдетте таланттарды қарапайымдылығы ажарландырып, кісілігін айғақтайды. Алайда, олар өзін қоршаған ортада ғана танылып, сый-құрметке бөленгенімен, жалпы жұртқа есімі

жұмбақ күйінде қала береді. Кентау қалалық мәслихатының депутаты, белгілі әндердің авторы, талантты сазгер Бекжігіт Сердалиев те солардың бірі...

ӨЗІ ЕЛЕУСІЗ ЖҮРГЕНІМЕН ӘНДЕРІН БҮКІЛ ЕЛ АЙТАДЫ

“Жас Алаш” газеті, 22 қазан, 1998 жыл.

Райымбек СЕЙТМЕТОВ, Мырзантай ЖАҚЫП

Бекжігіттің алғашқы әні студент кезінде туды.

...Бұл күтпеген жағдай еді. Курстас досы Құлтөлеу үйленіп, Бекжігіт бастаған бүкіл топ мұғалімдердің көзіне түспей, “Жезқазған, қайдасың?!” деп тартып кетеді.

Жүрдек пойыз. Вагон толы студент. Үстел үстінде “Лениншіл жастың” (қазіргі “Жас Алаш”) қиындысы. Қиындыда – фотоэтюд. Оған жазылған екі шумақ өлең. Авторы көрсетілмеген. “Суретті түсірген Р.Ханалиев” деп қана тұр.

Газет бетіндегі суретте бейнеленген бозбала мен бойжеткеннің сезімдерін дәл көрсетіп, дөп басқан жыр жолдары Бекжігітке қатты ұнады.

Сол жерде әуен туды. Әлгі екі шумақты салып айтып көріп еді, әп-әдемі ән дүниеге келді.

Жаңа әннің аты да табыла кетті – “Жас жұбайлар”. Тойға асығып, көңілдері алабұртып келе жатқан курстастарына тыңдатып көріп еді, бәріне ұнады. Айтпақшы, қайырмасын өзі қосты.

Сендерге әрдайым орын бар,
Ақ отау төріне қоныңдар.
Ақ тілек – батамыз, мінеки:
Бақытты болыңдар, болыңдар!

“Жас жұбайлар” атты жаңа әнді сәлден кейін бүкіл вагон, ал, Жезқазғандағы тойдан соң бүкіл ауыл айтып кетті. Кейін жастардың аузынан тастамайтын сүйікті әніне айналды.

Тыңдаушының да тыңдаушысы бар ғой. “Ой, бауырым,

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

әнің ән-ақ екен, бірақ сөзін кім жазған?” деп қадала сұрап қоймайтындар да табылды.

Расында да әдемі әнге себепкер болған қос шумақ кімдікі екен? Өлең авторын “Лениншіл жастың” редакциясынан сұрап еді, ешкім білмеді. “Суреттің астыңғы жағында қалған бос орынға жазыла салған өлең ғой” десті ондағылар. Сөйтіп, “Жас жұбайлар” әнінің мәтінін жазған ақынды іздеу басталды.

... ҚазМУ қалашығындағы бесінші жатақханаға бірде “Лениншіл жастың” жігіттері кездесуге шақырылады. Болашақ журналистер мен осы шақ журналистері бір-біріне түрлі сұрақтар қойып, сұхбаттасып, сырласады. Кеш соңында журфактың студенттері қонақтарға арнап ән айтады. Сол баяғы “Жас жұбайлар”.

Ән аяқтала бергенде “Лениншіл жастың” сол кездегі әдебиет бөлімінің меңгерушісі, ақын Өтеген Оралбаев орнынан атып тұрып: “Бұл мен ғой! Менің өлеңім ғой!” деп айғай салады. Тамаша әннің қос авторы арада екі жыл өткенде осылай табысқан көрінеді...

Бекжігіттің студенттік жылдарда шығарған “Ерке қайың”, “Мөлдір сезім”, “Ғашықтар” сияқты әндері де жастар арасына кеңінен тарап кеткен.

1992 жылы Бекжігіт Темірланда өткізілген жас сазгерлер байқауында “Жас жұбайлар” және “Сүндет той” (сөзі Б.Оспановтікі) әндері үшін дипломант атанды.

1996 жылы Кентауда ұйымдастырылған “Қаратау жұлдыздары” деп аталатын ән фестивалінде М.Мақатаевтың өлеңіне жазылған “Ауыл жатыр той жасап” деген әні сазгерге лауреат атағын әперді. Бұдан басқа “Текемет” (сөзі Т.Қалмырзаевтікі), “Ризамын” (Б.Оспанов), “Неге, неге” (Р.Балабиев), “Аман жүрші, ауылдың адамдары”, “Ахау, арман” және басқа да әндері бүгінде әнсүйер қауымның жүрегіне жол тапқан танымал туындыларға айналды.

Талантты сазгер былтыр Оңтүстік Қазақстан аймақтық “Ұкілім-ай” байқауына қатысқан 70-тен астам сазгердің ішінен топ жарып, бас жүлдені жеңіп алды.

Бекжігіт қазір Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде аға оқытушы болып қызмет істейді.

ТУМА ДАРЫН

*“Кентау шұғыласы” газеті, 7 қараша, 1998 жыл.
Рысты АТАБЕК*

Қазақстан Жастар одағы сыйлықтарының иегері атағын беру туралы комиссия 1998 жылы сарапқа түскен жанрлар бойынша 40-тан астам жұмыстарды қарай келіп, әрбір жұмысты байыпты талқылап, нәтижеде бір топ талапкерлерге лауреат атағын беру туралы шешім қабылдады. Міне, осы талапкерлердің ішінде жерлесіміз, қалалық мәслихаттың депутаты, ХҚТУ-дің журналистика кафедрасының аға оқытушысы, өзіміздің Бекжігіт СЕРДӘЛІ де бар болып шықты. Осыған орай, қуаныш үстінде жаңа лауреатпен сұхбаттасқанбыз.

– Қай әніңізге алдыңыз?

– Бұл менің пәлендей бір әніме емес, талай жылдарғы еңбегіме берілген сый деп ойлаймын. Өйткені, осыдан жарты жыл бұрын өзімнің барлық жұмыстарымды (әндер, дипломдар, грамоталар, оның ішінде міндетті түрде конкурстардың жүлдегері болу керек) жіберген болатынмын. Бірақ айтулы ештеңе күтпеген едім.

Сонымен, өткен бейсенбіде комсомолдың 80 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған салтанаттың қонағы болуға шақырған жеделхат алдым. Дереу, аяқ-астынан жол жүруге тура келіп, Алматыға аттандым. Бұл хабарды Алматыда Жастар одағына барған соң бір-ақ білдім. Сөйтіп, ойламаған жерден 27 қазан күні Студенттер Сарайында комсомолдың 80 жылдығына орай өткен мәжілісте Жастар одағы сыйлығын салтанатты түрде табыс етті. Соңынан Қазақстан эстрадасының жұлдыздары өнер көрсетті.

– Дұрыс-ақ, Беке! Енді, мұнымен шектеліп қалмайтын шығарсыз, мақсатыңыз туралы бірер сөз айта кетсеңіз?

– Бұл мені қанаттандырып қана қоймай, үлкен шабыт берері де сөзсіз.

– Сонда, қандай ән жазбақсыз?

– Туасы, мен эстрадаға ән жазған емеспін. Эстрадашылар өздері түрлендіре жатар. Халықтың фольклорлық жанрына арнап жүргенмін. Осы бағытта жазылады, амандық болса.

– Лауреат болатыныңызды алғаш естігенде қандай

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

сезімде болдыңыз?

– Ойпырмай, әділдік бар екен-ау, деген ой сап ете қалды.

– Сіз осы өткен жылы облыста өткен “Жілім-ай” конкурсының бас жүлдесіне ие болғанда да осылай болмаппа еді?

– Иә, онда да, осылай болып, өзіме-өзім сенбей, шынымен бе деп жүрегім қобалжыған.

– Беке, кешіріңіз, жалпы сіз өзіңізді өзіңіз бағаламайсыз ба, әлде? ...

– Қазір әуесқой сазгерлер көп қой, оның үстіне мұндайларға “мафия” араласады дегенге сеніп, күдерімді үзіңкіреп жүрген болуым керек, пендеміз ғой.

– Қалай, енді, өзіңізді бақытты сезінесіз бе?

– (Сәл ойланыңқырап) Әрине, мерейінді тасытады, бірақ “бақыт” деген атақтарға ғана байланысты емес, – деп, жауапты қысқа қайырды.

– Оқырманға, өз әріптестеріңізге не айтар едіңіз?

– Бұл жағдай менің Шымкентте мұндай атақтарды сатып аласың деген ойымды бұзды. Кентаудағы барлық таланттарға айтарым, ерінбей еңбектенуге мүмкіндік бар, уақытша кездескен қиыншылықтарға мойымай, алға қарай ұмтылуға жасқанбау керек.

Құрметті оқырман, есіңізде болса, жазда Елбасымыз Түркістанға келген сапарында университет студенттерінің бірі Бекжігіттің ақын Базарбай Оспановтың сөзіне жазылған “Айналайын, жеңеше” әнін орындап тұрған сәтте Нұрағамыз: “Бұл кімнің әні?” деп сұраған.

Жанында тұрған Райымбек Сейтметовағамыз Бекеннің есімін атаған ғой. “Жақсы ән екен” деп ұнатқандығын білдіргенін естігеніміз бар. Міне, әуен әуезінен керемет хабары бар Президентімізге жаққан Бекеннің ән өнерінің жәйден-жәй емес екендігі өзінен-өзі дәлелденіп отырған жоқ па?

Қараңызшы, Райымбек ағамыздың: “атақты адамды қартайтып, шашын ағартып, тісін сарғайтып барып берген дұрыс емес” деген пікіріне комиссия мүшелері де үн қосқандай болғанын! Бұл – Бекжігіттің нағыз белеске көтеріліп, шабытын қайрайтын қылшылдаған кезінде берілген қайрақ-марапат болды.

Қуаныш құтты болсын, Бекжігіт мырза! Халқыңыз, өзіңіз қызмет істеген редакция ұжымы Сізге әлі Кентаудың атын талай-талай қырқаларға шығарады деп сенеді.

ТЕРБЕТЕДІ ӘСЕМ ӘУЕН КӨҢІЛДІ

“Ясауи университеті” газеті, 24 қараша, 1998 жыл.

Әлия БІЛДЕБЕКОВА

Жоғары оқу орнының ес біліп, етек жинаған үшінші курс студенті болған шағымыз. Жаңа оқу жылында “жаңа оқытушы келіпті” дегенді естіген соң, әжептеуір қобалжыдық. Әдеттегідей дәріс те басталды. Күткен ағайымыз жас болғанымен, өзін салиқалы, сындарлы адамдарша таныстырып, бізді өзіне салқын тартты. Алғашында түсі суық көрінді ме, әлде өзін қатал ұстағандықтан болу керек, “Япыр-ай, мына ағай қалай екен өзі” – деген сауалдар санамызға маза бермей, ойымызды сан-саққа жүгіртті...

Бірде топтас жолдасымыз үйленіп, соның тойына барғалы жолға шыққан кезіміз. Көлік ішінде жолды қысқарту үшін бірлесіп ән айтуды жөн көрдік. Сол сәтте кентаулық қонақ жігітіміз: “Қазір, әуесқой сазгер Бекжігіт Сердәлінің әніне жазылған “Неге, Неге” әнін орындаймыз”, – демесі бар ма. Жүрегіміздің төрінен орын теуіп, көңілімізден шығып жүрген бұл әннің авторы өз арамызда жүргендігіне не сенерімізді, не сенбесімізді білмей, бір-бірімізге аңтарыла қарастық. Шынымен де, Бекжігіт ағайдың композиторлық өнері бар ма? Неліктен біз бұл кісінің мұндай өнерін білмегенбіз? Мүмкін, қонақ жігітіміз айтпағанда, мүлдем білмей өтер ме едік. Бұған дейін біз осы әннің авторы домбыра тартатынын, журналистік қабілетінің мол екендігін, ұйымдастыру ісіне белсене араласып жүретіндігінің шет жағасын байқаған болатынбыз. Кезінде қатал болмақ ниетімен өзін-өзі салқын кейіпте танытқан ағайымыз, күннен-күнге жылы жүзді, ақжарқын, студенттердің ең сүйікті ұстазына айналды. Өзі де студент секілді қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, студенттермен етене жақын араласып кетті. Ағайдың негізгі мақсаттарының бірі – ғылым жолына түсу болса керек. Бірақ...

1986 жылдың желтоқсандағы ызғар кімді де болса

қарпымай өтпеді. Сол ызғар Бекжігіт ағайды да қатты “үсітті”. Өйткені, астанада қалып, білімін одан әрі жетілдірсем деген ниеттерінің біреуі де орындалмастан, оны түкпірдегі кеншілер қаласы Кентауға баруына “өмірдің өзі” мәжбүр етті. Сонымен, оқытушылық қызметке келместен бұрын Кентау қаласындағы “Кентау шұғыласы” газетінде тілшілік қызметтен бастап, редактордың орынбасарлығына дейінгі қызметтерді атқарған екен. Газет жұмысына белсене араласа жүріп, қалалық “Қазақ тілі” қоғамының құрылуына да себепкер болады. Қазақта: “Ештен кеш жақсы” демекші, бүгіндері Бекжігіт ағайдың армандары біршама орындалған іспетті. Қазір қасиетті оқу ордамыздың журналистика бөлімінде студенттерге дәріс беруде. Жақында ағамыз Қазақстан Жастар одағының 1996-98 жылдардағы әдебиет, өнер және әуесқой көркем шығармашылығы саласындағы сыйлықтар иегері атағын беру туралы комиссияның шешімі бойынша ән топтамалары мен әуесқой көркем шығармаларды өркендеткені үшін Жастар одағы сыйлығының лауреаты атағын алды. Бұған дейін де 1992 жылы Темірланда өткізілген жас сазгерлер байқауында “Жас жұбайлар” (сөзі Ө.Оралбаевтікі) және “Сүндет той” (сөзі Б.Оспановтікі) әндері үшін дипломант атанса, 1996 жылы Кентауда ұйымдастырылған “Қаратау жұлдыздары” деп аталатын ән фестивалінде М.Мақатаевтың сөзіне жазылған “Ауыл жатыр той жасап” деген әні сазгерге лауреат атағын әперді. Бұдан басқа “Текемет” (сөзін жазған Т.Қалмырзаев), “Ризамын” (Б.Оспанов), “Неге, Неге” (Р.Балабиев), “Аман жүрші, ауылдың адамдары”, “Ахоу, арман” және басқа әндері бүгінде ән сүйер қауымның жүрегіне жол тапқан танымал туындыларға айналды. Әсіресе, студенттік жылдарында шығарған “Ерке қайың”, “Мөлдір сезім”, “Ғашықтар” сияқты әндері жастар арасына кеңінен тарап кеткен. Осы орайда айта кетер бір жай, ағамыздың кейбір әндерін басқа біреулердің иемденіп жүргендігі. Кейде, біреудің “дүниесін” иемденген тұлғаларға іштей қынжыласың. Адамзат атаулының бойындағы сирек кездесетін аса қарапайымдылық қасиетімен тасада қалып қойып жүргенде, еңбегі еленгені өте қуанышты жағдай. Осындайда еңбекті бағалап, тиесілі бағасын беріп отырған адамдарға шексіз алғысыңды білдіргің келеді. Енді әркімнің “жүрек туындысына” айналған әндері шын иесіне қайта орал-

са деген өмірдің өзінен күтер үмітіміз де жоқ емес.

Ән тербеген көңілімен болашақ журналистерді даярлауда да аянбай еңбек етіп жүрген Бекжігіт Сердәлі ағайды табыстарымен құттықтай отырып, әсіресе жастардың көңілінен шығатын әсем әуендерді дүниеге келтіріп, өнердегі табыстары молая берсе екен дейміз.

“ЖЕТІ КҮН” ГАЗЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫ “ЖИЕНДІК” ЖАСАУДАН БАСТАЛЫПТЫ

*“Айғақ” газеті, 16 желтоқсан, 1998 жыл.
Мырзантай ЖАҚЫП*

Күн сайын екі-үш мерзімді басылымды парақтап, оқып тұрмасақ, бойымызға ас батпайтын әдетімізбен Шымкент көшелерінің бұрыштарындағы дүңгіршектердің біріне назар салып едік, қызыл түспен безендіріліп шығарылған газетке көзіміз түсті.

Қолымызға алып, дереу қарап жатырмыз. Аты – “Жеті күн”, құрылтайшысы – Оңтүстік Қазақстан облыстық телерадиокомпаниясы, бас редакторы журналистикада есімі беймәлім біреу екен. Сондай-ақ, 11 адамнан тұратын ақылдастар алқасы, бас редактордан басқа тағы да қос редакторы бар, таралымы да тәп-тәуір, 3000 дана көрінеді.

“Ассалаумағалейкум, құрметті оқырмандар!” деп басталып, “Газет шығару немесе оны оқу еріккендердің ермегі емес. Бұл – саналы, білімді, парасатты адамның атқарар ісі”, – деп одан әрі өрби түсетін “Жеті күннің” оқырмандарына арнауымен” танысып, “...қазір не көп, газет көп” екендігі, “...өсек-аянды, қатігездікті, зинақорлықты өзінің күнделікті тақырыбына айналдырған, салдарлы пікір айта алмайтын газеттер де баршылық” екендігі туралы біраз мағлұмат алдық.

“Облыс орталығында жарық көріп тұратын талай-талай азулы басылымдардан басым түсіп, ақпарат кеңістігінен өзіне лайық орын алуды мақсат еткен жаңа газет дүниеге келіпті-ау”, – деген тілектестік сезіммен баспасөз әлемінің “бесігінде” енді тербетіле бастаған “Жеті күннің” бесінші бетіне қарай бергенбіз.

О-о! Мынау – таныс бейне ғой! Қ. А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дің аға оқытушысы, белгілі сазгер Бекжігіт Сердәлінің жымиып қараған жылы жүзі көзіме оттай басылды. Бекжігіт биылғы қазан айында Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты деген құрметті атаққа ие болып, осы қуанышын бала-шағамызбен бірге оның Кентаудағы үйінде таң атқанша қалай тойлағанымыз есіме түсе кетті.

Дарынды замандастарымызды насихаттауда барынша белсенділік байқатқан “Жеті күнге” шын жүректен риза болып, курстас досым, әрі бұрынғы әріптесім Бекжігіт Сердәлінің сазгерлік жолы қалай басталғанын талдауға арналған А.Балтағаринаның “Поезда туған ән” атты материалын оқуға кірістім. Оқыған сайын, өзіме әбден таныс сөйлемдер алдымнан шыға берді.

“Әй, мынау – көрнекті сахна қайраткері Райымбек Сейтметов аға екеуміздің мақаламыз емес пе?” – деген ой басыма “дүңк” ете қалды бір кезде. Расында да, сазгер Бекжігіт Сердәлі жоғарыда аталған сыйлыққа ұсынылып жатқан кезде Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дің профессоры, белгілі театр режиссері Р.Сейтметовпен бірге “Нұр-ағаң ұнатқан әндер” (бұл жерде “Нұр-ағаң” деп Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты айтып отырмыз) атты мақала жазып, биылғы жылдың қазан айының орта кезінде республикалық “Жас алаш” газетінің редакциясына факс арқылы жіберген болатынбыз. Ол аталған басылымның 1998 жылғы 22 қазандағы 126-нөмірінде көлемі едәуір қысқарып, тақырыбы да өзгеріп, “Өзі елеусіз жүргенімен, әндерін бүкіл ел айтады” деген атпен жарияланған еді.

“Шыр” етіп, жарық дүниеге енді келген “Жеті күн” газетінің қызметкерлері соңына Райымбек аға екеуміз қол қойған сол қолжазбаны бізге түсініксіз әдіс-тәсілдермен қолдарына түсіріпті. Сөйтіп, “Пойызда туған ән” деген “свежий” атаумен басып кеп жіберіпті. “Жас алашқа” шыққан материалдың екі азат жолдық тұсы да сол күйінде қайталанады.

“Бесіктен белі шықпай жатып”, мынадай “батыл” әрекетке барған “Жеті күнге” алғашқыда сәл-пәл өкпелеп қалсам да, “ашуым” басылған соң, басыма: “Бәлкім, ол мақаланы Райымбек Сейтметов аға бұларға өзі ұсынған шығар. Мені інім ғой деп өзімсініп, ескерте алмаған болар”,

– деген ой келді.

Солай деп өзімді жұбатайын-ақ десем, А.Балтағарина: “Бекеңнің де (Бекжігіт Сердәліні айтады – М.Ж.) бастан өткізген қызықты оқиғалары көп. Солардың бірін, Бекеңнің танысы Р.Сейтметовтің айтқан әңгімесін алдарыңызға ұсынып отырмыз”, – деп жазыпты.

Басқасын қоя беріңіздерші, Райымбек Сейтметов ағамызға “Бекеңнің танысы” деген “атақ” бергендеріңіз қалай? Сонда Райымбек аға Бекжігіт Сердәлінің көшеде (немесе басқа жерлерде) кездейсоқ кездесіп қалған танысы ма? Әлде құрдастарының үйлену тойларына бірге барып жүрген курстасы ма? Сондай-ақ, “алдарыңызға ұсынып отырмыз” деген тіркесті қалай түсінеміз?

Осындай сұрақтар көбейе берген соң, “Жеті күн” газетінің редакциясына қоңырау соғуымызға тура келді. Телефон тұтқасын алған Айнұр есімді қарындасымызбен арада болған әңгімеден кейін: “Бұл әріптесіміз Райымбек Сейтметовтің кім екендігін білмейтін де секілді ғой”, – деп қорқа бастағаным да рас.

“Әп-әдемі ән еді, пұшық шіркін қор қылды”, – дегендей, өнер қайраткері Райымбек Сейтметов аға екеуміз сазгер Бекжігіт Сердәлінің шығармашылық ерекшеліктері туралы әжептеуір мақала жазған сияқты едік. Оны “Жеті күн” газетіндегі әріптестеріміз көшіріп алып, өз аттарынан жариялап, “шұнтитқаны” жанға батады.

САЗГЕР ҰСТАЗ

“Түркістан” газеті, 27 қараша, 1998 жыл.

Балтағұл ОСПАНҚЫЗЫ

Таяуда Қазақстан Жастар одағының әдебиет, өнер және көркем шығармашылық саласындағы сыйлықтар жөніндегі комиссиясының шешімімен ән топтамалары және әуесқой көркем шығармашылықты өркендеткені үшін Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы, сазгер Бекжігіт Сердәліге Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты атағы берілген болатын. Осы қуанышқа байланысты сазгерді университет президенті, академик Мұрат

Жұрынұлы қабылдап, өнерде өрге жүзген қадамымен құттықтады.

Газет оқырмандарына Бекжігіт Сердәліні таныстыруды парыз санап, әріптесті сұхбатқа тартқан едік.

Б.О: Бекжігіт, өнер бастауы жайлы айтып берсең?

Б.Сердәлі: Мен Бабайқорған ауылының “Үлгілі” елді мекенінде туып, өстім. Осы біздің ауылда Тәуірбек атты бізден ересектеу ағамыз бар еді. Ол Мәскеуде өнер институтында оқитын. Осы жігіт сан түрлі ән, күй, жыр, термелерді нақышына келтіре орындағанда бала қиялымыз шарықтап, арманға берілетінбіз. Оның қолындағы домбыра бізге құдіреттей көрінетін. Алтыншы сыныпта оқитын кезім болса керек, бір күні құдіреттей көрінетін домбыра күл-қоқыс үстінде сынып жатыр екен. Дереву ұсталығы бар әкем Кенжебекке келіп, сол домбыраны жөндеп беретін болса, үйренгім келетінін айттым. Әкем қызық көрді ме, әлде менің шын талаптілегімді түсінді ме, әйтеуір алуға рұқсат етіп, қолынан өткізіп берді. Содан ермек табылған соң күніне 2-3 сағат сабалаймын да жатамын. Сол кезде Бәкір Тәжібаевтың “Ақбұлақ” әні енді тарап жатқан кез еді. Осы әннің “Айналайын, Ақбұлақ” деген қайырмасын-ақ домбыраға түсіріп үйрендім...

Б.О: Естуімізше әйгілі Желтоқсан оқиғасына қатысытсың ғой?

Б.Сердәлі: 1981 жылы орта мектепті бітірген соң ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түсіп, оны 1987 жылы бітірдім. Топ старостасы болдым. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатыстық. Кезінде ол үшін алған “жаман” атағым да болмай қалған жоқ. Университетті бітірген біздердің Алматыда немесе туған жерімізде еңбек жолымызды бастауымыз қиын болды. Мені Талдықорған облысының Сарыөзек аудандық газетіне жіберіп еді, бағыма қарай ол газетте орын болмады.

Содан Торғай облысының шалғай өңіріндегі газетке жіберіп еді, олар да қабылдамады. Түркістандағы “Коммунистік еңбек” газетіне келдім, қабылдамады. Содан салым суға кетіп, есік алдында тұрсам, кім екенін қайдам, біреу қасыма келіп: “Сен Кентаудағы “Кентауская правда” газетіне бармайсың ба, сонда орын бар” деді.

Осы газетте редактор болып істейтін Александр Олейников деген кісі аудармашық жұмысқа алып, әдеби қызметкер,

редактордың орынбасары болып қызмет істедім. Кейін университетке шақырылдым ғой...

Б.О: Бекжігіт, өзіңнің 1992 жылы Темірланда өткен жас сазгерлердің республикалық байқауында үшінші орын алып, дипломант атанғаныңнан хабарымыз бар. Облыстық "Жкілім-ай" байқауы жайлы айтып берсең?

Б.Сердәлі: 1997 жылы Шымкентте "Жкілім-ай" атты сазгерлер байқауы өтіп, бас бәйгені жеңіп алдым. Ой, оның тарихы қызық әрі қуанышты. (Ол жымысып күліп алды). Университеттің өнер факультетінде оқитын Қанат, Нұржан атты әнші жігіттер менің әндерімді орындайды екен. Осы байқау туралы естіген екеуі оған қатысқысы келетінін, тіпті болмаса теледидарға дауыстары түсетінін айтты.

Содан Шымкентке қарай кетіп бара жатқан бір таксистке әндерім жайлы өтініш-хат беріп жібердім. Арада апта өткенде хабар келісімен, біз аттанып кеттік. Ондағы "Аппақ гүлдер", "Алтынай" сияқты көпшілік көңілінен шыққан танымал әндердің авторлары Құралай Сәтмұхамбетова, облыстық филармонияның директоры Тұрдықылыш Ізтаев сияқты сазгерлердің конкурсқа қатысатынын көргенде, "Бекер келген екенмін" деп қатты шошындым. Екі турдан тұратын бұл сайыста "Бұл қазақ" атты ән-термемді әлгі екі жігіттің керемет орындағаны соншалық, көрермендер ұзақ қол соқты. Ертеңіне "Айналайын жеңеше" әні орындалды. Оны да көрермен жылы қабылдады. Келгеніме пұшайман болып мен жүрмін, екі жігітім өздерінше мәз-майрам. "Ағай, неміз кетті, әндеріңіз халық алдында орындалды, зал дұрыс қабылдаған сияқты" деп қояды.

Бір уақытта байқаудың қорытындысын шығаратын кез келіп, 78 ұпаймен бас бәйгені менің атыма хабарлағанда бейне бір түс көргендей болдым. Өзіміз ең соңына отырған екенбіз, жұрт ду қол шапалақтап жатқан кезде сахнаға жете алсамшы! Сөйтіп 74 сазгер қатысқан сайыстан жеңіспен оралдым.

Мен өмірде әділдіктің бар екенін, адам бойында өнер болса, әр уақытта жеңіске жеткізетінін осы жолы сезінгендей болдым.

Б.О: Әндерің жайлы не айтасың?

Б.Сердәлі: Әндердің әрқайсының туу тарихы бар ғой. "Жас жұбайлар", "Ерке қайың", "Сүңдет той", "Неге, неге",

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

“Аман жүрші ауылдың адамдары”, “Ауыл жатыр той жасап” және басқа әндерім баршылық. “Ауыл жатыр той жасап” әнін қазір “Нұр-Мұқасан” дуэті орындап жүр.

Б.О: *“Нұр” клубының жетекшісі ретінде “Жур-шоу”, “Жур-ринг” секілді тамаша кеештердің ұйымдастырушысы болдың. Сені студенттер де, әріптестерің де қадірлейтіні белгілі. Журналистика кафедрасының аға оқытушысы ретінде алдағы мақсатың қандай?*

Б.Сердәлі: Әрбір адамда мақсат болады. Менің мақсатым – алған ғылыми тақырыбымды қорғап, студенттерге сапалы білім беру, сонымен қатар халқымның жүрегіне жетер әндер шығару. Оны алдағы уақыттар көрсетеді ғой.

ПРЕЗИДЕНТ ҰНАТҚАН ӘНДЕР

“Оңтүстік Қазақстан” газеті, 6 ақпан, 1999 жыл.

Райымбек СЕЙТМЕТОВ, Қазақстан Республикасының халық артисі, Мемлекеттік және Жастар сыйлықтарының лауреаты, профессор.

Мырзантай ЖАҚЫП, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Кенжебектің Бекжігіті мектепте оқып жүргенде саусақтары майысып, суретті тамаша салатын. Негізінен суретшілік өнерімен кең танылды. Сонысына қарап, жұрт оны суретші болатын шығар деп ойлайтын. Іс жүзінде олай болмады. Суретшіміз – сазгерге айналды.

Іс-қимылы ширақ, осы бір қара бала өзімен-өзі жалғыз қалғанда әдемі бір әуеннің ырғағымен ыңылдайтын да жүретін. Бастапқыда оған соншалықты мән беріп жатқан да ешкім болмайтын. Ойынның қызығына тоя қоймаған балдырғанның балғын шақтағы мұндай “лирикалық” сәттері аз кездеспейді ғой. Мына баланың бойындағы әлгіндей ерекшелікке де әке-шешесі әншейінгі үйреншікті нәрсе ретінде қараған да қойған.

Өйтпегенде қайтеді, тұла-бойын сазды әуен барлап алған қарадомалақтың, яғни, Бекжігіттің әкесі Кенжебек қара жұмыстың қайсысына салсаң да мойымай атқара беретін, ауырсынып бір қынқ етпейтін кәдімгі шаруа адамы. Анасы Оңласын да үй шаруасының күнделікті күйбеңімен қолы

босамайтын, барлық мейірімін отбасына төккен қарапайым ғана ауыл әйелі. Яғни, қазақтың көп сөзге жоқ, бірақ шатшадыманы бір өзіне жететін шаңырағы.

Ал, бала Бекжігіттің жүріс-тұрысы жаңағыдай. Құлаққа жағымды, жан дүниенді шымырлатар ән-әуен оның қырсоңынан қалмай, ереді де жүреді. Сол әуеннің алдиімен мектепке барды, үздік оқыды.

Кенжекеңнің үйімен Тәуірбек Дүйсенбиев деген ағайынның үйі көрші тұратын. Бұл – бүкіл ауылға белгілі өнерпаз еді. Бір күні сол көпшілікке танымал Тәуірбегіміз сынып қалған ескі домбырасын күлге апарып тастай салғаны ғой. Мұны байқап қалған Бекжігіт дереу оны жинап әкеліп, әкесіне құрастыртып, жөндетіп алды. Оңаша қалған сәттерінде домбырасын дыңғырлатып, үйрене бастады. Көп ұзамай жап-жақсы домбырашы болып алды. Күндердің күнінде Бекжігіт шаршы топтың алдында әуелетіп ән салып тұрғанында баяғы Тәуірбек өзінің “сынық” домбырасын танып қалып, таң-тамаша қалғаны бар еді.

Білетіндердің айтуынша, Бекеңнің атасы Сердәлі – сөзге шешен, елге сыйлы, беделді адам болған екен. Оның үстіне ата-бабалары мекен еткен, Бекжігіттің кие тұтар атақонысы – Ақсары даласы да өзіне өзгеше бір қуат беріп тұрар еді. Осынау дархан көңілді, жотасы мен әр қамыс, жыңғылына дейін ән салатын атамекені қойсын ба, төл перзенттеріне былайғы елдің бәрінде бірдей кездесе бермейтін дарын дарытқан солар ғой.

Кейін оқуға түсті. Кәдімгі өзіміздің ҚазМУ... Кәдімгі өзіміздің журфак... Кәдімгі өзіміздің профессорымыз Темірбек Қожакеевіміз... Бұлай дегенде өзімсініп айтып жатқанымыз ғой. Әйтпесе бүкіл Қазақстанның жоғары оқу орындарының ішіндегі мүйізі қарағайдай мықтысы болып саналатын Қазақ мемлекеттік ұлттық университетіне, оның ішіндегі журналистика факультетіне қабылданып, темірдей тәртіпті сүйетін Темкеңнің сұсынан сескенбей, бүкіл бір оқу тобын басқарып, староста болу – ойбо-о-ой, екінің бірінің қолынан келе бермейтін шаруа.

Бекеңнің алғашқы әні осы студент кезінде туды. Бір күні табан астынан курстас дос Құлтөлеу үйленіп қойды. Бүкіл курстастарға бұл үлкен уайым болды. Стипендия тауысылып, қалтаның түбі қағылған, көк тиын да қаражат

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

қалмаған. “Құлтөлеудің тойына қандай сыйлық апарамыз?”. Барлығын мазалаған жалғыз сұрақ осы. Қапелімде сыйлық болуға жарайтын ештеңе табыла қоймады. Мына жағдай Бекжігіттің жанына қатты батты. Үйленген Құлтөлеу де, оған тұрмысқа шыққан Райхан деген өзінің курстастары болса, қиналмай көр!

“Не болса да, көрейік!” – деген тәуекелшіл көңілмен Бекжігіт басқаратын бүкіл топ Темкеңнің көзіне түспей, аудиториядан абайлап қана шығып, “Жезқазған, қайдасың?” – деп тартып кетті.

Жүрдек пойыз. Вагон іші толы студент. Стол үстінде “Лениншіл жастың” (қазіргі “Жас Алаш”) қиындысы. Қиындыда – фотоэтюд. Оған жазылған екі шумақ өлең. Авторы көрсетілмеген. “Суретті түсірген Р.Ханалиев”.

... Ақ қайыңның төгіліп нұр шашағы,
Алаңқайды ақ қанат гүл басады.
Алақанға қондырып ақ сезімін,
Жас жұбайлар жарасып сырласады.
Бірін-бірі көргендей бірінші рет,
Көп қарайды жанымды ұғыншы деп,
Қалқатайын аймалап күйеу жігіт,
Қалыңдық тұр күнәсіз күлімсіреп.

Газет бетіндегі суретте бейнеленген бозбала мен бойжеткеннің сезімдерін дәл көсетіп, дөп басқан мына жыр жолдарын Бекжігіт қайта-қайта оқып көрді. Ал, пойыз тербетіле зымырап келеді. Доңғалақ ырғағымен ыңылдап еді, жарасымды бір әуен пайда болды. Келе-келе әнге айналды. Вальс сияқты. “Лениншіл жастағы” әлгі екі шумақты салып, айтып көріп еді, әп-әдемі ән туып шыға келді. “Жас жұбайлар”. Тойға асығып, көңілдері алабұртып келе жатқан курстастарына тыңдатып көріп еді, бәріне ұнады. Айтпақшы, қайырмасын өзі қосты.

Сендерге әрдайым орын бар,
Ақ отау төріне қоныңдар.
Ақ тілек – батамыз мінеки:
Бақытты болыңдар, болыңдар!

Осылайша, дүниеге “Жас жұбайлар” атты жаңа ән келді. Оны сәлден кейін бүкіл вагон, ал, Жезқазғандағы Құлтөлеудің үйлену тойында бүкіл ауыл айтып кетті. Кейін жастардың аузынан тастамайтын сүйікті әніне айналды.

Тыңдаушының да тыңдаушысы бар ғой. “Ой, бауырым, әнің ән-ақ екен, бірақ сөзін кім жазған?” деп қадала сұрап қоймайтындар да табылды. Расында да, пойыз үстінде ән тууына себепкер болған қос шумақ кімдікі екен? Өлең авторын сұрастырып көріп еді, тұйымды жауап болмады. “Лениншіл жастың” редакциясына да барып сұрады. Олардан да ешкім білмеді. “Суреттің астыңғы жағында қалған бос орынға жазыла салған өлең ғой” десті ондағылар. Сөйтіп, “Жас жұбайлар” әнінің мәтінін жазған ақынды іздеу басталды.

... ҚазМУ қалашығындағы бесінші жатақханаға бірде “Лениншіл жастың” жігіттері кездесуге шақырылады. Болашақтың журналистері мен осы шақтың журналистері бір-біріне түрлі сұрақтар қойып, сұхбаттасып, сырласып, мәре-сәре болды. Кеш аяқтала бергенде журфактың студенттері қонақтарға арнап ән айтады. Сол баяғы “Жас жұбайлар”. Ән аяқтала бергенде “Лениншіл жастың” сол кездегі әдебиет бөлімінің меңгерушісі, ақын Өтеген Оралбаев орнынан атып тұрып: “Бұл мен ғой! Менің өлеңім ғой!” деп айғай салады. Тамаша әннің қос авторы арада екі жыл өткенде осылай табысқан көрінеді.

Бекжігіттің студенттік жылдарда шығарған “Ерке қайың”, “Мөлдір сезім”, “Ғашықтар” сияқты әндері жастар арасына кеңінен тарап кеткен еді.

... Несін жасырамыз, сексен алтының желтоқсаны ән тербеген көңілдерге ауыр-ауыр сызат түсіріп кетті. “Алаңға неге барасыңдар? Араларыңда Оңтүстіктің балалары неге көп? Партия жиналысында ұлтшыл декандарың Темірбек Қожакеевті қолдап сөйлеп жүрген қайсың?”. Қойшы, әйтеуір, қарша бораған осы сияқты зілді сауалдардың саны бітіруші курстың старостасы, студент-сазгер Бекжігіт Сердәліден бастап, бәріне арналған “Бірде-біреуің Алматыда қызметке қаламыз деп дәмеленуші болмаңдар. Сендердей ұлтшылдықтың уымен уланғандарды астанада қалдыру – қауіпті. Алыстағы аудандық газеттердің сапасын көтересіңдер!” – деген суық нұсқауға ұласты.

Қазақ ррадиосына орналасып қойған жерінен қайта босап, шалғайдағы кеншілер қаласы Кентаудан бір-ақ шықты. Осындағы жергілікті газетке арнайы жолдамамен келіп, жұмысқа кірісіп кетті. Шағын ұжыммен бірден тіл табысып, қатардағы тілшіден бастап, редактордың орынбасарлығына

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

дейінгі қызмет баспалдақтарының бәрінен өтті. Журналистік жүйрік қаламы өткір мәселелерді көтеріп, кемшіліктерді ойып тұрып көрсетті. Қалалық “Кентау шұғыласы” газетінің беделі артты. Газет редакторының орынбасары Бекжігіт Сердәлінің бастамасымен Кентауда алғаш рет тіл жанашырларының басы қосылып, “Ана тілі” қоғамы құрылды. Қазақ тілін қорғау жолындағы қозғалыс әлі кең өріс ала қоймаған кез болатын. Студенттік шақтағы, сексен алтының желтоқсанындағы “негелерге” енді қысқарған атауы үш әріптен тұратын құпиялы мекеменің сұсты қызметкерлерінің “Неге тілді насихаттайсың?” – деген қатқыл сұрақтары мен қудалаулары қосылды. Бекжігіттің қоғамдық жұмыстардағы мұндай ел тағдырына жанашырлықтан туған белсенділігі лайықты бағасын алды. Сан мәрте Кентау қаласы әкімі мен қалалық мәслихаттың сый-сияпатын алды. Сайлаушылардың ұсынысымен Кентау қалалық мәслихатына депутаттыққа сайланар тұста белді-белді мекемелердің белді-белді шенеуніктерімен “қарсылас” болып, талай-талай қиямет-қайымды да көрді.

Бекжігіттің жүрек түкпірінен сонда да ән кетпеді. 1992 жылы Темірланда өткізілген жас сазгерлер байқауында “Жас жұбайлар” (сөзі Ө.Оралбаевтікі) және “Сүндет той” (сөзі Б.Оспановтікі) әндері үшін дипломант атанса, 1996 жылы Кентауда ұйымдастырылған “Қаратау жұлдыздары” деп аталатын ән фестивалінде М.Мақатаевтың сөзіне жазылған “Ауыл жатыр той жасап” деген әні сазгерге лауреат атағын әперді. Бұдан басқа “Текемет” (сөзін жазған Т.Қалмырзаев), “Ризамын” (Б.Оспанов), “Неге, неге” (Р.Балабиев), “Аман жүрші, ауылдың адамдары”, “Ахоу, арман” және басқа әндері бүгінде ән сүйер қауымның жүрегіне жол тапқан танымал туындыларға айналды.

Жастарға Бекжігіт Сердәлінің әндері несімен ұнайды? Оның басқа сазгерледен ерекшелігі қандай? Ең алдымен Бекжігіттің әндері ұлттық нақышқа өте бай, халқымыздың классик дарындарының мол мұраларын бойына сіңіріп, игеріп алған. Жастардың үйренуіне жеңіл, орындаушыға оңтайлы болып келеді...

Біздің ойымызша, Бекжігіттің әндерін қазіргіден де кең аудиторияға жеткізіп, насихаттай беру керек. 1997 жылы Шымкентте өткен Оңтүстік Қазақстан аймақтық “Үкілім-ай”

сазгерлер байқауына қатысқан 70-тен астам сазгердің ішінен топ жарып, бас жүлдені Бекжігіттің жеңіп алуы халық арасынан шыққан жас таланттың өнерін танудың дәлелі болса керек.

...Бекжігіттің Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы қызметіне ауысқанына бір жылдай уақыт өткен. Студенттер арасында “сазгер ағай” болып танылып қалған кезі. Жазғы сессия басталып, аудиториялар абырсабыр болып жатқан. Бекжігіт сабаққа қолына домбыра ұстай келді. Әлденеге абыржулы көрінді. Өзімен бірге оқытушылық қызмет істейтін курстас досы мұның себебін білгісі келіп, қадала сұрап қоймады. Бекжігіт сонда Шымкентте өткізілетін сазгерлердің аймақтық байқауына бара жатқанын, өзіне-өзі сенімді болғанымен, дүниені қаражат билеген мынадай уақытта демеушілік көмек көрсететін ұлтжанды азаматтар табылмай, қинап тұрғанын айтқан. Дарынды жанға жанашырлық танытуға ылғи да осылай енжар қарайтынымызға күйінгенімізбен амалымыз таусылып, қолымыздан бар келгені – сәт-сапар тілеу ғана болды. Сол тілегіміз қабыл болды ма, екі күннен кейін Бекжігіттің әндері аймақтық байқауда бас жүлдені иеленіп қайтты.

...Республика Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев үстіміздегі жылдың 27 наурызында Түркістанға келген сапарында университеттің студент-жастарымен кездескен болатын. Сол кездесуде Бекжігіттің әндері де орындалды. Нұрағаң жүрекке жылы әндердің кімнің әндері екенін сұрап, ән жөнінде ыстық ықыласын білдірді. Бұл да болса жақсы әнге деген Елбасы тарапынан берілген әділ баға ғой деп ойлаймыз.

Түрлі адамдар болады. Біреулер аз ғана табысына масайрап, дандайсып, кеуде қаға бастайды. Кейбіреулер елеусіз жүріп, тынымсыз еңбек еткенді тәуір көреді. Бекжігіт, міне, сондай жан. Оны былайша ешкім байқай бермейді. Көптің бірі ғана секілді. Ал, әндерін бүкіл ел айтады. Мұндай жандар тасада қалып, еңбегін әлдебір пысықайлар пайдаланып та кететін кездер аз кездеспейді. Сондықтан да ел ішінде еленбей жүрген осындай дарынды жандарды дәл уақытында танып, бағалай білгенге не жетсін?!

Өнерде де, өмірде де бағың жансын, Бекжігіт!

СВЯТАЯ К МУЗЫКЕ ЛЮБОВЬ

*“Южный Казахстан”, 22 января, 1999 год.
Е.Геннадиева*

Новый год для Бекжигита Сердали начался с приятных новостей. За музыкальные произведения он удостоен первого приза Союза молодежи Казахстана. И хотя Сердали не профессиональный композитор (он преподает журналистику в МКТУ имени А.Ясави), но жить, не сочиняя мелодий, не может.

Приз – не первая награда Сердали. На областном конкурсе композиторов “Укилим-ай” он также получил первое место и главный приз – телевизор “ДЭУ”. Аким области К.Абдуллаев удостоил его премии “Зерде”.

У Сердали 30 музыкальных произведений. Во многих отражен дух декабрьских событий 1986 года, участником которых он был, за что и испытал на себе в свое время разного рода претеснения. Но не сломался, и устоять ему во многом помогла музыка.

МОЛОДЕЦ, БЕКЖИГИТ!

*“Кентау”, январь, 2000 год.
Светлана УТЕНОВА,*

Начало года богато на радостные события. Вот и на этой неделе тихо так и скромно вошел в кабинет похудевший, немного уставший наш друг и коллега Бекжигит Сердалиев. Вытащил из пакета бутылку шампанского и без особых эмоций проговорил: “С новым годом! Знаете, а я ведь зачитил диссертацию”. Реакция жeníин понятна – возгласы, крики, поцелуи, объятия, поздравления.

Бекжигит пришел в редакцию после окончания факультета журналистики КазГУ. Работал в казахской газете, писал, переводил. Но, как выяснилось позже, играл оказывается на домбре, сочинял песни. Его таланта хватало на все. В прошлом году стал лауреатом премии Союза молодежи Казахстана как самобытный, самодеятельный композитор. В изданном в Алматы альманахе молодых авторов есть и про-

изведения Бекжигита.

Когда его пригласили преподавать на кафедре журналистики МКТУ, то мы пожелали нашему зам. редактора газеты “Кентау шұғыласы” “Ақ жол!” – Доброго пути! И за два года наш коллега под руководством научного руководителя профессора Т.Кожакеева написал оригинальную кандидатскую диссертацию на тему: “Камал Смаилов – публицист” и блестяще защитил ее под занавес года, 30 декабря, в родном КазГУ.

В сентябре Бекжигиту Кенжебековичу исполнится 40 лет – даже не верится! Неуемный, энергичный, многогранный, он столько успел сделать за этот короткий срок, что диву даешься. Супруга, Жадыра Накып, тоже не отстает – в прошлом году стала победительницей конкурса учителей “Лидер XXI века”. Подрастают у них три дочери и сын. А впереди – вся жизнь! И от всей души поздравляя своего коллегу, мы желаем ему по старой традиции “Ақ жол!”.

ІЗДЕЙТІНІМ – ӘДЕМІ ӘН

“Діл” газеті, 2 қазан, 2001 жыл.

Сұхбаттасқан Замира УДАМАНОВА

Қатты ренжіп, не болмаса қиналғанда жұқарған жүйкенің не тыныштықты, не әдемі әуенді қалайтыны бар. Бұл адамның табиғатына тән нәрсе.

Кей-кейде жүдеген жүз бен жабырқаған жаныңа жылылық құйып, жаныңның пернесін басып, бақыт құшағына орайтын әуен іздеп сарсылып кететін сәттер бар. Жетпістегі әжем “Бұл күні тыңдайтын ән жоқ”, – дейді, рас-ау. Қарт көңіл әлдебір келмекке кеткен күндерін аңсайтын шығар...

Кей-кейде қазақтың пейіліндей кең даласын, тұлпары шапқан жотасын, қыз-қырқыны қылмыңдаған қырқасын, ақ шашты ақсақалдай малдас құрған тауларын, ақ жаулықты әжелердің мейіріміндей сипап өтер самалын, бойжеткендей сыңғыр қаққан, сыбдырына құс тоқтап, құлақ тосқан бұлағын көз алдыңа әкелетін қазақы әуенді аңсайды екенсің. Таңғы шықтай тазалыққа тұнған, түп-тұнық мөлдірлікке, сары алтындай сафтыққа ұмтылған әндерді сағынады екенсің...

Негізі, қара өлеңге жан беретін – әсем әуен. Әуені

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

келіссе, кез келген қара өлең жанданып шыға келеді емес пе? Соңғы кезде, батысқа еліктеген эстрадалық әндер көбейіп кетті. Көбінің сөзіне әуені, әуеніне сөзі жараспай, жақ талдырғаннан басқа берері жоқ екендігін талғамы биік өнерсүйер қауым байқап та жүрген болар.

“Ақ көңілдің ақ арманы,
Не болып жүр саған, жаным.
Қаншама рет ойлансам да,
Құпияңды таба алмадым...”

Осы бір жанға жайлы, көңілге ептеп мұң ұлататын, жүрегіңді тербеп, сан қиялға жетелейтін әсем әнді естіген сайын, “осындай ән туғызып, әуен шығартқан жанда арман бар ма екен” деп ойланатынмын.

Бұл әннің әуенін жазған Бекжігіт аға екенін естігенімде таң қалмадым. “Иә, мұндай керемет ән керемет адамнан туса керек-ті” деген ой тұрды көкейімде. Кейіннен “Ризамын”, “Ауыл жатыр той жасап”, “Жас жұбайлар”, “Текемет”, “Айналайын жеңеше” деген әндердің композиторы осы аға екенін естігенде, шынын айтайын, таң қалдым. “Апыр-ау, тіршілігінде қарапайым, көбіне өзімен-өзі жүретін ағаның мұндай қазына қай жеріне сыйып тұр” деп таңданғанымды жасырмаймын. “Шын талант иелері қарапайым келеді” деген рас екен.

“Ел іші – өнер кеніші” дейді халық. Сол кеніштен қайнап шығып, өзіне ғана тән әуендері қалықтап, өз тыңдармандарының жүрегіне жол тапқан сегіз қырлы, бір сырлы ағамен сырласуға асықтым.

– *Бекжігіт аға, ең алғашқы әуендеріңіздің дүниеге келу тарихын әңгімелесеңіз.*

– Бір қызығы, алғашқы әндер есте қалмапты. Бірақ, ҚазМУ-дың дайындық бөліміндегі курстастарым отырыста қолқалап айтқызатынына қарағанда, тәуір әндер болған сияқты. Нотаға жазып қоймағандықтан, қазір қанша ыңылдап есіме түсірейін десем де, еш келтіре алмаймын. Менде жалпы, дер кезінде нотаға түсірмегендіктен ұмыт қалып жататын әндер көп болады.

– *Әуен шығару үшін алдын-ала жоспарлайсыз ба?*

– Жоқ, әлдебіреулер сияқты алдын-ала жоспарлап, тап-сырмамен ән жазған емеспін. “Сауыншы қызға”, “Тракторшы қызға” деп ән жаза беретіндер бар ғой. Ән жоспарсыз, жүрек

әмірімен тууы тиіс. Ал жүректің ән туғызуы өте сирек. Содан да болар, менде ән аз. Осы “менің пәлен жүз әнім бар” дейтіндерге таң қаламын. Ел айтпаған ән – ән емес. Кейде менен “қанша әніңіз бар?” деп сұрайды. Мен ел ішінде айтылып жүрген әндерімді ғана есепке алып, сонша әнім бар деп жауап беремін.

– Әуен шығару үшін жер талғайсыз ба?

– Оңашалықты қалайтыным рас. Қазір екі бөлмелі тар үйде отбасыммен (6 адам) тұрып жатырмын. Бір бөлме қыздарымдікі, екінші бөлме біздікі. Кей әндерімді ваннада отырып жазған кездерім бар. Жазды деген аты ғой, ыңылдап домбыраға түсіргенімді айтамын. Жалпы, әнді домбыра арқылы, не саусағымды түртіп отырып шығарамын. Бірнеше рет қайталап, еске сақтауға тырысамын. Есте сақталмағаны ұмыт болады. “Ұмытылғаны – нашар ән болғаны” деп өзімді жұбатамын.

– Есіңізден кетпейтін сәттеріңіз жайлы сыр шертсеңіз.

– Есімнен кетпейтін сәт – 86-ның ызғарлы Желтоқсаны. Таңертеңгі сабақтан қашып кетудің өзі мүң болғаны, алаңдағы ұлтым деп оянған рух – бәрі есте...

Екінші естен кетпейтіні – Жастар сыйлығын алуым. Конкурстық комиссияға пошта арқылы құжаттарымды жібергем. Комиссия шешімін газеттен оқығанда, таң қалдым. Менің емес, өнердің бағаланғанына риза бодым.

– Көпшілікті елең еткізген “Неге, неге” әнінің тууы туралы...

– “Неге, неге” әні былай туған. Кентау қаласынан Түркістанға қатынап жұмыс істеймін. Жұмыстан қайтып келе жатсам, автобус ішінде көкейіме әуен келеді. Ыңылдап үйге келдім де, магнитофонға жазып қойдым. Енді сөз іздеу керек. Арада біраз уақыт өтіп кеткен, әлгі әуенді ұмытып та кетіппін. Бір күні құлағыма таныс әуен келеді. Қайда естідім деймін. Сөзі қандай? Есіме түсіре алмадым. Тағы бірде магнитофонды қосып отырсам, әлгі таппай жүрген әуенім тұр. Дереву ақын Рахым Балабиевке телефон соқтым да, әннің идеясын айттым. Ол да ұзатқан жоқ, жарты сағатта сөзін дайын қылды.

– Бекжігіт аға, ең қымбат сәттеріңіз.

– Балалық шағым.

– Бақыт дегенді қалай түсінесіз?

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

- Адамға лайық өмір сүрсең, бақыт деген сол.
- Мамандығыңыз жайлы айтыңызшы.
- Мамандығымды жанымдай сүйетінімді өзің білесің ғой, Замира!
- Жылдың қай мезгілі жаныңызға жақын.
- Көктем. Жалпы, менің әндерімнің дені осы көктемде туады.
- Өмірде нені армандайсыз?
- Армандайтыным – Түркістанның рухани астана болуы, өзіме жайлы баспана (бәлкім, өмір бойы тар үйде тұрғанымнан болар).
- Өмірлік қағидаңыз, ұраныңыз?
- “Тәуелсіздігім – тірегім!”
- Бекжігіт аға, “Әжетайым” әнінің туған жері, тарихы туралы айтыңызшы.
- Ән ел ішінде “Әжетайым” аталып кеткен. Негізгі аты – “Ризамын”. Кездейсоқ елге барғанда ағайынға ризалық сезімнен туған.
- Кімдердің әнін сүйіп тыңдайсыз?
- Е.Хасанғалиевтің, Ә.Бейсеуовтің, өзіміздің шымкенттік композиторлардан Қ.Сәтмұханбетова мен Т.Ізтаевтікі.
- Аға, адамдар санасында “ақшаң болса, бәрі де болады” деген ұғым бар. Сіздіңше...
- Басқа жақтарды қайдам, дәл біздің өңірде солай.
- Өркениеттілікке барар жолда біздің қоғамға жетіспейтін нәрселер.
- Жетіспейтіні – ақпарат еркіндігі, тіл еркіндігі және әділдікке қол жеткізе алмайтынымыз...
- Адам бойында жақтырмайтын қасиетіңіз?
- Уәде беріп тұрып, орындамау. Әсіресе, біздің Шымкентте “құп” дейді де, істі орындамайды. Оным дұрыс болмады-ау деп ұялмайды да.
- Аға, адам бойындағы нені бағалайсыз?
- Турашылдық. Өтірік айтпау, өсек айтпау.
- Ренжіген сәтіңізде жаныңызға саяны қайдан іздеп, қайдан табасыз?
- Менің бір ерекшелігім, не өзімнен тым үлкен, не өзімнен көп жас кіші адамдармен дос, сырлас болатыным. Ренішімді көбіне сол адамдарға айтып босаймын. Әйтеуір бір

қонаққа барып, көңіл көтергенді тәуір көремін.

– Бекжігіт аға, Мұхтар айтпақшы, “жоғалтудан, іздеуден және табудан тұратын” мына өмірде не жоғалттыңыз, не таптыңыз, не іздеп жүрсіз?

– Жоғалтқаным – қайта оралмас жастығым, тапқаным – жанымды түсінер шәкірттерім, іздейтінім – әдемі бір ән...

– Рахмет, аға! Алла жаныңызды жақсылықтан, әсем әуеннен айырмағай!

P.S. Көргенінен түйгені көп, әуенмен жаны егіз ағамен сұхбатымыз осылайша аяқталды. Жылы қоштасып кете бардық. Бәрі де жақсы болған сияқты... Бірақ... Бірақ, ағаның мұңая айтқан баспана туралы әңгімесі...

Бізден бір ұсыныс, осындай бойында табиғи шынайы таланты бар өнер адамдарына жағдай жасау керек-ақ. Өткен “Мәдениетті қолдау жылына” байланысты облысымызда көптеген өнер адамдарына қолдау көрсетілген болатын. Бұл бастаманы үнемі жалғастырып отырған жөн. Биыл да өнер адамдарының баспана мәселесі шешіледі деген сөз бар. Бұл – құптарлық жайт. Осы сөз шындыққа айналғандай болса, әуенмен бірге туған ағаны ұмытпасаңыздар екен, қолында билігі бар мырзалар!

АУЫЛ ЖАТЫР ТОЙ ЖАСАП...

*“Ясауи университеті” газеті, 14 желтоқсан, 2001 жыл.
Нұрсәуле МАҚСҰТҚЫЗЫ*

Тәуелсіздігіміздің он жылдығына орай университетімізде өткізіліп жатқан мерекелік шаралардың ішіндегі ең бір есте қаларлық, елеулісі еді бұл. Мәдениет орталығындағы үлкен залға лық толған көрермендер өнерді шын сүйетіндігін байқатты.

Бекжігіт ағаның сыртқы жылылығы сазды-назды әуендерінен көрініс тапқандай. Ал өлең жолдарында ала-сапыран, өрескел мінез жатыр! Бекжігіт сазгердің кейбір ән шығарғыштар секілді арзан әуен іздеп кеткен жері байқалмайды. Егер Бекжігіт Сердәліні біздің факультеттің не университеттің, не Түркістанның ұлы десек, мақтанышымыз орынсыз деп ешкім таласа қоймас. Сонда да ол – халықтың ұлы болары хақ.

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Той иесінің әндерін айтып, өлеңдерін оқып, қойылымдарын қойып, театр тарландары да өздерінің сегіз қыралы, бір сырлы нағыз талант иелері екенін тағы бір дәлелдеді. Олай болса, сол тойдың асабасы, сол театрдың басшысы Райымбек Сейтметовтің де “бұлақ көрсең, көзін аш” деген принципті ұстанған ұстаз екеніне мың рахмет дерсің.

ЖАЙМА ШУАҚ

*“Түркістан” газеті, 1 наурыз, 2002 жыл.
Ләззәт САРЫБАЕВА*

2002 жылдың 11 қаңтары. Жаймашуақ жақсы күн. Жылы жүздер одан да шуақты. Кілең ығайлар мен сығайлар жиылған. Роза Бағланова, Асанәлі Әшімов, Шерхан Мұртаза, Фариза Оңғарсынова, Әшірбек Сығай... Түркістан сазды-драма театрының ашылу салтанаты. Сахна төріндегі саңлақтармен бірге біздің Бекжігіт те күтпеген қуанышқа кенелді.

Әлемге әйгілі апалары мен ағалары түркі дүниесінің рухани астанасы – Түркістан қаласының құрметті азаматтары атанса, Бекжігіт “Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері” атанды. Бекеңжайындағы мағлұматтарға ілгеріден қанықпыз. Баспасөзден ол туралы Райымбек Сейтметов, Мырзантай Жақып мырзалардың, журналистер Әлімбет Бостановтың, Әлия Білдебекованың, Замира Удаманованың жазғандарын оқығанбыз. Жастар сыйлығының лауреаты екенінен де жақсы хабардармыз.

Десек те, Бекжігіт ағаны соны дәрежесімен құттықтап, әңгіме-дүкен құрғанымыз осы...

Оқушы кезінде суретпен айналысты. Жанына дауа іздеді. Ақыры әнге ойысты. Домбыраға ілескен жұмбақ та жұмсақ әуендер тынышын алды.

Бекжігіт өнердің қыры мен сырына терең бойлады. Алғашқы адымдары сәтті сияқты. Ел аузында айтылып, көпшіліктің көкейтесті қажеттерін өтеп жүрген әдібі әдемі, мағынасы ұшан-теңіз әндерінің өзі біршама.

Олардың арасында “Жас жұбайлар”, “Неге, неге”, “Текемет”, “Ауыл жатыр той жасап” деген шығармалары,

тақырыптарының өздері-ақ айтып тұрғандай, қазіргі қазақ тұрмысының қалың қатпарларын қарпитын қапысыз дүниелер. Ұлт психологиясын, ұлт мүддесін игеру талпынысы басым.

Әсіресе, Мұқағали Мақатаевтың, Қасымбек Дәрібаевтың, Рахым Балабиевтің өлеңдері ала-бөтен көркемдік қуатымен, бейнелі де бейкүнә иірімдерімен сазгеріміздің сана-сезіміне майдай жағады. Әндерінің көпшілігі осы ақындарды төңіректейді. Әуен мен мәтін бір-бірімен жымдасып, бірін-бірі толықтырып үйлесім тауып жа-тады.

Кешегі студент, қазіргі ғалым-оқытушы Бекжігіт Сердәлі музыканы бір минут естен шығарған емес. Жатса да, тұрса да –ырғақтар құшағында.

Театрдың ашылу салтанатында Бекжігіттің “Түркістаным-Тұраным” әні шырқалды. Орындаған – Марат Оразметов. Ән қандай әсерлі болса, орындалуы да сондай әсем шықты. Сөзін жазған – профессор Сейтқали Мадуа-ни ағай еді. Екеуінің жүзі бал-бұл жанып, аса риза қалыпта отырды. Бұл Бекжігіт пен Сейтқали ағаның өнердегі ең үлкен жеңісі десек қателеспейміз. Әнұран секілді сарын бізді ерлікке, елдікке, бірлікке шақырып тұр.

Қазақ мақамынан жұрдай даңғырақ қиқу, у-шу бірдеңелерден жалыққан жанымыз жай тапқандай болды.

Бекжігіт Сердәлінің сазгерлік, оқытушылық өмір жо-лына кеңірек аялдау келешектің міндеті. Әйтсе де, бір ба-зына айтқымыз келеді. Біз Рамазан Таймановтың Гүлнұр Оразымбетованың орындауындағы “Қорқыт-Қобыз” әніне қатты тәнтіміз. Сондай бір құдіретті ән Түркістан топырағында да туса, кәне! Жергілікті сазгерлеріміз Бекжігіт Сердәлі мен Сауран Елеуовке сенім артайық, ендеше... Ақындарымыздың әнге сұранып тұрған асыл жырлары жүдә көп демекпіз.

Бекжігіт ағаның Елнұр атты ұлы, Ақбота, Инкәр, Ай-бала есімді қыздары бар. “Өз үйім – өлең төсегім” деген-дей, Бекеңнің Түркістанда үйсіз-күйсіз қиналып жүргені өтірік емес. Мұқтаждық – өнердің қас жауы. Ендеше, билік басындағылар ескеретін шығар да.

Жаймашуақ ағадан жаймашуақ жақсы әуендер күтеміз.

“МЕНИҢ НОТАМ – МАГНИТОФОН”, –

*“Қазақ әдебиеті” газеті, 13 желтоқсан, 2002 жыл.
Назира БАЙЫРБЕК*

Түркістанға соңғы рет барғанымда бір байқағаным, қаладағы әрбір мәдени шара бұрын-соңды естілмеген “Түркістаным-Тұраным” атты әнмен ашылатын болыпты. Патриоттық сарындағы жаңа әнді сондағылар “Түркістан қаласының әнұраны ретінде бекітілді” деп таныстырып жатты. Тіпті, ән Түркия тарапынан да ыстық ықыласқа бөленген екен, олар сөзін түрікше аудартып, Түркия Президенттік оркестрінің репертуарына жазып алыпты.

Әдетте жаңа, жағымды дүниені көргенде көкейімізде алдымен “мұның авторы кім екен?” деген сұрақ туады емес пе? Сонымен, Түркістан қаласының әнұранының композиторы, бірнеше рет аймақтық сазгерлер байқауының жеңімпазы болған, Жастар сыйлығының лауреаты – Бекжігіт СЕРДӘЛІМЕН әңгімелесудің ретін таптық.

Ауылда туған әндер... “жаяулап” жетеді

– Бекжігіт аға, сіздің біраз әндеріңіз халыққа тарап, құлаққа сіңісіп кеткенін білемін. Бірақ қанша сүйсініп тыңдап, тебірене орындап жүрсе де, көпшілік кейбір әндердің сіздікі екенін біле бермейтін сияқты ғой. Неге бұлай?

– Қазір танымал болып қалған әншілердің бәрі дерлік аты белгілі, өздері де әбден үйренісіп алған композиторлардың әндерін іздейді де, біз сияқты ел ішінде қалып қойған әуесқой композиторлардың әндері тек өз ортамызда орындалып, халыққа ауызба-ауыз тарап жатады. Содан кейде авторы ауылында ескерусіз қалып қойған әлгі әндер “жаяулатып” үлкен сахналарға да жетіп қалады. Мысалы: “Нұр-Мұқасандағы” Нұрланды да, Мұқасанды да мен өмірімде көрген адам емеспін. Бірақ олар менің “Ауыл жатыр той жасап”, “Сүндет той”, “Ризамын” деген әндерімді орындап жүр. Әрине, әніңді орындағаны қуаныш қой. Бірақ көп жағдайда сол әннің авторын білмегендіктен әбестік жасалып жатады. Ән авторы деп басқа біреу аталып қалады, не ән жинақтарына да солай

жаңылыс енгізіледі. Артынан біреу-міреу айтқаннан кейін ғана түзету жасалып жатады. Сол сияқты менің алғашқы әнім “Жас жұбайлар” да бір кітапта Жадыра Дәрібаеванікі деп көрсетіліпті. Кейін бірде Жадыра апаймен кездескенімде осы туралы сөз болып еді, ол кісі мені сырттай таниды екен. “Сенің әнің екенін білемін”, – дейді күліп. Бірақ ән Дәрібаевтар отбасылық ансамблінің орындауымен жазылған соң, авторы Дәрібаева деп ойлаған шығар.

Досқа сый: “Жас жұбайлар” әні

– Сол “Жас жұбайлар” әнінің тууы жөнінде бір хикая естіген едім. Баяндап берер ме едіңіз?

– Иә, ол студенттік кезімізде жолда туған ән. Курстасымыз Құлтөлеу Мұқаш үйленіп, біз бәріміз тойына баратын болғанбыз. Алматыдан Жезқазғанға дейін жол ұзақ, ақшамыз жолкіреден артылмайды. Стипендия аз. Ал біз, енді курстас ретінде қалыңдық пен күйеуге бірдеме сыйлауымыз керек қой, қалтамызда гүл алатын да ақша жоқ. Сөйтіп, жігіттеріміздің ұнжырғасы түсіп, қыздарымыз көңілсіз келе жаттық. Бір кезде вагондағы столдың үстіне қарасам, “Лениншіл жастың” бір нөмірі жатыр екен. Газет бетінде жас жұбайлардың суреті тұр да, төменгі жағында:

Ақ қайыңның төгіліп нұр шашағы,.. – деп басталатын екі шумақ өлең жарияланыпты. Өлеңнің авторы жазылмаған, бірақ “суретті түсірген Р.Ханалиев” деп қойған. Сосын әлгі өлеңнің сөзі көңіліме қонып, іштей қайталап оқып отырғанмын. Пойыздың дөңгелектері “дықы-дық, дықы-дық” деген ырғақпен соғады ғой. Менің құлағыма сол вальстің ырғағы сияқты естілді. Сөйтіп, көкірегіме құйылған әуезбенен ыңылдап отырып жаңа бір ән шығардым. Өлеңнің қайырмасы жоқ еді, өзім төрт қатар етіп қайырма жазып шықтым. Содан жол бойы үш купе болып келе жатқан курстастарымның бәрі әнді жаттап алды. Кейін тойда жақсылап тұрып сөз сөйлеп, сол әнді тарту еттік. Той Ағадыр деген ауылда болған. Біз онда екі күн қонып едік, біз кеткенше жаңағы әнді бүкіл ауыл үйреніп алыпты. Алматыға оралған соң араға біраз уақыт салып, “Жас жұбайлар” студенттер ортасына да келіп жетті ғой.

– Бұл әнді өлеңнің авторы қалай қабылдады?

– Біз біразға дейін авторын таба алмадық. Әнді орындап жүрген көпшілік әуенінің авторы кім екенін де білген жоқ.

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Ол кезде біз ұяңбыз, “менмін” деп айтуға ұяламыз. Сөйтіп жүргенде біреу айтты маған: “Әй, осылай жүре бересің бе? Өлеңді жазған авторды тауып алып, әннің авторы кім екенін жарияламайсыңдар ма?” – деп. Содан досымыз Нұрым мен Қуаныш үшеуіміз “Лениншіл жасқа” барып, Ханалиевке жолықтық. “Мынаның сөзін сіз жаздыңыз ба?” – деп сұрасақ, “Жоқ, оны мен жазған жоқпын, бірақ суретті мен түсіргем”, – дейді. Сонымен, ақынды тағы да таба алмадық. Бір күні бізге “Лениншіл жастың” қызметкерлері кездесуге келді. Біз концерттік бағдарлама арасында осы әнді айтқанбыз. Сөйтсек, Өтеген Оралбаев деген ақын бірге келіпті, орнынан атып тұрып: “Әй, бұл өлеңді мен жазғанмын, мен ғой авторы”, – дейді. Сол жерде бірінші рет екеуіміз жолықтық.

Сынған домбырадан соңғы сыр

– Демек, бұл сіздің алғашқы әніңіз ғой. Осы ән туғанға дейін немесе бала күніңізде өнерге деген ықыласыңызды сезе алып па едіңіз?

– Біздің керемет домбыра тартатын көршіміз болған. Үшінші-төртінші класта оқып жүргенімде сол кісінің домбыра тартқанына қызығып қарап отыратынмын. Бір күні көршіміздің үйінде кешкі отырыс болып, жиналған жастар өзара әжүк-гүжік боп, төбелесіп, әлгі домбыраны сындырып қойды. Соны көргенімде қатты өкініп, түнімен ұйықтай алмай шықтым. Таңертең ерте тұрып, далаға шықсам, сынған домбыра үй сыртындағы күл-қоқыстың үстінде шашылып жатыр екен. Білдіртпей барып домбыраның сынықтарын жинап алдым. Сөйттім де, бәрін орап әкеліп, жүкаяқтың астына тығып тастадым. Сондағым, көріп қойса тартып алады деп қорқам ғой. Арада бірнеше күн өткен соң, менің әкем жақсы ұста болатын, әкеме апарып, “мынаны жөндеп беріңізші” дедім. Менің құмартқанымна қызыққан болар, әкем сөзге келген жоқ, сынық-сынық домбыраны сан жамап, құрастырып берді. Кейін домбыраны алып аулада, бауға барып, жалғыз отырып дыңғырлатып тартатын болдым. Арнайы ешкім үйреткен емес. Сондағы ең алғаш тартқаным Бәкір Тәжібаевтың сол кезде жаңа тарап жатқан “Ақбұлақ” деген әні болатын. Қазір ойлап қарасам, домбыраны өзім үйренем деп, дыңғырлатып жүргенімде әр түрлі әуендер жасаған екенмін де. Сол әуендер есімде қалып қойған болуы керек. Кейіннен жазып жүрген

әндеріме солар негіз болып жатқан болуы да мүмкін. Мен кейде осылай ойлап қоям.

– Одан бері өзіңіздің ән шығаруға қабілетті екендігіңізді білген кезде таза өнер жолына түссем, композиторлық жолды қусам деген ниет болған жоқ па?

– Егер мен Алматы, Астана сияқты өнер ордасында болсам, бәлкім, өнер саласында да оқып алуым мүмкін еді. Мысалы, Бекболат Тілеухан политехта оқыды ғой. Олармен біз тұстас болдық. Кезінде бірге жүріп, өнер туралы пікір алмасып та тұратынбыз. Бірақ Бекболат таза өнер жолына түсіп кетті де, біз сол ортадан шеттеліп қалдық.

– Өкінбейсіз бе?

– Кейде “неге сол өнер жолына түспедім” деп өкінем де. Өйткені, музыка өнерін оқымағандықтан, көптеген мүмкіншілігім ашылмай қалып жатқандай болады. Кейде белгілі әншілермен жүздесіп қалғанда да: “Әнің жақсы, халықтың жүрегінен шығады, бірақ...” деп музыка тілімен өз ұсыныс-талабын айтып жатады. Ал мен оларды түсінбеймін.

Сөзге қарап, күшеніп ән жазбау керек

– Сонда шығарған әндеріңізді нотаға қалай түсіресіз?

– Менің нотам – магнитофон. Жаңа бір ән туа қалса, үйге жеткенше ыңылдап айтып жүрем. Кейін үйге келе салысымен магнитофонды қосып, сол әуенді кассетаға жазып қоям. Менің музыкант достарым көп, солар үйге келгенде нотаға түсіріп береді.

– Ойламаған жерде туған әндеріңіз болды ма?

– Әрине, көбі ойламаған жерде туады ғой. Бірде “Қазақстан” телеарнасындағы Құдайберген Қазыбаев деген кісі, нөмірімді қайдан алғанын білмеймін, телефон шалып, “Біз естімеген бір ән” деген бағдарламаға шақырды. “Келесі аптаға сізді жоспарлап қойдық, тез жетіңіз!” – дейді. Соның алдында ғана бір жаңа ән туған. Оның тарихы да қызық. Өзім Кентаудан Түркістанға қатынап жұмыс істейтінмін. Автобуста келе жатсам, құлағыма бір әуен келді. Үйге келе сала кассетаға ыңылдап жазып қойдым. Содан тіршіліктің күйбеңімен жүріп ұмытып кеткенмін ғой. Бір күні, арада бес-алты ай өткенде, жолда келе жатсам, тағы да құлағыма бір әуен келді. Менің өзіме ұнады. Бұрыннан таныс ән сияқты. “Сөзі кімдікі еді” деп қоям. Содан бір күні үйде магнито-

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

фонды қосып, кассетадағыларды тыңдап отырсам, әлгі ән жүр. Сөйтсем, өзімнің әнім екен. Сол арада Рахым Балабиев деген ақынға телефон шалып: “Мынадай бір ән бар, соған жігіттің бір ғашығына “неге мені түсінбейсің, неге сезімдімді бағаламайсың” деген назы сияқты етіп, сөз жазып беріңізші!” – деп өтіндім. Ол кісі де шабыттанып отырса керек, жарты сағатта-ақ өлеңін дайындап, маған телефон соқты.

Ақ көңілдім, ақ арманым,
Не болып жүр саған, жаным?

Қаншама рет ойлансам да,
Құпияңды таба алмадым, –

деп басталатын “Неге, неге” атты ән осылай туды.

– Сіздің Мұқағалидің “Махаббатым өзімде” деген өлеңіне жазған әңгізді естігенім бар еді, жұрт кереметтей қабылдаған. Бірақ менің сұрайын дегенім ол емес. Сіз көп жағдайда алдымен ән жазып алып, өлеңге тапсырыс бересіз бе, әлде жазылып қойған өлеңге жазасыз ба?

– Әуелі, жаңа тілге тиек етілген ән жөнінде айтып өтейін. Мұқағалидың көптеген өлеңдерінің әнге сұранып тұратыны рас. Сондықтан да шығар, кей жағдайларда бір өлеңіне бірнеше ән жазылып жатады. “Махаббатым өзімде” деген өлеңге алғашқы болып ән жазған марқұм Бауыржан Үсенов деген досым болатын. Оның әні керемет. Ол да ерте-ректе жазылған. Менікі де сол студенттік шақта туды. Бірақ Бауыржан өзі талантты ақын болатын. Әні де жақсы. Мен, өз басым, кімнің әні жақсы болса, соныкі тараса екен деп тілеймін. Сондықтан да, “Махаббатым өзімде” деген әнімді тек өз ортамда және өте сирек орындаймын. Бұл әрі менің Бауыржан досыма деген құрметім де болар. Ал Бауыржанның әні үлкен сахналарда, атақты әншілердің орындауымен шыға қоймағанымен де, Алматыда студенттер ортасында жақсы таралған. Жалпы, мен, мамандығым журналист болса да, әуесқой композитор ретінде бірінші әннің жазылғаны дұрыс қой деп ойлаймын. Кейде ақындар “мынаған керемет ән жазып беріңізші!” деп тапсырыс беріп жатады ғой. Бірақ, меніңше, сөзге қарап күшеніп ән жазбау керек, ән деген жүректен тууы керек. Ал ән жазылғаннан кейін оның сарынына лайық патриоттық тақырыпта немесе лирикалық өлең жазып беруді ақынға тапсыруға болады.

– Ол кезде ақынның жыры жасанды сезімнен туып

жүрмей ме?

– Рас, ақын өлеңінің буыны келмей немесе ұйқасы келмей, қиындап кетуі мүмкін. Бірақ ә дегеннен әннің әуені естіледі ғой. Егер әуені құлаққа жағымды болса, жұрт содан кейін барып сөзіне мән беріп, іздей бастайды. Сондықтан да әуен бірінші түру керек сияқты маған.

Әйгілі әншілеріміз ән емес, демеуші іздеп жүр

– Әндеріңіздің тақырыбы көбіне “Текемет”, “Бесік”, “Сүндет той”, “Аман жүрші ауылдың адамдары”... деген сияқты болып келеді ғой. Сіз тыңдаушы қауымның қай жағының талғамына мән бересіз?

– Қазір “Анама”, “Әкеме”, “Сүйгеніме” дегендей әндер көбейіп кетті ғой. Ал менің жаным мәңгі ескірмейтін халықтың болмысы мен ұлттың салт-дәстүріне қатысты тақырыптарға бұрып тұрады. Ән тыңдаушылардың талғамымен санасар болсаң, менімше, әндер бүгінгі күнге ғана лайық болып қалуы мүмкін. Ал біздің әндеріміз қазір соншама таралып, сұранысқа ие болмағанымен де, әйтеуір бір күндері жарыққа шығатынына және халықтың есінде қалатынына сенемін.

– Сіздің тақырып таңдауыңызға кәсібіңіздің қатысы жоқ па? Мысалы, публицист ретінде қоғамдағы елеусіз қалып жатқан мәселелерді әнге қосу дегендей ниет болмай ма?

– Жоқ, әнге саясатты араластыруға болмайды. Менін принципім осы. Ал “Түркістаным-Тұраным” деген ән ол ақын, осы университеттің оқытушысы Сейтқали Мадуанов екеуміздің Түркістанға деген махаббатымыздан туған ән. Ол кісі сөзін жазды, мен әнін жаздым.

– Бүгінгі қазақ эстрадасы әлеміндегі әншілерге көңіліңіз тола ма? Олардың айтып жүрген әндеріне қандай баға бересіз? Кейде “Бүгінгі күні қазақта композитор жоқ” деген кейіс те айтылып жатады ғой. Бұған кім кінәлі деп ойлайсыз?

– Қазақта композитор жоқ емес, бар. Меніңше, көптеген әншілерімізде ізденімпаздық жетіспейді. Мысалы, “Нұр-Мұқасанның” жігіттері, Тоқтар Серіков, Досымжан Таңатаров, “МұзАрттың” жігіттері барған жерлерінде қарапайым адамдармен тілдесіп, өнер иелеріне жолығып, әуесқой болып жүрген сазгерлерден “Қандай әндеріңіз бар?” деп сұрап жүреді екен. Менің осыған көзім жетті. Ал атағы Алатаудай, мүйізі қарағайдай әншілеріміздің барған

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

жерінен іздейтіні байлар мен демеушілер. Егер біз соларды өзіміз іздеп барып, әнімізді ұсынатын болсақ, “аранжировкасын жазып бер, фонограмма жасатып бер, содан кейін барып орындаймын” деп, өзімізден ақы талап етеді. Ал бізде мүмкіндік қайдан болсын? Біз сияқты ауылда қалып қойған әуесқойларға ешкімнің де демеуші болғысы келмейді. Оларға тек атақтылар керек.

– Негізі бүгінде әншілердің өздері де әнді композиторлардан әр түрлі бағаларға сатып алып жүр ғой.

– Иә, ондай болатынын естиміз. Бірақ бізге ешкім де ән сұрап келген емес. Тіпті, әндеріміз түгілі, шет аймақтарда біз сияқты композиторлардың бар екенін де білмейді олар. Меніңше, Жазушылар одағының, Композиторлар одағының, Суретшілер одағының бөлімшелері облыс орталығында ғана емес, Түркістан сияқты аймақта да болғаны дұрыс. Тіпті, бір-екі адамнан тұрса да. Олар жергілікті халық арасындағы талапты, талантты жастардың шығармашылығын іріктеп, жарыққа шығуына көмектесе дейміз. Біздің де әндеріміздің дұрыс дегендерін таңдап, үлкен әншілерімізге ұсынатын болса, бәлкім, әншілеріміз де білер еді. Тағы бір айтайын дегенім, бізде “әнші-композитор” деген модаға айналып бара жатыр. Әндеріміздің бір сарынды, ғұмыры қысқа болуының себебі де сондықтан болар...

СЕНДЕРГЕ ӘРДАЙЫМ ОРЫН БАР...

«Айқын» газеті

Қаниайым Байдәулетова

Сексенінші жылдардың орта шенінде «Лениншіл жас», қазіргі «Жас алаш» газетінде «Ақ отау» беті ашылып, онда жас жұбайларға арналған түрлі тақырыптағы материалдар жарық көре бастайды. Қосымшаның кезекті санында фототілші Рахымбай Ханалиевтің отау көтеріп, қуанышқа бөленіп жатқан жастардың бақытты сәттері бейнеленген суреті беріледі. Күйеу жігіт пен қалыңдық үлкен алаңқайда, гүлдердің арасында бір-біріне күлімсірей қарап тұрған көрінеді. Сол күнгі нөмірдің кезекші редакторы, белгілі ақын Өтеген Оралбаев «сурет мәтінмен әспеттелуі тиіс» деген газет талабына сай, суреттің астына екі шумақ өлең жазады.

Газеттің бұл саны Жезқазған облысының, «Ақадыр» елді мекеніне курстасы Құлтөлеу Мұқаштың үйлену тойына пойызбен кетіп бара жатқан Бекжігіт Сердәлінің қолына түседі. Тойға бара жатқан бір топ бозбала мен бойжеткен купе үстеліне басылымды жайып қойып, дастарқан жасайды. Шетінен әнші, күйші студенттер бірі домбыра шертіп, бірі гитарада ойнап, шырқатып келе жатады. Бір кезде қыздардың біреуі «Жас жұбайларға сыйлайтын түгіміз жоқ. Тойға не апарамыз?» дейді. Бүкіл курс сол кезде есін жиып, бәрі біртүрлі мұңайып қалады. Өзгелермен бірге Бекжігіт Сердәлі де жанарын төмен салып, үстел үстіндегі басылымды әрі-бері аударыстыра бастайды. Кенет Рахымбай Ханалиевтің суреті мен оның астындағы екі шумақ өлеңге назары ауады.

– Ақ қайыңның төгіліп нұр шашағы,
Алаңқайды ақ қанат гүл басады.
Алақанға қондырып ақ сезімін,
Жас жұбайлар жарасып сырласады.

Бірін-бірі көргендей бірінші рет,
Көп қарайды жанымды ұғыншы деп.
Қалыңдығын аймалап күйеу жігіт,
Қалыңдық тұр күнәсіз күлімсіреп...
– деген жолдар ұнай кетеді.

– Бірақ өлеңнің авторы жоқ. Қайта-қайта оқып,
ыңылдай бастадым. Бір ән туған сияқты.

– Сендерге әрдайым орын бар,
Ақ отау төріне қоныңдар.
Ақ тілек, батамыз, мінекей,
Бақытты болыңдар, болыңдар! –

деген қайырмасын өзім шығардым. Сосын достарыма «бұрын естіген «Жас жұбайлар» деген бір әнім бар еді, соны тыңдап көріңдерші» дедім.

Олар бірден «Ойбай, мынау жақсы ән екен. Тағы айтшы», – деп бәріміз жаңа туындыны сол арада жаттап алдық. Әнді пойыз тоқтаса да, жүрсе де айтамыз. Не керек, «Ақадырға» келгенде бүкіл вагон сол әнді айтып түскендей болды. Тойда да орындалды. Ондағы жұртшылық бірден іліп әкетті. Сөйтіп, кейін Алматыға келдік. Курстастарым «Бұл әнді қайдан жаттап жүрсің?», – деп сұрай бастады. Шынымды айттым. «Жақсы шығарыпсың, өлеңін кім жазған?» деді

олар. Сонымен, бәріміз жабылып ақынды іздей бастадық. «Лениншіл жасқа» барып, ана есіктен де, мына есіктен де кіріп сұраймыз. Фототілшісі «Сурет менікі, өлеңді білмеймін. Орын қалып кеткеннен кейін, бос жерге жаза салған шығар», – дейді. Әйтеуір, жолымыз болмады ма, таба алмадық, – дейді композитор.

Сөйтіп жүргенде, көп ұзамай журналистика факультетінің студенттері мен «Лениншіл жас» газеті қызметкерлерінің кездесуі өтеді. Қаламы қарымды аға-апайларының құрметіне студент жастар концерттік бағдарлама дайындайды. Олардың арасында Бекжігіт Сердәлі өз әнін орындап жатқанда Өтеген Оралбаев «бұл менің өлеңім ғой» деп таңданды. Сол жерде ақын мен композитор бір-бірімен танысады. Ән ақынның мұрындық болуымен, сол жылы «Ауыл кеші көңілді» атты ән жинағына енеді.

– Бекжігіт оқу бітіріп, ауылына кетті. Мен жұмыс бабымен басқа қалаға қоныс аудардым. Бір-бірімізден біраз уақыт ажырап кеткен соң, ары қарай шығармашылық байланыс орната алмадық. Он-он бес жыл бұрын Қытай еліне барғанымда, сондағы қандастарымыздың үйлену тойын осы әнмен бастап жатқанының куәсі болдым. Түркияның қазақтары да сөйтеді екен.

Әннің халыққа кең тарауының себебі, ән мен мәтіннің қарапайымдылығынан болар. Өмірде бір рет болатын бақытты сәттерді шын ниетпен бере алғаным шығар деп ойлаймын. Бекжігіт те өзін-өзі насихаттауға тырыспайтын байыпты жігіт. Осы әннің авторымын деп кеуде соғып, ешкімге жар салған емес. Өзімен-өзі қарапайым тіршілік кешіп жатыр, – дейді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының кеңесшісі Өтеген Оралбаев.

Ақын өзі жазған екі шумаққа композитор қосқан қайырманьң үйлесіп, жарасымын тауып тұрғанын, автор ретінде толықтай мойындайтынын айтады. Тек кейбір әншілердің «Бірін-бірі көргендей бірінші рет» деп келетін жолдағы «бірінші рет» сөзін «алғаш рет» деп ауыстырып айтатынына қарсы. Бір қызығы, ақынның осы әннің мәтінін жазғанын басқа жұрт түгілі, Астана қаласындағы жақын араласатын достарының өзі кейінгі уақыттары біле бастапты. Ал Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Йассауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы,

Журналистика кафедрасының меңгерушісі, сазгер Бекжігіт Сердәлі:

– Жақында Өтеген Оралбаевпен 22 жылдан кейін телефон арқылы сөйлестік. Мені Астанаға шақырып жатыр. Бұйыртса, барамын ғой. Алдағы уақытта жаңа әндеріміз жазылып қалар. Қытайдағы қандастарымызға барып қайту да жоспарда бар. Өйткені баяғыда біздің қаланың әкімі сол жаққа іссапармен барып, сондағы бір бауырымыз «Жас жұбайлар» әнінің авторы Қазақстанда тұрады екен. Сол кісінің мекенжайын тауып берсеңіздер», – деп өтініш айтыпты. Әлгі азаматтың бір ауыз жылы лебізі үшін маған жергілікті басшылар «Түркістан қаласының құрметті азаматы» атағын берген болатын», – дейді.

Ән халық арасына, тіпті шекараның арғы бетіндегі бауырларымызға белгілі әншілердің орындауында емес, керісінше, журналистика және филология факультетінің студенттерінің айтуымен кең таралыпты. Кейіннен Дәрібаевтардың отбасылық ансамблі өз репертуарларына енгізіп, ұнтаспаға шығарған екен. Бірақ неге екені белгісіз, бұл туындыны әлі күнге бірде-бір әнші үлкен сахнада шырқамапты. Соған қарамастан, «Жас жұбайлар» әні өміршеңдігін жоғалтқан емес. Үйлену тойларында жиі орындалады.

БІЗ СИЯҚТЫ АУЫЛДА ҚАЛЫП ҚОЙҒАН САЗГЕРЛЕРГЕ ЕШКІМНІҢ ДЕ ДЕМЕУШІ БОЛҒЫСЫ КЕЛМЕЙДІ

«Оңтүстік Қазақстан» газеті
Гүлмира САДЫҚОВА

Кейінкер туралы:

Бекжігіт Сердәлі – жастар өздерінің үйлену тойларында «Сендерге әрдайым орын бар, Ақ отау төріне қоныңдар» деп шалқытатын ән авторы. «Мәдениет қайраткері», Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, Түркістан қаласының құрметті азаматы.

Біздің көркемдік кеңесіміз – халық

- Бекжігіт аға, осы сіз «Жас жұбайлар», «Неге, неге», «Ауыл жатыр той жасап», «Түркістаным–Тұраным», «Ризамын», «Айналайын жеңеше», «Сандугаш», «Бесік» сияқты халықтың жүрегіне жатталып қалған танымал әндердің авторысыз. Десек те сіздің белгілі әндердің белгісіз авторы болып жүруіңіздің сыры неде?

- Маған кезіккен адам: «сіз танымал әндердің авторысыз, бақытты шығарсыз», – дейді. Біз ауылда жүргеннен кейін танымалмыз деп айта алмаймыз. Танымал болуға да ұмтылмаймыз. Өйткені танымалдықтың түсінігі қазір басқа деңгейде. Танымал болу үшін міндетті түрде Астана, Алматы сияқты ірі қалаларда тұруың керек. Өйткені танымал болуға онда мүмкіндік көп. Шоу-бизнес, тележарнама, әндеріңді белгілі әншілерге ұсынасың дегендей... Өзім білетін осындағы өнер саласындағы әріптестерімнің біразы үлкен қалаларға барып, өздерін жарнамалап үлгерді. Біразы демеуші арқылы қолынан келген мүмкіндіктерді пайдаланып, жағдайларын жасап та алған. Газет пен теледидар бетін бермей, БАҚ мүмкіндігін пайдаланып, өзін-өзі жарнамалауға дайын тұратын пысықайлар да аз емес. Танымал болудың ең керемет құралы – клип түсіру ме деп қалдым. Әйтеуір, бірер әнін шығара салып, клип түсіріп алған «сазгерлер» көбейіп кетті ғой. Бірақ, жастар мұрнының астында жүрген біздерге қарағанда соларды жақсы таниды.

Өткенге көз жүгіртіп көріңізші, баяғы Мұхит пен Біржан, Ақан мен Сегізсері, бергі Шәмші мен Әсет, Ескендір мен Мыңжасар өз әндеріне клип түсірді ме? Теледидардан жарнама іздеді ме? Жоқ, олар дәл бүгінгідей арзанқол өнер жасап, онысын көркемдік електен өткізбей әр жерге тықпалаған емес. Оларға жарнама керек емес еді. Жарнаманы оларға халықтың өзі жасады. Әндері халық арасында тек ауызба-ауыз тарады. Дәл қазіргі таңда біз сияқты ауылдағы өнер адамдарының туындылары да осы жолмен халықтың жүрегіне жол тауып жатыр. Сол үшін де біз өзімізді бақытты сезінеміз. Қарап отырсақ, біздің тек таңдаулы деген әндеріміз ғана халыққа жетіп жатады екен. Демек, бізде өз әндеріміздің жақсы-жаманын іріктеп алуға мүмкіндік бар. Біздің көркемдік кеңесіміз – халық. Ал, әлгіндей аранжировка жасатып, клип түсіріп, барлық мүмкіндікті пайдаланып, жақсы болсын, жа-

ман болсын туындыларын әр телеарнаға тықпалап жүрген әнші-сазгерлердің төрешісі халық деу қиын.

- Дәл қазір техниканың қарыштап дамыған дәуірі. Ескіліктің көзімен қалып қоймай, заман талабына сай әншілердің де техникалық мүмкіндіктерді пайдаланғаны дұрыс шығар?

- Бірақ ән техникаға бағынбаса ше? Музыка тілінде такт деген бар. Эстрада көбіне осы тактіге бағынады. Ал халықтық колориттен бастау алар дәстүрлі ән өнері сол такт өлшеміне бағына бермейді ғой. Осыдан келіп ән бұзылады, әнші бағасы кемиді. Әннің бәрін халыққа клип түрінде жеткізе беру – дұрыс табылған шешім емес. Кейде «ән не дейді, клип не дейді» деген әрі-сәрі күйде қалатының бар. Әйтеуір, неге екенін білмеймін, қазақ клип түсірсе ішінде міндетті түрде мұңая қараған қыз, ебедейсіз қимылдап, ербеңдеген негр жүреді. Әйтпесе төрт-бес жігіт қайта-қайта саусақтарын шошайтып, аяқтарын көтеріп, камераның алдынан шықпай, аяқ-қолын ербеңдетіп тұрып алады. Ән характерін ашар әдемі оқиға, тартымды сюжет көре алмайсың. Бұл да батысқа еліктеу. Бізге қазақы клип керек, қазақы әуен керек.

- Бүгінде әншілердің өздері әнді композиторлардан түрлі бағаларға сатып алып жататынын естиміз. Жалпы, қазір ән мен әнші бір-бірін қалай тауып жүр?

- Таныс арқылы. Ия-ия, солай! Әншілердің өздері елге келіп, сазгерлерге жолығып, ән іздеп жатқаны сирек. Тек гастрольдік сапармен келіп-кетеді. Алда-жалда сахна сыртына барып ән ұсына қалсаң «сен кімсің» дегендей бажырая қарайды. Расында да біз олар үшін кімбіз? Алматыдағы атағы жарған атышулы сазгер емеспіз ғой. Сондықтан әнші жүрегін жаулау өте қиын. Ол саған күмәнмен қарайды. Күмәнмен қараған соң әніңді алмайды. Кейде әндері онша таныла қоймаған сазгерлер Алматыға барып кеш өткізуге құмартады. Соларды енді түсіндім. Әнші іздейді екен ғой. Жалпы бізге ешкім ән сұрап келген емес. Тіпті өз аймағымыздағы әншілер әндеріміз түгілі біз сияқты композиторлардың бар екенін де біле бермейді. Олардың да іздейтіні танылып қалған сазгерлер. Енді шыға бастаған әнші үлкен байқауларға қатысу үшін Алматыға барып ән іздейді. Қымбат бағасына болса да аты мәлім сазгерден ән сатып алады. Ондағы мақсат – сол сазгердің ән аранжировкасын жасатуына ықпалы тиеді

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

деген дәме. Дайын аранжировкамен ән сататындар көп. Бас ауыртпай дайын асқа ие болғанды кім жек көрсін. Ал олар ауылдан барғандарды қалт жібермейді. Тұщымсыздау әндерін тықпалай қояды. Іргесінде жүрген ауыл сазгерін «менсінбей» әншілеріміздің далаға қарап жүгіретіні содан. Әнжазба студиясы деген бизнес болып тұр емес пе?

- *Ән сұрайтын әншінің болмағаны ма сонда?*

- Өз басым атағы жер жарған екі-үш әншіге сахнадан өздері «жақсы әндер ел ішінде жүр ғой» деп қоймаған соң, «ауылда ән көп қой, ән іздеп көрмейсіздер ме?» деп ұсыныс жасап көрдім. Естімеген болды. Уақыт таппады. Шашбауын көтеріп жүрген әкім-қараның дастарханына асықты. Мысалы, «Нұр-Мұқасан», Тоқтар мен Бейбіт, Досымжан, «МузАрт»-тың жігіттері барған жерлерінде қарапайым адамдармен тілдесіп, «Қандай әндеріңіз бар?» деп сұрай жүреді екен. Ал, атағы жер жарған әншілеріміздің барған жерінен іздейтіні – байлар мен демеушілер. Егер де біз оларды өзіміз кездестіріп, әнімізді ұсынатын болсақ, «аранжировкасын жазып бер, фонаграмма жасатып бер, содан кейін барып орындаймын» деп өзімізден ақы талап етеді. Ал, бізде ондай мүмкіндік қайдан болсын. Біз сияқты ауылда қалып қойған сазгерлерге ешкімнің де демеуші болғысы келмейді. Оларға тек атақтылар керек.

- *Демек танымал болу үшін міндетті түрде демеуші қажет десеңізші?*

- Демеуші болғанда қандай! Нағыз байдың өзі.

- *Елде атынан ат үркітін байларды естіп жүрміз ғой. Соларға қолқа сап көрмедіңіз бе?*

- Біздегі байлар тапқан-таянғанын тойханалар салуға ғана жұмсайды. Өнер адамына қол ұшын созған, өнер ошағын салуға тәуекел еткен байды естіген емеспін.

- *Сіздердің үндеріңізді жоғары жаққа естіртуге қандай мүмкіндік бар сонда?*

- Меніңше Жазушылар одағының, Композиторлар одағының, Суретшілер одағының бөлімшелері облыс орталығында ғана емес, Түркістан сияқты аймақтарда да болғаны дұрыс. Тіпті бір-екі адамнан тұрса да. Олар жергілікті халық арасындағы талапты, талантты жастардың шығармаларын іріктеп, жарыққа шығуына көмектесер еді. Не болмаса Алматы, Астана сияқты бас қалалардан көшпелі

көркемдік кеңес құрылып, жер-жерді аралап, таланттарды іріктесе, сонда қандай талант болсын өзін көрсетуге мүмкіндік алар еді.

Тағы бір айта кетерлік жайт – танымалдыққа талпынатындардың бірқатары атақ дәрежедерін айтқан кезде асыра сілтеушілікке бой алдырып жүр.

- *Ашып айтсаңыз...*

- Қандай да бір конкурс өткен кезде оған қатысушылардың барлығын құр қоймай алғыс хаттармен марапаттап жатады. Сондай бір конкурсқа қатысып, марапатталған базбір өнерпаздар ауылға келіп, мен пәлендей конкурстың лауреатымын деп жататыны ұят-ақ. Мәні бар мәдени іс-шараларда да жүргізушілер анық-қанығын аңғармай оларды лауреат деп сахнаға шақырып жатады. Бұл дегеніңіз – әділетсіздік. Атақ жайдан-жай беріле салмайды. Ол еңбекпен келеді. Сондықтан әркімді еңбегіне қарай бағалаған жөн деп есептеймін.

Оңтүстіктегі кейбір газеттер Мәдениетті қолдау қорының «Мәдениетқайраткері» төсбелгісіниемденгендерді «Мәдениет қайраткері төсбелгісінің иегері» деп жазудың орнына, «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қайраткері» деп жазып жатты. Ол дұрыс емес, әрбір атақты өз атымен атау қажет.

- *Осындай ұсыныстарыңызға қарағанда жергілікті биліктің мәдениет саласына, оның ішінде, ән өнеріне көңіл аударуы сізді қанағаттандырмайтын сияқты ғой.*

- Мен жергілікті билік мәдениет саласына түбегейлі көңіл аудармай отыр деп айта алмаймын. Мәдениет саласына қаржы бөлінудей-ақ бөлініп жатыр. Бірің оның қайда кетіп, қайда жұмсалып жатқанында, орнымен жұмсалып жатқанында ешкімнің сұрауы жоқ. Көп жерлерде мәдениет саласын мәдениет мамандары басқарып отыр деуге болмайды. Кадр таңдағанда әкімшіліктің айтқанына көніп, айдауынан шықпайтын кездейсоқ жандар іріктеліп алынады. Осыдан соң өнер мен мәдениет қайтіп оңсын! Таланттардың тарыдай шашырап, тағат таппай жүргені содан.

Бізде тек бір жақтылық басым. Мәселен, айтыс өнерін алайық. Рас, айтыс кеңес үкіметі тұсында ұмыт қалған жанрлар қатарында болды. Оған демеу қажет болған шығар. Сондықтан жүлдеге темір тұлпар тігілді. Қазір көптеп көңіл

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

бөлудің нәтижесінде айтыс жеткілікті дәрежеде танылып үлгерді. Сонда да сол игі дәстүр – мәшине тігу дәстүрі әлі жалғасуда. Ләйім, осы бағыттан жаңылмайық. Дегенмен, ақындар мүшайрасына, сазгерлер мен әншілер байқауларына темір тұлпардың тігілмейтіні несі екен деген ой тұрады бізде. Сонда, бәлкім, жақсы әндер мен жақсы жырлар туар еді ғой. Әрі бұл өнерпаздың бір «жыртығын жамап алуына» сеп болар еді.

Мені сазгер еткен көршімнің сынық домбырасы

- Аға, өнер адамдарының осы жолды таңдауына белгілі бір нәрсе ықпал етіп жатады. Мысалы көпшілігіне мұндай қасиет ата-бабасының қанымен дариды. Ал сіз ше, өнер жолына қалай келдіңіз?

- Біз Тәуірбек Дүйсенбиев деген ауылға белгілі өнерпазбен көрші тұратынбыз. Үшінші-төртінші сынып оқып жүргенімде сол кісінің домбыра тартқанына қызығып қарап отыратынмын. Бір күні көршіміздің үйінде кешкі отырыс болып, жиналған жастар өзара әжүк-гүжік боп, төбелесіп, әлгі домбыраны сындырып қойды. Соны көргенімде қатты өкініп, түнімен ұйықтай алмай шықтым. Ертеңгісін далаға шықсам, сынған домбыра үй сыртындағы күл-қоқыстың үстінде шашылып жатыр екен. Ешкімге білдірместен домбыраның сынықтарын жинап алып, сабанның астына жасырып қойдым. Көріп қойса тартып алады деп ойласам керек.

Арада біраз күн өткен соң ағаш жонудан ұсталығы бар әкеме келіп: «Мынаны жөндеп беріңізші» деген едім, менің құмартқаным қызыққан әкем, сынық домбыраны сан жамап, құрастырып берді. Кейін сол домбыраны алып өз бетімше беткейге шығып дыңғырлатып тартатын болдым. Маған арнайылап ешкім үйреткен емес. Сондағы ең алғаш тартқан әнім Бәкір Тәжібаевтің «Ақбұлақ» атты әні еді. Қазір ойлап қарасам, домбыраны өз бетімше үйренемін деп сол кездің өзінде түрлі әуендер тудырыптын. Сол әуендер есімде қалап қойса керек, кейінгі жазған әндеріме солардың бірқатары арқау болды.

- Халық арасында жатталып қалған қайырмасы:

Сендерге әрдайым орын бар -

Ақ отау төріне қоныңдар.

Ақ тілек – батамыз, мінеки:

*Бақытты болыңдар, болыңдар! –
деп келетін «Жас жұбайлар» әні сіздің ең алғашқы
туындыңыз екен. Осы әннің туу тарихын баяндап берсеңіз.*

- Қызығы мен шыжығы қатар жүретін студенттік өмір зуылдап өтіп жатқан кез. Бір күні аяқ астынан курстас досымыз Құлтөлеу үйленді. Үйленгенде де курстас қызға үйленді. Жезқазғанда тобымыздың алғашқы тойы дүркіреп өткелі жатыр. Енді не істейміз? Не сыйлық апарамыз? Бәрімізді қинағаны осы болды. Қайдан шықса одан шықсын деп тобымызбен ағайымыз Темірбек Қожакеевтің көзіне көрінбестен Жезқазғанға қарай тарттық. Жүрдек пойыздың ішінде уылдасып-шуылдасып келеміз. Стол үстінде бозбала мен бойжеткен бейнеленген фотоэтиюд бар. «Лениншіл жастың» (қазіргі «Жас Алаш» газетінің) қиындысы жатыр екен. Суреттің астына «Суретті түсірген Р.Ханалиев» депті де авторсыз екі шумақ өлең жариялапты.

... Ақ қайыңның төгіліп нұр шашағы,
Алаңқайды ақ қанат гүл басады.
Алақанға қондырып ақ сезімін,
Жас жұбайлар жарасып сырласады.
Бірін бірі көргендей бірінші рет,
Көп қарайды жанымды ұғыншы деп,
Қалқатайын аймалап күйеу жігіт,
Қалыңдық тұр күнәсіз күлімсіреп.

Қос ғашықтың сезімін дөп басып жырлаған мына жыр жолдары жүрегіме жақын тиіп, қайта-қайта оқи бердім. Пойызбен ыңылдап тербетіліп келемін. Ақыры осы әуен әнге айналды. Әнге «Жас жұбайлар» деп ат қойып, курстастарыма тыңдатып көрген едім, бәрі құптай жөнелді. Сонымен өмірге ең алғашқы туындым «Жас жұбайлар» келді. Жаңа әнді вагондағы бүкіл жастар қосылып Жезқазғанға жеткенше шырқадық. Онда жеткен соң Құлтөлеудің үйлену тойында тағы да шырқадық. Сонымен не керек, ән бүкіл елге тарап, халықтың сүйікті әніне айналды.

- Айтпақшы, «Жас жұбайлардың» дүниеге келуіне себепші болған қос шумвқтың авторын қалай жолықтырдыңыз.

- Ән ел ішіне таралып кеткен соң «Әнің ән-ақ екен, сөзі кімдікі?» деп сұраушылар көбейді. Өлеңнің авторын іздеп «Лениншіл жастың» редакциясына барғанымда «Суреттің астындағы бос орынға жазыла салған өлең ғой» деп жау-

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

ап берді ондағылар. Сонымен қос шумақтың авторын іздей бастадық. Бірде ҚазМУ қалашығындағы бесінші жатақанада «Лениншіл жастың» журналистерімен кездесу өткіздік. Кездесу соңында қонақтарға тарту ретінде бәріміз бірге сол «Жас жұбайлар» әнін айттық. Әуелеген ән енді аяқтала бергенде «Лениншіл жастың» сол кездегі әдебиет бөлімінің меңгерушісі, ақын Өтеген Оралбаев орнынан атып тұрып, «Бұл менің өлеңім ғой» деп айқай салмасы бар ма? Тамаша әннің мәтінін жазған ақынмен осылай табысқан сәтім бар.

- Аға, осы сізде әуен қалай туады? Ән шығаруға жер талғайсыз ба?

- Бүгін ән шығарып тастайыншы деп арнайы отырған кезім болған емес. Ән өзі анда-санда жүрекке келеді. Тек соны ыңылдап магнитофонға жазып аламын. Сосын лайықты мәтін іздеймін. Ұзын саны он бес шақты әнім бар. 300 әнім бар дейтіндерді түсінбеймін. Ән инкубатор емес қой балалай беретін.

- Бүгінгі қазақ эстрадасындағы әншілерге көңіліңіз тола ма? Олардың айтып жүрген әндеріне қандай баға берер едіңіз?

- Қазір «әнші-композитор» деген сәнге айналап бара жатыр. Қазақ әндерінің бір сарынды, ғұмыры қысқа болуының себебі де содан. Сондықтан әркімнің өз кәсібімен ғана айналысқанан қалаймын. Әншінің - әнші, ақынның - ақын, сазгердің - сазгер болып қалғаны дұрыс. Бір әнмен клип түсіріп, «жұлдыз» болып жатқандардың да ғұмыры ұзақ емес сияқты. Жалғыз жұлдыз жұлдыздар шоғырын құрай алмайды. Абайша айтсақ, «Әннің де естісі бар, есері бар». Уақыт өте келе есер әндердің дәурені тоқтап, есті әндердің қалатынына күмәнім жоқ.

- Жақын арада дүниеге келген әндеріңіз бар ма? Олардың қалай дүниеге келгені туралы сыр шертсеңіз.

- Жақында ғана «Әкем-анам» деген ән жазып бітірдім. Әке мен ана жайлы жазылған ән көп, бірақ екеуіне деген ортақ махаббат көрініс тапқан ән аз. Жастарға лайық стильде ұлттық нақышты сақтай отырып екі ән жаздым. Рэмикстен бөлек жастарға жақын бір бағыт іздеп жүрмін. Онда міндетті түрде халық әуені сақталады және эстрадада әлі кездесе қоймаған бір жоба ұсынбақпын.

- Алдағы уақытта демеуші табылып жатса қандай мақсаттарды жүзеге асырар едіңіз?

- Осы өңірдегі әуесқой сазгерлердің әндерін жинақтап кітап шығарар едім.

Оңтүстікте журналистар дайындайтын оқу орнының болуы заңды құбылыс

- Қазіргі таңда елімізде жиырмаға жуық журналистар даярлайтын үлкенді-кішілі ЖОО-лар бар екен. Оңтүстік өңірінде болашақ журналистерге дәріс беретін бірден-бір оқу орны - Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ. Университеттің журналистика бөлімінде бүгінде жүзге жуық студенттер білім алуда. Өзіңіз басқарып отырған осы бөлім жайында не айтар едіңіз?

- Журналистер конгрестерінде журналистер даярлайтын оқу орнын тек басты қалаларда қалдыру керек деген ұсыныс-пікірлер жиі айтылып жүр. Олар: «Журналистерді тек Алматы, Астана, Қарағанды сияқты қалаларда даярласақ, олар жоғары білікті әрі сапалы маман болар еді» - деген болатын. Бірақ біздің бұл пікірмен келіскіміз келмейді. Оңтүстікте журналистер дайындайтын оқу орнының болуы заңды құбылыс деп есептеймін. Дәлелдейін. Бойында жазуға икемі бар тума дарынның бәрі ауылда өсетіні белгілі. Сол талабы бар, қабілетті жастардың барлығының бірдей жоғарыда атап өткен ірі қалаларға барып, білім алуға жағдайы келе бере ме? Қарап отырсақ бізге келетін талапкерлердің көпшілігі ауылдан шыққандар екен. Басқа қалаларда білім алып жатқан болашақ журналистермен салыстырғанда олардың дүниетанымы басқа, тілдерінің қаймағы бұзыла қоймаған. Жазғы өндірістік тәжірибеден өту барысында бұл айқын байқалады. Оларға жетекшілерінің берген мінездемелерінде: «Сіздердің студенттеріңіздің тілі таза, шұрайлы екен. Қазақ тілінде кібіртіктемей еркін сөйлейді екен. Жазу стилінде де өзгеше бір ерекшелік бар. Мінездерінде де инабаттылық, ибалылық, қайырымдылық, қарапайымдылық байқалады», - деп жазып жатады. Осының бәрін саралай келе, талай талантты журналистерді дүниеге әкелген қасиетті мекеннің талантты жастарының талабын өшіріп алмай, одан әрі өсіруіміз керек деген тұжырымға келемін.

- Университетіміздің журналистар даярлауға үлес қосып келе жатқанына он жылдан астам уақыт болды. Осы шаңырақтан түлеп ұшқан шәкірттеріңіз туралы не айтар едіңіз?

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

- ХҚТУ-дың журналист мамандарын дайындап келе жатқанына азғана уақыт болды. Біз он жасқа енді ғана толған жас жеткіншектейміз. Десек те шәкірттеріміздің бет алысы жаман емес. Республикаға танылып үлгерген «Дала мен қала» газетінің тілшісі, «Тарлан-Үкілі үміт» сыйлығының иегері Лира Қоныс, ақын қызымыз Айгүл Сейілова, Латвиядағы Қазақстан елшілігінің баспасөз атташесі Мөлдір Мырзақасымова, Түркияда жарық көріп жатқан «Желмая» журналының бас редакторы Гүлзада Қалиева, «Евразия» журналының редакторы Молдияр Ергебеков, «Евразия kz» газетінің жауапты хатшысы Асылбек Досалы, жас жазушы, «Тіл және дәстүр» газетінің редакторы Базарбай Жолдыбаев, Қазақ радиосында қызметте жүрген Сандуғаш Кенжебаева мен Мариям Әбсаттар, «Қазақстан-Шымкент» телеарнасының редакторы Қанат Жүнісбеков, республикалық газеттерде жемісті еңбек етіп келе жатқан қаламы қарымды қыздарымыз Нәзира Байырбек, Ақмаржан Мырзахметова сынды түлектеріміз, міне, осы университеттің түлектері. Айта берсек бәрін тізбектеу мүмкін емес. Мұнан өзге республикалық, облыстық БАҚ-тарда еңбек етіп жатқан шәкірттеріміз аз емес. Университетімізде қоғамдық жұмыстардың белсендісі болып, әрбір істің басы-қасында жүретін жастардың біразы қазірден облысқа танылып үлгерді. Жақында ғана журналистика бөлімінің екінші курсының бір ғана тобының өзінен М.Байболов, Г.Садықова, А.Ермекқызы, Д.Тұрғымбаева, Д.Бименова сынды бес бірдей озат студенттеріміз Елбасының «Болашақ» степендиясының иегерлері атанды. Мұның өзі біз үшін үлкен жетістік.

Болашақта журналист болуды қалап, осы ордадан білім алуға Түркиядан, Моңғолиядан, Қытайдан, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан, Ресейден, Атыраудан, Алматыдан, Тараз бен Жезқазғаннан талапкерлер келіп жатады. Жыл сайын алыс-жақын шетелдерден келетін студенттеріміз де аз емес. Осыған қарап-ақ оқу орнының келешегі зор екеніне сенім артуға болады.

1500 жылдықтан кейін қаланы өркендету ісі тоқтап қалған сияқты

- Түркістан – екі дүние есігі ғой,

Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.

*Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің тәңір берген несібі ғой, -
деп Мағжан ақын жырлағандай, Түркістандай қасиетті
жерде туылудың өзі бақыт. Қазір осы жердің тұрғылықты аза-
матсыз. Қасиетті қалада қандай игі іс-шаралар атқарылып
жатыр?*

- Түркістанның тұрғыны болып, осы жердің ауасымен тыныстап жатқан соң, қаланың тыныс-тіршілігін білеміз ғой. Қаланың 1500 жылдық торқалы тойына әзірлік кезінде біршама құрлыстар жүргізіліп, қала өзінің әдемі әріне кірген еді. Біраздан бері қаланы өркендету ісі біршама тоқтап қалған сияқты. Біз науқаншылдыққа құмар халықпыз ғой. 1500 жылдыққа әзірлік кезінде түрлі қорлар құрылды. Сол қорға түскен қаржыларға біршама істер атқарылды. Ал тойды дүркіретіп өткізіп алған соң бәрі күрт тыйылып қалды. Қазір бірді-екілі жүргізіліп жатқан құрылыстар мен жеке кәсіпкерлер салып жатқан салтанат сарайлары болмаса, шын мәнінде Түркістанды руханият орталығы етіп танытар, халық игілігі үшін жұмыс жасайтын ауыз толтырып айтарлық құрылысты көрмей тұрмыз. Қалаға жаңа әкім келді. Бәлкім, тіршілік енді жанданар.

Өнердің шын жанашыры Райымбек Сейтметовтің театр деп шырылдап жүргені қай заман. Қазір тынымсыз еңбектің арқасында бар-жоғы 200 ғана адам сиятын залы бар Түркістан сазды-драма театры Қазақстан тұрмақ, түркі дүниесіне танылып үлгерді. Халық игілігі үшін жұмыс жасап, өнердің өлмес шамын жағып келе жатқан талант иелерін тар ғимаратқа қамамай, бір зәулім ғимарат салып беретін уақыт жетті.

Жаңа келген әкіміміз Әли Бектаевтың мәдениетке, өнерге деген ықыласы ерекше жан көрінеді. Алдағы уақытта рухани астана тұрғындарына шын рухани дем береді деп күтеміз.

- *Түркістан халқын мәдениет саласынан өзге қандай проблемалар толғандырып жүр?*

- «Құлаққа алтын сырға» ретінде айта кетер бір жайт - осы қаладан облыстық, республикалық сайлау додаларына түсіп, депутат болып жатқан ағаларымыз аз емес. Кезінде ананы істеймін, мынаны істеймін деп уәдені үйіп-төгіп берген. Қазір сол уәденің үдесінен шығып жатқанын

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

байқамаймыз. Біздің қала халқына бар жоғы екі-ақ нәрсе керек. Бірі - су, екіншісі - газ. Басқа ештеңенің керегі жоқ. Су болса қала көгереді, жаннатқа айналады. Газ болса жылу проблемасы шешілгелі тұр. Құрғақ уәдемен жарылқағыш депутаттарымыз бірігіп, тұрғындарды әбден шаршатқан осы мәселелерді шешіп берсе, дәл сол күні-ақ халық өзі қаржы жинап әр депутатқа қаланың әр шетінен қола мүсін орнатар еді. «Құрғақ қасық ауыз жыртар» демекші, құр сөзбен «қаланың келешегі зор» дей бергеннен гөрі, сөзбен емес, әрекетімізді іспен дәлелдегеніміз жөн.

Түркістанда туризмді әбден дамытуға болады. Туризм болу үшін міндетті түрде теңіздің жағасына орналасу қажет емес. Туризмді мұнда басқа бір сала бойынша дамытуды қолға алуға болады. Мәселен, біз өз өңірімізді этнографиялық тұрғыдан танытсақ та жетіп жатыр.

- Қазір екі журналист пен бақыатты демеушінің басы қосылса бір газет шығып жатыр. Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі, – деп кезінде Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, бүгінгінің басылымдары осы міндетке қанишалықты деңгейде жауап бере алады.

- Қазір басылымдардың көп екені рас. Республикада 7300-ге жуық БАҚ бар екен. Солардың тек 3 мыңға жуығы ғана тұрақты түрде жарық көреді. Қалғанының аты бар да, заты жоқ. Шыны керек ондай газеттердің бағыт-бағдары, мақсаты түсініксіз. Қайткен күнде де тиражын көбейтіп, оны сатып, қыруар қаржы табуды көздейді. Саяси астар іздейтіндері де аз емес. Газет шығарушылардың көпшілігі басылымға идеологиялық құрал деп емес, тауар ретінде қарайды. Осының салдарынан базардағы жаймаларда, қала ішіндегі дүңгіршектерде мән-мағынасыз сарыжағал басылымдар қаптап кетті. Сатушыларға осы басылымдарды сатқан тиімді. Түркістанда басылым жоқ емес, бар. Енді республикаға тарайтын бір көлемді апталық шықса деген ниет бар. Рухани астанаға тән, бүкіл түркі дүниесіне тарайтын бір басылым шығыру да басты мақсатымыздың бірі.

- Бекжігіт аға, сіз әдемі әндердің авторы атанған композиторсыз, болашақ журналистерді тәрбиелеп жүрген ұлағатты ұстазсыз, балалар газетінің редакторысыз. Құпия болмаса айтыңызшы, осының бәріне қалай үлгеріп жүрсіз?

- Өз кәсібін жанындай сүйген адам қашанда бәріне

үлгереді. Адамда тыным болмау керек. Бір сәт те тоқтап қалуға болмайды. Тоқтағаның – тоқырағаның.

- Ұстаз ретінде жастардың жанына жалау болып жүрген кісінің бірісіз. Жастар - болашақтың қожасы, - деп жатамыз. Кеіше Мағжан сенім артқан бүгінгі күннің жастары қай бағытта келе жатыр? Оларға қандай баға берер едіңіз?

- Бұрынғыдай емес, қазір жастардың белсенділігі ояныды. Енді оларды біз тек дұрыс бағытқа сілтей білуіміз керек. Келешек – солардың қолында. Ал келешегінің жарқын болмағын кім ойламайды дерсіз. Әлемдегі дамыған елу елдің қатарына бізді қосатын да сол жастар. Ендеше, Желтоқсан куәгері ретінде, мен жастарға сенемін және олардың елдің келешегі үшін жасаған әрбір ісін қуаттаймын.

- Әңгімеңізге рахмет! Өнерде де, өмірде де сізге тек сәттіліктер тілейміз!

«ӨЗІМЕ ЗИЯНЫ ТИСЕ ДЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТАТЫН АДАММЫН»

«Қаратау тәжі» газеті
Әсия АЛТЫНБЕКОВА

- Бекжігіт аға, кейінгі кезде Кентаудағы қоғамдық ортадан көрінбей жүрсіз. Өкпелеп қалған жоқпысыз?

- Жоқ, кімге өкпелеймін. Қазіргі орта басқа. Біз іздеген орта бұғып үйлерінде жатыр. Олардың белсенділігі түрлі себептермен бәсеңсіп қалған. Сондықтан мені қазіргі мәдени орта онша жақтыра бермейтін болуы керек. Керек етсе, іздер еді ғой. Дегенмен, баруға болатын жерлер болса, шамам келгенше барып тұрамын. Байқаймын, бұрынғыдай емес, салқын қабылдайды. Жалпы, қазіргі қоғамдық ортаның кеткен адамдарға салқын қарайтынын, артынан неше түрлі жел сөздерді гулететінін мен жақсы білемін. Сен туралы нашар имидж қалыптастыруға әрекет жасаған түрлері болуы керек. Бәлкім, бір нәрсеңді бөлісер деп қызғанатын шығар... Қазаққа өкпелеуге болмайды. Кейде бір нәрсеге көңілің толмағанда, «қазақпыз ғой...» деп қалатының бар. Біздің (қазақтың) бір кемшілігіміз осы сөзден көрінеді. Соны айтып тұрғанның өзі де қазақ. Абайдың өзін жазғыруға дайын тұрған қазаққа несін

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

өкпелейсің...

- Бір кезде газет бетінен қала мәдениетіне қатысты сын пікірлер айтып қалып едіңіз...

- Айтуын айтасың-ау, бірақ, тыңдар құлақ болса. Шенеуніктер шындығына шырт түкіріп, шекеңнен қарағаннан кейін қолды сілтей салғың келеді. Сол мәдениет саласындағы проблемалар туралы қызыл кеңірдек боп жаны ашығансығандардың өзі (көпшілігі бұрынғы мәдениет қызметкерлері) жеме-жемге келгенде үнсіз қалып қойды. Әйтпесе, кадр мәселесінде, шығармашылық мәселесінде проблемалар бар еді ғой.

Демек, шындық ешкімге керек емес. Сөйтсе де, ел мүддесі үшін өзіме зияны тисе де, шындықты айтатын адаммын. Людмила Гурченко таяуда: «Дәл қазір бізге өнер иелерінен де гөрі өнерді ұйымдастырушылар көбірек керек болып тұр. Өнерді ұйымдастырушы – ілуде бір кездесетін аса зәру, өте сирек қабілет», - деген еді. Шындығы солай, қалада өнер адамдары аз емес, сол өнер адамдарына қамқор болып, бір шығармашылық ортаға біріктірер өнерді ұйымдастырушыларға зәруміз.

- Журналистикадан қол үзіп қалған жоқсыз ба?

- Журналистика – менің мақсатым. Одан қалай қол үземін. Республикалық газеттерге жазып тұрамын. Қазір көбіне ғылыми-көпшілік мақалалар жазамын. «Қаратау тәжінің» өтініштеріне де мойын бұрып тұрамын. Бізді журналистикада шыңдаған «Кентау шұғыласы» ғой. Ілгеріде төл мейрамымызда баспасөз ардагерлерімен қосып шақырып тұрушы еді, қазір мүлдем қойды. Түркістан баспасөзі ардагерлерін ұмытқан емес.

Олар сонысымен мықты, сонысымен тарих жасап жатыр. Кейде осы біздің қара шаңырақ – қалалық газет өз тарихын санадан өшіріп жатқан жоқ па екен деген ойда қаласың. Әйтпесе, сол газетте қызметтес болған З.Қыстаубаевпен, С.Дәуленбаевамен, А.Гельфандпен, Ә.Әліядаровпен, Б.Деревенскиймен, С.Өтеновамен, В.Хаевпен жүздеспегелі қай заман? 75 жылдық тарихы бар қарт газеттің тағдырына алаңдаймын кейде.

- Қалай болғанда да қалада шығармашылық орта бар сияқты ғой. Олар қай бағытта жүр деп ойлайсыз?

- Осы шығармашылығымыз саясатқа айналып кет-

кен жоқ па деп қорқамын кейде. Қайсыбір байқауда да қазылар төрінде әкімшіліктің бір адамы отырады. Не көп, пәленшекеңнің туған күніне арналған мұшайра көп. Соры қайнаған поэзия өлеңқұмарлардың (шын ақындардың емес) «даңқын» шығарар даңғазаға айналды. «Қоғам ауысқан кезде өмір сүр» деген қытайдың бір қарғысы бар екен. Алмағайып кезең алысқа ұзамаса екен деп тілейік. Әйтпесе бұл түрімізбен шын шығармашылық пен жалған шығармашылықтың аражігін ажырата алмайтын күйге жетіп жығылуымыз әбден мүмкін.

- *Шығармашылық есеп беру ойыңызда жоқ па?*

- Мен өзі еткен еңбегімді бұлдай бермейтін адаммын. Біреулер жеке мәселесін айтып, әкімнің алдына дейін барып жатады. Менде бұл жоқ. Оның үстіне кешіңді өткізе ғой деп сұрап жатқан адам тағы жоқ. Әнімді кеш өткізу үшін емес, халық жүрегіне жету үшін жазамын. Халық жүрегіне жетпеген ән – ән емес. Базбіреулер 100-ге тарта ән жаздым деп кеудесін соғады. Бірақ бір әнін де халық айтпайды. Ән саны қағазда тұрғанымен емес, ел жүрегінде жүрген сүйікті әуендермен өлшену керек деп ойлаймын. Бір әнмен де тарихта қалып жатқандар бар емес пе? Ендеше шығармашылық кешсіз де жүрекке жеткен әндер арқылы елмен жүздесуге болады.

- *Түркістан қаласының құрметті азаматы екенсіз?..*

- Ол бір кездейсоқ болған жағдай. Түркістан қаласының бұрынғы әкімі Мұхит Әлиев Қытайға барған сапарында сондағы бір жергілікті қазақ отбасында қонақта болады. Әлгі қандасымыз: «Мен сізді Түркістаннан деген соң әдейі іздеп, қонақ етейін деп келдім. Бізде айтылып жүрген тамаша екі әннің авторының жерлесі екенсіз. Сәлем айта барарсыз», - дейді. Әкім елге келген соң мені іздеп тауып, осы атақты берді. Қазір Үрімшіде тұратын ол ініммен жиі хабарласып тұрамын. Қытайға шақырып жатыр, жол түссе биыл жазда барып қайтпақпын.

- *Кімдермен араласып тұрасыз?*

- Жас-кәрі демей, жаны жайсаң барлық адамдармен араласамын. Солардан жаныма медет іздеймін, жарқын жүздерінен ләззәт аламын. Жер бетінде жақсы адамдардың барына шүкіршілік етемін.

ӘН ӘЛЕМІ ӘЛДИЛЕЙДІ

«Егемен Қазақстан» газеті, 22.09.2007
Әбдірахман ҚЫДЫРБЕК

Сендерге әрдайым орын бар,
Ақ отау төріне қоныңдар.
Ақ тілек батамыз мінекей,
Бақытты болыңдар, болыңдар.

Қайырмасы осылай бастала-тын бұл әнді білмейтін әнсүйер қауым жоқ шығар! Әйгілі “Дос-Мұқасанның” “Той жырынан” кейін бүкіл қазақтың жүрегін тербеген “Жас жұбайлар жыры” әні дүниеге келгенде шаңырақ көтерген жұптың алды бүгінде қыз ұзатып, келін түсіріп отыр. Дәлірек айтсақ, бұл туынды 1985 жылы дүниеге келген еді...

Халық арасына кең тараған осы бір әсем әннің авторы кім деп сұрасаңыз, ол Қазақстан Жас-тар одағы сыйлығының иеге-рі, әуес-қой сазгер Бекжігіт Сердәлі.

Еңбек жолын Кентау қалалық “Кентау шұғыласы” газетінде бастаған Б.Сердәлі соңғы он жылдың көлемінде ұстаздыққа ден қойды. Түркістандағы Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде жас журналистерді тәрбиелеуде. Сонда да болса оның музыкаға деген құштарлығы табиғат берген дарынымен ұштасып, ән әлемі-нен ауылын алыстатпай келеді. Қай жерде жүрсе де, көңілдің көк дөненін ерттеп мініп, жаңа әуендерді өмірге алып келуде. Оның жүрегінен туған “Риза-мын”, “Ауыл жатыр той жасап”, “Неге, неге” әндері танымал әншілер репер-туарларынан орын алған.

Кез келген шығарманың шығу тарихы болады десек, “Жас жұбайлар жырының” өмірге келуі де өз алдына бір қызық. Мұның өзі кездейсоқ болған еді деп еске алады Бекең. Студенттік шақтың қайта оралмас сәттері еді ол кез. Кур-стас досымыз Құлтөлеу Мұқаш үйленіп, Жезқазғанға жол тарттық. Қалтамызда билеттің ақшасынан басқа бір тиын жоқ. Тіпті гүл алуға да ақша болмады. Содан басқаны қайдам, менің көңіл-күйім түсіп кетті. Мұңайып терезеге көз тастап отырғанымда, кенет алдымда жатқан “Лениншіл жастың” бетіндегі жас жұбайлар-дың суретіне көзім түсті. Қасында болашақ әннің мәтіні тұр. Бірақ авторы көрсетілмеген. Тек

суретті түсірген Р.Ханалив деп жазылыпты. Суреттегі жыр жолдары алабұрттып келе жатқан көңілді бір серпілтіп тастады. Бала жастан музыкаға деген әуестік пе, әлде табиғат ананың маған сыйлаған дарыны ма, құлағыма бұрын естілмеген өзгеше әуен келе бастады. Өлеңмен керемет үйлесім тауып, дайын ән осы түс өмірге келді. Студенттер бірінен-бірі іліп әкетіп, әнді лезде шырқата жөнелді. Тойда біздің ән шашуымыз керемет тарту болды.

Ән шырқап, думандатып жүргенде екі-үш күн өтіп кетті. Алматыға келсек, ән бізден бұрын жетіпті. Барлық жастың аузында “Жас жұбайлар жыры”. Бәрінен бұрын мені өлең авторын тауып, дидактасу қызықтырды. Мұның сәті екі жылдан кейін түсті.

“Лениншіл жастың” жігіттері ҚазМУ қалашығындағы №5 жатақханаға кездесуге шақытылды. Болашақ журналистер мен қызметкерлер сыр-сұхбат құрып, соңы ән кешіне ұласып, “Жас жұбайлар жыры” да назардан тыс қалмады. Ән аяқталар тұсты күтпей-ақ “Лениншіл жас-тың” сол кездегі әдебиет бөлімінің меңгерушісі, ақын Өтеген Оралбаев: “Бұл менің өлеңім ғой” деп орнынан атып тұрды. Міне, мен өлең авторымен осылай табыстым.

Осындай әнді тудырған сазгер Бекжігіт Сердәлі мұнан кейін де ел арасына басқа да әндерімен таныла бастады. Соның бірі “Түркістаным – Тұраным” (өлеңі Сейітқали Мадуанидікі) әні де жастарды патриоттыққа шақытты. – Бүгінге дейін қанша ән жаздыңыз деп сұрағанымда, ол: – Ел қанша әнімді айтып жүрсе, сонша әнім бар, – деді. Осыдан-ақ оның қарапайымдылығы аңғартылып тұрғандай.

«ЖАС ЖҰБАЙЛАР» ПОЙЫЗДА ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

«Нұр-Астана» газеті, 28.11.2007

Зүлфия ӘСЕМБАЕВА

«Жас жұбайлар» - жаңадан отау тіккен жастардың тойында ең жиі шырқалатын әндердің бірі. Әсерлі сөзімен, әсем сазымен еріксіз сезімді қытықтайтын ән. Жасамыстардың көз алдына жастығын әкелетін ән. Осы

бір тамаша әннің сазын жазған Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының иегері, әуесқой сазгер Бекжігіт Сердәліге бірнеше сауал қойған едік.

- Ең алғашқы әніңіз қашан дүниеге келді? Жалпы, өз бойыңыздағы сазгерлік қабілетіңізді қай кезде аңғардыңыз?

- Егер адамның бойында ерекше қабілеттің ең болмағанда бір ұшқыны болса, ол, ерте ме, кеш пе, әйтеуір, күндердің бір күнінде әлденендей бір себеппен жарыққа шықпай қоймайды. Оны сол қабілет иесінің өзі де аңғармай қалуы әбден мүмкін. Менің сазгерлік қабілетімнің оянуына студент кездегі бір кездейсоқ оқиға себеп болды. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін студенттік өмір зуылдап өтіп жатқан кез еді. Бір күні аяқ астынан курстас досымыз, қазіргі белгілі жазушы-журналист Құлтөлеу Мұқаш үйленетін болды. Үйленгенде де, курстас қызға үйленбек. Жезқазғанда топтастарымыздың алғашқы тойы дүркіреп өтпекші. Қайдан шықса одан шықсын деп, ұстазымыз Темірбек

Қожакеевтің көзіне көрінбестен бүкіл тобымызбен Жезқазғанға тартып кеттік.

Жүрдек пойыздың ішінде уылдасып-шуылдасып келеміз. Жарты жолға жеткенде қыздардың «тойға не сыйлық апармақсыңдар?» деп қалмасы бар ма! Енді не істейміз? Не сыйлық апарамыз? Бәрімізді қинағаны осы болды. Ойланып отырмыз. Үстел үстінде жатқан «Лениншіл жастың» (қазіргі «ЖасАлаш» газетінің) қиындысындағы бозбала мен бойжеткен бейнеленген сурет көзіме түсті. Суретті түсірген Р.Ханалиев деген жазуынан басқа ешнәрсе байқамадым. Астына авторының аты жазылмаған екі шумақ өлең жарияланыпты:

... Ақ қайыңның төгіліп нұр шашағы,
Алаңқайды ақ қанат гүл басады.
Алақанға қондырып ақ сезімін,
Жас жұбайлар жарасып сырласады.
Бірін-бірі көргендей бірінші рет,
Көп қарайды жанымды ұғыншы деп,
Қалқатайын аймалап күйеу жігіт,
Қалыңдық тұр күнәсіз күлімсіреп.

Қос ғашықтың сезімін дөп басып жырлаған мына жыр жолдары жүрегіме жақын тиіп, қайта-қайта оқи бердім. Пойыз доңғалағының ырғағымен ыңылдап тербетіліп келемін.

Ақыры осы әуен әнге айналғанын сездім. Әнге «Жас жұбайлар» деп ат қойып, курстастарыма тыңдатып керген едім, бәрі шуылдасып құптай жөнелді. Сөйтіп, өмірге ең алғашқы туындым «Жас жұбайлар» келді. Бірақ бұл сазгерлік қабілет емес, әуесқойлық болатын. Сол әуесқойлықтың жетегіне еріп жүріп, бүгінге дейін бірнеше ән жаздық қой.

- «Жас жұбайлар» әнінің сезін жазған кім екен. Соны таптыңыз ба?

- Иә, ән туғаннан кейін екі жылдан кейін таптым. ҚазМУ-дің №5 жатақханасында журналистермен кездесу өткізіп жатқанбыз. Сол кеште «Жас жұбайлар» орындалған. Сол кезде «Лениншіл жастың» әдебиет бөлімінің меңгерушісі болып істейтін Өтеген Оралбаев «Бұл менің өлеңім ғой» деп атып тұрды. Осылайша, «Жас жұбайлар» әнінің сөзін жазған автормен арада екі жыл еткеннен кейін кездейсоқ таныстық.

- Сіздіңше, ән қалай туады? Оған белгілі бір бап керек пе?

- Бап іздеп, шығармашылықпен айналысатындар бар. Шынымды айтсам, менде ол жоқ. Жүрекке әуен келген күні ән туады. Көбіне әнді жолда жазамын. Қоғамдық келікке отырсам болғаны, ыңылдап ән салғым келеді... «Бүгін ән шығарып тастайыншы» деп арнайы отырған кезім болған емес. Ән езі анда-санда жүрекке келеді. Тек соны ыңылдап магнитофонға жазып аламын. Сосын лайықты мәтін іздеймін. «Жас жұбайлар», «Неге?», «Ризамын», «Ауыл жатыр той жасап» сияқты әндерімнің бәрі солай туған.

Менің ұзын саны он бес шақты әнім бар. 200 әнім бар дейтіндерді өз басым түсінбеймін. Ән инкубатордың балапаны емес қой балалай беретін.

- Қазіргі сазгерлердің дені өз әндеріне өздері өлең жазды...

- Оның рас. Әнін де, сөзін де өзі жазып, өзі орындаушы болып жүрген өнерпаздар көп. Әзірге мұндай «аурумен» ауыра қойған жоқпын. Қазір «әнші-композитор» деген атақ сәнге айналып бара жатыр. Қазақ әндерінің бір сарынды, ғұмыры қысқа болуының себебі де содан деп ойлаймын. Сондықтан әркімнің өз кәсібімен ғана айналысқанын қалаймын. Әншінің - әнші, ақынның - ақын, сазгердің сазгер болып қалғаны дұрыс.

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Бір әнмен клип түсіріп, жұлдыз атанып жатқандардың да ғұмыры ұзақ емес сияқты. Абайша айтсақ, «Әннің де естісі бар, есері бар». Уақыт өте келе есер әндердің дәурені өтіп, есті әндердің қалатынына күмәнім жоқ.

- *Көбіне кімнің өлеңдеріне ән жазасыз?*

- Белгісіз ақындардың. Белгілі ақындар белгілі сазгерлерге жазғанды дұрыс көреді.

- *Қалай ойлайсыз, сазгерге музыкалық білім қажет пе?*

- Кәсіпқой музыка жазатындарға, әрине, қажет. Бірақ халық жүрегіне жол табатын әндердің денін музыкалық білімі жоқ сазгерлер жазған. Бұған қарағанда сазгерге музыкалық сауаттан гөрі сезімтал жүрек керек сияқты.

- *Қазақ эстрадасына көңіліңіз тола ма? Әндеріңізді кімдер орындайды?*

- Осыдан 10-15 жыл бұрынғы эстрадаға қарағанда қазіргі эстрада көш ілгері кетті. Қазақ эстрадамен әлемді мойындатуға талпыныстар жасауда. Көңілім толады. Базбір сазгерлер әндерімді пәлендей танымал әншілер орындайды деп мақтанышпен айтып жатады. Ал мен әндерімді халық орындайды деп бір-ақ ауыз сөзбен айтқан болар едім.

- *Отбасыңыз туралы айтсаңыз?*

- 3 қыз, 1 ұлым бар. Ешқайсысы өнерді қуған жоқ. Екі қызым медицина саласында оқып жатыр.

- *Жеке шығармашылық концерт беру ойыңызда бар ма?*

- Той-томалақ, отырыстарда халық әндерімді айтып жүр. Мен үшін одан асқан шығармашылық кеш жоқ. Шығармашылық есеп беру үшін қыруар қаржы керек. Ақша жұмсап өнерімді бұлдағанды дұрыс көрмеймін

«ӘУЕСҚОЙ САЗГЕРЛЕРДІҢ ЖАЗЫҒЫ – НОТА БІЛМЕГЕНДІГІ»

«Айқын» газеті, 23.07.2005

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТОВА

Алғашқы әнім пойызда туған

1986 жылы курстасым Құлтөлеу Мұқаш үйленіп, Жезқазғанның «Ақадыр» деген жеріне бүкіл курс тартып отырдық. Пойызда келе жатырмыз, көңіліміз кетеріңкі,

қолда - домбыра, гитара, шырқатып келеміз. Бір кезде қыздардың біреуі «Жас жұбайларға сыйға апара жатқан түгіміз жоқ, тойға не апарамыз?» деп ой тастады. Бөріміз есімізді жиып, біртүрлі мұңайып қалдық. «Лениншіл жас» газетін купе үстеліне жайып, тамақ ішкенбіз. Қарап отырсам, жас жұбайлардың суреті тұр, аяқ жағында екі-үш шумақ өлең жазылыпты. «Суретке түсірген Рахымбай Ханалиев» делінгенімен, өлеңнің авторы жоқ. «Ақ кайыңның тегіліп нұр шашағы, Алаңқайды ақ қанат гүл басады, Алақанға қондырып ақ сезімін, Жас жұбайлар жарасып сырласады» деген жолдар ұнай кетті. Қайта-қайта оқып, ыңылдай бастадым. Бір өн туған сияқты. Сосын достарыма «бұрын естіген «Жас жұбайлар» деген бір өнім бар еді, соны тындап көріңдерші» дедім. Олар бірден «ойбай, мынау жақсы ән екен, тағы айтшы» деп, бөріміз сол арада жаттап аддық. Әнді тоқтасақ та, жүрсек те айтамыз, не керек, «Ақадырға» келгенде бүкіл вагон сол әнді айтып түскендей болды. Тойда да айттық. Ондағы жұртшылық іліп әкетті. Кейін Алматыға келдік. Курстастарым «бұл әнді қайдан жаттап жүрсің?» деп сұрай бастады. Шынымды айттым. «Жақсы шығарыпсың, сөзін кім жазған?» деп енді ақынды іздей бастадық. «Лениншіл жасқа» барып, ана есіктен де, мына есіктен де кіріп сұраймыз. Фотограф «сурет менікі, өлеңді білмеймін, орын қалып кеткеннен кейін, бос орынға жаза салған шығар» дейді. Сонымен таппадық. Сөйтіп жүргенде журналистика факультетінің студенттері мен «Лениншіл жас» газеті қызметкерлерінің кездесуі өтті. Біз шамамызға қарай, концерттік бағдарлама дайындағанбыз. Осы әнді айтып тұрсам, Өтеген Оралбаев деген ақын «бұл менің өлеңім ғой» деп орнынан қарғып тұрды. Сол жерде табыстық. Сол кісі мұрындық болып, сол жылы «Ауыл кеші көңілді» деген ән жинаққа еніп кетті.

Халыққа ұнаған әндер тойда айтылады

Осыдан кейін адамда бір шабыт пайда оолады екен, ән шығара бастадым. Бірақ көбіне біреуге көрсетуге асықпаймын. Бір кемістігі бар сияқты. Қазір отыздан астам әнім бар. Әнді өуелі ыңылдап шығарамын да есіме сақтау үшін магнитофонға жазып аламын. Сосын сөз іздеймін. Көп адамдар «әндеріңізді неге үлкен әншілерге бермейсіз?» деп жатады. Шыны керек, олар қаладағы композиторлардан

аса бермейді. Нағыз таланттардың ауылда жатқанына мән бергісі келмейді. Кей әншілер «фонограмма мен өңдеуге, айтқаныма төле» дейді. Оңдай ақша бізде жоқ. Сосын еленбей қалып қоямыз. Бір-екі әнімді «Нұр-Мұқасан» айтып жүр. «Текемет», «Сүндет той» деген әндерімді Мәскеудегі «Мұрагер» қазақ қауымдастығы жазып алып, Германияда ән-табақ шығарған. «Әнім — әлемім» деген атпен 28 әнім кітап болып басылып шықты. Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, мәдениет қайраткері, Түркістан қалаларының құрметті азаматы деген сый-сыяпатқа ие болдым. Осының бәрі менің сазгерлігім үшін берілген. Көбіне фольклорлық-этнографиялық әндер жазамын. Өйткені қазіргі өндер «сүйдім-күйдім» деп келеді. Біздің жазығымыз нота білмегендігіміз шығар, ал былайынша, әндеріміз халыққа жетпей жатқан жоқ. Өйткені қарапайым ел ән қанша керемет болса да, жиын-тойларда күрделі әндерді айта алмайды. Ал халықтың жүрегіне жақын әндер тек тойларда айтылады.

Кәсіби композиторлар біздің өнімізді қарап, «түкке тұрғысыз дүние» деп ойлауы мүмкін. Бірақ мен әнді «кәсіби сахнада айтылатын және халық үшін жазылған әндер» деп екіге бөлемін. Мен әлі де жақсы әндер жазамын деп ізденіп жүрмін. Оны белгілі еншілер емес, базарда тұрған қарапайым жұрт пен үйдегі бесік тербетіп отырған ана айтса деп армандаймын.

Көркемдік кеңес көшпелі болса...

Қазір Қазақ радиосында көркемдік кеңестің талабы өте жоғары. Олар мұқият тындайды, қарайды, бірақ олардан ауылда жүрген қарапайым композиторлардың әні өткен емес. Тындап жүрген әндеріміздің барлығы - бұрынғы өндер. Атырау, Семей, Петропавл жақтан ешкімнің әнін естіген жоқпыз. Оған қоса біздің ауылдан қатырып жасап әкелген өңдеуіміз бұл жерде түкке тұрғысыз болып қалады. Ауылда жақсы өңдеушілер болғанымен, озық үлгідегі техника жоқ. Ауылдың әндері Алматыда жарамай жататыны содан. Сол себептен көркемдік кеңес көшпелі мәжіліс өткізіп, аудандарға барса, әуесқой сазгерлерді сол жерде тындаса, жақсы әндерін жазып алып кетсе, ақша да сұрамаймыз, тегін берер едік. Оған қоса әуесқой сазгерлерге жеке мәртебе беру керек. «Әуесқой» деген сөздің өзі оларды кәсіпқой композитор-

лардан төмендетеді. Жазығымыз - музыкалық сауатымыз жоқ. Кәсіпқойлар бізді өз одағына кіргізбейді. Содан кейін біздің құқымызды ешкім қорғамайды. Кей композиторларға «аға, көріп беріңізші» деп әнімізді апарсақ, «жақсы екен» дейді де, кейін қарасаң, бір әнінің ішінде біздің әніміздің иірімдері жүреді. «Мұныңыз қалай?» десек, «кездесе береді, қайталана береді, несі бар?» деп бет бақтырмайды. «Тыңдатып едім ғой» десен, «сені танымаймын» деп шыға келеді. Осыдан кейін ешкімге сенбейсің, ештеңе көрсеткің де келмейді. Ең болмаса, Композиторлар одағы жанынан әуесқой сазгерлер қоғамы сияқты бірдеңе ашылса... Біз соларға барып, мұңымызды айтар едік.

АРМАНҒА ЖЕТЕЛЕГЕН ӘН

«Оңтүстік Қазақстан» газеті, 27.07.2006
Дилара БИМЕНОВА

Жаздың жайма шуағы.

Қазығұрттың баурайынан шыққан жұпар иіс мұрныңды жарады. Ақбураның тұнық суы халқына шипа болып дарыған. Қаратастың тастарында еліктің лағындай алыса ойнап жүрген Жанардың құлағы бір әуенді естіп қалды. Бірақ, әлгі әннің қайдан шыққаны алдындағы үлкен бәйтеректің бұтақтарынан көрінер емес. Ойынды тастай сала алға қарай беттеген. Қос бұрымы буылған, үстіндегі қызыл көйлегі кіршендеу кейпі оның әлі ойын баласы екенін аңғартқандай. Талды құшақтай сығалап қарап, төрдегі бойшаң жігіттің қасында ақ желекті аппақ көйлекті қызды көрді. Қыздың сүйкімді жанары оны тұңғыыққа тартып, қиялдарға батырып жіберді.

...Ақ желекті қыздың орнында Жібек болып өзі тұр екен дейді. Қасында Төлеген бе екен, бала күнгі достары ма екен, есейіп бой түзеп қалған, қолдарындағы гүлдерін Жанарға беріп жатқан сияқты ма, әйтеуір, бір сағымды әлем бірінен соң бірі тізбектеліп жатыр...

Әлден уақытта гитара сабалаған жастар жанынан өте беріп, бір әуенді шырқай жөнелді:

«Ақ қайыңның төгіліп нұршашағы,
Алаңқайды ақ қанат гүл басады...»

Жас жұбайлар тойы қиялға батырып тастаған Жанар

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

селт ете қалды. Бір топ жігіттер ән қайырмасыш жалғап жатыр.

«Сендерге әрдайым орын бар,

Ақ отау төріне қоныңдар...»

Қиялға шомған қызды жас жігіт:

- Ей, қара қыз, неғып тұрсың? - деп үрейін ұшырып жіберді.

Қыз ойын бұзған есерсоқ жігітке одырая бір қарап алды да, әрірек тұрып, қайта ойға шомып, әнді қайта-қайта ыңылдап, әуенін жаттап алғанша салып отырды. Ән иірімі жүрегінде соншалық орын алып, өмірлік мақсатына айналғандай. Бой түзеп, ер жеткеннен соң, оны енді әлгі әннің авторы қызықтыра бастады. Себебі, ол әнсіз ауыл тойы басталмайтын.

Он жылдық мектепті бітірер кеште ұяң қыз қысыла әлгі әнді достарына қимастықпен айтып берді.

- Осы әннің тастамайтын болдың ғой, басқа жаңалау ән айтшы, - деді ең жақын құрбыларының бірі.

- Жүрегіме жақын ән ғой. Әннің сазгерін кездестірsem деген ақжолтай арманым бар.

Осылайша Жанар қалаға бет алды. Әрине, қала ауасы ауылға жетпейді. Ауылды да, құрбыларын да, әлгі әнді де сағынып қалғаны рас.

Шымқалаға жақындай бере кенеттен жүргізуші:

- Машинадан түсе тұрыңдар! - деді.

Сыртқа шыққан жопаушылар өзара әңгімеге көшті. Жігіттер жағы машинаны жөндеп әуре. Жанардың ойы әр тарапта. Әлгі әннің авторы жайлы біле алмай, қиялы еріксіз мазалайды. "Не де болса сұрайын" деген батылдықпен жасы үлкен кісінің жанына барды.

- Сіздердің тұстарыңыздағы "Ақ қайыңның..." деп баталатын әнді білесіз бе? Әннің авторы жайлы хабарыңыз бар ма?

- Ән дейсің бе? Ол әннің авторы менің қызым оқитын университетте дәріс береді емес пе? - деді бейтаныс бір әйел.

- Оқиды дейсіз бе?

- Иә, Түркістанда тұрады. Иасауи университетінде сабақ береді. Қызым аузынан тастамай айтып жүретін еді. Аты кім еді?... Е, енді есіме түсті. Бекжігіт Сердәлі.

Бірдеңенің шалығы тигендей, ішінен "Бекжігіт Сердәлі"

деп қайталай бергені есінде.

Ендігі сапар Түркістан. Түркістанға бармаса болмас.

Иә, арман қуған қыздың Яссы шаһарына бет алысы осыдан басталған-ды...

...Міне, көптен күткен сәт. Іздеген ағайы алдынан шыға келді. «Іздеген ағайың осы» деді күзетші бұрыла бере. Жанар өзінің көруге ынтық болған сазгерімен, міне, осылайша танысты.

Бүгінде Жанар осы университетте, ағайы Бекжігіттен дәріс алады.

...Жанар ескі әдетінше тағы ойға шомды. Өзінің тұрмыс құрған тойы екен дейді. Басында үкілі сәукеле. Үстінде қызыл қамзол мен бүрмелі көйлек. Қонақтардың қошеметімен ақ сырмақ үстімен төрге қарай ұзап барады екен. Әуелеген әлгі ән:

«Ақ қайыңның төгіліп нұршашағы,
Алаңқайды ақ қанат гүл басады...»

Жанар бақытты сияқты. Көз қиығының оң жаққа түсіп кеткені...

Ағай! Иә-иә, сазгер ағай! Бекжігіт ағай!

Мұны күтпеген еді. Ұнататын әні орындалып, қонақтармен бірге ән авторы сазгер ағайы да отырады деп ойламапты...

ӘН ҚАНАТЫ ТАЛМАСЫН

*Нарбек МҰСАБАЕВ, Қазақстан халық ағарту ісінің
үздігі.*

13 ақпан, 2002 жыл.

Қазақ елі, Оңтүстік жері таланттарға кеңде емес. Бұған мың қайтара шүкір. Сол ерекше таланттардың бірі – Бекжігіт Сердәлі.

Бекжігіттің “Жас жұбайлар” әні Кентауға өзінен бұрын жетті десек, қателеспейміз.

Сендерге әрдайым орын бар,
Ақ отау төріне қоныңдар.
Ақ тілек – батамыз мінеки:

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Бақытты болыңдар, болыңдар!

Міне, осы бір әдемі де жеңіл ән қайырмасы бізге көптен таныс сияқты. Жастардың, үлкен-кішінің тойларда, дастархан басында шалқыта салған әні. Бұл – ән құдіреті, саз құдіреті, сазгердің бақыты!

Кеше ғана қалалық газетімізде жұмыс жасап, ел сыйлаған журналист Бекжігіт бүгін ғалым, ұстаздық қызмет атқарып, жастарға тәлім-тәрбие беруде.

Біз Бекжігіттің Шымкентте өткен “Үкілім-ай” байқауының бас жүлдегері, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің “Зерде” сыйлығының иегері, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері болғанына ризалықпен қол соғып, қуанған болатынбыз.

Қаншама жергілікті ақындарымыздың өлеңдеріне ән жазып, екінші өмір сыйлап, елге танытса, қаншама ақындарымыз Бекжігіт әндеріне сөз жазып, құстың қос қанатындай самғап ұшып биікке, алысқа, туған елге таралуына себепші болуда. Сондай әсем әндердің бірі ақын Раым Балабиевтің сөзіне жазылған “Неге, неге” әні.

Неге, жаным, үндемейсің,
Сенсіз күнім түн дегейсің.
Неге, неге қызғалдақтай,
Ажарланып гүлдемейсің?

Осынау лирикалық сезімге толы, тебіреніспен жүрек қылын шертер нәзік ән талай тойдың, талай туған күннің сәнін келтіріп, талай ғашықтардың жан сырына айналды...

Сыңғырлап соңғы қоңырау үні,
Қалайша көңлің толқымайды.
Жүректің қылын еріксіз үзіп,
Алыстан арман қол бұлғайды.

Жастардың эстетикалық талғамын, әсемдік ұғымын қалыптастыратын осындай нәзік те әдемі әндеріңіз көбейе берсін! Ән қанаты талмасын!

Біз Бекжігіттің зор табыстарына куә болатынымызға сенеміз. Лайым, солай болсын! Тілек пен сенім орындала берсін!

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ СЕРІ ДЕГЕН...

*Қыдырәлі ЖЫЛЫСБАЕВ, Қазақстан халық ағарту
ісінің үздігі.*

13 ақпан, 2002 жыл.

Бекжігіт, құтты болсын жүздескен күн,
Өзіңмен, өнеріңмен үндескен күн.
Санамда сайрап тұрар бұлбұлдайын,
Өзіңдей інімменен кездескен күн.

Сегіз қырлы, бір сырлы сері деген,
Жөн сізге қиындыққа берілмеген.
Шіркін-ай, көп болса екен Бекжігіттей,
Шырылдап отқа түсер, “елім” дер ер.

Кешіңе ұлы тойдай жиналып ем,
Өзіңді қадірлейтін жиналды ел.
“Сәби емес, зат артқан арбалар” деп,
Сондай сөзді жазарда қиналып ең.

Тағы жаздың, Бекжігіт, “қазағым, – деп, –
Соншама көп пе еді азабың” деп.
“Өзің қазақ болғанда, құжат – өзбек,
Бұдан артық бар ма еді мазағың” деп.

Алыстан алаш десе аттанамын,
Қазақты – қазақ десе мақтанамын.
Дегенін Міржақыптың ұран етіп,
“Жас Алашта” мен де сөз бастағанмын.

Сазгерсің, жастар сүйер әндерің көп,
Білемін, сенің әлі берерің көп.
Өзің сүйген халқыңа қызмет қыл,
Жастардың нағыз берік тірегі бол!

БЕКЖІГІТКЕ

*Қасымбек ДӘРІБАЙҰЛЫ, ақын, суретші.
12 ақпан, 2002 жыл.*

Самғамай қыран төзер ме,
Көз тікпей көктен төменге.
Томаға, тұғыр не керек,
Сығымсыз шеңгел, шөгелге.

Тағылым алар көрермен,
Жиғаны жиғаз өнерден.
Әлдилер әнмен әлемді,
Көңілі ояу өрендер.

Сарынды, сазды күй ырғақ,
Талапты жанға бұйырмақ.
Сезімнің қылы шертіліп,
Құлаққа әуен құйылмақ.

Байқалар тарлан тайқардан,
Қайсар бар есе қайтарар.
Ал, сегіз қырлы, бір сырлы,
Майталман әсем айтар ән.

Арттырған даңқын қазақтың,
Баршылық ару, ғажап ұл.
Дарабоз дарын болмаса,
Кемелдік кенін қазбақ кім?

Тартпаса кері кежеге,
Шабытын жампоз тежер ме.
Табиғи талант иесі,
Тынар ма, жетпей межеге.

Абадан асқақ асқар тау,
Бабалар салты мастанбау.
Жасқанбау – ерлік, сын сағат,
Тұлпарға өрши қасқармау!

АТЫРАУДАН ХАТ

Беке!

Салаумалейкум! Кездеспегелі қанша жал, қанша заман. Сендерді сағынумен күндер зулап өтуде. Үй-іші, жеңгей, балдар аман болар. Біз де аманбыз. Индерде жүріп жатырмын. Қарттар бар, балалар төртеуге жетті...

Аудандық мәдениет бөліміндемін. Творчество жәйімен жалғасуда. Реклама жағы кемшіндеу, алыстамыз ғой. Бердібаймен, Нұрыммен хабарласып тұрамын. Нұрым жақында қонақ болып келіп кетті. Сенің баяғы әнін бұл жақта кең жайылған. Кел, гастроліңді ұйымдастырамыз.

Мынау Сансызбай Базарбаев деген коллега – ағамыз. Журналист, ақын, азамат кісі. Саған хабарлас деп отырмын. Амандығыңды айтып жібер.

Үй-ішіңе сәлем айт!

Сәлеммен досың Табыл ДОСЫМОВ.

Индер кенті, 30 мамыр, 2001 жыл.

АЛТЫННЫҢ ҚАДІРІН ҚОЛДА БАРДА БІЛЕЙІК

Қуаныш Иемберді, курстасы

Тараз қадасы

Курстасым, досым, мәдениет қайраткері, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан білім беру ісінің құрметті қызметкері, Түркістан қаласының Құрметті азаматы, музыка саласы бойынша Васильей Митта атындағы халықаралық сыйлықтың иегері, журналист, ғалым, композитор Бекжігіт СЕРДӘЛІ жақында алпысқа толды. Фейсбукте Бекеңнің адами, азаматтық тұлғасы, жақсы қырлары туралы сандаған посттар жазылды. Иә, Бекжігіт сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Сол сан қырының ішінде мен жақсы білетін бір қыры бар. Ол – жағымпаздыққа жаны қастығы. Менмендік, даңғойлық, олардың ажырамас серігі жағымпаздық жайлаған мына қоғамда Бекең адами тұрғыда үлкен плюс болып есептелетін осы қырынан өмірде көп қағажау көрді.

...Бір жылдары жазда Бекең Шымкентке қонаққа шақырды. Достарымен әбден күтті. Шырайлы Шымқаланы аралатты. Түс қайта екеуміз ғана қалғанда «Шәмші әлемі» кешеніне барайық», дедім мен. Ондағы жұлдыздар аллеясында Голливудтағыдай осы оңтүстік өңірінен түлеп ұшқан өнер майталмандарының есімдері жұлдыз ішіне қашап жазылып қойылғанын естіген едім. Бір жағы Шәмші ескерткішіне тәу етіп, бір жағы аллеядағы курстасымның жұлдызын сипап, марқайып қайту еді ойым. Осы ойымды сезді ма, Бекең «барайық» деп жұмбақ жымиды. Келдік. Шымқаланың әдемі бір мүйісі екен. Вальс королінің еңселі ескерткішін гүлдер мен ағаштар көмкеріп тұр. Алдындағы жұлдыздар аллеясын жағалап келеміз. Лаки Кесогу. Нұржамал Үсенбаева. Нұрлан Өнербаев... Бекеңнің аты-жөні көрінбейді. Атхамбек Юлдашев. Заттыбек Көпбосынұлы. Сәкен Майғазиев. Қайрат Нұртас... Бекең жоқ. Ары қарай шығармалары тұрмақ аты-жөндерін естімеген біреулер кетті. Бекең жоқ. Не керек, елушақты жұлдыздың арасында Бекжігіт Сердәлінің аты-жөні жоқ болып шықты. Айран-асырмын. Оу, бір ғана «Жас жұбайлар» әнімен қалың қазақтың жүрегін жаулап алған сазгердің есімі неге енбей қалған?! Жанарымдағы жаутаңдаған осы сұрақты айтпай ұққан Бекжігіт дос «Мені қойшы, Шымкент қаласының құрметті азаматы, танымал әндердің авторы Исраил Сапарбай да, "Жұбайлар жыры", "Туған күн кешінде", "Гүл дәурен", "Мен саған ғашық едім" атты әндері жұртшылыққа кеңінен таныс Мұхтар Шаханов та жоқ мұнда», деп күлді. Бұл ащы күлкі еді. Өнер көгіндегі қос қыранның кедергісі түсінікті – билікке оппозицияда. Ал ондай тірлігі байқалмаған Бекеңнің есімінің енбей қалуына, меніңше, жалғыз себеп – жағымпазданбауы. Жоғарыдағыларға жалпақтаса, жағымпазданса оның да есімі жұлдыздың ішінде жазылып тұрар еді.

Тағы бір эттегенайы, министрлікке, әкімдікке, қалталыларға жалпақтауды жақсы білетін жағымпаз, жылпос сазгерсымақ, әншісымақтардың алды екі-үштен жеке концерттерін өткізіп үлгерді. Ал әнін бүкіл қазақ шырқайтын, алпыстың асқарына шығып отырған Бекжігіт Сердәлі әлі бір жеке концертін өткізе алмай жүр.

Алпыс жас мерейтойы да елеусіз өтті. Әрине, пандемия, карантин. Көпшілік іс-шараларды өткізуге болмайды. Деген-

мен, шығармашылық адамына, шын талант иесіне құрмет көрсету белгілі бір датаға байланып қалған жоқ қой. Ниет болса жеке концертін жағдай тұрақталғаннан кейін, тіпті келесі жылы да ұйымдастыруға болады. Бекжігіт Сердәлінің талантына табынатын, әндерін сүйіп тыңдайтын қауым Түркістан төрінде де, ару Алматыда да, тіпті еңселі Елордада да аз емес. Яғни қай қалада өткізсе де жарасады. Түркістан облысының басшылары, ішкі саясат басқармасының өкілдері осы мәселені ескереді деп сенгіміз келеді. Бұл орайда сазгер Сердәлінің Түркістан қаласының бейресми гимніне айналған «Түркістаным-Тұраным» әнінің авторы екенін де ескерген жөн. Кезінде қала гимні ретінде жазылған, салтанатты іс-шараларда жұрт қосыла шырқағанда жүрегіңді дүрсілдете соқтырып, қаныңды қыздыратын асқақ ән бүгінгі облыс орталығының да тамаша гимні болатыны анық.

Алда-жалда билік келесі жылы да өнерге, талантқа құрметтен, қолдаудан қақса...

Жасыма, Досым! Сенің бойыңда жағымпаздыққа деген жеккөрініш қана емес, табандылық пен қайсарлық та бар екенін, кезінде Кентау қалалық газетіне жолдама бермей қасарысқан облополиграфиздат басшысының қабылдау бөлмесінде үш күн түнеп, дегеніңе жеткен сені өмірдің мұндай соққылары мұқалта алмайтынын жақсы білеміз. Ұлы сазгер Шәмшіні де көре алмаушылар, еңсесін басып, жүгерін құм қылуға тырысқандар аз болмаған. Бүгінде оларды кім біледі? Ал Шәмшінің әндері қазақпен бірге жасасып келеді. Сенің де әндерің ұрпақтан ұрпаққа жалғаса бермек. Ең бастысы осы!

Екі мыңыншы жылдары Түркістан қаласының сол кездегі әкімі Мұхит Әлиев іссапармен Қытайға барады. Ол жақтағы қандастар қошеметпен қарсы алып, әбден күтеді. Дастархан басындағы сондай арқа-жарқа отырыстардың бірінде қытай қазақтары «Бізде қазір атамекеннен жеткен «Жас жұбайлар» деген ән керемет танымал болды. «Сендерге әрдайым орын бар, ақ отау төріне қоныңдар» деген әсем әуенсіз бірде бір үйлену тойы өтпейді. Осы әннің ауырын тауып берсеңіз, Шыңжаң, Алтай, Іле өлкесіне шақырып, кездесу өткізіп, қошемет көрсетер едік» деген өтініштерін

жеткізеді. «Мақұл, іздестіріп көрейін» деп Мұқаң кетеді.

Елге келгеннен кейін Қытай сапары туралы әңгімелеп отырып, орынбасарына осы оқиғаны айтады. «Мақұл, іздестіріп көрейін» дедім. Бірақ, қазір екінің бірі ән шығаратын болды. Оны қайдан табамын?» дейді. «Ойбу, Мұқа, білмейді екенсіз ғой. Ол әннің авторы өзіміздің Бекжігіт Сердәлі ғой!» дейді жұлып алғандай орынбасары. «Апырай, ә, «қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген осы екен-ау. Оны бүкіл Қытай қазағы басына көтеріп отыр ғой. Тездетіп шақыр, жолығайын», дейді қалабасы таңданысын жасыра алмай.

Әкімі айтқан соң, жан қала ма, орынбасары сол тұста Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік университетінде қызмет істейтін Бекеңді іздеп жүріп тауып, әкімнің қабылдауына алып келеді. Ашық-жарқын әңгіме болады. Қалабасы Қытайда болған әңгімені айтады. Бекжігіт «Жас жұбайлар» әнінің тарихын әңгімелеп береді.

Сонымен Бекеңнің Қытайға сапарын әкім өз қалтасынан көтеріп, шекараның арғы жағына жібермекке уағдаласады. Бекең есікке қарай беттей бергенде әкім: «Ертең Қытайда сені қалай хабарлайды? Атағың бар ма еді?» деп сұрап қалады. «Жоқ, атағым жоқ еді» дейді Бекең басын сипап күмілжіп. Сөйтіп отырғанда көмекшісі «Мұқа, Түркістан қаласының әнұранына айналған, бүгінде бірде бір ресми жиын ол орындалмай аяқталмайтын «Түркістаным - Тұраным» әнін де Бекжігіт шығарған», дейді. Мұны естіген Мұхит Әлиев атып тұрып, Бекжігітті құшақтай алады. «Қаламызға осындай асқақ әнұран тарту еткен азамат неліктен әлі күнге дейін Түркістан қаласының Құрметті азаматы емес?! Дереву ұсыныс дайында!» деп шұғыл шешім дайындатып, сол жерде сазгер Бекжігіт Сердәліге «Түркістан қаласының Құрметті азаматы» атағын беру туралы ұсынысқа қол қояды...

Бір өкініштісі, халқымызға осындай өлмес әндер сыйлаған, әндерін ел сүйіп тыңдайтын Бекжігіт Сердәлінің әлі күнге шығармашылық кеші өткізілмепті. Оны айтасыз, Шымкент қаласының «Шәмші әлемі» гүлзарындағы жұлдыздар аллеясынан бүгінде облыс орталығына айналған киелі Түркістан қаласының асқақ әнұранын шығарған, Түркістан өңірінің ғана емес, жалпы Қазақ елінің рухани қазынасын

байытып келе жатқан Қазақстанның мәдениет қайраткері, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан білім беру ісінің құрметті қызметкері, Түркістан қаласының Құрметті азаматы, журналист, ғалым, композитор Бекжігіт Сердәлінің есімін көре алмайсыз! Есімі ештеме айтпайтын «таланттардың» жұлдыздары тұр жарқырап.

Бір кем дүние...

Туған күніңмен, Досым! Қапа болма! Талантыңды билік елемесе де, бұқара бағалап отыр! Әндерің ел аузында, тыңдарман жүрегінде!

ТУҒАН КҮНДЕРДЕН ТІЛЕК...

Бүгін, бүгін, бүгін менің ағайымның төл мерекесі!

Қызық бірде аға, бірде ағай, енді бірде ұстаз, кейде әкей дейтінім бар бұл кісіні. Демек ситуацияға қарай әр кезеңдегі әңгіменің ауанына сай солай автоматты түрде сөйлейтін болуым керек. Бұл не деген сөз? Яғни Бекеңе барлық жағдайда арқа сүйеуге болады деген сенімнен шыққан дүние.

Бекең нағыз идея генераторы. Шарадай басың шақшадай болғанда бір ауыз сөзбен мәселені оп-оңай түйіндей салатын әбжілдігі тағы бар. Соңғы бес жылда бұл кісіден көп нәрсе үйрендім, мойындауым керек. Ол да ерлік. Әуен әлдилеген адамның жаны әрдайым таза болатынына көзім жетті. Осындай тау тұлғалы азаматпен киелі топырақта еңбек еткеніме әманда ризамын. Бір басында бірнеше өнері болса да қарапайым. Қарапайымдылық деген Яссауише айтқанда еліме қызмет етіп жолына топырақ болуға жарасам деген ниет қой, Бекеңдікі! Міне, ер-азаматтың өмірінің мәні елге қанша қызмет етсе де міндетсінбей топырақ сипат танытуында ғой...

Ағатайым, жүз жасаңыз!

Гүлжаз Қарыбек

* * *

Университет студенті атанған балаң кезіміз. Бірінші курстың алғашқы айларының бір күнінде дәріс оқитын ұстаздарымыздың бірі – Бекжігіт Сердәлі ағай:

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

– Бейсенбі күні түсқайта бос уақытың бар ма? Кездесуге бірге барып қайтсақ, - деді.

Ұстазға еріп, айтылған күні Түркістан қаласындағы дарынды балалар білім алатын мектепке бардық.

Бекжігіт ағамыз:

– Сіздермен кездесуге Мырзахан ағаларыңызды арнайы алып келдім. Өзі – шәкіртім, - деді.

Сол күні тағылымы тамаша жүздесу өтіп еді. Бекжігіт ағамыз білімге құштар шәкірттерге рухани азық боларлық көп сыр шертті. Шәкірттер ұстазға жан-жақтан сұрақ жаудырды.

Кездесу соңында оқушылар Бекжігіт ағамызды қаумалап, қолтаңба ала бастады. Шәкірттер маған да дәптер ұсынып, қолтаңба сұрады. Сол жолы қобалжып отырып, өмірімде бірінші рет қолтаңба бергенім есімде.

Алғашқы әсер, тұңғыш жүздескен жағдайлар жанымызда жатталып қалатыны белгілі. Бекжігіт ағаның студенттік алғашқы күндерден қамқорлық жасап, қатар жүруге баулығаны – бүгінде жанымызды жылытар естелікке айналған.

Мырзахан Байболов

Қарапайым қалпынан аумай шығармашылығының мықтылығын мойындатқан марғасқа, үлкен жүректі азамат, шәкірттерінің құрметіне бөленген Ұстаз!

Ғалымжан Елшібай

Әрі сазгер, әрі ақын,
Пұлдамаған еш атын.
Әрі ұстаз, журналист
Бойына бәрі сыятын!
Құтты болсын жаңа жас,
Бекжігіт ағам қаламдас!

Төрбек Төрегелді

Туған күнің құтты болсын, Бек-Жігіт,
Құттықтауда қәдіріңді ел біліп.
Алпысыңнан асып сен де қалдың-ау,
Аруларға ән жазамын деп жүріп.

Жетпісің де тарта берсін желкенін,
Серілерді сүріндірмей ерке күн.
Сексен, тоқсан, жүзіңді де көр жүдә,
Бұзықтығын тыймай анау "тентегің"...

Құрмаш Жылқыбай

Универге шығармашылық емтихан тапсыруға келгенде бірінші жол бастап, қолымдағы грамота мен мақалалар жазылған қызыл папкамды көріп, “осы сен, журналист боласың, оқуға түсіп-ақ тұрсың ғой” - деп бастап еді әңгімесін.

Сол шақтардан танитыныма биыл төртінші жыл.

Оқуға түскенде мынандай-мынадай әндерім бар дегенде, бәріміз “халық аузында жүрген әндердің авторы екен ғой” деп таңдай қаққанымыз бар. Биыл ХҚТУ-дың бітіріуші түлегі атанамыз. Ал, ұстаздармен ұдайы мақтанамыз!

Өз ғұмырын ғылымға, өнерге, ізденіске арнаған шығармашыл ұстазыма тек зор денсаулық тілеймін! Мерейіңіз үстем болып, шәкірттеріңізбен мақтанып жүре беріңіз! Сіздің сарп еткен сан жылдық еңбегіңіз, ақылшы, тәрбиеші болғаныңыз үшін шәкіртте, елде мақтанады

Сандугаш Бектұрова

Баурум! Пусть с опозданием немного, от всей души поздравляю с Днем рождения, желаю здоровья, успехов, счастья!

Давно не виделись, не говорили, хочется знать, что нового. Пиши.

Илле Иванов (Чувашия)

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Бекжігіт аға! Сіз өзіңіздің жан дүниеніңде және табиғатыңызда әрқашан жеңімпазсыз және сіздің табандылығыңыз бен қысымыңыз әрқашан өмірдегі жарқыраған шыңдарға жетуге көмектесті. Аға, Сізді әрқашан мақтан тұтатынымды айтқым келеді. Бұл күні мен Сізге денсаулық пен үлкен табыс тілеймін!

Эльмира Әлжанова

Сіз сегіз қырлы бір сырлы, кейінгі буынға үлгі боларлық нағыз тұлғасыз! Әдемі әніңізбен елді рухани су-сындатып, көлемді жазбаларыңызбен көпке ой салып, ұстаздық қырыңызбен талантты жастарды тәрбиелей беріңіз! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, шығармашылық табыс тілеймін

Тұрсынай Шаметова

Бүгін фейсбуктың лентасы ерекше толқып тұр. Қаламыздың құрметті азаматы, танымал сазгер, қаламы қарымды журналист, ғалым ұстаз Бекжігіт ағайымызды төл мерекесімен құттықтап, желі қолданушылары жарыса жазып жатыр. Осы ретте мен де ардақты ағамды туған күнімен құттықтап, Бекжігіт ағайыма арнап жазған арнау өлеңімді арнайын дедім.

Бекжігіт ағай, талай шәкірттің арманына қанат бітіріп, қияға ұшырған ұстазсыз. Шәкірттеріңізбен бақыттысыз.

Лайым деніңіз сау, бауырыңыз бүтін боп, жүзден аса беріңізші. Тілекшімін әрқашан!

БЕКЖІГІТ АҒАМА...

Көрмеген көп - киелі Түркістандай жерді әлі,
Жігіттері кіл жүйрік, ел сыйлайлаған ер бәрі.
Республикаға танымал таутұлғалар ішінде
Бекжігіттей ағам бар, тегі таныс Сердәлі.

Университетте ұстаз боп талай жанға дем берген,
Журналистік саланың бар қыр-сырын меңгерген.

Ұрпақ үшін аянбай еңбек еткен, ерлерім,
Мақтанамын сендермен, мақтанамын сендермен!

Сегіз қырлы, бір сырлы Сіздей болсын ер деген,
Азаматсыз айбарлы алысқа қол сермеген.
Сіз ұстазсыз,
Журналист,
Ақын да - Сіз,
Сазгер - Сіз,
Әндеріңіз әдилеп, жүректерді тербеген.

Болмасам да болуға ұқсап мен де бағармын,
Жолын қуып келемін Бекжігіттей ағамның.
Жүрегіме жол тартқан жаны жайсаң Жақсыға,
Тірі болсам талай рет жырдан алқа тағармын.

Санжар Ғұлама

Бекжігіт Сердәлі: "Журналистика ойыншық емес, ойланбай айтылған екі сөз тағдырыңды шешеді"

Бүгін журналистика саласына жетектей келген ұстазым Бекжігіт Сердәлі туған күн! Мінезі байсалды, идеясы мықты, сауаты жоғары, кісілігі жоқ ағайға екі дүние бақытын тіледім!

Біздің ағай, расында тамаша! Бізбен балаша сөйлесіп, араласатын. Вечерлерден де қалмайтын еді)))) Практикаға кеткен біздерді "ұятқа қалдырмай" келіңдер деп шығарып салатын. ӘР студентімен ортақ әңгімесі бар еді.

Бітіретін жылы сол практиканың уақытынан шата-сып, группадағы 9 студент очислениеге кеткен еді)))) Деканатта ілініп тұрған бұйрығы бар қағазды жұлып алып, біраз хай-вай шығарып, группаластар үшін терледім)))) Деканға безілдеп бара жатсам, "Ол жәй қорқыту қағазы" дегені естен кетпейді))))

Алматыдан қайтқысы келмейтін біздерді солай шақыратын еді)))) Ағай, өзіңізбен түскен фотодан бұрын, өзіңізге арналған бағдарламаны елдің назарына тағы ұсындым! Сіздей ұстаздан тәлім алған, біздер, бақыттымыз!

Ардақ Жақсылықова

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Бекжігіт ағай, сіздің адамгершілік қасиетіңізге бас иемін!

Өте қарапайым, бірсыдырғы, салмақты да сабырлы кейпін бір қалыпта ұстап келе жатқан ұстаз, композитор, ғалым ағайымызды қалай құрметтесек те жарасады.

Көптеген іс-шаралардың басы-қасында бірге жүріп, талай жерде ақылшым болған әрі әріптесім, әрі ел ағасы деп құрметтейтін ағамсыз ғой.

Жүз жасаңыз!

Шәкірттеріңіз қаумалап абыройыңызды асқақтата берсін, аға!

Қазақ өнеріне қосар үлесіңіз толастамасын!

Құрметім шексіз!

Жасай беріңіз!

Мариям Асанова

* * *

Бекеңді бір жоғалтып алғанымыз бар

Елде ковид індетінің ушығып тұрған кезі болатын. Таныс-біліс адамдардың бірі ауруханада жатса, кейбірі жайында қаралы хабар алып, қамығып жүрген сәтіміз. «Тағы бір қаралы хабар келіп қалама» деп ватсапты ашуға қорқамыз. Бірде кешкісін чатка «Композитор Бекжігіт Сердәлі ағамыз бақилық болыпты» деген хабарлама түсті. Үн жоқ....

Бірден Бекеңе хабарластым, телефоны өшірулі. Үйдегі жеңгейге қоңырау соқтым, тұтқаны көтермейді. Содан университеттегі Бекең екеуіміздің ортақ таныстарымызға шықтым. Ешбірі телефонын алмайды. Ал, сол аралықта біраз адам маған қоңырау соғып жағдайды сұрап жатты. Ештеңе айта алмай абыржып қалдым.

Бір кезде Тельман Бейсен ағамыз хабарласты. Жағдай сұрастық. Бірақ бір бірімізге жағдайды айта алмаймыз. Ол кісіде кібіртіктеп тұр. Содан «жайсыз хабар жетті ме?» - деді. «Ия» деп күмілжідім. Сөйтсем, Телаға да ортақ таныстарынан естіп, жағдайды толық біле алмай отыр екен. «Қазір үйіне барып келемін» - деді.

Осы аралықта бір-екі адам қаралы хабарды әлеуметтік желіге де жариялап жіберді. Көңіл айтып, пікір жазып жатқан жан көп. Арада жарты сағатқа жуық уақыт өткенде Тельман ағамыз қайтып қоңырау соғып, Бекеңнің амандығын жеткізді.

«Ой үйінде жамбастап жатып, шәй ішіп жатыр» екен дегенде барып, көңіл шіркін орнына түсті ғой. Өзімен хабарластық, жағдайды айттық. «Ғұмыр жасыңыз ұзақ болсын» деп тілегімізді жеткіздік. Ал, Бекең аң – таң. Сөйтсек, телефонының қуаты таусылып қалған екен. Ал, сол сәтте жеңгейдің телефоныда қалтарыста қалып қойған.

Кейіннен жағдайды білсек, сол күні Кентауда Бекжігіт есімді мықты дәрігер қайтыс болыпты. Сонымен «Бекжігіт» деген есімді іліп әкеткен бір жігіт, Біздің Бекеңді о дүниеге аттандырып жіберген ғой.

Осылай Бекеңді бір жоғалтып алғанымыз бар.

Беке, бүгінгі туған күніңіз құтты болсын! Жүз жасаңыз!

Қайрат Зайнышев

Көпшілік Бекжігіт ағайдың журналистік-публицистік шеберлігін жоғары бағаласа, басқа жұрт сазгерлік қасиетіне таңдана қарайды. Мұнан бөлек, Бекжігіт ағайды нағыз қағытпа қалжыңның иесі, "темірді қызған кезінде соғатын" ұрымтал сөздің ұстасы дер едім. Оны ағайдың жанында жүрген жандар жақсы біледі.

Бірде Елордаға кезекті бір жиынға барып, "Керуен" орталығын аралап жүріп, әмияндар дүкеніне бас сұқтық. Ағай бір әмиянды қолына ұстағаны сол еді, сондағы сатушы қыз "ағай, бұл біздегі бағасы ең қолжетімді әмиян, 56 000₸" демесі бар ма?! Сонда Бекжігіт ағай жүзіме қарап тұрып "мынаны сатып алып, ішіндегі қалған 500 теңгемізбен Түркістанға барсақ, бүкіл облыс күлетін шығар" дегені әлі есімде

Туған күніңіз құтты болсын, ағай! Ұядан ұшырған шәкірттеріңіздің қанаты талмасын! Айтарыңыз бен жазарыңыз таусылмасын!

Бақдаулет Анарбай

Аға, парасатты бауырым, қиын шақта демеуін аямаған Асыл Ағатай, жаңа жасыңыз жақсылық жаңбыры (нұры) болып төгілсін! Қасиетті Алла Өзіңізден бар жақсысын аямасын! Жаңа жасыңыз құтты қадамымен аттасын, бақ-берекесімен қуантсын! Жақсы келді дегенше, жарық келді

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

десеңші, Жарқырап, берекесін, мерекесін алып келді десеңші,
Аға, алтын жеңешеммен жаздай жарқырап, күндей күлімдеп
100 жасаңыз, ұрпағыңызбен 1000 жасаңыз!!!

Жазира Исаева

Бүгін керемет жанның туған күні. Ауыл-аймақта
жүріп-ақ, саз өнеріне өзіндік өрнекпен үлес қосқан компо-
зитор Бекжігіт ағамыз нағыз сегіз қырлы азамат. Журналист,
публицист, профессор, журналистика мамандығы бойын-
ша бірнеше оқулықтың авторы. Медиа саласында жүрген
жүздеген мамандарды даярлаған ұстаз. Біздің Бекеннің
іскерлігі мен қабілет-дарыны туралы айта берсек сөз жетпес.

Әтіргүл Тәшімова

Туған күніңізбен Бекжігіт Сердәлі аға!!!
Ағамыздың бірі едіңіз алтындай,
Ақиқатты айтып жүрген тартынбай.
Кеудеңдегі ән бұлағың сарқымай,
Асулардан аса бергін алқынбай!

Гүлжамал Жораева

Бұ қазақ “жақсыға жанаса жүр” деген... Бекжігіт Серда-
лы ағаның өзі-Бек, өзі-Жігіт! Сіз аман болыңыз! Түркістанда
”Бекжігіттің шәкіртіміз” дейтін жақсы бір буын журналист
өсіп келе жатыр. Соған қуанам!

Ерсұлтан Әмірбек

Тұлғасы бөлек, таланты дара ұлағатты ұстаз, ғаламат
сазгер, сауатты журналист Бекжігіт ағаны асқаралы 60 жа-
сымен құттықтаймын! Осындай тұлғалардың аманынында
Түркістан руханияты бір сәтке де бәсеңдемейді. Бағымызға
аман болыңыз, жақсы аға!

Мұқағали Кенжетайұлы

Шарлап кеткен шын таланттың елді әні.
 Желтоқсаншы, қаламы құт тең бәрі.
 Өнер сүйген, өлең сүйген өрелі,
 Жан жүрегі ән Бекжігіт Сердәлі

Сайлаухан Жоланов

Журналистика табалдырығын аттаған әрбір студент Бекжігіт ағайдың өзіндік мектебінен өтеді. Ағайдың қарапайымдылығы, кішіпейілдігі, үлкеннің де жастың да көңілін таба білетін қасиеті қатты ұнайды. Ағай шынында да, өте қарапайым жан. Оны талай жерде өзім байқадым.

Шығармашыл жастардың бағын ашуға құштар жан. Ұстазымның сондай бір үміт күтер шәкірттерінің бірі болғанымға мақтанамын. Алдына көмек сұрап келген жастың меселін ешқашан қайтармай, бар ықыласымен жол көрсетуге дайын тұрады. Өзім куәмін ғой. Студенттерді бөліп-жарып қараған емес. Бәрімізбен тең дәрежеде сөйлесіп, пікір алмаса алады. Нағыз білікті ұстаз.

Аяулы ұстаз. Жүз жасаңызшы. Бақытымызға орай ұзақ өмір сүріңіз. Шәкірттеріңіз сізді құрмет атаулысының ең биігіне шығарсын. Жасаған жақсылығыңыз өзіңізге еселеп қайтсын.

Жаңа жасыңыз құтты болсын Ұстаз!

Ғалия Бисейіт

Бүгін, бүгін, бүгін менің ағайымның төл мерекесі!

Қызық бірде аға, бірде ағай, енді бірде ұстаз, кейде әкей дейтінім бар бұл кісіні. Демек ситуацияға қарай әр кезеңдегі әңгіменің ауанына сай солай автоматты түрде сөйлейтін болуым керек. Бұл не деген сөз? Яғни Бекеңе барлық жағдайда арқа сүйеуге болады деген сенімнен шыққан дүние.

Бекең нағыз идея генераторы. Шарадай басың шақшадай болғанда бір ауыз сөзбен мәселені оп-оңай түйіндей салатын әбжілдігі тағы бар. Соңғы бес жылда бұл кісіден көп нәрсе үйрендім, мойындауым керек. Ол да ерлік. Әуен әлдилеген адамның жаны әрдайым таза болатынына көзім жетті. Осындай тау тұлғалы азаматпен киелі топырақта еңбек еткеніме әманда ризамын. Бір басында бірнеше өнері

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

болса да қарапайым. Қарапайымдылық деген Яссауише айтқанда еліме қызмет етіп жолына топырақ болуға жарасам деген ниет қой, Бекеңдікі! Міне, ер-азаматтың өмірінің мәні елге қанша қызмет етсе де міндетсінбей топырақ сипат танытуында ғой...

Ағатайым, жүз жасаңыз!

Гүлжаз Қарыбек

Университет студенті атанған балаң кезіміз. Бірінші курстың алғашқы айларының бір күнінде дәріс оқитын ұстаздарымыздың бірі – Бекжігіт Сердәлі ағай:

– Бейсенбі күні түсқайта бос уақытың бар ма? Кездесуге бірге барып қайтсақ, - деді.

Ұстазға еріп, айтылған күні Түркістан қаласындағы дарынды балалар білім алатын мектепке бардық.

Бекжігіт ағамыз:

– Сіздермен кездесуге Мырзахан ағаларыңызды арнайы алып келдім. Өзі – шәкіртім, - деді.

Сол күні тағылымы тамаша жүздесу өтіп еді. Бекжігіт ағамыз білімге құштар шәкірттерге рухани азық боларлық көп сыр шертті. Шәкірттер ұстазға жан-жақтан сұрақ жаудырды.

Кездесу соңында оқушылар Бекжігіт ағамызды қаумалап, қолтаңба ала бастады. Шәкірттер маған да дәптер ұсынып, қолтаңба сұрады. Сол жолы қобалжып отырып, өмірімде бірінші рет қолтаңба бергенім есімде.

Алғашқы әсер, тұңғыш жүздескен жағдайлар жадымызда жатталып қалатыны белгілі. Бекжігіт ағаның студенттік алғашқы күндерден қамқорлық жасап, қатар жүруге баулығаны – бүгінде жанымызды жылытар естелікке айналған.

Ұлағатты ұстаз бүгін асқаралы алпысына бір белесті қосып отыр. Қарымды қалам иесі, сырлы сазгер ұстазымызға ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тілейміз!

Мырзахан Байболов

Туған күніңізбен Беке! Қарапайым қалпынан аумай шығармашылығының мықтылығын мойындатқан марғасқа,

үлкен жүректі азамат, шәкірттерінің құрметіне бөленген
Ұстаз!

Ғалымжан Елшібай

Өнердегі орныңыз бір төбе, қаншама шәкірт тәрбиелеп
абыройдың биігінде жүрген ерен еңбекті ұстазсыз. Еңбегіңіз
бен шығармашылығыңыз шарықтай берсін!

Тельман Бейсенов

Бердібай мен Бекжігіт – өрендерім,
Кей-кейде сендерді ойлап елеңдедім.
Сандықтан суреттерді тауып алып,
Алыстан екеуіңе сәлем дедім.
Қарасам, мен де қызық аз құмадым,
Күз жеткенде аңдайсың жаздың мәнін...
Жастықтың жыр дәурені елегзітіп,
Бір шолып қайтқым келер КазГУ маңын...

Құлтөлеу Мұқаш

АУЫЛ ЖАТЫР ТОЙ ЖАСАП!

Ақмарал Ғаниқызы, шәкірті

Бірнеше эстрада жұлдыздарына тамаша әндерін тарту
еткен жерлесіміз, сазгер, ҚР Мәдениет қайраткері Бекжігіт
Сердәлі 55 жасқа толды. Журналистика мен сазгерлікті
ұштастырған Бекжігіт Кенжебекұлы мерейтойын өзі түлеп
ұшқан М. Балақаев атындағы орта мектепте өткізді. Үлгілі
елді мекенінің қазыналы қарттары мен абыз ардагерлері, игі
жақсылары мен жайсаңдары жиылған шара мектеп акт за-
лында байрағын түрді.

Бекжігіттің кешіне жиылған қауымының қарасы қалың.
Тіпті залда ине шаншар орын жоқ. «Ауыл жатыр той жасап»
деп тақырыпта айдарланғандай расында бұл ауылда 20 сәуір
күні ақ түйенің қарны жарылды. Мектеп ауласынан басталған
салтанатты шарада Бекжігіт әндері әуелеп тұрғандай.

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Сазгерлікке баулыған ұстазы, арманға жетелеген әкесі, әрқашан демеп жүрген әріптесі, шыңдарға шақырған шәкірті, қолдау көрсеткен жолдастары мен көмегін аямаған көрші-қолаңы жиылды. Бәрі де әсем әнмен құлақтың құрышын қандыруға асыққандай. Ресей мемлекетінен арнайы ат басын бұрып келген, Мәскеудегі «Мұрагер» қауымдастығындағы қазақ ән өнерін насихаттаушы Абылайхан Оспанов микрофонның тізгінін өзі қолына алды. Шығармашылық кештің шымылдығын Бекжігіт Сердәлі өзінің жүрекжарды туындысымен ашып, көпшілікке деген риясыз рахметін жаудырды. Өнерде жүріп, биікке қанат қаққан шәкірттері автордың әніне жазылған әсем әндерді шырқап, кең залды әуелетіп тастады. Ұлттық аспаптардың айрықша үні естіліп, Үлгіліктердің үніне үн қосты.

Кеш барысында құрметті меймандар мерейтой иесіне арнап тілек ниеттерін жолдап, құттықтау хаттарын оқыды. Иығына жібек шапан жауып, абыройын асқақтатып, мәртебесін еселей көтерді. Ауыл туралы әдемі естеліктерден сыр шертіп, музыка құдіретінің мәнді тұстары айшықталды. Мектеп әкімшілігіне ерекше алғыс көрсетіліп, оқушылардың өнерлері де шет қалмады.

Жалпы, Бекжігіт Сердәлі Түркістан жұртшылығына аянбай еңбек етіп, есепсіз қызмет көрсеткен жан. Әсіресе, Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Журналистика» кафедрасының аяқтан тұрып, көшке ілесуіне сүбелі үлес қосты. Жас мамандарды, мықты кадрларды даярлау жолында үздіксіз белсенділік танытқаны да зор мақтаныш. Оның Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері сынды атақтарының өзі бір төбе. Өнер мен білімді ұштастыра отырып, өскелең ұрпақ санасына музыканың музасын қалыптастырғаны халық жадында. Көптеген сахна саңлақтары ұстазға қарап бой түзеп, болашаққа бағыт алды. Шығармашылық жолдағы «Ұлт журналистикасының ұлықпаны», «Күй құдіреті», «Шаттыққа толы шаңырақ», «Жеті жұлдыз» сияқты құнды дүниелері келер жасқа азық, мол мұра. Композитордың 60 жылдық мерейтойы қала көлемінде кеңінен аталып өтілсе деген ұсыныстар да астасып жатты.

«МАҒАН ӨЗІМЕ ЕРКІНДІК СЫЙЛДАҒАН САЗГЕРЛІГІМ ҚЫМБАТТАУ КӨРІНЕДІ»

Әңгімелескен Қуандық Оразбекұлы.
«Айқын» газеті.

– Сіз журналиссіз, ғалымсыз, сазгерсіз. Жаныңызға қайсысы жақын? Қайсысы оң жамбасыңызға келіңкірейді? Қайсы кісібііздің нәсібі өңізді, бала-шағаңызды асырап отыр?

– Адам тек қана бір бағытта жүрсе, ғұмыр бойы бір кәсіптің ғана соңынан кетсе, жатса да, тұрса да ойлайтыны сол кәсіптің жайы болса, меніңше, оның қоғамға да, өз айналасындағы адамдарға да оншалықты пайдасы тимес еді. Себебі ол тек отбасын асырау үшін табыс қуалаған машинаға айналады. Немесе тек басшысы мен қосшысының айтқанын екі етпейтін елгезек орындаушы күйінде қалады. Шығармашылық адамына мұндай сүреңсіз өмір, күйбең тірлік жат. Ол әр таң сайын бір өзгерісті, бір жаңа нәрсені күтеді. Кейде қиял қуып, шабыт іздеп, екі-үш күн жоғалып кетуі де мүмкін. Шығармашылықтың не екенін жақсы білетін адамдар оларға түсіністікпен қарайды. Ал түсінгісі келмейтіндер үшін өнер адамынан асқан жексұрын жоқ. Шығармашылық адамы ретінде жұрт мені де солай қабылдайтын болуы керек, кейде ән жазамын десем, біртүрлі күмандана қарайды. Негізі мамандығым – журналист, бірақ өмірдің сыйлаған барлық сыйына қызығамын. Бала күнімде суретші болсам деп армандадым. Мектепте тәп-тәуір сурет салатынымын. Көбіне салатыным пейзаж. Рүстем ағайым арқамнан қағып, көп мақтайтын. Бір сыныпта Қамбар екеуіміз қатар сурет салып, бәсекеге түсетінбіз. Қамбардың өзі кей тұста мені мойындап қоятын. Ақыры мен жазу-сызумен кеттім де, Қамбар кәсіпқой дизайнер болып шыға келді, қазір Өнер академиясында факультет басқарып отыр. Интерьерлік жұмыстары Астанада жақсы бағаланып жүр. Осы сурет өнерінен аудандық байқауларда жүлде алған кездерім де аз болған емес. Бірақ ол маған кәсіп болмады. Кейін бала қиялымен мүсінші болғым келді. Пластиннен, балшықтан түрлі жануарлардың кескіндерін жасадым. Достарым туған күнге барарда тапсырыс беретін.

Тәуір шығатын болуы керек, өтініштер жиі-жиі түсетін болды. Клубта гитара сабалап, мәдениет қызметкері болғым да келді. Осы арман жетелеп, ауыл клубына қызметке кірдім. Мектеп бітірген соң, барлығын тастап, әдебиетші боламын деп КазГУ-ге келдім. Бірақ, талапкер көп, конкурс жоғары болған соң, екеуі жақын сала ғой деп журналистикаға бет бұрдым. Ол кезде оқуға түсу қиын болатын. Жиен ағайым Әшірбек Сығайдың кеңесімен алдымен дайындық бөліміне түстім. Әрі қарай I-курсқа қабылдану де қиын болған жоқ. Жалпы, менің өмірімде әкемнің туған әпкесінің ұлы Әшағамның орны ерек болды. Оқуға түсерде елдің көкелері сияқты қолымнан жетелеп, тамыр-таныс іздеген жоқ, үйіне жатқызып, күндіз-түні қадағалап, бүкіл тарих пен тілді қадап оқытты. Өз біліміммен түсуім қажет екенін, сонда ғана оқудың мәнін ұғына алатынымды сөзімен емес, көзқарасымен, іс-әрекетімен аңғартты. Ағамның осы бір асыл қасиетін қазір шәкірт тәрбиелеуде ұстаздық пайымым ретінде пайдаланып жүрмін. Әшағамның маған шығармашылық еркіндік беруі, туысын демеп-жебеген кейбір көкелер сияқты ретсіз ұрынбай, тек өз еңбегіммен өсуімді тілеген ішкі түйсігі оның тазалығын, жарамсақтықтан аулақ екенін білдіреді. Содан да болар айналадағы көп адам менің онымен жақындығымның бар екенін білмей де жатады. Өссем де, көтерілсем де мен тек өз талантыммен, өз еңбегіммен жетіліп жүрмін. Әшағам ауық-ауық ауылдағы нағашысы 70-тен асқан әкеме барғанда ғана жеткен биігімді көріп, әндерімді тыңдап, мақтанып, марқайып жатады.

Студенттік жылдар ең бақытты кезеңім еді. Бес жыл бойы нағыз шығармашылық ортада болдым. Бауыржан Омар, Жаңабек Шағатай, Әубәкір Смайыл, Табылды Досым, Қуаныш Иембердиев, Бауыржан Жақыпов, Серік Аббас-шах, Әбілғазы Көпбаев, Дәурен Қайып, Құтөлеу Мұқаш, Мұратбек Дүйсенбеков, Ақпанбет Әліш, Дүрия Данияр, Қымбат Әбділдина, Гүлнар Салықбай, Ерсайын Жапақ, барлығымыз қатар өстік. Газеттерге таласа-тармаса мақала жаздық, ақындардың өлеңдерін жілік-жілігімен талдадық, Әуезов мұражайында Рахманқұл Бердібай дәрістерін тыңдадық, қысқасы нағыз студенттік өмірді өткердік. Осы орта біздің шығармашылық мүмкіндігімізді ашты. Біріміз өзімізше танымал ақын, екіншіміз талантты композитор, үшіншіміз елге белгілі журналист болып шыға келдік. Қазір

бақсақ, бұл жай ғана әуесқойлық, қызығушылық екен ғой. Бірақ осы әуесқойлығымыз бізді сол тұстағы жастардың арасына кеңінен танытты. Жоғарыдағы айтқан достарымның көпшілігін қазір ел біледі. Сондықтан маған алдымен өзіме еркіндік сыйлаған сазгерлігім қымбаттау көрінеді кейде.

– Беке, сазгерлікке қалай келдіңіз? Кімнің ықпалы ығына қарай алып кетті? Алғашқы әніңіздің шығу тарихы тартымды ма?

– Сазгерлік маған кездейсоқ келді десем болады. Жоғарыда айтқанымдай, студенттік жылдардағы думанды орта мені сазгер еткен сияқты. Алғашқы әндерім де сол жылдары туды. Негізі бойымда ән жазатын бір ұшқын жүрген болуы мүмкін. Әйтпесе, мен әдейі отырып ән жазатын адам емеспін. Әуен көңілге келеді, ыңылдап магнитофонға түсіремін, содан ән туады. Сирек жазамын. Бар-жоғы 18 әнім бар десем сенбессіз. Бірақ өз басым тек ел айтып жүрген әндерімді ғана ән деп есептеймін. Қалғаны халық ауызына түскенше ән емес. Сонда 10 шақты әнім бар десем болар. Алғашқы әнім «Жас жұбайлар». Сөзін Өтеген Оралбаев жазды. Бұл ән 1986 жылы шығып еді. Жезқазғандық курстасымыз үйленіп, елінде той жасады. Бүкіл топ жолға шықтық. Студентпіз ғой, сыйлыққа алып бара жатқан ештеңеміз жоқ болатын. Бір мезгіл тойға келе жатқан қыздардың бірі: “Тойға апарар шашуымыз жоқ, тым болмаса барғанша бір ән жаттасақ екен”, – деді. Ойланып қалдық. Кенет жолға шығарда киоскіден алған “Лениншіл жас” газетінің үшінші бетінде басылған қыз бен жігіт суретінің астында жарияланған “Ақ қайыңның төгіліп нұр шашағы” деп басталатын екі шумақ өлең назарымды бірден аударды. Фотоэтюда тамаша еді. Қалың қайың арасы. Оның бер жағында өзара сырласқан қыз бен жігіт... Тап біздің жас жұбайлар сияқты еді екеуі. Өлең шумақтарын қайта-қайта оқи отырып, ыңылдап отырып, ол ойда жатталып та қалды. Кенет көкейде әдемі бір әуен өрілгендей болды. Соны таңертең жігіттерге ыңылдай айтып беріп едім, олар қуанып қалды. Тойға келе жатқан жастар біраздан кейін бірлесе орындадық. Ал, кешкісін тойда әнді қосыла шырқағанымызда жас жұбайлардың қандай қуанғанын айтпаңыз. Күні кешегідей көз алдымда.

– Сіздің әндеріңіздің арасынан өз жаныңызға жақыны қайсы? Әнсүйер қауымның сүйіктісіне айналғаны бар ма?

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

– Маған жақыны, мана айттым, ел ауызында жүргені ғана. Белгілі әншілер «Нұр-Мұқасан», Хадиша Шалабаева, Мақсат Айтжанов, Абылайхан Оспанов, Марат Оразметов, Арман Дүйсенов, Бақытжан Мұстапаевтардың орындауындағы «Жас жұбайлар», «Неге, неге», «Ауыл жатыр той жасап», «Түркістаным-Тұраным», «Ризамын», «Бесік», «Текемет», «Айналайын жеңеше» сияқты әндерді сол қатарға қосуға болар.

– *Әндеріңіздің шығу тарихын сұрағысы келіп жүргендер көп. Таратыңқырап өзіңіз айтыңызшы. Бір қызға ғашық болып, шарадай басы шақшадай болып жүргенде шығарған деседі кейбір тыңдармандарыңыз...*

– Махаббат лирикасында жазылған әндерімді бір қызға немесе келіншекке ғашық болғаннан жаздым деуден аулақпын. Кейбір ақындар айтатындай, әйеліме де арнап жазған адам емеспін. Жай ғана халық айта жүрер ән болсын деп жазған болуым керек. Ән туарда ондай әсерге бөленген кезім жоқ. Жалпы, ән туып, халыққа тарағаннан кейін ол жеке бір адамның иелігінен тыс шығып, жалпы тыңдарманның сүйікті әніне айналуы тиіс. Жақсы әннің біз тек авторларын ғана білсек жеткілікті, қалғанына тыңдарман өзі елеп-екшеп, лайықты бағасын береді. Мың жерден нашар туған әнді жапондықтар әзірлеп берген әуездік бағдарлама бойынша компьютерлік дайын әуенмен әрлеп, әнші дауысын әрлеп-әспеттегенімізбен, бәрібір оны халық санасына күштеп сіңіре алмаймыз. Ондай «хит» әндердің ғұмыры той-томалақтан әріге аса алмайды. Нағыз халықтық колоритке бай ән ешуақытта әлгі жапондық компьютер-әрлеушіңізге бағынбайды. Домбыраны алыңызшы, дүниежүзінің ең мықты деген бағдарламашыларының өзі оның дыбысын ән әрлеу бағдарламасына енгізе алмай әуре болып жүр. Жақында мынадай бір масқараны көрдім. Әлдебір әншіге ән жаздыртып, соның дауысымен ағасының тойында ән салған қарындасты ел шапалақтап қарсы алып, сонысымен тұрмай, «сен жұлдызсың» деп мақтап-мадақтап, тойдың ханзадасына айналдырды. Жалпы, кейде біздің ән әрлеушілеріміздің кейбірі ұлттық өнердің қас жауы ма деп те қаласың. Әйтпесе икемге келмейтін әнді оңайдан түскен табыс үшін әрлеп, сахнаға шығарар ма еді? Біз жақта Мұхит пен Ғарифолланың, Жетісудың ән мектебін қатар алып жүрген дәстүрлі әнші,

Қазақстанның халық әртісі Қажыбек Бебосынов тұрады. Енді қараңыз, қалтасы қалың әлдебір тойшыл өз тойына сол кісіні шақырар ма еді. Ешуақытта! Одан гөрі, жаңа біз жоғарыда айтқандай, жасанды дауыспен елдің «сүйіспеншілігіне» айналған хит-артистерді он мың көк қағазға шақырып жүр. Қалай күйінбессін! Бір шапанын иығына жапса, Қажыбек көкем-ақ бір таңға ән салып берер еді ғой. Ал екі сағаттық тойға бола далаға шашқан қалған ақшаны өнерінің өрісін аша алмай отырған жас таланттарға жұмсаса, аты шақпай ма? Қазіргі тыңдаушылар Қайрат пен Қаламқасты былай қойғанда, Ғарифолла мен Жәнібектің кім болғанын жете біле бермейді. Есесіне шетел әншілерінің өмірін, олардың жеке махаббат хикаяларын жаттап алған. Қазақ ән өнерінің тарихын білмейтін адамнан қандай тыңдаушы шығады? Біздің бағамызды ашатын да, абырой мен атақты беретін де өрелі тыңдаушы емес пе? Тек әніміз арқылы ғана халқымызға ардақтымыз. Басқа түгіміз жоқ. Жоғарыда айттық қой, қазір тобырлық санаға қызмет ететін рухсыз, мазмұнсыз даңғазәуендер етек алды. Күнде де, түнде де солардың билігі жүріп тұр. Гитлер соғыс ашардан бұрын он шақты жыл бойы басқыншылық рухтағы марштармен күллі неміс халқын үзбей сусындатып отырған. Музыка арқылы адам санасын жаулаудың үлгісін әйгілі британдық “Битлз” тобы да дәлелдеп кетті. Біздің де бойымыздағы қанымызды қоздырып, рухымызды тік турғызатын осы дәстүрлі өнеріміз.

– Қазір сазгер көп. Бірақ көп әндердің тыңдарманның, көрерменнің көңіліне жетпей жолда қалып жататынының басты себебі неде?

– Сазгердің көп екені рас. Бірақ әндердің тыңдарман көңілінен шықпайтыны – жүректен тумайтынында шығар. Тапсырыспен ән жазу деген шықты ғой. Қазақ тойшыл халық. Дастархан басына жиі жиналады. Сонда ән салғанды тәуір көреді. Енді сіз, қазір жастардың тілімен айтқанда, «хит» болып жатқан әндердің аранжировкасын алып тастап, жай ғана дастархан басында әндетіп көріңізші, есектің ақырғанындай бірдеңе болып шығады. Кейінгі әншілер екеу-үшеу бірігіп алып, топ құрып, ыңқылдай ма, ұли ма, әйтеуір, бір түсініксіз дыбыстар шығаратын болып жүр. Баяғы халаулайлім мен әләулайлымға зар болып қалдық. Қазақта композитор жоқ емес, бар. Меніңше, «жұлдызды» әншілерімізде

ізденімпаздық жетіспейді. Мысалы, “МұзАрттың” жігіттері барған жерлерінде қарапайым адамдармен тілдесіп, өнер иелеріне жолығып, әуесқой болып жүрген сазгерлерден “Қандай әндеріңіз бар?” деп сұрап жүреді екен. Менің осыған көзім жетті. Ал атағы Алатаудай, мүйізі қарағайдай әншілеріміздің барған жерінен іздейтіні байлар мен демеушілер. Егер біз соларды өзіміз іздеп барып, әнімізді ұсынатын болсақ, “продюсеріме көрсет, аранжировкасын жазып бер, фонограмма жасатып бер, клипін түсіруге уәде ет, содан кейін барып орындаймын” деп, өзімізден ақы талап етеді. Ал бізде мүмкіндік қайдан болсын? Біз сияқты ауылда қалып қойған әуесқойларға өзіміздің жанымызда жүрген алпауыттардың өзі демеуші болғысы келмейді. Оларға тек атақтылар керек.

– Жақында Шымкентте «Шәмші әлемі» саябағы ашылды. Сол жерде сазгерлер мен әншілердің аллеясы пайда болды. Бірақ күллі дүниенің төрт бұрышындағы қазақ баласы әнін айтып жүрген сіздің аты-жөніңіз жазылмай қалыпты. Білдіңіз бе, сыры неде екен?

– Шәмші – біздің бойтұмарымыз. Шәмшідей сазгер қазақ халқының бағы. 80 жылдығына Шымкентте бір ұлан-асыр той боларын барлығымыз да, әсіресе өнер адамдары сездік және асыға күттік. Бірақ, «әй, облыс орталығындағылар бізді қайтсін, өздерінің айналасын жарылқайтын шығар» деген дүдәмәл ойдың да болғанын жасырмаймыз. Өйткені облыстағылар бізге «провинциядағылар» деп қарайтынын жақсы білеміз. Бір мен ғана емес, сол аллеяда бүкіл қазақ даласы әнін салып жүрген Мұхтар Шаханов пен Исраил Сапарбай, Ержан Белғозиев пен Әділбек Нысанбаевтың да тас жұлдыздары жоқ қой. Олардан әулие емес шығармыз. Шынын айтсам, әлгі аллеяда тас мүсін болып тұрғанша, ел ішінде жүре тұрғанды жөн көріп тұрмын.

– Жалпы, Түркістанда, облыста сазгерлерді іздейтін билік өкілдері бар ма? Қамқорлық байқала ма?

– Облыс орталығындағылардың шет аймақтарда біз сияқты композиторлардың бар екенін де білмейтіні белгілі болды. Меніңше, Жазушылар одағының, Композиторлар одағының, Суретшілер одағының бөлімшелері облыс орталығында ғана емес, аймақта да болғаны дұрыс. Олар жергілікті халық арасындағы талапты, талантты жастардың

шығармашылығын іріктеп, жарыққа шығуына көмектесер еді. Әзірге аймақ та, өлке де тек Астана мен Алматыдан келетін меймандардың шашбауын көтеруден әріге аса алмай отыр.

АЛМАТЫЛЫҚ ТЕЛЕАРНАЛАРДЫҢ «ХУДСОВЕТИ» ТЕК ТАНЫСТАРЫНА ҒАНА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Әңгімелескен Қайрат Зайнышев.
«Оңтүстік Қазақстан» газеті

1. Бекжігіт Кенжебекұлы, шалғайдағы Түркістан қаласында тұрасыз. Яғни, өнері мен мәдениеттің ордасы Алматыдан, облыстың орталығы Шымкенттен алысқатасыз. Шалғайда жүріп, шығармашылықпен айналысу қиындық тудырмай ма?

– «Өнер – өріс таңдамайды» деген тәмсіл бар. Жұрт сияқты «Алматы, Астана» деп арман қумай, ауылда – туған жерімізде қарапайым тірлік кешіп жатырмыз. Дегенмен, үлкен қалалардағыдай емес, мұнда сені ешкім елемейді. Тіпті, тәп-тәуір ән шығара қойсаң, оныңды ел айта бастаса, қасыңда жүрген шығармашыл достарыңның өзі қызғаныштан өзегі өртеніп, күндеп, өсектеп, сені сыртқа итере бастайды. Сосын ешкімге «зияным тимесін» деп, біраз болды, Түркістанға, сосын ғылымға көшіп кеттім.

Оларға (қолында билігі барларға) «Мен пәленге толдым», «Түлен сыйлық алдым» деп өзің айтуың керек. Ал менде ондай қасиет жоқ. Біреудің алдына барып, бұйымтай айту – қаныма жат. Алматы мен Астанада – басқаша. Мәдениеттің тұтқасын ұстап отырғандардың өздері айтулы даталарды жоспарға енгізіп, сенімен байланысып, әйтеуір атаусыз қалдырмауға тырысады. Содан ба, ондағы өнер адамдарының шабыты ерек. Көңіл бөлініп жатқан соң, тіршілік жасауға асығады. Кейде таныстарым менен сұрайды: «Ән жазбай кеттіңіз-ау осы» деп. Неге жазбайын, жазып жатырмын. Бірақ оным кімге керек? Әншілер иық жұлған той әндерін сұрайды. Сахна мамандары болса қолда барға ғана еи, оларға жаңа ән іздегеннен гөрі маңайындағы «кезекші»

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

өнерпаздарды шығара салған тиімді. Репертуарға қарап жатқан көркемдік кеңес тағы жоқ. Осыдан келіп «пұшық болса да байдың баласы айтсынның» кебін киіп отырымыз.

Кейде «ауыл елемеді ғой, үлкен ауыл қалай екен?» деп Алматы жаққа көз тіксең, онда да ат төбеліндей белгілі бір топтың өнер тізгінін мықтап ұстап отырғанын байқайсың. Сахна да, телеарна да солардың шылбырында. Барғаныңмен бос әурешілік, олардың «худсоветі» тек таныстарына ғана жұмыс істейді.

2. Тұрып жатқан аймағыңызда әдеби орта бар ма?

– Әдеби орта Түркістанда да, Кентауда да жоқ. Рас, ақын-жазушылардың басын құрып, тәп-тәуір іс-шаралар өткізіп жүрген Рахым Балабиев ағамыздың «Қаратау тәжі» әдеби бірлестігі бар. Бірақ, мен «жоқ» деп отырған әдеби орта басқа. Ол кәдуілгі ресми ортадан бөлек, өзара дастархан басында, бір-бірінің қуаныш-қайғысында шүйіркелесе кететін сауық-думан ортасы. Ілгеріде Есқара Тоқтасынов ағамыз бастап, «Бастаңғы» клубын құрған едік. Онда апта сайын әлдекімнің үйінде думандатып, шығармашылық жетістіктерімізбен бөлісіп жатушы едік. Жаңа әндердің де, тырнақалды туындылардың да тұсауы сол ортада кесілетін. Қазір өзің жазған шығармаң өзіңнен басқа ешкімге керек емес. Мына Түркістаныңызда да әдеби орта жоқ. Тек әкімшілік жағалап, орден-медаль сұрап жүрген шалдарды, өнерпазсымақтарды ғана көресің. Ал жастар жағы шығармашылықты табыс көзіне айналдырып алған. Батыстан алған арзан қуыршақтарымен (Сезам), КВН-дарымен елді алдауқартып, нағыз өнер сол екен деп жүр.

3. Алғашқы әңгізі жөнінде айтып өтсеңіз.

– Тұңғыш әнімді Тұманбай Молдағалиевтің сөзіне жазып едім. «Кешір мені» деп аталады. Өзімнен басқа ешкім айтқан емес. Ондағы «Кештер қайда қымбат ондай, келді-ау жетіп жетім күн. Жылатып ап, жұбата алмай, кеткеніме өкіндім» деген сөздер қатты әсер еткен болуы керек... Студенттік ортада бұл әнімді жақсы айтты. Бір қасиетім, жаңа әнімді алдымен дастархан басында «біреуден есіткен ән еді, тыңдап көріңдерші» деп естіртіп алатынымын, ел қалай қабылдар екен деген ой ғой. Салған жерден «менің әнім еді» деп айтуға қымсынушы ем. Кейін ондай әндерімді иеленіп кеткендер де болды.

5. Шығармашылығыңызда не жаңалық?

– Кейінгі жылдары біраз ән жаздым. Көпшілігі лирикалық және патриоттық әндер. Той әні болмаған соң әншілерге ұсына алмадым. Биыл 55 жасқа толып отырмын. Есеп беру керек сияқты дейді жұрт... Білмеймін...

6. Жалпы әншілерге әніңізді тегін ұсынасыз ба, әлде сата-сыз ба? Егер әндеріңізді сататын болсаңыз, бір әніңізді қаншаға бағалайсыз?

– Ән сату – өнерді сатумен бірдей деп ойлаймын. Байқайсыз ба, ән бизнеске айналғалы жөні түзу ән туудан қалды. Өйткені әнге тапсырыс берген әнші оның ұлттық болмысынан гөрі ырғақтылығына, биге ыңғайлығына, шығыстық иіріміне ғана көңіл бөледі.

Ал мен әннің ұлттық нақышын бірінші кезекке қоятын адаммын. «Бесік», «Текемет», «Аман жүрші, ауылдың адамдары», «Шашбаулым», «Әке-Ана», «Қазақ жауынгері» сияқты әндер сол мүддеден туған. Қазір шоу-бизнесті (дұрысы, той-бизнесті) желеу етіп байып жатқан әншісімақтар көп. Ал оларға ақша жылдам келу үшін «Чип-чип», «Кис-кис» сияқты мағынасыз әндер тиімді. Осы кезге дейін ән сатқан да, әншілерді қуалап ән берген де адам емеспін. Өздері қалап алып жатса тегін бере салғанды жөн көремін. Хадиша Шалабаева, Есет Сәдуақасов, Нұр-Мұқасан дуэті, Асқар Жүнісбеков, Гаухар Қаспақова сияқты әншілермен осылай шығармашылық байланыс орнады.

7. Армансыз адам болмайды. Сізде қандай арман бар?

– Қытайда, Монғолияда, Чувашияда, Алманияда, Мажарстанда бірқатар әндерім орындалып жүр. Сондағы шығармашылық қауым жыл сайын қонаққа шақырып жатады. Қол қысқа, бара алмай жүрмін. Арманым сол – қолды бір сілтеп, достарымды ертіп, сал-серілікпен сол елдерді аралап қайтсам деймін.

8. Балалық шағыңызға саяхат жасасақ. Жалпы қандай бала болдыңыз?

– Шығармашылық адамдарының басым бөлігі, өзін биік етіп көрсеткісі келе ме, сұхбаттарын «бала кезімде бұзықтау болдым», «пәленшекең ауызымы түкіріп кетіп еді» деп бастайды. Мен олай болған жоқпын. Ешкімге зәбірім тиген емес. Тәп-тәуір сурет салатынмын, мектепте қабырға газетін шығаратынмын. Еңбекқорлығым болды. Ата-анама шаруа

жайымен көп жәрдем беретінмін.

9. Қазір ұстазсыз. Жастарды журналистикаға бейімдеп, бағыт бағдар беріп жатырсыз. Бүгінгі шәкірт, ертеңгі журналистердің қарым қабілеті қалай?

– Жалпы, Түркістанда бітіріп жатқан журналист-шәкірттер жаман емес. Алғашқы түлектеріміз 98-ші жылы түлеп ұшса, бүгінде бітірген барлық түлектердің 80 пайызы өз мамандықтары бойынша түрлі салаларда еңбек етіп жатыр: жергілікті-облыстық БАҚ құралдарын айтпағанның өзінде, «Қазақстанның Бірінші арнасында» – 2, «Егемен Қазақстанда» – 2, «Хабар» агенттігінде – 5, «Қазақстан» ұлттық арнасында – 6, Қазақ радиосында – 4, «Айқында» – 2, «Астана хабарында» – 7, «Оңтүстік Қазақстанда» – 7 шәкірт қызмет етуде. 2 шәкіртіміз – кандидаттық, 6 шәкіртіміз – магистрлік қорғаған.

10. Сіз ұстазсыз әрі кәсіби журналистсіз. Сазгерсіз? Осы салалардағы жауапкершіліктің барлығын бірдей алып жүру қиындық тудырмай ма?

– Адам, ең алдымен, материалдық тіршілікке тәуелді. Ал ол күнделікті наныңды тауып отырған жұмысың. Ал қалғаны – әуесқойлық. Адам жұмыстан – рахат, ал әуесқойлықтан – ләззәт алуы тиіс.

11. 55 жасқа толып отырсыз. Өзіңіз есеп беріп көрдіңіз бе?

– Жоғарыда айттым ғой, есеп беру керек сияқты. Бірақ, кімге? Залды толтыру үшін мектептен қуып әкеліп жинайтын, арт жақта отырып алып, «сотқа» ойнап, бір-бірін селфилететін балаң жастарға ма? Әлде, рухани байлықтан гөрі сериалды қымбат санайтын орта буын аға-әпкелерімізге ме? Мен үшін есеп беретін орта – дастархан басы, ел іші.

12. Қазіргі қазақ әндеріне көпшіліктің көңілі толмайды. Сіз қандай пікірдесіз?

– Мен әншінің репертуарындағы емес, халықтың ауызында жүрген әндерге ғана көңілім толады. Әннің төресі – ел жадындағы әндер. Ал өз әндерін телеарнаға тықпыштап, мың жерден, өздері айтқандай, күндіз-түні «крутит» етіп, жұлдыз болғысы келіп жүргендер бәрібір Шәмшінің әндеріндей ел ауызында қалатын әндер туғыза алмайды. Бизнесті қуған бір сәттік әндердің ғұмыры қысқа.

«БАЙ БОЛЫП, ӘР АУЫЛҒА БІР-БІР ӨНЕР МЕКТЕБІН САЛСАМ ҒОЙ ДЕП АРМАНДАЙМЫН...»

Алуа Тұрсынхан,
«Ботақан» газеті

1. Сіз жастайыңыздан қоғамдық жұмыстарға араластыңыз ба?

- Мектеп – адамды қоғамдық жұмыста шыңдайтын тәжірибе ұстаханасы десек қателеспейміз. Мен Қаратау етегіндегі Үлгілі ауылындағы шағын мектепте оқыдым. Осында «Тікенек» деп аталатын сатиралық қабырға газетіне редакторлық еткенім әлі есте. Газеттің сол жақ бұрышына зымыранның, оң жақ бұрышына тасбақаның суретін салып, сыныптарды өзара жарыстыратынбыз. Сонда әр сынып жетекшісі «тасбақа» бұрышына түсіп қалмауын ойлап, белсенді қызмет атқаратын. Одан басқа мектептің мәдени жұмыстарына жиі араласып, түрлі сценарийлер жазатынмын. Сценарийлерімді көбіне ауыл балаларының көңіл-күйіне лайықтауға тырысатынмын. Ауыл клубында сыныптастарым Лесбай, Бейсенбек бірігіп, ансамбль құрғанымыз әлі есте. Апта сайын сиыр қорадағы сауыншы қыздарға концерт беретінбіз. Олар күні бүгінге дейін сол ансамбль бар ма екен деп іздейді екен. Көңілдерінде әдемі әсермен қалып қойған болуларымыз керек.

2. Мектепте қай пәнді жақсы көрдіңіз?

- Сурет сабағын. Акварельмен, майлы бояумен тәп-тәуір сурет салатынмын. Осы сабақтан дәріс берген Рүстем ағайым әлі күнге дейін «сені суретші болатын шығар деп ойлаушы едім» деп айтып жүреді.

3. Болашақта кім болам деп армандадыңыз?

- Балалар тақырыбында жазатын жазушы болуды. Бірақ... басқа салаға кеттік қой.

4. Бүгінгі күні нені армандайсыз

- Бай болып, әр ауылға бір-бір өнер мектебін салсам ғой деп армандаймын...

5. Отбасыңызға тоқталып өтсеңіз?

- Жұбайым Жадыра – тарих пәнінің мұғалімі. 3 қыз, 1

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

ұлым бар. Алғашқы екі қызым дәрігер болып қызмет етіп жатыр, кіші қызым ағылшын-түрік тілі мамандығы бойынша 4 курс студенті. Ұлым университетте 3 курста оқып жатыр.

6. Қай жерде туылдыңыз ?

- Қарт Қаратау етегіндегі Үлгілі деген кішкентай ауылда. Жерлесім ақын Қасымбек Бегманов бір жолжазбасында: «Сол баяғы ауыл. Сырттай ештеңе де өзгермеген тәрізді. Бәрі орнында. Ауылға кіре берістегі біздің бала кезімізде тасып ағатын өзеннің суы тартыла бастаған секілді. Майдамталдың даласына қарай созылған ақ жазығын баяғыдай сағым орап алыпты. Мен өзімді мұңлы ауылдың баласымын деп есептеймін. Басқасын айтпағанда еліміз тәуелсіздік алған он шақты жылда да біздің ауылда көп өзгеріс бола қойған жоқ сияқты. У-шуы көп темір жолдардан вокзалдар мен аэропорттардан алыс жатқан тау етегіндегі жұпыны ауылымды ешкімнің жұмағына айырбастай алмайтыным ақиқат» деп жазған еді. Міне, менің де кіндік қаным тамған ауылым осы.

7. Бала кезіңізде бұзық болдыңыз ба?

- Жоқ. Тентектік біздің әулетке жат. Әкеміз солай тәрбиелеген. Өзім сегіз ағайындымын. Барлығы да ауыл баласына тән қарапайымдылықпен өсті.

8. Жастарға қандай кеңес бересіз?

- Жастар ұялы телефон «ауруынан» айығып, кітап оқыса екен деймін. Әйтпесе, бұл сұрқымызбен таяу он жылда Шыңғыс (Айтматов) айтқан мәңгүрттікке, «WhatsApp» мәңгүрттігіне ұрынып жүрмейік.

11. Мектеп бітірген кездегі куәлігіңіздегі бағалар қандай болды? Яғни, бағаларыңызбен мақтана аласыз ба?

- Өкінішке орай, мақтана алмаймын. «Үштіктерім» көп болды. Әсіресе «Алгебра мен химия, қонбайды менің миыма» деп жиі әндететінбіз. Дегенмен, әдебиет пен ән-күйден «5» болғанымды мақтаныш етіп айта аламын.

12. Жастық шақтағы бір қызықты оқиганы айтып берсеңіз.

- 7-сыныпта оқып жүрген кезіміз. Кезекті бір мейрамда «вечер» (отырысты солай атайтынбыз) біздің үйде болатын болды. Дайындық қызу жүріп жатыр. Түске таяу бір сыныптасым бір дорба сусын әкеліп тастаған. Мән бермей қоя салғам. Сосын кешкілік дастарханға сусындарды қойып жатып, арасында 2 шөлмек шараптың бар екенін байқап қалдым.

Жүрегім су ете қалды. Әлгілерлі дереу бақша жаққа апарып сындырып тастадым. Кешке отырыс басталды. Байқаймын, жігіттер әлденені іздейтін сияқты. Мен сездірмеймін. Сонымен не керек, отырысымыз «халал» өтті ғой. Бір аптадан соң осы оқиғаны ауылын да, мектебін де, кейіпкерін де шартты түрде өзгертіп, аудандық газетке жазып кеп жібердім. Мақала «бұрқ» ете қалды. Сыныптастарым әлі күнге дейін осыны күліп еске алып жүреді.

13. Алғашқы ұстазыңыз есіңізде ме? Жалпы өмірде өзіңізге кімді ұстаз тұтасыз?

- Әрине, есте. Тұңғыш ұстазым Төлеген Елтаев. Мектепте маған дұрыс бағыт сілтеп, дұрыс білім берген Рүстем ағайымды, Құралай апайымды, Амангелді ағайымды, университетте Темірбек Қожакеев ағайымды әрдайым өмірлік ұстазым санаймын.

14. Қандай әдеби кітаптарды оқыдыңыз?

- О-о, өте көп. Шетел классиктерінен бастап қазақ жазушыларына дейін ешкімді қалдырмадым десем де болар. Дәл қазір Ермахан Шайықтың «Аққудың сыңары» атты белгілі қаламгерлердің асыл жарлары туралы эссе-естеліктер топтастырылған жинағын оқып жатырмын.

15. Бала кезіңізде жазғы демалысты қайда және қалай өткізетін едіңіз?

- Ауыл баласы болғандықтан біздің әр күніміз лагерь, әр күніміз таза ауадағы демалыс болатын. Қайта, керісінше, қалаға барып бір балмұздақ жеуді армандайтынбыз.

16. Бала кезіңіздегі сүйікті ойыныңыз айтып берсеңіз?

- «Он екі таяқ» деген ойын болушы еді, соны көп ойнайтынбыз. Тағы да Қасымхан ағама жүгінейін. Бұл ойынның бүкіл қасиетін ол осы аттас өлеңінде жақсы ашқан:

Ағадан өстік сыр ұғып,
 Қолға алған істі қоймаушы ек.
 Он екі бала бірігіп,
 Он екі таяқ ойнаушы ек.
 Шомылып суға жатушы ек,
 Ыстық құм төсеп бауырға.
 Тығылып торғай атушы ек,
 Күн батпай қайтпай ауылға.
 ...Сәби кез қайран кекілді,
 Істейтін істер сөгерлік.

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Он екі таяқ секілді,
Он екі жаққа жөнелдік.

17. Қай жерде туылдыңыз, қай мектепте оқыдыңыз, қайда білім алдыңыз, мамандығыңыз және отбасыңыз туралы айтып берсеңіз

- Қазіргі мамандығым – журналист. Алматыда атышулы КазГУ-де білім алғанбыз. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде журналистика кафедрасының меңгерушісі болып қызмет етемін.

18. Марапаттарыңыз туралы бір-екі сөз

- Менде марапат жетерлік. Бәрін санамалап жатсам бір парақ жетпес. Мен республикалық 12 ән байқауында Бас жүлдені, 30-ға жуық байқауларда 1-ші және 2-ші орындарды иеленген адаммын. «Ұлағатты ұстаз», «Жыл әдіскері», «Педагогикалық әзденіс» сияқты республикалық конкурстардың бірнеше мәрте 1-ші орын иегерімін. Негізгілерін ғана айтайын: ҚР мәдениет қайраткері, Жастар сыйлығының лауреаты, Васильей Митта атындағы халықаралық сыйлықтың иегері, Еуропа консорциумының «Primus Inter Pares» орденінің, Ресейдің «Білім мен ғылымға еңбегі сіңген қайраткері», «Өнер мен мәдениетке қосқан үлесі үшін» медальдарының иегері, Аймақтық менеджмент Академиясының және халықаралық ақпараттандыру Академиясының академигі, т.б. «Әлем ғалымдары» энциклопедиясына есімі енген санаулы қазақтардың бірі. Ішіндегі мен үшін ең қымбаты – Кентау қаласының құрметті азаматы екенім.

ЕСЕП БЕРЕТІН ЕҢ ДҰРЫС ОРТА - ДАСТАРҚАН БАСЫ, ЕЛ ІШІ

Гүлжаз ҚЫДЫҚБЕКОВА
<http://alashainasy.kz/>

Бекжігіт СЕРДӘЛІ, композитор, мәдениет қайраткері: «Сендерге әрдайым орын бар, ақ отау төріне қоныңдар, ақ тілек батамыз мінеки, бақытты болыңдар, болыңдар» деп келетін жас шаңырақ көтерген екі жасқа арналған ән сонау бір жылдардан әлі күнге үйлену

тойының басты әні деуге болады. Сондай-ақ «Неге, неге?» деп келетін әдемі вальс ырғақты әнді де қазақ жүрегіне жылы қабылдап, жабыла шырқағаны хақ. Міне, сол әндердің авторы Бекжігіт Сердәлі атты сазгер, журналист азамат Алматы немесе Астана секілді республикалық маңызы бар қалаларда тұрмағандықтан ба, жиі көріне бермейді. Сонда да болса Түркістанда тұратын қазақтың біртуар азаматын әлгіндей әндері бар-да іздемеуге хақымыз жоқ.

– Аға, біраз болды, еш жерден көрінбейсіз. Ән жазып жүрсіз бе?

– Жасыратыны жоқ, бізді, ауылдағы өнер иелерін айтамын да, орталық бас-пасөздің ұмытқаны қашан. Шоу-бизнеске қатысты қайсыбір басылымды ашсаң-дағы, санаулы әртістерді насихаттаудан әріге аса алмай жүр. Қазір сол «санаулы әртістердің» өмірбаянын жаттап алдық десек те болар. Ал ауыл өнерпаздарының айтары көп... Ең әуелі айтарым, біз бармыз! Біз өңір өнерін құрап жатқан өнерпаздармыз. Кейде бұртиып өкпелеп те қаламыз. Әділетсіздік-ке, әрине. Мәселен, мені оңтүстіктен гөрі Қазақстанның басқа аймағы, шетелдегі қандастарымыз құрмет тұтады. Қытай, Моңғолия, Түркия, Алмания, Мажарстан, Чувашия қазақтары әндерімді үзбей айта-ды және қонақ болып қайтуға шақырып та жүр. Қол қысқа, шамадан көтеріп жүгіріп кете алмайсың. Ал туған ауыл бізден гөрі әкімқараларға жақын жүрер сарай өнерпаздарын құрмет тұтады. Оны Түркістан мәдениет бөлімінің жалтақ көзқарасынан-ақ байқамау мүмкін емес. Ал облыста өнерпаздарға құрмет көрсетер тізгінді әкімнің айналасындағылар ұстап алған. Жыл сайын солардың маңындағы өнер иелері ғана қолдау көріп, мадақ-марапат алып жатады. Мейлі үлкен, мейлі кіші бол-сын өнер адамына бұлайша бөле-жара қарау түбінде ұлттық өнердің тоқы-рауына алып келеді. Ал тасадағы талант барлығына қолын бір-ақ сілтеп, бұл әлемді мүлде жатсынып кетуі мүмкін. Бұрын «талант ауылда туып, қалада өледі» деуші едік, қазір талантты қалаға жеткізбей-ақ ауылда тұншықтырып өлтіріп жатырмыз.

– Өнер тек сахнада ғана тыңдалмайды, өзінің өсу ортасын-да, сахна сыртында да шыңдала-ды дегіңіз келіп отыр ғой? Бәлкім, қарбалас, күнделікті қайнаған өмірден

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

біршама алыстау отырғаныңыз шығармашылы-ғыңызға әсер етіп жатқан шығар?

– Олай деуге болмас. Өнер – қайда да өнер. Тек аздап бап керек. Шалғайда жатсақ та, біршама әндер туды. Екі-үш әнімді Қазақ радиосының көркемдік кеңесінен өткізіп алдым. Қазір шырқалып жүр. Бірқатар танымал әншілер тәуір әндеріме «құда түсіп», қазір әнбаян түсіру үстіндеміз. Жергілікті сахналар қажет етпесе де, жазған әндерімді тыңдарманға жеткізу бағытында өз бетімше әрекет етудемін. Танымал болу үшін міндетті түрде Астана, Алматы сияқты ірі қалаларда тұруың керек екен. Өйткені танымал болуға онда мүмкіндік көп. Шоу-бизнес, тележарнама, әндеріңді белгілі әншілерге ұсынасың дегендей... Өзім білетін осындағы өнер саласындағы әріптестерімнің біразы үлкен қалаларға барып, өздерін жарнамалап үлгерді. Біразы демеуші арқылы қолынан келген мүмкіндіктерді пайдаланып, жағдайларын жасап та алған. Газет пен теледидар бетін бермей, БАҚ мүмкіндігін пайдаланып, өзін-өзі жарнамалауға дайын тұратын пысықайлар да аз емес. Танымал болудың ең керемет құралы клип түсіру ме деп қалдым. Әйтеуір, бірер әнін шығара салып, клип түсіріп алған «сазгерлер» көбейіп кетті ғой...

– *Әнді сирек жазасыз. Бұл өнердің қасиетін, мазмұнын сақтағыңыз келгендіктен бе, әлде...*

– Қазіргі қызметім ән жазуды сиретіп жібергені рас. Бірақ мүлдем ән жазбай кеттім деуден аулақпын. Соңғы кезде «Астана – асқақ ән», «Ару қыздар», «Сені іздегем», «Бір өзің деп» деген сияқты бірнеше әндер жаздым. Жалпы, мен әнді саулатып жаза бермеймін. Көкейге келгенін ғана ыңылдап, ел елегіне саламын. Халық жаңа туындымды талғап, айта бастаса ғана оны ән деп есептеймін. Қалғаны – ән емес, ермек қана. Аз жазатындай болып көрінуім содан.

– *Танымал әншілермен шығармашылық байланыс орнатуға қалайсыз?*

– Сол танымал әншілеріңіз бізді менсінбей ме деп қорқамын. Олар да «танымал сазгерлерді» іздейтін сияқты. Әлгі сазгер – өзі ақын, өзі ән өңдеуші, телеэфирге сәл жақынырақ жүрсе тіпті жақсы. Қазір «әнші-композитор» деген сәнге айналып бара жатқан жоқ па? Қазақ әндерінің бірсарынды, ғұмыры қысқа болуының себебі де со-

дан. Әркімнің өз кәсібімен ғана айналысқанын қалаймын. Әншінің – әнші, ақынның ақын, сазгердің саз-гер болып қалғаны дұрыс. Бір әнмен клип түсіріп, «жұл-дыз» болып жатқан-дардың да ғұмыры ұзақ емес сияқты. Жалғыз жұлдыз жұл-дыздар шоғырын құрай алмайды. Уа-қыт өте келе есер әндердің дәурені тоқтап, есті әндердің қалатынына күмәнім жоқ. Әйтпесе Түркістанға түрлі әнші-лер келіп-ақ жатыр. Ән сұрағанын көрген емеспін. Алда-жалда беттің арын бүркеп, сахна сыртына шы-ғып, «жаңа ән керек емес пе?» деп міңгірлей қал-саң, «сен кім едің, сендей сазгерді таны-май-мын» дегендей бір-түрлі күмәнмен қа-трайды. Сосын үн-түн-сіз бұрылып кетесің.

– Аға буын атандыңыз, өзіңізге есеп беріп, шығармашылық кеш өткізіп, шәкірттеріңіз үшін бір серпіліс жасау ойда жоқ па?

– Мен сізге бір сұмдық нәрсе айтайын: сіз концертке билет алып кіремін, әнді ақ-ты-ғы-лы тыңдаймын деп ойлай-сыз ғой, қате-лесесіз, халыққа ән тыңдату үшін өне-р-л-паз да ақша төлейді: залды бас айналатын ақ-шаға жалға аласың, сахнаны өз қаржың-мен безендіресің, сахнада қызмет ететін әр техниктің «көңілін таба-тысың», концертті жүргізушілерді жалдайсың, ән өңдетесің, әншілерге қаламақы төлеп, ән салуға ша-қы-расың, концерт біткен соң «қызмет жа-тсаған жігіттерге» шай бересің... Міне, осы шығындарды есеп-теп шыққан соң, кеш өт-кізбек түгіл, ән жазып жүргеніңе өкіне-сің... Есеп беретін ең дұрыс орта – дас-тарқан басы, ел іші. Мен үшін одан асқан шығар-машылық кеш жоқ.

ЖҰЛМАЛАНҒАН «ЖАС ЖҰБАЙЛАР»

Нурислам ДАНИЯР

«Нұр-Астана» газеті, 20.08.2009

«Сендерге әрдайым орын бар,

Ақ отау төріне қоныңдар...»

Қайырмасы осылай деп төгілетін тамаша әнді еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін түгел біледі. Аты аңызға айналған «Дос-Мұқасанның» «Той жырын» айтпағанда, қазақтың тойларында ең көп шырқалған ән осы «Жас жұбайлар жыры» десек, сірә да қателеспеспіз.

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Өкінішке қарай, бүгінде халықтың көңілінен шығып, көкейінде берік орныққан әндердің сазын бұрмалап, сөзін шұбарлап жүргендер «Жас жұбайлар жырын» да сауатсыздық һәм жауапсыздықтың құрбанына айналдырыпты.

Қазақ эстрадасының төріне шықпаса да, төңірегін айналсоқтап, нәпақасын тауып жүрген «Ақ желкен» атты топ қазір осы әнді өздерінің репертуарына қосып алған. Ескі әнді жаңаша өңдеп, заманауи дем беріп, екінші тынысын ашып жатса, оған қуана қол соғар едік-ау! Алайда, «Ақ желкеннің» жігіттері сөзі мен сазы жарасым тапқан әп-әдемі әннің мәтінін өзгертіп, әрбір жолында бірнеше қате жіберуден аса алмапты. Тыңдап көрейік:

«Ақ қайыңдар төгіліп нұр шашады,
Алаңқайды хош иіс гүл басады.
Алақанға қондырып ақ сәулесін,
Жас жұбайлар жарасып, сырласады...»

Өкінішке қарай, әннің авторы шығарған түпкі мәтіні мұндай емес. Автордың нұсқасына сүйенсек, «Ақ қайыңдар төгіліп нұр шашады» деген жолдың орнына «Ақ қайыңның төгіліп нұр шашағы» деп берілген. Қайың ақжелкендіктер айтқандай, нұр шашып тұрған жоқ. Нұр шашағы, яғни, гүлі жерге төгіліп тұр. Шынында, көктемде қайыңның ақ ұлпа гүлі төгілгені әдемі көрініс емес пе?! Ақынның қаламына осы бір сәт ілінсе керек. «Ақ желкен» тобының соған жеткілікті мән бермегені өкінішті.

«Алаңқайды хош иіс гүл басатыны» да өтірік. Дұрысында «Алаңқайды ақ қанат гүл басады. Елестетіп көріңізші, ақ қайыңның аппақ гүлдері шынында жерге қонақтаған ақ қанат көбелектерге ұқсайды ғой. Ақ көйлек киген қалыңдық, ақ қайың, ақ қанат гүлдер... Қандай әдемі сәт десеңізші!.. Бұл жерде «хош иіс гүлден» гөрі, «ақ қанат гүл» көркемдік тұрғыда биіктеу тұрғаны анық.

Соңғы екі жолы да қателіктен құралақан емес. «Алақанға қондырып ақ бақытын» деген жолдар «Ақ желкеннің» орындауында «Алақанға қондырып ақ сәулесін» болып кеткен. Қазақта «бақ қонды» деген сөз бар. Жігіттің сүйген жарымен табысуы да осы бақ, яки, бақытын алақанына қондырғанмен бірдей. Оның үстіне, осы шумақтың әр жолында, әрбір тіркестердің басында «а» әрпінің кезектесіп

келуі «Жас жұбайлар» жырының мәтінін тілге оралымды етіп, жүрекке жылы тиеді. Алайда, әннің қазіргі орындаушылары оны осы көркемдігінен, оралымдылығынан айырды.

Құп делік, «Жас жұбайлар» жырының мәтінін шұбарлаған жігіттер мән-мағынасына, көркемдігіне көз жеткізе алмаған шығар. Ол жағы әншілердің шығармашылық деңгейіне байланыс-ты. Ал үлкен сахнада жүрген белгілі әншілердің «ұйқас» деген ұғымды аяққа таптағанына қалай қарның ашпайды?! Мәселен, осы әннің екінші шумағы:

«Бірін-бірі көргендей бірінші рет,
Көп қарайды жанымды ұғыншы деп.
Қалқатайын аймалап күйеу жігіт,
Қалыңдық тұр күнәсіз күлімсіреп, – деп келеді.

Бірақ әннің алғашқы шумағын ит талаған тулақтай еткен «Ақ желкеннің» жігіттері соңғы шумақты да оңдырмайды. Олардың репертуарындағы «Жас жұбайлар жыры» былай-ша айтылады:

«Бірін-бірі көргендей алғашқы реет

Көп қарайды сырымды ұғыншы деп...» «Алғашқы рет» пен «ұғыншы деп» деген сөздердің арасында қандай ұйқас бар. Қазақ поэзиясында өлеңнің соңғы бір-ақ буынын ұйқастыратын ақынсымақтар болған. Бірақ дәл осы әннің мәтінінің авторы, «Лениншіл жаста» талай жыл қызмет атқарған журналист, белгілі ақын Өтеген Оралбаев ондайлардың санатынан емес. Керісінше, автор «бірінші рет», «ұғыншы деп, «күлімсіреп» деген сегіз буыннан тұратын сөздерді шебер ұйқастырған, жүректің қылын дәл шертетіндей нәзік ырғақтарды үйлестіре білген. Бұл орайда, кінә тағы да «Ақ желкен» тобының мойнында.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қазақты жансыз ағаш қылып отқа жаққыларың келмесе, әнді сақтаудың қамын қылыңдар» дегені бар. Әрине, Сұлтанмахмұт өз кезеңіндегі халық әндері мен халық композиторларының туындыларын меңзеген болар. Дегенмен, жалпақ қазақтың жүрегінен орын алған заманауи әндер де қазақтың ән өнеріне қосылған мұралардың бірі емес пе?! «Жас жұбайлар жыры» да солардың бірі деуге болады. Тек репертуарының мазмұндылығына жете көңіл бөлмейтін жас әншілер әп-әдемі әнді аласартып жүр.

Осыдан жиырма жыл бұрын композитор Бекжігіт

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Сердәлі мен ақын Өтеген Оралбай дүниеге әкелген «Жас жұбайлар жыры» бүгінде нағыз халықтық әнге айналды. Ал халық қабылдаған әнді орындағанда оның сазы мен сөзіне ерекше құрметпен қараған жөн болар еді!

ҰСТАЗ ДЕГЕН ЖАРЫҚ КҮНІ ҒАЛАМНЫҢ...

Мадина Байгұт, шәкірті

Өзіндік тұлғасы керемет туындының басты кейіпкеріне лайықты ұстазым Бекжігіт Сердәлінің сегіз қырының бірі - ұстаздығы болса, ал оның туа біткен дарыны мен шығармашыл жаны өз алдына бір бөлек әңгіме. Жолыға қалса шәкірттерін тізбелеп, әр қайсысының тегін жатқа тізіп, жайын сұрап өбектеп қалады. Міне биыл сол ұстаздан білім алып, университет қабырғасынан маман болып шыққанымызға да 15 жылдың жүзі болыпты. Мұны күнделікті күн тәртібінен түспейтін күйбеңмен Мен ұмытып та кетіппін. Асылы ұстазым өзі қоңырау шалып еске түсірмесе ұмытып та кетеміз бе қайдам?! Телефонда: - Мәдина халің қалай? жұмысың қалай..... деп хал сұрасудан бастаған Бекжігіт ағайым 2003 жылы өзі ұстаздар қауымымен бірге қолынан ұшырған шәкірттерін біртіндеп..... Ерік қайда, не жұмыс жасап жүр, Меруертте Хабар арнасында еді басқа жаққа ауысқанба көрінбей қалды, Жансая қай газетте, Динара қай қалада, Жолдыбай мен Айгүл Егемен Қазақстанда оқып тұрамын, Мәлік болса білдей қалалық бас газеттің тізгінін қолына алды, шүкір шәкірттеріміздің бәрі өз орнын тапқан деп бір марақайып алып, Түркиялық группа-ластарымыз Эрол Кара мен Эда Чападжыныда хабарың бар ма? - деп бір сұрап алды. Ал Нұралының Америкада тіл үйреніп әрі жұмыс жасап жатқанын естігенде бір таңырқаса, Сәкеннің шенді болғанын естігенде ерекше қуанып қалды. "Ұстаздың мақтанышы-шәкіртінде" деген осы болса керек. Телефонда ұстаздың даусымен қоса компьютердің клавиштерінің дауысы да тынбай естіліп тұрды. Ұға қойдым шәкірттері туралы бір кереметті жазып отыр-ау деп. Мммм-деп, аздаған үзілістен кейін ағайым, -биыл сендердің оқу бітіргендеріңе 15 жыл болады екен деп, есіме түсіре қойды.

Ал мен ойланбастан Алла бұйыртса онда алда бір бас қосудың бар екенін айтып алдым. Менің бұл әңгімеде айтпағым... Достарым осы жазбамды оқып отырса... Ұстаздың артық қасиеті - қайда жүрседе шәкірттерін өз баласындай іздеп жүретінін ескеру еді. Алыста жүрген ФЖК-911 тобының түлектері қайда жүрсекте ұстаздардың мақтанышына айналайық, айналып қана қоймай мүмкін болса, алыстан 15-20 жылда ат ерттеп келіп, бір сәлемді беріп, қауышайық, дидактасайық! Бізде мақтануға тұрарлық Оңтүстің бірегей оқу орнында, Түркістанның танымына, көркіне айналған, түркінің ортақ білім ордасы Халықаралық университетте оқығанымызды айтып мақтанайық, шаттанайық. Ал, мына суреттер бақытты студенттік шақты еске салсын!!! Әрбір ұстаздың өзіндік тұлғасы, дара қасиеті өз алдына бір төбе әңгіме. Айтсаң да, жазсаң да таусылмайды.

«ӘННІҢ ТЫҢДАРМАНДЫ МЕЗІ ЕТПЕЙ, РАХАТҚА БӨЛЕГЕНІН ҚАЛАЙМЫН»

Әңгімелескен Қайрат Зайнышев.

Бекжігіт Кенжебекұлы, жақында ғана профессор атандыңыз. Құттықтаймыз! Бұл еңбегіңіз жайында кең көлемде айтып берсеңіз?

- Жоғары оқу орны саласында қызмет етіп жүргенімізге биы 21-ші жыл. Осы жылдар аралығында ұзақ жылдар доцент, кафедра меңгерушісі, декан орынбасары, директор орынбасары қызметтерін атқардық. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде кандидаттық қорғадық. Бұдан өзге ғылымға қосқан еңбегіміз ескеріліп, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі (2015), Аймақтық Менеджмент Академиясының академигі (2014), Ресей Жаратылыстану Академиясының корреспондент-мүшесі (2013), Халықаралық Психологиялық ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі (2014), Ресей Жаратылыстану Академиясының профессоры (2013), Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры (2008), Аймақтық Менеджмент Академиясының құрметті ғылым докторы (2015) академиялық атақтарын иелендік.

2010 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болдық. Мүйізі қарағайдай докторлардың өзі әзер басылатын индексі жоғары халықаралық импакт-факторы журналдарда 8 мақаламыз шықты. Яғни, мұндай журналдарда жарық көрген мақалалардан әлемнің кез-келген ғалымы сілтеме алып, өз мақалаларына пайдаланып, ғалым ретіндегі хиршалық индексінді көтеріп отырады деген сөз. Бұдан өзге халықаралық, республикалық ғылыми басылымдарда 100-ден астам ғылыми мақаламыз жарық көрді. 3 монографиямыз, жоғары оқу орындары пайдаланып оқытып жатқан 15 оқулығымыз, 30-дан астам оқу-әдістемелік құралдарымыз бар. Міне, профессорлық осы еңбектеріміздің өтеуі. Ғылымда өзі ғылыми дәреже, ғылыми атақ деген бар. Ғылыми дәрежеңіз – ғылым кандидаттығы мен докторлығы, ғылыми атағыңыз – доценттік пен профессорлық. Шет елде ғылыми дәрежеден гөрі ғылыми атағы бар ғалымды ерекше құрметтейді. Өйткені оның жай қорғала салмай, тәжірибемен, еңбекпен келетінін жақсы біледі. Сондықтан, біздің алып отырған профессорлық атағымыз – ғылымда жетер ең биік шыңымыз.

Сіз сазгерсіз. Бүгінгі күні эстрадада айтылып жүрген әндерге көңіліңіз тола ма?

Әнде кінә жоқ. Ол әр сазгердің төл туындысы. Эстрада да кінәлі емес. Ол әуенді жеткізудің қазіргі заманғы жаңа формасы. Мәселе сол эстрадалық әндердің ұлттық нақышында. Байқайсыз ба, шет елден ән алып, оған қазақша сөз жазып, арзан ұпай жинау тенденциясы қалыптасып барады. Мұндай «жиендікті» Ақылбек Жеменей мен Асқат Тарғындар бастап еді, қазір өздерін қазақ эстрадасының жарық (жай емес) жұлдыздарымыз деп жүрген Қайрат Нұртас пен Төреғали Төреәлілер де жалғап жатыр. Осыдан соң қазақ әуенінде не қадір-қасиет қалады дейсің? Кейінгі жастар шығыс ырғақтары мен латын американдық әуендерге «сусап» өсіп жатыр. Ертеңгі әуеніміздің қалай боларын бір Құдайдың өзі білсін. Енді елу жылдан кейін Біржан мен Ақандардың әнін естіген немере-шөберелеріміз галактикадан құлағымызға біз естімеген бір әуендер келіп жатыр деп таң қалатын шығар.

Осы «жұлдыз» деген атауды, мадақ па, мақтан ба, әйтеуір, әншілердің иеленіп алғанына да қайранмын. Шетелде әнімен әлемге танылған, дүйім ел ауызынан суы құри тыңдайтын Уитни Хьюстон, Джо Дассен, Патрисия Каас,

Кэти Перри, Таркан, Мұстафа Санда, Энрике, Ализе сияқты небір айтулы әншілер бар. Өзіміздің Бибігүлді, Ескендірді, Нұрғалиды алыңыз. Бұған Димашты қосыңыз. Бірақ олар, неге екенін білмеймін, өздерін жұлдыз санамайды. «Жұлдыз аспанда болмай ма?» деп күледі. Ал, біздегі әншілер сахнаға «жұлдыз» деп шақырмасаң, біртүрлі өкпелеп қалатын болып жүр. Өзін «ұлы дала баласымын» деп дәріптейтін әншілер де бар. Кейде телевизиялық шоу бағдарламаларында жүргізушінің есінен шыға бастаса, «мәселен, біз сияқты жұлдыздар» деп есіне салып отыратын әншілер де кездеседі. Сонда бұл не? Қолдан танымалдылық жасау ма? Оның ар жағында той-бизнесіне деген бәсекелестіктің құлағы қылтып тұрған жоқ па екен? Өйткені, тойдың әншілер үшін баюдың негізгі көзі болғаны қашан. Бұрын ата-әжелеріміз «әртіс деген не, тәйірі... қаңғып көшеде қаласың ғой» деп ұрсушы еді, енді әншіден бай адам жоқ. Байшкештер мақтан үшін сол «жұлдыздардың» әрқайсысын өз тойларына 8-10 мың доллардан жалдап жүр. Сондағы айтатындары 3-4 ән ғана. Әр әні 3 мың доллар, яғни, миллион теңге. Сонда не ұттық? Оның үстіне «жұлдыздар» қатысқан мұндай той соткасын ұстап әншінің соңынан жүгірген тойшылардың фотосессиясына айналады. Құда да, қонақ та жайында қалады. Бас құда – сол әнші! Бұл не? «Ешкі көрсе қуалап жүріп өлтіретін» қазақы менталитетіміз бе? Түсінбеймін.

Сазгер қандай болуы керек?

Сазгердің атақ-даңқ құмағаны жөн. Ән оның ішкі толғанысының әуен түрінде құйылған ерекше формасы ғана. «Сұмдық ән жаздым» деп тыңдағысы келмейтін тыңдарманға әндерін тықпыштап жүретін сазгерлер болады. Әннің қандай болмағы алғашқы ноталарынан-ақ белгілі емес пе? 12-14 куплеттік ән жазатын сазгерлерді де білемін. Қысқасы, әннің тыңдарманды мезі етпей, рахатқа бөлегенін қалаймын. Өз басым әлдебіреулер сияқты алдын-ала жоспарлап, тапсырмамен ән жазған емеспін. «Сүйіктіме», «Ғашығыма» деп ән жаза беретіндер көп ғой. Ән жоспарсыз, жүрек әмірімен тууы тиіс. Ал жүректің ән туғызуы өте сирек. Содан да болар, менде ән аз. Осы «менің пәлен жүз әнім бар» дейтіндерге таң қаламын. Ел айтпаған ән – ән емес. Кейде менен «қанша әніңіз бар?» деп сұрайды. Мен ел ішінде айтылып жүрген әндерімді ғана есепке алып, сонша әнім бар деп

жауап беремін.

Журналистикаға жастарды дайындап жүрген маман ретінде мына сұраққа жауап беріңізші. Жалпы бүгінде елімізде журналистика саласында оқушы жастарды арнайы университетте оқытудың қажеті жоқ деген пікір айтылып жүр. Бұған қалай қарайсыз?

Мұндай пікірді шығарып жүргендер – телеарналардан түспейтін өнер адамдары. Әгәрки, егер жоғарыдан «бүгіннен бастап әркім өзінің базалық білімімен ғана жұмыс істесін» деген пәрмен түссе, журналистер жұмысымызды тартып алып, жұмыссыз қаламыз ба деп қорқады. Қайран көрермен... сол телеарналарда жылытырып отырғандардың әртістер екенін, олар екі сөздің басын құрай алмайтын болғандықтан, журналистер дайындап берген мәтіндерді суфлерлерден ежіктеп оқып отыратынын білмейді-ау деп ойлайсың кейде. Журналистиканың – терең, синкретті, көп салалы ғылым болғаны қай заман. Оны университеттерде төрт жылда оқытып тауыса алмайсың. Ал бұлар екі айлық курстармен маман журналист дайындағысы келеді. Парадокс!

Ақындық қырыңыз да бар. Қаламгерсіз. Соңғы кезде не жазып жүрсіз?

Жақында барлық құрылымдардағы баспасөз хатшыларына әдістемелік құрал бола алатын «Қазіргі баспасөз қызметі» атты кітап шығардым. Енді «Медиа меридианы» деген әлгіндей журналистиканың қыр-сырын тани алмай жүргендерге арналған арнайы құрал жазуды бастадым. Жыл соңына дейін шығып қалар деген үміттемін.

Ел ішінде өнер адамы болу үшін Алматыда тұру керек деген бір қағида бар. Түркістанда жүріп талантыңызда таныта алмай жүрген жоқсыз ба?

«Өнер – өріс таңдамайды» деген тәмсіл бар. Жұрт сияқты «Алматы, Астана» деп арман құмай, ауылда – туған жерімізде қарапайым тірлік кешіп жатырмыз. Дегенмен, үлкен қалалардағыдай емес, мұнда сені ешкім елемейді екен. Алматы мен Астанада – басқаша. Мәдениеттің тұтқасын ұстап отырғандардың өздері айтулы даталарды жоспарға енгізіп, сенімен байланысып, әйтеуір атаусыз қалдырмауға тырысады. Содан ба, ондағы өнер адамдарының шабыты ерек. Көңіл бөлініп жатқан соң, тіршілік жасауға асығады. Кейде «ауыл елемеді ғой, үлкен ауыл қалай екен?» деп Алматы жаққа көз

тіксең, онда да ат төбеліндей белгілі бір топтың өнер тізгінін мықтап ұстап отырғанын байқайсың. Сахна да, телеарна да солардың шылбырында. Бар-ғаныңмен бос әурешілік, олардың «худ-советі» тек таныстарына ғана жұмыс істейтін сияқты.

Алдағы жоспарларыңызбен бөліссеңіз?

Мендегі жоспар Алланың қалауымен болады. Ойда көп нәрсе бар, тек уақыт керек.

Әндеріңіз әлемнің көптеген тілдеріне аударылып орындалып жүр. Авторлық құқық немесе қаламақы талап етпейсіз бе?

Ән сату – өнерді сатумен бірдей деп ойлаймын. Байқайсыз ба, ән бизнеске айналғалы жөні түзу ән туудан қалды. Өйткені әнге тапсырыс берген әнші оның ұлттық болмысынан гөрі ырғақтылығына, биге ыңғайлылығына, шығыстық иіріміне ғана көңіл бөледі. Ал мен әннің ұлттық нақышын бірінші кезекке қоятын адаммын. «Бесік», «Текемет», «Аман жүрші, ауылдың адамдары», «Шашбаулым», «Әке-Ана», «Қазақ жауынгері» сияқты әндер сол мүддеден туған. Қазір шоу-бизнесті (дұрысы, той-бизнесті) желеу етіп байып жатқан әншісімақтар көп. Ал оларға ақша жылдам келу үшін «Чип-чип», «Кис-кис» сияқты мағынасыз әндер тиімді. Осы кезге дейін ән сатқан да, әншілерді қуалап ән берген де адам емеспін. Өздері қалап алып жатса тегін бере салғанды жөн көремін. Авторлық құқық қоғамына мүшесім. Бірақ, жоғарыда айттым ғой, әншілер әр әнін миллион теңгеге пұлдайтын болса, сол әндерді жазған біздерге – сазгерлерге бір әніміздің орындалғаны үшін берілетін қаламақы – 200 теңге ғана.

Әлеуметтік желі, ғаламтор шыққалы елдегі газет – журнал, кітап оқу ісі кенжелеп келеді? Болашақ журналисттерді дайындап жүрген маман ретінде газет, журнал, кітап болашағын қалай бағалайсыз?

Жастардың кітап оқымайтыны рас. Кезінде Абай атамыз: «Барлық білім – кітапта» деген еді, қазіргі жастар «барлық білім – интернетте» дейтін сияқты. Фейсбук, ВК, Инстаграмм дегендер кітап оқуға жұмсалатын алтын уақытты қисапсыз жеп жатыр. Жылтырақ экраннан көзі домбығып іскен жастар кітап оқымақ түгілі, басы мең-зең болып, үй шаруасына да зауқы болмайды. Бұл таяу арада эконо-

логия, нашақорлық, лаңкестік сияқты жаһандық қауіптермен қатар айтылар проблемаға айналуы әбден мүмкін.

Әңгімеңізге рахмет!

ТОТ, КТО ЗНАЛ ЗАРАНЕЕ

И. Таньга (ИА "Интерхыпар")

Чувашская интернет-газета "Свободное слово"

13.03.2013

Если вышеназванные официальные премии, за редкими исключениями, имеют только "внутреннюю" чувашскую локализацию, то премия Васyleя Митты - единственная общепризнанная международная чувашская премия. За заслуги перед чувашской литературой и культурой этой премии удостоены профессор Сорбонны Леон Робель (Франция), профессор Питер Франс (Великобритания), переводчики Джанроберто Скарчия и Алессандра Тревизан (Италия), Карой Чех и Иштван Ч. Варга (прежняя Чехословакия), Анника Бэкстрем (Швеция), поэт и композитор Бекжигит Сердали (Казахстан). За репортажи о Чувашии, которые стали предметом его преследования на работе, премию получил журналист Кемаль Чапраз (Турция).

КОМПОЗИТОР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЫЙЛЫҚПЕН МАРАПАТТАЛДЫ

«Жас жұбайлар», «Неге, неге», «Түркістаным-Тұраным», «Ауыл жатыр той жасап», «Ризамын» сияқты бірқатар танымал әндердің авторы Бекжігіт Сердалі жуырда Түркістан қаласында ән кешін өткізіп, оған «Шаншар» театры, Хадиша Шалабаева, Қалдыбек Құрманалиев, Мақсат Айтжанов, Бақытжан Мұстапаев, Марат Оразметов сияқты қазақтың бір топ өнер жұлдыздары, алыс-жақыннан елге белгілі азаматтар қатысқан-ды. Сол кешке Мәскеу түбіндегі Чуваш мемлекетінен Абдюльхак Хамид Тархан атындағы халықаралық поэтикалық сыйлықтың лауреаты, Түрік әлемі Чуваш мәдени орталығының жетекшісі, ғалым, публицист, ақын Илле Ивановтан чуваш тілінде жазылған жеделхат келіп жетті. Хатта чуваш ақыны Васyleй Митта атындағы

қоғамдық қордың ұсынысымен композитор Бекжігіт Сердәліге түрік бірлігін нығайтудағы еңбегі үшін «Митта атындағы Күміс медальмен» марапатталып, музыка саласы бойынша лауреат атағы берілгендігі, чуваш делегациясының таяу күндердегі Түркістанға келетін достық сапары кезінде арнайы марапаттаудың болатындығы жазылған. Айта кету керек, Бекеңнің бірқатар әндері чуваш тіліне аударылып, бірнеше жылдан бері ел сахналарында айтылып жүр. Чуваш ақындарының сөздеріне жазылған әндері КСРО халық әртісі Вера Кузьминаның, Чуваш Республикасына еңбегі сіңген өнер қайраткері Анатолий Никитиннің репертуарларына енген.

«ЖАС ЖҰБАЙЛАР» ЖАСТАРДЫҢ СҮЙІКТІ ӘНІНЕ АЙНАЛДЫ

Дайындаған

Ақбота МҰСАБЕКҚЫЗЫ

«Ана тілі», 6 - Маусым, 2019 ж

Біз оқуға тапсырған жылдары журфакқа түсу қиын еді. Конкурс өте жоғары болатын. Мектеп бітірген соң, Алматыға қарай асықпай, әкеме қолғабыс етейін деп шештім. Жүгері орағына терімші болып жұмысқа кірдім. Аздап домбыра шертетінім бар еді, қырманда түскі үзіліс кезінде көлеңкеде отырып жұмысшы келіншектерге «концерт қойып жатқанымды» байқап қалған совхоз директоры: «Әй, сенің мынадай да өнерің бар ма еді? Ауыл клубына маман таппай отырмыз ғой, жүр, сонда жұмыс істейсің» деді де, «Үлгілідегі» клубқа меңгеруші қызметіне ауыстырып жіберді.

Бұл нағыз шығармашылықпен айналысатын, шалқаңнан жатып кітап оқитын жер екен. Іргесіндегі кітапхананың барлық кітабын оқып тауыстым десе де болар. Шекспир, Мопассан, Эмиль Золя, Джек Лондон, Чехов, Абай, Мұхтар, Соқпақбаев сияқты ұлы жазушылармен осында таныстым.

Осылайша арада үш жыл өтті. Тәуекелге бел байлап, Алматыға КазГУ-ге тарттым. Сол жылдары біз сияқты жұмысшы стажы бар еңбек адамдарын бір жыл оқуға дай-

ындайтын дайындық бөлімдері ашылып жатқан екен. Сонда құжат тапсырдым. Менімен қабат еліміздің түкпір-түкпірінен келіп, өзім қатарлы тебін мұрт талапкерлер де құжат тапсырып жатты. Алғаш танысқан адамым, әрі кейін екеуміз бір бөлмеде жаттық та, Дәукең – Дәулет Телібаев болды. Бәріміз оны осылайша Дәуке деп ныспылауға үйреніп қалғанбыз. Курстағы үлкеніміз де сол. Біртүрлі пана тұтатын сияқтымыз ба, білмеймін, әйтеуір, еркелегіміз, ебі келсе сипай қалжыңдағымыз келіп тұратын. Мұндайға Дәукең үйреніп кеткен, тісі ақсия күліп алатын да, әзіл-қалжыңымызға оншалықты мән бермеген сыңай танытатын.

Шешіле сөйлесе шешен, ақыл айтса көсем Дәукеңді әсіресе курстағы кішкентай қарындастары тым жақсы көретін. Дүрия, Ләйлә, Ләззаттар аға тұтып, «Дәукелеп», қасынан бір елі шықпайтын. Ондайда Дәукеңнің де қолы ашық. Қалтасындағы барын қағып, «төге салатын». Содан қыздардың бөлмесінде ду-думан, «бешір» басталатын да кететін...

Қарнымыз аша бастаса, курсымыздағы ең кенжеміз Дүрияға «ағаңнан хабар алсай» дегендей ыммен иек қағатынбыз. Ол да мұндайға епті, әлемдегі бар жылы сөздерін арнап, Дәукеңді тағы бір әдемі бешірге «көндіріп» қайтатын. Міне, сол жылдар Дәукеңнің шын азаматтығын, ініге ізетшіл, ағаға қамқор ақыл-парасаттылығын танытқан кезең болды...

Курстастар: бард-композитор Табыл Досымов, жаузушы Роза Мұқанова, профессор Айгүл Рамазанова және Бекжігіт Сердәлі

Біз сияқты ауылдан үлкен қалаға үркектей барған інілеріне «қанаттығақақтырмай, тұмсықтығашоқыттырмай» қамқор, пана болып жүретін тағы бір курстасымыз Ақпанбет Әліш еді. Мұнысы кейін жалпы курстың ұйымшылдығына, бірлігіне, ынтымағына үлкен әсер етті.

Алғаш КазГУ-ге түскен жылдары жатақханада үлкен курстың кіші курсқа базыналап, «әлімжеттік» жасайтын «дәстүріне» тап болғанымыз бар. Сондайда курс-тың Құлтөлеу Мұқаш, Бердібай Кемал, Сейтхан Зеберхан, Дәурен Қайып сияқты әскердің «тәтпіш-түтпішін» ертерек көріп келген намысшыл жігіттері қамал боп қарсы тұратын. Кейін дайындықты тәмәмдап, бірінші курсқа қабылданған соң, Табылды Досым, Серік Жанболат, Серік Аббас-шах, Әміржан

Қосан, Мырзантай Жақып, Әубәкір Смайылов, Махат Садық, Қуаныш Иемберді, Арман Сқабылұлы, Болатбек Қожан, Роза Мұқанова, Нұрым Ерғали, Әбілғазы Көпбаев, Ерсайын Жапақ бастаған қимас достарымызбен курстас болдық. Қатарымызға «жұдырықтан қорықпайтын» курстағы інілер қосылған соң, біз «түн жортуылшыларының» қайсыбір «шабуылына» да төтеп бере алатындай алынбас қамалға айналдық. Екі-үш айға ұласқан текетірес біздің жігіттердің оңайлықпен «шағылмайтын жаңғақ» екенін дәлелдеп, содан бері 5-жатақханада «әлімжеттік» дейтін әпербақанның мүлдем жойылып кетуіне алып келгеніне тарих та, кейін бізбен айырыл-мастай достасып, бауырласып кеткен жоғары курстағылар да куә.

Дәріс берген ұстаздарымыз – Файзулла Оразаев, Темірбек Қожакеев, Тауман-Амандосов, Дандай Ысқақов, Әбілфайыз Ыдырысов, Намазалы Омашев, Қабиджан Құсайынов, Рахым Сатаев, Өмірхан Әбдіманов, Мамытбек Қалдыбаев, Қоянбек Ахметов, Мұбарак Үмбетаевтың берген тәлім-тәрбиесі болу керек, бүгінде жігіттеріміз де, қыздарымыз да бұқаралық ақпарат құралдарының түрлі салаларында абыроймен қызмет етіп жүр. Біздің курстан, мамандығымыз журналист болса да, әндері елге белгілі төрт сазгер, төрт ғылым кандидаты, төрт жазушы, төрт ақын, бір суретші шығыпты. Қазір бұлардың барлығымен де етене араласып тұрамыз.

Ұстаз демекші, біз де дәрісханада артқы партада отырып, Темірбек аға Қожакеевтен дәріс тыңдаған көп қазақтың біріміз. Лекциясы қызық еді. Өте қызық десем де болар! Бір өзі – бір театр! Лектор мінберінің ар жағында тұрып, әсіресе сықақ өлеңдерді шағын қойылымға айналдырып, бет мимикасымен мысал еткенде, күлкіге қарық болатынбыз. Екі пардың қалай зу етіп өте шыққанын байқамайтын едік. Осындай қызықтан құр қалғым келмей, алдыңғы партада отырғым-ақ келетін, бірақ... Шалт қимыл көрсетсең, тілімен түйреп түсетіні «ұнамайтын». Сондықтан ұстазыма объект болғым келмейтін. Ал біздің курста объект болғандар көп...

Бірде курстасымыз Ерсайын Жапақ Қожакеевтің сабағына дайындалмай келді. Дайындалмай келген адамның фамилиясының елден бұрын аталатын әдеті. Қожакеев журналды саусағымен жүгірте тұрып:

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

– Жапақов! – деп қалғаны.

Ерекең мұны күтпеген, абдырап, дайын еместігін ұқтырды.

– Неге?

– Кітабым болмады.

– Кітабың болмаса айтпадың ба, үйіңе-ақ апарып берер ем ғой, – деді Қожакеев қуақылана. – Қайда тұрасың өзі?

– Мына жақын жерде, Весновкада тұрамын ғой, ағай, – деді Жапақов жарқын үнмен.

– Әй, қу Жапақ-ай, менің қандай мағынамен айтып тұрғанымды сезсе ғой, – деп күлгені бар-тын ұлы ұстаздың.

Міне, содан біз біраз уақыт бойы Ерекеңді «қу Жапақ» деп жүрдік...

Ерсайынды зиялы жұрт суретші ретінде жақсы таниды. Біз, курстастары, Алексей дейміз. Алғашқы шимайларын Эстонияда Нарвада әскери борышын өтеп жүргенде-ақ сала бастаған. Алты жасынан өлең, жиырма жасынан ән жазып жүрді. Нота дәптерінде 100-ден астам музыкалық композициясы бар. Бірақ ол сазгерлікті ұңғыта кәсіп етпеді. Музыканы жай ғана жалғыз қалғанда көңіл қошын көтеру үшін жазды. «Мынау менің әнім еді» деп онысын ешкімге көрсетпеді де. Сондықтан әндері сурет галереясындағы ескі тартпасында шаң басқан күйі қалып қойды. Сосын сурет өнеріне біржола берілді.

Осы ортаны сағынамын кейде... Бауыржан Үсенов, Бауыржан Жақыпов, Светқали Нұржанов, Гүлнар Салықбаева, Мұратбек Дүйсенбеков, Әубәкір Смайылов, Амантай Шәріптің жатақхана дәлізінің бүйіріндегі қуықтай бөлмедегі әдеби ортада оқыған жырлары әлі есте. Біздің жігіттердің тырнақалды жырларын басқа оқу орындарындағы өлеңқұмар жастар да келіп тыңдайтын.

Менің де, Табылдың да (Досымов), Нұ-рымның да (Ерғалиев), Бауыржанның да (Үсенов), Әміржанның да (Қосанов), Бейбіттің де (Құсанбек), Серіктің де (Жанболат), Жарылқасынның да (Дәулетов) ертелі-кеш ермегіміз – домбыра мен гитара-тын. Қос домбыраны әнге қосып, (кейде үшінші дауысқа гитараны да қосақтайтынбыз), терциямен бірнеше дауыста сүйемел жасауды алғаш енгізгенімізді ол кезде өзіміз де байқамаған екенбіз. Балконда, не болмаса тамақ иісі мұрын жарған ас бөлмесінде жаңа туған әндерімізді

шырқайтынбыз. Әсіресе, ортадағы холлдың акустикасы жақсы болатын, ән әдемі естілетін. «Көтеріп ап кетіп ем, бұлқынбадың...» деп Табылдың, «Даусың қандай, дарига-ай, даусың қандай» деп Бейбіттің, «Сені алғаш көргенімде, мен өзіңе ғашық болдым» деп Уәлибектің, «Кеудемде самғайды арман, сен маған өкпелеме» деп Бауыржанның, «Жапырағыңмен бетімді бүрке, қайың» деп менің әндерімізді шырқағанда, ертеңгі коллоквиумды ұмытқан сауыққой студенттер әжептеуір жиналып-ақ қалатын.

Бірде Табыл досымыз әскерге баратын болып, шашын тақырлап алдырып келіпті. Сабаққа қалай барам деп уайымдап жүр. «Жігіттер, барлығымыз бірдей болсақ, алабөтен көзге түсе қоймаспын, сендер де шаштарыңды алдырып келіңдерші» деп қолқа салды. Дос көңілін жығамыз ба, алдырдық...

Менің де алғашқы әнім студенттік кезеңде туды. Бір күні табан астынан курстас – дос Құтөлеу Мұқаш үйленетін болды. Бүкіл курстастарға бұл үлкен уайымға айналды. Шәкіртақы таусылып, қалтаның түбі қағылған кез, көк тиын да қалмаған. «Не болса да, көрейік!» деген тәуекелшіл көңілмен бүкіл топ Темкеңнің (деканымыз Темірбек Қожакеевтің) көзіне түспей, аудиториядан абайлап қана шығып, «Қарағанды, қайдасың?» деп тартып кеттік.

Содан қызы бар, ұлы бар, бас-аяғы 12 адам алты билетпен жолға шықтық (ақшаның жеткені осылай болды). Билеті жоқ алтауымыз «қоянбыз». Көзге түспей, әр вагонда қашыппысып, уақыт өткізіп жүрміз. Әр билетке екі адамнан жармасып жүрген қулығымызды жолсерігі құрғырдың жүрегі сезетін сияқты, бірақ жол бойы қанша санаса да, билетсіз адамдардың санына жете алмай-ақ қойды...

Содан не керек, пойыз жүйткіп келеді. Студенттер көңілді. Той өтетін мекен – Ақадырға жақындаған сайын той сценарийі мазалап, ал қыздарды жас жұбайларға қандай сый тартпағы ойлантып, ұнжырғамыз түсе бастады. Бәрімізді «Құтөлеудің тойына қандай сыйлық апарамыз?» деген сұрақ мазалаған. Қалтада тиын жоқ. Үйленген Құтөлеу де, оған тұрмысқа шыққан Райхан да өзіміздің курстасымыз болса, қиналмай көр!

Түн. Жүрдек пойыз жүйткіп келеді. Студенттер ұйқыда. Стол үстінде жол бойы дастарханға айналған

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

«Лениншіл жастың» (қазіргі «Жас Алаш») қиындысы жатыр. Қиындыда – фотоэтюд. Оған жазылған екі шумақ өлең.

Ақ қайыңның төгіліп нұр шашағы,
Алаңқайды ақ қанат гүл басады.
Алақанға қондырып ақ сезімін,
Жас жұбайлар жарасып сырласады.
Бірін-бірі көргендей бірінші рет,
Көп қарайды жанымды ұғыншы деп,
Қалқатайын аймалап күйеу жігіт,
Қалындық түр күнәсіз күлімсіреп.

Ал пойыз тербетіле зымырап келеді. Доңғалақ ырғағымен ыңылдап едім, жарасымды бір әуен пайда болды. Келе-келе әнге айналды. Вальске ұқсайды. «Лениншіл жастың» бетіндегі әлгі екі шумақты салып, айтып көріп едім, әп-әдемі ән туып шыға келді. «Жас жұбайлар» деп ат таңдым. Таңертең тойға асығып, көңілдері алабұрттып келе жатқан курстастарыма «мынау бір жерден есіткен әнім еді» деп тыңдатып көріп едім, бәріне ұнады.

Осылайша, дүниеге «Жас жұбайлар» атты жаңа ән келді. Оны сәлден кейін бүкіл вагон, ал Ақадырдағы Құлтөлеудің үйлену тойында бүкіл ауыл айтып кетті. Кейін ол жастардың аузынан тастамайтын сүйікті әніне айналды.

Альбомымды ақтарсам, әр беті – бір тарих. Гитарасын қағып Табыл отыр, күй қызығына берілген Серік, фотоаппаратын жарқылдатқан Әбілғазы, ойлы кейіпте Құлтөлеу... Бұлар менің курстастарым – менің достарым!

ТАҢҒЫ ШЫҚТАЙ ТҰМСА ӘУЕН

Гүлдана ҚАРАБЕКОВА,
qazaquni.kz
24 маусым, 2017 жыл

Қатты ренжіп, не болмаса қиналғанда жұқарған жүйкенің не тыныштықты, не әдемі әуенді қалайтыны бар. Бұл – адамның табиғатына тән нәрсе.

Кей-кейде жүдеген жүз бен жабырқаған жаныңа жылылық құйып, жаныңның пернесін басып, бақыт құшағына орайтын әуен іздеп сарсылып кететін сәттер болады. Қазір жасы егде тартқан адамдар «Бұл күні тыңдайтын ән жоқ»,

– дейді. Рас-ау, қарткөңіл әлдебір келмеске кеткен күндерін аңсайтын шығар...

Кей-кейде қазақтың пейіліндей кең даласын, тұлпары шапқан жотасын, қыз-қырқыны қылмыңдаған қырқасын, ақ шашты ақсақалдай малдас құрған тауларын, ақ жаулықты әжелердің мейіріміндей сипап өтер самалын, бойжеткендей сыңғыр қаққан, сыбдырына құс тоқтап, құлақ тосқан бұлағын көз алдыңа әкелетін қазақы әуенді аңсайды екенсің. Таңғы шықтай тазалыққа тұнған, түп-тұнық мөлдірлікке, сары алтындай сафтыққа ұмтылған әндерді сағынады екенсің...

Негізі, қара өлеңге жан беретін – әсем әуен. Әуені келіссе, кез келген қара өлең жанданып шыға келеді емес пе? Соңғы кезде, батысқа еліктеген эстрадалық әндер көбейіп кетті. Көбінің сөзіне әуені, әуеніне сөзі жараспай, жақ талдырғаннан басқа берері жоқ екендігін талғамы биік өнерсүйер қауым байқап та жүрген болар.

«Ақ көңілдім, ақ арманым,
Не болып жүр саған, жаным?
Қаншама рет ойлансам да,
Құпияңды таба алмадым...»

Осы бір жанға жайлы, көңілге ептеп мұң ұялататын, жүрегінді тербеп, сан қиялға жетелейтін әсем әнді естіген сайын, «осындай ән туғызып, әуен шығартқан жанда арман бар ма екен» деп ойланатынымын.

Бұл әннің әуенін жазған сонау Түркістанда жатқан Бекжігіт Сердәлі аға екенін естігенімде таң қалмадым. «Иә, мұндай керемет ән керемет адамнан туса керек-ті» деген ой тұрды көкейімде. Кейіннен «Түркістаным – Тұраным», «Ризамын», «Ауыл жатыр той жасап», «Жас жұбайлар», «Текемет», «Бесік», «Айналайын, жеңеше» деген әндердің авторы осы аға екенін естігенде, шынын айтайын, қайран қалдым. «Апыр-ау, тіршілігінде қарапайым, көбіне өзімен-өзі жүретін ағаның мұндай қазына қай жеріне сыйып тұр» деп таңданғанымды жасырмаймын. «Шын талант иелері қарапайым келеді» деген рас екен.

Бала Бекжігіт мектепте оқып жүргенде саусақтары майысып, суретті тамаша салатын. Негізінен, ол мектепте суретшілік өнерімен кең танылды. Сонысына қарап, жұрт оны суретші болатын шығар деп ойлайтын. Іс жүзінде олай болмады. Суретшіміз – сазгерге айналды.

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Іс-қимылы ширақ, осы бір қара бала өзімен-өзі жалғыз қалғанда әдемі бір әуеннің ырғағымен ыңылдайтын да жүретін. Бастапқыда оған соншалықты мән беріп жатқан да ешкім болмайтын. Ойынның қызығына тоя қоймаған балдырғанның балғын шақтағы мұндай «лирикалық» сәттері аз кездеспейді ғой. Мына баланың бойындағы әлгіндей ерекшелікке де әке-шешесі әншейінгі үйреншікті нәрсе ретінде қараған да қойған.

Өйтпегенде қайтеді, тұла-бойын сазды әуен барлап алған қарадомалақтың, яғни, Бекжігіттің әкесі Кенжебек қара жұмыстың қайсысына салсаң да мойымай атқара беретін, ауырсынып бір қыңқ етпейтін кәдімгі шаруа адамы. Анасы Оңласын да үй шаруасының күнделікті күйбеңімен қолы босамайтын, барлық мейірімін отбасына төккен қарапайым ғана ауыл әйелі. Яғни, қазақтың көп сөзге жоқ, бірақ шатшадыманы бір өзіне жететін шаңырағы.

Ал, бала Бекжігіттің жүріс-тұрысы жаңағыдай. Құлаққа жағымды, жан дүниенді шымырлатар ән-әуен оның қыр-соңынан қалмай, ереді де жүреді. Сол әуеннің әлдиімен мектепке барды, үздік оқыды.

Кенжекеңнің үйімен Тәуірбек Дүйсенбиев деген ағайынның үйі көрші тұратын. Бұл – бүкіл ауылға белгілі өнерпаз еді. Бір күні сол көпшілікке танымал Тәуірбегіміз сынып қалған ескі домбырасын күлге апарып тастай салғаны ғой. Мұны байқап қалған Бекжігіт дереу оны жинап әкеліп, әкесіне құрастыртып, жөндетіп алды. Оңаша қалған сәттерінде домбырасын дыңғырлатып, үйрене бастады. Көп ұзамай жап-жақсы домбырашы болып алды. Күндердің күнінде Бекжігіт шаршы топтың алдында әуелетіп ән салып тұрғанында баяғы Тәуірбек өзінің «сынық» домбырасын танып қалып, таң-тамаша қалғаны бар еді.

Білетіндердің айтуынша, Бекеннің атасы Сердәлі – сөзге шешен, елге сыйлы, беделді адам болған екен. Оның үстіне ата-бабалары мекен еткен, Бекжігіттің кие тұтар атақонысы – Ақсары даласы да өзіне өзгеше бір қуат беріп тұрар еді. Осынау дархан көңілді, жотасы мен әр қамыс, жыңғылына дейін ән салатын атамекені қойсын ба, төл перзенттеріне былайғы елдің бәрінде бірдей кездесе бермейтін дарын дарытқан солар ғой.

Несін жасырамыз, сексен алтының Желтоқсаны ән

тербеген көңілдерге ауыр-ауыр сызат түсіріп кетті. «Алаңға неге барасыңдар? Араларыңда Оңтүстіктің балалары неге көп? Партия жиналысында ұлтшыл декандарың Темірбек Қожакеевті қолдап сөйлеп жүрген қайсың?». Қойшы, әйтеуір, қарша бораған осы сияқты зілді сауалдардың саны бітіруші курстың старос-тасы, студент-сазгер Бекжігіт Сердәліден бастап, бәріне арналған «Бірде-біреуің Алма-тыда қызметке қаламыз деп дәмеленуші болмаңдар. Сен-дердей ұлтшылдықтың уымен уланғандарды астанада қалдыру – қауіпті. Алыстағы аудандық газеттердің сапасын көтересіңдер!» – деген суық нұсқауға ұласты.

«Қазақ» радиосына орналасып қойған жерінен қайта босап, шалғайдағы кеншілер қаласы Кентаудан бірақ шықты. Осындағы жергілікті газетке арнайы жолдамамен келіп, жұмысқа кірісіп кетті. Шағын ұжыммен бірден тіл табысып, қатардағы тілшіден бастап, редактордың орынбасарлығына дейінгі қызмет баспалдақтарының бәрінен өтті. Журналистік жүйрік қаламы өткір мәселелерді көтеріп, кемшіліктерді ойып тұрып көрсетті. Қалалық «Кентау шұғыласы» газетінің беделі артты. Газет редакторының орынбасары Бекжігіт Сердәлінің бастамасымен Кентауда алғаш рет тіл жанашырларының басы қосылып, «Ана тілі» қоғамы құрылды. Қазақ тілін қорғау жолындағы қозғалыс әлі кең өріс ала қоймаған кез болатын. Студенттік шақтағы, сексен алтының желтоқсанындағы «негелерге» енді қысқарған атауы үш әріптен тұратын құпиялы мекеменің сұсты қызметкерлерінің «Неге тілді насихаттайсың?» – деген қатқыл сұрақтары мен қудалаулары қосылды. Бекжігіттің қоғамдық жұмыстардағы мұндай ел тағдырына жанашырлықтан туған белсенділігі лайықты бағасын алды. Сан мәрте Кентау қаласы әкімі мен қалалық мәслихаттың сый-сияпатын алды. Сайлаушылардың ұсынысымен Кентау қалалық мәслихатына депутаттыққа сайланар тұста белді-белді мекемелердің белді-белді шенеуніктерімен «қарсылас» болып, талай-талай қиямет-қайымды да көрді.

Бекжігіттің жүрек түкпірінен сонда да ән кетпеді. 1992 жылы Темірланда өткізілген жас сазгерлер байқауында «Жас жұбайлар» (сөзі Ө.Оралбаевтікі) және «Сүндет той» (сөзі Б.Оспановтікі) әндері үшін дипломант атанса, 1997 жылы Шымкентте ұйымдастырылған «Үкілім-ай» деп аталатын

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

ән фестивалінде «Бұл қазақ», «Айналайын жеңеше» деген әндері сазгерге лауреат атағын әперді. Бұдан басқа «Текемет» (сөзін жазған Т.Қалмырзаев), «Ризамын» (Б.Оспанов), «Неге, Неге» (Р.Балабиев), «Аман жүрші, ауылдың адамы», «Ахоу, арман» және басқа әндері бүгінде ән сүйер қауымның жүрегіне жол тапқан танымал туындыларға айналды.

Жастарға Бекжігіт Сердәлінің әндері несімен ұнайды? Оның басқа сазгерледен ерекшелігі қандай? Ең алдымен Бекжігіттің әндері ұлттық нақышқа өте бай, халқымыздың классик дарындарының мол мұраларын бойына сіңіріп, игеріп алған. Жастардың үйренуіне жеңіл, орындаушыға оңтайлы болып келеді...

Бекжігіттің Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы қызметіне ауысқанына бір жылдай уақыт өткен. Студенттер арасында «сазгер ағай» болып танылып қалған кезі. Жазғы сессия басталып, аудиториялар абыр-сабыр болып жатқан. Бекжігіт сабаққа қолына домбыра ұстай келді. Әлденеге абыржулы көрінді. Өзімен бірге оқытушылық қызмет істейтін курстас досы мұның себебін білгісі келіп, қадала сұрап қоймады. Бекжігіт сонда Шымкентте өткізілетін сазгерлердің аймақтық байқауына бара жатқанын, өзіне-өзі сенімді болғанымен, дүниені қаражат билеген мынадай уақытта демеушілік көмек көрсететін ұлтжанды азаматтар табылмай, қинап тұрғанын айтқан. Дарынды жанға жанашырлық танытуға ылғи да осылай енжар қарайтынымызға күйінгенімізбен амалымыз таусылып, қолымыздан бар келгені – сәт-сапар тілеу ғана болды. Сол тілегіміз қабыл болды ма, екі күннен кейін Бекжігіттің әндері аймақтық байқауда бас жүлдені иеленіп қайтты.

Республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Түркістанға келген бір сапарында университеттің студент-жастарымен кездескен болатын. Сол кездесуде Бекжігіттің әндері де орындалды. Нұраған жүрекке жылы әндердің кімнің әндері екенін сұрап, ән жөнінде ыстық ықыласын білдірді. Бұл да болса жақсы әнге деген Елбасы тарапынан берілген әділ баға ғой деп ойлаймыз.

Түрлі адамдар болады. Біреулер аз ғана табысына ма-сайрап, дандайсып, кеуде қаға бастайды. Кейбіреулер елеусіз

жүріп, тынымсыз еңбек еткенді тәуір көреді. Бекжігіт, міне, сондай жан. Оны былайша ешкім байқай бермейді. Көптің бірі ғана секілді. Ал, әндерін бүкіл ел айтады. Мұндай жандар тасада қалып, еңбегін әлдебір пысықайлар пайдаланып та кететін кездер аз кездеспейді. Сондықтан да, ел ішінде еленбей жүрген осындай дарынды жандарды дәл уақытында танып, бағалай білгенге не жетсін?!

«Ел іші – өнер кеніші» дейді халық. Сол кеніштен қайнап шығып, өзіне ғана тән әуендері қалықтап, өз тыңдармандарының жүрегіне жол тапқан сегіз қырлы, бір сырлы ағамен сырласуға да асықтық.

– Бекжігіт аға, ең алғашқы әуендеріңіздің дүниеге келу тарихын айтып беріңізші.

– Бір қызығы, алғашқы әндер есте қалмапты. Бірақ, ҚазМУ-дың дайындық бөліміндегі курстастарым отырыста қолқалап айтқызатынына қарағанда, тәуір әндер болған сияқты. Нотаға жазып қоймағандықтан, қазір қанша ыңылдап есіме түсірейін десем де, еш келтіре алмаймын. Менде жалпы, дер кезінде нотаға түсірмегендіктен ұмыт қалып жататын әндер көп болады.

– Алғашқы әніңіз есте ме?

– Тұңғыш әнімді Тұманбай Молдағалиевтің сөзіне жазып едім. «Кешір мені» деп аталады. Өзімнен басқа ешкім айтқан емес. Ондағы «Кештер қайда қымбат ондай, келді-ау жетіп жетім күн. Жылатып ап, жұбата алмай, кеткеніме өкіндім» деген сөздер қатты әсер еткен болуы керек... Студенттік ортада бұл әнімді жақсы айтты. Бір қасиетім, жаңа әнімді алдымен дас-тархан басында «біреуден есіткен ән еді, тыңдап көріңдерші» деп естіртіп алатынымын, ел қалай қабылдар екен деген ой ғой. Салған жерден «менің әнім еді» деп айтуға қымсынушы ем. Кейін ондай әндерімді иеленіп кеткендер де болды.

– Әуен шығару үшін алдын-ала жоспарлайсыз ба?

– Жоқ, әлдебіреулер сияқты алдын-ала жоспарлап, тапсырмамен ән жазған емеспін. «Сүйіктіме», «Ғашығыма» деп ән жаза беретіндер бар ғой. Ән жоспарсыз, жүрек әмірімен тууы тиіс. Ал жүректің ән туғызуы өте сирек. Содан да болар, менде ән аз. Осы «менің пәлен жүз әнім бар» дейтіндерге таң қаламын. Ел айтпаған ән – ән емес. Кейде менен «қанша әніңіз

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

бар?» деп сұрайды. Мен ел ішінде айтылып жүрген әндерімді ғана есепке алып, сонша әнім бар деп жауап беремін.

– *Әуен шығару үшін жер талғайсыз ба?*

– Оңашалықты қалайтыным рас. Бірақ, көп әндерім жол үстінде туған. Не пойызда, не автобуста... Ваннада отырып ән жазған кездерім бар. «Жазды» деген аты ғой, ыңылдап домбыраға не магнитофонға түсіргенімді айтамын. Жалпы, әнді домбыра арқылы, не саусағымды шертіп отырып шығарамын. Бірнеше рет қайталап, еске сақтауға тырысамын. Есте сақталмағаны ұмыт болады. «Ұмытылғаны – на-шар ән болғаны» деп өзімді жұбатамын.

– *Қандай бала болдыңыз?*

– Шығармашылық адамдарының басым бөлігі, өзін биік етіп көрсеткісі келе ме, сұхбаттарын «бала кезімде бұзықтау болдым», «пәленшекең ауызымы түкіріп кетіп еді» деп бастайды. Мен олай болған жоқпын. Ешкімге зәбірім тиген емес. Еңбекқорлығым болды. Ата-анама шаруа жайымен көп жәрдем беретінмін.

– *«Жұлдыз» ауруына шалдыққан жоқсыз ба?*

– Осы «жұлдыз» деген атауды, мадақ па, мақтан ба, әйтеуір, әншілердің иеленіп алғанына қайранмын. Шетелде әнімен әлемге танылған, дүйім ел ауызынан суы құри тыңдайтын Уитни Хьюстон, Патрисия Каас, Кэти Перри, Таркан, Мұстафа Сандал, Энрике, Ализе сияқты небір айтулы әншілер бар. Өзіміздің Бибігүлді, Ескендірді, Нұрғалиды алыңыз. Бірақ олар, неге екенін білмеймін, өздерін жұлдыз санамайды. «Жұлдыз аспанда болмай ма?» деп күледі. Ал, біздегі әншілер сахнаға «жұлдыз» деп шақырмасаң, біртүрлі өкпелеп қалатын болып жүр. Кейде телевизиялық шоу бағдарламаларында жүргізушінің есінен шыға бастаса, «мәселен, біз сияқты жұлдыздар» деп есіне салып отыратын әншілер де бар. Сонда бұл не? Қолдан танымалдылық жасау ма? Оның ар жағында той-бизнесіне деген бәсекелестіктің құлағы қылтиып тұрған жоқ па екен? Өйткені, тойдың әншілер үшін баюдың негізгі көзі бол-ғаны қашан. Бұрын ата-әжелеріміз «әртіс деген не, тәйірі... қаңғып көшеде қаласың ғой» деп ұрсушы еді, енді әншіден бай адам жоқ.

– *Түркістан қаласында тұрасыз. Яғни, өнері мен мәдениеттің ордасы Алматыдан, облыстың орталығы Шымкенттен алысқасыз. Шалғайда жүріп, шығармашылықпен*

айналысу қиындық тудырмай ма?

– «Өнер – өріс таңдамайды» деген тәмсіл бар. Жұрт сияқты «Алматы, Астана» деп арман қумай, ауылда – туған жерімізде қарапайым тірлік кешіп жатырмыз. Дегенмен, үлкен қалалардағыдай емес, мұнда сені ешкім елемейді. Тіпті, тәп-тәуір ән шығара қойсаң, оныңды ел айта бастаса, қасыңда жүрген шығармашыл достарыңның өзі қызғаныштан өзегі өртеніп, күндеп, өсектеп, сені сыртқа итере бастайды. Сосын ешкімге «зияным тимесін» деп, біраз болды, Түркістанға, сосын ғылымға көшіп кеттім. Оларға (қолында билігі барларға) «Мен пәленге толдым», «Түлен сыйлық алдым» деп өзін айтуың керек. Ал менде ондай қасиет жоқ. Біреудің алдына барып, бұйымтай айту – қаныма жат. Алматы мен Астанада – басқаша. Мәдениеттің тұтқасын ұстап отырғандардың өздері айтулы даталарды жоспарға енгізіп, сенімен байланысып, әйтеуір атаусыз қалдырмауға тырысады. Содан ба, ондағы өнер адамдарының шабыты ерек. Көңіл бөлініп жатқан соң, тіршілік жасауға асығады. Кейде таныстарым менен сұрайды: «Ән жазбай кеттіңіз-ау осы» деп. Неге жазбайын, жазып жатырмын. Бірақ оным кімге керек? Әншілер иық жұлған той әндерін сұрайды. Сахна мамандары болса қолда барға ғана ие, оларға жаңа ән іздегеннен гөрі маңайындағы «кезекші» өнерпаздарды шығара салған тиімді. Репертуарға қарап жатқан көркемдік кеңес тағы жоқ. Осыдан келіп «пұшық болса да бай-дың баласы айтсынның» кебін киіп отырмыз.

Кейде «ауыл елемеді ғой, үлкен ауыл қалай екен?» деп Алматы жаққа көз тіксең, онда да ат төбеліндей белгілі бір топтың өнер тізгінін мықтап ұстап отырғанын байқайсың. Сахна да, телеарна да солардың шылбырында. Бар-ғаныңмен бос әурешілік, олардың «худ-советі» тек таныстарына ғана жұмыс істейді.

– Аймағыңызда әдеби орта бар ма?

– Ресми ортадан бөлек, өзара дастархан басында, бір-бірінің қуаныш-қайғысында шүйіркелесе кететін сауық-думан ортасын аңсайтынымыз рас. Ілгеріде өнер азаматтары бас қосып, «Бастаңғы» клубын құрған едік. Онда апта сайын әлдекімнің үйінде думандатып, шығармашылық жетістіктерімізбен бөлісіп жатушы едік. Жаңа әндердің де, тырнақалды туындылардың да тұсауы сол ортада кесілетін. Қазір өзің жазған шығармаң өзіңнен басқа ешкімге керек

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

емес. Тек әкімшілік жағалап, орден-медаль сұрап жүрген шалдарды, өнерпазсымақтарды ғана көресің. Ал жастар жағы шығармашылықты табыс көзіне айналдырып алған. Батыстан алған арзан қуыршақтарымен (Сезам), КВН-дарымен елді алдауқартып, нағыз өнер сол екен деп жүр.

– *Есіңізден кетпейтін сәттеріңіз жайлы сыр шертсеңіз...*

– Есімнен кетпейтін сәт – 86-ның ызғарлы Желтоқсаны. Таңертең сабақтан қашып кетудің мұң болғаны, алаңдағы ұлтым деп ояңған рух – бәрі есте... Екінші естен кетпейтіні – Жастар сыйлығын алуым. Конкурстық комиссияға пошта арқылы құжаттарымды жібергем. Комиссия шешімін газеттен оқығанда, таң қалдым. Менің емес, өнердің бағаланғанына риза болдым.

– *Бақыт дегенді қалай түсінесіз?*

– Адамға лайық өмір сүрсең, бақыт деген сол.

– *Жылдың қай мезгілі жаныңызға жақын.*

– Көктем. Жалпы, менің әндерімнің дені осы көктемде туады.

– *Өмірде нені армандайсыз?*

– Армандайтыным – Алматы, Астана сияқты үлкен қалада тұрып, өнер ортасында жүру. Қытайда, Моңғолияда, Чувашияда, Алманияда, Мажарстанда бірқатар әндерім орындалып жүр. Сондағы шығармашылық қауым жыл сайын қонаққа шақырып жатады. Қол қысқа, бара алмай жүрмін. Арманым сол – қолды бір сілтеп, достарымды ертіп, салсерілікпен сол елдерді аралап қайтсам деймін.

– *Өмірлік қағидаңыз, ұраныңыз?*

– «Ең бастысы, өзіңе сен, маңындағы адамдардың көзқарасы күнде өзгереді».

– *Кімдердің әнін сүйіп тыңдайсыз?*

– Халық әндерін, Ескендір Хасанға-лиевтің, Әсет Бейсеуовтің шығармаларын...

– *Аға, адамдар санасында «ақшаң болса, бәрі де болады» деген ұғым бар. Сіздіңше...*

– Басқа жақтарды қайдам, дәл біздің өңірде солай.

– *Өркениеттілікке барар жолда біздің қоғамға жетіспейтін нәрселер.*

– Тіл еркіндігі және әділдікке қол жеткізе алмайтынымыз...

– Адам бойында жақтырмайтын қасиетіңіз?
 – Уәде беріп тұрып, орындамау.
 – Адам бойындағы нені бағалайсыз?
 – Турашылдық. Өтірік айтпау, өсек айтпау.
 – Ренжіген сәтіңізде жаныңызға саяны қайдан іздеп, қайдан табасыз?

– Менің бір ерекшелігім, не өзімнен тым үлкен, не өзімнен көп жас кіші адамдармен дос, сырлас болатыным. Ренішімді көбіне сол адамдарға айтып босаймын. Әйтеуір, бір қонаққа барып, көңіл көтергенді тәуір көремін.

– Жалпы әншілерге әніңізді тегін ұсынасыз ба, әлде сата-сыз ба? Егер әндеріңізді сататын болсаңыз, бір әніңізді қаншаға бағалайсыз?

– Ән сату – өнерді сатумен бірдей деп ойлаймын. Байқайсыз ба, ән бизнеске айналғалы жөні түзу ән туудан қалды. Өйткені әнге тапсырыс берген әнші оның ұлттық болмысынан гөрі ырғақтылығына, биге ыңғайлылығына, шығыстық иіріміне ғана көңіл бөледі. Ал мен әннің ұлттық нақышын бірінші кезекке қоятын адаммын. «Бесік», «Текемет», «Аман жүрші, ауылдың адамдары», «Шашбаулым», «Әке-Ана», «Қазақ жауынгері» сияқты әндер сол мүддеден туған. Қазір шоу-бизнесті (дұрысы, той-бизнесті) желеу етіп байып жатқан әншісімақтар көп. Ал оларға ақша жылдам келу үшін «Чип-чип», «Кис-кис» сияқты мағынасыз әндер тиімді. Осы кезге дейін ән сатқан да, әншілерді қуалап ән берген де адам емеспін. Өздері қалап алып жатса тегін бере салғанды жөн көремін. Хадиша Шалабаева, Есет Сәдуақасов, «Нұр-Мұқасан» дуэті, Асқар Жайлаубаев, Азамат Есқұлов сияқты әншілермен осылай шығармашылық байланыс орнады.

– Қазір ұстазсыз. Жастарды журналистикаға бейімдеп, бағыт бағдар беріп жатырсыз. Бүгінгі шәкірт, ертеңгі журналистердің қарым қабілеті қалай?

– Жалпы, Түркістанда бітіріп жатқан журналист-шәкірттер жаман емес. Алғашқы түлектеріміз 98-ші жылы түлеп ұшса, бүгінде бітірген барлық түлектердің 80 пайызы өз мамандықтары бойынша түрлі салаларда еңбек етіп жатыр: жергілікті-облыстық БАҚ құралдарын айтпағанның өзінде, «Қазақстанның Бірінші арнасында» – 2, «Егемен Қазақстанда» – 2, «Хабар» агенттігінде – 5, «Қазақстан»

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

ұлттық арнасында – 6, «Қазақ» радиосында – 4, «Айқында» – 2, «Қазақ үнінде» – 1, «Астана хаба-трында» – 7, «Оңтүстік Қазақстанда» – 7 шәкірт қызмет етуде. 2 шәкіртіміз – кандид-таттық, 6 шәкіртіміз – магистрлік қорғаған.

– Сіз ұстазсыз әрі кәсіби журналистсіз. Сазгерсіз. Осы салалардағы жауапкершіліктің бар-лығын бірдей алып жүру қиындық туғызбай ма?

– Адам, ең алдымен, материалдық тіршілікке тәуелді. Ал ол күнделікті наныңды тауып отырған жұмысың. Ал қалғаны – әуесқойлық. Адам жұмыстан – рахат, ал әуесқойлықтан – ләззәт алуы тиіс.

– Қазіргі қазақ әндеріне көпшіліктің көңілі толмайды. Сіз қандай пікірдесіз?

– Мен әншінің репертуарындағы емес, халықтың ауы-зында жүрген әндерге ғана көңілім толады. Әннің төресі – ел жадындағы әндер. Ал өз әндерін телеарнаға тықпыштап, мың жерден, өздері айтқандай, күндіз-түні «крутит» етіп, жұлдыз болғысы келіп жүр-гендер бәрібір Шәмшінің әндеріндей ел ауы-зында қалатын әндер туғыза алмайды. Биз-несті қуған бір сәттік әндердің ғұмыры қысқа.

– Шығармашылығыңызда не жаңалық?

– Кейінгі жылдары біраз ән жаздым. Көпшілігі лирикалық және патриоттық әндер. Той әні болмаған соң әншілерге ұсына алмадым. Есеп беру керек сияқты дейді жұрт... Бірақ, кімге? Залды толтыру үшін мектептен қуып әкеліп жинайтын, арт жақта отырып алып, «сотка» ойнап, бір-бірін «селфилететін» балаң жастарға ма? Әлде, рухани байлықтан гөрі сериалды қымбат санайтын орта буын аға-әпкелерімізге ме? Мен үшін есеп беретін орта – дастархан басы, ел іші...

– Мұхтар Шаханов айтпақшы, «жоғалтудан, іздеуден және табудан тұратын» мына өмірде не жоғалттыңыз, не таптыңыз, не іздеп жүрсіз?

– Жоғалтқаным – қайта оралмас жастығым, тапқаным – тәуелсіздігім, еркіндігім, іздейтінім – әдемі бір ән...

– Рахмет, аға! Алла жаныңызды жақсылықтан, әсем әуеннен айырмағай!

– Әйелімүшіншісәбиімізгетолғаққысып, перзентханаға түсті. Алдыңғы екеуі қыз болатын. Үшіншісі ұл болса деген пенделік арман ғой сол баяғы... Үйге Темірғали деген до-

сым келген. Екеуіміз жақсылап шай қайнатып, сүт қатып, термосқа құйып, оны жылы орап, перзентханаға шықтық. Жақындай бере досыма «сен баршы, ұл болса сүйіншіңе бір тай берермін» деп өзім жүрексініп сыртта қалып қойдым. Бірақ көңіл құрғыр тыным табар емес, бір құлағым есік жақта. Темірғали қоңырау басып, кезекші мейірбикені шақырып, жағдай сұрай бастады. Әлгі мейірбике «құтты болсын, қыз болды, қыз болды!» деп тақылдап қоймайды. Досымды жібергенімді қайтейін, барлығын естіп тұрмын. Ұнжырғасы түсіп досым келді, бір-бірімізді құттықтағандай болдық. «Ештеңе етпес, атын Айбала қояйық, сонда ендігісі дәл бала болады, – деді мені жұбатып. – Тайдан айрылғаным жаман болды да», – дегенді тағы қосты... Екеуіміз үйге келдік. Қарасак, термостағы шайымызды да беруді ұмытып кетіппіз... Айтқандай-ақ, төртіншіміз ұл болды ғой! Енді Темірғали досыма бәрібір бір тай қарызбын.

"ЖАС ЖҰБАЙЛАР" - ПОЙЫЗДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН ТОЙҒА ТАРТУ

<https://massaget.kz/>

Атақты «Жар-жар» әнінен кейін кез келген шаңырақ көтеру тойында «Жас жұбайлар» әні шырқалады. Қосылған екі жастың бақытына ортақтасып, игі тілектер айтылатын бұл әннің туу тарихын, сірә, көпшілік қауым біле бермейді. «Жас жұбайлар» әні темір жол үстінде келе жатқан пойыз купесінде дүниеге келген. Сазгер Бекжігіт Сердәлі студенттік жылдары досы Құлтөлеудің үйлену тойына бару үшін, курстас жолдастарымен бірге пойызбен Жезқазған қаласына қарай жол тартып кетеді. Купе ішінде «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетін дастархан етіп жайып қояды. Газет бетінің бір бұрышында бір-біріне мейірлене қараған қыз-жігіттің фотоэтюді жарияланып, астында ізгі лебіздерге толы екі шумақ өлең басылған. Бір-бірін толықтырған өлең мен фотосурет Бекжігіт Сердәлінің көңілінен шығатыны соншалықты, сазгер лезде өлең жолдарын жаттап алады. Сол сәтте тойға бара жатқан студенттердің бірі «Тойға апарар сыйымыз қандай болмақ?» деп сұрақ қоя жөнеледі.

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Бұл сұраққа жауап таба алмай, жас қыз-жігіттер әбден ойланады. Дәл сол кезде Бекжігіт Серәлі жаңағы өлең жолдарын еске түсіріп, әуенге салады. «Дайын болды-ау» деген сәтте, жанындағы достарына айтып береді. Ән барлығының көңілінен шығып, Жезқазған қаласына жеткенше барлығы айтып, сөздерін жаттап алады. Алғашқы орындаушылары жас қыз-жігіттерден кейін бұл ән тойда шырқалып, кейін күллі ауыл, қала, аймаққа таралып үлгереді. Алайда, ән авторы өлең жолдарын жазған ақынды іздеп таба алмайды. Бірде ҚазМУ қалашығындағы №5-жатақханада «Журналистика» факультеттерінің студенттері «Лениншіл жас» газетінің ұжымымен кездесу кешін ұйымдастырады. Кеште болашақ журналистер газет тілішлерімен жүздесіп, дидарласады. Кездесу соңында жиналған қауым келген қонақтардың құрметіне «Жас жұбайлар» әнін орындап береді. Ән соңында қонақтардың арасында отырған «Лениншіл жас» газетінің әдебиет бөлімінің меңгерушісі, ақын Өтеген Оралбаев «Бұл менің өлеңім ғой!» деп айқай салады. Осылай араға екі жыл уақыт салып, тамаша әннің қос авторы бір-бірін табады. Тойға тарту ретінде шырқалатын әсем ән бұл күнде халық құлағына әбден сіңісіп кеткен. Кездейсоқ жолда дүниеге келген ән талай жастың қуанышында әлі де әуелей беретіні хақ.

ПОЙЫЗДА ТУҒАН ӘН

*Жұпар Жақан,
Қарағанды қаласы*

Түркістан сапары ерекше әсерге толы сапар болды.

Көңіл де тоқ, өзім де тоқ. Дастарқан басындағы әңгіме қыза келе сөз тізгінін Халықаралық қазақ тілі қоғамының төрағасы – Бақытжан ағай алды. Әңгімені сыпайы тыңдап отырған Бекенді – Бекжігіт Сердәліні таныстырды. «Білем ғой» деп басымды шұлғып қоямын. Олай дейтінім, пандемия кезінде жаппай онлайнда отырғанда, Түркістандық әріптестердің өтінішімен екі-үш семинарға спикер ретінде қатысқаным бар. Сонда жиынды сәнімен жүргізген Бекендінің кішіпейілдігіне, елгезектігіне, биік парасатына тәнті болған едім.

Солайы солай ғой. Ең бастысын білмеген екенмін.

Мықты ғалым, жақсы журналист, текті азамат деп келе жатып, Бекеңді танымал әндердің авторы – композитор демесі бар ма? Күндіз Иассауи бабамыздың басына тәу ете барып, кесенені аралаған әсерімнен арыла алмай отырған мен үшін әсер үстіне әсер жамалғандай. Біраз үнсіз қалдым – білмегеніме ұялдым.

Жөн сұраса келе, түбім Шет ауданынан екенін айтқан кезде, әңгімеге Бекеңнің өзі араласты: «Сіздің жақта ерте-ректе бір ән туып еді», - деп бір қойды. «Ақ қайыңдар төгіліп нұр шашады» деп басталатын «Жас жұбайлар» әні деп жалғастырды сөзін. Композитор дегеннен бөлек, осы әннің авторы екенін естігенде көз алдыма Нұрмұхан мен Бақтияр бейнесі келе қалды. Екеуі де филология факультетінде оқыған студентіміз. Әнді бар ғой, енді тамаша орындайтын. Бақтияр 3-4 жыл бұрын қайтыс болыпты. Жаны жәннәтта болсын, нағыз сырбаз жігіт еді.

Сол жылдары – тоқсаныншы жылдардың басында Көкшетау пединститутында әнші жастар көп болды. Соның ішінде осы екі жігіт қос дауыспен айтқанда, дауыстары әдемі жымдасып, жүрек тербейтін. «Жас жұбайлар» екеуінің репертуарынан тұрақты орын алған ән болатын. Той-томалақта, тіпті жай отырыстарда да жастардың гимніне айналған ән еді. Ойша олардың орындауындағы әнді санамда жаңғыртып отырмын:

Ақ қайыңдар төгіліп нұр шашады,
Алаңқайды хош иіс гүл басады.
Алақанға қондырып ақ сәулесін,
Жас жұбайлар жарасып сырласады.

Іштей күбірлеп қайталаймын өзімше. Кішкене көңілім бұзылғандай.

Ташкен шайына қанып алған Бекеңнің әңгімесі ән тарихына қарай ойысты. Сексенінші жылдардың орта кезінде курстас досы үйленіп, бір топ қыз-жігіт пойызбен Алатаудан Арқа жеріне аттанады. Бағыттары – Ағадыр.

Әзіл-қалжыңы жарасқан достарды «Тойға не сыйлаймыз?» деген сұрақ толғандырады. Қызыққұмар жастар алыс сапарға шыққан, жұқа қалталарында жол шығынынан артық тиын-тебеннің жоғы белгілі. Содан бәрі Бекеңе қолқа салады.

Жөппелдемеде көптің көңілінен шығатын ән тудыру оңай ма? Тадай әуенді ыңылдап көреді. Ұнатпайды. Керегі басқа екені белгілі. Сәйкестік пе болмаса кездейсоқтық па, кенет көзі үстел үстіндегі «Лениншіл жас» газетінің қиындысына түседі. Авторы көрсетілмей, қыз бен жігіттің суретінің тұсына екі шумақ өлең жазылыпты. Жылдам көз жүгіртіп оқыса, өлең жолдары әнге сұранып тұрғандай көрінеді. Сөйтіп алабұртқан көңіл, ұзақ толғаныстан соң өмірге «Жас жұбайлар» әні келген екен.

Ойланып қалдым. Шабыт қысса, әннің қайда болса да туатыны белгілі. Алайда дәп үйлену тойына санаулы сағаттар қалғанда, осындай сезім қылын шертетін, мағынасы терең әннің тууы деген...

Жаңа әнді қыз-жігіттер жас нәрестедей әлдилеп, ән вагон толы көпті әлдилеп, барар жерлері – Ағадырға жеткенше орындалады.

Ән арналған жас жұбайлар Бекеңнің курстас досы – Құлтөлеу ағамыз, кәдімгі жазушы, журналист Құлтөлеу Мұқаш пен оның жары екен. Іштей: «Тойына арнайы ән шығарылған, сыйлық ретінде керемет ән тарту етілген Құлтөлеу ағай неткен бақытты!» - деп қоямын. Бекең де сөзін әрі қарай сабақтап, той үстінде орындалған ән сол тойдың сәні болғанын қосып қойды.

Ең қызығы, «Жас жұбайлар» әнінің сөзін жазған ақын көпке дейін жұмбақ күйінде қала беріпті. Екі жыл өткеннен кейін ғана «Лениншіл жастың» сол кездегі әдебиет бөлімінің меңгерушісі, ақын Өтеген Оралбаев екені белгілі болады. Бұл оқиғаның да кіші-гірім тарихы бар екенін ән авторынан білдік.

«Неге, неге» «Ауыл жатыр той жасап», «Түркістаным – Тұраным», «Астана – асқақ ән» секілді бас-аяғы әжептәуір ән тудырған Бекжігіт ағамыздың тағы бір тамаша қасиетіне тәнті болдым. Өрекпуі жоқ, менмендігі жоқ, мақтаны жоқ. Сол баяғы сырбаз, сыпайы қалпын жоғалтпайды екен. «Қаншама әнім болғанмен, дәл алтауын көпшілік сүйіп орындайды. Өзімнің де көңілімнен шыққан еді. Кейде қалжыңдап алты әннің авторы екенімді айтамын», - дейді Бекең.

Қарағандыға жеткенде осы әңгімені жазармын-ақ деп ағама уәде беріп кетіп ем. Сәті бүгін түсті.

«БІР ӘНГЕ КЛИП ТҮСІРІП, «ЖҰЛДЫЗ» БОЛЫП ЖАТҚАНДАР АЗ ЕМЕС»

Сұхбаттасқан Гүлжаз Қыдықбекова.

– Аға, біраз болды, еш жерден көрінбейсіз? Ән жазып жүрсіз бе?

– Жасыратыны жоқ, бізді – ауылдағы өнер иелерін айтамын да, орталық баспасөздің ұмытқаны қашан. Шоу-бизнеске қатысты қайсыбір басылымды ашсаң-дағы санаулы әртістерді насихаттаудан әріге аса алмай жүр. Қазір сол «санаулы әртістердің» өмірбаянын жаттап алдық десек те болар. Ал ауыл өнерпаздарының айтары көп... Басылымдарыңыздың сұхбат бер деп сауға салғанына, шынымды айтсам, әдепкіде таң қалғанымды жасыра алмаймын. Қазақстанның түкпір-түкпірінде өнерлес достарым бар. Ауық-ауық бас қосамыз, сырласамыз, жаңа туындыларымызды бір-бірімізге тыңдатамыз, қысқасы, өзімізше өнер өлкесінде өріс жайып, мауқымызды бір басамыз. Олардың да айтары осы – бізді орталық әлдеқашан ұмытқан. Сөйтсе де, біз бармыз! Біз өңір өнерін құрап жатқан өнерпаздармыз. Кейде, бұртиып өкпелеп те қаламыз. Әділетсіздікке, әрине! Мәселен, мені оңтүстіктен гөрі Қазақстанның басқа аймағы, шет елдегі қандастарымыз құрмет тұтады. Қытай, Моңғолия, Түркия, Алмания, Мажарстан, Чувашия қазақтары әндерімді үзбей айтады және қонақтап қайтуға шақырып та жүр. Қол қысқа, шамадан көтеріп жүгіріп кете алмайсың. Ал туған ауыл бізден гөрі әкімқараларға жақын жүрер сарай өнерпаздарын «құрмет тұтады». Оны Түркістан мәдениет бөлімінің жалтақ көзқарасынан-ақ байқамау мүмкін емес. Ал облыста өнерпаздарға құрмет көрсетер тізгінді әкімнің идеология жөніндегі орынбасары қолына ұстап алған. Жыл сайын соның маңындағы өнер иелері ғана қолдау көріп, мадақ-марапат алып жатады. Сенбесеңіз, сараптап көріңіз, соңғы екі-үш жылдағы мадақ көрген өнерпаздардың басым бөлігі сол нән кісінің көзі таныс айналасындағы адамдар екеніне көзіңіз жетеді. Мейлі үлкен, мейлі кіші болсын, өнер адамына бұлайша бөле-жара қарау түбінде ұлттық өнердің тоқырауына алып келеді. Ал тасадағы талант барлығына қолын бір-ақ сілтеп, бұл әлемді мүлде жатсынып кетуі мүмкін.

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Бұрын «талант ауылда туып, қалада өледі» деуші едік, қазір талантты қалаға жеткізбей-ақ ауылда тұншықтырып өлтіріп жатырмыз.

– *Өнер тек сахнада ғана тыңдалмайды, өзінің өсу ортасында, сахна сыртында да шыңдалады дегіңіз келіп отыр ғой? Бәлкім, қарбалас, күнделікті қайнаған өмірден біршама алыстау отырғаныңыз шығармашылығыңызға әсер етіп жатқан шығар?*

– Олай деуге болмас. Өнер – қайда да өнер. Тек аздап бап керек. Шалғайда жатсақ та, біршама әндер туды. Екі-үш әнімді қазақ радиосының көркемдік кеңесінен өткізіп алдым. Қазір шырқалып жүр. Бірқатар танымал әншілер тәуір әндеріме «құда түсіп», қазір әнбаян түсіру үстіндеміз. Жергілікті сахналар қажет етпесе де, жазған әндерімді тыңдарманға жеткізу бағытында өз бетімше әрекет етудемін. Танымал болу үшін міндетті түрде Астана, Алматы сияқты ірі қалаларда тұруың керек екен. Өйткені танымал болуға онда мүмкіндік көп. Шоу-бизнес, тележарнама, әндеріңді белгілі әншілерге ұсынасың дегендей... Өзім білетін осындағы өнер саласындағы әріптестерімнің біразы үлкен қалаларға барып, өздерін жарнамалап үлгерді. Біразы демеуші арқылы қолынан келген мүмкіндіктерді пайдаланып, жағдайларын жасап та алған. Газет пен теледидар бетін бермей, БАҚ мүмкіндігін пайдаланып, өзін-өзі жарнамалауға дайын тұратын пысықайлар да аз емес. Танымал болудың ең керемет құралы – клип түсіру ме деп қалдым. Әйтеуір, бірер әнін шығара салып, клип түсіріп алған «сазгерлер» көбейіп кетті ғой...

– *Әнді сирек жазасыз. Бұл өнердің қасиетін, мазмұнын сақтағыңыз келгендіктен бе, әлде...*

– Қазіргі қызметім ән жазуды сиретіп жібергені рас. Бірақ, мүлдем ән жазбай кеттім деуден аулақпын. Соңғы кезде «Астанам – асқақ ән», «Ару қыздар», «Сені іздегем», «Бір өзің деп» деген сияқты бірнеше әндер жаздым. Жалпы, мен әнді саулатып жаза бермеймін. Көкейге келгенін ғана ыңылдап ел елегіне саламын. Халық жаңа туындымды талғап, айта бастаса ғана оны ән деп есептеймін. Қалғаны ән емес, ермек қана. Аз жазатындай болып көрінуім содан.

– *Танымал әншілермен шығармашылық байланыс орнатуға қалайсыз?*

– Сол танымал әншілеріңіз бізді менсінбей ме деп қорқамын. Олар да «танымал сазгерлерді» іздейтін сияқты. Әлгі сазгер өзі ақын, өзі ән өңдеуші, телеэфирге сәл жақынырақ жүрсе тіпті жақсы. Қазір «әнші-композитор» деген сәнге айналап бара жатқан жоқ па? Қазақ әндерінің бір сарынды, ғұмыры қысқа болуының себебі де содан. Әркімнің өз кәсібімен ғана айналысқанан қалаймын. Әншінің - әнші, ақынның – ақын, сазгердің – сазгер болып қалғаны дұрыс. Бір әнмен клип түсіріп, «жұлдыз» болып жатқандардың да ғұмыры ұзақ емес сияқты. Жалғыз жұлдыз жұлдыздар шоғырын құрай алмайды. Уақыт өте келе есер әндердің дәурені тоқтап, есті әндердің қалатынына күмәнім жоқ. Әйтпесе, Түркістанға түрлі әншілер келіп-ақ жатыр. Ән сұрағанын көрген емеспін. Алда-жалда беттің арын бүркеп, сахна сыртына шығып: «жаңа ән керек емес пе?» деп міңгірлей қалсаң, «сен кім едің, сендей сазгерді танымаймын» дегендей біртүрлі күмәнмен қарайды. Сосын үн-түнсіз бұрылып кетесің.

– Ағабуын атандыңыз, өзіңізге есеп беріп, шығармашылық кеш өткізіп, шәкірттеріңіз үшін бір серпіліс жасау ойда жоқ па?

– Мен сізге бір сұмдық нәрсе айтайын: сіз концертке билет алып кіремін, әнді ақылы тыңдаймын деп ойлайсыз ғой, қателесесіз, халыққа ән тыңдату үшін өнерпаз да ақша төлейді: залды бас айналатын ақшаға жалға аласың, сахнаны өз қаржыңмен безендіресің, сахнада қызмет ететін әр техниктің «көңілін табасың», концертті жүргізушілерді жалдайсың, ән өңдетесің, әншілерді қаламақы төлеп ән салуға шақырасың, концерт біткен соң «қызмет жасаған жігіттерге» шай бересің... Міне, осы шығындарды есептеп шыққан соң кеш өткізбек түгілі ән жазып жүргеніңе өкінесің... Есеп беретін ең дұрыс орта – дастархан басы, ел іші. Мен үшін одан асқан шығармашылық кеш жоқ.

– Сіз қазір ұстаздық жолдасыз. Журналист-студенттерге тәлім-тәрбие бересіз. Кез-келген талапкерді, университет бітірушіні мазалайтын мәселе – жұмыссыздық. ЖОО-ны бітірген жастардың көпшілігі мамандықтары бойынша жұмысқа орналаса алмай жүр. Бұған көзқарасыңыз қалай?

– Рас, қазір бұрынғыдай қолыңда құжаты бар білімді маманның жұмысқа орналасуы қиын. Орталықтандырылған

түрде қолдарына жолдама беріп жатқан ешкім жоқ. Тек ауыл квотасымен бітірген азын-аулақ түлектер ғана «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасымен жолдамаға ие болып жүр. Бірақ олардың барлығын бірдей білімді ұрпақ дей алмаймын. Өйткені ауылда ҰБТ-ның қалай өтіп жүргенін біз жақсы білеміз. Сондықтан тек кредиттік білім беру жүйесі бойынша ЖІ балы жоғары түлектерді ғана мемлекет тарапынан бағдарлы түрде жұмысқа орналастырған дұрыс деп есептеймін. Әйтпесе, «жұмысты өз бетінше тауып, сосын оны бізге хабарла» деп жылы кабинетте отыра берсек, білікті маман далада қала береді. Өйткені креслода отырған басшы тек өз «жиені» мен «бөлесін» қызметке алғанды тәуір көреді.

– Төртінші билік өкілдерін дайындауда айрықша ұстанатын принципіңіз бар ма?

– Журналист – халық көкейіндегі мәселені дөп тауып айта алар, әділет сүйгіш, мемлекет құндылықтары жолында қызмет ете алатын маман адам болса деймін. Біз шәкірттерді осы бағытта тәрбиелеп жатырмыз. Түркістандық шәкірттердің бір ерекшелігі – тіл тазалығында. Мұндағы білім алып жатқан студенттердің дені ауыл балалары. Сондықтан олар қазақша ойлап, қазақша жазады. Сонысына қуанамыз.

– Қазіргі жастар кітап оқуға келгенде өте енжар, неге? Білім сапасы оның нәтижесімен көрінеді емес пе?

– Оның рас, жастар кітап оқи бермейді. Сотқа сорлатып тұр оларды. Танымдық кітап оқығаннан гөрі күнұзақ агентпен әлек болып отырған жастар аз емес. Агент арқылы тұрмыс құрып, үйленіп жатқандар да көбейген сыңайлы. Түн баласы көрпе астында саусақтарымен клавиштерін сытырлатып, соткамен сырлас, агентпен мұңдас болып жатқан жастарға әкенін де, шешенін де шамасы келмей отыр. Әйтеуір, бір жапырақ тетік жасты да, кәріні де күндіз-түні алақандай көгілдір экранға телміртіп, сымсыз-ақ байлап-матап тастады. Шыңғыс айтқандай, бұл мәңгірттенудің басы болып жүрмесін деңіз...

– Журналист ретінде толғандыратын, ешкім айтпайтын немесе батылы бара бермейтін тақырыптарыңыз бар ма? Бар болса жазып жүрсіз бе?

– Данияр Әлімқұл деген бір ақын «Өлеңді қойып, мұң жазып жүрмін» деп еді, жұмысбастымын, өндіріп жаза

алмасақ та, қаламнан қол үзген емеспін. Оқулық жазамыз, публицистика жазамыз, аракідік газеттерге де материал беріп тұрамыз.

– Ұстаз ретінде жастардың жанына жалау болып жүрген кісінің бірісіз. Жастар - болашақтың қожасы, - деп жатамыз. Кеше Мағжан сенім артқан бүгінгі күннің жастары қай бағытта келе жатыр? Оларға қандай баға берер едіңіз?

– Бұрынғыдай емес, қазір жастардың белсенділігі оянды. Енді оларды біз тек дұрыс бағытқа сілтей білуіміз керек. Келешек – солардың қолында. Ал келешегінің жарқын болмағын кім ойламайды дерсіз. Әлемдегі дамыған елу елдің қатарына бізді қосатын да сол жастар. Ендеше, мен жастарға сенемін және олардың елдің келешегі үшін жасаған әрбір ісін қуаттаймын.

- Әңгімеңізге рахмет! Өнерде де, өмірде де сізге тек сәттіліктер тілейміз!

САЗГЕР ӘРІ ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ БЕКЖІГІТ СЕРДӘЛІ АСҚАРАЛЫ 60 ЖАСҚА ТОЛДЫ

Тельман БЕЙСЕНОВ,
"Айқын" газеті, 19.09.2020

Осыдан 35 жылдай уақыт бұрын жүрек сезімдері жарасып, отау құрған жастарға арналған «Жас жұбайлар» («Сендерге әрдайым орын бар») атты ән пайда болды. Поезда пайда болған ән аз уақыт ішінде қазақ даласында танымалдана түсіп, миллиондаған қазақ жастарының үйлену тойында айтылатын той жырына айналып үлгерген еді. Себебі аңызға айналған бұл әнді шырқамаған адам кемде кем шығар. Тіптен бұл ән шетелде де орындалып жүр. Бұл әннің авторы бүгінде асқаралы 60 жасқа толып отыр.

Сазгер әрі ғалым-ұстаз Бекжігіт Сердәлі қасиетті Түркістандағы жоғарғы оқу орнында болашақ журналистерге дәріс береді.

Айта кету керек, бұрын «Туризм және журналистика» кафедрасы араға біраз жыл салып Қожа Ахмет Ясауи

атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Болатбек Абдрасиловтың пәрменімен жаңа оқу жылы басталғалы қайтадан «Журналистика кафедрасы» болып өз алдына бөлініп шықты.

Бүгінде профессор-оқытушы Бекжігіт Сердәлі ағамыз Әлия Белдебекова жетекшілік ететін «Журналистика кафедрасында» журналистика саласының майталмандары «Айқын газетінің ардагері», профессор Қуандық Оразбекұлымен, профессор Сейдулла Садықовпен, доцент Балтағұл Оспанова және аға оқытушы Асхат Сәдібеков сынды әріптестермен бірге қызмет етіп жүр.

Жоғарыда айтып кеткен «Жас жұбайлар» әнінің шығу тарихы да қызық.

Ол күнді Бекең былай еске алады:

«80 жылдардың орта кезі, ҚазҰУ-дің журналистика факультетінде оқимыз. Бір күні табан астынан курстас дос Құлтөлеу үйленетін болды. «Қарағанды, қайдасың?» – деп тартып кеттік» – дейді Бекжігіт ағамыз.

«Сонымен не керек, пойыз жүйткіп келеді. Той өтетін мекен – Ақадырға жақындаған сайын оларды жас жұбайларға қандай сый тартпағы ойлантып, ұнжырғасы түсе бастайды. Себеп, қалтаның таяздығы. Уайым, «Құлтөлеудің тойына қандай сыйлық апарамыз?».

Үйленген Құлтөлеу де, оған тұрмысқа шыққан Райхан да өзіміздің курстасымыз болса, қиналмай көр!

Ұйқым келетін емес. «Тойға не сый алып барамыз?» деген сұрақ құлағымнан кететін емес. Стол үстінде жол бойы дастарханға айналған «Лениншіл жастың» (қазіргі «Жас Алаш») қиындысы жатыр. Қиындыда – фотоэтюд. Оған жазылған екі шумақ өлең. Авторы көрсетілмеген. «Суретті түсірген Р.Ханалиев» деген жазу ғана бар.

Газет бетіндегі суретте бейнеленген бозбала мен бойжеткеннің сезімдерін дәл көрсетіп, дөп басқан жыр жолдарын қайта-қайта оқымау мүмкін емес. Ал, пойыз тербетіле зымырап келеді. Доңғалақ ырғағымен ыңылдап едім, жарасымды бір әуен пайда болды. Келе-келе әнге айналды. Вальске ұқсайды. «Лениншіл жастың» бетіндегі әлгі екі шумақты салып, айтып көріп едім, әп-әдемі ән туып шыға келді. «Жас жұбайлар» деп ат таңдым. Таңертең тойға асығып, көңілдері алабұртып келе жатқан курстастарыма «мынау бір жерден

есіткен әнім еді» деп тыңдатып көріп едім, бәріне ұнады.

Осылайша, дүниеге «Жас жұбайлар» атты жаңа ән келді. Оны сәлден кейін бүкіл вагон, ал, Ақадырдағы Құлтөлеудің үйлену тойында бүкіл ауыл айтып кетті. Кейін ол жастардың аузынан тастамайтын сүйікті әніне айналды» – дейді сазгер.

Артынан «Жас жұбайлар» әнінің мәтінін жазған ақынды іздеу басталады.

Зулап өтіп жатқан күндердің бірінде ҚазМУ қалашығындағы бесінші жатақханаға бірде «Лениншіл жастың» жігіттері кездесуге шақырылады. Болашақтың журналистері мен осы шақтың журналистері бір-біріне түрлі сұрақтар қойып, сұхбаттасып, сырласып, мәре-сәре болады.

«Кеш аяқтала бергенде журфактың студенттері қонақтарға арнап ән айтатын әдеті бар. Сол баяғы «Жас жұбайларды» заулаттық. Ән аяқтала бергенде «Лениншіл жастың» сол кездегі әдебиет бөлімінің меңгерушісі, ақын Өтеген Оралбаев орнынан атып тұрып: «Бұл мен ғой! Менің өлеңім ғой!» деп айғай салды. «Жас жұбайлардың» қос авторы арада екі жыл өткенде осылай табысқан едік. Бұл 1986 жылдың көктемі болатын» деп жымыды кейіпкеріміз.

Бекжігіт Кенжебекұлының мұнан өзге «Неге, неге» («Ақ көңілдім, ақ арманым»), «Ауыл жатыр той жасап», «Түркістаным – Тұраным» (Түркістан қаласының төлұраны), «Астанам – асқақ ән» атты әндерінде ел сүйіп орындайды.

«Маған кезіккен адам: «сіз танымал әндердің авторысыз, бақытты шығарсыз», – дейді. Біз ауылда жүргеннен кейін танымалмыз деп айта алмаймыз. Танымал болуға да ұмтылмаймыз. Өйткені танымалдықтың түсінігі қазір басқа деңгейде. Танымал болу үшін міндетті түрде Нұр-Сұлтан, Алматы сияқты ірі қалаларда тұруың керек. Өйткені танымал болуға онда мүмкіндік көп» – деп айтқанындай Бекеңнің өзінен гөрі әні қазақтың жалпақ даласына әлдеқайда танымал.

«Қарап отырсақ, біздің тек таңдаулы деген әндеріміз ғана халыққа жетіп жатады екен. Демек, бізде өз әндеріміздің жақсы-жаманын іріктеп алуға мүмкіндік бар. Біздің көркемдік кеңесіміз – халық», – дейді Бекең.

Ғылымның талай белесін бағындырған Бекең 1999 жылы филология ғылымдарының кандидаты, 2017 жылы

профессор дәрежесін алса, 2015 жылы Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі және 2014 жылы Аймақтық Менеджмент Академиясының академигі атанған.

Өнермен қатар ғылымдықты да қатар алып жүрген ағамыздың ғылыми еңбектері жетерлік. Атап айтқанда, 80-нен астам ғылыми мақалалар (оның 30-ы шетел журналдарында, 5-еуі нөлдік емес импакт-факторлы журналдарда), 3 монографиясы (1-еуі Ресейде) бар.

Ғылымның жолына түскен ағамыз елімізге таны-мал қаншама журналист шәкірттерді тәрбиелей отырып, шығармашылықтан да қол үзбеді.

Олай дейтініміз, бір бойынан өнердің неше түрлісі табылатын әріптес-ағамның 15 астам шығарған әні бар. Сондай-ақ, Бекеңнің қарымды қаламынан 20 астам әдеми шығармалар, оқу құралдары мен монографиялар жарыққа шықты. Айталық, «Ұлт журналистикасының ұлықпаны», «Жорналшы жазбалары», «Шаттық ұялаған шаңырақ», «Әнім – әлемім», «О, махаббат!» «Танымал әннің тарихы», «Сөз айттым, құдақ ассаң» сынды т.б кітаптардың авторы.

Түркістан қаласының төңірегіндегі қазіргі Бабайқорған ауыл округіне қарасты Үлгілі ауылында дүниеге келген Бекжігіт Сердәлі ҚазҰУ-дің журналистика факультетін 1987 жылы бітірген.

Жоғары оқу орнын бітірген соң Бекжігіт Сердәлі қалалық, аудандық газеттердің тілшісі болып еңбек етеді. Содан, Қ.А.Ясауи халықаралық қазақ-түрік университетінде журналистика мамандығы ашылғалы ұстаздық етіп келеді. Кафедра меңгерушісі болып біраз жылдар мамандыққа басшылық жасады.

Бекеңнің еңбектері бағаланып, 1998 жылы «Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты», 2010 жылы, «Қазақстанның мәдениет қайраткері» атанды. Сондай-ақ оған «Түркістан қаласының Құрметті азаматы», «Кентау қаласының Құрметті азаматы» атағы берілген.

2010 жылы «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын иемденген. Ал 2008 жылы «Қазақстанның білім беру ісінің құрметті қызметкері», 2010 жылы музыка саласы бойынша Василь Митта атындағы халықаралық сыйлықтың иегері (Чуваш Республикасы, «За заслуги в культуре и искусстве» медалі (Ресей, 2014) және «Заслуженный работник

науки и образовании» құрметті атағы (Ресей, 2014) бар.

Бекен, барлық өнерді меңгерген, адамгершілік қасиеті жоғары, жан-жағына шуағын шашып жүретін кісі. Шәкірттеріне өз баласындай жаны ашып, ақылын айтып, көмегін беріп жүреді. Нағыз зиялы лайық мінезі бар қарапайым, менмендігі жоқ жан.

«Өз кәсібін жанындай сүйген адам қашанда бәріне үлгереді. Адамда тыным болмау керек. Бір сәт те тоқтап қалуға болмайды. Тоқтағаның – тоқырағаның» – дейді ұстаз. Онысы рас, қазіргі цифрландырылған заманда Бекен соңғы техникаларды, компьютерді жетік меңгерген, үнемі ізденіс үстінде жүреді. Ия, осындай ұстаздан білім, тәлім-тәрбие алып отырған шәкірттері белсенді.

Ынтымағы жарасқан Бекеннің отбасында 3 қыз, бір ұлы бар. Жары мектепте ұстаздық етеді. Педагогтардың отбасы десек те болады. Қазіргі таңда ұлын ұяға, қызын қияға қондырған ата-әже.

Үшінші бөлім

ӘН САРАЙЫ

«НЕГЕ, НЕГЕ» ӘНІ ҚАЛАЙ ТУДЫ?

1998 жылдың қысы. Кентау қаласында тұратынмын. Сол жылы қыс қатты болып, қалада жарық та, жылу да түгел тоқтаған. Үй суық, Екі адамдық жалғыз кереуетте әйеліміз екеуміз 4 баланы ортаға алып, алты қабат ала көрпені жамылып, бүрсең қаққан бөбектерді таң атқанша құшақпен жылытып, дембіл-дембіл саусақтарын ыстық ерінмен үрлеп жататын заман. Дегенмен, үй суық екен деп, бұйығып жата беруге тағы болмайды. Сәбилерге талғажу болар нәпақа керек. Елде қаржылық дағдарыс, алты ай жалақы алмағанбыз. Содан Түркістанға қатынап жұмыс істеуге тура келді. Бүгінгідей емес, таксидің қат кезі. Ескі шаһарға ескі «пазикпен» митыңдайсың. Бала кезден автобустың терезе жағына отырып алып, ұзақ жолда ойға батқанды жақсы көретінмін. Осындайда көбіне ыңылдаумен уақыт өтеді.

Бірде жұмыстан қайтып келе жатып, автобус ішінде көкейіме әуен келе қалмасы бар ма! Үйге келдім де, нота білмегендіктен, ескі әдетпен әлгі әуенді дереу магнитофонға жазып қойдым. Жалпы, қай әнді жазсам да, осылайша «негіздеп» алатынмын. Содан арада біраз уақыт, шашамен алты айдай мерзім өтіп кеткен болу керек, әлгі әуенді жазып қойғанымды ұмытып та кетіпшін.

Автобуста таныс әуен құлағыма қайта келді. «Қайда естідім, бұл кімнің әні?» деймін іштей күбірлеп. Сөзі қандай? Таныс әуен екені ақиқат. Еш есіме түсіре алмадым. Көпке дейін ыңылдап жүрдім.

Содан демалыс күні балкондағы қалған-құтқан отынды тамызық етіп, ескі «буржуйкамен» үйді жылытып алдым да, магнитофонды қосып, шығармашылық жұмыспен айналыспаққа бекіндім. Әлгі «белгісіз» әуенді ыңылдап қоямын арасында. Ойпырмай-ай десеңші, магнитофон ішінде мен іздеген әуенім түр! Есіме сап ете қалды, автобустағы әуен, мен іздеген әуен! Дереу жаңа әніме сөз жазар ақын іздей бастадым. Махаббат әні болатыны сөзсіз. Кентауда ақын көп,

бірақ маған өзі автотранспорт саласында қызмет етсе де махаббат лирикасын төгілтіп жазар Рахым Балабиев ұнайтын. Ол тұста Рахаңның 70-тен асып қалған шағы. Әйтсе де «махаббат тақырыбындағы әнге сөзді ғашықтық дертіне мас болып, күнде ғашықтық ғазалдарын тербеп жүрген жастау ақын жазу керек шығар» деген күмәнім де жоқ емес еді. Сөйтсе де:

Кел, жаным, келші, құрбым, алтыным ең,

Шуақтап махаббаттың бал күнімен.

Түсіндім, түсіндім мен барлығын да,

Өзіңе ғашық болу арқылы мен, –

деп жырлайтын Рахым Балабиевке тоқтадым. Дереву телефон соғып, қарт ақынға болашақ әннің идеясын айттым. Ән сөзінің ішінде ынтызар сүйгеніне қолы жетпей қалған арманды жанның жүрек лүпіліндей болып «неге, неге» деген сөздер жүрсінші деп қолқа салдым. Рахым аға да, жанына жақын тақырып болған соң ба, сылтау айтып қашқақтаған жоқ. «Жарайды» деді. Арада жарты сағат та өткен жоқ, телефон безек қақты. Тұтқаны көтерсем – Рахаң. «Жазып ал, ән сөзі дайын!» дейді.

Ақ көңілдім, ақ арманым,

Не болып жүр саған, жаным?

Қаншама рет ойлансам да,

Құпияңды таба алмадым.

Неге, жаным, үндемейсің?

Сенсіз күнім түн дегейсің.

Неге, неге қызғалдақтай,

Ажарланып гүлдемейсің?

Түсіме де жиі енесің,

Сүйем дейсің, сендіресің.

Неге, неге сезіміңді,

Жанбай жатып сөндіресің?

Сенсіз атпас құба таңым,

Сенсіз қалай гүл атамын.

Жүрегімнің қалауы ма ең,

Неге сені ұнатамын?

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Өзің едің айбыным да,
Түсірмеші қайғы-мұңға.
Кел, жүзейік, келші, құрбым,
Махаббаттың айдынында.

Дереу жазып алдым да, әуенге сала қойдым. Құйылып тұр. Әдетте ақын сөзін ән иіріміне келтіру үшін бірді-екілі тұсына азғана өзгеріс енгізетінсің, бұл жолы олай болған жоқ. Ән осы сөзге, сөз осы әнге арналып жазылғандай үйлесе кетті...

«РИЗАМЫН» ӘНІ ҚАЛАЙ ТУДЫ?

Елге барсаң, ауыл құшақ жая қарсы алады. Қара шаңырақта жарынан ерте айрылса да, қабағын кірбің шала қоймаған 80-нен асқан әкем – Кенжекең қария отыр. Алдымен қуанатын сол. Қанша қартайып, көңілі босаса да, көзіне іркіп қалған сағыныш жасын көрсеткісі жоқ. «Өй, айналайын!» деп қапсыра құшаққа алып, бауырына баса қояды. Тұңғышы болған соң ба, мені шал баласы деп іні тұтып, ерекше сыйлайтыны рас. Кейде әке мен бала арасындағы әзіл-қалжыңның төбе көрсетіп қалатыны содан. Сосын іні-бауырларға кезек келеді. Аяқтарының ұшымен жүріп, шай жабдығына кірісе кеткен келіндердің де жүзінен риялық пейілін байқайсың. Қимылдары күндегіден ширақ па, қалай? Амандасуға таласа жүгіріп, аяққа оратылған іні перзенттері – олар да бауырларым. Маңдайларынан бір иіскеп, қолдарына бір-бір балмұздақтан ұстатуға міндеттісің. Сәлден соң «Охо, Бекең келіп қалған екен ғой!» деп дауысын соза көрші Махамбет көке кіріп келеді. «Білмегенсігені» жай жорта айтыла салған сөз, әйтпесе күнде есік алдына шығып, жол қарағыштап жүретінін қу жүрек сезеді. Талай жыл ауылсоветті басқарып, енді зейнет жасында отырғанда, бір кеш болса да, әңгімеге жарар серік іздейтіні рас. Ондайда хикая тиегін ағытса бір таңға ұласар, қанша асығып отырсаң да, заты бипаздай сөйлер Рүстем ағаны бала жүгіртіп алдырта қоямыз. Ел жайын айтамыз, ауыл тіршілігіне, оның көркейіп-өсуіне себі тиер жоспарлар құрамыз, осы ауылдан – Үлгііден түлеп-өскен ақын Қасымхан Бегманов, академик Әбдірәсіл Жәрменов сияқты ағалардың жеткен жетістіктерін сөз етіп, марқайып,

мақтанамыз. Мана амандасып жатқанда-ақ, Кенжекеңнің қолдағы ортан баласы Маратқа қарап иек қағып қалғанын байқағам. Сол ым қора жақта бір тоқтының пышаққа ілініп, ошақтан түтін түтеуіне әкеліп соққан сыңайлы. Ошақтан будақтай көкке ұмтылған қою түтіннің жақсы адамдарды үйге тартатын әдеті. Аяңдап Әмзе ағам, күлімдеп Күлия апам, әзіл-қалжыңнан езулері жиылмайтын Әбеш, Әбдәшім жиендер, Қайрат, Болат бауырлар, Қалбай, Сәйдек көкелер, Әлия, Әнипа жеңгелер, Есіркеп, Ардабай сыныптастар – бірінен соң бірі шақырусыз, құшақ жая келе береді. Әкемнің пейілі кең. Ешкімді де жатырқаған емес. Содан кішігірім той басталады да кетеді! Ағайынның мына пейілін көріп, кеудеңде домбыра, жүрегінде қобыз ойнатасың! Ағайынымыз көбейсін, іргеміз кеңейсін деп, бірін бауыр етесің, бірін дос тұтасың. Осындай бір риясыз пейіл кеудеңе әуен де ұялатады екен. Әлгі ауыл адамдарының кіршіксіз көңілі, бала мінезі, аға-жеңгелердің ыстық ықыласы көпке дейін көкейіңнен кетпей, көңілден сыр, жүрегіңнен ән болып төгіледі. Сыйластық пен қимастық сағынышқа ұласып, тәтті сезімге бөленесің.

Сосын «осы ана жайында ән бар, әке туралы да ән аз емес, неге ағайын-туыс ризалығына ән тумасқа» деп ойға беріліп, ауылға жиі барғыштайтын болдым, Сондай сағынышты сапарлардың бірінде көкейге әуен келді. Бұған дейін кентаулық Базарбай Оспанов дейтін ақынға бірді-екілі әніме сөз жаздырып жүргем. Ауыл баласы ғой, бұл жолы да соған жүгінейін дедім. Ол құрғырдың бір қисықтау мінезі бар еді, «әне жазам, міне жазам» деп біраз уақыт оздыртып алды. Бірде, марқұм Базекеңнің редакцияда жұмыс істейтін кезі, түс әлеті, «сіз әлгі өлеңді жазыңыз, мен жүгіріп шашлыққа барып келе қояйын» деп ынталандырмақ ниетпен қулыққа көше бастадым. «Өй, не деп жазам? Оның үстіне әнді де тыңдағаным жоқ» деп қашқаған болды. Байқаймын, бір есептен буы бұрқыраған кәуепті де қимайтын сияқты. «Ризамын, ризамын, бәріңе ризамын!» дей беріңізші дедім. Өзімнің соншалық кәуепке асығып тұрғанымды қимылыммен сездірдім. Көзі жәутендеп, «жарайды» демеске лажы қалмады. «Тез кел!» дегенді де қосып қойды. Сыртқа шығып бара жатып, есік тұтқасында ілініп тұрған кілтті байқап қалдым. Еппен, дыбысын шығармай, есікті сырттан кілттедім де, терезе саңылауынан ішке көз салдым. Бәтшағарың қолына

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

қалам алып үстелге отырған-ақ екен. Кілттегенім – ешнәрсеге алаңдамай, тапжылмай отырып жазсын дегенім. Дереву базарға барып, буы бұрқыраған кәуепті қағазға оратып, жанына бір шөлмек қосып, көп аялдамай редакцияға жетіп келдім. Манағы терезе саңылауынан ұрлана қарасам, үстел бос, Базекен жоқ. «Мен қатырдым ба десем, мына қу мені алдап соққан екен ғой» деп, ұнжырғам түсіп, бұрыла берсем, артымда ыржиып ақыным тұр! Екі көзі қолымдағы пакетте. «Мені арестеп қоятын сен кім едің?» деп айғай салды. Зәрем зәр түбіне кетті. Тісі шықырлап, қалшылдап тұр. «Өлең жаздырып нем бар еді» деп пұшайман жей бастадым. «Шашлык, шашлык...» дей беріппін бар тапқаным. Екеуміз ішке кірдік. Есік ашық. «Кілттегенім қайда?» деймін тұтқа жаққа ұрлана көз тастап. Сөйтсем есігі құрғыр сыртынан ілінеді екен де, іштен кілтсіз жай бұралып ашылады екен ғой. Мен оны байқмағам. Ал кеп, екеуміз күліп жатырмыз...

Базекен көңілі соқса өлеңді жылдам жазатын ақын еді, ән сөзін мен барып-келем дегенше дайын етіп қойыпты. Әуеніме салып, қуана кеттім. Үйлесіп-ақ тұр. «Ризамын» деп ат тандық.

Әжетайым, қандырып құмарыңды,
Еркелеттің, жан ата, ұланыңды.
Өздеріңе арнадым бұл әнімді, шіркін,
Қамқорым, шаттығым, бақ гүлім – даналарым.

Ризамын аялы пейіліңе,
Ризамын тым ыстық мейірімге,
Ризамын ұлағат, зейініңе,
Қамқорым, шаттығым, бақ гүлім – аталарым,
Қамқорым, шаттығым, бақ гүлім – әжелерім.

Ыстық маған, әкешім, алақаның,
Апатайым, ер жетті балапаның.
Биік болды ұлыңмен ақ отауың, шіркін,
Нұрлы өмір сыйлаған сыйлы адам – даналарым.

Ризамын әкешім – сүйенішім,
Ризамын анашым – киелімің,
Ризамын, перзентің сүйеді шын,

Нұрлы өмір сыйлаған сыйлы адам – әкелерім,
Нұрлы өмір сыйлаған сыйлы адам – аналарым.

Аңқылдаған ағатай, жеңгелерім,
Әпке, інім – бауырым сендер едің.
Сағынышпен сарғайып мен келемін, шіркін,
Тілектес, бауырлас, ауылдас ағайындар.

Ризамын тел өскен бауырыма,
Ризамын ағайын, ауылыма.
Ризамын ақ пейіл қауымыма,
Тілектес, бауырлас, ауылдас ағайындар,
Тілектес, бауырлас, ауылдас ағайындар.

Содан, жаңа туындымды дастархан басында «апробациядан» өткізіп алатын ескі әдетпен, әнімді шағын ортада «құпиялап» айтып жүрдім. Бір күні белгісіз бір әншінің орындауында туындым қазақ радиосынан жарқ ете қалсын. Тарады да кетті. Кейін пойызда ән қайырмасы «көбейсін немере-шөберелер» деп тербететін «Әкешім-анашым» әнін жүрекке жеткізе орындайтын әнші Есет Сәдуақасовпен бір купеде сапарлас болып, өнер жайында әңгіме қозғай отырып, «осы әніңізді менің екі қарындасым Шынар мен Гүлназ айтып көрсе қайтеді» деп қолқа салды. Ән ел ішінде айтылып жүрсе несіне қарсы болайын, «жарайды» дедім... Ән – халықтікі емес пе!

«ЕРКЕ ҚАЙЫҢ» ӘНІ ҚАЛАЙ ТУДЫ

80-ші жылдары ҚазМУ-дің 5-ші жатақханасының фойесінде немесе журфактың әдеби ортасы аракидік бас қосатын 3-қабаттағы аядай бөлмеде жас ақындардың таласа-тармаса жауқазын жырларын оқитын поэзия кештері жиі өтіп жататын. Өзім өлең жазбасам да, сол кештерден қалмауға тырысатынымын. Гүлнар Салықбай, Бауыржан Үсен, Светқали Нұржан, Бауыржан Жақып, Баян Бекетова, Жанат Айтмұханбетова жырларын алғаш осы ортадан тыңдағам. Бірде ЖенПИ-ден бе екен, әлде КазПИ-ден бе, Жәния Ералиева дейтін бір сары қыз келіп өз өлеңдерін оқыды. Көп жырларының ішінен «Ерке қайың» дейтін бір өлеңі маған қатты ұнады. Ол кезде диктофон жоқ, ақын қыздар өлеңін бір

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

минутқа сұрап алып, асығыс-үсігіс көшіріп жазып алдым.

Жапырағыңмен бетімді бүрке, қайың,
Келіп қапты-ау менің үркек айым.
Түсіп жатыр гүлдері алма ағаштың,
Алма ағашқа қайтадан гүл тағайын, – деп басталушы еді
жыр шумақтары.

Сосын ән туды. Ол кезде ән аз, «шимайымды» студенттік орта лезде-ақ іліп әкетті. Әсіресе, Амантай Шәріп пен Гүлнар Салықбай әдемі айтушы еді бұл әнді (Амантай гитарамен әлі де айтып жүр деп естимін). Аракідік Табыл да қасыма жанай келіп, домбырама гитарасын ілестіретін. Сол жылдары Жәния бұл әнімді естіді ме, естімеді ме, білмедім. Күні бүгінге дейін «естісе бір хабар алар еді ғой» деп ойлап қоямын.

Жуырда интернеттен «Жәния жиырма бір жыл өлең жазбады» деген тақырыпты көзім шалып қалды. Сосын Жәнияның басқа өлеңдері жоқ па екен деп ғаламторға біразырақ үңгі үңілдім, бірді-екілі өлеңінен басқа ешнәрсе кезіктірмедім. Біраз жыл жазбай кеткені рас болса керек.

Студенттік кезде туған әннің алғашқы нобайы мынау. Әннің сөздерінде аздап ауытқыған тұстары бар, өзім әнші емеспін, әйтпесе дұрыстап айтып салған-ақ болар едім, дегенмен сол жастық шақтағы көңіл әуені ғой...

Жәнияның қайда тұратыны, нендей қызмет істейтіні маған белгісіз. Кім біледі, бәлкім, бұл жазбам Жәнияның көзіне шалынып, не болмаса әлдебіреу арқылы естіп қалып, жыр оқыған студенттік шағы есіне түсіп, хабарласып қалар...

«ЖАС ЖҰБАЙЛАР» ӘНІ ҚАЛАЙ ТУДЫ?

Бұл – алғашқы әнім. Студенттік кезеңде туды. Бір күні табан астынан курстас дос Құлтөлеу үйленетін болды. Той – Ақадырда. Шәкіртақы тауысылып, қалтаның түбі қағылған кез, көк тиын да қалмаған. «Не болса да, көрейік!», – деген тәуекелшіл көңілмен бүкіл топ Темкеңнің (деканымыз Темірбек Қожакеевтің) көзіне түспей, аудиториядан абайлап қана шығып, «Қарағанды, қайдасың?» – деп тартып кеттік.

Содан қызы бар, ұлы бар, бас-аяғы 12 адам алты биетпен жолға шықтық (ақшаның жеткені осылай болды). Билеті жоқ алтауымыз «қоянбыз». Көзге түспей, әр вагонда қашып-

пысып, уақыт өткізіп жүрміз. Әр билетке екі адамнан жармасып жүрген қулығымызды жолсерігі құрғырдың жүрегі сезетін сияқты, бірақ жол бойы қанша санаса да, билетсіз адамдардың санына жете алмай-ақ қойды...

Содан не керек, пойыз жүйткіп келеді. Студенттер көңілді. Той өтетін мекен – Ақадырға жақындаған сайын жігіттерді той сценарийі мазалап, ал қыздарды жас жұбайларға қандай сый тартпағы ойлантып, ұнжырғамыз түсе бастады. Қалтада тиын жоқ. «Құлтөлеудің тойына қандай сыйлық апарамыз?». Барлығын мазалаған жалғыз сұрақ осы. Қапелімде сыйлық болуға жарайтын ештеңе табыла қоймады. Мына жағдай көппен бірге менің де жаныма қатты батты. Үйленген Құлтөлеу де, оған тұрмысқа шыққан Райхан да өзіміздің курстасымыз. Ал, қиналмай көр!

...Түн. Жүрдек пойыз жүйткіп келеді. Студенттер ұйқыда. Ұйқым келетін емес. Қыздардың манағы «оу, жігіттер, тойға не сый алып барамыз?» деген сұрағы құлағымнан шыңылдап кетер емес. Стол үстінде жол бойы дастарханға айналған «Лениншіл жастың» (қазіргі «Жас Алаш») қиындысы жатыр. Қиындыда – фотоэтюд. Астында екі шумақ өлең. Авторы көрсетілмеген. «Суретті түсірген Р.Ханалиев» деген жазу ғана бар.

Ақ қайыңның төгіліп нұр шашағы,
Алаңқайды ақ қанат гүл басады.
Алақанға қондырып ақ сезімін,
Жас жұбайлар жарасып сырласады.

Бірін-бірі көргендей бірінші рет,
Көп қарайды жанымды ұғыншы деп,
Қалқатайын аймалап күйеу жігіт,
Қалындық тұр күнәсіз күлімсіреп.

Газет бетіндегі суретте бейнеленген бозбала мен бойжеткеннің сезімдерін дәл көрсетіп, дөп басқан мына жыр жолдарын қайта-қайта оқымау мүмкін емес еді. Ал, пойыз вальс ырғағындай тербетіле зымырап келеді. Доңғалақ дүрсілімен ыңылдап едім, жарасымды бір әуен пайда болды. Келе-келе әнге айналды. Жастар вальсіне ұқсайды. «Лениншіл жастың» бетіндегі әлгі екі шумақты домбы-

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

рама салып, айтып көріп едім, әп-әдемі ән туа кетті. «Жас жұбайлар» деп ат қойдым.

Таңертең тойға асығып, көңілдері алабұртып келе жатқан курстастарыма «мынау бір жерден есіткен әнім еді» деп тыңдатып көріп едім, бәріне ұнады. Қайырмасы да жара-са кетті.

Сендерге әрдайым орын бар –
Ақ отау төріне қоныңдар.
Ақ тілек – батамыз, мінеки:
Бақытты болыңдар, болыңдар!

Осылайша, дүниеге «Жас жұбайлар» атты жаңа ән келді. Оны сәлден соң бүкіл вагон, ал, Ақадырда Құлтөлеудің үйлену тойында бүкіл ауыл айтып кетті. Кейін ол жастардың аузынан тастамайтын сүйікті әніне айналды.

Тыңдаушының да тыңдаушысы бар ғой. «Ой, бауырым, әнің ән-ақ екен, бірақ сөзін кім жазған?» деп қадала сұрап қоймайтындар да табылды. Расында да, пойыз үстінде ән тууына себепкер болған қос шумақ кімдікі екен? Өлең авторын сұрастырып көріп едім, тұщымды жауап таба алмадым. «Лениншіл жастың» редакциясына да барып сұрадық. Олардан да ешкім білмеді. «Суреттің астыңғы жағында қалған бос орынға жазыла салған шумақ ғой» десті ондағылар күліп. Сөйтіп, топ болып «Жас жұбайлар» әнінің мәтінін жазған ақынды іздеу басталды.

ҚазМУ қалашығындағы бесінші жатақханаға бірде «Лениншіл жастың» жігіттері кездесуге шақырылды. Болашақтың журналистері мен осы шақтың журналистері бір-біріне түрлі сұрақтар қойып, сұхбаттасып, сырласып, мәре-сәре болып жатырмыз. Кеш аяқтала бергенде журфактың студенттері қонақтарға арнап ән айтатын әдет бар. Сол баяғы «Жас жұбайларды» заулаттық. Ән аяқтала бергенде «Лениншіл жастың» сол кездегі әдебиет бөлімінің меңгерушісі, ақын Өтеген Оралбаев орнынан қарғып тұрып: «Бұл мен ғой! Менің өлеңім ғой!» деп айғай салды. «Жас жұбайлардың» қос авторы арада екі жыл өткенде осылай табысқан едік. Бұл 1983 жылдың көктемі еді...

Арада жиырма жылдай уақыт өтіп кеткен. «Айқын» газетінің сол тұстағы тілшісі Ханшайым Байдәулет хабарла-

сып, «Бір әннің тарихы» айдарын ашқандарын, сонда осы әннің тарихы туралы мақала әзірленіп жатқанын, Өтеген ағамен, Құлтөлеумен сұхбаттасып қойғанын, енді менімен әңгімелесіп алмаққа телефон шалып тұрғанын жекізді. Сол жолы сөз арасында тілшіден өзім көп уақыт жоғалтып алған Өтеген ағаның телефон нөмірін сұрадым. Хабарластым. Өтеген аға ұмытпаған екен, бірден Астанаға қонаққа шақырды. Ақ Үйде жұмыс істейді екен. Елбасы резиденциясын аралатып, серуендетті. Қоштасар сәтте: «Ән жазып жүрмісің? Мына бір өлеңді көрші» деп қолыма бір бет қағазын ұстатты. Астана туралы өлең екен. Көп ұзамай «Астанам – байтақ ән» деген жаңа ән туды. Бұл Өтеген ағаның өлеңіне жазған екінші әнім еді. Келесі жылы-ақ бұл әнім «Елім менің» патриоттық әндер байқауында 1-ші орынға ие болды.

2005 жыл. Түркістан қаласының әкімі Мұхит Әлиев ықшамаудандағы көп қабатты үйлерге шағын қазандықтар орнатпақ мақсатта келісім-шарт жасасу үшін Қытайға іссапарлай барады. Өзара келісім-шарттарға ойдағыдай қол қойылып, көңіл көтеріліп, кешқұрым сондағы қазақ кәсіпкерлері киелі қаладан келген қонақтарды арнайы дастарха жайып күтеді. Дастархан басында мәдени қызмет көрсетіп жатқан жергілікті өнерпаздар авторы белгісіз «Жас жұбайлар» әнін шырқайды. Осы тұста әнді қосыла шырқаған Қытайдағы Ерболат деген белді кәсіпкерлердің бірі Мұхит Әлиевке: «Осы әннің авторы Қазақстанда болуы мүмкін, іздестіріп көре аласыз ба?» деп ақолқа салады. Мұхаң бұл аманатты дереу қойын кітапшасына түртіп алады. Елге келген соң түрлі шаруамен естен шығарып алған екен, арада алты ай өткенде қойын кітапшасын ақтара отырып, әлгі аманатқа көзі түседі. Дереу орынбасары Жанболатты шақырып алып, жағдайды түсіндіреді де, ән авторын іздестіруін өтінеді. Орынбасары: «Мұха, оның авторы осы қалада ғой...» деп күмілжиді. Таң қалған әкім орнынан тұрып: «Қалайша? Мүмкін емес! Тез алдыма алып кел!» деп бұйырады.

Дәрісханада сабақ беріп жатқам, есікті біреу қағып тұр. Әкім орынбасары! «Сені қала әкімі шақырып жатыр, тез жету керек» дейді. Бұрын-соңды әкім іздемеген, «мені қайтпек?» деймін іштей. Алып барды. Мұхаң кабинетінде екен. Іштегі адамдардың барлығын шығарып жіберіп, құшағына қысып: «Бүкіл қазақ даласы әнін шырқап жүрген азамат осы жігіт

пе?» деп арқамнан қақты.

Кабинеттегі телефонын бірден Қытайға, әлгі мені іздеген кәсіпкер қандасқа қосты. Ерболатпен жарты сағаттай сөйлестік. Қытайға, жеке концертімді ұйымдастыруға шақырды. Барамын деген уәдемді алды.

Әкімге рахметімді айтып, қоштасып, есіктен шыға бергенімде: «Тұра тұр! – деп белгі берді. – Атағың, марапатың бар ма?» – деп сұрады. «Жоқ» дедім. Расымен атақ-даңқ мені іздемейтін. Орынбасарына қарап: «Қаламыздың намысын көтеріп Қытайға бара жатыр. Сахнадан кім деп хабарлайды? Бұл – бізге сын. Қала күніне «Құрметті азамат» атағына дайындаңдар!» деп тапсырма берді.

Міне, осылайша күтпеген жерден Түркістанның құрметті азаматы болып шыға келдім.

Бір өкініштісі, Қытайдағы мені күткен, менің әндерімді сүйіп тыңдайтын қандас бауырларыма әлі жете алмай жүрмін. Қол қысқа ма, жол қысқа ма, білмеймін...

«ТҮРКІСТАНЫМ-ТҰРАНЫМ» ӘНІ ҚАЛАЙ ТУДЫ?

Бірде кафедраға алпамса денелі, пошымы қандай үлкен болса, пейілі де сондай кең марқұм Сейтқали Мәдуани дейтін кісі кіріп келді (суретте жоғары жақта). Арнайы мені іздеп келгенін «осында бір ән жазатын жігіт бар дейді ғой, кім екен?» деп кабинетті шола көз салғанынан байқадым. Профессор адам, ғылым докторы, «мен сияқты қарапайым адамы неге іздеді екен» деп әдепкіде ыңғайсызданып қалғанымды жасырмаймын. Бір топ адам отырғанбыз, «мынау!» деп жұрт саусақтарын маған қарай шошайта қойды. Екеуміздің таныстығымыз, міне, осылай басталған еді. Көп араластық. Тамаша адам! Аңқылдақ, ақ көңіл.

Қолында бір жапырақ қағазы бар:

– Сейдолла Бәйтереков бастаған бір топ композиторлардың Түркістан туралы тамаша ән жазғанын жақсы білемін, осы біз де бірлесіп бір ән жазсақ қайтеді, сөзі – мынау! – деп, сиямен шиырлай жазған өлеңін қолыма ұстата салды.

– Біздің Сәкең тарихшы болса да, осылай өлең жазып тұратыны бар, – деп кабинетте отырған Әлімбет Бостанов

ағамыз әңгімеге араласа кетті. – Өлең Түркістан туралы болса, оны жай ақыннан гөрі осындай, тарихты терең білетін адамның жазғаны жақсы! Шабыт шақырып көр! – деді.

Қапелімде не айтарымды білмей, оның үстіне алдымен әні туып, сосын өлеңін іздеуші едім, өлеңге ән жазуым сирек, «аға, тапсырыспен ән жазбаушы едім» деп қашқақтамақ болып едім, кафедрада отырған бір топ әріптес: «Өй, жазбағаны қалай? Көрсейші, болмаса қоя саласың» деп қаумалап әкеткен соң, «жарайды» демеске лажым қалмады.

Содан күнделікті күйбең тірлікпен мойныма осыншалық жүк артқанымды ұмытып, қағазбастылықпен әлгі өлеңді де жоғалтып алғам, ән жазу естен шығып жүрген сәттерімнің бірінде қарсы алдымнан Сейтқали аға кездесе қалмасын! «Ән қалай?» дейді ғой сол баяғы. «Құдай қаласа» деп қоямын мен де мыңқ етпей. Ондағы ойым – уақыттан ұту. Уақыт созылған сайын сұраудың азаятынын білемін. Бірақ, Сейтқали ағам ондай адам болмай шықты. Қадалған жерден қан алмай қоймайтынның нағыз өзі екен. Көрген сайын сұраудан танбады. Мен де әне-міне деуден «ұялмадым». Бұрын патриоттық ән жазып көрмегем, қалай болар екен деп қоямын іштей. Содан шаяндық досым Жарылқасын Дәлетке хабарластым. Екеуіміздің тығырыққа тірелгенде бір-бірімізден жаңа ән иірімін сұрап, пысықтап, ақылдасып алатын ескі әдетіміз бар. Жағдайдан хабардар еткен соң, Жарылқасын патриоттық ән жазудың кейбір ерекшеліктерін айтып, марш түрінде жазуыма кеңес берді. Тіпті ыңылдап, «былай болса қалай болар екен» дегендей, ән қайырмасының бірнеше иірімдерін ұсынғандай да болды. Осы әнімнің тууына үлкен себепкер болған, қызғаныштан ада Жахаңа әлі күнге дейін алғысымның шексіз екенін айтуым керек!

Арада біраз уақыт өтті. «Енді Сейтқали ағам ән туралы сұрай бастаса, басқа тактикаға көшейін» деп шештім. Тағы бір кезіккенінде ән жайын сұрауға оқтала бергені сол еді, одан бұрын әбжілдік танытып, «ән дайын!» дей салдым. «О, жарайсың!» деп арқамнан қағады да, жайына кетеді ғой деп ойлағам, қайдаааа, «дайын болса, жүр! Мін мына көлікке! Театрға, Арманға барамыз. Аранжировкасын жасауға әзір отыр!» деді. Маңдайдан қара тер бүрк ете қалды. Үлкен кісі, өтірік айтқаныма өкініп қалдым. Сабайтын адам жоқ! Міндім мәшинеге...

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Ескілеу ақ «Волга», артқы орындықтамын, «сөз де жоқ, ән де жоқ, бұл қалай болды?» деп пұшайман жеп отырмын. «Аға, әлгі әннің сөзі...» деп міңгірлей бастап едім, «жоғалттым десей!» деді де, қалтасынан суырып бере қойғаны! Жүрегім жарылардай қуана кеттім! Енді әні... Әні қалай болмақ?..

Бағыттап бара жатқан бетіміз – вокзал маңындағы Райымбек театры. Өзіміз Қазыбек би көшесінің бойындағы ғимараттан шыққанбыз. Былай қарағанда, қаланың о шеті мен бұ шеті. Үлгеру керек! Ән туғызбаса болмас! Өлең мәтінін қолыма алып, аят оқығандай күбірлей бастадым...

Алланың құдыреті десеңші, тура Тельманнан асып, кесене маңынан өте бергенімде ән нобайы келді!

Түркістанда ту тігіп,
Түркі әлемі түрленер.
Жас ұрпағы ой түйіп, алар тәлім.
Тарихымен тілдескен,
Болашақпен үндескен,
Түркістаным-Тұраным, айбар елім!

Ыстық тер бұрқ ете қалды! Бұл жолы бойым сергіп, бір жеңілдікті сезінгендей болдым. Ән дайын! Себебі, ән жазып жүрген әріптестерім жақсы біледі, ән нобайы белгілі болса, шумақтары иірім тартып өздері-ақ келе береді.

Ясауиден алған ұлы батаны,
Бар түріктің Түркістаным – отаны.
Дүлей тарих тауқыметін арқалап,
Сан ұрпаққа тараған даңқ-атағы.
Қилы заман өтті сенің басыңнан,
Жеңдің талай дұшпаныңды басынған.
Сараң тарих таразысы кем өлшеп,
Кездерің көп арпалысып, ашынған.
Санамызды сарғайтқанда сан сұрақ,
Бостандықтың атты таңы жарқырап.
Күллі түрік әлеміне нұр шашқан,
Түркістанда жанды өшкен шамшырақ.
Жаңа ғасыр – ұлы Тұран ғасыры,
Қайта түлеп, от боп ойнар жасыны.

Ғылым, білім туын тіккен Түркістан,
Бар түріктің көшін бастар асылы.

Арман Дүйсенов кәсіпқой музыкант, бұлданған жоқ, бар шаруасын тастап, әнді әп-сәтте-ақ өңдеп тастады. Со-сын «мынауың бір дұрыс ән болғалы тұр екен» деп, қалада үлкен бір іс-шара өтетін болып, шәкірті Марат Оразметовке (суретте төменгі жақта) әнді айттырып, сахнаға шығарды да жіберді. Залда қала әкімі Өмірзақ Әмет отырған. Іс-шарадан соң, дереу орынбасары Жанболат Ибрагимовты шақырып алып: «Алматыда өтетін Түркістанның мәдени күндеріне бұл әнді де қосыңдар», деп тапсырма береді.

Алматы әнді жатсынған жоқ, жылы қабылдады. Бірақ «провинциялық» студиямызда әзірленген аранжировкамыз мегаполистің үлкен сахнасында үні шықпай, тұншығып қалды. Бұған іштей қапа болған Өмірзақ Әмет: «Әншіні ал да, осында қалып, үлкен сахнаға лайықтап аранжировкасын бітіріп әкел. Онсыз Түркістанға қайтушы болма!» деп жан қалтасынан ақшасын суырып алып, Жанболаттың қолына ұстатады да, өзі Түркістанға жүріп кетеді. Жанболат не істейді. Бұрын-соңды мұндай шаруамен айналысып көрген адам емес. Қалдыбек Құрманәлі досы арқылы Сейфуллин Жолбарысты тауып алып, бір апта бойы әннің нобай-аранжировкасын әзірлетіп, Ринат Гайсиннің студиясында әнші дауысын жазып, бэк-вокалын (арттан естілетін қосымша дауыс ырғақтарын) реттеп, толықтай бітіреді. Қапелімде сол маңнан әнші табылмағандықтан, Ринат бэк-вокалға Жанболаттың дауысын да пайдаланады. Жәкеңнің: «Сенің әніңдегі екінші дауыста менің де үлесім бар» деп әзілдейтіні содан.

Кейде бір әннің тек сол әншіге ғана арнап жазылғандай, өзге әнші дауысына үйлесім таппайтындай бір әсері болады. Мәселен, «Бұлбұлды» Бибігүлсіз, «Айналайынды» Розасыз, «Алтайдың ар жағынан келген аруды» Сәкенсіз, «Әлияны» Розасыз, «Саржайлауды» Нұрғалисыз, «Ақбаянды» Мәдинасыз, «Қарағым-айды» Нұрлансыз, «Шай ішіп қайтсең қайтедіні» Тамарасыз, «Нұрикамалды» Жұбанышсыз қабылдау мүмкін емес. Мына ән де солай. Мараттан өзге әнші қанша айтуға талпынса да, ән сипатын аша алмай-ақ келеді...

«АЙНАЛАЙЫН ЖЕҢЕШЕ» ӘНІ ҚАЛАЙ ТУДЫ?

...Ұмытпасам, 1997 жылдың маусым айы. Райымбек Сейтмет ашқан Түркістандағы Өнер факультетіне талантты жастар республиканың түкпір-түкпірінен ағылып келіп жатқан сәт. Онда факультет Кентау қаласында болатын. Сол жылдары, бәлкім, жастардың өнерге деген қызығушылығы артты ма, әлде Райымбек ағаның дақпырты магниттей тартты ма, әйтеуір жаңа ашылған факультетке кіл «сен тұр, мен атайын», өңшең дарынды жастар көптеп келіп жататын. «Шаншар» мен «Алдараспан», Оңтүстік Қазақстан облыстық эзіл-сықақ және сатира, Түркістандағы Райымбек Сейтмет атындағы сазды-драма театрларының қазіргі негізін құрап отырған актерлер, міне, сол тұстағы талапкерлер-тін. Өнер қуып келген бозөкпе ұл-қыздарды Райымбек ағаның өзі жеке-жеке «сүзгіден өткізіп», шертіп-шертіп қабылдап жатты. Нұржан Төлендиев, Ержан Нұрымбетов, Жұлдызай Дүйсенбиева, Мақсат Айтжанов, Нұржан Қалжанов... міне, сол жылдардың оғандары осылар.

Бірде үйге кешқұрым Рекеңнің екі шәкірті – Нұржан (Тука) Төлендиев пен Қанат Садықбеков кіріп келді. Сырттай бақылап жүргем, қос домбырамен ән айтып, тәп-тәуір танылып қалған талантты-ақ балдар. Жол болсын сұрасқан соң:

– Аға, – деді екеуі қосарлана. – Ертең Шымкентте бір ән байқауы өтеді екен, соған сіздің әндеріңізбен қатыссақ деп едік, қалай қарайсыз?

– Менің ән жазатынымды кім айтты сендерге?

Әуесқойлық болған соң, ән жазатынымды жұртқа оншалықты жария ете бермейтінімді меңзедім.

– Білеміз ғой, – деді екеуі жымыып.

Көңілдерін қығым келмеді.

Бақсам, қолдарында не домбыралары, не сахнаға киер киімдері жоқ. Студенттер ғой. Бірақ, көздерінде ұшқын, жүздерінде нұр ойнап тұрғанын аңғардым.

Дереу аты республикаға танылып қалған Қонысбековтер отбасылық ансамблінің жетекшісі Әлімбек ағама телефон соқтым. «Екеуіне киім керек, домбыра болса тіпті жақсы» дегенді тұспалдап жеткіздім. Аңқылдақ ағам өнерден несін аясын, екі сөзге келмей концерттік аспаптары

мен киімдерін қолымызға ұстата салды.

Содан, таң алакеуімнен үшеуіміз Шымкентке қарай жол тарттық та кеттік. Қызықпыз, конкурсқа бара жатқанымызды білеміз, бірақ әлі репертуарымызда ештеңеміз жоқ.

– Ал, жігіттер, не айтасыңдар? – деймін екеуіне сынай қарай, «Газель» ішінде көңіліміз жайланған соң.

– Өткендегі ән-термеңіз ұнап қап еді, соны... – деп күмілжиді.

Осыдан бірер апта бұрын жазған «Бұл қазақ» дейтін ән-термемді тұспалдап отыр. Аңғарымпаздықтары ұнап қалды. Жол үстіндегі ұлы репетициямызды бастап кеп жібердік. Жоқ, шәкірттерім жаман емес, бірден қағып алғандай, әрі қосарлы дауыстары да үндесіп, үйлесе кеткен сияқты. Содан не керек, Шымкентке барғанша бізге – репетиция, жолаушыларға – тегін концерт болды...

Конкурс түстен кейін, сағат 2-де басталады екен, шүкір, әнді қайталап алуға уақыт бар. Бірақ, алдымыздан күтпеген бір проблемаға шықты. Ұйымдастырушылар тізімде жоқсыңдар деген желеумен бізді конкурсқа қатыстырудан бас тартты. Сөйтсек, алдын-ала қалалық мәдениет бөлімі арқылы өтінім беріп қоюға тиіс екенбіз, ал біз ондай «формальносттың» бар екенін тіпті білмейміз де. Менің конкурс дейтінге бірінші мәрте қатысуым, абдырап қалдық...

Бақытымызға қарай, анадай жерден сол тұста әндері «хит» болып жатқан Марат Омаров өтіп бара жатыр екен, шалғайына жармаса кеттік. Жағдайды айтып едік, ұйымдастырушыларға: «біз ауыл таланттарын іздеп жатқан жоқпыз ба, рұқсат берейік, қатыссын. Қатысудың өзі үлкен жеңіс емес пе?» деп күліп, арқамыздан қақты. Жүрегіміз жарылып кетердей қатты қуандық! Әлі күнге дейін Марат ағамды көрсем, «сол жолы сіз болмағанда, ән жазуды мүлдем тастап кетер ме едім» деп айтқып келеді де тұрады.

Конкурс «Үкілім-ай» атты облыс сазгерлерінің байқауы екен. Қатысушыда есеп жоқ. Залда да ине шаншыр орын байқалмайды.

Содан не керек, қосымша тізіммен соңын ала екі шәкіртім ән-термені орындап шықты. Зал сілтідей ұйып тыңдады. Сосын дуылдата шапалақ соқты. Әніме шапалақ соққанын бірінші естуім... Көңіліміз алдамапты, қазылар алқасының ең жоғары ұпайы біздің әнімізге тиесілі болғанын

естіп, жүрегіміз жарылардай қуандық! Бірақ...

Тағы бір проблема көлденең шықты. Ертеңіне конкурстың екінші туры бар екенін білгенде төбемізден біреу суық су құйып жібергендей отырған орнымыздан тұра алмай қалдық. Ал біз оған дайын емес едік. «Әй, тізімге жолдай қосылып, жоғары ұпай жинағандар! Енді ертең қамшы басуларың керек!» деген Мараттың сөзі құлағымызда шыңылдап тұр. Шыны керек, ана екеуінен бұрын менің ұнжырғам түсіп кетті. Себебі, бұл композиторлар байқауы. Яғни, ертеңгі ақтық байқауда маған сын түскелі тұр.

Лажсыз Нұржанның ағасы Бағланның жатақханасына барып түнеуге мәжбүр болдық.

– Ал, аға, жаңа ән, – дейді екеуі бастырмалатып. Кешегідей емес, шабыттары шалқып тұр.

Бағлан бытовкада кешкі ас қамына кіріскен. Жалғызсыратпайық деп, домбырамызды арқалай біз де кірдік. Студент кезден қалған әдет, бытовкада ән жаңғырып әдемі естіледі. Осында Нұржан мен Қанат шағын концерт қойды, ел жиналып-ақ қалды. Өстіп отырғанда түннің біруағы да болды. Ел жатқан соң, домбыра маған тиді. Ыңылдап отырмын, жаңа ән туған сияқты. Кеше ғана Дулат Исабековтың әңгімесінің желісімен режиссер Шәріп Бейсембаев түсірген «Гауһартас» фильмін тамашалағанмын. Сондағы 10-сынып оқушысы Жанна Қуанышева сомдаған Салтанаттың образы қатты әсер еткен-ді. Соның әсері ме, «Айналайын, жеңеше» деген әннің сұлбасы көрінді. Дереву жұлқылап «екі әншімді» оятып алдым. Алдында ұйқысырап отырған, әннің иірімі тартты ма, көздері жайнап шыға келді.

Ертеңіне бытовкада туған «шикілі-пісілі» әнімізді көрермен талқысына тағы салдық. Мұны да ел жаман қабылдамады. Тағы да дүркіреген шапалақ!

Әйтеуір, не керек, тізімге енбей қалған «конкурстанттар» сол жолы күтпеген жерден «Үкілім-ай» ән байқауының Бас жүлдесін жеңіп алдық!

Кейін Райымбек Сейтметов бір естелігінде былай деп жазды: «Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Түркістанға келген бір сапарында театрдың жастарымен кездесті. Сол кездесуде бірқатар әндермен қатар Бекжігіттің «Айналайын, жеңеше» әні де орындалды. Нұрағаң менен жүрекке жылы тиетін мына ойнақы әннің авторының кім екенін сұрады,

және ән жөнінде ыстық лебізін білдірді. Бұл да болса жақсы әнге деген Елбасы тарапынан берілген әділ баға ғой деп ойлаймын».

* * *

ЖАС ЖҰБАЙЛАР

Өлеңі: Өтеген Оралбаевтікі

Ақ қайыңның төгіліп нұр шашағы,
Алаңқайды ақ қанат гүл басады.
Алақанға қондырған ақ сезімін,
Жас жұбайлар жарасып сырласады.

Қайырмасы:

Сендерге әрдайым орын бар –
Ақ отау төріне қоныңдар.
Ақ тілек, батамыз мінеки:
Бақытты болыңдар, болыңдар!

Бірін-бірі көргендей бірінші рет,
Көп қарайды жанымды ұғыншы деп.
Қалқатайын аймалап күйеу жігіт,
Қалыңдық тұр күнәсіз күлімсіреп.

Қайырмасы.

НЕГЕ, НЕГЕ

Өлеңі: Рахым Балабиевтікі

Ақ көңілдім, ақ арманым,
Не болып жүр саған, жаным?
Қаншама рет ойлансам да,
Құпияңды таба алмадым.

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Неге, жаным, үндемейсің?
Сенсіз күнім түн дегейсің.
Неге, неге қызғалдақтай,
Ажарланып гүлдемейсің?

Түсіме де жиі енесің,
Сүйем дейсің, сендіресің.
Неге, неге сезімді,
Жанбай жатып сөндіресің?

Сенсіз атпас құба таңым,
Сенсіз қалай гүл атамын.
Жүрегімнің қалауы ма ең,
Неге сені ұнатамын?

Өзің едің айбыным да,
Түсірмеші қайғы-мұңға.
Кел, жүзейік, келші, құрбым,
Махаббаттың айдынында.

АУЫЛ ЖАТЫР ТОЙ ЖАСАП

Өлеңі: Мұқағали Мақатаевтікі

Барымен базар қылып той тойлаған,
Уа, пәлі! Айхай заман, ойхой заман!
Жерошақ... тай қазанда ет асылып,
Болыскей-ай, болыскей,
Самауырда шай қайнаған.

Қайырмасы:

А-а-а...
Уаридай, уаридай,
Уа, пәлі!
Ауыл жатыр той жасап,
Ат шаптырып, ат шаптырып-ай!

Ауыл жатыр той жасап, ат шаптырып,

Атасының дәстүрін мақсат біліп,
 Қызыр қазақ қарайды қыр басынан,
 Лақтырып-ай, лақтырып,
 Шашуларын сақ-сақ күліп.

Қайырмасы.

ТҮРКІСТАНЫМ-ТҰРАНЫМ

Өлеңі: Сейтқали Мадунидікі

Ясауиден алған ұлы батаны,
 Бар түріктің Түркістаным – отаны.
 Дүлей тарих тауқыметін арқалап,
 Сан ұрпаққа тараған даңқ-атағы.
 Қилы заман өтті сенің басыңнан,
 Жеңдің талай дұшпаныңды басынған.
 Сараң тарих таразысы кем өлшеп,
 Кездерің көп арпалысып, ашынған.

Қайырмасы:

Түркістанда ту тігіп,
 Түркі әлемі түрленер.
 Жас ұрпағы ой түйіп, алар тәлім.
 Тарихымен тілдескен,
 Болашақпен үндескен,
 Түркістаным-Тұраным, айбар елім!

Санамызды сарғайтқанда сан сұрақ,
 Бостандықтың атты таңы жарқырап.
 Күллі түрік әлеміне нұр шашқан,
 Түркістанда жанды өшкен шамшырақ.
 Жаңа ғасыр – ұлы Тұран ғасыры,
 Қайта түлеп, от боп ойнар жасыны.
 Ғылым, білім туын тіккен Түркістан,
 Бар түріктің көшін бастар асылы.

Қайырмасы.

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

ЕРКЕ ҚАЙЫҢ

Өлеңі: Жәния Ералиеванікі

Жапырағыңмен бетімді бүрке, қайың,
Келіп қапты-ау менің де үркек айым.
Түсіп жатыр гүлдері алма ағаштың,
Алма ағашқа қайтадан гүл тағайын.

Желге сүйгіз бетімді, ерке қайың,
Келіп қапты-ау менің де тентек айым.
Өтіп жатыр күндерім көңіліздеу,
Бір түніңді қи маған ен тағайын.

Бақытымның осы ма басы, қайың,
Келіп қапты-ау менің де ғашық айым.
Кейімеші қойдың деп көп күттіріп,
Өзі келсе мен қайда асығайын.

РИЗАМЫН

Өлеңі: Базарбай Оспановтікі

Әжетайым, қандырып құмарыңды,
Еркелеттің, жан ата, ұланыңды.
Өздеріңе арнадым бұл әнімді, шіркін,
Қамқорым, шаттығым, бақ гүлім – даналарым.

Қайырмасы:
Ризамын аялы пейіліңе,
Ризамын тым ыстық мейірімге,
Ризамын ұлағат, зейініңе,
Қамқорым, шаттығым, бақ гүлім – аталарым,
Қамқорым, шаттығым, бақ гүлім – әжелерім.

Ыстық маған, әкешім, алақаның,
Апатайым, ер жетті балапаның.
Биік болды ұлыңмен ақ отауың, шіркін,
Нұрлы өмір сыйлаған сыйлы адам – даналарым.

Қайырмасы:

Ризамын әкешім – сүйенішім,
Ризамын анашым – киелімің,
Ризамын, перзентің сүйеді шын,
Нұрлы өмір сыйлаған сыйлы адам – әкелерім,
Нұрлы өмір сыйлаған сыйлы адам – аналарым.

Аңқылдаған ағатай, жеңгелерім,
Әпке, інім – бауырым сендер едің.
Сағынышпен сарғайып мен келемін, шіркін,
Тілектес, бауырлас, ауылдас ағайындар.

Қайырмасы:

Ризамын тел өскен бауырыма,
Ризамын ағайын, ауылыма.
Ризамын ақ пейіл қауымыма,
Тілектес, бауырлас, ауылдас ағайындар,
Тілектес, бауырлас, ауылдас ағайындар.

СҮНДЕТ ТОЙ

Өлеңі: Базарбай Оспановтікі

Айналайын, ақ ботам, балапаным,
Аялаған қастерлеп баба заңын.

Қайырмасы:

Қастерлеген халқымыз,
Дәстүріміз, салтымыз.
Қуанышта шалқыңыз,
Кел, шалқыңыз!
Мұсылмандық міндет қой,
Жасаудамыз дүрмек той.
Баламызға сүндет той,
Той, сүндет той!

Атасына еркелер, шақта жүрер,

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Болды ұлымыз азамат атқа мінер.

Қайырмасы.

Мұсылмандық – жолымыз болды таныр,
Тілегіміз қабыл боп, қолда, Тәңір!

Қайырмасы.

ТЕКЕМЕТ

Өлеңі: Талап Қалмырзаевтікі

Он бүктеліп ежелден,
Еліңменен бір көштің.
Өтіп қилы кезеңнен,
Не көрсең де бірге өстің, о, текемет.
Бай халықтың сезімге,
Жүрегіндей қызу бар.
Бір халықтың өзіңде,
Білегінің ізі бар, о, текемет.

Қайырмасы:
Сүмбіледе жаралған,
Бір жабдықсың керемет.
Табиғаттан нәр алған,
Табиғисың, текемет, о, текемет.

Сұлудағы бұйығым,
Жылудағы озатым.
Жүнжімейтін тұйығым,
Ұлтарак боп тозатын, о, текемет.
Ғылым озық болса да,
Керек өнер құт елге.
Базарға әкеп қойсам да,
Қоя алмадым дүкенге, о, текемет.

Қайырмасы.

Салт-санамды текемет,
Сақтап келген оюлап.
Айта алмадым, не керек,
Ойда біраз ойым қап, о, текмет.
Куәгері шығарсың,
Сызуы саз аз елдің.
Мен барымда сең барсың,
Шаңсорғышы әжемнің, о, текемет.

Қайырмасы.

МАЗМҰНЫ

1-БӨЛІМ. ОЙ САРАЙЫ

Қала әкімі шынылы кабинетте отырады	5
Бізге «детский бөлме» керек пе?	6
Басшы мен қосшы	7
«Маскүнем» әндер	9
Күмәнді көже	10
Ауыл әкімдері, қайдасыңдар?	11
Ши жүгіртетіндер бар	13
Шымкент тәшкенді жарнамалап отыр	13
Суретті мультфильмдеріміз қайда кеткен?	14
«Мен ол, ол мен емес» иллюзиясы	15
Өлеңмен жер қойнына кірсе денең	15
Журналист кім? Блогер кім?	16
Қола жүлдеге – мәшине	17
Ұры той	17
Вирус тамақ ішкендерге жоламай ма екен?	17
Оттегі – адам тіршілігінің өзегі	18
Түркістан – Кентау тас жолы: жол апаты жиілеп барады	19
Тіке айту, тіке сөйлеу – мақтанға айналып барады	20
Сайқымазақ полицелер	21
Түркістанға келіп-қайтуға тұратын 11 себеп	21
Джаз Түркістанға да жетті	22
Өртүрлі қағазбастылық үлкен кедергі	24
Түркістанның ыстығы да ем!	25
Қайран аванс	27
Кентаудан үйренеріміз бар екен	27

Жұмысы жеңіл, еңбекақысы қымбат	28
Сүйінші: Америкадағы тұңғыш қазақ газеті!	28
Сіз «кісі» емессіз бе?	30
Олар базарға бара берсін, бұлар пакетке сала берсін	31
Ұйқымыз тыныш болсын!	31
Думанымыз - fest, сауығымыз - party болып тұр	33
Аяз атаны құдасындай күтетіндер бар	34
Боктық бойымызға сіңіп барады	34
Бізде «блатной» нөмірі бар көліктер құдамыз сияқты сыйлы	35
Такси жол пұлына жол ақысын да қоса төлейсіз	36
Жанған шырақты өшіру – қазақ үшін ең жаман ырым	36
Ұқсастық	37
Түркістанда газ шаруашылығының жедел қызметі бар ма өзі?	37
Сұлтанбек Қожановтың қолтаңбасы	39
Қонақжайлылық университетіндегі қонақкәдеміз	39
Тұтынушыға құрмет	41
Театрдың тұрақты көрермені кімдер болмақ?	41
Кітап парақtimes	43
«Жан кентау», «жан Қостанай»	44
Ясауи кесенесінің түнгі көрінісі ғажап түске енді	44
Автобус сигналы шошытты	45
Ал, той сүйіншілеген халайық! Қалталарыңызды қағуға дайындала беріңіздер!	45
«Бауыздау құда» бауыздап тастады	47
Даяшы сауаты, клиент мәдениеті	47

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

Көркем мінез – ізгілердің мінезі	48
Қышқыру қыжылы	49
Шаш бояп, шалбар киіп	50
Бір досың керек екен	50
Тұғыры биік «Тутөбе»!	51
«Жетейін десем жете алмай...»	52
Келеді кейбіреуге білінбестен.....	53
6 жасар бала ауызын бекітіп жүр	54
«Өнерfest» - асабалардың ақылдасу алаңына айналды	54
Виолончель үні Түркістанға да жат емес	55
Ертегі кейіпкерлері қасымызда	56
Театр қайраткеріне құрмет	56
Наурыз қызғалдағы	57
Көрермен көзайымына айналған Гүлжан!	58
Ойы қанатты, сөзі сауатты қария еді.....	58
«Алтын домбыра» - киелі шаһардың тағы бір бренді	60
Қайран аванс.....	60
Кентаудан үйренеріміз бар екен.....	61
Жұмысы жеңіл, еңбекақысы қымбат	61
Кімдер депутат болуға лайық?	62
Апат айтып келмейді.....	63
Канал ақтарып шаршайсың.....	64
Өмірі де, өнері де өнеге.....	65
Өрі тәтті жейсіз! Өрі кітап оқисыз!.....	66
«А» әрпінің әлегі.....	66
Шығармашылық адамдарына құрмет	67
Бізден де бірер сөз.....	67
Түркиядан сөйлей бастадық!	69
Бізге де көңіл бөлінер ме екен?	71
Түрлі-түсті кештер дәстүрімізге еніп бара ма?	71
«Мылқау» автобустар, «соқыр» аялдамалар	72

Қазақ ақындарын жатқа оқитын мектеп	73
Көше музыканттары: танылмаған таланттар	74
Есіміміз бір, тілегіміз де бір болғай.....	75
Бала тіліндегі ән!	76
Күйді құлақпен емес, шапалақпен тыңдайтынымыз өкінішті.....	77
Ұстазға құрмет!.....	77
Автор құқы әділдік болғанда ғана сақталады	78
«Тұран дауысының» үні алысқа естіле бастады	79
Түркістанда – ән мейрамы!	80
Қанар қаптар қала көркін бұзып тұр	81
Түркістандағы тағам фестивалі	82
Жұлдыз ауруы «жұдырық ауруына» ұласпаса екен.....	82
Ұлт тұлғалары ұлықталды	83
Құдаша қызымыз мисс Кәусар Лондонда тұрады.....	83
Саз да ортақ, ән де ортақ.....	84
Мүбарактан шаршаған жоқсыздар ма?	85
Киноны «боқтап отырып» көретін болдық.....	85
Медальдан мезі болған жоқпыз ба?	86
Дидармен дидарғайып.....	86
Өзгеріс керек! Өзгерген қалаулылар керек!	87
Болмысы бөлек бозінген күйші	89
“Шын әнші болсаң халық өзі-ақ шапалақ ұрады”	92
Наурыз мейрамын қалай тойлап жүрміз?	94
Мәрт	97
Қайырымы қабыл азамат	101
Кең тынысты, бояуы қанық әнші еді.....	103
«Жастар Шәмші әндеріне рухтанып өссе деймін...»	111
«Алғашқы өлеңімді теңізде жүріп жазғам»	115
Жүрегін ән тербеген жан	120
«Бәйтерек» фильмінің бас кейіпкері –	

біздің жерлесіміз	122
«Қайсыбір еңбек болмасын марапатталып отырғаны жөн»	126
Әкім қарекеті – қала дамуының көрсеткіші	131
Көркемдік кеңес құрылды	136
«Қоршаған ортаны қорғау – қоғам болып жұмылатын тірлік»	137
Президент ашқан мектеп	140
Еуропаның кіндігіне саяхат	145

2-БӨЛІМ. ЖАН САРАЙЫ

Ғаламторды қанша жерден мақтасақ та, ол газет пен журналдай бола алмайды	161
«Ән бұлақ» әлі-ақ республиканы мойындатады»	168
«Түркістанда туу бір бақыт болса, онда өмір сүру – мың бақыт!»	170
Белгілі әндердің белгісіз авторы	183
Өзі елеусіз жүргенімен әндерін бүкіл ел айтады	186
Тума дарын	188
Тербетеді әсем әуен көңілді	190
“Жеті күн” газетінің жұмысы “жиендік” жасаудан басталыпты	192
Сазгер ұстаз	194
Президент ұнатқан әндер	197
Святая к музыке любовь	203
Молодец, Бекжигит!	203
Іздейтінім – әдемі ән	204
Ауыл жатыр той жасап.....	208
Жайма шуақ	209
“Менің нота – магнитофон”	211
Сендерге әрдайым орын бар.....	217
Біз сияқты ауылда қалып қойған сазгерлерге ешкімнің де демеуші болғысы келмейді	220

«Өзіме зияны тисе де, шындықты айтатын адаммын»	232
Ән әлемі әлдилейді	235
«Жас жұбайлар» пойызда дүниеге келді	236
«әуесқой сазгерлердің жазығы – нота білмегендігі»	239
Арманға жетелеген ән	242
Ән қанаты талмасын	244
Сегіз қырлы, бір сырлы	246
Сері деген.....	246
Бекжігітке	247
Атыраудан хат	248
Алтынның қадірін қолда барда білейік	248
Туған күндерден тілек.....	252
Ауыл жатыр той жасап!	262
«Маған өзіме еркіндік сыйлдаған сазгерлігім қымбаттау көрінеді»	264
Алматылық телеарналардың «худсоветі» тек таныстарына ғана жұмыс істейді	270
«Бай болып, әр ауылға бір-бір өнер мектебін салсам ғой деп армандаймын...»	274
Есеп беретін ең дұрыс орта - дастарқан басы, ел іші	277
Жұлмаланған «жас жұбайлар»	280
Ұстаз деген жарық күні ғаламның.....	283
«Әннің тыңдарманды мезі етпей, рахатқа бөлегенін қалаймын»	284
Тот, кто знал заранее	289
Композитор халықаралық сыйлықпен марапатталды	289
«Жас жұбайлар» жастардың сүйікті әніне айналды	290
Таңғы шықтай тұмса әуен	295

МЕН ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ!

"Жас жұбайлар" - пойызда дүниеге келген тойға тарту	306
Пойызда туған ән	307
«Бір әнге клип түсіріп, «жұлдыз» болып жатқандар аз емес»	310
Сазгер әрі ғалым-ұстаз Бекжігіт Сердәлі асқаралы 60 жасқа толды	314

3-БӨЛІМ. ӘН САРАЙЫ

«Неге, неге» әні қалай туды?	321
«Ризамын» әні қалай туды?	323
«Ерке қайың» әні қалай туды	326
«Жас жұбайлар» әні қалай туды?	327
«Түркістаным-тұраным» әні қалай туды?	331
«Айналайын жеңеше» әні қалай туды?	335

ӘНДЕР

Жас жұбайлар	338
Неге, неге	338
Ауыл жатыр той жасап	339
Түркістаным-тұраным	340
Ерке қайың	341
Ризамын	341
Сүндет той	342
Текемет	343

Бекжігіт СЕРДӘЛІ
СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

Екінші том

**«Нұрлы Әлем» баспасының
директоры – Жарылқасын ДӘУЛЕТ**

Редакторы –

Дизайнері – Б. Жарылқасынұлы

Беттеуші – Нағима Дәулет

Корректоры – Б. Егембердіқызы

Тех. редакторы – Раушан Өскенқызы

Басуға 5.04.2023 ж. қол қойылды.

Қалпы 84x108 ¹/₃₂. Қағазы офсеттік.

Қарпін түрі «Times New Roman». Офсеттік басылыс.

Баспа табағы 22. Таралымы 300 дана.

Тапсырыс №12

*Автордың дайын файлынан «Нұрлы Әлем» баспасының
баспаханасында басылды.*

Баспа кітаптың ішкі мазмұнына жауап бермейді.

«Нұрлы Әлем» баспасының телефоны:

Алматы: 8 (727) 230 18 00; 8 702 290 5005

E-mail: nurly_alem@inbox.ru

instagram: @nurly_alem

ISBN 978-601-205-746-1



9 786012 057461